



4

ДАЛА
ФОЛЬКЛОРЫНЫН
АНТОЛОГИЯСЫ



ҒАШЫҚТЫҚ
ЖЫРЛАР





«Дала фольклорының антологиясы» жобасы
Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың
«Ұлы даланың жеті қыры» еңбегінде көтерген бастамасымен
«Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының аясында
жүзеге асырылды

«ДАЛА ФОЛЬКЛОРЫ
МЕН МУЗЫКАСЫНЫҢ МЫҢ ЖЫЛЫ»
ЖОБАСЫНЫҢ РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚАСЫ

Тәжин М. М., төраға
Балаева А. Ғ., жауапты хатшы

Әзібаева Б. У.
Әлбеков Т. К.
Жүсіпов Н. Қ.
Керім Ш. Т.
Күзембай С. Ә.
Қазтуғанова А. Ж.
Қасқабасов С. А.
Қирабаев С. С.
Қоңыратбай Т. Ә.
Қорабай С. С.
Матыжанов К. І.
Пангереев А. Ш.
Рахымов Б. С.
Ыбыраев Ш. Ы.

ДАЛА
ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ
АНТОЛОГИЯСЫ



ОН ТОМДЫҚ

4
ТОМ

ҒАШЫҚТЫҚ
ЖЫРЛАР

Алматы, 2019

УДК 398
ББК 82
Д 15

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитетінің тапсырысы бойынша шығарылды

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының докторы Матыжанов К. І.

Томның редакция алқасы: Матыжанов К.І. (*төраға*), Қалиева А.Қ. (*жауапты хатшы*),
Қасқабасов С.А. (*ғылыми редактор*), Әлбеков Т.К.
(*жауапты редактор*), Әкімова Т.Т. (*жауапты шығарушы*),
Құрманғалиев Т.Қ. (*музыкалық редактор*).

Пікір жазғандар: филология ғылымдарының докторы, профессор Власов А.Н.
(Ресей),
филология ғылымдарының докторы, профессор Абдулина А.Б.,
филология ғылымдарының докторы, профессор Рахымов Б.С.

Д15 Дала фольклорының антологиясы: Он томдық / Томды құрастырып,
баспаға дайындағандар: Т.Т. Әкімова, Ж.Т. Салтақова. — Алматы:
Brand Book, 2019.

ISBN 978-601-7218-29-4

Т. 4: Ғашықтық жырлар. – 2019. 498 б.

ISBN 978-601-7218-33-1

Дала фольклоры антологиясының төртінші томы ғашықтық жырларға арналған. Томға «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Бозжігіт», «Бозаман», «Сейпіл-мәлік», «Талайлы құл мен Әйім қыз», «Шеризат — Күлшат», «Жаскелең» жырларының таңдаулы үлгілері топтастырылды.

Кітаптың аудиожазбасы мен электронды нұсқасын көрсетілген QR код арқылы танымал порталдар мен сайттардан жүктеп алуға болады.

Антология мектеп оқушыларына, арнаулы және жоғары оқу орындарының студенттеріне, фольклорлық мұраны қастер тұтатын қалың оқырман қауымға арналған.

УДК 398
ББК 82

ISBN 978-601-7218-33-1 (том 4)
ISBN 978-601-7218-29-4 (жалпы)

© М.О. Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институты, 2019



«Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» жобасының аясында бізге «Дала фольклорының антологиясын» жасау керек. Мұнда Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілері — ертегілері, аңыз-әфсаналары, қиссалары мен эпостары жинақталады.

...Ұлы даланың фольклоры мен әуендері заманауи цифрлық форматта «жаңа тыныс» алуға тиіс.

Біздің мәдениетіміздің негізгі сюжеттерінде, кейіпкерлері мен сарындарында шегара болмайды, сол себепті оны жүйелі зерттеп, бүкіл Орталық Еуразия кеңістігі мен барша әлемде дәріптеуге тиісіз.

**Қазақстан Республикасының
Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың
«Ұлы даланың жеті қыры» атты еңбегінен**

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

«Дала фольклоры антологиясының» төртінші томына сүйіспеншілік, адал махаббат тақырыбын жырға қосқан жырлар мен дастандар топтастырылған. Ғашықтық жырлардың үлгілері алғаш XIX ғасырдың бірінші жартысында қағаз бетіне түсіріле бастады. Оларды жазып алу, жариялау, зерттеу ісіне Ш. Уәлиханов, И.Н. Березин, М.Ж. Көпеев, В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаев белсене қатысты. «Сейпілмәлік» жыры 1807 жылы Қазан гимназиясының баспаханасынан қазақ тілінде алғаш рет жарық көрген.

Антологияға енетін мәтіндерді іріктеу барысында «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Қыз Жібек» сынды классикалық жырлар, жергілікті сюжетке құрылған «Бозаман», «Талайлы құл мен Әйім қыз», «Жаскелең» және шығыстық сюжетке құрылып, ел ішіне кеңінен тараған «Бозжігіт», «Сейпілмәлік», «Шеризат — Күлшат» жырлары таңдалды.

Жырларды баспаға дайындау кезінде олар араб, латын әрпінде жазылған түпнұсқаларымен салыстырылды, қалып қойған сөздер мен тіркестер қайта қалпына келтірілді. Сонымен бірге шығармаларды көшірушілер, жинаушылар, жариялаушылар тарапынан кеткен кейбір қателіктер түзетілді.

Антология негізінен студенттерге, оқушыларға және жалпы оқырмандарға арналғандықтан, мәтіндерде кездесетін кейбір анайы сөздер қысқартылып, орнына көп нүкте қойылды.

Томның құрылымы «Дала фольклорының антологиясы» он томдығына қойылған жалпы талаптарға сай жүйеленді. Ғашықтық жырлардың әрқайсысына жеке-жеке түсініктеме берілді. Жинаққа иллюстрациялық суреттер, жырлардың ноталары мен аудио нұсқасы енгізілді. Кітаптың соңына суретті сөздік, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, түйіндеме (орыс, ағылшын тілдерінде) және томның мазмұны берілді. Оқырманның қабылдауына ыңғайлы болу үшін мәтіндерде кездесетін көне түркі сөздері мен жергілікті, кірме (араб, парсы, орыс т.б.) сөздердің түсінігі сол беттің соңында берілді. Иллюстрацияға Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайының қорындағы суреттер пайдаланылды.

Жырларды баспаға әзірлеу барысында томның электронды және аудио нұсқалары қатар дайындалды. Шығармаларды орындаушылар жыршылық дәстүрге байланысты домбыраның сүйемелдеуімен әрбір жыршылық мектепке тән мақамдармен жырлады және олар арнайы студияда жазылды. Томның электронды, аудио нұсқалары бүгінгі заманға сай дайындалып, кітаптың мұқабасында көрсетілген сайттарға жүктелді.





Суретші Е.М. Сидоркин

ҒАШЫҚТЫҚ ЖЫРЛАР



Ғашықтық жырлар сюжеттік құрылымы, кейіпкерлер бейнесінің өзгешелігі және поэтикалық жүйесінің көркемдігімен ерекшеленеді. Бұл санаттағы туындыларда негізінен сүйіспеншілік жолында күрескен қыз бен жігіттің трагедиялық тағдыры баяндалады. Әдетте олардың бақытына кедергі болатын тосқауыл — ана-аналарының қарсылығы немесе қызға ғашық басқа жігіттің жауыздық әрекеті, болмаса екі рудың араздығы. Туындыларда жастардың тыныс-тіршілігі, тағдыры мен іс-әрекеті елдің тұрмысы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, наным-сенімі арқылы жан-жақты көрсетіледі. Халық арасына кеңінен таралып, зерттеушілер назарына көбірек ілінген классикалық шығармалардың озық үлгісі — «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» мен «Қыз Жібек» жырлары. «Ғашықтық жырлардың» екінші тобына түп негізі өзге елдерден келген, бірақ қазақ халқының дүниетанымына жақын, төл туындыдай сіңісіп кеткен шығыс сюжеттеріне құрылған «Жүсіп — Зылиха», «Ләйлі — Мәжнүн», «Сейпілмәлік», «Таһир — Зухра», «Бозжігіт» сынды жырлар жатады.

Екі жастың махаббатын әңгімелейтін эпикалық шығармалар тобын фольклортанушылар «ғашықтық жырлар», «лиро-эпос», «романдық эпос» деп әртүрлі атағанымен, олардың негізгі сипаттары бір арнаға тоғысады. Сондықтан да антологияда «Ғашықтық жырлар» термині қолданылды.





Баян сұлу.
Суретші Е.М. Сидоркин

ҚОЗЫ КӨРПЕШ–БАЯН СҰЛУ

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» – түркі халықтарына ортақ классикалық ғашықтық жырдың көркем үлгісі. Оған негіз болған тақырып – белқұда болу ғұрпы. Қозы мен Баян оқиғасы руаралық қарым-қатынастар жағдайында өрістен, бір-бірімен қосылуға ұмтылған екі жастың махаббат жолындағы күресіне ұласады.

Еліміздің қолжазбалар қорында жырдың халық арасына кең тараған отыздай нұсқасы мен орыс тіліне аударылған бірнеше үлгілері сақталған. Олардың қатарында И.Н. Березин, Н.А. Кун, В.В. Радлов, Н.И. Ильминский, Ә. Әбдрахманов, М. Бөлекұлы, Жанақ, Шөже, М.Ж. Көпеев т.б. жеткізген нұсқалары бар. Эпосты жинау және жариялау жұмыстарына Ш. Уәлиханов, Ғ. Дербісалин, А. Фролов, П.М. Мелиоранский, Н.Ф. Катанов, Ж.А. Кастанье, Г.Н. Потанин, Н.Ф. Костылецкий, Н.Я. Коншин, С. Шорманов, А. Құнанбаев, М.Ж. Көпеев, Д. Сұлтанғазин сынды ғалымдар мен зиялы қауым өкілдері қатысты. Эпостың қазақ арасындағы кейбір сюжеттерін шығыстанушы Г.С. Саблуков (1830), ақын А.С. Пушкин (1833) жазып алды. Оның алғашқы екі нұсқасының бірін Ғ. Дербісалин (1834), екіншісін А. Фролов (1841) қағаз бетіне түсірген. ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында жыр нұсқаларын ғалымдар В.В. Радлов, И.Н. Березин, Н.И. Ильминский жарыққа шығарды. Кеңестік кезеңде және Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейін жеке кітап түрінде де, фольклорлық жинақтардың құрамында да жарық көріп отырды. Оның жарияланып, зерттелуіне С. Сейфуллин, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ә. Марғұлан, М. Ғабдуллин, Қ. Жұмалиев, Ғ. Мүсірепов, Ә. Қоңыратбаев, Ы. Дүйсенбаев, Р. Бердібаев, З. Ахметов, Н. Смирнова, М. Ғұмарова, Т. Сыдықов, М. Жолдасбеков, С. Садырбаев, С. Қасқабасов, Е. Тұрсынов, З. Сейітжанов, Б. Әзібаева т.б. ғалымдар үлес қосты.

Томды баспаға дайындау барысында эпостың қолжазба және жарық көрген нұсқалары салыстырылып, М. Әуезовтің Жанақ нұсқасын 1924-1925 жылдары Керей Уәйіс ақынның айтуынан жазып алып, жариялаған басылымы толық әрі ең көркем үлгісі ретінде таңдалып, ұсынылды. Нұсқа алғашында Жанақтың айтуынан тараса да, кейіннен Сыбанбай, Бекбау, Бейсенбай ақындардың тарапынан өзгертулер енгізілген. Түпнұсқасы Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (CD-17-4946).



Кемел ақын келтірер сөздің түрін,
Оған да заман өткен бір ықылым.
Кешегі ол бірқатар заманында
Өтіпті екі байың бізден бұрын.

Солар да бізден бұрын өткен жандар,
Сап қасқа, өңшең манап, сөзді аңдаңдар.
Қалыпсыз Қарабайдай бай өтіпті,
Тоқсан мың, Тәңірі алса да, жылқысы бар.

Солар да бай болыпты дүние боқ,
Өзіне Құдай берген нәубеті көп.
Тоқсан мың жылқы айдаған бай болса да,
Үстінде сілкіп киер шапаны жоқ.

Сыбанбай, Жанақ, Бекбау айтады екен:
«Оның тегін кім десең, «түрікпен», — деп.
Құдайым артық дәулет мал берген көп...
Нәсілін Сарыбайдың айтады екен:
«Қырық байы Орманбеттің біреуі», — деп,
Елі-жұрты көре алмай: «Малы көп», — деп.
Елімен өкпелесіп, жөнеледі,
Жұртының өсек қылған сөзін кектеп.

Ағайын біреу жүрмес бұған еріп,
Өкпелеп, өз жұртынан кетті жеріп.
Құдайдың берген малын көпсінген соң,
Жөнелді Қарекең де ыза керіп.

Сарекең де ыза боп жүре берді,
Елі ақымақ қой жіберген мұндай ерді.
Тоқтамай күн-түн қатып, ұдайы көшіп,
Балталы, Бағаналы елге кепті.

Келгенін Балталыға халық көрді,
Сән-тұрманы өзгеден артық еді.
Жүз кісі Тайлақ бимен ел кеп еді,
Қарабай тоқсан мыңнан түк бермеді.
«Елден шыққан білімсіз ант екен», — деп,
Ел-жұрты Қарабайға өкпеледі.

Қойшының сыбағасын тоғыз қылып,
Сарекең сый-сияпатпен жөнелтті енді.
Жақсының шарапаты санға тиіп,
Сарыбайға бір тайпа ел билетеді.

Жиылған жамағат көп кеңеседі,
Мұнан бұрын патшалы емес еді.
«Сарыбай тек жаралған жан емес, — деп, —
Патша етіп қоялық», — деп, «е» деседі...

Екі бай Балталыға бірдей келді,
Қарабай ол неғылсын дүйім елді.
Тоқсан мыңы көзіне мал көрінбей,
Аң аулай ерте тұрып жөнеледі.

Не Шыңғыстай, болмаса, не Қалбадай,
Не Мыржықтай аңы көп бір тау еді.
Қақ жарып хан Қарекең келе жатса,
Алдынан буаз марал кез келеді.

Қылт етті де жөнелді белден асып,
Қарбаң-құрбаң етті де қалды сасып.
Көзінің жасын сүртіп қарағанша,
Адасып қалды аңнан жаза басып.

Қылығы сол күнінде жаннан епті,
Сол шағында тентіреп аңға кепті.
«Қап, бәлем, ертең түсте атамын!» — деп,
Қаңтарып Атқайыңды жата кетті.

Оған да артық дәулет Тәңірім берді,
Қазақтан Сарыбай да артық еді.
Ерте тұрып, пандатын үйінде оқып,
Сарыбай да сахарадан аңға келді.
Қалың тауды қақ жарып келе жатса,
Ат қаңтарған бір жанды көзі көрді.

Сарекең ат көрген соң жетіп келді,
Көреді түзде жүріп талай керді.
— Жатырсың түске шейін ат қаңтарып,
Үмітсіз дүниеден кімсің? — депті.

— Көңілімді мың мен санға баламаймын,
Пенденің ілігіне жарамаймын.
Келгенше сексен үшке сүйері жоқ,
Үмітсіз дүниеден Қарабаймын.

— Қареке-ау, олай деме, Тәңір білер,
Құлының жылағанын әлі де көрер.
Дәулет пенен перзенттің кештігі жоқ,
Құдайым әлі де болса сізге берер.

— Тәңірімнің қолынан келмей жүр ме,
Тілегін пенделердің бермей жүр ме?
Келіппін сексен үшке мәлден¹ өтіп,
Берсе, көзі Алланың көрмей жүр ме?

— Қареке-ау, бұрын сені танымаймын,
Алланың мен ісіне налымаймын.
Жетпіс беске келгенше сүйері жоқ,
Қубас шал мен де өзіңдей Сарыбаймын.

— Е, балам, бала сүймей болыпсың зар,
Бала сүйсең, жалғанда көңілің тынар.
Жасы бар сексен үште мені айт, балам,
Әлі де болса алдыңда тілеуің бар.

— Қареке, ойлап тұрсам, шынымен ер,
Кез қылған екеумізді пәруардігер².
Сегіз жас-ақ үлкенсің, байқап тұрсам,
Сексен үш жетпіс беспен қарайлас жер.

— Екеуміз де, шырағым, жасқа жеттік,
Дүниеден перзент сүймей арманда өттік.
Ендеше, ит айдаған бай екенбіз,
Кел, дос болсақ қайтеді қияметтік?!

Ауыр дәулет беріпті Алла несіп,
Аузынан уағдамен серт берісіп.
Екеуі жапан дүзде бек сөйлесіп,
Дос болды ақыреттік «Құдай» десіп.

— Алланың әміріне көніселік,
Көздің қыры түскенін көріселік.
Ұл туар да, қыз туар заман болса,
Уағдамен қалыңсыз беріселік.

— Отырған хан Сарыбай, мені көрші,
«Шал, қартайған Қарабай — досым» деші.
Бір марал кеше кетті ыза қылып,
Кез қылса, соны маған атып берші.

— Кез қылды жапан дүзде мені саған,
Түскен жоқ жасым жетіп көзге таған³.
Кез келген бұйрықты аңды жібермейді,
Мылтығым алты қарыс, көрсет маған!

¹ Мәлден өту — пайғамбар жасынан өту.

² Пәруардігер /парсы/ — Құдай, Жаратушы.

³ Таған түсу — көзге ақ түсу.

– Шырағым, ойлап тұрсам, өзің кеңсің,
Біреудің білмегенін білгізгейсің.
Алдыңдағы түбекте жатыр марал,
Байқа, балам, бойыңды шалдырмағын.

– Үйіңе Құдай оңдап Қыдыр қонар,
Бір достым бек сөйлескен сендей болар.
Бұл марал буаз екен, тіпті атпаймын,
Келінің екіқабат, кесел болар.

– Саған айтпай, сөзімді кімге айтайын,
Ұялмай үйге қайтіп бос қайтайын.
Әлсем де атып берші, бір тояйын,
Мақшардағы¹ күнәсін мен тартайын!

– Мен тұрмын бұл сөзіңді сынай алмай,
Маралға қызығасың, тілімді алмай.
Тағы да бір бұйрықты аң кез келмей ме?
Атуға қорқып тұрмын қолым бармай.

– А, балам, айтқан сөзге жетпедің бе,
Дүниеден перзент сүймей өткенің бе?
Кез келген сен аяйсың бұйрықты аңды,
Шыныменен достықтан кеткенің бе?

Пейілін Қарабайдың Құдай алды,
Қынжылып, мылтығына оғын салды.
Маралды бетіне алып, тарс қойғанда,
Кідірмей сол орында құлап қалды.

Қасында Сарыбайға қарамайды,
Қарбаң-құрбаң маралға жетіп барды.
Адамнан ақымақ туған хан Қарекен,
Маралдың жаны шықпай, ішін жарды.

Ойласаң, Қарабайдың өзі мықты,
Сарекен қорқып, атпай, көп ұйлықты.
Пышағы сонда ішіне жазым тиіп,
Ішінен егіз қодыға² мәңіреп шықты.

«Қазаққа алты санды бір деймін, — деп, —
Пәнденің еш ақылын білмеймін», — деп,
Қодығын тыпырлатып бауыздайды,
«Сілікпелеп³ үйге апарып бір жейін», — деп.

¹ Мақшар /араб/ — қияметте адамдардың күнәсін тексеру.

² Қодыға — арқар, маралдың лағы.

³ Сілікпе — жас төлдің етін асып жеу.

Пейілін Қарабайдың Құдай алды,
Кәпірдің мінезіне жан таңғалды.
Қан болып сақал-мұрты қайтып келді,
Өзі атқандай мақтанып, саңылауланып.

— Отырсың не себепті жолды көрмей,
Қойып па тілегімді Тәңірім бермей?
Кез келген бұйрықты аңды атып едің,
Бұл жұртта неге отырсың, маған келмей?

— Қареке-ау, бай екенсің сөзің шалыс,
Екеуміз жапан дүзде болдық таныс.
Орнымнан үш ұмтылып, тұра алмадым,
Мылтығым тиді маған алты қарыс.

Қалыпты бұрынғыдан бізге санат,
Сөзімде тентек болсам, жұртқа сынат.
Алланың ақ бұйрығы маған жетті,
Басымды кешіктірмей оңға қарат.

Әуелі біз жолықтық есен-аман,
Түсірдің осы жерде ақырзаман.
Қоймадың, «Бір маралды атып бер», — деп,
Мұнша қатты сөз айттың маған жаман.

Жүзімді көремісің, көрмеймісің,
Сөзіме еремісің, ермеймісің?
Ант айтып, ақыреттік құда болдың,
Қыз туса, беремісің, бермеймісің?

— Қыртысым сүймегенге шөл, арықпын,
Өзім деген кісіге тас бұлақпын.
Уағдаға қылап қылман, не қыласың,
Күн болса ондай атты берер-ақпын!

— Қареке-ау, ажал уақыты маған жетті,
Ағасың жасың үлкен, құлдық, — депті.
Аузынан бір-екі ауыз арыз айтып,
Сарекең күні жетіп, өліп кетті.

Тұрмайды сол Қарабай ниетке жетіп,
Сөйлескен құдайшылық естен кетіп.
Маралды егіз лақпен теңдеп алып,
Халқына жөнеледі өлеңдетіп.

Тұрады сол Қарекең өнер бастап,
Кәпірді көрген адам тұрмас қостап.

Маралды егіз қодығамен теңдеп алып,
Достысын бек сөйлескен кетті тастап.

Қарабай бұл мінезді сән көреді,
Нәлетті өзі ақымақ кім көреді?
Шырыштан¹ төмен жылжып келе жатса,
Алдынан будақ-будақ шаң келеді.

Сарыбай өзі мерген, маралды атқан,
Маралға ит Қарабай дінін сатқан.
Ханымы Сарыбайдың буаз екен,
Үйінде аман-есен бір ұл тапқан.
«Шүйінші Сарыбайдан сұраймын», – деп,
Сол елдің адамы екен келе жатқан.

– Қареке-ау, жапан дүзде сізді көрдік,
Сарыбайдың қызметкер адамы едік.
Ханымы Сарыбайдың бір ұл тапты,
Көрдің бе жапан дүзде, сәлем бердік.

– Мынау қалай сорлы еді ниетке жеткен,
Өз ойы мен қылғаны нәмәрт² еткен.
Нетесің босқа сұрап Сарыбайды,
Сұрасаң Сарыбайды, мерғау кеткен³.

– Бай еді мынау қандай, сөзі надан,
Өтерін дүниенің байқамаған.
Мерғауың неше күндік, неше түндік?
Ұшырсам қос-қос атпен, қашан барам?

– Ертіс басы қара дін жерге кетті,
Бейне Теңіз дейтұғын көлге кетті.
Бес жүз киік соқтығып, соны қуып,
Жолы қиын Бетпақтай шөлге кетті.

Сол иттің не қылса да қайраты мол,
Өз ақылы өзіне болады жол.
Амалы жоқ, алысқа айдаған соң,
Адамы дел-сал болып қайтқаны сол.

«Ақылмен алдадым», – деп мәз болады,
Халқына қадам басып жөнеледі.
Ханымы Қарабайдың қыз тауыпты,
Жол тосқан сақау қатын кез келеді.

¹ Шырыш – шырыш ағашынан құралған тоғай.

² Нәмәрт /парсы/ – айтқан сөзінде тұрмайтын, опасыз.

³ Мерғау кетті – аулаққа, алысқа кетті.

– Іздеп едік, қайнаға-ау, кез келесіз,
Айпарадай ақ жүзім сіз көресіз.
Қайнаға-ау, көріпсіз бір перзентті,
Шүйіншіге, қайнаға-ау, не бересіз?

– Жаман сөзді естісем, ішім күйер,
Жақсы сөзді естісем, денем сүйер.
Былылдама, сақауым, к... қыс,
Сегіз өрме бұзаутіс қамшым тиер.

– Біреу жарлы, біреу бай, білмейсіз бе,
Айдай болған ақ жүзім көрмейсіз бе?
Қартайғанда көріпсіз бір перзентті,
Шыныменен бір шапан бермейсіз бе?

Хан Қарекен келеді күн-түн қатып,
Егіз лақ пен маралды қабат атып.
Сегіз өрме бұзаутіс қамшысы бар,
Сақауынды кетеді бартылдатып.

Жымдай болып сол сақау жорғалайды,
Бастың қаны қойнына сорғалайды.
Жар бойында бар екен жарты лашық,
Қашып барып сақауың қорғалайды.

– Сегіз жылда сексен мың сегіз сарай,
Жеті атамнан бақ берген Алла Тағала-ай.
Өз тіліңнен, сақауым, жаза тарттың,
Дәл ененді ұрайын, мұның қалай?

– Япырай, ибаратың¹ көпке тисін,
Кінә аудармай сабайсың, жаның күйсін.
Қуанышқа сұрасам, қамшы беріп,
Ұлы-қызың Қодардан қорлық көрсін!

Қарекен одан өтіп, үйге салды,
Егіз лақ пен маралды теңдеп алды.
Пейілі Қарабайдың сондай кеңіп,
Бір сарттан жиырмалап шапан алды.

Молдалар шұбар ала хат оқиды,
Өлім шыққан үйіне жата оқиды.
«Менің құдам Сарыбай далада өлді», –
Деді де тоқсан саба толтырғызды.

¹ Ибарат /а/ – ғибрат, өнеге.

«Тұра-тұр, енді, жұртым, мен желейін,
Ауылын сол құдамның мен көрейін.
Нарыңды сабаңменен тоқтата тұр,
Әуелі өзім салт барып, мен келейін».

Тұрады сол Қарабай өнер бастап,
Кәпірді көрген адам тұрмас қостап.
Тантық шал иесіз үйге кіріп келді,
Белдеуге Бақа айғырды іле тастап.

Елінде қырық мың шалқар байдай болып,
Қос жорға жылқы ішінде тайдай болып,
Ақымақ шал иесіз үйге кіріп келсе,
Жөргекте Қозы жатыр айдай болып.

Ақымақ шал ақылы жоқ жаман састы,
Қозыдан қорқып, итті қара басты:
«Мені жұтар жалмауыз туыпты», — деп,
Тантық шал Бақа айғырға міне қашты.

Бір жерде келе жатып бөгеледі,
Өзі ақымақ нәлетті кім көреді?
Тоқсан нарда сабаны жарып тастап,
Бір қобыны¹ қымыз қып жөнеледі.

Қарабай Сарыбаймен мерген екен,
Хан Қарабай ауылына келген екен.
Ханым айтты: «Қарабай келіп кетті,
Сарыбай хан далада өлген екен».

«Алпыс басты ақ орда тіккен үйін,
Бұрынғыдай болмайды менің күйім.
Мен түсімнен шошыдым бүгінгі күн,
Енді аңырып отырма, Тайлақ биім».

Тайлақ би осы сөзді қош көреді,
Еліне «Жиылсын!» — деп хат береді.
Еліне қадірменді бір би екен,
Дәл он бір сан халайық жұрт келеді.

Он сан халқын Тайлақ би жиып алып,
Отырған әлеуметке үндемейді.
Көңілі батыр Тайлақ жазған хаттай,
Мәнісін жиылған көп таба алмайды.

¹ Қобы — ойпаң жер.

Он екі жыршысы бар, бас боп ханым,
Шырышқа шеру тартып жөнеледі.
Жайылып бет-бетімен қарап жүрсе,
Бір адам өліп жатқан кез келеді.

Іздесіп алды-алдына жүрген шауып,
«Өлді», — деп елі-жұрты қылған қауіп.
Бір жерде он бір кісі келе жатса,
Бір адам өліп жатқан алды тауып.

Айырылып патшасынан болды зарлы,
«Табамын», — деп барша халқы көңіліне алды.
Сол кісінің ішінде бірге шыққан
Қоңыр ала тай мінген тазша бар-ды.

Тазша айтады: «Ағалар, бөрің надан,
Жасымнан көріп едім бірталай жан.
Шыққыр көзім шықпаса, мен таныдым,
Осы жатқан, өліпті Сарыбай хан».

— Құлақ кәрі, бой кіші, ақыл дана,
Ту жығылса болмай ма қас масқара.
Жұрт иесі ханымға жара салып,
Үйелменіңмен өртеңгір, тазша бала!

— Ойласам, он бір аға, пейілің тар,
Сендердің қақпай қылар мінезің бар.
Хат берген даулы жерге мөр басатын,
Қолында қызыл алтын жүзігі бар.

Көрген соң Сарыбайға жұрт жылайды,
Сол жерде тағат қылып тұра алмайды.
Серкесіз қойдай болып ұйлығады,
Аяғын қадам басып жүре алмайды.

Жиылысып сол араға бөрі келді,
Құба қалмақ сықылды іштен бүлді.
Жалғыз-ақ ханым сонда естіген жоқ,
Батыр Тайлақ болды да, бөрі білді.

Қай адам Ер Тайлаққа тең келеді,
Жиылған сол араға көп ел еді.
— Естірмей қайтқанымыз лайық емес,
Ханымға жырлай-жырлай кім барады?

— Тайлыға алыс емес көрінген жер,
Табан шөңгел биімсің елімде бір.

Ханымға жырлай-жырлай мен барайын,
Ер Тайлақ, қолыңды жай, батаңды бер!

Ер Тайлақ тазшасына жарлық етті,
Тайымен қотыр ала тазша кетті.
Сейілде қырық кісімен ханым жүрсе,
Алдынан қарама-қарсы кездей кепті.

— Ханым-ай, ақ сұңқарым, сені көрдім,
Біз ежелден хан-қарашы адам едік.
Мен шошыдым түсімнен бүгінгі күн,
Ханымым, жолыққалы сізге келдім.

— Аптығып қотыр таймен келесің тез,
Бұл жалғанда ақылсыз адамнан без.
Көп шатып, тантырақтап, сөзді ұзартпа,
Қанеки, шошығаның немене сөз?

— Жаратқан бәрімізді Тәңірім күшті,
Бұл дүние, ойлап тұрсам, енді екіұшты.
Мен түсімнен шошимын бүгінгі түн,
Менің сәлдем басымнан жерге түсті.

— А, тазша, олай болса, мал сойғаның,
Құдайым дәриесіне сен тойғаның.
Сенің сәлдең басыңнан жерге түссе,
Бес уақыт намазға бас қойғаның.

— Ойласам, бұл ханымның ақылы асты,
Қарашың дәл сіздей ме, жаман састы.
Мен түсімнен шошимын бүгін тағы,
Қолымнан жібек баулы сұңқар қашты.

— Мінезің, ойлап тұрсам, жаннан қылап,
Келдің бе қотыр таймен мені сынап?
Қолыңнан жібек баулы сұңқар қашса,
Көрген де қоян аңнан шабыт сұрап.

— Қай адам Сарекендей ниетке жеткен,
Көп адам бізден бұрын өтіп кеткен.
Айырылдым қапияда сұңқарымнан,
Қолымнан абайсызда ұшып кеткен.

— Мұндар¹ таз, бір сұмдық бар тіл-жағыңда,
Сен келдің қотыр таймен бұл шағыңда.

¹ Мұндар /парсы/ – қу, сұм.

Қолыңнан абайсызда ұшып кетсе,
Қара орнында болғаны, хан тағыңда.

— А, ханым, бір сөзіме жаңа жеттің,
Қай сөзіңді бұзайын, «мақұл» депшін.
Мен түсімнен шошыдым тағы бүгін,
Түсімде бір тұңғиық суға кеттім.

— Құдайым енді саған дем береді,
Бойын салған базарға жол көреді.
Жүруші ең әр нәрседен шолпы тартып¹,
Түпсіз Тәңірім дариядай мал береді.

— Ханым-ау, бұл ниетті ойға алайын,
Мәнісін тура тартпай, не қылайын.
Жандап-жандап сөз айтсам, жуытпайсың,
Тұпа-тура найзамды тік салайын.

— Мұндар таз, маған келдің қаның қашып,
Антұрған, сені тұр ма қара басып?
Мен сенің қалжыңдасар кісің емен,
Немене айтар сөзің найзаласып?!

— Аңға да кеткен Сарекем-ау,
Таңертеңгі салқында.
Мінсіз бір туған жан еді ай-ау,
Өнеге бойы қалпыңда.
Келімсек төре хан болып
Балталының халқына.
Өрісі толып малына ай-ау,
Қазынасы толған алтынға.
Алла ісіне шара жоқ-ау,
Жетпесті қуып алқынба!
Қайырлы ғұмыр бере көр-ау
Қозыжанға артыңда.
Сізден де шығар адам жоқ,
Ойласаң ақыл тарпыңда.
Хан орнына хандық қыл,
Кеше билеп бір тұрған жарқында.
Ақылдас еді Сарекем,
Билеспес деп тартынба!

Ханымның сөзі:

— Өлді ме Сарыбай хан, жұртым көрсін,
Жыламан, патша Құдай иман берсін.

¹ Шолпы тарту — мұқтаждық көру.

Ғаламнан хан Сарыбай өткен болса,
Иншалла тәуба, Тәңірім артын берсін!

Тазшаның сөзі:

— Ханым, көрсең, жыларсың
Сарекемнің дертіне.
Сабырдан басқа айла жоқ
Іштегі жанған дертіңе.
Көргеннен соң жырласаң,
Нәпсің қоймай еркіңе.
Аулақ жерде, ханым-ау,
Нәпсің тоқтат беркіне.
Сүйегіңе мін болар,
Жетпей кетсең сертіңе.

Ханымның сөзі:

— Мұндар таз, «жылайды» деп көңліңе алма,
Алып жүр сүйегіне, енді алданба.
Өлген жан жылағанмен қайтып келмес,
Көңіліңді босатқанмен пайда бар ма?!

Ханымға тазша естіртті жеке барып,
Жұрт сілтідей тынады қайран қалып.
Егіл-тегіл еңірескен Сарыбайға
Ханымды сүйегіне келген алып.

Өлгенін Сарыбайдың ханым көрді,
Ұрғашыдан таппассың мұндай ерді.
Адасып ақылынан, аспай-саспай,
Еліне ақыл айтып, қайрат берді.

— Жылама, батыр Тайлақ, сен де өлерсің,
Аладан тағдыр келсе, жөнелерсің.
Өзі беріп, өзі алған арманы жоқ,
Мақшардан имандыма кез келерсің.

Жұртым-ай, бұл жылаған ниетіңді қой,
Өлім шықса, тіріге болмай ма той?
Жылағанмен бір нәрсе табар болсаң,
Жылап-жылап, тірілтіп әкеле ғой.

Тайлақ би, олай тұрма, сен бері жүр, —
Ақылдасып Тайлақпен ойлайды-дүр. —
Алып жүрмей, осы жерге біз қоялық,
Елге жібер, жабдық пен үй әкелдір.

Ел барып, айтқанының бәрі келді,
Дайын болды, жамағат көзі көрді.
«Зиарат қылып, бір күмбез жасаймын», — деп,
Ел ұйғарып, сол жерге қояды енді.
Жиылған жаназаға қанша жанды
Бәрін де сый-сияпатпен жөнелтті енді.

Ханым айтты: «Қайғысыз адам едім,
Бұл сықылды жалғанда жанды көрдім.
Ат шаптырып, ас берсең, ерік өзінде,
Билігін, батыр Тайлақ, саған бердім».

Қай адам Ер Тайлаққа тең келеді,
Жиылған жаназаға көп ел еді.
Мақтауын батыр Тайлақ алғаннан соң,
Халқына сауын айтып жөнеледі.

«Тыңдаңдар мына сөзді, ей, жарандар!
Құлақ салып тыңдасаң, ей, абзалдар!
Өтірік айтса, ақынның жаны шықсын,
Басқы аттың бес жүз жылқы бәйгесі бар».

Сый алды елі-жұрты құры қалмай,
Тайлақтың кеткен жан жоқ тілін алмай.
Он бір сан халайықтың бәрі келді,
Айтқан күні жиылып, бірі қалмай.

Тайлақ айтты: «Жамағат, ой ойлаңыз,
Тентек пенен теліні бір қоймаңыз.
Даусыз болып аттарың анық келсін,
Әр рудан бір кісі ат айдаңыз!»

«Алланың ақ ісіне мойын бұрсын,
Ала-құла болғанды Құдай ұрсын.
Құр еңістен ат айдап жіберіңдер,
Ақкезеңнің үстінде көмбе тұрсын!»

Байлығын Сарыбайдың халқы көрді,
Атын айдап алысқа жіберді енді.
Бес жүз аттың алдынан бір шақырым
Өз үйінің Телқызыл аты келді.
Ешбір жаман бұзықтық, жанжал шықпай,
Жиынын тыныш қылып жөнелтті енді.

Ел-жұрты құрмет қылды ханның үйін,
Ғаріп-қасер жетімге болды тойын.
Тайлақ айтқан сөзінен жан шықпайды,
Тып-тыныш боп тарады осы жиын.

Мінезі Қарабайдың жаннан өтті,
Уағдасы құда болған жұртқа жетті.
Тайлақ биге айтады ханым тұрып:
– Сонымен кел сөйлесіп құдалықты.

– Ханым-ау, Қарабайың құрып қалсын,
Келуге жарамаған, Құдай алсын.
Мен барсам, тек келмеймін сол итіңнен,
Жалғыз ұлым сол Танас балам барсын.

Тайлақтың сөзін ханым мақұл етті,
Осы сөз де рас болып халыққа жетті.
Қасына он бір жігіт ертіп алып,
Ер Танас Қарабайға жүріп кетті.

Жүр еді хан Қарекен жалғыз өзі,
Танастың Қарабайға келген кезі.
Қарекеннің алдынан қарсы келіп,
Жолығып, Ер Танастың айтқан сөзі:

– Қареке-ау, хан болыпсыз, сізді көрдік,
Жасы үлкен бай екенсіз, сәлем бердік!
Кешегі Сарекемнің заманында
Қайғысыз-уайымсыз жүруші едік.

Сарекем дүние салып кеткеннен соң,
Біз биыл құдіретпенен не көрмедік?
Жіберді құдағиың, құрбың Тайлақ,
Алдыңа бір сәлемді алып келдік.
Қандай жауап бересіз, хан Қарекем,
Сөйлескелі, байеке-ау, келіп едік.

– Былшылдама, сөзіңе тіпті ермеймін,
Ұмыт болған сөзді мен жөн көрмеймін.
Сен он екің, к... қыс, үйіңе қайт,
Жетім ұлға құда боп, қыз бермеймін!

– Қареке-ау, ақылменен арбайсыз ба,
Жаратқан бір Тәңірді алдайсыз ба?
Ниет айтып, ақыреттік құда болдың,
Тегінде қияметке бармайсыз ба?
Құдаңмен Тәңірі алдында беттестірсе,
Сол жерде қара жүзді болмайсыз ба?

– Мына сөзге мен тұрмын қайран қалып,
Қалыңмалың қойып ем қашан алып?
Сен он екің былшылдап сөйлей берсең,
Бәріңнің де кетермін басың жарып!

— Орын бар ма дүние үшін дінім сатар,
Бізге аударар күнәң жоқ атын атар.
Бұл мінезден қайтпасаң, шал Қареке,
Осы тәнің тозақтың дәмін татар.
Бетін топырақ басты деп, жалған айтсаң,
Жаһаннам деген тозақта жанып жатар.

— Келіпсің сөйлескелі өңшең кедей,
Қайтсаңшы, жаның олжа, бірің өлмей.
«Қой» десем де қоймайсың, сен он екің,
Тым болмаса қайтпассың таяқ жемей.

— Қареке-ау, жаман сөзді айтпа бекер,
Бұл мінезің өзінді әуре етер.
Осы арада қыз бермей сен тұрмассың,
Қашып жүріп бірталай күнің өтер.

Менің әкем естісе, тек қоймайды,
Өзінді байлап қойып, қорлық етер.
Тым болмаса сұрашы қалыңмалды,
Сарыбайдың малы бар саған жетер.

Көрмессің Қарабайдай пейілі тарды,
Жылқыдан Бақа айғырды мініп алды.
Сегіз өрме бұзаутіс қамшысы бар,
Бәрінің тарсылдатып басын жарды.

Ойлашы, Қарабайдың қайраты мол,
Өз ақылы өзіне болады жол.
«Бір тау тесіп, мойнымызға ілсе дағы,
Он бір аға, үндемей қайтарлық жол».

Ұрыспай, ол он бірі жүре берді,
Мінезін Қарабайдың көзі көрді.
«Ұрыссақ, ханым бізге өкпелер», — деп,
Жардырып ап бастарын, қайтып келді.

— «Барсын» деп, ханым, бізге қылдың жарлық,
Мен көрмеген жан едім қорлық-зорлық.
Мінезін Қарабайдың көре тұра-ақ,
Шіркін нәлет құдаңа кеше бардық.
Біз сіздің тілің сыйлап барамыз деп,
Қызыл тақия сый-сияпат киіп алдық.

— Ол кетер, бұл араны қылмас мекен,
Сол нәлет біржолата кетсе-ақ екен.
Жалғыз-ақ бір тілегім — Қозы ержетсе,
Бір адам бұны сөз ғып айтпаса екен.

Жұртына батыр Тайлақ қату қылды,
Не қылсын Қарабайдай кәпір сұмды.
Ешбір адам аузына алмаған соң,
Аты өшкірдің аты өшіп, ұмытылды.

Ал енді мына сөзді тербетелік,
Ерігіп айтпақ болдық, біз не етелік.
Ханым мен Қозы Көрпеш жата тұрсын,
Ауғызып Қарабайды ап кетелік.

— Ойбай, қатын, қайдасың, бері келші,
«Құдай қосқан қосағым» мені деші.
Аулынан Сарыбайдың мазам кетті,
Кел, ауамын, үйімді жығып берші!

— Байғұс-ау, қандай адам серттен таяр,
Біліп пе едің тайғанды Құдай аяр?
Тоқсан мыңды бұл жерден тентіретіп,
Қайда барсаң, осындай орын даяр?

— Бұған ермен, өзгеңе ерсем дағы,
Кәрі басым қоршылық көрсем дағы.
Балталымен қоныстас бола алмаймын,
Тоқсан мыңды бір жауға берсем дағы.

— Қайтейін, мінезінді шайтан бұзған,
Кісі едің шайтан бұзған, Құдай ұрған.
Бұл басымды кеудемнен кессең дағы,
Бір отырған орнымнан өлсем тұрман!

Белгілі ерімейді іштің мұзы,
Өтпейді қатынына айтқан сөзі.
Үйді жығып, артуды білмей тұрса,
Ойына түсті Ай, Таңсық — екі қызы.

Айтады қыздарына келіп майда:

— Ай, Таңсық — менің екі қызым қайда?
Қақбас шешең тілімді тіпті алмайды,
Бір пайдаңды тигізші осындайда.

Сөзінен ызыңдаған қыздар өлді,
Амалсыз шақырған соң келіп еді.
Жылап жүріп үйінің бауын шешіп,
Талқан қып, тоқсан нарға артып берді.

— Шырағым, екі қызым, мені көрші,
Мынау кәрі ит атаңның ісін көрші.

Құдай қосқан жарынан тірі айырылған
Алдыма сұм Баянды алып келші.

Қайран балам, кімдерге күң боларсың?
Қайран малым, кімдерге жем боларсың?
Обалдарың әкеңді жібермесін,
Үш сорлым, қандай жерде кем боларсың?

Қарабай тоқсан мыңмен өрге салды,
Жылқыдан Атқайыңды мініп алды.
Жетелеп Бақа айғырды жөнелгенде,
Жұртында қотыр ала тай қалмады.

Жер мен су, тау мен тасқа қоштасқалы,
Көшінен сонда екі қыз тұрып қалды.
Кеткен соң бұл арадан келмес мәні,
Жоқ еді бай болса да оның сәні.
Қарабай көше қашып жөнелгенде,
Ел-жұртқа екі қыздың қоштасқаны:

— Балталы, Бағаналы ел, аман бол,
Бақалы, бадырғанды көл, аман бол!
Кірім жуып, кіндігім кескен жерім,
Ойнап-күліп ер жеткен жер, аман бол!

Қара басқан қашқынды қоя берме,
Ел жақсысы — Тайлақ би, ақылы мол.
Осы ізі тоқсан мыңның соқпақ болар,
Жоғалмас, қайда барса қазылған жол.

Тайлақтың енді аман бол, қалған елі,
Аман бол, қалың ағаш, аққан селі.
Теруші ем еріккенде ермек етіп,
Екпе, жиде, алмаағаш көлеңкелі.

Сегіз сай тау біткенді сала, аман бол,
Халайық, қалған елдің шалы, аман бол!
Қарабай — қайын атаң сенен қашты,
Жөргекте Қозы Көрпеш бала, аман бол!

Ұзын өлке, жота мен төбе, аман бол,
Тайлақ би, ел жақсысы, көп, аман бол!
Изенді, мық жусанды, бетегелі,
Ақ көде, малға шүйгін шөп, аман бол!

Жасы кіші, аға мен іні, аман бол,
Іребдел¹ өңшең мырза жаға, аман бол!

¹ Іребдел — ірі.

Қайын атаң Қарабай сенен қашты,
Жөргекте Қозы Көрпеш, тағы аман бол!

«Байлығын Балталының көрмеймін, — деп, —
Тіліне Ер Тайлақтың ермеймін», — деп,
Кәрі атаң ақылы жоқ өрге қашты,
«Қызымды жетім ұлға бермеймін», — деп.

Баянды бермей кетер саған боқты,
Айым-күнім, атарсың қазалы оқты.
Күнінде күйеу болып келер болсаң,
Жолында біз тұрармыз айтқан тоқты.

Қозыке-ау, піспей қалған сіз бір алма,
Бойыңа қуат бітіп, күш толар ма?
Қозы Көрпеш күйеу боп, біз қайын боп,
Иілісіп тұратын күн болар ма?

Қолынан ит Қарабай малын соймас,
Бір жерде дамыл қылып, дәмге тоймас.
Құдайым тағдырыңда қосқан болса,
Қайда барсаң, онда бар, сені қоймас!

Үйіңе Құдай айдап Қыдыр қонар,
Ер Лұқпан қолтықтап, жолдас болар.
Егерде сапар қылып, бізді издесең,
Осы ізі тоқсан мыңның соқпақ болар.

Балталы, Бағаналы халқы, аман бол,
Жөргекте Қозы Көрпеш жалқы, аман бол!
Жеңеше, келін-кепшік, құрбы-құрдас,
Халайық бізді ойлаған жалпы, аман бол!

Барады белде-белде дәурен өтіп,
Ат мінген қара жорға қызды еңіретіп.
Таңертең тұрып қалған сонда екі қыз
Кешке екінді болғанда келді жетіп.

Жөнелді сонда екі қыз белін буып,
Тым сұлу көркемдігі айдай болып.
Көшіне жылай-жылай әрең жетті,
Жылаған жасы атының жалын жуып.

Қарабай тоқсан мыңмен өрге салды,
Жылқыдан Атқайыңды мініп алды.
Су аяғы құрдымнан ара қонып,
Осы тұрған Семейге жетіп барды.

Дамыл, аял көрмейді, өзі терлеп,
Өзге жақпен жүре алмас малы кернеп.
Дамыл да жоқ, тыным жоқ, көше беру,
Өне бойы жағалап Ертісті өрлеп.

Көше-көше талай жер барып қалды,
Барғанменен барқадар¹ таба алмады.
Көл, қарасу бойына жетіп барып,
Қайқиып құм жағалап қайта салды.

Алатаудың жағалап ар жағымен,
Іле басы — Құлжаға тағы барды.
Ол жерде келіспеді мал тойымы,
Сірә, тоқтау болмады еш орыны.

Іледен қайта көшіп, Шыршық барды,
Ұдай көшіп барады Сыр бойына.
Азғана Сыр бойында дамыл алды.
Бір күні ол қаңғырып Қоқан кепті,
Тоқсан атқа бір белбеу сатып алып,
«Не қыласыз?» дегенге — «шұлғау», — депті.

Көшеді қысы-жазы дамыл көрмей,
Біраз елі қалады оған ермей.
Сағынып Сарыарқаны, қайта көшті,
Мазалы ел ішінде рақат көрмей.

Көрмесің Қарабайдай жарыместі,
Азырақ өзінен де қатыны есті.
Қырық күндік ыстық шөлге қайта көшіп,
Бетпақтың сар даласына барып түсті.

— Қырыстан салқын соқса, самал болар,
Мұнан артық не қиын қамал болар?
Құлын-тайым қырылып, шөлдеді ғой,
Ойбай, қатын, айта көр, не амал болар?

— Не деп жауап айтайын бұл сөзіңе,
Құдай беріп қойды ғой мінезіңе.
Қырылмақтан жойылсын құлын-тайың,
Бұл қылық елден қашқан аз-ды өзіңе.

— Ойбай, қатын, өлсем де тіліңе ермен,
Балталы мен ұрайын Сақалдыңды.
Жалғыз тайым қалса да өлсем, көрмен!

¹ Барқадар — береке, опа.

Көрмессің Қарабайдай жарыместі,
Бірталай көше-көше күні кешті.
Бетпақта бос қамалып жата алсын ба,
Одан көшіп Қарекең Шуға түсті.

Қарекең қырып-жойып Шуға барды,
Ақымаққа Құдай берген мұнша малды.
«Арқада қызы сұлу бай көшті», — деп,
Торғауыттан бедеумен Қодар салды.

Жамағат, осы сөздің бәрі де рас,
Ерлігі асқан Қодардың о да бір мас.
Мақтауды қазақ аты көтере алса,
Астында бедеуі бар алты құлаш.

Қодардың өзі ойланып бір ниетті,
Қамшы басып, бедеуін зар еңіретті.
Қуып жүріп, әркімнен сұрап жүріп,
Шу бойында қамалған байға жетті.
— Әрі-бері көше алмай бос қамалған,
Құлын-тайың шөлдеген кімсің? — депті.

— Көңілімді мың мен санға баламаймын,
Пенденің ілігіне жарамаймын.
Су аяғы құрдымнан қашып жүрген,
Алла Тағала қаңғыртқан Қарабаймын.

— Қареке-ау, іздеп едім, кез келесің,
Қодар батыр мен едім, сен көресің.
Мен шөлдетпей Бетпақтан алып шықсам,
Қанеки, ақысына не бересің?

— Балам-ау, сен іздесең, кез келейін,
Құдай сені берген соң, неге өлейін?
Сен Бетпақтан шөлдетпей алып өтсең,
Қалыңмалсыз, борышсыз қыз берейін.

— Қыз берсең, сен — атасың, мен — баламын,
Не қылып тең құрбымнан құр қаламын.
Асыраған қызыңды мен алмаймын,
Жалғыз қызың Баянды мен аламын.

— А, балам, қайратыңды мен көрейін,
Жаманға сені неғып теңгерейін?
Сен шөлдетпей, шығынсыз алып өтсең,
Сүйген қызың Баянды мен берейін.

— Уағда қылып, серт қылсаң, сенсем екен,
Сенгеннен соң соңыңнан ерсем екен.
Олай-бұлай қызыңның керегі жоқ,
Ақ Баянды, Қареке, берсең екен!

— Жас құлыным қырылды тамам, Қодар,
Бір су тауып бере көр маған, Қодар.
Сен шөлдетпей малымды алып өтсең,
Ақ Баянды беремін саған, Қодар.

— Қареке-ау, осы сөзің жақсы кеп пе,
Жалған жауап сөйлеуге сіздерге еп пе?
Бейнеттеніп Бетпақтан өткізермін,
Дер кезінде, Қареке-ау, алдап кетпе!

— Ұнамаған адамға шөл, арықпын,
Қулық қылған кісіге қас шұнақпын.
Қылап қып уағдамды не қылайын,
Серттен тайман, қызымды берер-ақпын.

— Құдай-ау, қайратыма дем бере көр,
Қареке-ау, жылдамырақ жөнеле бер.
Екі күрек, екі үлкен кетпенменен
Және сегіз көшіңнен мес бере көр.

— Сөзімді менің айтқан біле бер, — деп, —
Атыңа, енді отырмай, міне бер, — деп, —
Қодекең ұзын сызып жөнеледі, —
Менің осы ізіммен жүре бер, — деп.

— Байталым, енді аяңда, бүгін ел жоқ,
Арқада Аягөздей мөлдір сел жоқ.
Сертіме бұл айтысқан жете алмасам,
Сірә, маған Баяндай бұраңбел жоқ.

Антұрған білдірмейді Қодар жасып,
Әр жерден жүз кісілік құдық аршып.
Су шыққаннан су шығар құдығының,
Суы жоғын толтырар меспен тасып.

Сол күндегі жандардан Қодар асып,
Мінезіне қайраты құп жарасып.
Қодекең шауып жүріп қимылдайды,
Аямай бедеуіне қамшы басып.

Сол күндегі жандардан Қодар епті,
Уағда қылған сертіне анық жетті.

Жанды аямай қимылды қылып-қылып,
Не қылса, сол Бетпақтан алып өтті.

Аяқ жерде байталы болдырған соң,
Жаяу жүріп, көреді көп бейнетті...
Етік қажап, бақайы қанап кетті.

«Байталым, не қыласың, бүгін ел жоқ,
Арқада Аягөздей мөлдір сел жоқ».
Қиналған жан қуанар қыз көрген соң,
«Баянды аламын», – деп көңілі тоқ.

Түнімен құдық аршып түске шейін,
Сондай құдық жасайды беске шейін.
Кейінің өз суы бар, кейінде жоқ,
Меспен тасып толтырар кешке шейін.

Жылқысы суға қанып, тойып алды,
Қодардың әр нәрседен ойы бар-ды.
Мұны Құдай жаратқан сонша зор қып,
Анық он кез өзінің бойы бар-ды.

Тоқсан мыңды неғылса қандырды тез,
Әдебі жоқ, мінез жоқ Қодардан без.
Кәпірдің денесінің бәрі де артық,
Жалпағы жауырынының үш жарым кез.

Қодардың өзі дардай, сөзі дардай,
Жүреді жанның бәрін көңіліне алмай.
Өзінің денесінің молын қара,
Сыңар ғана жұдырығы қолағаштай.

Қарабай бұл жүргенін қылмас намыс,
Қодармен шөл далада болды таныс.
Өтірік қосқан емес осы сөздер,
Ұзыны жауырынының алты қарыс.

Бұралған талшыбықтай ол Баян қыз,
Тым сұлу, көркемдігі жұртқа аян қыз.
Өзінің денесімен бір ісі жоқ,
Содан үміт қылатын Қодардан без.

Қодар айтты: «Қареке-ау, құлағың сал,
Менің айтқан сөзімді жақсы ұғып ал.
Аягөзге жете алсаң тау бөктерлеп,
Ешқашан қауға тартып, шөлдемес мал.

Арғы шеті Аягөз, Лепсі, Үржар,
Тоқсан мыңға лайық сонда жер бар.
Бұл жақта бұдан артық су болмайды,
Тоқсан мыңға өзге жер болады тар».

Көрмессің Қарабайдай пейілі тарды,
Қодарға «Өзің біл», — деп ақыл салды.
Қодардың сол тілімен көшіп келіп,
Жайлап, қыстап Аягөз жатып қалды.

Қарабай, Сарыбаймен мерген екен,
Күні жетіп, Сарыбай өлген екен.
Бұл ауғалы он үш жыл болып қапты,
Қыз Баян да он төртке келген екен.

Талшыбықтай бұралған, өзі керім,
Мінеки, оны айтатын келді жерім.
Қыпша бел, алма мойын, сұлу Баян,
Сипаты жаннан асқан ол бір серім.

Тал бойының міні жоқ, қолаң шашты,
Шашының ұзындығы тізін¹ басты.
Гүл төгілер аузынан, меруерт тісті,
Ондай жан дүниеде жаралмас-ты.

Аппақ керік² маңдайы, қылығы наз,
Малың түгіл, басыңды берсең де аз.
Сыртынан күлімсіреп сөйлесе де,
Көңілі қош болмайды, баймен араз.

Жұрт айтатын темірлі күймесі бар,
Қозы Көрпеш дегенде дүниесі тар.
Анда-санда болмаса, сөйлеспейді,
Жалғыз жатып, Қозы үшін қылады зар.

Қас асыл боп бойжетті, алтын кірпік,
Жақындап Қодар келсе, үйтіп-бүйтіп.
Қара көзін қан басып қарағанда,
Маңына жоламайды Қодар үркіп.

«Қайғылы менің көңілім тола ма екен,
Алланың сызығы екі бола ма екен?»
Маңайға тантық құлды жолатқызбай,
Қорқытып қойған оны Құдай екен.

¹ Тізін — тізесін.

² Керік — жазық, кең.

Баянды сұлу қылса, Тәңірім қылған,
Атағымен-даңқымен дүние толған.
Тоқсан байдың баласы – тоқсан сері,
Сыртынан көзі көрмей ғашық болған.

Жамағат, осы сөзден күдер үзбе,
Сипаты Баян қыздың жаннан өзге.
Баянға ғашық болып тоқсан бағлан,
Бәрі де іздеп шықты жапан дүзге.

Бәрі де ғашықтықпен жаһан кезген,
Баршасы ғашық болып, елден безген.
Тоқсан жолдың аяғы бір жол болып,
Бір жолда тоқсан сері кездей келген.

Іздеген Баян қызды соның бәрі,
Бірінен бірі артық ақылдары.
Бір өзінде он кісінің қайраты бар –
Баласы Нұрқара би Көсемсары.

Елінен іздеп шыққан тоқсан бала,
Ақылы тоқсанының тоқсан сала.
Бір өзінде тоқсан кісінің қуаты бар,
Баласы Қаратоқа – Бұланқара.

Елінен іздеп шыққан тоқсан ері,
Әрбірі жанға өлшеусіз көңілдері.
Қайсыбірін айтайын, осалы жоқ,
Аяғы – бес кісілік Көсем сері.

Бәрі де жапан түзде бек сөйлесті,
Қайғысын Баян қыздың жеп сөйлесті.
«Бірімізді-біріміз күндемелік,
Бағымызды сынайық», – деп сөйлесті.

Қаратау, Тарбағатай – жерге келді,
Жайтөбе, Қатынсуы – көлге келді.
Басынан Ақсәуленің дүрбі салып,
Отырған Аягөзде елді көрді.

Сол күндегі адамнан Қодар мықты,
Қарсы басқан дұшпанын жерге тықты.
«Ел шетіне жау келді!» – деді дағы,
Айқайлап тоқсан ерге жалғыз шықты.

Сол күндегі жандардан Қодар асты,
Сескенбей, тоқсанымен араласты.

Ықты-жарды білетін Қодекең бе,
Сол жерде тау соққандай майдандасты.

Әрі-бері тоқсанмен айқасқан соң,
Біреуі беттемейді, бәрі қашты.
Бәрін бірдей Қодекең жеңіп алды,
Бейне малшы қылды да малға салды.

Күймедегі Баянды көргені жоқ,
«Бұқа буға»¹ деген сөз содан қалды.
Қарабайдың тоқсан бір құлы болып,
Ен суда малын бағып, жатып алды.

... Енді тоқта, қызықты бір көрелік,
Ұмытпасақ, айналып бір келелік.
Қодар, тоқсан, Қарабай жата тұрсын,
Балталыдан бір жігіт ап келелік.

Осындай болса керек ердің ері,
Жаңа бір тыңдайтұғын келді жері.
Елінен намыс үшін іздеп шықты
Тайлақтың кенже інісі Айбас сері.

«Күшімді мың мен санға сынайын, — деп, —
Бір санды садағыммен бөгеймін», — деп.
Елінен намыс үшін іздеп шықты,
«Сұраса, Қозы ержетіп, не деймін?» — деп.

Ойлайды: «Қай жекжатқа сенейін, — деп,
Не қылып ажал жетпей өлейін?» — деп.
Елінен Айбас сері іздеп шықты,
«Дұшпанға неге намыс берейін?» — деп.

Қараңыз Ер Айбастың қылған ісін,
Бойында аямайды қуат-күшін.
Туысқаны, туғаны, жақыны емес,
Іздейді жетім ұлдың хақысы үшін.

Ер Айбас ойланып жүр бір ниетті,
Қамшы басып, бедеуін зар еңіретті.
Құр айыл, жіп, құйысқан тағып алып,
Тұлпармен Көктай деген іздеп кетті.

Ер Айбас Көктайменен өрге салды,
Ізімен тоқсан мыңның кетіп қалды.

¹ Бұқа буға — құр кеуде.

Қазылған сара ізімен жүре-жүре,
Әйтеуір, адаспастай болып алды.

Көктаймен кейде шапты, кейде желді,
Көреді серілікпен талай жерді.
Аз жүрсе, көп жүрсе де аман-есен,
Аяғы Жетісуға о да келді.

Сол күндегі жандардан Айбас мықты,
Болдыруды білмейді Көктай тіпті.
«Жұрттың айтқан мөлшері болды ғой», — деп,
Бір биіктің басына келіп шықты.

Көреді батыр Айбас талай жерді,
Ит Қарабай сенделтті есіл ерді.
Сол биіктің басынан қарап тұрып,
Аяғезде отырған елді көрді.

«Астында патшалардың алтыннан тақ,
Болғай-ақ бұл ісіме Тәңірім жақ.
Нетейін бұрынғыңды, Көктайым-ай,
Барыңды бүгінгі күн қарыштап бақ!
Жер аулақта үш қызға бір сөйлессем,
Одан артық Құдайдан тілегім жоқ!»

Бір Құдай бұл тілегін қабыл алды,
Талтүсте ел шетіне жетіп барды.
Өзенде жиде теріп, ойнап жүрген
Алдынан үш қыз душар бола қалды.

— Біреудің ашылмас бұл бағасысың,
Кіреуке алтын тонның жағасысың.
Елдің жөнін сұраймын, шырақтарым,
Тоқта, үшеуің қай байдың баласысың?

— Ағеке-ау, асылзада, сен бір ерсің,
Жадағай жапан түзде кез келесің.
Қорықпай Қодекемнен мұнда келген,
Жүрек жұтқан жанбысың, неғып жүрсің?

— Шырағым, тал бойыңда жоқ екен мін,
Иманнан қуаттанып, ашылар дін.
Қодайтып, «Қодекем» деп сөз сөйлейсің,
Ол нәрсе қайдан шыққан, нәсілі кім?

— Тартынбас әр нәрседен Қодар тайып,
Естісе бұл сөзіңді, үлкен айып.

Қодардың атасы жел, анасы жел,
Кез болған сар далада өзі ғайып.

— Ендеше, Қодарыңды ойға алалық,
Мен бе едім сол итіңнен кем боларлық?
Құдайдан бұйрық болып, демеу болса,
Астына табанымның бір салалық.

— Ағеке-ау, жақсы айтасың, сөзің майда,
Бір пайда тигізе көр осындайда.
Қодарды жеңіп, бізге кек әперер
Алаштан асып туған ер ұл қайда?

— Астымда Көктайым бар тұлпармен тең,
Қодарды қылма уайым, маған сенсең.
Елімнен әдейі іздеп, арнап шыққан,
Құдай қосса, керек-ті соны жеңсем.

— Жоқ еді бір туысқан аға-жеңгем,
Көңілім жақын тартты сізге демдем.
Жақындық бізге таман сөз айтасыз,
Ағеке-ау, елі-жұртың болар кім-кім?

— Балталы, Бағаналы елден келдім,
Бақалы, балдырғанды көлден келдім.
Жұрты деп Сарыбайдың естуші ме ең?
Ел жақсысы Тайлақ би елден келдім.

— Ағеке-ау, бұл бір қызық заман екен,
Сізге деген жамандық бізде ме екен?
Су аяғы құрдымнан келген болсаң,
Елі-жұрты, қой-қозы аман ба екен?

— Сіздерге күмән шығар, өзіме аян,
Елімнен іздеп келген келінім Баян.
Қозы Көрпеш падиша, халқымыз да,
Қара орны хан тағында, халқым аман.

— Адамға біздей емес жат пенен өз,
Жапан түзде, ағеке-ау, келесіз кез.
«Қозы Көрпеш, қыз Баян» деп сөйлейді,
Апалар, жөнін ұқтыр, немене сөз?

— Жас кісіде артылмас сенен кеңес,
Біреуге бұйырғанды біреу жемес.
Бір мұңшылық айтамыз әншейін-ақ,
Шырағым, сен есітер дәнеме емес.

— Құлақ кәрі, бой кіші, ақыл дана,
Көктаймен ауылыңа келдім жаңа.
Апаларың жасырса, мен жасырман,
Сөзің рас, шырағым, бермен қара.
Су аяғы құрдымнан іздеп келдім,
Қозы Көрпеш шын жарың, келін бала.

— Атамыз Қарабай да мерген шығар,
Қаңғырып талай жерді көрген шығар.
Қозы Көрпеш дегенді біз білмейміз,
Суға сатып Қодарға берген шығар.

— Шырағым, келіп едім гүл-гүл жанып,
Келгенмен қуанбадым сөзге қанып.
Көңілің шыныменен жат боп кетсе,
Елімнен неге келдім азаптанып?

«Байлығын Балталының көрмеймін, — деп, —
Тіліне ер Тайлақтың ермеймін», — деп,
Қарекең ақылы жоқ, өрге қашты,
«Қызымды жетім ұлға бермеймін», — деп.

— Сәлем де, олай болса, дұғай-дұғай,
Біз жүрміз қайғысында жылай-жылай.
Барлағалы айтып ем, ей, ағеке-ау,
Көкіректе қаяу жоқ, куәм Құдай!

— Ауыздан айтқан сөзің дуа емес пе,
Қалжың сөз періштеге куә емес пе?
Екі асыл ай мен күндей жар болған соң,
Өзіңді кірлегенің мін емес пе?

— Ағеке-ау, асылзада, сіз бір ерсің,
Ініңе «Сүйдеп барып айтты» дерсің.
Қылмаңыз сөзге налып, жамандықты,
Жазамды арам болсам, Тәңірім берсін.

— Қасыма Баян, Таңсық қыз келесіз,
Қозының Айбасы едім, сіз көресіз.
«Жылдам барып сөйлесіп, тез қайт» деген,
Ініме сәлемдеме не бересіз?

— Сәлем де ініңізге, іздеп келсін,
Келмесе, «Сорлы Баян, — дегені, — өлсін».
Көңілім кетті Қозыға, жаным мұнда,
Айтқан сөзді ініңіз қабыл көрсін.
Алтынды тон, жүзігім белгі болсын,
Қасына не қосады, апам білсін.

Қосқан соң ақылына екі қызды,
Екеуі жыламсырап, көңілін бұзды.
«Ініңе сәлемдеме», — деп береді,
Жүзік пен тоннан басқа бір тоғызды.

— Апалар, мұны ешкім көрмес пайда,
Ойланбай іс қыласыз осындайда.
Бір тоғыз сәлемдеме бердіңіз-ақ,
Келген адам сый-сияпат жолы қайда?

— Көктаймен келіп едім бір жыл желіп,
Көңілімді сіздер үшін Аққа беріп.
Өз басым сабақты жіп тіпті алмаймын,
Шырағым, көңілім тойды сізді көріп.

— Құдая, сапарына дем бере гөр!
Ағеке-ау, жылдамырақ жөнеле көр.
Жатырмыз Аягөзді жайлап-қыстап,
Ініңді кешіктірмей жеткізе көр!

— Сөздерің, шырақтарым, тым-ақ майда,
Кім білінбей кетеді осындайда.
Соғыспай әдейі кеп, неге кетем,
Дейтұғын «Қодар, тоқсан итің» қайда?

— Әзір Қодар сіздерге сөз бермейді,
Жалғыз сіздің өзіңе бөгелмейді.
Ініңізбенен келіп, екеулеңіз,
Кәпірдің қайраты мол, бой бермейді.

— Көктаймен батыр Айбас өрге салсын,
Құдай берсе, ондағы халыққа барсын.
Көзіме көрсет дағы қоя берші,
Итіңнен таяқ жесем, Құдай алсын!

— Кәпір Қодар бір тау ғой, кім таласар,
Денесін көрген жанның қаны қашар.
Ағеке-ау, тілімді алсаң, көрінбей қайт,
Кетпестей сүйегіңе таңба басар.

— Бәле, бала, сөзіңнің бұзығына,
Тәңірдің тоқтау болмас сызығына.
Жанға өлшеусіз құлыңды мақтай берме,
Көрсет дағы қарап тұр қызығыма.

«Тіліне енді осының сенелік, — деп, —
Тілеуін біз де мұның тілелік, — деп, —

Үш қыз қалмай, соңынан ере жүрді, —
Қызығын екі алыптың көрелік», — деп.

Үш қыз да тамаша қып бұған ерді,
Таудай болған Қодарды Айбас көрді.
«Қыздарға қайратымды көрсетем», — деп,
Тартынбай, батыр Айбас жетіп келді.

— Мен Айбас, сен Қодарсың, жаңа көрдік,
Тоңыраңдаған сөзіңнен тамам өлдік.
Сізді білмей, ауылға барып едік,
Қандай жаза қыласың, міне, келдік?

Айбас келіп, Қодарды сөзбен шалды,
Қодар батыр шоқпарын жұлып алды.
Үш қызға мақтанды да келеңсіз¹ құл
Айбасты шоқпарымен салып қалды.

Айбас оны жауырынынан ұстап алды,
Бір-ақ ырғап, атынан жұлып алды.
Көктаймен салақтатып желіп кетсе,
Көктайы көтере алмай, жата қалды.

Сол күндегі жандардан Қодар мықты,
Екеуінің аты ойнап бетке шықты.
Тұра сала екеуі алысқанда,
Келістіріп итіңді тағы жықты.

Астында Қодар жатып бақырады,
Күндей болып күркіреп, ақырады.
Айбастың тізесіне шыдай алмай,
«Біздің тоқсан қайда?» — деп шақырады.

Күркіреп тоқсан сері келіп жетті,
Япырмау, солар неден үміт етті?
«Қодекемді бас салып жатқан кім?» — деп,
Бәрі бір-бір сойылмен салып өтті.

Бәрінің де сойылын жұлып алып,
Көктайға міне қашып Айбас кетті.
Артынан Бақа айғырмен Қодар жетсе,
Ұрып жығып серейтіп, тағы кетті.

— Құба жон жығылғаны беттің деймін,
Құдайға емессің құл, жетті деймін.

¹ Келеңсіз — дәрекі, ебедейсіз.

Неғып тұрсың, Қодеке-ау, жауға шаппай,
Дұшпаның анау қашып кетті деймін.

— Бұл «тоқсан» дәулетіме киім киді,
Жалғыз кісі кетірді біздің күйді.
Бір суырдың ініне ат жығылып,
Ақ жартасқа бұл басым жаман тиді.

Қас қарайып барады, көз байланып,
Қууға, «тоқсан», тұрсың ыңғайланып.
Сендер барып, олжа қып әкеле ғой,
Қуа алмаймын, басым тұр шыр айналып.

Қырды, жойды ер Айбас бөріктіріп,
Үш қыз да қуанады көріп тұрып.
Нені қусын Айбастан үміт етіп,
Басы Қодар ұйлығып қалды тұрып.

Іс қылды батыр Айбас бойлай-бойлай,
Қырды, жойды, қиратты, ерікке қоймай.
«Бізге де болысар жан бар екен», — деп,
Күймеде Баян отыр ойлай-ойлай.

Қуанып сұлу Баян жүре берді,
Қайратын ер Айбастың халқы көрді.
«Тідесіп мен үш қызға кетемін», — деп,
Жүгіртіп Көктайымен қайта келді.

— Қорықпа, түк қылмайды мұндай жандар,
Сөзімді менің айтқан сіздер аңғар.
Әл-қуаты інімнің тым-ақ артық,
Сенсеңдер, менікіндей үш есе бар.

Жөнелді батыр Айбас бедеуменен,
Көңіліне Алла салған демеуменен.
«Мұның да керек күні бола ма», — деп,
Балға алды, қамшы-қамшы егеуменен.

Көктаймен батыр Айбас төмен шапты,
Мәнісін тамам жолдың оймен тапты.
Қыздың берген белбеуі түсіп қалып,
«Қызыл белбеу», «Құба жон» қоя сапты.

Сол Айбас тоқтамады, тағы шапты,
Тамам жолдың мәнісін оймен тапты.
Бір суытқан айғыры шығып кетіп,
«Шұбар айғыр жорға» деп қоя сапты.

Сол Айбас тоқтамады, тағы шапты,
Мәнісін тамам жолдың оймен тапты.
Қыздың берген мейізі түсіп қалып,
«Мейізек» деп тау атын қоя сапты.

Сол Айбас тоқтамады, тағы шапты,
Мәнісін тамам жолдың оймен тапты.
Жанындағы жаулығы түсіп қалып,
«Абыралы, Жалаулы» қоя сапты.

Сол Айбас тоқтамады, тағы шапты,
Тамам жолдың мәнісін оймен тапты.
Қыздың берген қарқарасы түсіп қалып,
«Қарқаралы» тау атын қоя сапты.

Сол Айбас тоқтамады, тағы шапты,
Тамам жолдың мәнісін оймен тапты.
Жанындағы шідері түсіп қалып,
«Шідерті» деген өзен содан қапты.

Сол Айбас тоқтамастан тағы шапты,
Мәнісін тамам жолдың оймен тапты.
Аз жүрсе, көп жүрсе де есен-аман,
Бір күні ел шетіне келіп қапты.
Ел шетіне жақындап барған екен,
Бір қой жайған жақындап көрді шалды.

– Сейілде, қой жайған жан, сізді көрдік,
Жасың үлкен екенсің, сәлем бердік.
Бұл қойың кімнің қойы, ақсақал-ау?
Жолаушы көптен бері жаңа келдік.

– Бар екен әр нәрседен мұның ойы,
Тартқан сымдай көрінер қырдың бойы.
Жарқыным, сен сұрасаң, мен айтайын,
Сарыбай ерте кеткен ханның қойы.

– Ақсақал, жан екенсіз сөзің майда,
Мен дағы жат кісі емес, мұны да ойла.
Сарыбай ханның қойы осы болса,
Жалғызы – Қозы Көрпеш бала қайда?

– Шырағым, серілік бар сіздің бойда,
Білдім бе, білмедім бе, өзің де ойла.
Қозыкең айдай болып жүрген шығар,
Осы жерде, қыз ұзатқан жақын тойда.

– Келгенім менің барып бірталай жер,
Бай-еке, бір пайдаңды тигізе гөр.
Айтарлық шерім де көп, мұңым да көп,
Жалғызды, тіліңді алса, шақырып бер!

Мінезі шалдың дағы текті дейді,
Сөзіне әбден көзі жетті дейді.
«Шақырып, тілімді алса, келемін», — деп,
Аяңдап топқа таман кепті дейді.

– Жалғыз ұл жастай қалған көздей келдім,
Жолдас болған атаңның кісісі едім!
Бір жігіт ат арытқан қылды керек,
Жүрсең, ертіп алғалы келіп едім.

– Неғылып танымадың, байым зерек,
Ол неғылған кісі екен жаннан бөлек?
Жауыр атты мен жаба тоқып жүрсем,
Мен сықылды көрпідес¹ неге керек?

– Атаңды жасыңда алған Жаппар Құдай,
Атадан жастай қалған сен сұмырай.
Жауыр атты сен жүрсең жаба тоқып,
Көктайын жауыр қылған саған орай!

Тіліне шалдың сонда ерді дейді,
Тілеген бір тілегін берді дейді.
«Не де болса, сөйлесіп келейін», — деп,
Шалмен еріп қойына келді дейді.

– Ағеке-ау, қой қасында сізді көрдік,
Жасыңыз үлкен екен, сәлем бердік.
Шақырдың жас баланы неменеге,
Қандай іске жұмсайсыз, міне, келдік?!

– Өсіпсің, кішкене едің, Қозым, дардай,
Қайратың басым еді, шығара алмай.
Қайының айлық жерде жақын жатыр,
Сұм жалғыз, неғып жүрсің бір бара алмай?

– Ағеке-ау, шақыртқан соң келіп ем тез,
Нанбаған айтқан сөзге жаманнан без.
Құлағым керең болсын, естігем жоқ,
Қайта айтшы, «қайын» деген немене сөз?

¹ Көрпідес /көне түркі/ — жас, балғын.

– «Байлығын Балталының көрмеймін, – деп, –
Тіліне Ер Тайлақтың ермеймін», – деп,
Қор атаң ақылы жоқ өрге қашты,
«Қызымды жетім ұлға бермеймін!» – деп.

– Көктайың астыңдағы желмеді ме,
Барсаң, көзің, ағаке-ау, көрмеді ме?
Әбден барып мәнісін біліп келсең,
Бір тоғыз сәлемдеме бермеді ме?

– Шырағым, барып едім сертке жетіп,
Көктайды қарыштатып мен еңіретіп.
Тоғыз берген, кінә жоқ келінімнен,
Бір құлдың, түсіп қалды, ызасы өтіп.

– Сөзіңе қыздар сіздің ермеді ме,
Асылдан сәлемдеме бермеді ме?
Бергені бір тоғыздай рас болса,
Шіркіннің бір белгісі келмеді ме?

– Қарабай – қайын атаң пейілі тар,
«Қодар», «тоқсан» дейтұғын бір анты бар.
Сен, бала, азырқанбай алсаң мұны,
Үш түрлі мұнда келген белгісі бар.

Мақтады бастан-аяқ Айбас оны:
– Бір іздемей жатырсың қайтіп оны?
Азырқанбай, сен, бала, алсаң керек,
Жүзік, бешпет, келді ғой алтын тоны.

Белгісін алып келді, Қозы көрді,
Көрген соң Қозыкемнің көңілі сенді.
– Маған Тайлақ батасын берсін енді,
Алтын тонды Тайлаққа жібер енді.

Аққу құстай жарқылдап оның мойны,
Бұл дүниенің қызығы қылған ойны.
Бұралған талшыбықтай сұлу Баян,
Іздеусіз Баян қайтіп жатыр қойны?

– Өне бойдан сіркедей мін таппадым,
Көрмеген жаным екен, көңілім тойды.
Бармасаң осыны іздеп, арман кетпес,
Енді ізде, не қыласың бөтен ойды?

Мен көрдім, тоқсан сері бірдей келіп,
Бәрі де Баян үшін басын жойды.

«Тарс берген соң тайсалма!» деген сөз бар,
Бар көргенін Ер Айбас айтып берді.

Қозыкең үйге келді беті терлеп,
Анасын шақырады: «Мұнда кел», — деп.
«Ант бер, — деп анасының қолын алды, —
Менің жарым кім еді, айтып бер!» — деп.

— Түйеге сымбал тартқан теңдей болсын,
Суға аққан мұз бұзылып, сеңдей болсын.
Атын атап, мәнісін айтқан қазақ
Екі беті жаралы мендей болсын!

— Ат мініп, сары табан желмей ме екен,
Ер жігіт жол бейнетін көрмей ме екен?
Неге жора бастайсың жалғзыңа,
Баласы үй ұзатып келмей ме екен?

— Барайын деп келіпсің сөзге «е» деп,
Боз қасқаны мен айттым жолыңа деп.
Келмейсің деп айтамын соның үшін,
«Батыр Қодар шығыпты соруңа» деп.

— Ажалым қайда жетсе, сонда өлермін,
Болмаса бір қызық жол мен көрермін.
Құдай кесел қылмаса қайратыма,
Неғылып бір Қодарға бой берермін!

— Білемін, артық емес Қодар күші,
Ол сол елді қорқытып алған кісі.
Қанша күшті болсаң да сен жалғызсың,
Қорқынышсыз болады елдің іші.

— Қодарға болысады сол жатқан ел,
Қыламын бір Аллаға мен тәуекел.
Ажалдан қашып пенде құтыла ма,
Тағдырға не болса да байладым бел!

— Байқасам, қажымайтын сен бір шоқсың,
Көзіме туып менің, күйік бопсың.
Мен түсімнен шошып ем, жалғызым-ау,
Әйтеуір тірі күнде маған жоқсың!

Қайтейін, мінезіңді жастық жеңген,
Неғылса да бір хабар саған келген.
Құйрығың жоқ, жалың жоқ, жалғыз қылып,
Қайғыңды тартқызбаққа маған берген.

Қарағым, бұл сапардан қалсаң нетер?
Көзіңді мен сорлыға салсаң нетер?
Бұл жалғанда көре алмай, жалғыз балам,
Қайғы ойлап бір сен үшін күнім өтер.

Артыңда ессіз қалды мың сан малың,
Отыз қатын алсаң да саған жетер.
Құратып мен сорлыны тастап кетпей,
Елден тандап бір сұлу алсаң нетер?!

«Қорқытып оны Қодар алды», – деген,
Айбастың айтқанының – бәрі бекер.
Жамандықты көрмеген, ей, құлыным!
Жол табылмай жапанда тентіретер.
Артыңда сен кеткен соң мен де өлермін,
Не қайғы бар көретін мұнан бетер?..

– Алдымда неше қатар тұрса да оқ,
Тартынып бұл сапардан қалуым жоқ.
Сұлуын дүниенің жисаң дағы,
Бір жарымдай болмайды көңіліме тоқ.

– Ей, жалғызым, кеттің бе,
Тірі тастап жалғанда?
Қызығыңды көре алмай,
Мен сорлы қалдым арманда.
Мен не көрем, ала кет!
Дұшпаның көп аңдыған,
Жалғызым, сен барғанда,
Құдай қосса жарыңды,
Еліңді ойла, алғанда!
Жалғызым, сені көріп ем,
Өліп барып талғанда!..

Жылармын бір сені ойлап ертеңді-кеш,
Шешеңнің жылағаны бір бұл емес.
Анықтап Айбас саған айтқан екен,
Қызы еді Қарабайдың Баян еркеш.
Сансыз жылқың, сан қойың қалды артыңда,
Кімге тастап кетесің, Қозы Көрпеш?

– Ақылым бұл уақытта зерек емес,
Көп тұрмас, ертеңгі күн болады кеш.
Сансыз жылқы, сан қойым қалса артымда,
Бір күнде қырылса да керек емес.

– Байқасам, тоқтамассың, сөзің бұзық,
Кеткеніңде қала ма анаң зар қып?

Сүйеніп, қуат қылған жалғыз сен ең,
Кімдерге тапсырасың әдейі арнап?

Қозының атқа мініп, жүрер шағы,
Не десең де қиын-ды тоқтамағы.
— Тоқтасын деп айтасың соның бәрін,
Бір Құдайға тапсырдым сізді дағы!

— Шырағым, қартайғанда сені көрдім,
Тоқтар деп, уайым ғып айтып едім.
Қапы қалма, шырағым, дұшпаның көп,
Жолың болсын, бар енді, рұқсат бердім!

— Япырмау, осы жұрттың пейілі тар,
Бәрінің таратуға ниеті бар.
Мен жүрмей бұл сапардан тоқтамаймын,
Ер Айбас, мінуіме қандай ат бар?

— Жылқыны араладым ерте-кешті,
Бірін жүйрік, біреуін берік десті.
Шыққыр көзім шықпаса, мен таныдым,
Дейтұғын бір атың бар «Күрең бесті».

Жылқыдан бір күреңді алып келді,
Ерттеп, дайын сапарға қылады енді.
«Арыздасып, қоштасып қаламыз», — деп,
Басы Тайлақ ел-жұрты бәрі тұрды.

— Айтар сөзім бар, Тайлақ биім, саған,
Қайғымды ескеріпсіз жетім қалған.
Сапарымды тоқтатам дей көрмеңіз,
Құлдық, ата, көңілің қалар маған.

— Шырағым, қайратыңа көңілім еріп,
Мен келдім қалайын деп сені көріп.
Тоқтатар сапарымды деп ойлама,
Амандасып қаламын бата беріп!

— Ендеше, батыр Тайлақ, аз тоқтай қал,
Артымда қалды менің есепсіз мал.
Тапсырдым бар малымды, Тайлақ, сізге,
Соны бүгін түгендеп, қолыңызға ал.

Жалғыздан тірі айырылған шешем қалды,
Тапсырдым, көзіңіздің оң қырын сал.
Қайтейін, ызаменен мен барамын:
«Тоқташы, жалғызым, — деп болады зар. —

Күш-қуатым сен едің қартайғанда,
Сен кеткенде болмай ма заманым тар?»

Көзінен елі-жұрты төкті жасты,
Баянды-ай іздеймін деп қолаң шашты.
Қозының жүрмегіне көз жеткен соң,
Көрісіп елі-жұрты амандасты.

Қиыспай елі-жұрты зар жылайды,
Анасы тақат¹ қылып жүре алмайды.
Шешесі Тайлақ бимен жүгіріп кеп,
Қолынан Ер Қозының ұстай алды.

Оңды-солды бетінен сүйді дағы,
Артынан бата беріп, тұрып қалды.
Қанша айтса да құлағына енер емес,
Қажымас қара болат майталман-ды.

Ер Қозы жүріп кетті қатты дінді,
Шуылдап елі-жұрты салды үнді.
Қоштасып ел-жұртымен жылағанда,
Құданың құдіретімен жер сілкінді.

Шешесі айтты: «Қуарып жалғыз қалдым,
Жүремін қуат қылып енді кімді?»
Ер Қозы амандасып, жүріп кетті,
Еш уайым ойламады қайғы тіпті.
«Осыған жолдас болып барайын», – деп,
Жүгіртіп Көктайымен Айбас келді.

– Ер Айбас, мен ініңмін, сенсің ағам,
Артылды талай жаннан сенің бағаң.
Қалды шешем, артымда қалың малым,
Тапсырдым бар малымды, батыр, саған!

– Бұл елге батыр Тайлақ би емес пе,
Бәрі де мал-басыңа ие емес пе?
Көріп келген жерімді тура бастап,
Сені ертіп апарғаным жол емес пе?

– Айбас-ау, мені ойыңда кем дейсің бе,
Сен менің қайратыма сенбейсің бе?
Жалғызы Сарыбайдың Қозы Көрпеш,
Жетелетіп тапқаным жөн дейсің бе?

¹ Тақат – тағат.

– Әкеңді жасыңда алды Жаппар Құдай,
Ұқтырды қайын атаң ауылы бұлай.
Үш жүзікті енді алып Айбас берді:
«Сәлемдеме үш қызға дұғай-дұғай».

– Ойлашы, мен кімдерден қалысармын?
Есен болсам, бір барып табысармын.
Еңдей малым қалды деп қызыққанмен,
Қасық қаным қалғанша салысармын.

– Ойлама сені кімнен кем көрермін,
Мал-басыңды өз ініммен тең көрермін.
Бұл жалғанда жолықпай өліп кетсең,
Құрттай санап соңыра мен берермін!

Сол жерде Айбас қалды, Қозы кетті,
Көз ұшына бұлдырап барып жетті.
Қалуға Қозыкеңді көзі қимай,
Жүгіртіп Көктайымен тағы кепті.

– Жалғызым, жөнелдің бе «Бір Құдай» деп,
Атыңның басын бұрма ел бұлай деп.
Қалды шешең, артыңда қалың жұртың,
Қандай жауап айтасың немене деп?

– «Жалғызың көрмегенін көрді» деп айт,
«Құдайым сұрағанын берді» деп айт.
Басымды көп қаңғыртпай, халқыңа қайт,
«Отқа түсіп балаңыз өлді» деп айт!

– Жалғыздың әр қиыны шешіле көр,
Періште отқа салмай, өшіре көр.
Айтады қаталықпен, астапыралла,
Құдая, балалығын кешіре көр!

Ер Қозы жүріп кетті дамыл алмай,
Асады күннен-күнге күйеу талмай.
«Әйтеуір елдің жөні осылай» деп,
Қисапсыз көп қаңғырды ел таба алмай.

Бірталай жүре-жүре заман кешті,
Атқан аңның етін жеп, суын ішті.
Күнде мінген Күреңкей арықтайды,
Басына ғаріпшілік сонда түсті.

Күреңкей кейде жортқан, кейде желген,
Бір қамысты қопаға азар келген.

Ер-тоқымын, жүгенін сыпырып ап,
Сол жерге тәуекел ғып қоя берген.

Қозыға жас та болса тілек берген,
Қасында жолдасы жоқ бұған ерген.
«Қозыкең түзде жүдеп жатыр ғой» деп,
Үйінде шешесінің түсіне енген.

Шешесі ерте тұра айғай сапты,
Басы Тайлақ ел-жұртын жиып апты:
«Қозыкең түзде жүдеп жүрген екен», —
Бақсы, балгер, ойшыға: «Ойла», — депті.

Тайлақтай адам болмас асыл текті,
Неғылса да қылғаны сондай епті.
«Мал айтыңдар жолына Қозыкеңнің!» —
Халқына батыр Тайлақ жарлық етті.

Ер Тайлақ ойланады осы ниетті,
Көндірді бұл сөзіне осы көпті.
«Мен де айттым», «Мен де айттым», — деп есеп қылса,
Қойы мыңға, жылқысы жүзге жетті.
Айтқан малдың бәрін де сойып алып,
Жоқ-жітік, аш-арыққа үлестірді.

Жетім-жесір, аш-арық, молла-қожа —
Бәрінің бір Аллаға діні таза.
«Құдая, Ер Қозының жолын қыл!» — деп,
Баршасы көп зарланып, қылған аза.

Құдайым құр тастамас, сірә, көпті,
Дұға қылып, тасаттық, тарап кетті.
Құданың құдіретіне қарасаңыз,
Жатқан жеріне бір үлкен керуен кепті.

Керуен қонғаннан соң Қозы барды,
Ішінде бір адам бар ақ сақалды.
Қозының аты менен түрін көріп,
Өзгелерден шығарып қасына алды.

— Өзім қожа, молламын және өзім бай,
Сауда қылып келемін барып Қытай.
Атың арық, түрің жат, жапан дүзде
Жалғыз жүрсің неғылып, шырағым-ай?

Қожаға Қозы айтады енді бәрін,
Қожа білді Баянға ынтызарын.

Бастан-аяқ Қожаға бәрін айтты,
Жарасымды Қозыкең баршаларын!

Қозыны патшадан артық күтгі,
Түс құбылтып жүретін дұға үйретті:
«Жанның бәрі дос емес меңдей саған,
Бұл түсіңмен көрінбе, балам», — депті.

Қожадан жасырмайды әсте сырды,
Бірігіп он бес күндей дәурен сүрді.
Екеуі жапан дүзде уағдаласып,
Қозыны қияметтік іні қылды.

Көреді батыр Қозы талай жерді,
Жақындап адасса да келіп еді.
«Құбылып, елді аралап үйренгенше», —
Деді де, бар сиқырын жазып берді.

Айырылды он бес күндік азық беріп,
Бар сиқырын білгенін жазып беріп:
«Ел-жұртыңа айтамын хабарыңды,
Уағда қылып, «табам» деп өзі келіп.

Екеуі екі айырылып жүре берді,
Уағда қылды Аягөз деген жерді.
Арада бір-ақ қонып, ертеңгі күн
Отырған Аягөзде елді көрді.

«Ауылға алыс болса, жуықтайын,
Күреңді біржолата суытайын.
Барыңды қарыштап қал бүгінгі күн,
Баянды өксік болған жұбатайын!»

Бір жерге Қозы аттан түседі енді,
Бір киім тазшаның реңін берді.
Аягөзде «құдайлап» келе жатса,
Өзенде қой жайған таз кездей келді.

Бір тазды бір таз келіп көзі көрді,
Жолаушы таз қойшыға: «Сөйле, — деді. —
Бұл қойың кімнің қойы, қой жайған таз,
Айта гөр елдің жайын бізге», — дейді.

Бар екен әр нәрседен бұның ойы,
Кесел екен бұл таздың өне бойы.
— Менің қойым деймісің осынша қой,
Қарабай деген дінсіз иттің қойы.

– Шадыр¹ тазым, емессің сөзге майда,
Таз желөкпе келеді осындайда.
Қарабай анттың қойы осы болса,
Тура сілте, антыңның ауылы қайда?!

– Япырау, сен менімен таныс емес,
Неткен жансың өн бойы толған кеңес.
Кешке шейін үш барып, үш қайтасың,
Ауылы Қарабайдың алыс емес.

– Сенімен сөйлесейін аңдай-аңдай,
Қандай жан екенімді байқай алмай.
Екі таз аулақ жерде сырласайық,
Бойжеткен Қарабайдың қызы қандай?

– Тәубеңнен, антұрған таз, жаңыласың,
Қой жүні бөстегінді жамыласың.
Солардың құшырына жолығарсың,
Сен қызын Қарабайдың не қыласың?

– Мұндар таз сөз айтқанын өнер көрген,
Жәреукелі² келеді жалшы деген.
О да біздей жаралған адам шығар,
Соларға әулиелік қайдан келген?

– Көрмедім бұл жалғанда сендей тантық,
Соларға тең бола ма сендей шартық?
Сән-тұрманы, мүкәммал³, киім анау,
Соның үшін сені мен менен артық!

– Сұлу деп шығушы еді аруағы,
Артық болса, артық та оның бағы.
Біз де адам ғой, айтсаңшы, нең кетеді,
Қандай-қандай қызы бар сүйтсе дағы?!

– Сөзіме менің айтқан нанбай қара,
Ай, Таңсық – екі қызы дардай ғана.
Қыпша бел, алма мойын сұлу Баян,
Сипаты сұлу Баян сондай ғана!

Көзбен көрмей, ауызбен айтып болмас,
Өзі теңдес адам жоқ оған жолдас.
Дидарын көрген адам көзі ұялар,

¹ Шадыр – тыз етпе, ашуланшақ.

² Жәреукелі – жағынғыш, қызмет етуге даяр адам.

³ Мүкәммал /араб/ – дүние, байлық.

Жігітті ғашық қылмай, ерікке қоймас.
Мақтауға аузым олақ, айта алмаймын,
Хор қызы кітаптағы ондай болмас.

Көргем жоқ оған орай бір жігітті,
Қолы жетпей жамандап адам оңбас!
Тоқсан бір Қодарменен сұрбойдақ бар,
Маңына алмақ түгіл, бір бара алмас.

— Жапанда, тазша ағеке-ау, жүресің бе?
Құрбыңмен сен де ойнап күлесің бе?
Байдың қызы малшымен сырлас болар,
Солардың тамыры кім, білесің бе?

— Апырау, мұның өзі неғылған жан?!
Сөзіме сөйлемеген еш қоймаған.
Сан қоймен ерте кетіп, кеш келемін,
Сен ант ал білмесіме, Құдайға нан!

— Тазша құл, қартайыпсың, сені аяймын,
Сен кетсең, орыныңа мен тұрайын.
Азат бол, көрінбестен үйіңе қайт,
Сан қойды сенің үшін мен жайайын.

— Жақты ғой құлағыма мұның маған,
Жанға соқпай жөнелсін мен кәрі ағаң.
Сан қойды менің үшін жайсаң, балам,
Қолыңа қалағаның тисін, балам!

Екі таз жапан түзде кез келеді,
Басы шалыс, аяғы жөн келеді.
Қарабай жаудың қойын аясын ба,
Тұрғын тазға жүз елу қой береді.
«Тәшкен барсаң, еліңді табарсың», — деп,
Тазшаны түн қатырып жөнелтеді.

— Шырағым, сен екенсің ердің ері,
Сендей ерді көргем жоқ көптен бері.
Көп қайта Қарабайды сен сұрайсың,
Шыныңды айт, сен Қозының қандай жері?

— Тазша құл, қой жаясың ерте-кешке,
Ғаріптік шаршағанда түседі еске.
Алашқа мені айтсаң, өлтіремін,
Қозы Көрпеш дегенің мен емес пе?

— Бетім-ау, мына біреу кісіге бақ,
Мақтаған шығушы еді сені аруақ.

Қандай жан деп таң қалып жүруші едім,
Талтайған таз екенсің өзімдей-ақ!

— Жетпейін мен нәлеттеп тегіңе енді,
Жай кетсең жараушы еді жөніңе енді.
Таз кепті басындағы жұлып алып:
«Мұндар таз, мұнда айналып қара, — депті. —
Мынау қолдан жасаған кебім еді».

Рас Қозы Көрпеш екенін сонда білді.
Алаштың айтқан сөзі тура келді,
«Қайда барсаң, сонда бар, жолың болсын,
Қосағыңмен қоса ағар, балам!» — деді.

Екі таз екі айырылып жүре берді,
Ақылы Қозыкеңнің кемел еді.
Ауыл жата қойды айдап Қозы Көрпеш,
Аулына Қарабайдың ап келді енді.

— Ойласам, мынау ақырзаман ба еді?
Астыңда күрең шардақ шабан ба еді?
Мұнша кешке қойымды неге ап қалдың,
Ит-құстан, одан-бұдан аман ба еді?

Қарабай әлі ешнәрсе ойға алған жоқ,
Қозыкең Баянды ойлап, көңілі тоқ.
— Сен қорқатын ештеңе көрінбейді,
Қойыңды оза шауып, жау алған жоқ!

— Білімсіздің айтқанын көп елеме,
Адамзат ақыл жетпей өлер деме!
Ойбай, қатын, бір нәрсе тамақ сайла,
Қарыны ашып келген бе тазша неме!

— Қарабай, ат мінесің бек тағалап,
Ақ қасқыр ауылыңды жүр жағалап.
Қара іңген от басында шөгіп жатыр,
Жүгірген бозша тайлақ жар жағалап.

Бай айтады: «Үш қызым, мені көрші,
Үшеуің шапшаңырақ бері келші.
Тазшаның тұспалдаған сөзі өтті,
Соның маған мәнісін айтып берші».

— Бұл тазша үйде айтты ғой дүзде айтқанын,
Білмейсіз бе, ақ қасқыр — сізді айтқаны.
Қара іңген — от басында әжем пақыр,
Бозша тайлақ дегені — бізді айтқаны.

– Апалар, жасың үлкен, ойың теңіз,
Сіздерге салайыншы мен бір кеңес.
Түрі жат, төркіні жат, әр нәрсесі,
Мынау сіздің күндегі тазшаң емес.

Қозыкең бір білінді өнер бастап,
Не қылғанын тұрады қыз байқастап.
Иіліп ақ боз үйге кіріп келді,
Сол жағының тізесін сипап тастап.

Қозының не қылғанын қыздар білді,
Ішінен бір сұмдықты біліп алды.
«Әлі де болса алды-артын байқайық», — деп,
Сығалап босағадан тұра қалды.

– Асылым, алыс жерден іздеп келген,
Құбылып, бой жасырып біздің елден.
Шешем жатыр бір табақ өкпе сайлап,
Кім екенін білеміз осы жерден.

Бәйбіше сонда ішінен налып келді,
Табағына өкпесін салып берді.
Құлаш-құлаш өкпеге істік түйреп,
Қайқайтып қарағай табақ алып келді.

– Қарабай, менмін жарлы, сенсің малды,
Бір өкпеден басқа асың қалай қалды?
Қашанғы зорлығыңа көнейін, — деп,
Қақ басқа табақпенен салып қалды.

Ағаш табақ басына қатты тиіп,
Қабағын Қарабайдың жаман жарды.
Қой шетіне Күреңді мықты арқандап,
Күңкілдеп тазша болып жатып алды.

– Біреу жарлы, біреу бай, күндемелік,
Қылған ісін жаманның мін демелік.
Жарса, жарсын қабақты, ойбай қатын,
Малды бақпай кетеді, үндемелік.

Баянды сұлу дейді көрген халық,
Қозының Баянды ойлап жүзі сарық.
Қой шетінде Қозыкең ұйықтап жатса,
Соның нұры мың қойды қылар жарық.

Баян кеп апасына сөз айтады,
Ұялып, ибадатпен аз айтады.

Бата алмай оятуға Қозыкеңді,
Түнде үш келіп, үйіне үш қайтады.

Ер Қозы аман-есен қызға жетті,
Қыз Баян қосыла алмай болды дертті.
Сол үш қыз сөйлесем деп жетіп келсе,
Таң сарғайып, артынан атып кетті.

Үлкен толғау түседі қыз ішіне,
Қой жайылып кетеді өз ісіне.
Бір сұм қызды жіберді қоймен бірге,
Тоқты кебін кигізіп терісіне.

Ер Қозы Күреңкейін мінеді ерлеп,
Елінен өзі жалғыз жүрген серлеп.
Бір қызды кеп кигізіп, қыздар қосты,
«Осының кім екенін біліп кел!» – деп.

Қой келді, Қозы келді, тоқты келді,
Жапанға елден аулақ шыға келді.
Ел жоқ, күн жоқ жапанға келгеннен соң,
Қозыкең мұңшылықпен жылайды енді.

«Мұндайлыққа салды ием
Мен сықылды жалғызды.
Бір қыз үшін дертті боп,
Иттің де қойын жайғызды.
Мен елімде көруші ем
Не сықылды әр қызды.
Бәрінен де көңілімді
Жалғыз Баян қалғызды.
Жолын білмей бұл шөлде,
Жер түбіне барғызды.
Ақылдасар кісім жоқ,
Тау мен тасты шалғызды.
Керуен кез боп жапанда,
Онан сиқыр алғызды.
Тазша кебін кигізіп,
Кішілікті қылғызды.
Оянушы ем талтүсте,
Қайғымен ерте тұрғызды.
Дүниеде ғашық қатты екен,
Көңілді бұған бұрғызды.

Бере ме, Тәңірім, бермей ме
Ынтықты болған бір қызды?
Қосылғанша мен соған,

Ішіме қайғы толғызды.
Атадан туған мен бір шоқ,
Садаққа салар сайман жоқ,
Балталыдай жерім жоқ,
Бақалыдай көлім жоқ,
Ақкөздей белім жоқ,
Ер Тайлақтай биім жоқ,
Тай шаптырым желім жоқ,
Баян үшін қой жайдым,
Өте де шыққан дүние боқ.

Алдымда менің балам жоқ,
Жат жерде менің бағам жоқ,
Артымда менің інім жоқ,
Сүйегімде мінім жоқ,
Ала алмасам осы жол,
Тіріде жүрер күнім жоқ,
Алдымда менің жалым жоқ,
Айдап та берер малым жоқ,
Алып та сені тынбасам,
Елге жетер халім жоқ,
Артымда менің құйрық жоқ,
Көңілден, сірә, жүйрік жоқ,
Іздеп те келген қыз Баян,
Қосар да Тәңірім бұйрық жоқ,
Талаппенен келіп ем,
Танымады қыз Баян.
Кемдікпенен келіп ем,
Келеке етті қыз Баян.

Шыбын жаным тұрғанда,
Бұл тілеуден қайтпаспын.
Сенен басқа хор қызы
Болса да көңіл салмаспын.
Шашы күміс, басы алтын
Болса дағы алмаспын.
Танымасаң, қыз Баян,
Танытқалы бармаспын.
Қамықпайын, тоқтайын,
Бұл қайғыға қанбаспын.
Сені алмасам осы жол,
Тірі де жүріп оңбаспын.
Құдай кесел қылмаса,
«Тоқсан бір» құлға болмаспын.
Тынығайын біраз күн,
Бірін де бүйтіп қоймаспын.
Құдай сені шын қосса,



Қозы Көрпеш.
Суретші К.Я. Баранов

Қызығыңа тоймаспын,
 Темірде күйме кілт жоқ,
 Қыз Баяннан үміт жоқ,
 Осында жүріп мен өлсем,
 Сүйегімді іздер жігіт жоқ...»

Ер Қозы жырлайды екен жалғыз жүріп,
 Жүргенін кемшілікпен қайғы көріп.
 Манағы тоқты қашты енді ауылға,
 Мәнісін осы сөздің естіп-біліп.

Тоқтының Қозы білді жайын тіпті,
 Айласы бар батыр ғой өзі мықты.
 «Аңдып жүрген дұшпанға жолығар», — деп,
 Аузы-мұрнын қан қылып, қойға тықты.

Қой келді, Қозы келді, тоқты келді,
 Үш қыз да қой алдынан келіп еді.
 «Мәнісін еш нәрсенің білдің бе?» — деп,
 Оңаша қап тоқты-қыздан сұрайды енді.

— Апалар, азар келдім есен-аман,
 Басыма түсті менің ақыр заман.
 Білімсіздік қылмаңдар, әдеппен бар,
 Мінезі Қозыкемнің тым-ақ жаман.

Апалар, әрбір түрлі сөз айтады,
 Қайғы тартып, уайым жеп айтады.
 Ендігісін біле бер өздеріңіз,
 «Құйрығым жоқ, жалым жоқ», — деп айтады.

— Ендеше, тілегімді бір Құдай берген дағы,
 Күл болып дұшпан оты сөнген дағы.
 «Құйрығым жоқ, жалым жоқ» деп сөйлесе,
 Құбылып, тазша болып келген дағы.

Күні бітгі уәделі келер деген,
 Көп сарғайған жарым ғой қайғы жеген.
 Мен кешеден танып ем тек емесін,
 Жүрегім көрген жерден лүпілдеген!

Жүгіріп қой алдынан қыздар келген,
 Келе жатқан қыздарды Қозы көрген.
 Соңынан қыздар еріп бір қалмайды,
 — Азырақ сөйлессеңіз қайтер екен?

— Аягөз қарамаймын терегіне,
 Қыз Баян үкі таққан желегіне.

Қодар мен «тоқсан алып» тұрған шақта,
Көбеген таз сендерге керегі не?

— Қодар ма еді Баянның ғашық жары?
Жолдас болған кісінің болмас ары.
Алыстан тоят аңсап ұшып келген,
Кәнеки, жібек баулы ақсұңқары?

— Не қылсам табылады бойымда еп,
Сиқырменен жүремін, басымда кеп.
Таз кепті басындағы жұлып алды,
«Ендеше, мен ақсұңқар болайын», — деп.

Таз кепті жұлып алып, бетін ашты,
Баян қыз қуанғаннан жаман састы.
Екеуі бірін-бірі таныған соң,
Қуанып, тұра сала құшақтасты.

Құшақтап қанша тұрды, кім біледі,
Екі қыз бір жыласып, бір күледі.
Ай мен күндей екеуін толықсытып,
Бұраңдатып шеткі үйге ап жүреді.

Киімі Баян қыздың бәрі жібек,
Алтын сырға, білезік жаннан бөлек.
Үлде-бүлде, мамықтан төсектері,
Екі апаның көңілі тіпті зерек.

Төсекте бүгін олар жатқан да жоқ,
Бірін-бірі көрген соң болады тоқ.
Жиылды серілердің бәрі ойынға,
Ішінде Қозы, Баян жайнаған шоқ.

Баян айтты: «Қозыкем, келдің, — депті, —
Аман-есен, қарағым, көрдім», — депті.
Аман-есен екеуі көріскен соң,
Қайғының ішіндегі бәрі кетті.

Киімі Баян қыздың тиін болды,
Сол жерде бір келете жиын болды.
Сол қалжыңмен өткізіп, таң атқан соң
Қайта кебін кимегі қиын болды.

— Киіңіз кебіңізді, арланбаңыз,
Осылардан басқаға сыр бермеңіз.
Кішіліктен ешнәрсе кемілмейді,
Аңдып жүрген дұшпан бар, еш сенбеңіз.

Некелеп, «адал жарым» деп жүріпті, —
«Аңдып жүрген дұшпан», — деп сақ жүріпті.
Күндіз тазша, ол түнде Қозы болып,
Тым болмаса бір жылдан көп жүріпті.

Іздеп жүріп Қозыкең тапты қайын,
Нені іздесе, тамаша бәрі дайын.
Баян мен Қозы Көрпеш көңілі тынды,
Қодекеңнің айтайын енді жайын.

Қодекең жылқы жайып жүрер еді,
Ұялмай бұған қайтіп қыз ереді.
«Жылқыдан көш ат бөліп айдап кел», — деп,
Қодекең ерте тұрып жібереді.

Жылқыда Қодар жүрген қосты бойлап,
Жүреді «тоқсанымен» күліп-ойнап.
«Көшет, — деп, — ертең ауыл» хабар барса,
Көш атқа алпыс саяқ келген айдап.

Қодекең Бақа айғырмен зар желеді,
Мінезін Қодекеңнің жұрт көреді.
Арсаңдап жылқыны айдап жетіп келсе,
Тысқарыда Қозы Көрпеш кез келеді.

— Бері кел, тазша, бойың қысқа, — дейді, —
Адам жоқ сенен басқа тыста, — дейді. —
Бұлғақтап қара жорға ұстатпайды,
Жеңгеңнің атын келіп ұста, — дейді.

— Мен тазша, сен Қодарсың, ой ойлаймын,
Қыңырайыссаң қыңырайыс, бір болмаймын.
Атын ұстап, шұнақ құл, өзің жалын,
Ілгері Күреңменен қой айдаймын.

— Қап-қап, тазша, қап, тазша, мен нетермін,
Бақа айғырға қамшысын еңіретермін.
Қиын жерде қысталаң сөзің өтті,
Көш-жөнекей теперіш¹ көрсетермін.

Көш келді, қыздар келді, Қодар келді,
Бұлықсып Бақа айғырмен желеді енді.
Үш қызға мақтаныш қып келеңсіз құл
Тазшаның жауырынынан ұстайды енді.

¹ Теперіш — көресі.

Қозыкең сол арада ой ойлайды,
Тартыспайын десе де, құл қоймайды.
Сүйретіп Бақа айғырдан жұлып алып,
Көтеріп Күреңкейге жүре алмайды.

— Тілесен, тілегіңді Тәңірім берер,
Құданың қылғанына пенде көнер.
Тіршілікте, тазшаеке-ау, ұмытпайын,
Қоя берші, көштегі жеңгең көрер!

— Жапанда мықты болсаң, өнер баста,
Құдай қолға берген соң мықтап таста.
Мұнан басқа дәл сенің дұшпаның жоқ,
Шамаң келсе аяма, тым-ақ саспа!

Қозыкең әр өнерді бастайды енді,
Көңіліне жамандықты қоспайды енді.
«Нетейін қанын жүктеп осы иттің», — деп,
Анадай жер лақтырып тастайды енді.

Басылып Қодар көңілі, болды баяу,
Бір сұмдық көңіліне кірді қаяу.
Қарабай ерте көшіп, кеш қонады,
Келеді ұзақ күнге Қодар жаяу.

Әр жерде Қодар шаршап отырады,
Ол дағы өз елінде батыр еді.
— Бері кел, қойыңды айдап қасыма ер, — деп,
Қозыкең Қарабайды шақырады:
— Қарабай шал, қартайған, бері келші,
Өзіңе қас қылғанды «досым» деші.
Қойыңды мен серкештеп еткізейін...

Қарабай шақырған соң келді дейді,
Боларын бір сұмдықтың білді дейді.
Қозыкемнің дегенін екі қылмай,
Амалсыз, шақырған соң келді дейді.

— Қарабай, жайлы қоныс қыста, — дейді, —
Көңіліңді сүймес асқа қыспа, — дейді.
Құрдымнан су аяғы қашқан итсің,
Құйрығын Бақа айғырдың ұста! — дейді.

Қарабай «бармаймын» деп қарыспайды,
Сөзбенен ерегісіп жарыспайды.
Қайратын Қозыкеңнің көргеннен соң,
Құйрығын Бақа айғырдың келе ұстайды.

Ұстатып құйрығынан, өрге жүрді,
 Қарабай ғаріп жаннан күдер үзді.
 Жалдатып өрге жүріп келе жатса,
 Байқамай бір жартасты жаман сүзді.

Сөйледі сонда Қозы қызға қарап,
 Қор қылды Қарабайды итке балап.
 — Атаң қошқар болған ба, тас сүзет! — деп,
 Алып келіп тастайды көзіне ұрып.

— Емін-еркін жапанда жүре алмадым,
 Уайымсыз-қайғысыз тұра алмадым.
 Су аяғы құрдымнан қашып едім,
 Жақсының қасиетін біле алмадым.

— Әкем жалғыз жапанда жүретұғын,
 Қартайса да Атқайың мінетұғын.
 Оңалған соң Тәңірін ұмытатын,
 Ыңқылдаса, ақылы кіретұғын.

Қозыкең Құдайына сиынады,
 Қайраты Қозыкеңнің қызға ұнады.
 Бір көште екі ақымақ бейнет көріп,
 Қас қарая алды-арты жиылады.

Бас қосқан соң сөйлейді екі ақымақ,
 Қарабай Қодарға айтты: «Малыңды бақ!»
 Сөзіне Қарабайдың бойы балқып,
 Тантық Қодар жылқыға болды шықпақ.

Қодар айтты: «Қарабай сөзіме ерсін,
 «Қодар батыр — күйеуім менің», — десін. —
 Биылғы жыл жылқыға жұт болады,
 Қайраты бар тазшаны маған берсін».

Қодардың осы сөзін Баян сынар,
 Қызығына тойған жоқ, күнде құмар.
 «Қарағым, тілімді алсаң, Қодарға ерме,
 Ақылы жоқ тантық құл жазым қылар».

Қодарсыз Қарабайдың көңілі күпті:
 «Жылқыға тазша барса, қайтер», — депті.
 «Осы иттің тілін бір жол алайын», — деп,
 Тәуекел, бір сапарға еріп кетті.

Түйемойнақ, Жылытау айдап барды,
 Қоймаңырақтан жылқысын әрі апарды.

Арғы шеті Сауыр мен Сойқал қылып,
Жылқыны қоя беріп, жатып алды.

Жылқыға тіпті жайлы Қодар маман,
Сырт дұшпан бата алмайды, бұл бір қабан.
Қодекең шүйгітеді қайдағы отқа,
Жылқысы семіз шықты есен-аман.

Жапанда батыр Қодар ой ойлайды,
Тарпаңды асауменен бір қоймайды.
Алты ай өтіп, жаз шығып, қар кеткен соң,
Жылқыны елге таман қайта айдайды.

— Жолдастар, сөздеріңді оң көрейін,
Ауылға жылдам барып, бір келейін.
Жеңгеңді сағындым ғой, жіберіңдер,
Сендерге өрік-мейіз әкелейін.

Күнінде Бақа айғырмен Қодар салды,
Қостан шығып, Аягөз елге барды.
Ауылға үш-ақ күндей еру қылып,
Төртінші күн жылқыға қайта айдайды.

— Ебін тапқан екі асар, амалдаған,
Тәңірім дәулет беріпті мұнша маған.
Жиырма жылқым өлді осы қыста,
Қара малдың түп-түгел бәрі де аман.

— Ойласам, батыр Қодар, сенсің, — дейді, —
Жиырманың ол несі шығын, — дейді. —
Мұндағы қара малым аман, — дейді, —
Сең ұрып, бір жүз қойым суға кетті.

Жапанда өңшең жалшы қулық бастар,
Бірінің айтқан сөзін бірі қостар.
Өзің барып, жылқыны қайтарып кел,
Арық-шеру уақытта қырып тастар.

Қаңтарда қарыс жауған қардай болды,
Алты атан сымбыл артқан нардай болды.
Жылы сөзді есітіп, қайта салды,
«Өзің баршы» дегенге дардай болды.

Қодекең өстіп жүрер күндері өтіп,
Қарабай қойды мұны әуре етіп.
Баянды алмақ түгіл, көрген де жоқ,
Арсаң қағып жылқыға келді жетіп.

— Қодеке-ау, есен барып, тез келдің бе?
Жеңгемді күймедегі сен көрдің бе?
Кетіп ең дардай болып сен мақтанып,
Қанеки, өрік-мейіз әкелдің бе?

— Не қылсаң көңіліңді енді суыт,
Жемес астан бұл неме қылады үміт.
Дәл бір аяқ мейізді қойып еді,
Асығыс боп ауылда қалыпты ұмыт.

— Қодеке-ау, олай болса, мен желейін,
Ел-жұртты сағындым ғой, бір көрейін.
Киімім кірлеп кетті, жеңім тозып,
Кір-қоңымды жуғызып, тез келейін.

— Барсаң, жылдам келе ғой барып қана,
Бір мықты атпен келе ғой салып қана.
Үш күн жатып жегенім жарты мойын,
Аштан өліп қаларсың, тазша бала.
Кеше ғана кетіп ем, мен жолықпай,
Өрік-мейіз келе ғой алып қана!

Баянды көрген емес өзі барып,
Мақтанып жүреді екен құр ұйғарып.
Алты ай жүріп отарда батыр Қозы,
Сағынып ғашық жарың, келді салып.

Айтайын Ер Қозының келген жайын,
Қозыкең көп сағынған туған айын.
Кебін тастап, Қозы боп күймеге енді,
Ойына алған нәрсенің бәрі дайын.
Үш қызбен қалжыңдасып отырғанда,
Айтады да күледі Қодар жайын.

Мінгені Қозыкенің жүйрік кер-ді,
Тоғыз, он күн күймеде қызық көрді.
«Қарағым-ай, етің кірлеп кетіпті», — деп,
Ішінен торғын көйлек тігіп берді.
«Қодар көрсе, қодандап, ызыңдар», — деп,
Көйлегінің жағасын бүгіп берді.

Қозыкең тар күймеде ой ойлайды,
Ойын менен күлкіге бір тоймайды.
Тоғыз, он күн күймеде ойнап-күлсе,
Қарабай: «Қайтпай ма?» — деп ызыңдайды.

Жылқыға ертең Қозы бармақ болды,
Баянның нұрын ойға алмақ болды.

Баян айтты: «Қарағым, кешікпей кел!»
Осы сөзі Баянның салмақ болды.
Жүрген-тұрған баршасы ойдан шығып,
Баянды көргеннен соң көңілі толды.

Мінгені Қозыкемнің кер-ді дейді,
Қайраты мың кісілік ер-ді дейді.
Тоғыз, он күн Баянмен ойнап-күліп,
Ер Қозы жылқысына келді дейді.

– Мұндар таз, асауменен сен желдің бе,
Күймедегі жеңгенді сен көрдің бе?
Он күн жатып, шіреніп, азар келдің,
Кәнеки, өрік-мейіз әкелдің бе?

– «Салалық, кел, әңгіме», – десіп отыр,
Бір мейіз жан қалтадан жесіп отыр.
«Қодекеме мейіз бер», – деп айтып ем, –
«Қодарға құрт ала бар», – десіп отыр.

– Құрық салса, Бақа айғыр бойлайтұғын,
Қоста жатып Қодекең ойлайтұғын.
Кешегіде жолықпай кетіп едім,
Әзіл тастап, жеңгеніз ойнайтұғын.

– Қыздардың келіспеді сізге түрі,
Сен дегенде бәрінің күңкілдері.
«Қодекеме мейіз бер», – деп айтып ем,
«Адыра қалсын Қодарың!» – деді бірі.

– Қарабай – қайын атаң, о да кәрі,
Тар күймеде Баян қыз Қодар жары.
– Айтса айтсын, сұм тазша, дәнеме емес,
Тұлпардың өз тұяғы бізге дәрі.

– Қарабай – қайын атаң малын сойды,
Тарқады жамағаты, дәмге тойды.
Қайын атаң айтады саған сәлем:
«Қысыр бөліп жылқыдан әкел, – дейді. –
Той қылып, қымыз беріп, елді жиып,
Баянды күйеуіне қосам!» – дейді.

Қарабай – қайын атаң сені мақтап,
Мініп жүр бедеуіңді сен де баптап.
«Мерғау¹ кетсін Қодарың, тимеймін», – деп,
Сідігін саған қойды қыздар сақтап.

¹ Мерғау кету – аулаққа, алысқа кету.

– Сұм тазша, олай айтсам, бұлай дерсің,
Мінезің тіпті жаман, өзің керсің.
Айтқаныңның бәрі де бейне мазақ,
Сен менен осы жерде таяқ жерсің!

– Қодеке-ау, тіпті жаман бұл мінезің,
Баянға түрленерлік келді кезің.
Қыздар да ғашық екен мінезіңе,
Қасақана айтып ем, қалжың сөзім.

– Олай болса, тазша-еке-ау, ой ойлалық,
Тарпаңды асауменен бір қоймалық.
Өзге жаман жанымды тындырмайды,
Екеуміз бие бөліп, елге айдалық.

Мен күйеу ғой, тұрайын сонда қырын,
Сен білесің ағаңның ішкі сырын.
Мен барғаным ауылға ұят болар,
Желі, тоқпақ, құрықпен әкел бұрын!

Қозыкең әр өнерді бастап келді,
Күндей желіп, Күреңді бастап келді.
«Осыған мен бір істі көрсетем!» — деп,
Құрық, тоқпақ, желісін тастап келді.

Қозының алтын жүзі жарқылдайды,
Тантық Қодар күңкілдеп, тарқылдайды:
«Құрығы жоқ, тоқпақ жоқ, құрқол болып,
Мұны қайтіп ұстар?» — деп барқылдайды.

Қозы мерген садақпен қу атады,
Жазым болса, орнында су ағады.
Желінің құлаш-құлаш қазығы бар,
Бармағымен басып-ақ зымыратады.

Қозының қайратына жұрт таңғалды,
Қайраттанып, жылқыға жетіп барды.
Құйрығына қол тисе, алып келіп,
Бар асауды көгендеп, тізіп салды.

Көрген соң Қодар мұны, болды дертті,
Ала бедеу байталмен келіп жетті:
«Менің айтқан сөзімді кер салдың», — деп,
Келістіріп қақ басқа салып кетті.

– Мал бағар қыстыкүні малды кісі,
Балуанға түседі әлді кісі.

Су аяғы құрдымнан келген болса,
Құлдан таяқ жей ме екен жанды кісі?

Қозыкең мұны естіп, жетіп барды,
Қодардың жауырынынан ұстап алды.
Қодар да аянбай-ақ тартысса да,
Ала бедеу байталдан жұлып алды.

— Қап-қап, тазша, япырмау, неттім, тазша?
Жақсылығым басыма жетті, тазша.

— Қодеке-ау, сен де ойнадың, мен де ойнадым,
Сенен артық, Қодеке-ау, нені ойнадым?
Бұзаутіспен кетіп ем тарсылдатып,
Үлкен аға ойынымды көтерер деп.

— Ойнап ем, ашуланып, соған не еттің?
Түбіме ойнаған боп әбден жеттің.
Өтірік айтсам, тазша-еке-ау, онда оңбайын,
Кел, қоя бер, бұтыма тышып кеттім.

Қозыкең бір білінді өнер бастап,
Қодарды да қорқытты ерге жастап.
Тұңғиық қара суға иірім-иірім
Қодарды Қозы кетті атып тастап.

Қор болды батыр Қодар мысы құрып,
Суға кетіп қалсын ба қарап тұрып.
Қарбаң-құрбаң алақтап, бойы ұзын құл
Суға кетпей, шығады құлаш ұрып.

— Мынау да мықты ит екен, ойға алалық,
Мұнымен табандасып не қылалық.
Аударысқа қолында бар тәсілі,
Қатарлап он кетпенді оқ салалық.

Қатарлап он кетпенді алып кетті,
Өңшең батыр сауықшыл жиылады.
«Бисмиллә!» — деп Ер Қозы тартып еді,
Он кетпеннен қол оғын өткізеді.

Қодар тағы келеді сертке жетіп,
Оғын тізіп, бедеумен зар еңіретіп,
Мақтанып батыр Қодар тартып еді,
Тұрады бесеуінен азар өтіп.

— Ажалсыз бұл жалғанда жан өле ме,
Жиылған қайратымды жұрт көре ме?

Оқ атқанда қолында бар тәсілі,
Күрескенде маған жан пар келе ме?

Қодарға күресуге Қозы барды,
Біле ме тантық Қодар ұят-арды?
Ең астына Қодарды салып қойып,
Бейне жүктей «тоқсанды» үйіп салды.

— Қап-қап, тазша, қап, тазша, неттім, тазша?
Жақсылығым басыма жетті, тазша.
Қоста отырып қымызды көп ішіп ем,
Бұтыма тышып-тышып кеттім, тазша.

— Қодеке-ау, болған жоқ ед жазық менен,
«Өлді» деп сен антұрған қайғыменен.
Тышпақ түгіл, антұрған, құсып жібер,
Өз обалың өзіңе, бәрі өзіңнен.

— Сұм тазша, енді сенің пейілің тар ма,
Көңіліңде бұзық-бұзық ойың бар ма?
Сындырдың қабырғамды мертіктіріп,
Қоя бер, Тәңірі алғыр, тынышымды алма!

Қор болды «тоқсан бірі» есі кетіп,
Құдай мұны қойды ғой тентіретіп.
Жылқы жайып неғылсын дүзде жүріп,
Қойына жүре берді өлеңдетіп.

Қозыкең көрінеді өнер бастап,
Қыздар да қуанады сөзін қостап.
Аяңдап батыр Қозы жөнеледі,
Таудай қылып «тоқсанын» үйіп тастап.

Қиратып, батыр Қозы жөнеледі,
Алысқан майдан жері кемер еді.
Жайланып батыр Қозы келе жатса,
Алдынан сұлу Баян кез келеді.

— Баян-ау, менің айтқан сөзім тыңда,
Осы ма қорыққандарың, астапыралла!
Шақырды сені Қодар: «Тез келсін!» — деп,
Байғұстың қабырғасын барып сыла!

— Жазылар өзі Қодар біздер бармай,
Байғұсты қор қылдың ғой, тілімді алмай.
Тірі тастап кеттің бе бейшараны,
Сақ боп жүр, ал қарағым, қапы қалмай!

Сырты алтын, іші күміс оның үйі,
Күнде дәурен неғылса келер күйі.
«Жеті күн жиып тарқар жиын бар», – деп,
Сауын айтты сол елдің Сасан биі.

Ол Сасан сауын айтып, жарлық етті,
Елінде бір би еді қасиетті.
Асының айтқан күні болғаннан соң,
Басы Қодар, Қарабай асқа кетті.

Аулында тірі жан жоқ, қалды тазша,
Қозы Көрпеш болады кебін ашса.
«Аман бол!» – деп таз кепті жұлып тастап,
Күйеуін киіндірді бейне патша.

Аулында тірі жан жоқ, тазша қалды,
Басы Қодар түк қалмай асқа келді.
Он екі күн бұршақты төгілдіріп,
Күн жайлатып, асшыны қамап салды.

Ел көрді өзен болып аққан селді,
Қамады он екі күн тамам елді.
Ойнап-күліп Баянмен мауқын басты,
Елді сонда-ақ босатты, күн ашылды.

Қызық көрді келгенше бір ғанибет,
Қодар қыздан қылады үлкен үміт.
«Малда тазшам бар еді, тойғызам!» – деп,
Теңдеп алған Қозыға екі қап ет.

Қодар сырттан биледі біткен малды,
Мұндай адам көрмессің пейілі тарды:
«Мал баққан тазшам қайда, ет берем!» – деп,
Келе сала ауылға айғай салды.

Дауыстап айғай салып Қодар жүрді,
Ақымаққа Қозы мен Баян күлді.
Қозы менен Баянның жатқан жайын
Бір қатын кеп Қодарға естіртеді:

– Бекер босқа жүресің, Қодар батыр, жар-жар,
Менің айтқан сөзімді тыңда да тұр, жар-жар.
Ойлап тұрсам жүзіңде жоқ екен ар, жар-жар,
Сен кеткелі он үш күн болып қалды, жар-жар,
Сонан бері бикешпен бірге жатыр, жар-жар.
Күнде жиын, күнде ойын, рахат онда, жар-жар,
Беріп жатыр мырза боп, елге сиын, жар-жар.

Қозы Көрпеш жүр екен тазша болып, жар-жар,
Көрсетейін сен жүрсең жатқан жерін, жар-жар.

Қодекең естіп білді осы халді,
Іші күйіп, кәпірдің басы айналды.
Артын түйсе, қапталы быт-шыт болып,
Бармақ етін тісімен жұлып алды.

Қозыны көруге де бата алмайды,
Бағана келген асқа қайта салды.
«Қызыңды, хан Қарабай, жау алды!» — деп, —
«Суым бер!» — деп барды да аза салды.

— Отырған, биім Сасан, мені көрші,
Бұл неғылған құтырған адам депші?
Сенің суың батпақта қалмап па еді,
Неғылайын, бар дағы ала берші!

Отырсың, биім Сасан, малың сойып,
Тарқады жамағатың дәмге тойып.
Бұл несі, Қарабайдың мазағы ма?
Ал, кетемін еліңді қырып-жойып!

— Жарқыным, осы елдегі сен бір ерсің,
Шақырып қырық қатын-қыз алып келсін.
Оны шақырып, арақты біз берелік,
Білмей ішіп арақты, улап өлсін.

Қозымен алыса алмай, дауласасың,
Асықсаң, белгілі жайт — құр қаласың.
Ептеп-септеп Қозыны өлтірген соң,
Таласар саған жан жоқ, қызды аласың.

Елі жүр бұл Қодарды қорқып мақтап,
Қасына келген емес, сырттан жақтап.
Сасан би, елі болып ақылдасып,
Қозыны шақырады амал сақтап.

«Шақыра қырық үш қатын келеді», — деп,
Қатынның жөнін білмей, Қозы күпті.
— Ақсақалдар шақырады сені тойға,
Күйеужан, бармағаның болмайды, — деп.

Баян айтты: «Ал, қалқам, қапыл қалма,
Бұларды дос болар деп ойыңа алма.
Ептеп-септеп ниеті өлтірмек те,
Қауіпті, үйлеріне тіпті барма!»

— Баянжан, жақсы айтасың, сөзің майда,
Ұрғашылық қыласың осындайда.
Болжалсыз жан, мезгілсіз таң атпайды,
Қырық мылтықтың аузына мені байла.

Тура ажалым келмесе бір Құдайдан,
Періштелер қорғайды, өлім қайда.
«Қозы қорқып, келмеді топқа» деген
Маған жақсы емес қой, оны да ойла.

Тәуекел, бір сапарға мен барайын,
Жаман-жақсы болса да іс Құдайда.
Осы елдің не қылғанын мен көрейін,
Не табылар бос жатып бекер жайда?

Шақырып қырық үш қатын барған дейді,
Соларды көріп тұрсын халқым дейді.
Ай мен күндей екеуін көргеннен соң,
Айран-асыр, таң-тамаша болған дейді.

Киімді өңшең асыл кигізеді,
Көзімен жарқылдасып жүргізеді.
Жиылған тамам жаннан шоқтығы асып,
Құшақтап, Баян беттен сүйгізеді.
Ай, Таңсық апасына Баян келді,
Іштегі қорқынышын білдіреді...

Қарабай жиып алған қауым елді,
«Қас қылып өлтірем», — деп мұндай ерді.
«Осының неғылғанын көрейін», — деп,
Артынан екі апасы ере келді.

Жиылған бұл халықты көзі көрді,
— Тәуекел, көрейін деп келіп едім.
Жиылған ақ ордаға жамағат көп,
Ассалаумағалейкүм! Сәлем бердім!

Қозының бұл келгені жұртқа ұнады,
Қыздар да біліп келді осы жайды,
«Күйеужанның қолына аяқ бер», — деп,
Арақты әрбіреуі ұсынады.

Қозы да шаттанады осы сөзге,
Екі месті тауысты көрер көзге.
Жайылды көп ішкен соң өне бойға,
Көгеріп, түсі кетіп, болады өзге.

Қыздар да аңдып келген бұған еріп,
Қозының ессіздігін көзі көріп.
Не қылса Қозымен бірге өлмек боп,
Ақ үйге Ай, Таңсық та келді кіріп.

Бірігіп тамам ақымақ мұны қуды,
«Өлтірем», — деп сапырып берген уды.
«Бір соғыспай өлдің ғой, сұм жалғыз!» — деп,
Бетіне бүркіп жіберді суық суды.

Қозы сонда сандалар іші күйіп,
Жақсылық қылар жан жоқ Құдай иіп.
Қыздар келіп, салқын суды бүріккен соң,
Алады батыр Қозы есін жиып.

Қозының атын бір қыз дайын етті,
Күреңге ырғып мініп Қозы кетті.
Біра төмен аузынан у төгіліп,
Күреңнің жалы жидіп қолға кепті.

Ер Қозы жапан түзге жөнеледі,
Өзі батыр болмаса, келер ме еді?
Әлсіреп арақ ішіп келе жатса,
Алдынан сұлу Баян кез келеді.

— Айтпадым ба, тіпті осы ел сізге ел емес,
Бұл сізді «өлтірем» деп қылған кеңес.
Мені ала қайт, қарағым, тура еліңе,
Енді сізге жабылар, тыныштық бермес.

— Көрмеймісің, келемін болып дертті,
Аяқтатпай кетпесін айтқан сертті.
Бір аулаққа шығып ап, оңалайын,
Қызығыма қарап тұр сонда! — депті.

— Балталы, Бағаналы жерің қайда?
Бақалы, балдырғанды көлің қайда?
Әділ айтып, дұшпанмен теңестіретер
Батыр Тайлақ сықылды биің қайда?

Қарағым, аман күнде еліңді тап,
Арманда боп кетерсің осындайда!
Бір өзіңнен басқаның бәрі де жау,
Қайтіп тірі жүрерсің, мұны да ойла!

Енді маған қоқандар «аламын» деп,
Қайда барсаң, ала кет, мені қойма.

Байқашы, жан-жағыңа көз жіберіп,
Үш қыздан басқа сізге жан ұнай ма?

— Білемін, сұлу Баян, маған елсің,
Сенімен қайғысыз жан ойнап-күлсін.
Қазанбұзар үй тентек толып жатыр,
Қайратымды бар дұшпан, алыс білсін!

Оңалып ап келейін соғысуға,
Қайратымды көп неме көзі көрсін.
Егерде қазам жетіп, өліп кетсем,
Ең болмаса артқы жұрт айта қалсын!

Ер Қозы уайымсыз жалғыз тұрып,
Көз жасы Баян қыздың бетін жуып.
«Өзі мас, жығылар, — деп, — есеңгіреп»,
Басы Қодар, жабылып келді қуып.

Басында «өлтiрем» деп кеңес етті,
Осынша Қарабайға Қозы нетті?
Жабылған тамам жанның ең алдында,
Ала бедеу байталмен Қодар жетті.

— Сен келдің адырайып, мақтанған боп,
Құзғынға жем қылайын басыңды, — деп. —
Осынша қыр соңымнан бір қалмадың,
Қай жеріңнен атсам да обалың жоқ!

Сарала, сай кез оқты еңіретті,
Тасыр құлдың зәресі ұшып кетті.
Күреңмен көлденеңдеп тартып кетсе,
Ала бедеу байталы құлап түсті.

Қозымның өзі жалғыз, айласы көп,
Қорықпайды «жалғызбын» деп, уайым жеп.
Қодарды атып тастап жөнеледі:
«Бәлем құл тұрмастай қып мықтадым», — деп.

Жатады батыр Қодар Құдай атып,
Баянға құл сөйлеспес жауап қатып.
Қозының қарасы үзіліп кеткеннен соң,
Байталға қайта мінді жатып-жатып.

Мініп алып байталға қайраттанды:
«Неғылам қыздан аяп шыбын жанды?»
Әлгі атқан оқ өтіпті қара саннан,
Келе жатып қансырап, есін танды.

Есін жиып, айтады: «Қашқын қашты,
Қызды алам», — деп ел-жұртқа азап салды.

Алады батыр Қодар елді жиып:
«Қозыны өлтірем, — деп, — басын қиып.
Осы балтам кесті ғой шапқаннан соң», —
Деп алады балтасын сүйіп-сүйіп.

Қарабай қайыры жоқ, жиған малды,
Жан біткенді аузымен Қодар алды.
«Қашқын қашты, Баянды енді алам!» — деп,
Барды да қалған жұртқа азап салды.

Сонда «тоқсан»: «Осыған көнеміз бе?
Осының зорлығымен өлеміз бе?
Бәріміз де жүріп ек Баян үшін,
Япырай, бір соғыспай береміз бе?»

Десті де Қодарменен жамандасты,
Бәрі бірдей Қодармен сабаласты.
Басына темір шоқпар қатты тиіп,
Сол топтан Көсемсары шыға қашты.

Ер Көсем жапан дүзге жөнеледі,
Қайраты Қозыкеңнің кемел еді.
Әлсіреп, айдалада қаңғып жүрсе,
Қозыға бір бұлақта кез келеді.

— Далада неғып жүрсің, Көсемсары?
— Сен кеткен соң қоқиды бізге Қодар,
Көңілін балап жүрген жүзге Қодар.
«Баянды аламын!» — деп азап салды,
Бата алмай қашып жүріп сізге Қодар.

Бәріміз Баян үшін жаннан кештік,
Ұрсысуға бәріміз «еһе» дестік.
«Баянды аламын!» — деп ел жиған соң,
Тоқсанымыз бірігіп, төбелестік.

Бәріміз де ұрысқан кеттік қашып,
Басында бірігіп ек ақылдасып.
Темір шоқпар өзіме қатты тиіп,
Есеңгіреп мен кеттім шыға қашып.

— Мен кеткен соң сендерді жеңген екен,
Өлмесіне көңілі сенген екен.
Ұрып жығып, қиратып кетіп едім,
Сірә, Тәңірім тілеуін берген екен!

Екі батыр жапанда бас қосады,
Бұрынғы өткен егесті тастасады.
«Бірі өлсе, бірі жанын қиямыз», – деп,
Екеуі уағыдамен достасады.

«Япырмай, Баян өлмей жүре ме екен?
Мен жоқта о да ойнап, күле ме екен?»
Бар екен бір ағашта жалғыз бұлақ,
Екеуі сол ағашты қылды мекен.

Үйінде Баян қалды «А, Құдайлап»,
Көсем мен Қозы жатыр күліп-ойнап.
«Қай жерді мекен қылды, біліп кел!» – деп,
Жіберді сұлу Баян бір қызды айдап.

Қозыны бір қыз іздеп кетті салып,
Бұлақтан алды тауып өліп-талып.
Құтылғанын Көсеммен көзі көріп,
Баянға қайта келді хабар алып.

Күнде бір қыз келеді тезек теріп,
Баян содан жіберер тамақ беріп.
Осы қыздың жүрісін кәдік көріп,
Бір жау қатын жүреді соңына еріп.
Шоқтеректе сөйлескен қызды көріп,
Бұл көргенін Қодарға айтты келіп.

Қодар естіп, ауылға шауып келді,
Қарабай елі-жұртын жиып берді.
Қойдан қошқар, жылқыдан айғыр айтып,
Іздеп Баян артынан о да желді.
Шоқтеректің түбінде ұйықтап жатқан
Біреуді тантық Қодар көзі көрді.

Мақтанып батыр Қодар келген естіп,
Өстіп жүріп өтеді күні кешіп.
Жақындап кеп садақпен тартып қалды,
Қарамастан, алады басын кесіп.

Көсем батыр сол жерде қаза тапты,
Қолында балтасы бар ырғай сапты.
«Қозының басы, міне, өлтірдім!» – деп,
Ауылға тантық Қодар қайта шапты.

Артынан Баян жүріп тез келеді,
Және бір тыңдайтуғын сөз келеді.
Зар жылап Баян сонда келе жатса,
Алдынан хан Қарекең кез келеді.

— Әкем деп көзім талды саған қарай,
Сақтадым ұят-арды мен де талай.
Ел болып кетіп едің «өлтірем» деп,
«Жалғыздың жары Құдай», жәйі қалай?

— Жалғанда осы Қодар ер-ді, — дейді, —
Тілеуін антұрғанның берді, — дейді. —
Шоқтеректің түбінде атып апты,
Өз көзіммен көргем жоқ, «өлді» дейді.

Жылама, жалғыз балам, мен көрейін,
Жаман менен жақсыны тең көрейін.
Қодар құлды жек көрсең, жамансынсаң,
Елден таңдап жігітке мен берейін.

— Емін-еркін жапанда жүрген емен,
Бір Қозыдан басқаны көрген емен.
Елден бура жиып ап шөктіретін
Мүйізі көк термешел іңген емен!

Мақтанып, тантық Қодар желіп келді,
Соңынан тамам елі ере келді.
«Ал, байыңның басы, — деп, — бақыты қара!»
Бір басты алып, алдына тастай берді.

Қозының басы емесін біліп алды,
Мырс етіп, ішін тартып күліп алды.
«Тастап кетсем, бұл танып, тағы іздер», — деп,
Қуанып, жерден басты жұлып алды.

Баян кетті етекке басты салып,
«Қозы өлсе, не боламын тірі қалып?»
Таңертең қуған екен бір түлкіні,
Күреңмен Қозы келді соғып алып.

Қозыны ит Қарабай әуре еткен,
Баянға қосылғалы көп күн өткен.
Таңертең бір түлкінің ізін көріп,
Бір тауға оны қуып Қозы кеткен.

Түлкіні алып келді тауды кешіп,
Түзден Құдай көп берген бұған несіп.
Көсемнің кеудесі бар, келдесі жоқ,
Әкеткен Қодар мұның басын кесіп.

Түлкіні келген екен соғып алып,
«Бұл досымды өлтірген Қодар құл», — деп,

Сол жерде зар жылайды ойбай салып,
«Құдай-ау, мен сорлының жолын қыл», – деп.

«Кеше ғана дос қылып, сүйдім, – дейді, –
Достығыңа қапа болып күйдім, – дейді. –
Алайын тірі болсам, достың құнын,
Сен үшін шыбын жаным қидым», – дейді.

Ер Қозы досы үшін көп қамықты,
Қорықпайды тірі жаннан, өзі мықты.
«Қодарды мен көрейін өлтірген», – деп,
Аңыратып бір белеске келіп шықты.

Белден шықса, көреді жиылған ел,
Жанын қиып, досына ағызып сел.
«Қодарды бір аулақта кез келтір», – деп,
Жүгіріп келді жетіп Қозыкең ер.

Құдайым Ер Қозыға дем береді,
Жас бала айласы жоқ, тым ер еді.
«Қызды алам», – деп Қодарың шауып жүрсе,
Әредікте Қозыға кез келеді.

Сол күндегі жандардан Қозы мықты,
Қодар көріп, қаша алмай, көп ұйлықты.
«Әй, бәлем, сенің ызаң өтгі ғой», – деп,
Дәлдеп тұрып кеудеден атып жықты.

Ер Қозы жалпақ елге кетті асығып,
Сол арада өлтірді басын кесіп.
Жиылған елге кірді айғай салып,
Қанжығаға байлап ап ернін тесіп.

Қодардың қанжығада басын көріп,
«Берелік, – деп шулады, – уәде», – десіп.
Қозыны «өлді ғой» деп жүрген жандар
Көрген соң енді мұны кетті шошып.

Елі-жұрты жанынан қылды қауіп,
Елінен Баян үшін келген ауып.
Өзге жұртқа көз салып қарамайды,
Қарабайды таба алмай, жүрді шауып.
Құр құдықта Қарекен бұғып жатыр,
Қарап жүріп Қозыкең алды тауып.

Ешбір жан бетке қарап, бата алмайды,
Қылыштап өне бойын жаралайды.

Ағашқа таңып қойып: «Ел көрсін», – деп,
Кескілеп итке салды Қарабайды.

Ер Қозы ел қыруға оңтайланды:
«Көсем үшін қырам, – деп, – тірі жанды».
Өзге жанда үрей жоқ, «Сабыр қыл», – деп,
Үш қыз келіп, Қозыны ұстасады.

Баян келіп тоқтатып, мауқын басар,
Ол болмаса, бұл елдің қанын шашар.
Тар күймеде Баян қыз бір ұл тапқан,
Болған екен баласы тоғыз жасар.

Келген екен баласы тоғыз жасқа,
Қозыдан айырмассың ол баланы.
Үш қыз бен бала келіп, тоқтатады,
Ол елді қырмақ еді одан басқа.

Жүрегі Баян қыздың лүпілдеген:
«Сіз үшін көп қайғыны тарттым», – деген.
Көрсетпей тірі жанға асыраған,
Қозы мен қыздан басқа жан білмеген.

Баян қыз жаны тынды жарына еріп,
Ешкімге қарамайды бойына елеп.
Баласы туғаннан соң үш күн өтіп,
Қозыкең қойған екен атын Күліп.

Қозы Көрпеш үйіне салт барыпты,
Қайтып келіп, жіберді ер Күліпті.
Өз орнына ер Күліп тұрды сонда,
«Қозының қылған ісі осы», – депті.

Ақ Баян – ол Қозының сүйген досы,
Қозының ерлікпенен қылғаны осы.
Енді риза бол, жиылған жамағаттар,
Айтуынша Бейсембай аяғы осы.

Бірінші мақам

Жүрдек

Орындаған: Шүкіманов Еркін
 Нотағатүсірген: Балмағанбетов Бекарыс



Кел-ті-рер Ке-мел а-қын сөз-дің тү-рін, О-ған да за-ман өт-кен



бір ы-қы-лым. Ке-ше-гі ол бір қа-тар за-ма-нын-да Ө-тіп-ті е-кі ба-йың



біз ден бұ-рын. Со-лар-да біз-ден бұ-рын өт-кен жан-дар,



Сап қас - қа өң - шең ма - нап сөз - ді аң - даң - дар.



Қа-лып-сыз Қа-ра-бай-дай бай ө-тіп-ті, Тоқ-сан мың Тәңі-рі (ал) са-да



жыл-қы-сы бар. Со-лар-да бай бо-лып-ты дү-ни-е боқ, Ө-зі-не Құ-дай бер-ген




нәу - бе - ті көп. Тоқ-сан мың жыл-қы ай - да - ған бай бол - са - да,



Ү - йі - не сіл - кіп ки - ер ша - па - ны жоқ.

2

Екінші мақам

22

 Дү - ние ү - шін о - рын бар ма

23

 ді - нім са - тар, Кү - нәң жоқ біз - ге (ау) да - рар а - тын а - тар

25

 Қайт - па - саң бұл мі - нез - ден шал Қа - ре - ке

26

 То - зақ - тың о - сы тә - нің дә - мін та - тар. Бе - тін топы - рақ бас - ты деп

29

 жал - ған айт - саң, Жа - ған - нам де - ген тозақ - та жа - ның жа - тар.

Үшінші мақам

32

 Ау, бай ай - та - ды: Үш қы - зым, ме - ні көр - ші, Ү - ше - уің шап - ша - ны - рақ

35

 бе - рі кел - ші. Таз - ша - ның тұс - пал - да - ған сө зі өт - ті. Мә - ні - сін со - ның ма - ған

38


 ай - тып бер - ші. Бұл Таз - ша үйде айт - ты ғой түз - ді (айт) қа - нын,

41

 Ақ қас - қыр біл - мей - сіз бе сіз - ді айт - қа - нын.

43
 Соңы

 12/8 2/4



Қозы Көрпеш–Баян сұлу (Жанақ нұсқасы). Алматы:
Қазақстан көркем әдебиет баспасы, 1936 ж.

Жанақ Сағындықұлы (1770 – 1856) – XIX ғасыр әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын-жыршы. Бұрынғы Семей губерниясы Қарқаралы уезіне қарасты Темірші болысының 6-аулында дүниеге келген. Балалық шағында ауыл молдасынан дәріс алып, хат танып, діни білім алған. Кейін әкесі Сағындық құсбегі Жанақты Түркістан өңіріндегі Қарнақ, Тәшкен медреселерінде оқытқан. Жасынан өнер жолына түсіп, домбыра, қобыз тартып, жыр-дастандарды жатқа білген Жанақ 1790–1797 жылдары Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне қатысып, қозғалыс жаршыларының бірі болған.

Ақын шығармаларының көпшілігі сақталмаған. «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырының Шоқан Уәлиханов жазып алған нұсқасы Жанақ арқылы жеткен. Академик М. Әуезов жырдың Жанақ нұсқасының көркемдігін жоғары бағалаған. Жанақ ақын қазақтың батырлық жырларын, әсіресе, ғашықтық дастандарын жадында сақтап, дамытушы ірі эпик ақын болумен қатар, Түбек, Орынбай сияқты көптеген ақындармен айтысқан суырыпсалма ақын болғаны белгілі.



Қыз Жібек.

Суретші Е.М. Сидоркин

ҚЫЗ ЖІБЕК

«Қыз Жібек» жыры — қазақ фольклорының алтын қорынан орын алатын ерекше құнды көркем үлгісінің бірі. Сюжет желісі қазақ арасында ертегі, аңыз және көлемді жыр үлгісінде айтылып келген бұл эпос сүйгенінен айырылған, бірақ ішкі жаудың зорлығына көнбеген асыл жардың трагедиясын баяндайды. Эпостың алғашқы бөлімінде Төлеген мен Жібектің сүйіспеншілігі, Төлегеннің Бекежанның қолынан мерт болуы, ал екінші бөлімінде Төлеген өлгеннен кейінгі Жібектің тағдыры және оның Сансызбаймен қосылуы баяндалады.

Эпостың он бестен аса халықтық нұсқалары ауыздан-ауызға, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, бүгінгі күнге жетті. Бұл үлгілер Ш. Қалмағамбетов, Р. Мәзқожаев, Ә. Дәнекеров, Қ. Баймағамбетов, Х. Досмағамбетұлы, Ә. Досжанов, Қ. Иманов, Х. Өтеғалиева, М. Төлепқалиев, Қ. Мырзағалиев, Е. Ахметов, Б. Бектұрғанов, Ы. Қамытов сынды жыршы-ақындарының айтуынан жазып алынған. Олардың басым бөлігі М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақтаулы.

«Қыз Жібек» жырының алғашқы нұсқалары ХІХ ғасырдың екінші жартысында ғана хатқа түсірілді. Орыс офицері Е. Александровтың (1887) Мұсабай жыраудан жазып алған нұсқасы 1894—1899 жылдар аралығында бірнеше мәрте басылым көргі. Ж. Шайхысламұлының «Қисса Қыз Жібектің хикаясы» деген атпен Қазан қаласында бастырған нұсқасы халық арасына кеңінен таранды. Кеңестік кезең мен ел өз тәуелсіздігін алғаннан кейін эпос жеке кітап түрінде де, жинақтар құрамында да жиі жарияланды. Оның поэтикасы, типологиялық сипаттары, нұсқалық ерекшеліктері туралы М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Ә. Қоңыратбаев, Қ. Жұмалиев, М. Ғабдуллин, Р. Бердібаев, С. Қасқабасов, С. Садырбаев сынды ғалымдар арнайы зерттеулер жазды.

Томды баспаға даярлау барысында барлық нұсқалары салыстырылып, жырдағы жоқтау, қоштасу, аттың шабысы, көш сипаты аса шеберлікпен жырланған Ж. Шайхысламұлының нұсқасы таңдалып, ұсынылды. Түпнұсқасы Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (РМ 214).



Мен сөйлейін, жарандар!
 Тыңдап, құлақ салыңыз,
 Аз әңгіме қозғайын,
 Келгенінше халіміз.
 Зекетсіз болса, пайда жоқ
 Қасықтап жиған малыңыз.
 Қыз Жібекті тыңдаңыз,
 Замандас, еркек, ұрғашы,
 Ақсақалды шалыңыз.
 Жүсіпбек қожа жырласа,
 Қыз Жібектің сөзіне
 Енді әбден қаныңыз.

Басында менен жайылды,
 Қисса болып бұл Жібек.
 Басы-соңына қарасам,
 Бәрі шала сөзінің,
 Еңіреп жылап, жүр жүдеп.
 Басында менен шыққанда
 Тыңдаған адам жылаған,
 Сүйейін мұны бір демеп.
 Қиссасын қайта түзейін,
 Аруақтар жар болса,
 Сіздер де мені жүр жебеп.

Осыны бұрын баспаға
 Кім жазғанын білмеймін,
 Қисынсыз болған сөздері,
 Жыламақ түгіл, күлмеймін.
 Мыңнан озған жорғамын,
 Ұлы дауға салғанда
 Қамшыласаң, желмеймін.
 Қисайғанда түзеткен,
 Басында Тәңірім жаратты,
 Әр нәрсеге бір себеп.
 Қисса қылып жазып ем
 Әуел бұрын басында.
 Ғасылықтан¹ жазып ем,
 Үйсінге алғаш келгенде,
 Жиырма үш жасымда.
 Сол кездердің уақытында
 Бар еді қайғы басымда.
 Бір күндерде қарасам,
 Баспа бопты бұл Жібек,
 Қисынсыз кетіп сөздері.

¹ Ғасылық /араб/ — күшірлік.

Баспаға жазған адамның
Әр сөзіне қарасам,
Ноғайлы екен өздері.
Қазақшаға төселмей,
Далаға көбін жіберген,
Әйтеуір, бар іздері.
Әгар қазақ жазғанда:
«Жоқ па екен, — деп айтар ем, —
Басындағы көздері?»

Ал тыңдаңыз, жарандар,
Өзге сөзді қоялық.
Қыз Жібектен сөз қозғап,
Қызығына тоялық.
Сыры түскен жерлерін
Жаңғыртып, қайта боялық.
Сөз дүкенін құрған соң,
Тамақ керек әркімге,
Бір тоқтыны соялық.

Кешегі өткен заманда,
Дін, мұсылман аманда,
Кіші жүздің ішінде,
Жағалбайлы елі бар.
Жағалбайлының мекені —
Ақ теңіз деген көлі бар.
Жаз жайлауын сұрасаң,
Қара теңіз жағасы
Ұлан, Шәмбіл белі бар.
Жағалбайлы елінде
Базарбай атты байы бар.
Байлығын оның сұрасаң,
Өлшеу қылып айтуға
Хисап¹ жетпес жайы бар.
Байлығында өлшеу жоқ,
Жеті жүз түйе жүгі екен
Тілләсі менен жамбысы.
Мың түйе жүк тағы да
Қант пенен шайы бар.
Аяқты малда хисап жоқ,
Айдалып бағып жайылар.

Сол байда үш қатын бар, тоғыз ұлды,
Хисапсыз Тәңірі берген сонша пұлды.
Еліне оба келген бір кеселден
Бірі қалмай тоғыз ұл бәрі де өлді.

¹ Хисап /араб/ — есеп.

Тоғыз ұл ажал жетіп, бәрі де өлді,
Ашумен алты қатын тағы да алды.
Базарбай сексен жасқа келген шақта
Тауыпты кіші қатыны бір ұлды.

Оны тапқан қатыны қырық төрт жаста,
Бала жоқ өзгесінде мұнан басқа.
Періште сипат бір ұл берді Құдай,
Жүргенде көзі толып қанды жасқа.

Төлеген деп қойыпты ұлының атын,
Құдай артық жаратқан оның затын.
Баланы сипат қылып айтып болмас,
Көрген жан ақылынан бір танатын.

Базарбай баласына көңілі тойды,
Қайғыны ішіндегі бәрін жойды.
Тоғыз жылда артынан бір ұл туып,
Жұрт жиып, Сансызбай деп атын қойды.

Жүріпті екеуіне қалың бермей,
Дұшпанның әрне деген тіліне ермей:
«Тірі жүрсе, өздері алар бір қыз,
Өліп қалса, күйігін тағы көрмей.

Алса да патша қызын малым жетер,
Менікін жаратпаса, сәнім кетер.
Күйікті қатты тартып жүрген басым,
Жазым болса, күйермін онан бетер».

Төлеген сонда он екі жасқа келді,
Қыз іздеп, аралады тамам елді.
Он алты жасқа шейін қыз жаратпай,
Ат жетер жерді арылтып, тамам қылды.

Еліне бір саудагер келді дейді,
Бұлардың әбден жайын білді дейді.
«Дүниеқор Базарбайдай көрмедім», — деп,
Саудагер мазақ қылып күлді дейді.

«Бұл малды бекер жиып керегі не,
Бермепті ұлының қалың біреуіне.
Көзінің ағы менен қарасындай,
Артында жанға мирас, малға ие тіреуіне».

Сонда біреу айтады оның жайын:
«Бақ, дәулет берген артық бір Құдайым,

Ел-жұрттан қыз жаратпай жүр Төлеген,
Малын аяп жүрген жоқ Базарбайың».

Мұны естіп, сөйлейді қарт саудагер,
Ал сонда Төлегенді шақырып алар.
Төлегенге айтады: «Сүйінші бер,
Мен таптым жақсы қызды саған жарар.

Қыз жақпай өз еліңнен жүрсе саған,
Төлеген, сүйінші бер енді маған.
Елі бар Ақжайықта алты шекті,
Аласың жақсы қызды барсаң соған.

Жайықта қызы сұлу артық ел бар,
Ерінбей қыз издесең, сен соған бар.
Шетінен-ақ аласыз бір сұлуды,
Болмағын мұнда тұрып қаперің тар».

Төлеген мұны іздеуге көңілі кетті:
«Жолы бар неше күндік оның?» — депті.
Саудагер айтты жолын «жүз күндік» деп,
Төлеген іздемекке талап етті.

Төлеген он жетіге келген шағы,
Аз емес бір Тәңірінің берген бағы.
«Шөл бар, — дейді саудагер, — қырық күншілік,
Төте жол жетпіс күндік болса дағы.

Онымен жүре алмайсың барғанменен,
Өлесің жолда шөлдеп арманменен.
Жүр, — деді, — алыссынбай, су жағалап,
Әрқашан бардың ісі пәрменменен».

Төлеген Ақжайыққа жүрмек болды,
Тәңірінің жазған ісін көрмек болды.
Басшы болып, сол елді тапқан жанға
Жүз жамбы сүйіншіге бермек болды.

Жаратты бір қара көк тұлпар атты,
Өзі жорға жануар қос қанатты.
Тұрманының барлығын алтындатып,
Күміспен төрт аяғын тағалатты.

Шамшырақ тас орнатты жүген, ерге,
Басшы, қосшы жүз жігіт алды бірге.
Тоғыз нарға алтын мен күміс артып,
Бес жігіт тағы да алды қызметкерге.

Ерлерге жәрдем берсін бір Құдайы,
 Қырық түйе болды азық қант пен шайы.
 Азық-түлік барлығын даярлап ап,
 Жөнелді туғаннан соң наурыз айы.

Әлқисса, ендігісін үшбу¹ хикаяны жырлап сөйлейін.

Төлегеннің хикаясы:

Базарбайдың Төлеген,
 Ерте туған көбеген².
 Сексен жігіт қосшы алып,
 Он бес жігіт басшы алып,
 Ақжайыққа жөнеген.
 Айдың өткен нешесі,
 Ай қараңғы кешесі.
 Падишадан кем емес
 Төлегеннің мүшесі.
 Әулиеге ат айтып,
 Қорасанға қой айтып,
 Шыбын жаңды және айтып,
 Артынан қуып келіпті,
 Өлгенде көрген шешесі.

Шешесі келіп, сөйлейді,
 Сөйлегенде бүй дейді:
 – Мінгенде аттың аласын,
 Менен туған баласың.
 Халал бала тастай ма
 Атасы менен анасын?
 «Қал» дегенде, қаласың,
 Айтқан тілді аласың.
 «Қал» дегенде, қалмасаң,
 Айтқан тілді алмасаң,
 Құрттың анаң шарасын.
 Өлгенде көрген қарағым,
 Ата-анаңды зарлатып,
 Қай жаққа кетіп барасың?
 Анаң келді зарланып,
 Әкең отыр сандалып,
 Көре алмаған көп дұшпан
 Сыртыңнан келер қамданып.
 Сен кеткен соң, қарағым,
 Өледі кемпір-шалыңыз.

¹ Үшбу /көне түркі/ – осы.

² Көбеген — жас бала, балдырған.

Сансызбай болса жас еді,
Жүреміз кімге алданып?

Төлеген сонда сөйлейді:
— Қой, шешеке, жылама,
Жылағаның бола ма?
Бекер босқа, шешеке-ау,
Көзіңнің жасын бұлама.
Жиырмаға келгенше,
Маған қалың бермеген,
Тең құрбымды көрмеген,
Құм құйылсын көзіңе,
Осы екен сізге сыбаға.

Шешесі сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Келгін, балам, қайт-сана¹,
Әкеңе сырың айт-сана.
Патша қызын алсаң да
Өз еліңде жат-сана.
Біреудің тілі тимей ме?
Қартайған әкең Базарбай
Сенің үшін күймей ме?
Ел ішінде тентек көп,
Жаһан кезіп жүргенде,
«Тентіреген» демей ме?
«Ата-анасын зарлатып,
Бір қыз үшін кетті», — деп,
Дос-дұшпаның күлмей ме?

Төлеген сонда сөйлейді:
— Айналайын шешеке-ау,
Тай, құнан, қой қаңғырып,
Бұралқы болар қораға.
Бір сұлу алмай, шешеке-ау,
Сірә да көңілім тына ма?
Талап қылған ісінен
Ат басын ерлер бұра ма?
Жаман, жақсы болса да,
Алланың болар әмірі,
Өз айтқаның бола ма?
«Тілімді алмай кеттің», — деп
Ғамкүн² болып жылама.
Мен Жайықтан келгенше,

¹ Сана /араб/ — байырғы поэзия тілінде жиі қолданылатын көмекші сөз.

² Ғамкүн /парсы/ — қайғылы, көңілсіз.

Жүзіңді аман көргенше,
Тапсырдым ата-анамды
Жаратқан қадір Құдайға.

Анасы сонда сөйлейді:
– Өлкенің көркі тал болар,
Өзеннің көркі жар болар,
Жігіттің көркі мал болар.
Малың болса, қарағым,
Қара басың хан болар.
Алуа асап, іштің бал,
Жая шайнап, жедің жал,
Кетер болсаң, қарағым,
Жылқыдан таңдап қырық жорға ал.
Сансызбай болса жас еді,
Сен кеткен соң, қарағым,
Сүйеніп кімге күнелтер
Артыңда қалған кемпір-шал?

Төлеген сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
– Мінген атым аламын,
Сенен туған баламын,
Көңіліме түсіп бір қиял,
Сапар шегіп барамын.
Алла нәсіп әйлесе¹,
Бір сұлуды аламын.
Алла нәсіп қылмаса,
Ендігі сөздің қысқасы —
Меккеге таман барамын.

Әлқисса, онда анасы «Менің балам бұл сапардан қайтпайын деп талап қылған екен. Бұған ризалық батамды беріп жіберейін» деп ойлады. Баласын Алла Тағалаға, әулие-әнбиелерге тапсырып, мінәжат қылғаны:

Анасы ғаріп² жылайды,
Жылайды да толғайды.
«Қой» десе де баласы,
Оған, сірә, болмайды.
Бір сұлу қыз алмай Төлеген
Дүниеге көңілі толмайды.

Шешесі сонда сөйлейді:
«Аһ», — дедім, Құдай-а,

¹ Әйлау /көне түркі/ — істеу, жасау.

² Ғаріп /араб/ — бейшара.

Дәрғаһыңа¹ бас ұрдым.
 Сөзді сөзге ап келіп,
 Күйгенімнен жапсырдым.
 Кетер болсаң, қарағым,
 Әуелі Құдай, мен сені
 Кәміл пірге тапсырдым!
 Көл егесі, Қамбар-ау,
 Шөл егесі, Қамбар-ау,
 Қарағымға көз сал-ау!
 Рақым қылсаң, Құдай-а,
 Сенен өзге кім бар-ау?
 Ғашықтардың пірі едің,
 Ләйлі — Мәжнүн, сіз бар-ау,
 Ғашықтардың сәруары²,
 Зылиха — Жүсіп пайғамбар,
 Әйелдің пірі Бибі Бәтима,
 Баламды сізге тапсырдым!
 Адасса, жолға салып жүр,
 Сүрінсе, қолдап, алып жүр,
 Пәлекет кетсе, қағып жүр,
 Қосақтап қойдай, бағып жүр.
 Бір ғашықтың дертінен
 Қарағым менің нағып жүр?
 Хазіреті ер Сұлтан,
 Рақым қылып сіз тұрсаң,
 Баба Түкті Шашты Әзіз,
 Баламды сізге тапсырдым».

Әлқисса, бұл сөзді айтып, анасы қайтып кетті. Сонда Төлеген қасындағы жігіттерге:

— Анамның маған не айтқанын білдіңіздер ме? — деді. Жігіттер:

— Ешнәрсе білмедік — деді. Төлеген айтты:

— Мен кірекеш емеспін, болмаса, көп жігіт ертіп баратұғын жортуылшы болмасам, мұным жарамайды екен. «Жылқыдан жорға ал», — деді ғой, — деп, сол жерге тоқтайды. Қайтып келіп, жылқыдан екі жүз елу жорға алып, бірнеше күн жол жүріп, шекті деген елге келіп, шатырды тігіп, жорғаларын жайып салып, жұртқа жар салды.

— Әркім жақсы қызы болса, әкеліп көрсетсін. Өзі әкеліп көрсеткен адамға қызын алсам да беремін бір жорға, алмасам да беремін бір жорға, — дейді. Жұрт естіп, қыздарын жиып келіп көрсетті. Келген қыздар бір жорғадан алып, қайта берді. Ешбірін жаратпады. Бірнеше күнде екі жүз он қыз көрді, екі жүз он жорға берді. Сонда қасындағы сексен жігіт кеңесті:

— Бұл Төлеген малды бекер ысырап қылды. Ендігі келген қыздарды өзіміз көрелік. Жаһаннан асқан сұлу қыз болса, Төлегенге көрсетелік,

¹ Дәрғаһ /парсы/ — билік, құзыр.

² Сәруар /араб/ — басшы, көсем.

болмаса: «Төлегенді білмейміз», — деп, жасырып, көрсетпелік. Болмаса, Төлеген қалған қырық жорға біткен соң біздің астымыздағы атымызды да берер. Онан соң жаяу қалып, елден жүген алып, ат іздегеніміз жарамас, — деп, келген қыздарды даладан қайтарды.

Сонда Төлеген: «Бұл елдің қыздары сұлу деген саудагер шалдың сөзі бекер екен», — деді.

Сол уақытта алты шекті елінің ханы Сырлыбай деген бар еді. Ол ханның алты ұлы және ең кенжесі — Жібек сұлу деген жалғыз қызы болатын. Ханның Қаршыға деген ақын, жыршы уәзірі бар еді. Ханның тоғыз мың жылқысы бар еді, Қаршыға сенімді болған соң оны жылқышылардың басы қылып қойған еді. Ол Қаршыға Төлегеннің келгенін естіп, оған бармақ болды. Қаршыға: «Мен Төлегенді көрейін. Төлеген маған жақса, Қыз Жібек те жақтырар», — деп ойлайды. Бір бедеу атты алдырып мініп, Төлегенді іздеп келеді.

Отарда жатқан Қаршыға
 Бір бедеуге мінеді,
 Алладан пәрмен тіледі.
 Ойпаң жерден орғытып,
 Жарлау жерден ырғытып,
 Тегіс жерден сырғытып,
 Аяңдамай, желеді.
 Сексен жігіт елшіге
 Салып жетіп келеді,
 Келіп, сөйлей береді:
 — Асу да асу — бел, — дейді, —
 Аса бір соққан жел, — дейді. —
 Сексен жігіт ішінде,
 Базарбайдың баласы
 Төлеген мырза кім? — дейді.

Басыр, басыр, басыр-ды,
 Аққа құлпы жасыл-ды.
 Сексен жігіт ал сонда
 Төлегенді жасырды.

— Мінгенде атың дөнен-ді,
 Көкке тойған көбен-ді.
 Біз білмейміз, Қаршеке-ау,
 Төлеген мырза дегенді.

Сонда Қаршыға бұлардан «жол болсын» сұрап айтқаны:

— Ассалаумағалейкүм, көп жігіттер!
 Сайланған бәрің бірдей бек жігіттер.
 Сайланып шыға қапсыз табыңыздан,
 Сөйлей тұр сөзің болса, ей, жігіттер!

– Келеміз елімізден біз жолаушы,
Бет алып шыққан жерім Көкбояушы.
Үйірін қысырақтың жауға алдырып,
Келеміз сұрау салып біз сұраушы.

– Күн көріп жүруші едім өнерменен,
Төтелеп келдім сізге кемерменен.
Көрдім де қараларың, жанай шаптым,
«Баласы Базарбайдың» дегенменен.

– Келіпсіз біздің көріп қарамызға,
Сұраққа жауап таппай қаламыз ба?
Сыртынан Базарбайды естуші едік,
Төлеген біздің жоқ-ты арамызда.

– «Әр жерде асып туған тегім» деп ем,
«Төлеген жұрттан асқан бегім» деп ем.
Сұрасам жолаушыдан, сіздер дейді,
Жасырдың Төлегеннің несін менен?
Осынша ол Төлеген жасырынып,
Ол өзі кімнің ұрлап ақын жеген?

Әлқисса, ол кезде Төлеген шатырда жатыр екен. Қаршығаның сөзін естіп, «Бұлар мені неге жасырып тұр?» — деп сығалап қараса, Қаршығаның түрі жақсы адам екен. Шатырдың есігінде тұрған көп жігіттерге «былай тұр» демей, шатырдың іргесін көтеріп шығып, Қаршығаға өзін танытып, бір сөз деді:

– Ассалаумағалейкүм, Қаршеке!
Мен едім Базарбайдың Төлегені,
Қозының ерте туған көбегені.
Қаршекем араз ба еді бұрын маған,
Қасыма танып тұрып келмегені?

Мен едім Базарбайдың үлкен ұлы,
Алланың шыныменен сүйген құлы.
Қаршекем сәлем берсем, қарамайды,
Бар еді Төлегеннің неден міні?

Осы келген Қаршыға
Табынан асқан ер еді.
Шетте тұрған Қаршыға
Төлегенге келеді,
Келіп сөйлей береді:

– Ауыл алды бел, — дейді, —
Белден көшкен ел, — дейді, —
Сексен жігіт ішінде

Базарбайдың баласы
Төлеген мырза сен, — дейді. —
Нәсіліңе қарасам,
Қас патшамен тең, — дейді. —
Мен жайымды айтайын,
Алты шекті елінде
Сырлыбай ханның уәзірі —
«Қаршыға жыршы» мен, — дейді. —
Төлеген болсаң сен, — дейді, —
Кел, соңымнан ер, — дейді. —
Жұртқа берген олжаңнан
Бүлдірмей маған бер, — дейді. —
Мен бір сұлу табайын,
Патшамыздың жалғызы —
Аты Жібек, сұрасаң,
Кереметім көр, — дейді.

Базарбайдың Төлеген,
Қаршығадай ақынның
Бұл сөзін мақұл көреді.
Айдап жүрген жорғадан
Екі жорға береді.
Сексен жігіт елшіден
Бес жігітті бөледі.
Өзгесін елге қайтарып,
Қаршығамен ілесіп,
Ақжайыққа жөнеді.

Неше дүркін бел болып,
Ойпаңды жер қыр болып,
Төлегеннің сөздері
Соңғыларға жыр болып.
Ойынға бала шығады,
Айдын көлдің шетіне,
Адам қарап болмайды,
Ер Төлеген бетіне.
Қамшы басып кіш-кіштеп,
Көкжорға аттың к...іне.
Дәл сегіз күн жол жүріп,
Аз ғана емес, мол жүріп,
Сонда жеткен секілді
Ақжайықтың шетіне.

Құланнан атты қодықты,
Көлден тартты борықты.
Арада неше қонышты,
«Жетемін» деп зорықты.

Сәске мезгіл болғанда,
Қыз іздеген Төлеген
Көшкен бір елге жолықты.

Әлқисса, Қаршыға айтты: «Біздің ел жайлауға қарай бұзыла көшкен екен. Мен енді Жібекті Төлегенге көш-жөнекей көрсетейін. Сіздер асықпай түстеніп, артымыздан жай келіңіздер», — деп, қасындағы бес жігітті сол жерге тастап кетеді. Екеуі қалың көшті аралап, аттарына қамшы басып, «шүү» деді.

Базарбайдың Төлеген
Талай көштен өтеді,
Сонда бір көшке жетеді.
Көш алдына қараса,
Бір қыз кетіп барады.
Шытырма көйлек етінде,
Нұр сәулеті бетінде,
Бұралып кетіп барады,
Перінің қызы секілді.
Өзі он төрт жасында,
Жарқыратып маңдайын
Айырып қойған кекілді.
«Осы екен, — деп, — Қыз Жібек»,
Жетіп келді қасына
Базарбайдың Төлеген.
Артынан келіп Қаршыға:
«Жібек емес», — деген соң
Онан бір өтіп жөнеген.

Енді онан өтеді,
Және бір көшке жетеді.
Көш алдына қараса,
Бір қыз кетіп барады.
Таң мезгілі болғанда,
Шолпанның туған жұлдызы,
Кигені алтай қырмызы.
Пейіштен шығып келмесе,
Бұл жалғанда хор қызы.
Сондай-ақ болып туар да
Адамзаттың бір қызы.
«Осы екен, — деп, — Қыз Жібек»,
Жетіп келді қасына
Базарбайдың Төлеген.
Артынан келіп Қаршыға:
«Жібек емес», — деген соң
Онан да өтіп жөнеген.

Қаршығамен ілесіп,
Төлеген көңілі түзелді,
Асығып жүрді тез енді.
Бір көрмекке Жібекті
Төлеген мырза кезенді.
Қаршыға мен Төлеген
Жағалай салды өзенді.

Сол уақытта алдынан
Бір көш шықты түбектен.
Көш алдына қараса,
Бір қыз кетіп барады.
Отыз түйе жетелеп,
Сары мая үлектен.
Мұрындығы сары жез,
Бұйдасын ескен жібектен.
Толған айдай толықсып,
Ақ сазандай бұлықсып,
Бұралып кетіп барады,
Неше алуан қылықсып.

Мұны көріп Төлеген,
Атының басын бұрады,
Әңгіме-дүкен құрады.
«Осы ма — деп, — Қыз Жібек?»
Қаршығадан сұрады.
Қаршыға жетіп келеді,
Әзіл айтып, күледі:
«Бұл емес, — деп, — Қыз Жібек»,
Онан да өтіп жөнеді.

Онан өтіп Төлеген
Атына қамшы басады.
Тұлпардан туған Көкжорға ат
Аузынан көбік шашады.
Жер тарпынып жануар,
Ауыздықты басады.
Алдындағы белестен
Орағытып келіп асады.
Белестен түсіп, желеді,
Ойға түсіп келеді,
Тағы айқасты бір көшке.

Көш алдына қараса,
Бір қыз кетіп барады.
Жанасалай сұлудың
Қасына жетіп келеді,
Төлеген мырза көреді.

Көш алдында сұлудың
Он қыз нөкер қасында,
Өзі он бес жасында.
Ақ маңдайы жалтылдап,
Танадай көзі жарқылдап,
Алтын шашбау шашында.
Қырық нарға жүк арттырған,
Қымқап зерлі кілемді
Жүк үстіне жаптырған.
Қазинелі қырық нарға
Жібектен арқан тарттырған.
Әсемдіктің бәрін де
Бұл жаһаннан арттырған.
Дүрия бешпент белсеніп,
Бұл дүниені кең салып,
Алтынды қамшы қолға алып,
Әбжыландай толғанып,
Бұралып кетіп барады,
Жын соққандай теңселіп.
«Осы екен, — деп, — Қыз Жібек»,
Жетіп келді қасына
Базарбайдың Төлеген.
Артынан келіп Қаршыға:
«Жібек емес», — деген соң,
Онан да өтіп жөнеген.

Тау басында қарағай,
Төлегеннің мінезі
Болып кетті баладай.
Осындай болып әр жерден
Он бір қыз өтті сәулетпен
Бәрі де қалды жарамай.

Тағы айқасты бір көшке,
Көш алдына қараса,
Бір қыз кетіп барады,
Орта бойлы, дембелше,
Алтынды қамзол жейдеше.
Сипатына қараса,
Бұрынғы қыздан өзгеше:
Алтын шыны кеседей,
Екі көзінің шарасы.
Пейіште жанған шамшырақ
Көзінің гауһар қарасы.
Туған айдай иілген
Екі қастың арасы.
Сымға тартқан күмістей

Он саусақтың саласы.
Сондай-ақ болып туар да
Адамзаттың баласы.
«Осы екен, — деп, — Қыз Жібек»,
Жетіп келді қасына
Базарбайдың Төлеген.
Артынан келіп Қаршыға:
«Жібек емес», — деген соң,
Онан да өтіп жөнеген.

Енді онан өтеді,
Және бір көшке жетеді.
Көш алдына қараса,
Бір қыз кетіп барады.
Қара жорға мінгені,
Қара торқа кигені,
Екі көзі сүрмелі.
Бұл сияқты перизат,
Қыз іздеген Төлеген
Жоқ еді сірә көргені.
Сексен түйе қомдаған,
Сексені де болмаған.
Сексен түйе үстінде
Алтынды жағдан орнаған.
Асфәһани кілем бар,
Жібектен гүлін торлаған.

Қыз сипатын қараса,
Ақ бетінде кіршік жоқ,
Айдын көлдің қуындай.
Екі көзі жалтылдап,
Патшаның алтын тонындай.
Сөйлеген сөзі мазалы
Әб зәмзәм суындай.
Аузынан шыққан лебізі —
Сары алтынның буындай.
«Осы екен, — деп, — Қыз Жібек»,
Жетіп келді қасына
Базарбайдың Төлеген.
Артынан келіп Қаршыға:
«Жібек емес», — деген соң,
Онан да өтіп жөнеген.

Онан өтіп Төлеген
Атқа қамшы салады.
Тұлпардан туған Көкжорға ат
Көзі оттай жанады.

Сымға тартқан күмістей
Сүмбілдей болып жарады.
Тағы айқасты бір көшке,
Көш алдына қараса,
Бір бәйбіше нұр жүзді
Көшті тартып барады.

Көш алдында бәйбіше
Сары алтыннан жабдығы.
Екі жүз түйе қазине,
Қызыл алтын сандығы.
Ағажүніс¹ перідей
Көркі раушандығы.
Жазығы қатын демесең,
Қартайса да ілгері
Әлгі қыздан салдығы.
Айдың өткен нешесі,
Ай қараңғы кешесі.
Жазығы қатын демесең,
Қартайса да ілгері
Әлгі қыздан мүшесі.
Асылдай болып есіліп,
Нұрдай болып шешіліп,
Ақ маңдайы жарқылдап,
Танадай көзі жалтылдап,
Алтыңды кебіс сартылдап,
Көшті тартып барады
Жібекті тапқан шешесі.

Берсе Тәңірі жігітке
Ертесі мен кеші не?
Ертеңгі күн бесінде,
Зорға жеткен секілді
Қыз Жібектің көшіне.
Көш сәулетін қараса,
Асфһанның жауһары,
Ыстамбұлдың гауһары.
Тамаша қылған адамның
Тояды көзінің баһары².
Есебі жоқ дүниені
Есептелік несіне.
Келсе, Жібек жоқ екен
Сол секілді көшінде.

¹ Ағажүніс — Көрұғлының әйелі.

² Баһар /парсы/ — нұр, жанар.

Мұны көріп Қаршыға
 Атының басын бұрады,
 Әңгіме-дүкен құрады:
 «Жібекжан қайда кеткен?» — деп,
 Әккі болған Қаршыға,
 Шешесінен сол жерде
 Сылтауратып сұрады.
 «Жібекжан ерте кеткен, — деп, —
 Болжалды жерге жеткен, — деп, —
 «Көшпенен бірге жүргенде
 Бетіме тозаң тиер», — деп,
 Көк пәуеске күймемен
 Азаннан тұрып кеткен», — деп,
 Шешесінің сол жерде
 Бұларға берген жауабы.

Әлқисса, енді Төлеген мен Қаршыға Жібектің шешесінен бұл сөзді естіп, көштің алдына шықты. Жібектің арбасының ізі және көш басшыларының ізінен басқа із жоқ екен. Оны көріп, аттарына қамшы басып, «шүү» деді.

Найзасы аумай қолынан,
 Желі тұрып оңынан,
 Ай мүйізді қошқардың
 Бөрі тартар қоңынан.
 Төлеген сонда жөнелді
 Кеткен Жібек соңынан.
 Базарбайдың Төлеген
 Енді белін түйінді,
 Асыл киім киінді.
 «Бағымды, Алла, ашқын!» — деп,
 Пірлеріне сиынды.

Атқа салды сәндікке,
 Төгілдіріп кілемді.
 Енді ойланып Төлеген
 Келгеніне өкінді.
 Тұлпардан туған Көкжорға ат
 Орқояндай секірді.
 Қаршығаменен ілесіп,
 Атқа қылды өкімді.
 Ертеңгі күн бесінде,
 Қыз Жібектің ізімен
 Келе жатқан секілді.

Алмас қылыш сартылдап,
 Алтынды жүген жарқылдап,

Көкжорға тұлпар қырланды,
 Екі көзі жалтылдап.
 Өмілдірік сом алтын
 Омырауда алқылдап,
 Солқылдайды қара жер
 Көкжорға ат басса былқылдап.
 Ұршықтай саны бұлтылдап,
 Құйындай шаңы бұрқылдап,
 Алмас қылыш белінде,
 Қолында найза қылтылдап.
 Төрт тұяқтан шыққан от
 Шақпақ тастай жылтылдап.
 Құлақ салсаң, дабысы
 Тау суындай сыңқылдап.
 Қолтығынан аққан тер
 Төгіледі шылқылдап.

Шамның жанған шырағы,
 Жақынның болмас жырағы.
 Жеті қырдан асқанда,
 Күлдірлеген қоңырауды
 Есітті сонда құлағы.
 Шапса, балта өтер ме
 Шағырлаудың тасына?
 Нелер келіп, не кетпес
 Ер жігіттің басына?
 Қоңырау дауысы келген соң,
 Көкжорға атты ағызып,
 Жетіп бір келді қасына.

Әлқисса, Төлеген арбаның қасына келіп, алдына бір шықты, артына бір шықты. Жібекті көре алмады, пәуескенің¹ қақпағы жабулы. Үш қара жорға атты тройкеге² жегіп бара жатыр екен. Қайтерін білмей, артына қараса, Қаршыға көз ұшында қалған екен. Тағат қылып тұра алмады және көшірінде отырған кісі жоқ, Жібектің ешнәрсеменен ісі жоқ. Сонда Төлеген қызды шақырып айтқаны:

«Кім бар, — деп, — бұл күймеде?» дауыстады,
 Ақылын ашуланып тауыспады.
 Төлеген үш қайтара шақырса да,
 Қыз Жібек сөйлесуге намыстанды.

Төлеген сонда тұрып қапа болды,
 Өзінің елін ойлап, іші толды.

¹ Пәуеске — күймелі жеңіл арба.

² Тройке — үш ат жегілген күйме.



Қыз Жібектің күймесі.
Суретші К.Я. Баранов

«Қыз түгіл өз елімде еркек қорыққан
Қайран басым, бұл жерде бекер болды.

Өз елімде тең едім хан затымен,
Алдыма келмеуші еді жан атымен.
Мынау қыз жауап бермей, қапа қылды,
Жүргенсіп өз елінде сәулетімен».

Төлеген қапа болып, қалды тұрып,
Атының кейін қарай басын бұрып.
Сол уақта Қаршыға да жетіп келді,
Сөйлеспей Жібек кетті Құдай ұрып.

Қаршыға Төлегенге келді жетіп,
Атына қамшы басып, екпіндетіп.
Төлеген Қаршығаға сөз сөйлейді:
«Кетгі, — деп, — жауап бермей, қапа етіп».

Әлқисса, сонда Төлеген:

— Бұл Жібек маған жауап бермейді, бұл қалай? — деп сұрайды. Сонда
Қаршыға:

— Мұның бектігі бар, ешкім бұған ондай дауыстап сөйлескен емес.
Енді мен сөйлесейін, — дейді. Қаршығаның Жібекке келіп айтқаны:

— Ұядан ұшқан балапан
Қанатгарын тарайды.
Асыл туған анадан
Әрбір іске жарайды.
Сенің үшін құрметіңе, қарағым,
Тігемін алтын сарайды.
Данышпан адам дүниенің
Парасатын қарайды.
Ақы алып қызмет қылғанды,
Оны да іске санайды.
Көтергін, Жібек, басыңды,
Ертіп келдім бір жігіт
Тап өзіңе лайық,
Жақтырмап едің талайды.

Басыңды көтер, Жібекжан,
Құлағың салып сөзіме.
Қасымда тұр бір жігіт
Тап лайық өзіңе.
Нұр жігіттей жүзі бар,
Бал-шекердей сөзі бар.
Талай бекзат көріп ем,
Мыңын жисаң осының

Жетпейді басқан ізіне.
 Қаршыға сынды көкеңді
 Қапа қылмай, қарағым,
 Бір қарашы жүзіне.

Сонда Жібек сөйлейді,
 Сөйлегенде бүй дейді:
 – Көке болмай, жерге кір,
 Салмаймын құлақ сөзіңе.
 «Бай тауып маған әкел», – деп,
 Қашан айттым өзіңе?
 Жөндеп баққын малыңды,
 Беталдыңа сандалмай,
 Жолама менің ізіме.
 Екі тайға ұялмай
 Мені сатып сыртымнан,
 Не бетіңмен сөйлейсің,
 Көрінбей жөнел көзіме!

Қаршыға сонда сөйлейді:
 – Рас менің, Жібекжан,
 Екі жорға алғаным.
 Неге айтайын сөзімнің
 Расын айтпай, жалғанын.
 Мақұл ма екен, Жібекжан,
 Сөздің жөнін байқамай,
 Өтірік жанжал салғаның?

Екі жорға мен алдым,
 Төлегенге дос болып.
 Нан, қарағым, сөзіме,
 Көңілің маған хош болып.
 Жолыңа сенің басымды
 Бәйгеге тігіп мен келдім,
 Сегіз күн ұдай жол жүріп,
 Ерте көшіп, кеш қонып.
 Басыңды көтер, Жібекжан,
 Қайтпасын еңбегім еш болып.

Әлқисса, сонда Жібек: «Бұл Қаршыға адамсынып келген екен. Бұған көрінбесем, ұят болар, әбден бетімді ашып отырсам, тағы жарамас», – деп ойлайды да бетін бір ашып, жарқ етіп көрініп, амандасты да қайтадан бетін жауып, пәуескенің қақпағын түймелеп, жатып қалды. Қасында үш қыз бар екен. Сол уақытта Жібектің сипаты Төлегенге бұл сықылды көрінді.

Әлқисса, сондағы Жібектің порымын¹ баян қылалық.

Қыз Жібектің құрметі,
Жаһаннан асқан сәулеті.
Ләйлі — Мәжнүн болмаса,
Өзгеден артық келбеті.
Үш қызы бар қасында-ай,
Өзі он төрт жасында-ай,
Кебісінің өкшесі
Бұхардың гауһар тасындай.
Ақ маңдайы жалтылдап,
Танадай көзі жарқылдап,
Алтын шашбау шашында-ай.
Қыз Жібектің дидары —
Қоғалы көлдің құрағы.
Көз сипатын қарасаң —
Нұр қызының шырағы.
Дүр жауһар сырғасын
Көтере алмай тұр құлағы.
Бой нұсқасын қарасаң,
Бектердің мінген пырағы.

Қыз Жібектің ақтығы —
Наурыздың ақша қарындай.
Ақ бетінің қызылы —
Ақ тауықтың қанындай.
Екі беттің ажары —
Жазғы түскен сағымдай.
Білегінің шырайы —
Айбалтаның сабындай.
Төсінде бар қос анар
Нар бураның санындай.
Оймақ ауыз, құмар көз,
Іздеген ерге табылды-ай.
Өткірлігін байқасаң,
Ұсталар соққан кетпендей,
Нұр тұқымын еккендей.
Екі ауыз сөз сөйлескен
Мұратына жеткендей.
Тірісі түгіл Жібектің
Өлігіне адам қайырылып,
Бетінен келіп өпкендей.

Қыз Жібекті Төлеген
Ақылменен танып тұр,
Көз мейірі қанып тұр.

¹ Порым /орыс/ — сыртқы пішін, түр.

Пейіштен жанған шамшырақ,
 Көзі жайнап жанып тұр,
 Белі нәзік талып тұр.
 Тартқан сымнан жіңішке,
 Үзіліп кетпей нағып тұр.

Әлқисса, енді Төлеген: «Жаһанда бұл сипатты әйел затын көргенім жоқ еді. Енді мұны алайын. Оған шейін бір-екі ауыз сөз сөйлесіп кетейін, бекер кеткенім жарамас», – деп ойлайды. Жамандауға тал бойынан тарыдай мін таба алмай, байлығынан хәм кемдік таба алмай, «Кесірлі екенсің» деп айтайын», – деп, Төлегеннің айтқан сөзі:

– Басыр, басыр, басыр-ау,
 Аққа құлпы жасыл-ау.
 Басыңды көтер, әй, Жібек,
 Төлеген келді қасыңа-ау!
 Қыз басыңмен алшақтап,
 Бүйте берме, әй, Жібек,
 Жұртыңа тиер кесірі-ау.
 Қыз Жібек мінген күймесін,
 Күймеге тағып түймесін.
 Қыз басыңмен алшақтап,
 Бүйте берме, әй, Жібек,
 Кесірің жұртқа тимесін!

Жібек сонда сөйлейді
 Сөйлегенде бүй дейді:
 – Олай болса, Төлеген,
 Мен жайымды айтайын:
 Ағыным судай ағады,
 Халқым малдай бағады,
 Жұртым қойдай қағады.
 Менің қылған кесірім,
 Саған кесір болса да,
 Өзіме майдай жағады.
 Жалғыз атты жолаушы,
 Жақындамай, әрмен тұр.
 Үстімдегі кесірлер
 Саған таман барады.
 Ат байлаған шағыр тас,
 Арқама біткен қолаң шаш.
 Қайдан келіп кез болдың,
 Қаңғырып өскен бір қубас?
 Жалғыз атты жолаушы,
 Кесірім ұрып кетпесін,
 Қасыма келмей, аулақ қаш!

Төлеген сонда сөйлейді
Сөйлегенде бүй дейді:
– Қыз Жібек мінген күймесін,
Күймеге тағып түймесін.
Қайдан білдің, Жібек-ау,
Іздеп келген Төлеген
Мал беріп сені алмасын,
Алып, қойныңа енбесін,
Ақ төсіңе мінбесін?

Сонда Жібек сөйлейді:
– Жақсы айтасың, Төлеген,
Сіздей-сіздей әр жерден,
Неше жігіт келмеген.
Бәрі де айтқан: «Жібек-ау,
Сені алмасам», – деген.
Көбісі келмей сеніме,
Бидаргах¹ болып жөнеген.
Келсең кел шындап қасыма,
Шай мамығым басыңа,
Ап жатпас па едім қасыма.
Алуа, шекер беремін
Ішетұғын асыңа.
Келсең келгін, Төлеген,
Құрметім мұндай менікі,
Келмесең, әрмен кете бер,
Бар дамбалым басыңа.

Әлқисса, сонда Төлеген:

– Олай десең, мен саған жеңген жерде сөйлесейін, – деп, атының басын бұрып алып, Қаршығаны басшы қылып жүріп, екі жүз елу ат сатып алды. «Осының бәрін батааяққа берсем де құда болармын», – деп екі жүз елу жылқыны алдына салып айдайды. Сырлыбай ханның артынан құалап келе жатыр еді, алдынан он шақты жасауыл шыға келді. Сәлем берісіп, жол сұрасты. Сонда жасауылдар:

– Біздің ханымыз ашуланып жатыр. «Қаршығаның қылып жүргені немене? Менің сыртымнан билеп, Жібегімді бір қаңғырған жалғыз атты жолаушыға көрсетіп жүр екен. Басын базарға салып жүргені қалай? Ол Қаршығаны жігітімен бірге алып келіңдер, екеуінің де жазасын берейін!» – деп, бізді жіберді», – дейді.

Сонда Қаршыға: «Олай болса, жүріңдер, өзіміз де келе жатырмыз», – деп жауап береді. Заулап ауылға жақын келген соң қараса, хан бектеріменен төбенің басына шығып отыр екен. Оны көрген Қаршыға Төлегенге: «Біз жасырынып, тасада тұралық, жолдастарыңмен өзің бар. Төлеген екеніңді біліп, ашуланғанша өзі де жөнделіп қалар. Бізді көрген

¹ Бидаргах /парсы/ – Құдайсыз.

соң ашуланып отырғанда жарамас», — дейді. Төлеген жылқыны ауылының үстіне жая салып, төбенің басында отырған хан мен бектерге келіп, сәлем береді.

Төлегеннің айтқаны:

— Болғанда айдай әлем, күндей күлем,
Аузымды ашсам денемнен қайнайды өлең.
Отырған мәслихат қып ақсақалдар,
Сіздерге Төлеген кеп берді сәлем!

Сонда олардың Төлегенге берген жауабы:

— Уағалейкүмассалам, жаным балам,
Жүріпсіз ат жаратып бәрің тамам.
Келіпсіз ат сабылтып алыс жерден,
Сөйлей тұр сөзің болса, шыраққанам.

Төлеген сөйлейді:

— Ойлаймын келе жатып ақыл-айла,
Ойлаған ақыл-айла жанға пайда.
Ат сабылтып келеміз алыс жерден,
Жібек сұлу дегеннің ауылы қайда?

Хан сөйлейді:

— Бәріңнің бір-бір бедеу мінісіңіз,
Ойын-күлкі сәулетпен жүрісіңіз.
Жібек сұлу дегеннің ауылы жақын,
Бар еді, балам, қандай жұмысыңыз?

Төлеген сөйлейді:

— Көріп ем Қыз Жібектің бұрын түсін,
Бітпеген еш пендеге ондай пішін.
Қыз Жібек Төлегенге тимек болған,
Қаршекем арасында жүрмек болған,
Келемін ат шаршатып соның үшін.

Хан сөйлейді:

— Тіккені саудагердің қосы ма еді?
Ғайып ерен Қырық шілтен досы ма еді?
Кешегі Төлегенді жамандаған
Көп дұшпан көре алмаған қасым ба еді?
Жібегім тисе тисін, өз теңі екен,
Кешегі айтқан Төлеген осы ма еді?

Жібегім Төлегенді көрген екен,
Жібекжан енді өлмесін білген екен.
Ризамын Қаршығама не қылса да,
Кемітпей тең құрбыдан жүрген екен.

Әлқисса, енді Төлеген:

— Хан, мен көп сөзді білмеймін, батааяққа не аласыз? — дейді.

— Батааяққа осы айдап жүрген жылқыңның бәрін аламын, — деп жауап береді хан. Төлеген оған:

— «Енді осынша жылқы қос» деп айтады екен деп едім, бұған разы болсаңыз, үйіңе бар, тойыңды қыл, — дейді. Хан той қылмақ болып үйіне барды. Төлеген жігіттерімен бір төбенің арғы жағына барып түсіп, шатырын тігіп, қанша өнерлі жігіттерді жиып алып, ойын-күлкі қызықпен жата берді.

Кешіне қырық қатын жиылып: «Жібекті Төлегенге алып барамыз», — деп, жеңгелік сұрады. Төлеген қатын басына бір жамбыдан¹ берді. Бұл іске қатындардың ақылдары шығып, Жібекті үш күн аңдып, қолдарына түсіре алмады. Қырық қатын Жібекті аңдып жата берсін.

Ол ел алты арыс шекті деген ел еді. Алты арыс шектіден алпыс жігіт кеңес қылып:

— Әй, жігіттер! Жібекті шынымен жіберіп, қала береміз бе? — дейді. Енді біреуі:

— Төлеген тірі тұрғанда, Жібек бізге тимейді, — дейді. Онда алпыс жігіт:

— Олай болса, Төлегенді өлтірелік! Қайтіп өлтіреміз, күндіз-түні қасынан думан тарамайды? — деп кеңеседі.

— Жібектің қасына алып барғанын аңдып тұралық. Сол уақытта қызбен екеуі оңаша қалғанда өлтірейік, — деп уәде қылысты.

Олардың бұл мәслихатын бір мүсәпір естіп, келіп, Төлегенге баян қылды. Төлеген мұны естіп, дереу Қаршығаны шақыртты. Қаршыға келіп: «Мені бір жұмысқа шақырдыңыз ба?» — деп сұрайды. Төлеген мұңайып, төмен қарады.

Сонда Қаршыға сөйлейді:

— Көлге біткен құрағым,
Суырылып озған пырағым.
Ақ орда болды кіргенің,
Қызық дәурен сүргенің.
Ешбір пенде көрген жоқ
Бұл күнде сенің көргенің.
Неге қапа боласың?
Біреудің тілі тиді ме,
Естісін, айтшы, құлағым?
Ертелі-кеш әр уақта
Жад етемін пірімді.
Қорқып қалдым, Төлеген,

¹ Жамбы — әртүрлі пішінде құйылған таза күміс.

Көрген соң сенің түріңді.
Тірі болсам, табайын
Көңіліңдегі кіріңді.
Неге маған мұңайдың,
Айтсаңшы, жаным, сырыңды?

Төлеген сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Әй, Қаршеке-ау, Қаршеке-ау,
Мен сырымды айтайын.
Құдай басқа салған соң,
Сізге айтпай, қайтейін?
Жібекке ғашық көп екен,
Едіреңдеген неме екен.
Еліңде қанша жігіт бар,
Іші толған кір екен.
Төлеген сынды мырзаңды
«Өлтіремін» дер екен.
Жалғыз жатқан жерімде
Жазым боп кетсем қайтемін?

Қаршыға сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Асу да асу — бел, — дейді, —
Аса бір соққан жел, — дейді. —
Төлеген болсаң сен, — дейді, —
Кел, соңымнан ер, — дейді. —
Өлтіретұғын кім екен,
Кереметім көр, — дейді.

Базарбайдың Төлеген
Қаршығадай ақынның
Бұл сөзін мақұл көреді,
Алдырып атын, мінеді.
Қаршығамен ілесіп,
Шаңқай түсте ауылға
Шатырдан шыға жөнеді.
Алты шекті елінде
Қаршығаға сенеді.
Иілмей, тіпті бүгілмей
Ауылға жетіп келеді.
Сырлыбайдың алты ұлы
Алтауы бірдей бөрі еді.
Ең кенжесі Жиренбай,
Сол жылы түскен отауы,
Сонда келіп енеді.
Басшы болған Қаршыға

Кереметін көргізді.
Төлегенді атымен
Шаңқай түсте ауылға
Іркілместен жүргізді.
Жиренбай мырза үйіне,
Жаңа түскен отауға
Ертіп келіп кіргізді.

Әлқисса, бұларды шеттегі отауға кіргізіп, төсекті жайлап салып беріп:
«Енді мен сіздерге қызмет қылайын», — деп шығып бара жатады. Төлеген
Қаршығаның етегінен ұстап тұрып айтқаны

— Асу да асу — бел, — дейді, —
Аса бір соққан жел, — дейді. —
Анықтап бүгін көрейін,
Жібекті ертіп кел, — дейді. —
Кеше бердім қос жорға,
Берейін бүгін үш жорға,
Бесеу қылып мін, — дейді. —
Осы шаңқай талтүсте
Ертіп келгін Жібекті,
Айналайын Қаршеке-ау,
Жігіт болсаң шын, — дейді.

Келген осы Қаршыға
Епті туған ер еді.
Ептіліктің белгісі —
Жібекке жетіп келеді.
Келіп, сөйлей береді:
— Айналайын Жібегім,
Шыныдан аппақ сүйегің.
Осы емес пе еді Құдайдан,
Қарағым, сенің тілегің?
Басыр, басыр, басыр-ды,
Аққа құлпы жасылды.
Қаршыға көкең келгенде
Көтергін, шырақ, басыңды.
Ат байлаған ақыр-ды,
Көк түскен жер тақыр-ды.
Шеттегі отау ішінде,
Жаңа түскен жеңешен,
Қарағым, сені шақырды.

Сонда Жібек сөйлейді:
— Ау, Қаршеке-ау, Қаршеке-ау,
Өзің шешен, батырсың,
Шешендікпен айтасың.

Кеше алдың қос жорға,
Бүгін алдың үш жорға —
Бәрі болды бес жорға.
Сыйғыза алмай Құдайға
Жазып бір келген кәпірсің.
Ау, Қаршеке-ау, Қаршеке-ау,
Мінгенде атың қарагер,
Барайын өзім, бара бер.
Шақырғанда, бармасам,
Қаршекем тілін алмасам,
Ақыр бір күн болармын
Сол жігітке қызметкер.

Қаршыға сөзін есітіп,
Жібек енді түйінді,
Асыл киім киінді.
— Шақырғанда бармасам,
Қаршекем тілін алмасам,
Ақыр бір күн болармын
Сол жігітке сүйінді.
Абиыр алсын Қаршекем,
Бармай қалсам қиын-ды.

Қаршығадан өзгеге
Жібектен жауап алмағы
Қиын-қыстау іс еді.
Жібектің жайын сұрасаң,
Асыл туған анадан
Шаһизада кісі еді.
Кісі бойы кереует,
Алтын тақтың үстінен
Қояндай қарғыш түседі.
Ақ маңдайы жарқылдап,
Танадай көзі жалтылдап,
Алтынды кебіс шыртылдап,
Жүйрік аттай ойқастап,
Құнан қойдай бой тастап:
«Қалмайын, — деп, — ұялып»,
Жан-жағын қарап байқастап.
Кер маралдай керіліп,
Сары майдай еріліп.
Тәңірі берген екі аяқ,
Бір басарға ерініп.
Үйден шықты Қыз Жібек
Көрінген көзге дүниенің
Баршасынан жиреніп.
Ауыл алды бел еді,

Белден көшкен ел еді.
Атқан оқтай жылысып,
Орқояндай ығысып,
Қылаң етіп, қылт етіп,
Сылаң етіп, сылт етіп,
Мықындары былқылдап,
Тау суындай қылтылдап,
Сүмбіледей жылтылдап,
Буындары бұлтылдап,
Айдынды туған Қыз Жібек
Отауға қарап жөнелді.
Ғашық жарын көрмекке,
Қызмет қылып бермекке,
Шаһизада¹ Қыз Жібек
Жалт-жұлт етіп келеді.

Сол уақытта қарасаң,
Қыз Жібектің дидары
Нұр ішінде піскендей.
Қыз Жібектің екпіні
Пейіштен самал ескендей.
Қыз Жібекті бір көрген
Шыбын жаннан кешкендей.
Сылдырлап Жібек жөнелді,
Неше түрлі сәулетпен
Іңірде шайтан көшкендей.
Құланнан атты қодықты,
Көлден тартты борықты.
Бір көрмекке ынтық боп,
Төлеген мырза шонықты².
Талма түстің шағында,
Ақ отаудың ішінде,
Айдынды туған Қыз Жібек
Төлегенге жолықты.
Моллалар басы қосылса,
Мәселе кітап оқыр-ды.
Насихатты жақсылар
Ақылменен тоқыр-ды.
Айдынды туған Қыз Жібек,
Төлегеннің мойнына
Асыла барып отырды.

Төлеген сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:

¹ Шаһизада /парсы/ — хан қызы.

² Шонықты — «жақсыны» деген мағынада.

– Келдің, Жібек, қасыма,
Отыра кеттің асыла,
Кешегі сәлдең қай жақта?
Той болады салсаң басыма.

Жібек сонда сөйлейді:
– Қынама бешпет қынадым,
Әзілмен сізді сынадым.
Сынамаққа бір сөзді,
Әзіл қылып айтып ем,
Әлі ұмытпай жүр ме едің,
Төлеген мырза, шырағым?

Екі ғашық қосылып,
Әңгіме-дүкен құрады.
Екеуінің суреті
Ләйлі – Мәжнүндей болады.
Екі бекзат қосылып,
Күндей балқып толады.
Екеуінің нұрына
Көрген жанның барлығы
Тамаша, қайран қалады.
Ойын-күлкі сәулетпен
Жездеңіздің қасында,
Кеш батқанша отырды.
Кеш батқан соң апаңыз
Күйеуге төсек салады.
Төсекті жайлап салған соң,
Жатар мезгіл болған соң,
Жездеңіздің мойнына
Асыла барып құлады.
Ендігі сөздің қысқасы,
Айтушы ердің ұстасы,
Біз де соны айтамыз,
Бұрынғылардың нұсқасы.
Сығалап атқан ақберен
Қалаған жерден ұрады.
Қаршыға ілген үйректей
Жұмарлап, мойнын бұрады.
Төбетейін¹ сындырды,
Жібек сынды апаңыз
Жас құлындай шыңғырды.
Саулы іңгендей ыңқылдап,
Ұршығы қолда сылқылдап,
Екі ғашық қосылып,

¹ Төбетей – тебетей, тақия.

Көңілдері тынады.
Жібек байғұс орнынан
Ақсай басып аяғын,
Жорғалап зорға тұрады.

Әлқисса, Төлеген үш ай жатып, қалыңдық ойнап, бір күні еліне қайтпақ болды. Аттарын байлап қойып: «Сол күні түннен жүреміз», – деп отырған күні Жібек түс көреді. Түсінен шошып оянып, кіші жеңгесін шақырып алып: «Төлегенге барып айтқын, тілімді алса, жүрмесін», – дейді.

Шақырып алды Қыз Жібек
Өзінің жақын жеңгесін,
Омырауда алтын теңгесін.
Сырласатұғын жерінде
Келтірмейді екен өңгесін.

– Ау, жеңеше-ау, жеңеше-ау,
Мінезің еді өзгеше-ау.
Төлегенге барып кел,
Тілімді алса, жүрмесін.
Ата-анасы бар ма екен,
Жал-құйрығы сай ма екен?
Йә, болмаса, Құдай-ай,
Бір қаңғырып өскен қу ма екен?

Атасының аты кім болар,
Анасының аты кім болар?
Сұрап келгін, жеңеше-ау,
Қандай заман, күн болар.
Мен бүгін бір түс көрдім,
Түсімде жаман іс көрдім.
Төлеген мінген Көкжорға ат
Ер-тоқымсыз бос көрдім.

Ел жайлаған Ақжайық,
Жағалай біткен бидайық.
Алдымда жанған шырағым,
Біреу үрлеп өшіріп,
Көзімнен болды сол ғайып.
Қолымдағы түйғынның
Заулап келіп аспаннан,
Желкесін қиды бидайық.
Пендем десең, Құдай-а,
Бұл түс емес еді ғой
Көруге маған лайық.

Айналайын жеңеше-ау,
Төлегеннің мен білдім

Бір кеткен соң келмесін.
Жарық дүние опасын
Білдім көзге ілмесін.
Мұнан кетсе Төлеген,
Білгізді Құдай мен қуға,
Бұл жерді қайтып көрмесін.
Мұндай қорлық, жеңеше-ау,
Тірлігінде Құдайым,
Еш пендеге бермесін.

Базарбайдың Төлеген,
Ерте туған көбеген.
Жеңгесі келсе алқынып,
«Нағып жүрсің?» – демеген.

Жеңгесі сонда сөйлейді:
– Айналайын Төлеген,
Бикешжан бүгін түс көрді,
Тілімді алсаң, жүрмегін.
Атаңның аты кім болар?
Анаңның аты кім болар?
Айтып кеткін, шырағым,
Қандай заман күн болар.

Бикешжан бүгін түс көрді,
Түсінде жаман іс көрді.
Астыңдағы Көкжорға ат
Ер-тоқымсыз бос көрді.

Ел жайлаған Ақжайық,
Жағалай біткен бидайық.
Алдында жанған шырағын
Біреу үрлеп өшіріп,
Көзінен болды сол ғайып.
Тілімді алсаң, жүрмегін,
Айналайын күйеужан,
Құдайға біз де жылайық.

Төлеген сонда сөйлейді:
– Ау, жеңеше-ау, жеңеше-ау,
«Түс түлкінің боғы» еді,
Әрнеме деп күймеші-ау.
Жаратқан мені бір Құдай,
Өлім десе көңілім жай.
Атамның атын айтайын –
Халқынан асқан Базарбай.
Қой ішінде марқа-ды,
Омырауда тіллә алқа-ды.

Шешемнің атын айтайын
Алпыс жасар Қамқа-ды.
Өліп кетсем, артымда
Сансызбай атты інім бар,
Жібегім неге қорқады?

Жаман-жақсы болса да,
Алланың болар әмірі.
Жалғыз ағаш кесілсе,
Қуарып қалар тамыры.
Олай-бұлай боп кетсем,
Тоғыз жасар артымда
Жеткіншегім бар еді.
Қараша болып жауды қар,
Дұшпандардың пейілі тар.
Сәлем де, Жібек қорықпасын,
Өліп кетсем артымда Жібекті
Еш жаманға қор қылмас,
Сансызбай атты інім бар.

Шын тілесе пендеге
Тәңірім тілек береді.
Көктемде мұнда келіп ем,
Енді қыс боп келеді.
Елімнің ақын көсемі
Батыр Шеге дер еді,
Ақылға диқан кен еді.
Олай-бұлай боп кетсем,
Сансызбайға басшы боп
Еліңізге келеді.

Тірі тұрса жанымыз,
Есен болса тәніміз,
Көктем шағы болғанда,
Қазбенен бірге келем, — деп, —
Не салса да Құдайым,
Жібек үшін көрем, — деп, —
Жібекке дұғай сәлем! — деп, —
Енді атына мінеді.
Жеңгесі менен Төлеген
Қол ұстасып қоштасып,
— Қош, Алла! — деп жөнеді.

Әлқисса, сонда Төлеген неше мүдәт¹ жол жүріп, аман-есен еліне келді. Атасы менен анасы қуанып, той қылды. Тойдың үстінде жұрт жиылып

¹ Мүдәт /араб/ — уақыт, кезең.

отырғанда Базарбай баласынан жауап сұрады. Төлеген бәрін баян қылды. Базарбай айтты:

– Шырағым, қайныңа қашан барасың? – дейді. Төлеген:

– Жазғытұрым барам, – дейді. Атасы айтты:

– Шырағым, мен бір тілек тілейін, бересің бе? – дейді. Төлеген аңдамай: «Берейін», – дейді. Сонда Базарбай:

– Берсең, қарағым, жолыңа жаным құрбан. Ендігі жылы осы уақытқа шейін ол жаққа бармағын. Жыл өткізіп бар, тілегім осы еді. Берсең, уәде қыл, – дейді. Төлеген оған:

– Әй, ата, сізден қорқып айтып едім. Ешкімнің қызын көргенім жоқ. Ел елден артық болмайды екен, қыз жаратпай келдім. «Барма» десеңіз, ешқайда бармай-ақ қояйын. Қайным жоқ баратұғын, – деп үйден шығып кетті.

Онда Базарбай көп жұртына арыз қылып: «Әй, жарандар, менің мынау балам тілегімді бермей кетті. Әгар қайнына барамын дегенін білгенің маған ұстап бер. Егер де біреуің қошемет қылып ерсең, мен тұзыма салып, теріс батамды беремін», – деді.

Жұрт қарияның бұл сөзінен қорқып, ешкім Төлегенге ермейтұғын болды. Һәм көрсе, ұстап бермекші болды. Сонда Төлеген ер-тоқымын далаға сақтап, Көкжорға атты далада бағып жүрді. Күндерде бір күн Төлеген қолына түйғын алып, құсқа салып жүр еді, аспаннан қаңқылдап екі қаз өте берді. Қараса, жаз болып қалған екен. Көкжорға атты ерттеп, далада сақтап жүрген жүз мың тіллә, сегіз пұт күмісі бар екен, оны қоржынға салып алады. Жалғыз інісі қасынан қалмай, бірге жүр екен, оны «елге хабар қылады» деп атынан жерге алып тастап, өзі Көкжорға атты мініп, Жайыққа қарап жөнелді.

Асып туған Төлеген
 Жағалбайлы халқынан
 Жабдықтап атын мінеді,
 Гауһар, лағыл, алтыннан.
 Жолдас ермей елінен,
 Жалғыз өзі жөнелді,
 Бір ғашықтың зарпынан.
 Қаздың даусын есітіп,
 Сабыр қылып тұрмады,
 Дүниеге мойын бұрмады.
 Кетіп бара жатқанда,
 Сансызбай жылап жүгірді
 Төлегеннің артынан.
 Рақымы түсті басына,
 Көзден аққан жасына.
 Қу бауырды қия алмай,
 Қайырылып келді қасына.
 Сансызбайдың Төлеген
 Пәруана¹ болды басына.

¹ Пәруана /парсы/ – біреудің жолына құрбан болу.

Бала келді жүгіріп,
Аш күзендей бүгіліп,
Төлеген тұрды кете алмай,
Көзінен жасы төгіліп.
Көзінен ағып қанды жас,
Қандай қиын бауырлас.
Төлегеннің сүйегі
Бордай болып үгіліп,
Алдына жылап келген соң,
Ат үстінен Төлеген
Көтеріп алды алдына
Қабырғасы сөгіліп.

Әлқисса, сол халде Төлеген Сансызбайды бауырына қысып тұрып:
«Қарағым, неге жылайсың, жылама. Жеңешенді әкеліп беремін», — деді.

Сансызбай сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Жыламаймын, көкежан,
Өзің де енді жыламай,
Көзіңнің жасын тый, — деді. —
Жылап отыр ата-анаң,
Сапарыңды қи, — деді. —
Көп жолдаспен барсаңшы,
Ел-жұртыңды жи, — деді. —
Жалғыздың ісі қиын-ды,
Жалғыз қайтіп барасың?
Менің жайым, мінеки,
Танымаймын ешкімді.
Сіз кеткен соң, көкежан,
Кемпір-шалдың қасында
Өзім жалғыз, өзім жас,
Боламын кімге сый? — деді. —
Бұл барғаннан келмесең,
Қайғыменен қан жұтып,
Қобыз алып қолыма,
Тартамын сонда күй, — деді.

Төлеген сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Айналайын қарағым,
Жауға барсам, жарағым,
Қабырғамда қанатым,
Артымдағы құйрығым,
Жетегімде жан атым.
Айналайын, жылама,
Жібек сынды жеңгенді
Ап келмекке барамын.

Пендесін Құдай қарғаса,
Қабыл болмас тобасы.
Басыма менің түсіп тұр
Ғашықтықтың саудасы.
Айтып кеткен Жібекке
Жақындап қалды уағдасы.
Үйде, түзде болса да,
Неден қашып құтылар,
Басы жұмыр пендесі.
Құдіретіне Алланың
Пенденің жоқ-дүр көнбесі.
Қай іске талап қылмайды
Жер бесікке кіргенше
Адамзаттың жамбасы.

Айналайын Сансызбай,
Қолғанатым, құйрығым,
Судан шыққан сүйрігім,
Суырылып озған жүйрігім.
Көрмей пенде қоймайды,
Жаратқан Қадыр Алланың
Тағдырда жазған бұйрығын.
Тірі болсам, қарағым,
Жеті айда келемін.
Ажал келсе Алладан,
Үйде болсам да өлемін.
«Амандық бер, — деп, — жолына»,
Құдайдан сен де тілегін.

Кешіргей Алла пенденің
Асылық еткен қатасын.
«Тілімді алмай кеттің», — деп,
Бермеді әкем батасын.
Басыма Құдай салған соң,
Тоқтата алмадым ішімде
Ғашықтықтың қапасын.
Қыз Жібектің дертінен
Көрейін деп барамын
Мехнатты жолдың жапасын.

Мен кеткен соң, қарағым,
Кемпір-шалға ие боп,
Ғинаят¹ тіле Құдайдан,
Медет тіле пірлерден.
Ақылмен ойлап іс қылғын,

¹ Ғинаят /араб/ — ізгілік, рақым.

Көзіңді кімге сатасың?
«Тілімді алмай кеттің», — деп,
Ризалық әкем бермеді.
Әкемнен қорқып, елімнен
Жалғыз жолдас ермеді.
Сөзімді тыңда, қарағым,
Өзіңді Құдай жеткізсе,
Алып қойдым бәрін де
Ат-тұрман, сауыт, жарағың.
Олай-бұлай боп кетсем,
Сенен өзге кімім бар,
Алды-артыңа қарағын.

Мұратыңа жеткізсін,
Қарағым, сізді бір Құдай.
Көк бұйдалы тұлпар бар,
Биыл құнан, былтыр тай.
Қас қылмаса Құдайым,
Мінетұғын бас атың,
Шырағым, саған сайма-сай,
Ат болғанда мінгейсің.
Алтын балдақ, ақ семсер
Саған арнап соқтырып,
Салдырып қойдым қынапқа,
Аш беліңе ілгейсің.
Талап қылып әр іске
Теңіңмен ойнап-күлгейсің.
Бұл сөзімді тыңдағын,
Жеткіншегім Сансызбай,
Жақсыменен жанасып,
Жұрт қадірін білгейсің.
Бадана көзді кіреуке,
Тоғыз қабат көк сауыт,
Саған арнап соқтырып,
Будырып кеттім кілемге,
Оны үстіңе кигейсің.
Олай-бұлай боп кетсем,
Асыл туған Жібекті
Еш жаманға қор қылмай,
Өзің бір алып, сүйгейсің.

Шағыңа Құдай жеткізсе,
Үстіңе баса киіп ал
Алтыңды сауыт көбені.
Жау дегенде жайнатып,
Толғамалап қолыңа ал
Қозыжауырын жебені.

Сапар шегіп, жол жүрсең,
Жолдасын жауға алдырмас,
Басшы қылғын Шегені.
Айтқаны болмас адамның,
Алланың болар дегені!

Бұл сөзді айтып Төлеген
Сансызбайдың бетінен
Үш қайтара сүйеді.
Жерге алып қойып інісін,
Қол ұстасып қоштасып,
«Қош, Алла!» – деп жөнеді.
Бектер мінер сұр қасқа,
Шаба алмаса, ұр басқа.
Батырлық, байлық кімде жоқ,
Ғашықтық жөні бір басқа.
Інісіменен қоштасып,
Базарбайдың Төлеген
Белін буды тұрмасқа.

Базарбайдың Төлеген
Жайыққа қарап жол тартып,
Алладан пәрмен тілеген.
Жайық пен Теңіз арасы
Үш айшылық жол екен.
Үш айшылық жерлердің,
Қырық бес күндік ортасы,
Атырабы шөл екен.
Шөл жазира ішінде
Қособа деген көл екен.
Ұры, кәззап¹, қарақшы
Мекен қылған жер екен.
Төлеген сынды мырзаның
Шалығып келген уақытында
Соғып бір кетер кезі екен.
Атаңа лағынет Бекежан
Қыз Жібектің сыртынан
Көп ғашықтың бірі екен.
Баяғы алпыс жігіт қасында,
«Төлеген енді келер», – деп,
Қособаның көлінде
Жолын тосып жүр екен.
Төлеген тап сол күні келмесе,
Азықтары таусылып,
Қайтып бір кетер күні екен.

¹ Кәззап /араб/ – жұғымсыз, сұм.

Құланның атты қодықты,
Көлден тартты борықты¹,
Арада неше қонышты.
Тұлпардан туған Көкжорға ат
Жүз күндік алыс жолынан,
Қырық бес күндік шөлінен,
Он жеті күн-түн су ішпей,
Шөлдеуменен зорықты.
Шөлдеген соң Төлеген
Атынан көңілі торықты.
Жақындап суға келгенде,
Бесін махал² болғанда,
Базарбайдың Төлеген
Бір шұбалған шаңға жолықты.

Шаңға таман салады,
Қасына жетіп барады.
Алдынан шығып, алпыс жау
Төлегенді қамады.
Базарбайдың Төлеген
Алды-артына қарады.
Бесінде жаумен атысып,
Намаздыгер болғанша,
Алдырмай кетіп барады.
Еркімен аты жеткен соң,
Жау ортаға алады.

Сол уақыттар болғанда,
Жамандатқыр Көкжорға ат,
Шөлдеуменен зорығып,
Басын жерге салады.
Жау қамалап жеткен соң,
Атынан қайрат кеткен соң,
Базарбайдың Төлеген
Тәңірге қылды наланы.

«Құдіреті күшті Құдай-а,
Батар күнмен батайын,
Өзінен бұрын атайын.
Тым болмаса, Құдай-а,
Бекежанды өлтіріп,
Жастығымды ала жатайын.
Мұсылман болса бұл жаулар,
Жақындап жауап қатайын.

¹ Борық — ау тартатын ұршық ағаш.

² Махал /араб/ — мезгіл, уақыт.

Атым шаршап бұл жерде,
Қайратым менің жасыды.
От болып жанған көңілім
Су сепкендей басылды.
Жүгірмек өлім қылмаққа,
Он сегіз жаста алмаққа
Жазып па ең, Тәңірі, жасымды?
Құдіреті күшті Құдай-а,
Алыстан жарға ғашық қып,
Әуреге салдың басымды.

Бұл сөзді айтып Төлеген
Қорамсаққа қол салды,
Бір салғанда мол салды,
Садақты қолға алады,
Толғап тартып қалады.
Кірістен оғы кетеді,
Топ арғынға жетеді.
Селдірлеген шетінен
Жетеуінен өтеді.
Енді оғын алғанша,
Қорамға қолын салғанша,
Атаңа лағынет Бекежан,
Арғыннан шыққан қу екен,
Әккі болған сұм екен.
Төлегеннің артында
Алпыс қадам жақындап,
Бір қурайды паналап,
Жеткен екен жағалап.
Төлегенді атқалы
Жақындап келіп тұр екен.

Мылтыққа білте басады,
Аруағы оның асады.
Төлеген сыңды мырзаның
Қанын судай шашады.
Қой боғындай қорғасын
Ажал болып жабысты.
Атаңа лағынет Бекежан
Жібермеді намысты.
Базарбайдың Төлеген
Талықсып атта тұрғанда,
Қолтығынан сүйейтін
Таба алмады танысты.

Бекежан атқан жалғыз оқ
Маңдайдан келіп ұрады.
Алтынды сүйек Төлеген,

Алланың салған қорлығы-ай,
Иттердің қылған зорлығы-ай,
Талықсып аттан құлады.
Жалғыздық түсіп басына,
Қамығып сонда жылады.
Атаңа лағынет алпыс ит:
«Жанын өзі берсін, — деп, —
Қорлықпенен өлсін», — деп,
Анталап келіп тұрады.

Әлқисса, сол халде Төлеген есін жиып, көзін ашып қараса, шалқасынан жатыр екен. Барша киімін тонап алып қойыпты. Сонда Бекежанға қарап: «Тым болмаса көміп кетсеңші, замандас емеспісің», — деп бір сөз дейді:

— Пұл жібердім қалаға,
Бейсағат¹ күн, Құдай-а,
Мен шығып па ем далаға?
Шығып едім, жолықтым
Бұл сықылды пәлеге.
Қарға, құзғын жемесін,
Жасыра кеткін жүзімді,
Замандас едің, жан аға.
Пұл жібердім бақшаға,
Қызыл тіл, енді қақсама.
Қарға, құзғын жемесін,
Жасыра кеткін жүзімді,
Замандас едің, жақсы аға.

Төлегеннің шамасы
Осы сөзге келеді,
Екінші сөзге келмеді.
Атаңа лағынет алпыс ит:
«Не айттың, сірә?» — демеңді.
Бір баланың олжасын
Алпыс адам бөледі.
«Мал опасыз» деген сол —
Төлеген мінген Көкжорға ат
Су ішіп әбден қанған соң,
Бір қарақшы астында
Ойнақтай басып жөнөді.

Әлқисса, сол халде Төлегенмен жерінен бірге шыққан алты қаз бар екен. Сол суға Төлеген қаздармен бірге келген екен. Қаздар суға қонайын десе, қарақшылар мылтық алып, атайын деп қондырмады. Айналып ұшып жүргенде, Төлеген көріп, елінен бірге келген жолдасы хайуан да болса: «Аһ, дариға!» — деп қоштасып, қаздарға қарап, бір сөз деді:

¹ Бейсағат — сәтсіз.

– Әуелеп ұшқан алты қаз,
 Етің шекер, сорпаң баз,
 Атайын десем, оғым аз.
 Қонар болсаң, жануар,
 Міне майдан, міне саз.
 Өлмеген құлға, Құдай-а,
 Болып қапты енді жаз.
 Әкемді айтып қайтейін,
 Шешемді айтып қайтейін,
 Мен кеткен соң, дариға,
 «Көкешім» деп Сансызбай
 Еркелеп кімге қылар наз?

Әуелеп ұшқан алты қаз,
 Жерге түсіп, қонбайсың.
 Сіздер тірі, мен өлі,
 «Жатырсың нағып?» – демейсің.
 Қасірет, қайғы халімді
 Неге келіп білмейсің?
 Тілсіз мақұлық жануар,
 Бірге келген жолдасым,
 Қасыма неге келмейсің?
 Мұнан былай кеткенде,
 Теңізге таман жеткенде,
 Төбеге шықса, «белім» деп,
 Ойға түссе, «тізем» деп,
 Қартайған әкем Базарбай
 Алдыңнан шығып, жануар:
 «Қарағым менің Төлеген
 Көрдің бе?» – десе, не дейсің?

Онан әрмен өткенде,
 Үйге таман жеткенде,
 Жая десе, жал берген,
 Шекер десе, бал берген,
 Майға салып нан берген,
 Әр алуан дәм берген,
 Алақандап өсірген,
 Еркелік қылсам, кешірген,
 Алпыс жасар сорлы шешем
 Алдыңнан шығып, жануар:
 «Құлыным менің Төлеген
 Көрдің бе?» – десе, не дейсің?
 Онан әрмен өткенде,
 Малға таман жеткенде,
 Қарға жүнді қаттасым,
 Үйрек жүнді оттасым,



Төлеген.
Суретші К.Я. Баранов

Таласып емшек еміскен,
 Тай-құнандай тебіскен.
 Бір төсекте жатысқан,
 Көп қызыққа батысқан,
 Асық ойнап алысқан,
 Өлгенін аға көре алмай,
 Қолынан сусын бере алмай,
 Арыздаспай, қоштаспай,
 Ажалым жетті алыстан.
 Жалғыз інім, бауырым,
 Қанатымда қияғым,
 Табанымда тұяғым,
 Жылжымас жерден ауырым,
 Алдыңнан шығып Сансызбай:
 «Көкешім менің Төлеген
 Көрдің бе?» — десе, не дейсің?

«Сауытының көзі сетіліп,
 Сетіней кетті» дегейсің.
 «Баратұғын жеріне
 Жетпей кетті» дегейсің.
 «Алтынды сауыт, шөже көз
 Түймеден кетті» дегейсің.
 «Өлі екенін білмейміз,
 Тірі екенін білмейміз,
 Қособаның жонында
 Қоса кетті» дегейсің.
 «Маңдайынан аққан қан
 Жоса кетті» дегейсің.
 «Алтынды жабдық Көкжорға ат
 Бір қарақшы қолында
 Босқа кетті» дегейсің.
 «Қособаның жонында,
 Құс қонбас құла жапанда,
 Жылай-жылай бір жалғыз
 Дүниеден өтті» дегейсің.

Төлегеннің тілі
 Осы сөзге келеді.
 Ендігі сөзге келмеді,
 Батқан күнмен қарайып:
 «Уа, дариға, Құдай», — деп,
 «Лә иләһа илла Алла»¹ кәлима² айтып,
 Жұлдыз шыға Төлеген
 Ақырет сапар жөнөді.

¹ Лә иләһа илла Алла /араб/ — Алладан басқа Құдай жоқ.

² Кәлима /араб/ — Аллаға деген сенім сөзі.

Маңдайдан тиген жалғыз оқ
Желкеден ағып өтіпті.
Алланың жазған пәрмені,
Ажалы бүгін жетіпті.
Айтып-айтпай немене
Сол секілді асыл жан —
Кебіні жоқ, көрі жоқ,
Ит пенен құсқа жем болып,
Мұратына жете алмай,
Арманда болып кетіпті.

Әлқисса, бұлар Төлегенді өлтіріп, атын, тонын алып, елдеріне келіп, еш адамға сездірмей жата береді. Сегізінші жыл болғанда, бір күні Бекежан: «Жібекті енді өзім алайын. Әуелі Жібекке Төлегенді өлтіргенімді естіртейін. Онан соң Жібек маған тимей, кімге тиеді» деп ойлады.

«Өлгенін естімесе, маған тимес,
Күдер үзбей, өзгені сірә сүймес.
Білген соң анық менің ерлігімді,
Өзі де Төлегенге қатты күймес.

Бұған мен бекер жерде естіртпейін,
Жай жерде айтып, шошытып, кештірмейін.
Бір тойда айтысумен естіп қалсын,
Адамға оған шейін сездірмейін».

Мұны ойлап Бекежан той қылады,
«Жібекті алайын» деп ой қылады.
Көкжорға атты сыдыртып жетіп келіп,
Тұсына кеп, Жібектен сөз сұрады.

Көкжорға ат ерттеулі тұр алтын жабдық,
Көп жігіт жеңілген соң кетті қаңғып.
Бекежан түн болғанда айтыспаққа
Тұсына Қыз Жібектің келді аңдып.

Әлқисса, Бекежанның Жібекке айтқан өлеңі:

— Айтамын айт дегеннен, ар ма, Жібек,
Ботасы өлген түйедей зарла, Жібек.
Кеткелі жаман жарың көп жыл болды,
Хабары сол жездемнің бар ма, Жібек?

Жібек:

— Арасы екі ауылдың бүрген шығар,
Етегін түнде жүрген түрген шығар.

«Артымда жеткіншегім жас» деуші еді,
Айналып сұм дүниеге жүрген шығар.

Бекежан:

– Қыз Жібек, тарылтармын заманыңды,
Білмей жүрсің айырылып қалғаныңды.
Ат ізін сегіз жылда бір салмаған
«Мырза» деп мақтай берме жаманыңды.

Жібек:

– Алаштың несін алып, не бермеймін,
Дүниеде тірі жүрсем не көрмеймін.
Арғында алты шекті алпыс мырза,
Ізіне басып кеткен теңгермеймін.

Бекежан:

– Айтамын айт дегенде әуелім жар,
Қыз Жібек, әлі-ақ болар пиғылың тар.
Өліп қалған неменді сонша мақтап,
Көкжорға ат астымдағы қылған бауыр.

Жібек:

– Жоқ екен, әй, Бекежан, ақыл, айлаң,
Қанеки, құрбы болып тиген пайдаң?
Атаңа алты лағынет, ит қарақшы,
Көкжорға астыңдағы алдың қайдан?

Бекежан:

– Жол тосып Қособада жатып алдым,
Біреуді мергендікпен атып алдым.
Өзім батыр болған соң кімді аяйын,
Өлтіріп Төлегенді, атын алдым.

Қыз Жібектің жылағаны:

Бекежанның бұл сөзі,
Мұңды болған Жібектің
Өкпесінен ұрады,
Өксіп-өксіп жылады.
Ғашық болсаң, сондай бол,
«Уа, дариға, Құдай!» – деп,
Керегені құшақтап,

Етпетінен құлады.
Қыз Жібектің беттерін
Кереге көзі жырады.
Лажын таппай Қыз Жібек
Ішінен судай тынады.
Біреудің қуаныш тойы еді,
Адыра талқан қылады.

— Атаңа лағынет, Бекежан,
Көрсетпе маған түсінді,
Бітіріпсің ісіңді.
Қайтіп көзің қиды екен,
Сол сықылды мүсінді?
Алдыңа Құдай келтірсін,
Маған қылған осыңды.
Атаңа лағынет, қарақшы,
Құдайым сені қарғасын!
Тәңірі мені жаратса,
Қатын, балаң зарласын!
Басыңа қиын іс түссе,
Қасыңа досың бармасын!
Қыз Жібектің айласын
Бекежанның мен көрдім
Осы жерде пайдасын.
Туыспай кеткір, алты аға,
Бармысың тойда, қайдасың?

Сырлыбайдың алты ұлы
Алтауы бірдей бөрі еді.
Отырған жылап Жібектің
Тұсына жетіп келеді.
Қыз Жібектің тұсында
Бекежанды көреді.
Көкжорға атты таниды,
Бір сұмдықтың болғанын
Сонда бұлар біледі.
Бекежандай батырды
Енді ортаға алады,
Мойнына арқан салады.
Сүйретіп барып алтауы
Төлегеннің жолына
Құрбандық қылып шалады.

Әлқисса, бұлар мұнда тұрсын. Ендігі сөзді Сансызбайдан естіңіз. Сол халде Сансызбай он жеті жасқа келді. Төлегенді сағынып, бір күндері қару-жарағын киіп, ағасын іздемекші болып: «Атамнан бата алып кетейін», — деп арыз қылып айтқаны:

Он жеті жасқа келген соң,
 Сансызбай атқа мінеді.
 Батасын алып кеткелі
 Атасына келеді,
 Келіп, сөйлей береді:
 – Айналайын жан ата,
 Ботаңның айтқан сөзіне
 Құлағыңды сал, ата.
 Арызға келді балаңыз,
 Рұқсат бата бер, ата.
 Айналайын жан ата,
 Көтергін бермен басыңды.
 Төлегенді сағынып,
 Қайғыменен қан жұтып,
 Іше алмадым асымды.
 Төлегенді іздейін,
 Жеткізді Құдай жасымды.

Мен Төлегенді іздейін,
 Жер шаршысын кезейін.
 Жоқтаусыз кеткен лайық па?
 Туған соң іні біздейін.
 Разылық берсең, жан ата,
 Ешкімге көзім сүзбейін.
 Батаңды бергін, жан ата,
 Тірі-өлісін білгенше,
 Күдерімді үзбейін.

Әлқисса, сонда атасы басын көтеріп: «Балам, ағаңды іздейін деп пе едің?» – дейді.

– Құп іздейін, рұқсат бер! – дейді. Сол күнде атасының көзі көр болып, көңілі жер болып, Төлегеннің қасіретінен сәнаменен¹ сарғайып, қайғыменен қарайып жатады екен. Сонда Сансызбайға: «Қолыңды жай, батамды берейін, – дейді. – Әуелі Алла Тағала, екінші әулие-әнбиелерге аманат!» – деп тапсырып, зар-зар жылап, бір сөз деді.

Баласына қол жайып,
 Батасын берді Базарбай.
 Тұра келіп қол жайды:
 «Әумин!» – деп Сансызбай.
 – Бақытын ашқын баламның,
 Жаратқан Алла бір Құдай,
 Патшасысың, Құдай-а,
 Он сегіз мың ғаламның.

¹ Сәна /араб/ – қайғы, мұң.

Ғаршы менен Күрсінің¹,
 Лаух пенен Қаламның².
 Жаратқан Алла жар болып,
 Бақытын ашқын баламның.
 Балама менің рақым қыл,
 Қадір Алла Құдайым,
 Құрметі үшін Кәламның³.
 Қызыр Ілияс, Қырық шілтен,⁴
 Балама менің назар сал.
 Адасса жолдан жаңылып,
 Тура бастап жолға сал.
 Жазатайым сүрінсе,
 Ғауыс, Ғияс⁵ әулие
 Баһауаддин⁶, қолыңа ал.
 Жарандар, медет қыла көр,
 Сіздерсіз менде жоқ-дүр хал.
 Бір өзіңе аманат
 Тапсырдым мынау баламды,
 Жаратқан Тәңірім Зұлжалал⁷!

Разылық бермей жіберіп,
 Төлегеннен айырылдым.
 Қалыңға соққан қырандай,
 Қанатымнан қайырылдым.
 Тасқа тиіп тұяғым,
 Табанымнан тайрылдым.
 Жол жүруге қимаған,
 Бір сағаттай көрмесем,
 Дидарына тоймаған,
 Төлеген сынды баламды
 Ақырында Құдай-а,
 Бір көруге зар қылдың.

Жұмлә⁸ ғайып ерендер,
 Медеткер болғын балама!
 Үйде, түзде болса да,
 Бұйрықтан адам қала ма?
 Жолың болсын, бар, балам,
 Тапсырдым сені Аллаға.
 Іздеп келгін ағанды,

¹ Ғаршы мен Күрсі /араб/ — жеті қат көк.

² Лаух, қалам /араб/ — адамның тағдыры жазылған тақта.

³ Кәлам /араб/ — Құран Кәрім.

⁴ Қырық шілтен — Ғайып ерен Қырық шілтен — қысылған шақта демеу беретін пірлер.

⁵ Ғауыс, Ғияс — қысылғанда жәрдем беретін әулиелер.

⁶ Баһауаддин — әулие.

⁷ Зұлжалал /араб/ — мәртебелі.

⁸ Жұмлә /араб/ — барлық.

Екінші және тапсырдым,
Шарапатты өткен бабама!

Бұлайша деп ұлына
Батасын берді Базарбай.
Атасы рұқсат берген соң,
Батасын алып Сансызбай:
«Рақым қыл, — деп, — бір Құдай».
Төлеген айтқан Көкбурыл
Ат болған екен он жасар.
Беренменен белдіктеп,
Шұғаменен желдіктеп,
Мақпалменен терліктеп,
Айылын жұптап салады.
Жел тимейтін бауырға
Орай тартып қалады.
Ер Шегені басшы қып,
Екеуара үш тұлпар —
Қосарға бірін алады.
Амандасып айырылып,
Қоштасып, жұрты қалады.
Төлегенді іздеп Сансызбай
Сапарға басын салады.
Жол көрмеген жас бала:
«Тәуекел, Алла Құдай! — деп, —
Әркімге Тәңірі пана!» — деп,
Жайыққа кетіп барады.

Әлқисса, бұлар бірнеше күн жол жүріп, Жайыққа келеді. Ханның ауылын сұрап келе жатып, бір белге шықса, ханның ауылының үстінде жүрген атты адамның көптігіне есеп етіп бола алмастай. Енді мұны көріп, «мәнісін білейік» деп бір қойшыға келіп: «Бұл жиылған аттылар кім екен?» — деп сұрайды. Қойшы айтты:

— Ханымыз Сырлыбайдың Жібек деген қызы бар еді. Өзі жаһаннан асқан сұлу еді. Соның атағын естіп, қалмақтан Қорен деген хан шығып, іздеп келді. Тоғыз мың әскермен келіп: «Жібекті маған беріңдер! Бермесең, еліңді шабамын», — деді. Соған ханымыздың халі келместей болған соң, қызын бермек болды.

Енді Жібек атасына арыз қылды: «Мені шынымен кәпірге бермек болсаңыз, тым болмаса, қырық күн той қылып, отыз күн ойын қылып ұзатыңыз», — деді. Енді үшбу күнде той бітіп, ойын басталғалы үш күн болды», — дейді. Онда бұлар айтты:

— Ол Жібекті күйеуге берген бе еді? — дейді. Қойшы айтты:

— Төлеген деген жаһаннан асқан күйеуі бар еді. Қособаның көлі деген жерде Бекежан деген қарақшы атып өлтіріпті, — дейді.

Мұны естіп, Сансызбай көз жасы атының жалына тізіліп, жылап, жүріп кетті. Шеге артынан келсе, Сансызбай жер бауырлап жылап жатыр екен. Сонда Шегенің айтқаны:

Сансызбай сонда жылады,
Көзінің жасын бұлады.
«Бауырың өлді» деген соң,
Неше мықты болса да,
Қайтіп шыдап тұрады.
«Екеуміз бірдей жыласақ,
Жұбататұғын кім бар», — деп,
Шеге ақын сабыр қылады.
Бір жерлерге келгенде,
Сансызбай аттан құлады.
Құбылаға қарай бас қойып,
Мінәжат айтып Аллаға,
Сәждеге басын салады.
Сонда жатып, жылайды,
Жылайды да толғайды:

«Падиша туған көкешім,
Бұл дүниеден өтіпсің,
Шын дүниеге жетіпсің.
Мен мүсәпір ініңді
Қасіретке тастап кетіпсің.
Жолбарыс қашар қалыңмен
Айқайлаған дабыстан.
Басыңа Құдай салған соң,
Көкешімнің ішіне
Ғашықтық оты жабысқан.
Жаһан кезіп жүргенде,
Қыз Жібекті тауыпсыз
Осынша қиын алыстан.
Тапқаныңмен не көрдің?
Кебінің жоқ, көрің жоқ,
Жапанда жатып, жан бердің.
Қайран да менің көкешім,
Ит пенен құсқа жем болдың.

Өлгенде жаудан өлмедің,
Ту байласып шабысқан.
Батырлар жауға шабады,
Қолына жасыл ту алып.
«Төлегенді табам», — деп,
Мініп ем атқа қуанып.
Бұл жерлерге келгенде,
Дария шалқар көліміз,
Жер болып қалған суалып.
Қайран да менің көкешім,
Кебінің жоқ, көрің жоқ,
Ит пенен құсқа жем болып,
Жапанда қапсыз қуарып.

Айналайын көкешім,
 Жүреріңде қимадым.
 «Тоқтатып алып қалам», – деп,
 Шыбын жанды қинадым.
 Алтынды сүйек көкешім,
 Атам менен анамның
 Маңдайына сыймадың.
 Өлгеніңді есітіп,
 Көзімнің жасын тыймадым.
 Асылық қылмай сөйлейін,
 Рахман атты Құдай-а,
 Төлеген сынды пендеңнің
 Жолдас қылғын иманын!»

Әлқисса, сол кезде Шеге келіп, атынан Сансызбайдың қасына түсіп, басын сүйеп, тұрғызып алып: «Өткенге өкініш қылма», – деп насихат қылып айтқаны:

– Айналайын Сансызбай,
 Көлге біткен құрағым,
 Суырылып озған пырағым.
 Жасын тыйғын көзіңнің,
 Жыламағын, шырағым.
 Рас болса өлгені
 Төлеген сынды ағаңның,
 Ұжмақтан жазсын тұрағын.
 «Ноқталы басқа бір өлім»,
 Өкініш қылма өлімге,
 Өз тілегің сұрағын.

Бәрі де өлген, ойласаң,
 Жүз жиырма төрт мың пайғамбар.
 Бұрынғы жаннан біреу жоқ,
 Өлмей тірі кім қалар?
 Қазаға разы болмаған,
 Тәңірі алдына барғанда
 Рахметтен наумыт¹ құр қалар.
 Өлімге қатты налиды,
 Ғапылдықпен² пенделер.
 Шайтанға, сірә, өлім жоқ,
 Жақсылық тағы көру жоқ.
 Өлмесек, шайтан боламыз,
 Рахметтен құр қаламыз.
 Қарғысы тиген Алланың
 Онан пенде не табар?

¹ Наумыт /парсы/ – үмітсіз.

² Ғапылдық /араб/ – надандық, қараңғылық.

Қанаты бүтін сұңқар жоқ,
Тұяғы бүтін тұлпар жоқ,
Аладан үкім келген соң,
Өткінші өмір, сұрау жоқ.
Құдай ісі болған соң,
Қанша айтсақ та бұру жоқ.
Айы біткен айында,
Күні біткен күнінде,
Дәм таусылса, жүру жоқ.

Айналайын Сансызбай,
Құлақ салғын сөзіме!
Тәңірі өзі айдады,
Ата-ана менен інісін
Көрсетпеді көзіне.
Жиылған қалың дүниенің,
Төрт түлік малдың бірісін.
Айдап барып Құдайым
Бұйырған жері топырақ,
Келтіріпті кезіне.
Құдай ісі, амал жоқ,
Зар болып қалдық мінеки,
Кешегі жүрген Төлеген
Басып бір кеткен ізіне.
Өкініш қылма өткенге,
Мүсәпір жолда жүргенде,
Қуат берсін өзіңе!

Әлқисса, Шеге бұл сөзді айтып, Сансызбайды атқа мінгізіп тұрып:

— Енді, шырағым, елге қайталық. Көп елдің халі келмеген кәпір қалмаққа біздің де халіміз келмес. Төлегеннің өлгенін естідік, енді Жібекті ала алмаспыз, неміз бар? — дейді. Сонда Сансызбай:

— Шәке, о не дегенің? Құдай Тағала нәсіп қылса, Жібекті алып кетелік, болмаса, жүзін көріп кетелік. Барыңыз, Жібекті тауып, қандай жайда, қандай күйде отырғанын көріңіз. Онан мені шақырыңыз, мен де көрейін, — дейді.

Мұны айтып келе жатып, өзі ойлады: «Бұл Шеге мені аяп жүрген шығар. Неде болса, әуелі кәпір мен мұсылман араласқан тойы қандай екен, өзім барып, көріп келейін», — дейді. Атын Шегеге беріп, өзі жүгіріп тойға келді. Келсе, қалмақ, қазақ араласып, ойын, тамаша қылып жатыр. Әр жерлерге келіп қарап тұрса, бір үлкен үйден зарлаған дауыс шығады. Ол адамның дауысын тыңдаса, Жібектің дауысы екен. Сол уақытта Жібектің айтып отырған үшбу зары-дүр:

«Жайықтың суы ылай-ай,
Көр болды көзім жылай-ай.
Төлеген сынды мырзадан
Айырдың өзің, Құдай-ай.

Көргеннен-ақ қорқып ем
 Көрінбегірі түсімді.
 Төлегеннен айырып,
 Оңдамаған екенсің,
 Қадір Алла Құдай-а,
 Басынан-ақ ісімді.

Құдіреті күшті жан Алла,
 Жаратсаң мені пенде қып,
 Осы қалмақ алып-ақ,
 Құрта ма менің мысымды?

Жайықтан көшкен көп шекті
 Қонады барып Тарбаққа.
 Не пиғылмен, Құдай-ай,
 Ілдім мұндай қармаққа?

Жаратқан ием Жаппар-ай,
 Пендең емес пе едім мен?
 Шыныңмен нәсіп қылдың ба,
 Нәсілі жаман қалмаққа-ай?»

Әлқисса, бұл сөзді естіп, Сансызбайдың тап-тақаты қалмады. Қайтадан жүгіріп Шегеге келіп: «Жібектен бір жауап алып келгін», — деп айтқан сөзі:

— Айналайын Шеге аға,
 Артық туған ер аға,
 Жібек сынды жеңгеме
 Жұмсадым сізді мен, аға,
 Дереву барып кел, аға!
 Жалғыз-ақ арыз сөзім бар,
 Қыз Жібектей жеңгемнен
 Бір жауап ап кеп бер, аға!
 Жау жағадан алғанда,
 Кіріптар қылып пөлеге
 Кетпейін тастап сені, аға.
 Жалғыз-ақ арыз сөзім сол,
 Шерменде болып Құдайға,
 Өтірік айтып келме, аға!

Батыр туған Шеге ақын
 Ол да бір асқан ер еді.
 Қолындағы тұлпарды
 Сансызбайға береді.
 Жаяу басып Шеге ақын
 Елге таман жөнелді.

Өлең айтқан ақ үйдің,
Тұсына таман келеді.
Тойдың ішін аралап,
Қалмақтың қалың әскерін
Тамаша етіп көреді.

Әлқисса, Шегенің келген уақытында Жібектің айтып отырған сөзі бұл екен. Шеге тыңдап тұра қалды.

«Әуелі бас қосқаным жағалбайлы,
Жылқысын көптігінен баға алмайды.
Өлгені Төлегеннің рас болса,
Құдайым Қыз Жібекті неге алмайды?
Тағы да бас қосқаным жағалбайлы,
Жылқысын көптігінен баға алмайды.
Сол елде сері жігіт жоқ па, Тәңірі-ай,
Жесірін іздеп келіп неге алмайды?»

Тағы да бас қосқаным жағалбайлы,
Жылқысын көптігінен баға алмайды.
Сол елді өзім іздеп кетер едім,
Жіңішке әйел жолы, таба алмайды».

Мұны естіп ал сонда
Жібекті Шеге біледі,
Алладан пәрмен тіледі.
Ұмтыла басып Шеге ақын
Жібекке таман жүреді.
Қалың қолды қақ жарып,
Арық қойдай тырысып,
Бәзбіреумен ұрысып,
Бәзбіреумен жұлысып,
Өлдім-талдым дегенде,
Қыз Жібектің тұсына
Шеге де жетіп келеді.

Әлқисса, сонда Шеге Жібектің тұсына келіп, қыздың тұсына өлең айтқан жігіттердей болып, өлең айтады. Жібекке ешкім өлең айтпайды екен, өзі қайғылы болып отырған соң айтайын десе де батпайды екен. Енді Шегенің айтқаны:

— Жібекжан, ешкімнен туа бермес сіздей перзент,
Бігіпті хор қызындай саған келбет.
Тәуір сыйлап, өлең жарқын айтқын маған,
Адамға о да болса бір ғанибет.

Жібек:

— Басы екен өлеңімнің айым-қайым,
Бітеді қия тауға тал мен қайың.
Қашан өлең адыра қалған менен,
Білмейтін қандай жансыз менің жайым?

Шеге ақын:

— Көрдім де шырай жүзің, көңілім толды,
Пейіштегі көреді сарай жолды.
Естіп ем осы тойды сіздікі деп,
Жарқыным, не себептен болдың мұңлы?

Жібек:

— Көргендей жол бейнетін жүзің сарық,
Тұсыма қалың топты келдің жарып.
Торға түскен тұйғындай пенде болып,
Айырылған ел-жұртынан мен бір ғаріп.

Әй, жәке, мен көрмеген жан екенсіз,
Отырмын порымыңа¹ қайран қалып.
Нәсілің алыс жердің адамысыз,
Қай жақтан келіп тұрсыз арып-талып?

Шегенің сөзі:

— Бітіпті хор қызындай саған көрік,
Сүйегім әр сөзіңе барады еріп.
Жарқыным, қалайша боп түстің торға?
Мәнісін айтыңызшы, есітелік.

Жібек:

— Алланың үкіміне жүрмін көніп,
Зар болдым жаққан шырақ отым сөніп.
Құдайым айырған соң қосағымнан,
Отырмын жау қалмаққа пенде болып.

Шегенің сауалы:

— Сары ағаш қиған сайын құм болады,
Замана жылдан-жылға сұм болады.
Қайын ата, қайын анаң қай рудан,
Аттары күйеуіңнің кім болады?

¹ Порым /орыс/ — сыртқы пішін, түр.

Жібектің жауабы:

— Жақсының бал тамады тіл-жағынан,
Өлімнің кім құтылар қармағынан?
Алдында жүріп қызмет қылғаным жоқ
Қорқамын ат атауға ата-анам аруағынан.

Шегенің сауалы:

— Жақсыға жаман адам, сірә, жетпес,
Жамандар жақсыларды басып өтпес.
Сұрадым зәруратпен¹ білмек үшін,
Бір жолға атай қалсаң, ештеме етпес.

Жібектің жауабы:

— Қыз-бозбала жиылып,
Ертеңді-кеш тамаша
Әңгіме-дүкен құруы.
Білгенімді мен айтсам,
Сөзімнің болмас бұруы.
Қайын атам аты — Базарбай
Жағалбайлы — руы.

Төлеген — оның баласы,
Ілгері еді патшадан
Ақылының данасы.
Қайран да Тәңірім, қайтейін,
Болмады аз күн жүруі.
Төлегеннен айырылып,
Құрыды Құдай қылған соң,
Екі де жұрттың шарасы.
Ат ізін бір де салмады,
Жоқ па екен деп ойлаймын,
Сансызбай ердің сәнасы².

Қой ішінде марқадай,
Омырауда тіллә алқадай.
Қайын енем атын айтайын
Алпыс жасар Қамқадай.
Қуантар ма екен Құдайым
Біздей ғаріп пендесін,
Қабағым неге тартады-ай?

¹ Зәрурат /араб/ — қажеттілік, зәрулік.

² Сәна /араб/ — қайғы, мұң.

Тірі болса Сансызбай
Ержетер уақыты боп еді.
Біздей ғаріп міскінді
Неге бір іздеп келмейді?

Кешегі өткен Төлеген
Ақылға диқан кен еді.
«Елімнің ақын көсемі
Батыр Шеге», — деп еді.
Қайтейін-ай, қайтейін,
Қайсыбірін айтайын,
Кешегі өткен Төлеген
Айтқан бір сөзі көп еді.

Сонда Шеге сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Асу да асу — бел, — дейді, —
Аса бір соққан жел, — дейді. —
Мойныңды созып, Жібекжан,
Бері таман кел, — дейді. —
Мен бір жауап айтайын,
Бұл сөзімді біл, — дейді. —
Сансызбайға басшы боп,
Іздеп келген өзіңді
Ақын Шегең мен, — дейді.

Әккі болған Қыз Жібек:
«Алдап жүрген біреу», — деп,
Бұл сөзіне сенбейді.
Шеге тағы сөйлейді:
— Шын айтқан сөзге нанбайсың,
Жарқыным, саған не дейін?
Бекер деп білсең шын сөзді,
Қасыңа қайтып келмейін.
Дұшпан деп білсең досыңды,
Қапалықпен өлейін.
Мұсылманды қас көріп,
Жау қалмақты дос көрсең,
Расыңды айтшы, Жібекжан,
Ізімше қайтып жөнейін.

Сонда Жібек сөйлейді:
— Шын айтқан болсаң, әй, Шәке,
Соңыңда жүріп өлейін.
Ақылым танған уақытымда,
Кім екенің білейін.
Сансызбай қайда, көрсетші,

Айналайын Шәкежан,
Сөзіңе сонда сенейін.

Ат байлаған ақыр-ды,
Көк түскен жер тақыр-ды.
Көп дұшпанның ішінде
Атын айтсам білер деп,
«Атқосшым, кел!» — деп шақырды.

Сансызбайдың тұрғаны
Бір шақырым жер еді.
Ер Шегенің дауысын
Естіп, танып біледі.
Асығып тұрған ер сабаз
«Алла», — деп атқа мінеді.
Екі тұлпар жетелеп,
Ер Шегенің қасына
Іркілмей жетіп келеді.
«Жалғыз қайның келді», — деп,
Батыр туған Шеге ақын,
Жібекке хабар береді.

Жарық алып Қыз Жібек
Сансызбайды көреді,
Көріп, сонда сөйлейді:
— Алтыннан соққан қияғым,
Күмістен соққан тұяғым,
Құдай қайдан ұқсатқан
Көкесіне сияғын.
Жаратқан Алла жар болып,
Жанды ғой өшкен шырағым.
Ашылсаңшы, қабағым,
Өлгенім тіріліп келіп тұр,
Жарылсаңшы, жүрегім.
Жаратқан ием жар болып,
Бергей де менің тілегім.

Сансызбайды көрген соң,
Жібектің көңілі тояды.
Басындағы істерін ұмытып,
Қайғысын іштен жояды.
Көп дұшпанның ішінде
Көрісуге жер қиын,
Амандасып қояды.
Бір-біріне екеуі
Көңілі әбден тояды.

Әлқисса, бұлар сонда амандасты,
Көңілі ғаріптердің судай тасты.
Сансызбайды Шегемен құрмет етіп,
Алдырып бір табақпен қойды асты.

— Ас жеген соң аттарыңа мінгін, — дейді, —
Ізіңмен кейін қайта жүргін, — дейді.
Мені алғалы кеп жатқан жау қалмақтың
Екі тұлпар аты бар, білгін, — дейді.

Қарағаш кезеңінен жол асады,
Сол жолда мені тосып тұрғын, — дейді.
Құдай оңдап, тұлпардың мінсем бірін,
Ертең түсте сол жерде көргін, — дейді.

Біздің ел ертең тұра көшер деймін,
Түннен-ақ үйдің бауын шешер деймін.
Құдай біздің тілекті берсе егер,
Шырағы жау қалмақтың өшер деймін.

Екеуін жөнелтеді уағда қылып,
Көшеді ханның елі түннен тұрып.
«Бүгін көшке мінейін бір тұлпарын,
Жүрейін, — деп, — қыздармен ойнап-күліп».

Жұмсады жеңешесін: «Алып кел, — деп,
Қоренге бізден хабар салып кел, — деп,
Көңілімді көтерейін тұлпарменен».
Жеңгесін жібереді: «Барып кел», — деп.

Әлқисса, жеңгесі келіп, Қорен қалмаққа:

— Бикеш сәлем айтып жатыр. «Тұлпарының бірін берсін, көшке міне-
мін», — деп жатыр. Тұлпарыңызды беріңіз, — дейді. Қалмақ оған:

— Бикеш маған тимеймін деген. Атымды бермеймін, — деп жауап қай-
тарады. Жеңгесінің қалмақты алдап айтқаны:

— Ау, күйеужан, күйеужан,
Еркелікпен қылады,
Бикештің сырын білесің.
Біле тұрып дұшпанның
Тіліне неге ересің?
Бүгін көшке мінеді,
Сандалкөкті бересің.
Бүгін күннің батысы
Ақ отауға кіресің.
Ойын-күлкі, тамаша,
Көп қызықты көресің.
Нұр сипатты бикештің

Кеудесіне мінесің,
Шытырасы алтын көйлегін
Басына таман түресің.

Сонда Қорен сөйлейді:
— Ау, жеңеше-ау, жеңеше-ау,
Мінгенде атың құла ма,
Алтыннан жүзік бұрама.
Біреу жарлы, біреу бай,
Бәрін де Құдай қыла ма?
Тимесе Жібек, тимесін,
Сандалкөкті сұрама.
Тимесе Жібек, тимесін,
Сандалды сұрап күймесін.
Ерлер мінер тұлпарды
Әйелдер мінер бола ма?!

Әлқисса, қалмақ атын бермеген соң жеңгесі ыза болып, Жібекке жылап келді. Сонда Жібек: «Енді өзім барайын. Өзім барсам, тұлпарды алып мінермін», — деп, қасына он бес қызды ертіп алып, Қорен қалмаққа келді. Келе жатып: «Құдай Тағала тілегімді берер, қалмақтың кеудесін бастырар», — деп ырым қылды және қасындағы қыздарға:

— Сендер жезденменен ойнасаңдаршы, — дейді. Сол халде Жібек Қоренге жетіп келді. Қорен Жібекті көріп, есі шығып, балқып кетті, мас болды. Сонда Жібек:

— Атыңды мен сұрағанда неге бермедің? — деп сұрады.

— Мен сенен ат аяйын ба? Мен мұнда келгелі екі ай жарым болды. Сонан бері маған бір көрінбегеніңе өкпелеп, бермеп едім. Енді қайсысын аласың? — дейді Қорен.

— Сандалкөкті мінемін, — деді Жібек.

Қалмақтың екі тұлпарының екі ер-тоқымы бар екен. «Өз ер-тоқымы болмаса, өзге ер-тоқым тұлпарға тұрмайды», — деп өз ерін ерттеп берді. Қалмақ тұлпарды ерттеп жатқанда, Қореннің төсегінің жанында тығулы он бес құлаш ақ семсерін Жібек ішінен беліне байлап алды. Атты ерттеп болған соң жылдам атқа мініп алып, тізгін, шылбырын қолына алғанда көңілі тасып кетіп, қалмаққа қарап айтқаны:

— Атаңа лағынет, хан Қорен,
Хандығың сенің қайда бар,
Алдаумен бердің атты әрең.
Тәңірі берсе қолыма,
Жерге бір сені таптар ем.
Сандал сынды тұлпарың,
Қынабы алтын қырқарың,
Йә, сенікі, йә менікі.
Тұзымды Құдай көтерсе,
Мұнда жоқ сенің тең парың.

Атаңа лағынет, хан Қорен,
 Ұғып тұрғын сөзімді.
 Ұлық біліп сен тұрсың
 Осы күнде өзінді.
 Ердiң бағын Тәңірі ашса,
 Қарға, құзғын, шыбынға
 Шұқығармын көзіңді.

Атаңа лағынет, қу қалмақ,
 Тұрмайын сенің қасыңда.
 «Аламын», – деп келіп ең
 Адырайып басыңда.
 Тәубе еттім, Құдай-а,
 Күнәһаршылық асыға.
 Әуелінде амалсыз
 Үкіміңе көнген ем.
 Тілеуді Құдай бергені –
 Сандалкөкті мінгенім.
 Ит қалмақ, көзің ағарды,
 Ақымақтықпен білмейсің,
 Ажалыңның келгенін.

Әлқисса, Жібек мұны айтқаннан кейін көңіліне түсіп: «Асылық¹ сөйлеп жібердім бе?» – деп тәубе қылып, былай деді:

– Тәубе қылдым, Құдай-а,
 Қаталық сөзім кешіргін.
 Жүзіне лағынет кәпірдің
 Шырақ отын өшіргін.
 Тәубе қылдым, жан Алла,
 Тәуекел қылдым өзіңе,
 Не қылсаң да өзің біл!

Әлқисса, Жібек бұл сөзді айтып, Алла Тағалаға сиынып, атының басын бұрып, жүріп кетті. Тұлпарының етін қыздырып алайын деп, олай бұлай орғытып шапты. Сонда Қорен қалмақ Жібекті көріп: «Тұлпарының еті қызған соң алып қашып, жығып кетер ме екен?» – деп, қазмойынды қара тұлпарды ерттеп мініп, Жібекке келе жатыр. Һәм семсерін алайын деп келе жатып, Қорен қалмақтың айтқаны:

– Япырым-ау, япырым,
 Байқадың ба, бозбала,
 Қыз Жібектің ғапылын?
 Көксандалды жүгіртер
 Қыз Жібек менің қатыным.

¹ Асылық /араб/ – күпірлік.

Басы қатты Саңдалкөк
Тастап кетіп жүрмесін.
Айналайын Жібек-ау,
Ақырын шапшы, ақырын!

Әлқисса, сонда Жібек келе жатқан қалмақты көріп: «Бұл қалмақтың маған қылайын деп келе жатқан ісі болса, оны ұмыттырып жіберейін» деп ойлап, Қореннің алдынан шығып:

— Әй, тақсыр, сіз неше атаңыздан бері хансыз? Хан болған өз басыңыз ба, атаңнан бері хансыз ба? — деп сұрайды. Онда Қорен:

— Мен жеті атамнан бері ханмын, — дейді. Онда Жібек айтты:

— Сен хан болмай, жерге кір! Хан кісі сіздей бола ма? Бойыңда биттей билік жоқ, шын дегдар хан болсаң, мен сіздің қатын болсам, көш-жөнекей құл-қойшыға ұқсап неге менің қасыма келесіз? Бұл жерде тұрмаңыз. Ілгері барып, шатырыңызды тіккізіп жатыңыз, біз көшпенен барамыз, — дейді.

— Мен сенің қасыңда жүрмеймін. Мына тұлпардың еті қызса, алып қашып кетеді, соны айтайын деп келдім. Семсерімді өзіме бер, — дейді Қорен.

— Міне, сенің ақымақтығыңмен мына елдің көңілін сескендірейін деп қылып жүрмін. Бізді кешіктірмей жөнелтсін. Түнеугіден бері өз ақылыңмен жүрдің ғой, енді жүре бер, — дейді Жібек.

Онда қалмақ иланып: «Ендеше, мен ілгері барайын. Намаздыгерден кейін қалдырмай атымды өзіме бер», — деп жүріп кетті.

Жібек атының басын бұрып, артына қараса, сәукелесін кіші жеңгесі киіп бара жатқанын көреді. Сәукелесін ала кетейін деп жеңгесіне келіп, сәукелесін сұрайды.

— Асу да асу — бел, — деді, —
Аса бір соққан жел, — деді. —
Айналайын жеңеше-ау,
Бері таман кел, — деді. —
Мен бір жауап айтайын,
Бұл сөзімді біл, — деді. —
Басыңдағы сәукеле
Алып маған бер, — деді. —
Ақыр ертең киемін,
Бүгін көшке киейін.
Жарасар ма екен, жеңеше-ау,
Өз көзіңмен көр, — деді.

Қыз Жібектің бұл сөзін
Жеңгесі мақұл көреді.
Басындағы сәукеле
Жібекке алып береді.
Қолына Жібек алады,
Асыл гауһар тастарын

Бытырлатып үзіп ап,
 Жанқалтаға салады.
 Атының басын бұрады,
 Қашығырақ тұрады.
 Айтуға бармай ауызы,
 Сонда бір Жібек жылады,
 Жылап тұрып сөйлейді:

— Айналайын жеңеше-ау,
 Мінезің еді өзгеше-ау.
 Сапар тарттым алысқа,
 «Барасың қайда?» демеші-ау.
 Жаратқан бәрімізді Алла Тағалам,
 Қолында молдалардың дәуіт, қалам.
 Пәруардігер¹ жар болса,
 Алыс жолға барамын,
 Айтыңыз ата-анама дұғай сәлем!

Тұзымды Құдай көтерсе,
 Ниет қылдым алыс жол.
 Мұндай істі қылмас ем,
 Қорен қалмақ алғалы,
 Қамап жатыр қалың қол.
 Көп кешікпей кетейін,
 Ел-жұртқа дұғай сәлем де,
 Жеңеше-ау, өзің аман бол!

Жеңгесі сонда сөйлейді:
 — Айналайын бикешжан,
 Мінген де атың пырағың.
 Қалай талап қылсаң да
 Ашылсын сенің мұратың.
 «Бағынды Құдай ашқай» деп,
 «Кәпірдің көңілін басқай» деп,
 «Мұсылманға қосқай» деп,
 Ертеңді-кеш Құдайдан
 Зар қылып, мен де сұрадым.
 Мән-жайыңды айта кет,
 Барасың қайда, шырағым?

Жібек сонда сөйлейді:
 — Тұлпар мініп астыма,
 Асындым алмас беліме.
 Тұлпардың қалған тұяғы
 Сансызбай іздеп келіпті.

¹ Пәруардігер /парсы/ — Жаратушы, Құдай.

Тілекті берсе Құдайым,
Қосылайын деп мен тұрмын.
Басында қосқан теңіме
Барайын деп мен тұрмын.
Жеңеше-ау, қайтіп көнемін
Қу кәпірдің кеміне?
Жеткізсе Құдай мұратқа,
Қалмақтың көзі ағарсын,
Нан пісіп тұрған деміне.
Талап қылдым, жеңеше-ау,
Осылай қиял қылмаққа.
Тұлпар мініп, жол тарттым,
Басымды жолға салмаққа.
Тәуекел қылдым Аллаға,
Қайтіп қатын болармын,
Құдайымның дұшпаны
Нәсілі жаман қалмаққа?

Дінсіз жауды кез қылып,
Басыма салды ғаламат.
Басында Жібек атанып,
Кәшірге қатын болғаным
Есіткен жұртқа мәләмат¹.
Ақ сүтін кешсін анамыз,
Разы болсын атамыз,
Ел-жұртқа дұғай сәлем де,
Жеңеше, болғын сәлаMAT!

Мұнан кейін Қыз Жібек
Басқа сөздер демеді.
Атының басын бұрады,
Уағда қылған Қарағаш —
Бет қоя соған жөнеді.
Кетерін анық білген соң,
Атының басын бұрған соң,
«Сансызбайға сәлем, — деп, —
Қош-аман бол, бикеш!» — деп,
Жеңгесі тұрып жылады.

Жөнеді Жібек, жөнеді,
Шеге менен Сансызбай —
Ағашқа шығып, екеуі,
Қарауылдап тұр еді.
Келетін Жібек қарасын
Сансызбай, Шеге көреді.

¹ Мәләмат /араб/ -- айып, мін.

Табан жолмен тартысып,
 Ауыздықпен алысып,
 Ұшқан құспен жарысып,
 Маядай мойнын созады.
 Тарта-тарта Жібектің
 Алақаны тозады.

Томарша жерден сырғытып,
 Ойпаң жерден ырғытып,
 Жарлау жерден орғытып,
 Әне-міне дегенше,
 Ашып көзді жұмғанша,
 Сансызбай мен Шегеге
 Ұйтқып бір заулап келеді.
 Жомарттықпен бас кескен,
 Бір Алланың досы деп,
 Бұрынғы жолы осы деп,
 Аттан түсіп Қыз Жібек,
 Шегеге сәлем қылады.

– Ашылсын, балам, бағың, – деп, –
 Тәңірі болсын панаң! – деп,
 Ер Шеге бата береді.
 Жетелеп атын жаяулап,
 Майпаңдап қаздай баяулап,
 Қасына Жібек келеді.
 Бірін-бірі көрген соң,
 Шүкір қылып Аллаға,
 Енді атына мінеді.
 Екеу еді, үшеу боп,
 «Алла» деп елге жөнеді.
 Елге қарап, «Шүу» деді,
 Өңкей тұлпар мінгені,
 Соққан желдей гүледі.
 Шапқанда Жібек озады,
 Сансызбайға: «Жүр! – деді. –
 Жете алмаса өз атың,
 Сандалкөкті мін», – деді.
 Ар көріп бала бойына,
 Жібектің атын мінбеді.
 – Жүре бер, Жібек, жүре бер,
 Мінетін жерге Құдайым,
 Жеткізсе біздей ғаріпті,
 Мінермін сонда мен, – деді.

Әлқисса, бұлар бара тұрсын. Ендігі сөзді Қорен қалмақтан естіңіз.
 Намазшам болған соң: «Атымды беріп жіберсін», – деп кісі жіберді. Бұлар:

«Атыңның қайда екенін білмейміз», — деп жауап қайтарады. Қалмақ атты Жібектің мінгенін айтады. Бұлар қараса, аты түгіл Жібектің өзі жоқ. Енді бұлар: «Қалмақ Жібекті атымен еліне жіберген екен, енді бізден несіне сұрайды? Шынын айтса да біз не қыламыз?» — дейді. Бұл сөзге қалмақ ашуланып, әскерін шақырып, елін шаппақ болып, ханның ордасына келді.

Кеш болған соң хан Қорен
 «Қайда?» — деп атын сұрады.
 Бұлар солай деген соң,
 «Атымды шапшаң тапқын, — деп, —
 Тауып берсең атымды
 Тыныш ұйықтап жатқын, — деп, —
 Атым менен Жібекті
 Қазір тауып бермесең,
 Қайратыма баққын!» — деп,
 Жиып алып әскерін,
 Қаһарланып қу қалмақ,
 Айғай салып ақырып,
 Қораға келіп тұрады.
 Заһарынан қорқып қалмақтың
 Қатын менен баласы,
 Ел-жұрты шулап жылады.

Әлқисса, Сырлыбай хан сонда өзі барып айтуға ар қылып, Қаршығаға:
 «Сіз барып, қалмаққа жөнін айтыңыз», — дейді.

Осы жүрген Қаршыға
 Жауапқа шешен ер еді.
 Ерлігінің белгісі —
 Қаһарланған қалмаққа
 Іркілмей жетіп келеді.
 Жан батпаған кәпірге
 Сүрінбей жауап береді.

— Мен айтайын бір жауап,
 Сөзімді, тақсыр, тыңдаңыз.
 «Әйтеуір әлім келеді» деп,
 Қисынсыз қаһар қылмаңыз.
 Жасырған болсақ Жібекті,
 Сонан соң, тақсыр, шындаңыз.

Ашуыңды басыңыз,
 Қосыңа барып түсіңіз.
 Алып қашып кеткен-ді,
 Тұлпар ізі жоғалмас,
 Даладан ізін кесіңіз.
 Жасыратұғын Жібекті

Бар ма еді әлде қасыңыз?
 Мың кісіге барабар,
 Бір өзіңнің басыңыз.
 Хандығында мінің жоқ,
 Өзіңіз, тақсыр, ойлашы,
 Дұрыс па қылған осыңыз?
 Хан болсаң да, тақсыр, айтайын,
 Әйелге тұлпар мінгізген,
 Өзіңіз иттің насыңыз.

Жібектің заты ұрғашы,
 Тұлпардың сырын білесің.
 Біле тұрып әйелге
 Тұлпарды неге бересің?
 Өзің беріп атыңды,
 Елден неге көресің?
 Қатты айтуға батпаймыз,
 Ел билеген төресің.
 Өз мініңді ойламай,
 Тентектік қылып, күйеужан,
 Алмағын елдің зәресін!

Әлқисса, сонда қалмақ: «Маған бағана неге осылай деп айтпайсыздар? «Жібекті еліне өзі жөнелтіп жіберген екен, бізден неге сұрайды?» дегеніне ашуланып едім. Рас, қайда барса да менің Саңдалкөгім шапса, ізі жерошақтай болып, жер қазылып қалады. Өзім ізін танымын», — деп, қосына қайтып барып жатты.

Таң атқанша шыдай алмай жатып, таң сарғая атына мініп, қалмақтар із қарады. Жұртқа барғанда ізін тауып алып, Мойынасуға барғанда тұлпардың ізі төртеу болды. Сонда қалмақ Қорен әскерді бөлді. Екі мың жеті жүз кісімен қуа береді. Өзгесін: «Біз келгенше, осында тосып жатыңдар», — деп қойып кетеді. Қаршығаны басшы қылып, жиырма кісі қазақтан басшы алды. Алты күн қуып, жете алмаған соң Қорен өзі жалғыз құды.

— Мен барып, жауды түсіріп, өлтіре тұрайын. Жауды өлтірген соң алдыңнан қайтып шығармын. Еліне барғанша жеткізбесе, сендер келгенше мен тосып жатайын. Елін «бұрхан¹ бақшы» болса да шауып қайтармыз, — деп, атына «шүү» деді.

Жөнелді қалмақ, жөнелді,
 Шылбыр ұрып келеді.
 Көк қабандай арсылдап,
 Тебінгісі тарсылдап,
 Құйысқаны сартылдап,
 Аузынан аққан ақ көбік
 Омырауда балшылдап,

¹ Бұрхан /моңғол/ — қалмақ буддашыларының табынатын Тәңірі.

Қазмойын қара тұлпарды
Сауырға сипай қамшылап.
Сауырынан аққан тер,
Көктен құйған тамшыдай,
Борбайынан тамшылап.
«Шүү» десе қалмақ дауысы
Тастүлек құстай шаңқылдап.

Кәпір қалмақ жөнеді,
Қаһарланып келеді.
Дәл он бір күн болғанда,
Сансызбайдың қарасын
Қорен қалмақ көреді.
Келетін кәпір қалмақтың
Күндік жерден қарасын
Жібек бір болжап біледі.
«Кәпір қалмақ жетті, — деп, —
Басымнан дәурен өтті», — деп,
Сансызбай мен Шегеге
Жібек бір хабар береді.

Толғана мойнын бұрады,
Аладан дәрмен сұрады.
Жібек пенен Шегені
Ілгері қарай жөнелтіп,
Келетін кәпір қалмақтың
Жолын тосып Сансызбай,
Көлденең тартып тұрады.

Өзі ілгері барған соң,
Жау бетінде жас бала
Жалғыз тұрып қалған соң,
Мұңды болған Қыз Жібек
Бір төбеге барады,
Құбыла жаққа қарады.
Көксандалдың шылбырын
Мойнына орап салады.
Бір Құдайға зар айтып,
Мінәжат қылып сол жерде
Қыз Жібек қылды наланы.

«Құдіреті күшті Құдай-а,
Басымнан кетті сәулетім,
Жүзімнен кетті әуретім.
Сақтаған Құдай көп екен
Маған деген дәулетін.
Ажалым жақын таянып,

Жетті ме енді нәубетім?
Бір сайқалдың жолында
Құртамсың, Құдай-а,
Бір бейшара жанның әулетін?!

Әуелі қолдап, Құдай-а,
Рахымыңнан құтылдым.
Ақырында, Құдай-а,
Не пиғылменен тұтылдым?
Қайтадан қолға түс болсам,
Не болар менің сықылым?
Бір сайқалдың жолында
Құртамсың, Құдай-а,
Бір бейшара жанның тұқымын?!»

Бұлайша деп Қыз Жібек
Зарланып қатты жылады,
Көзінің жасын бұлады.
Мұңлы болған Жібектің
Тәубесін қабыл қылады.
Қылғаны қабыл емес пе,
Аз кідірсең, қызығы
Арт жағында болады.

Сол уақыттар болғанда,
Әне-міне дегенше,
Айтып ауыз жиғанша,
Сансызбайдың қасына
Қорен жетіп келеді.
Келіп, сөйлей береді:
– Қарсы алдыңнан қарасам,
Жасың кіші баласың,
Оттай қаулап жанасың.
Менің атым – хан Қорен,
Неден үміт қыласың?
Мен жайымды сөйлесем,
Ақылыңды танасың.
Жібек – менің қатыным,
Қай жаққа алып барасың?
Жібекті ілгері жіберіп,
Мойныңды маған бұрасың.
Соғысатұғын кісідей
Көлденең тартып тұрасың.
Меніменен соғыссаң,
Құдайыңа барасың.
Соғысар болсаң, жөніңді айт,
Нағылып жүрген баласың?

Сансызбай сонда сөйлейді:
– Қорен қалмақ сен болсаң,
Сансызбай бала мен едім,
Мен де өзіндей кен едім.
Жібек сынды жеңгемді
Елімнен іздеп кеп едім.
Жеңгемді тауып алған соң,
Медет тілеп Алладан,
Еліме алып жөнедім.
Артымнан келе жатқан соң,
«Нағылып жүрген адам? – деп, –
Білейін сені», – деп едім.
«Мұсылман болсаң, саған мен
Болайын жолдас», – деп едім.
«Нәсілің кәпір жау болсаң,
Алла тізгінді оңдаса,
Жаһаннамдағы орныңа
Жібереіін», – деп едім.

Сонда қалмақ сөйлейді:
– Асу да асу – бел, – дейді, –
Аса бір соққан жел, – дейді, –
Әуелгі кезек менікі,
Соңғы кезек сенікі,
Бұл сөзімді біл, – дейді. –
Қарсы алдыңнан қарасам,
Жасың кіші жас ұлсың,
Кезегімді бер! – дейді.

Сансызбай атты жас берен
Толғана мойнын бұрады,
Аладан пәрмен сұрады.
Қашатұғын қатын ба,
Кезегін беріп қалмақтың,
Қасқайып қарап тұрады.

Атаңа лағынет қу қалмақ
Қорамсаққа қол салды,
Бір салғанда мол салды.
Садақты қолға алады,
Толықсып тұрған баланы
Толғап тартып қалады.

Кірістен оғы кетеді,
Сансызбайға жетеді.
Тоғыз қабат сауыттың
Сегізінен өтеді.

Жыртыла жазды сауыттың
 Қатарланған жығасы¹.
 Сансызбайдың жасынан
 Қабыл еді тобасы.
 Өтер еді мұнан да,
 Жібермеді бұл оқты
 Ғауыс, Ғияс, Қырық шілтен —
 Болған екен панасы.

Бұрын жауды көрмеген
 Сансызбай сонда жылайды:
 «Қор қылма, — деп, — кәпірге!»
 Алладан пәрмен сұрайды.
 Рақым қылса бір Құдай,
 Пенденің несі құрайды.

«Құдіреті күшті Құдайым,
 Бір өзіңе жылайын.
 Рақым қылғын, Құдай-а,
 Көргенім жауды осы еді,
 Қайратымды сынайын.
 Құдіреті күшті Құдай-а,
 Батар күнмен батайын,
 Қалмақты мен де атайын.
 Рақым етсең, йә, Алла,
 Қу қалмақты өлтіріп,
 Қызығына батайын.
 Мен құлыңның кешіргін,
 Пазылың бірлән², йә, Алла,
 Ғасылық³ еткен қатасын».

Бұлайша толғап Сансызбай,
 Қорамсаққа қол салды,
 Бір салғанда мол салды.
 Садақты қолға алады,
 Толықсып тұрған кәпірді
 Толғап тартып қалады.

Зырқырай оғы кетеді,
 Қалмаққа таман жетеді.
 Көкірек қысқан көбеден,
 Қармаулы қабыл жебеден,
 Зырлауменен өтеді.

¹ Жыға — сауыттың шынжыр торлы қаптамасы.

² Пазылың бірлән /араб/ — шапағатпен, қайырыммен.

³ Ғасылық /араб/ — күпірлік, астамшылық.

Мұнан да өтіп кетеді,
Бір төбеге жетеді,
Үй орнындай бір жерді
Төңкере тастап кетеді.

Оқ тоқтаған кезінде
Қорен аттан құлады,
Туы қолдан құлады.
«Лалай-лама-лух¹», — деп,
Пәлем қалмақ сұлады.
Жығылған соң қалмақтың
Қасына жетіп барады.
Ат үстінен қылышпен
Денесінен жұда² қып,
Басын кесіп алады.
Қазмойын қара тұлпарды
Жетегіне алады.

— Тоқтағын, Жібек, тоқта, — деп, —
Менде көңілің жоқ па? — деп,
Айғай салып Сансызбай,
Жібекке атой береді.
Атой беріп жүргенде,
Шеге мен Жібек көреді.
Қуаныш қылып тұрғанда
Сансызбай жетіп келеді.
Шүкір қылып Аллаға,
Кәпір жаудан құтылып,
Бірнеше күн жол жүріп,
Еліне аман келеді.
Ата-анасын қуантып,
Қырық күн ұдай той қылып,
Сансызбай Жібекті алады.
Сипатын көріп Жібектің,
Ел-жұрты қайран қалады.

Бір Құдай әр пенденді өзің оңда,
Айналды жұлдыздары енді оңға.
Түс көрді Жібек түнде ұйықтап жатып,
Айтады Сансызбайға тұрып сонда.

— Түсімде бір топ қарға көрдім, — дейді, —
Соңынан бір тұйғынның ердім, — дейді. —
Тұйғын қырып сап қылды көп қарғаны,
Қызығын тамаша қып тұрдым, — дейді.

¹ Лалай-лама-лух /қалмақ/ — Құдайға жалбарыну.

² Жұда /парсы/ — бөлектену, айырылу.

Сонда Сансызбай Жібектің түсін жорыды:

— Қалмақтың көп әскері келеді екен,
Құдай біздің тілекті береді екен.
Қарға қырған тұйғының мен екенмін,
Келген қалмақ бәрі де өледі екен.

Мұны айтып, Сансызбай жұртын жиды,
Ғазатқа¹ Құдай үшін жанын қиды.
Сансызбай жұртын жиып алған шақта
«Көп әскер келді!» — деген хабар тиді.

Сансызбай сол қалмақтың бәрін қырып,
Өлігін жота-жота қылып үйді.
Мұсылманнан бар екен жиырма адам
Оларға инғам ихсан² қылды сыйды.

Қаршыға екен басшысы мұсылманның,
Панасы патша Құдай қысылғанның.
Қыдыр дарып, бақ қонды Сансызбайға,
Ешбірін жібермеді ұсынғанның.

Әскерден Қаршыға озып жүрген екен,
Қореннің сонда өлгенін көрген екен.
«Өзімізді өлтіріп кете ме?» — деп,
Көрсетпей, қалмақтарды бұрған екен.

«Ханымыз қуып кетіп барады», — деп,
Қаршыға қалмақты алдап ұрған екен.
Еліне Базарбайдың алып барып,
Ақылмен осылай қып қырған екен.

Әлқисса, Сансызбай Қаршығаны бірнеше күн сыйлап, қонақ етеді. Сонан соң Сансызбай екі мың әскер алып, Қаршығаны алдына салып, еліндегі қамап жатқан көп қалмақты хабарсыз жатқанда тарпа бас салады. Түнде барып тиіп, көбін атына мінгізбей, таң атқанша қырып, таң атқан соң ұрыстың амалын қылатұғын ханы жоқ, қалған қалмақ еліне қашып, жүріп береді.

Сансызбай артынан қуып берді,
Қолға тиген қалмақты қырып берді.
Қалмақтың бес мың қолын бәрін қырып,
Қызыл қанға бояды қара жерді.
Мұсылманды дұшпаннан айырып алған,
Жігіттер, тамаша қыл мұндай ерді.

¹ Ғазат /араб/ — соғыс.

² Инғам ихсан /араб/ — тарту, сыйлық.

Бақ берді жас балаға патша Құдай,
Мұсылманның болып тұр көңілі жай.
Қалмақты әбден қырып бітірген соң,
Қайнына келді қайтып ер Сансызбай.

Басшысы Сырлыбай хан өзі болып,
Алдынан шықты елі бәрі шулай.
Оңаша бір отауды салып беріп,
Қызмет қып, сыйлап тұрды екі айдай.

Еліне екі ай жатып, жүрді дейді,
Қызметін қайын жұрттың көрді дейді.
Сексен нарды толтырып жасау артып,
Бес жеті, алтын отау берді дейді.
Тоғыз жорға ат жабдықтап Жібек үшін,
Қайын енесі қасына ерді дейді.

Жібекті жаңа ұзатып бергендей боп,
Еліне үш ай жүріп келді дейді.
Еліне аман-есен келгеннен соң,
Қайтадан қырық күн той қылды дейді.

Мұныменен Қыз Жібек тамам болды.

Көп қисса тәсниф¹ қылдым мұнан бұрын,
Пенденің Алла білер іште сырын.
Сауап, күнә екенін біле алмаймын
Кешіргін күнә болса, Жаппар Кәрім.

Көп қисса тәсниф болып шықты бізден,
Назым қылып шығардым насыр сөзден.
Молдалар, оқысаңыз әр кітабым,
Әрқашан мақрұм қылма дұғаңыздан.

¹ Тәсниф /а/ – шығару, жазу.

Бірінші мақам

Салтанатпен

Орындаған: Оразов Фархат
Нотаға түсірген: Тыныбеков Ерасыл

4 ОУ! Ей! Мен сөй-ле йін жа-ран-дар, Мен сөй ле-йін жа-ран-дар,

7 Тың-дап құ-лақ са-лы-ңыз. Аз әң - гі - ме қоз-ға-йын, Кел-ге-нін-ше ха - лі - міз.

9 Зе - кет - сіз бол - са пай - да жоқ Қа - сық - тап жи - ған ма - лы - ңыз.

11 Ей! Қыз Жі - бек - ті тың - да - ңыз, За - ман - дас, ер - кек, ұр - ға - шы,

14 Ақ са-қал-ды ша-лы-ңыз. Жү-сіп-бек қо-жа жыр-ла са, Қыз Жі-бек-тің сө зі не,

17 Ен-ді әб-ден қа ны-ңыз. Ба-сын-да ме-нен жа-йыл-ды Қис-са бо-лып бұл Жі-бек,

Ба-сы соң(ы)на қа-ра-сам, Бә-рі ша-ла сө-зі-нің, Ең(і)реп жы-лап жүр жү-деп.

Екінші мақам

Орташа

20 Ей! Ке-ше - гі өт-кен за-ман-да, Дін мұ-сыл-ман а - ман-да,

23 Кі-ші де жүз-дің і-шін-де Жа-ғал-бай-лы е-лі бар. Жа-ғал-бай-лы-ның ме-ке-ні

26 Ақ те-ңіз де-ген кө-лі бар. Жаз жай-ла-уын сұ-ра-саң, Қа-ра те-ңіз жа-ға-сы

29
 Ү-лан, Шәм-біл бе-лі бар. Жа-ғал-бай-лы е-лін-де Ба-зар-бай ат-ты ба-йы бар.

32
 Бай-лы-ғын о-ның сұ-ра-саң өл-шеу қы-лып ай-ту-ға Хи-сап жет-пес жа-йы бар.

35
 Бай - лы - ғын - да өл - шеу жоқ, Же - ті жүз тү - йе жүк е - кен

37
 Тіл лә-сі ме-нен жам-бы-сы. Мың тү-йе жүк та-ғы да Қан ыт пе-нен ша-йы бар.

40
 А - яқ - ты мал - да хи - сап жоқ Ей _____

42
 Ай-да-лып ба-ғып ей! жа-йы-лар а - хау _____ а - ей _____ ей _____

Үшінші мақам

44 асықпай, мұңмен

Ей! Сол бай - да үш қа - тын бар, то - ғыз ұл - д(ы)оу

46
 Хи-сап-сыз Тәң(i)рі бер-ген сон-ша пұл-ды. Е - лі-не о-ба кел-ген бір ке сел-ден

48
 Бі-рі қал-май то ғыз ұл бә-рід(е) өл-ді. То-ғыз ұл а жал же-тіп бә-рід(е) өл-д(i)оу

50
 А-шу-мен ал-ты қа-тын та-ғы д(а) ал-ды. Ба-зар-бай сек-сен жас-қа кел-ген шақ-т(а)оу

52
 Та-уып-ты кі - ші қа-тын ей _____ ей - Та-ғыд(а) ұл-д(ы)ау ей!

Төртінші мақам

3

Орташа



Бесінші мақам

Асықпай, жігерлене





Жүсіпбек Шайхысламұлы (1857 – 1937) – ақын, жыршы, әдеби мұраларды жинаушы. Ол қазіргі Түркістан облысы Арыс ауданына қарасты Қожатоғай аулында туған. Ауыл молдасынан хат танып, кейін медресеге оқып білімін жетілдіреді. Сол білім ошағында араб, парсы, көне түркі тілдерін меңгеріп, Шығыс әдебиетімен танысады. Жасынан халық әдебиетіне қызығып, оларды ел арасынан жинап, жүйелеп, жариялау жұмыстарымен айналысады. Өзі де ақындық, жыршылық жолға түсіп, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан», «Алпамыс», «Қаншайым – Наурызбай» сияқты ұлттық туындыларды, «Салсал», «Зарқұм», «Жүсіп – Зылиха», «Мұңлық – Зарлық», «Шәкір – Шәкірат», «Кербаланың шөлі», «Дариға қыз», «Қасым жомарт» т.б. шығыс сюжетіндегі халық мұраларын өзінше жырлап, Қазан қаласында 30-дан астам кітап бастырған.



Суретші Ә. Смағұлов

БОЗЖІГІТ

«Бозжігіт» — түркі әлеміне ежелден танымал, қазақ, башқұрт, татар, өзбек халықтары арасында кең таралған ғашықтық жырлардың бірі. Оқиғасы «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырымен сарындас бұл жырда Бозжігіт пен Қарашаштың қайғылы өмірі мен өкінішке толы махаббаты жырланады. Жырда көрісу, қоштасу, амандасу, жар-жар, естірту, көңіл айту мен жоқтаулардың ерекше үлгілері көрініс тапқан.

Халқымыздың төл туындысына айналған «Бозжігіт» жырының көне нұсқасын В.В. Радлов 1842 жылы жазып алып, алғаш «Түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары...» (1870) атты көп томдық еңбегінің үшінші томында жариялады. Кейін осы нұсқа Қазан, Орынбор т.б. қалалардың баспаларынан 14 рет жеке кітап болып басылды.

Шығыстанушы Н.Ф. Катановтың деректері бойынша «Бозжігіт» жырының 1896 жылғы таралымы 10 мың гана болып басылған. Ал 1911 жылы ақын А. Сабалұлы «Бозжігіт» жырын өңдеп, Қазан қаласында қайта жариялады. Жырдың қолжазба нұсқалары мен басылымдары Санкт-Петербург, Мәскеу, Қазан, Орынбор, Алматы қалаларының кітапхана қорларында және қолжазбаның ескі бір нұсқасы Британия музейінде сақталған. Жыр «Дала уәлаяты», «Тургайская газета» газеттерінде, «Ғашықнаме», «Ғашықтық дастандар», «Бабалар сөзі» және т.б. басылымдарда жарық көргі.

«Бозжігіт» жыры туралы зерттеулер Б. Уахатов, Р. Бердібаев, М. Бөжеев, Ү. Сұбханбердина, Б. Әзібаева сынды ғалымдардың еңбектерінде кездеседі. Томды баспаға дайындау барысында жырдың қолжазба нұсқалары мен әр жылдары жарық көрген үлгілеріне текстологиялық сараптау жұмыстары жүргізілді. Соның негізінде халық арасында кеңінен танылған В.В. Радлов нұсқасы таңдалып, ұсынылды. Түпнұсқасы Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (576-бума).

Сөз келді тыңдағанға айтатұғын,
 Жоқ шығар бұ жалғанда мұңсыз туған.
 Дүниеге адам ұлы қонақ болған,
 Күнінде бірі-бірден қайтатұғын.

Жан берді, иман берді Бір уа Барың¹,
 Қалады өзің өлсең, дүние, жарың.
 Дүниеде біраз өмір қонақ болған,
 Барады қазған көрге жігіт, кәрің.

Бұ жалғаннан бір кісі тоймай өтер,
 Жақсы құл өлім түбін ойлай өтер.
 Бір пенде малды жияр, дүние сүйер,
 Жалғаннан еш мұратын алмай өтер.

Бір пенде өтер әкенің жүзін көрмей,
 Бір пенде өтер шешеден сүтке тоймай.
 Бір пенде көп мал жияр, дүние сүйер,
 Бір пенде өтер малға көңіл қоймай.

Бір пенденің қорасы малға толған,
 Бірінен бірі көріп, ыбрат² алған.
 Бір пенденің көңілі күліп өтер,
 Біреудің жылай-жылай жүзі солған.

Бірінен-бірі көріп, ыбрат алған,
 Алла мейір ойласын деп үлгі салған.
 Е, пенде, өлеріңді білмеймісің,
 Адамның көбі кетіп, азы қалған.

Бір құлдан бір құл көріп, ыбрат алған,
 Жақсы құлға Құдайым ақыл салған.
 Е, пенде, бұ жалғаннан сен де өтерсің,
 Өлімге ажал оған пайда болған!

Көріптердің жалғанда көңлі сынық,
 Байларменен жүруге жолы тұйық.
 Біреуге малға қолын сен жаратсаң,
 Енді қалай болады сөзім сынық.

Көріптікте болады мүшкіл күнің,
 Шықпайды көп ішінде айтсаң үнің.
 Айтқан сөз жүрген жолда сен жаратсаң,
 Енді қалай болады мұның жөні?

¹ Бір уа Бар — Алла Тағаланың 99 есімінің бірі: оның барлығын, бірлігін білдіретін ұғым.

² Ыбрат /араб/ — ғибрат, өнеге.

Қауым болған әуелде
 Билла интаһа қайырдан¹.
 Бар ғаламды жаратқан
 Сұлтан болған қожамсың!
 Көптен құдіреттісің,
 Он сегіз мың ғаламға
 Сұбхан² болған қожамсың!

Ғаршы менен Күрсіні³,
 Лаух пенен Қаламды⁴,
 Он сегіз мың ғаламды
 Алты күнде жаратып,
 Пенде қылған Алламысың!
 Жәбірейіл, Мекайыл,
 Ысрапыл мен Әзірейіл,
 Періштенің ішінде
 Артық сүйген Алламысың!

Адам менен Хауа ана
 Төрт нәрседен жаратып
 Пенде қылған Алламысың!
 Жүз жиырма төрт мың әнбия⁵,
 Сахибта⁶ жоқ әулие,
 Атамыз ол Адамды
 Құрсант⁷ қылған Алламысың!
 Артық нәби Мұқамбет,
 Фахр⁸ нәби Мұқамбет
 Құлдардың ішінде
 Артық сүйген Алламысың!

Сегіз қабат ұжмақты,
 Жеті қабат тамұқты
 Күнәлі құлдарға
 Бина⁹ қылған Алламысың!
 Сүйген құлың ұжмақта
 Түрлі-түрлі нығметте
 Ұжмақтың ішінде
 Орын берген Алламысың!

¹ Билла интаһа қайырдан /араб/ — Алла біткен істі қайырлы қылсын.

² Сұбхан /араб/ — күшті, құдіретті.

³ Ғаршы-Күрсі /араб/ — жеті қат көк.

⁴ Лаух-Қалам /араб/ — әр адамның тағдыры жазылған тақта.

⁵ Нәби /араб/ — пайғамбар; әнбия — пайғамбарлар.

⁶ Сахиб /араб/ — дос, жолдас.

⁷ Құрсант /парсы/ — риза.

⁸ Фахр /араб/ — даңқ, мәртебе.

⁹ Бина /араб/ — үй.

От ішінде тозақта
Тамұғыңды жандырып
Азап қылған Алламысың!
Түзік жолдан жүрмеген,
Құлшылығын қылмаған,
Күнәсі көп біз құлың
Азап қылсаң қоярсың.
Күнә қылмай құлыңды,
Рақым қылсаң қоярсың.

Рахматы кең сен, Жаппар¹,
Біз күнәһар, сен Ғаппар².
Айыбымызды жасырып,
Рақым етсең, Ғаппарсың,
Айыбын кешпей құлыңды,
Азап етсең, Қаһһарсың³.
Рахматыңнан, йә, Раббы⁴,
Еш үмітім үзбеймін,
Жүмлә⁵ құлға рахмат ет!
Йә, Рахим ар-Рахман⁶,
Жүмләмызға таупиқ⁷ бер!

Заманнан көп замандар өтті дейді,
Бір ханға жалғыз ұлы бітті дейді.
Жақсы, ұзақ дәурен көрмек бар ма,
Дүниеден арманымен өтті дейді.

Бір ұл туды патшаға, жұртқа лайық,
Сауын айтып, той қылды елге жайып.
Жұртына көп жақсылық қылған екен,
Той қылды әр жандыдан малды сойып.

Заманнан көп замандар өтті дейді,
Тәңіріден имандығын күтті дейді.
Жеті жаста баласы оқу оқып,
Он жасына бұл енді жетті дейді.

Жүріпті жаманды ойына алмай,
Жалғанның қызығына көңіл қоймай.
Қолына Құран менен кітап ұстап,
Барады молдасына бір күн қалмай.

¹ Жаппар /араб/ – күдіретті.

² Ғаппар /араб/ – кешірімді.

³ Қаһһар /араб/ – күдіретті.

⁴ Раббы /араб/ – тақсыр; ие.

⁵ Жүмлә /араб/ – барлық, түгел.

⁶ Рахим ар-Рахман /араб/ – аса мейірімді.

⁷ Таупиқ /араб/ – ынсап, қанағат.

Көрмегенді көрейін деп жүреді екен,
Таңғалып жүзін көрген тұрады екен.
Басында алтын айдар тұлымы бар,
Айдай жақсы болып жүреді екен.

Бір түнде ұйықтап жатып түс көреді,
Алдында сұлу, жақсы қыз көреді.
О дағы бір патшаның жалғызы екен,
Бір жалғызға бір жалғыз дос келеді.

Арыз айтып, алдында сөз сұрайды:
«Ашық жарың іздесең нең құрайды?»
Жаратқанның жарлығы солай екен,
Біріне бірі мақұл ұшырайды.

Қыздың айтқан сөзі:

— Түнде жылап, күндіз зар,
Мен жүзіңе ынтызар.
Не себептен болдың жар,
Мені мұндай қылып зар,
Ақылың айтсаң керек-ті!

Бір жыл болды жанармын,
Өткен күнді санармын.
Ес-ақылымнан танармын,
Сөзге не күн қанармын,
Атың айтсаң керек-ті!

Бозжігіттің түсінде «сабыр қыл» деп айтқан сөзі:

— Жаныма түсті жайың,
Тәңірден рахмат¹ күтер.
Мұратқа бір күн жетер,
Сабыр қылсаң керек-ті!

Ашықтар зарлап өтер,
Тәңірден рахмат күтер,
Мұратқа бір күн жетер,
Сабыр қылсаң керек-ті!

Сабыр қылмай іс бітпес,
Мезгілсіз арызың жетпес,
Зарлаумен қайғың кетпес,
Сабыр қылсаң керек-ті!

¹ Рахмат /араб/ — рақым, мейірім.

Ойын мен күлкің қалса,
Бойыңа бір дерт қонса,
Ішің қайғыға толса,
Көресің мезгіл болса,
Сабыр қылсаң керек-ті!

Бұрынғы өткен ашықтай
Ақылың сенің керек-ті!
Бөтен жарға қайырылмай
Нәпсің тыйсаң керек-ті!
Біздің үшін әр жерде
Жаның қисаң керек-ті!

Қылма көңлің бұзықты-ай,
Ағарып жүр жүзіктей,
Зылиқа мен Жүсіптей
Сабыр қылсаң керек-ті.

Қыздың түсінде жігітке берген жауабы:

— Қапылмысың, ойбай, жігіт,
Жігіт бүйтіп жатар ма?!
Атқа мініп шықпаса,
Ер олжаға батар ма?

Мен жолыңа ынтызар,
Пейілің болса, іздеп бар!
Біз бір патша жалғызы —
Сіздің үшін болдым зар.

«Келер ме?» деп жоқтаймын,
Үш жыл болды сақтаймын.
Жүзіңді бір көрмеймін,
Қайтіп шыдап тоқтаймын?!

Жаның жанға қосылған,
Сен ақиқат жар болсаң,
Біздің үшін зар болсаң,
Шәр — Бустан Рұмнан
Бізді издесең, табарсың.

Бустан шәрдің бұлбұлы,
Сарай жердің бір гүлі,
Дария кешіп, тауды өтсең,
Бізді издесең, табарсың.

Біз — дарияның гауһары,
Біз болармыз жауһары,

Алтын-күміс қолға алып,
Бізді іздесең, табарсың.
Жолдастарың жанға алып,
Бізді іздесең, табарсың.

Нұрдан үлгі алғанмын,
Тотықұстай болғанмын,
Таяғыңды қолға алып,
Бізді іздесең, табарсың,
Ақыретте сен табарсың!

Түсінде бұ қыз жырлап, ғайып болды,
Жігіттің көкірегіне қайғы толды.
Бақсы менен дәрігерден дәрмен таппай,
Жігіттің күннен-күнге жүзі солды.

Әкесі менен шешесі хабар білді,
Жалғызы үшін жандарын құрбан қылды.
Дертіне жалғызының дәрмен таппай,
Әкесі мен шешесі зарлы болды.

Бір жыл болды, бұл жігіт күлмей жүрді,
Дертінің еш лажын білмей жүрді.
Қасында құрдасы бар, жолдасы бар,
Ешқайсысын көзіне ілмей жүрді.

Екінші жыл түсінде тағы көрді,
Қыз келіп, бұл жігітке сәлем берді.
Көзінен жас ағызып, қол қусырып,
Арызын айтып, жігітке жауап берді.

Қыздың түсінде айтқан жауабы:

– Төрт жыл болды сақтаймын,
«Келер ме» деп жоқтаймын.
Хабарың жоқ, өзің жоқ,
Сәлемге бір сөзің жоқ.

Мен жүзіңе ынтызар,
Сақтай-сақтай болдым зар.
Біз бір патша жалғызы,
Сіздің үшін болдық зар.

Әке менен шешесі
Рұқсат бермес болар ма?
Түсінде көрген бұ жарын
Келіп көрмес болар ма?

Жігіттің қызға берген жауабы:

— Сен бір сурет, назымсың,
Кеш қасымда әзірсің.
Ояна келсем, жан да жоқ,
Не аттысың? Атың айт!
Не жерлісің? Жеріңді айт!
Туған-өскен еліңді айт!
Және мұндай зар қылма,
Анық қылып жөніңді айт!

Елің сенің білмесем,
Саған түзу жүрмесем,
Шәрің сенің білмесем,
Сені қайдан табармын?

Былтыр келдің қасыма,
Қайғы салдың басыма.
Көрінбейсің көзіме,
Сені қайдан табармын?

Жігітке қыздың берген жауабы:

— Атқа мініп шықсаң сен,
Бізді қабыл көрсең сен,
Құбылаға қарай жүрсең сен,
Іздеп бізді табарсың.
Түсте қосқан Алламыз
Өңінде бізді қоспай ма?!
Дүние бізден өтпей ме,
Жар издесең, табарсың!

Түсінде бұ қыз жырлап, ғайып болды,
Жігіттің көкірегіне қайғы толды.
Бар еді бір досы жаннан артық,
Таңертең оған барып, арыз қылды.

— Бір құп сурет көрдім мен,
Қайран болып жүрдім мен,
Мәслихатты жан досым,
Ақыл таппай жүрдім мен.

Қайғы түсті басыма,
Ақыл таппай болдым зар.
Мақұл көрсең, жан досым,
Оны іздер ойым бар.

Кетпес қайғы түскенде,
Кеңес тапқан досымсың,
Алыстан ой түскенде,
Ақыл тапқан жан досым.

Бір жыл толды, танғанмын,
Бұ қайғыға қалғанмын.
Іздеуден бөлек ойым жоқ,
Көңілді оңға салғанмын.

Жолдасым жоқ кеткелі,
Дәрменім жоқ жеткелі.
Жан жолдасым сен едің,
Батпай жүрдім айтқалы.

Кетпес дертке жолықтым,
Дәрменім жоқ, жан досым.
Оны іздеп өлсем де,
Арманым жоқ, жан досым.

Досының жауабы:

– Мақұл сөз, тұр, барармыз,
Ақ жазғанын көрерміз.
Біз жолыңда құрбандық,
Қызмет етіп барармыз.

Тағдыр етсе Алласы,
Шарасы жоқ пендесі.
Досқа бір ісіңіз келсе,
Құрбандығы жолдасы.

Ажал жетсе, өлерміз,
Өлмесек, біз келерміз.
Еш шарасы болмаса,
Ақ жазғанын көрерміз.

Досым, сізден қалмаспын,
Жарды іздеп барармын.
Мен жолыңда құрбандық,
Жалғаншы дос болмаспын!

Досымен бұл екеуі мұңдасады,
Ой ойлап, ақыл тауып, жырласады.
Бұ екеуінің ақылын ешкім білмес,
Жолаушының жабдығын оңдасады.

Екісі бір-біріне жандай дос-ты,
 Біріне-бірі тауып ақыл қосты.
 Патшаның өзі ақылын таппай,
 Уәзірі, билері қатты састы.

Досына жан жолдасы сөз салады,
 Жалғаннан өлмей-өтпей кім қалады.
 «Өлсек жардың жолында өлейік» деп,
 Шәрден тауып бұлар қосшы алады.

Досына жан жолдасы сөз салады,
 Жалғаннан өлмей-өтпей кім қалады.
 Шәрден бұлар кетерін ешкім білмес,
 Алтын менен күмістен мол алады.

Досына жан жолдасы сөз салады,
 Жалғаннан өлмей-өтпей кім қалады.
 Екі нарға азығын артып алып,
 Екеуі бір жігіттен басшы алады.

Арғымақ аттан сайлап, мініп алды,
 Әкесі мен шешесі білмей қалды.
 Жолдасын, құрдасын қасына алып,
 Қыз іздеп Бозжігіт онан барды.

Аттанып бара жатып айтқан сөзі:

– Басты берген Алламыз
 Ризық берсе керек-ті.
 Дене жаратқан Алламыз
 Денсаулық берсе керек-ті.
 Жан жаратқан Алламыз
 Өзі сақтар пендесін.
 Қайсы жерде болсақ та,
 Аяқ берген Алламыз
 Қуат берсе керек-ті.

Ақыл берген Алламыз
 Себеп қылса керек-ті.
 Біз жоқ едік, бар қылған,
 Дене жаратып, жан берген,
 Жан бергенде нан берген,
 Аш болмасақ керек-ті.
 Жол бастаған өзіңсің,
 Жан сақтаған өзіңсің!

Күн менен түн бұлар жүрді дейді,
 Шәрден шәрге бұлар жүрді дейді.

Әр жерде шәр көрінсе көздеріне,
Ат басын оған қарап бұрды дейді.

Заманнан көп замандар өтті дейді,
Шәрден шәр сұрай-сұрай кетті дейді.
Қырдағы көп шәрден жарын таппай,
Дариямен кеме қылып кетті дейді.

Заманнан көп замандар өтті дейді,
Дариямен үш-төрт айлық жол кетті дейді.
Бар екен бір аралда Мимун¹ шәр,
Құдайым оған түсерге етті дейді.

Мимунның батырлары айғай салды,
Пәлеге бейшаралар енді қалды.
Бәрін де бейшараның ұстап алып,
Жерден қазған зынданға енді салды.

Бейшаралар зынданда тұтқын болды,
Зарланып бір Құдайға, жүзі солды.
Кәуірлердің ешбірінен тыныштығы жоқ,
Бұлар жатқалы зынданда үш жыл болды.

Бұлардың зынданда жатып айтқан сөзі:

«Биік тауға кез болдық,
Өту бізге қиын-ды.
Темір үйге қамалдық,
Шығу бізге қиын-ды.
Жаман жолға кез болдық,
Кету бізге қиын-ды.

Жындай елге кез болдық,
Адам жүзін көрместей.
Жындай жерге кез болдық,
Мұнда адам жүрместей.

Мойынға құрық түсіпті,
Қиналсақ та шықпастай.
Саңырау елге кез болдық,
Жалынсақ та ұқпастай.

Рақымсыз елге кез болдық,
Жалынсақ та білместей.
Жанған отқа кез болдық,
Жалынсақ та көнбестей.

¹ Мимун /араб/ — маймыл.

Бұл пәледен құтылып,
Жол жүрер күн болар ма?
Әке менен шешені
Көрер күні болар ма?

Бұл не құдірет, жарандар?
Бұл не мехнат, жарандар?
Патша басы құл болып,
Бұл не қайғы, жарандар?»

Бұлардың зынданнан құтылған жері:

Бейшаралар сырласып, мұңдасады,
Қашуға жабдықтарын оңдасады.
«Бұл зынданның ішінде өлеміз», — деп,
Қашуға амал таппай, жыласады.

Шықты олар бұл зынданнан айла тауып,
Қашты олар о шәріден аттай шауып.
Дұшпаннан құтылсақ деп, қан жыласып,
Түсті олар дарияға бір сал тауып.

Салменен бейшаралар жүрді дейді,
Қашар жаққа салдарын бұрды дейді.
Жолдасының бәрі де анда қалды,
Жан жолдасын бірге алып жүрді дейді.

Салменен бейшаралар жүре берді,
«Құдай аман қылсын», — деп тілей берді.
Салынан бейшаралар шығып еді,
Алдынан көп керуен ұшырай келді.

Екі адам көп керуеннен келді дейді,
Бірінен-бірі сұрап білді дейді.
Қараса, өз елінің патшасы екен,
Керуеннің бәрі келіп көрді дейді.

Керуен бәрі келіп, көріседі,
Бірінен-бірі сұрап, біліседі.
«Ханымыздың жоғалған жалғызы», — деп,
Керуен бәрі енді жыласады.

— Жалғызы патшамыздың, нағып жүрсің?
Сал байлап дария ішінде ағып жүрсің.
Әке-шешең сіз кеткен соң зар еңіреді,
Не жұмысқа еліңнен шығып жүрсің?

Кетіпсің ел-жұртыңа сөзіңді айтпай,
Тағыңда патшалық орның күтпей.
Әке-шешең көрмегелі төрт жыл болды,
Дарияда нағып жүрсің ісіңді айтпай?

Жігіттің жауабы:

— Көп керуен, сөз тыңдаңыз, біз айталық,
Түстегі уақытта келген жарды айталық.
Жар үшін әке-шеше үйінен кеттім,
Жаратқан тағдырына не айталық.

Түсімде жарым зарлап: «Ізде, — деді, —
Үмітімді таппаспын деп үзбе, — деді. —
Жаратқан Алла қосар не қылса да,
Уақытыңда өлсең де не болар?» — деді.

Керуеннің жауабы:

— Патшамыздың жалғызы, біз тілейміз,
Бас ұрып аяғыңа, сөз сұраймыз.
Жалғыз жүріп жарыңды таба алмайсың,
Қайтқаның мақұл екен, біз жүрерміз.

Әкеңнің сіздің үшін жаны құрбан,
Әр тарапта шәр жұртың болды аман.
Өзіңіз бір патшаның жалғызысыз,
Жалғыз жүріп жар іздеу заңға жаман.

Мың-мың әскер сізге жолдас болар,
Шәріне әкеңіздің хабар салар.
Құдайдың үні сізге бұйрық қылса,
Жер жүзінде бар болса, тауып алар.

Жігіттің жауабы:

— Е, керуен, бұл сөз мақұл болмас деймін,
Бұл сөзді асық жігіт алмас деймін.
Өлсем, жардың жолыңда өлейін де,
Жалғанда ешкім өлмей қалмас деймін.

Бұ сөзді — дұшпан сөзі, алман, керуен,
Өлсем дағы жолымнан қайтпан, керуен.
Жарыма уәдені қылғаннан соң,
Жарымның жүзін көрмей қайтпан, керуен.

Керуеннің қайтқан жері.

Керуеннің көп сөзіне қайырылмайды,
Әуелгі өз сөзінен айырылмайды.
Онан соң көп керуеннен бұл айырылды,
Дәм енді бір-біріне бұйырмайды.

— Бір іс басқа түсіпті,
Жүрмей көңілім тынбайды.
Асық болған жарымды
Көрмей көңілім тынбайды.

Көп кәріптік көрсем де,
Зар зарланып жүрсем де,
Жар жолында өлсем де,
Жүрмей көңілім тынбайды.

Қайғы жұтып қанбадым,
Бұ жолымнан танбадым,
Бұрынғыдай болмадым,
Жүрмей көңілім тынбайды.

Жалғыздықта жолдасым,
Жар жолында жолдасым.
Дертіме дәрмен болмайды,
Жүрмей көңілім тынбайды.

Жаным барда, барармын,
Тірі жүрсем, қайтармын.
Өлсем, сәлем айтармын,
Жүрмей көңілім тынбайды.

Енді, керуен, жүрсеңіз,
Әкемізді көрсеңіз,
Дертіме дәрмен болмаса,
Арманымды айтарсыз.

Разы болсын әкеміз,
Сүтін кешсін шешеміз,
Артымызда атамыз,
Сәлемді сіз айтарсыз.

Бұл жолдан мен келермін,
Келмесем, мен өлермін,
Өлсем, сонда өлгеймін,
Сәлемді сіз айтарсыз.

Мұны ұғып көрсеңіз,
Шын жолына жүрсеңіз,
Құлақ салып тұрсаңыз,
«Жақсы екен» деп айтарсыз!

Көп керуен бұл жүрмесін білді дейді,
Алтын-күміс, керегін берді дейді.

Патшаның баласы енді кетті,
Таудан, тастан, дариядан өтті.
Қасында қызметкері — жан жолдасы,
Бір заманда шәрге жақын жетті.

Бір шетінен шәрінің кірді дейді,
Алдында бір үлкен үй көрді дейді.
Үй ішінде бір абыз отыр екен,
Кіріп үйге, сәлемін берді дейді.

Абыз тұрып сәлемін алды дейді,
Бұларды көріп, таңырқап қалды дейді.
«Алыстан келген бұлар бейшара екен,
Отырыңдар», — деп текемет салды дейді.

— Ал, жігіттер, жолыңыз болсын, — дейді, —
Көп олжа алдыңызға толсын, — дейді. —
Бейшаралар, жеріңіз алыс екен,
Іздегеніңізді тауып, жолыңыз болсын! — дейді.

Бейшаралар, жеріңіз алыс екен,
Мынау бір патшаның жалғызы екен.
Жеріңіз, Құдай білдірсе, мен білермін,
Іздегенің ақырдың хан қызы екен.

Таңғалып, бұлар сырын айтты дейді:
— Кім келіп хабар беріп қайтты? — дейді. —
Жолымда ешбір адам көрінбейді,
Бұл хабарды кім сізге айтты? — дейді.

— Құдайым білдірген соң, білдім сізді,
Үш күн бұрын түсімде көрдім сізді.
Қарныңыз енді сіздің ашқан шығар,
Болдыңыз енді жатпақ, қойса сөзді.

Шәрден жарыңызды іздеп қарай,
Қай жерде көріп болса, сонан сұрай.
Жарыңыз бұл шәріден табылмаса,
Біреуіңіз біздің үйге қайтып орал.

Шәрге бұл бейшара кірді дейді,
Алланың жарлығына көнді дейді.
Бір көшенің ішінде жүріп еді,
Қырық қыз босып жатыр, көрді дейді.

Жігітті қыздар бұрын көрген екен,
Көшеде екі кәріп жүрген екен.
Патшаның қызының көзі түсіп,
Артынан біраз қарап тұрған екен.

— Ойбай, қыздар, бұ жігіт кім болады?
Әр жерге қарап тұрып айналады.
Шүйінші, жарым болса, берер едім,
Көрсеңіз, не көргелі кім барады?

Хан қызының қыздарға жырлап айтқаны:

— Батыр ердей жүрісі,
Патша ұлындай тұрысы,
Көрген түстің түрі осы,
Бүгін келген болмасын?!

Қылдай бірдей басында,
Жолдасы бар қасында,
Қайғы түсіп жасында,
Жар іздеуші болмасын?!

Пида қылып малдарын,
Құрбан қылып жандарын,
Барып сұрап елдерін,
Сөз сұраушы болмасын?!

Түсте көрген жарымыз,
Оған құрбан барымыз,
Күндіз-түнде зарымыз,
Жар іздеуші болмасын?!

Барып, жүзін көріңдер,
Оны сақтап тұрыңдар,
Біраз қарап тұрыңдар,
Ел іздеуші болмасын?!

Барып, хабар алыңдар,
Жүзін қарап көріңдер,
Қайғы-мұңын сұраңдар,
Жар іздеуші болмасын?!

Онан хабар алғанға,
Шүйінші хабар салғанға,
Алтын жүзік, гауһар тас
Шүйіншілікке берермін!

Хан қызы асық жарын білді дейді,
Қыздарға жарын айтып, күлді дейді.
Қырық қыздан екі қыз жолдас алып,
Бұл жігітті көргелі келді дейді.

Көшеден қыздар іздеп таппай қалды,
Бұл кәріп о жерден кетіп қалды.
Қыздар келіп қараса, дәнеме жоқ,
Әр жерден қарап жүріп айналады.

Ханшаға қыздар келіп хабар айтты:
— Жолаушы екен оларың, кейін қайтты.
Хан қызы көп қыздарға сөз айтады:
— Жарым болса, ол неге кейін қайтты?

Бозжігіт жолдасымен кеңеседі,
Әр жерден мойнын созып қарасады.
Шәріден тоны жыртық кәріп көрсе,
Ел-жұртының мәнісін сұрасады.

— Жарымыз бар ма, жоқ па, анықталық,
Анығын, қыздар білмес, біз тыңдалық.
Бұл шәріден жарымыз табылмаса,
Жолаушының жабдығын оңдасалық.

Бұл кәріп хан қызын көңіліне алды,
«Йә, Алла» деп өздерін жолға салды.
Бір сарайдың ішінде от жанады,
Әйнектен бұлар келіп құлақ салды.

Көп қыздар үй ішінде сөйлеп жатыр,
Хан қызы жарын жоқтап жатыр.
«Асық жарым, жүзін бір көрсем», — деп,
Құдайдан нала қылып, жылап жатыр.

Үй ішінде айтқан сөзі:

— Жеті жылдан болдым зар,
Бір жүзіңе ынтызар,
Асық саған жарыма,
Қосар ма екен Бір уа Бар,
Жаннан жанға қосылған,
Бір жүрер күн болар ма,

Көкіректегі көп қайғы
Құтылар күн болар ма?

«Келемін» деп айтыпсың,
Уәделерің жалған ба еді?
Мұнша сақтап, келмедің,
Бөлек жарды алған ба еді?

Алла қосқан жар едің,
Жарым, опа қылмадың.
Жеті жылда үйіңнен,
Еш орныңнан тұрмадың.

Хан қызы жылай енді сорлы болды,
Жігіттің көкірегіне қайғы толды.
Асық жары екенін білгеннен соң,
Жырын жырлап, әйнектен хабар салды.

— Ойбай, жарым,
Біз шығармыз асық жарың,
Сақтаған жеті жылдан ынтызарың.
Іздегенің біз болсақ, асық жарым,
Сөзімізге енді сіз құлақ салың.

Төрт жыл болды жолыңда жүрген жарың,
Уәде қылып түсінде көрген жарың.
Іздеген асық жарың келіп тұрмын,
Шын болса, асық жарым, ынтызарың.

Сізді мұнда жаратты,
Бізді онда жаратты,
«Біраз зарлап жүрсін» деп,
Арада дария жаратты.

Шөлде жүрдім су таппай,
Көп кәріптік көргенмін.
Жол бастаушы бір таппай,
Төрт жыл болды жолыңда,
Қайран болып жүріппін.

Дария кешіп, тау өтіп,
Көрмегенді көрдім мен.
Табандарым ойылып,
Қолдарым сойылып,
Дәулет бағым жойылып,
Зар-сәргардан¹ болдым мен.

¹ Зар-сәргардан /парсы/ — қайғы, зар.

Әкемді мен көрмедім,
Шешемді мен көрмедім,
Үйде өмір сүрмедім,
Бір сен үшін жүрдім мен.

Мен сені іздеп жүргенмін,
Бойың түсте көргенмін,
Жаным құрбан қылғанмын,
Рақым етсең керек-ті!

Зағыпырандай¹ солғанмын,
Үш жыл тұтқын болғанмын.
Жүзің көрер күн болса,
Не болсам да болғанмын.

Мейман болып келіппін,
Қайран болып жүріппін,
Нұрың түсте көріппін,
Рақым етсең керек-ті!

Атым менің — Бозжігіт,
Қасымда бар дос жігіт,
Бір қайғылы қос жігіт,
Рақым етсең керек-ті!

Шын ақиқат жар болсаң,
Үйге кірсем керек-ті,
Жаным сүйген, жанарым,
Жүзің көрсем керек-ті.

Қыздың жауабы:

— Шын ба екен, өтірік пе сөзің сенің,
Таппаймын қайғылысың өзің сенің,
Түсімде Алла қосқан жарым болсаң,
Көрейін, кел, әйнектен жүзің сенің.

Бозжігіт әйнекке келді дейді,
Қыз қарап, жігіт жүзін көрді дейді.
Бетіндегі пердесін ашып еді,
Ханыша асық жарын білді дейді.

Тонын киіп, хан қызы қадам басты,
Жүгіріп, қыздар тұрып есік ашты.
Уыстап алтын-күміс қолына алып,
Меруерт пен маржаннан шашу шашты.

¹ Зағыпыран /парсы/ — сары түсті гүл.

Құшақтасып көрісті асық жары,
 Қасында қырық қыз бар қызметкері.
 Қыздар тұрып алдына жар-жар айтып,
 Хан қызының табылды ынтызары.

Қыздардың айтқан жар-жары:

— Әлхамду¹, сүре Құранның
 Басында тұр, жар-жар!
 Пайғамбарлар Алланың
 Қасында тұр, жар-жар!
 Бірі — меруерт, бірі — маржан,
 Тізіліп тұр, жар-жар!

Бірі — хан-дүр, бірі — ханша,
 Жар болыпсың, жар-жар!
 Бірі — тоты, бірі — бұлбұл,
 Жар болыпсың, жар-жар!

Бірі — алтын, бірі — күміс,
 Түс болыпсыз, жар-жар!
 Бірі — гүл, бірі — жұпар,
 Хош болыпсыз, жар-жар!

Бірі — ай-дүр, бірі — күн-дүр,
 Қайғырмаңыз, жар-жар!
 Заманақыр болғанша
 Айырылмаңыз, жар-жар!

Бірі — гауһар, бірі — жақұт,
 Жарасып тұр, жар-жар!
 Бірі — тоты, бірі — бұлбұл,
 Сыр ашып тұр, жар-жар!

Заманақыр болғанша,
 Бір жүріңіз, жар-жар!
 Сіз — ханша, біз — қызметкер,
 Алла болысар, жар-жар!

Жалған дүние жарасар
 Көп малменен, жар-жар!
 Малды күнге жарасар
 Сүйген жармен, жар-жар!
 Малы жоқтың жары жоқ,
 Төсегі жоқ, жар-жар!

¹ Әлхамду/араб/ — мәтінде «Құран Кәрімнің» «Фатиха» сүресі.

Жар-жар айтпақ бұрынғы
Үлгіміз бар, жар-жар!
Тірілікте біраз күн
Күлкіміз бар, жар-жар!

Жар-жар айтты қырық қыз ойнап-күліп,
Құлақ салды хан күңі тыстан тұрып.
Қыздардың бұл ойынын есіткен соң,
Жөнелді ханға таман хабар біліп.

Жар-жар айтып көп қыздар қызмет қылды,
Бір күңі падишаның тыңдап білді.
Қырық қыздың жар-жарын есіткен соң,
Келді де патша алдына жауап берді.

— Тақсыр хан, қызыңызға барып келдім,
Бір сұмдық бар екен, тыңдап білдім.
Қырық қыз жар-жар айтып жатыр екен,
Есіткен жамандықты айта келдім.

Бұл жар-жарын есітіп, үйге кірдім,
Тойларын, қылған ісін қарап тұрдым.
Көп қыздар бір той қылып жатыр екен,
Екі жігіт ішінде, оны көрдім.

Қызыңызбен бір жігіт мойындасып,
Жатыр-ды тақ үстінде қойындасып.
Менің айтқан сөзіме нанбасаңыз,
Қараңыз, тақсыр ханым, есік ашып.

Есітіп хан қолына қылыш алды,
Еліне ашуланып хабар салды.
Көшеде көп салдаттар¹ жиылып,
Хан қызының тас үйін қамап алды.

Хан тыста ашу қылып ақырады,
Үйде жатқан қызын шақырады.
«Үйде жүрген дұшпанды өлтірсін», — деп,
Билері тыста тұрып ақырады.

Салдаттар үй ішіне еніп келді,
Таппады бейшаралар қашар жолды.
Кәріп жаннан түңіліп бейшаралар,
Алланың әміріне мойынсұнды.

¹ Салдат /орыс/ — әскер.

Салдаттармен екісі ұрыс болды,
Бермеді көп салдаттар қашар жолды.
Бейшаралар есікке ұмтылғанда,
Аяғына таптады сегіз құлды.

«Йә, Алла!» деп қылышын қолына алды,
Алдына кез келгенді қырып салды.
Бейшаралар тас үйден шығып еді,
Тыстағы көп салдаттар ортаға алды.

«Өлтірсін» деп хан тұрып жарлық қылды,
Тыстағы салдаттар ортаға алды.
Бейшаралар атына мініп алып,
Жүз жиырма кісісін қырып салды.

Бозжігіт жолдасымен қашып кетті,
Шәрдің көшесімен шауып өтті.
Сақтаса Құдай Тағала, пәле болмас,
Баяғы абызына аман жетті.

Ұстай алмай хан енді әзіз болды,
Жүз жиырма кісісі өліп қалды.
Аяғының астынан пәле шығып,
Құдайым бұл пәлені қайдан салды?

Ханның қызына айтқан сөзі:

— Ойбай, қызым, не деген сұмдық? — деді,
Әкеңді енді қылдың мұндық, — деді.
Қайдан азып жүргенге жолдас болып,
Шәріде кісі жоқ па сондық? — деді.

Ойбай, балам, ер таппай сасқаның ба,
Жер жүзінде хандардың ұлы жоқ па?
Қайдан азып жүргенге жолдас болып,
Құлдармен шыныңменен азғаның ба?

Бұл не деген басыма пәле салдың,
Мұндай үлкен ұятқа қайдан қалдың?
Жұртымда сондай хандар ұлы жоқ па,
Жолдан азып жүргенге қайдан қалдың?

Әкесіне қыздың берген жауабы:

— Құлағым саңырау болғанда,
Айтсаң, сөзің ұқпаймын.
Қандай жақсы тапсаң да,

Ештемеңді алмаймын.
Ақылым бастан кеткен соң,
Ақылыңды алмаймын.
Бұл бір келген жігіттің
Еш жолынан қалмаймын.

Әке, басымды алсаң да,
Зынданыңа салсаң да,
Бұл жарымнан кетпеспін.
Жүзін көрмей қалсам да,
Бізден мақұл қыз тауып,
Өз еркінше қыларсың.
Жұртынан жақсы таңдатып,
Сүйгеніңе берерсің.

Бұл жарымнан басқаның
Өлсем, жүзін көрмеймін.
Бұл жігітті көрмесең,
Дертіме жоқ дәрменім.
Жүзін көріп өлсем мен,
Дүниеде жоқ арманым.

Ашуланып хан енді жұртын жиды,
Қызына ашуланып, іші күйді.
«Дұшпандар тағы мұнда келмесін», — деп,
Әр жерге күзетшіні әзір қойды.

— Ойбай, жұртым, ханыңыздың даты деймін,
Шәріде дұшпанымыз жатыр деймін.
Қайдан келіп қызымды азғырыпты?
Тек емес бұл бір келген жаты деймін.

Ақылдасып, билерім, жол табыңыз,
Шәріден бұған жиып, қол табыңыз.
Кәрілікте басыма келген пәле,
Кешіктірмей дұшпаннан кек алыңыз!

Дұшпанның алып кел кесіп басын,
Көзінен ағызыңыз қанды жасын.
Дұшпаннан кешіктірмей кек алыңыз,
Қоймаңыз қасындағы бар жолдасын!

Ашуланып, хан енді жарлық қылды,
Көп әскер дұшпанына бармақ болды.
«Дұшпанымыз ұшыраса, құтылмас», — деп,
Шәріге салдат, мыңды әскер толды.

Бейшаралар абыздан ақыл алды,
Хат беріп жолдасынан, хабар салды.
Хат ішінде өзінің атын салды,
Жолдасы кетті, өзі үйде қалды.

Хат алып жан жолдасы жетіп келді,
Хат ұстап хан алдына келіп еді.
Хан бұл хатын ұстап оқыған соң,
Дұшпанның жолдасының барын білді.

Қол қусырып ханға бұл сәлем берді,
Хатын беріп, есікте қарап тұрды.
Хат ішінде «ханмын» деп жазған екен,
Хатын оқып, хан алып жерге ұрды.

— Ойбай, жұртым, бұл жігіт сасқан екен,
Құл екен, «патшамын» деп жазған екен.
Жолдасын басшы қылып басын алың,
Өзіне-өзі шұңқыр қазған екен.

Бейшараны басшы қылып алып барды,
Қылыштарын қынына салып барды.
«Іздеген дұшпанымыз кез болды», — деп,
Қалдырмай батырларын алып барды.

Үйден қарап, ханзада білді дейді,
Өлтіргелі дұшпандар келді дейді.
Көп әскердің дауысын естіген соң,
Ер ерттеп, арғымағын мінді дейді.

«Йә, Алла!» — деп дұшпанға қарсы жүрді,
Жан жолдасын дұшпаннан жұлып алды.
Жолдасын көп әскерден алып еді,
Көп әскер бәрі енді ортаға алды.

Көп кісі күн батқанша ұрыс болды,
Шұңқыр жердің бәрі де қанға толды.
Құдай Тағала сақтаса пәле болмас,
Жықты дейді атынан үш жүз құлды.

Бейшаралар өздерін жолға салды,
Көп дұшпаннан екеуі аман қалды.
Алла Тағала сақтаса, пәле болмас,
Үш жүз кісі дұшпаннан қырып салды.

Барған кісі бұларға қайтып келді,
Үш жүз кісі өлгенін айтып келді.

«Құдай Тағала бұларға қуат беріп,
Жықты, — деді, — атынан үш жүз құлды».

Қалған әскер ажиз¹ болып қайтып келді,
Үш жүз кісі өлгенін айтып келді.
Барған кісі дұшпанды ұстаған жоқ,
Хан бір сұмдықтың болғанын енді білді.

Билері хан алдында сөз айтады:
«Ұрысып бұл дұшпанды біз қайтелік.
Шақырып, күйеу қылып, той тойлатып,
Ол теріс амал қылып біз қайталық».

Билердің бұл сөзіне бәрі көнді,
Көшеде сауын айтып, атқа мінді.
«Жігіт, кәрің, бұл тойдан қалмаң!» — деді,
Ханшамыздың көңілі енді тынды.

Ханшаға: «Шүйінші!» — деп біреу келді,
Неге айырсын ханышаны сүйген жарды.
«Жарыңызға «келсін» деп хабар салғын,
Тойыңызда тойсын жұрттың қарны».

Атқа мініп, хан өзі бармақ болды,
Тойыңыздың қызығын көрмек болды.
Жарлық қылып жұртына, сауын айтып,
Сүйгеніңізге ол сізді бермек болды.

Қыз бекер өтірік сөзге нанады,
Жарына сәлем айтып, сөз салады.
«Тойымызға Бозжігіт келсін жылдам,
Күйеу қылып тойлатып сені шақырады».

Жігіт шақырған тойға келді. Жігітке көп арақ беріп, мас қылды, оны өлтірерге ақыл қосқанда, жолдасы қызға хабар берді.

«Көп дұшпанның ішінде
Қайрап алар жары жоқ,
«Сүйемін» деп толғанда,
Айырып алар жары жоқ.

Шын жарым деп сіз үшін
Басын пұлсыз сатар ол.
Тіріліктің жолында
Не қылсаң да қылар ол.

¹ Ажиз /араб/ — әлсіз.

Сіз үшін туған бір адам,
Өлтірсең де құлың-ды.
Кәріп басы кесілсе,
Сіздің үшін кесілер.
Кеудеден бас үзілсе,
Сіздің үшін үзілер.

Айтса сөзі бұл еді,
Бір патшаның ұлы еді,
Мың-мың әскер аттанса,
Бәрі оның құлы еді.
Дүние-мүлкі бар еді,
Бір өзіңе зар еді.
Сондай патша бітілмес,
Көрінгеннің жары еді.

Қай ерлігін айтайын,
Қанша айтсам да таусылмас.
Жалғызы еді бір ханның,
Сүйегін жұртың танымас.
Мас болғанда кәріптің
Әлін ешкім сұрамас.

Көп ішінде не қылсын,
Аққа мойын ұсынды,
Мойын ұсынған жігіттің
Өлер күні болыпты.
Сізден себеп болмаса,
Өлер күні жуық-ты.

Өтірік жардың досы емен,
Мені тағы қостай бар!
Бізді бірге өлтірсін,
Әкенің сөзін қостай бар!
Шын сүйген жар болсаң,
Үмітіңді үзбей бар!
Бұрынғы өткен достай бар,
Достың сөзін қостай бар!
Шын көңліңмен жар болсаң,
Жарыңды тез іздей бар,
Қылыш басын кеспей бар!
Жарда пейілің бар болса,
Үмітіңді үзбей бар!

Құрбандығын жықпай бар,
Дұшпаныңнан қорықпай бар,
Жар қайғысын ойлай бар!

Іс өткен соң пайда жоқ,
Найзаларын сұқпай бар!
Бүгін еске алмасаң,
Өткеннен соң тойлай бар!
Дерт басқа түскен соң,
Қылыш басын кескен соң,
Сіз жарға мен не айтайын,
Кеудеден бас үзген соң».

Қыздың жұртына барғаны:

Қыз пақыр есіткен соң тұрды дейді,
Жүгіріп тойға таман жүрді дейді.
«Өлсем, жардың соңында өлейін», — деп,
Сәлем беріп, той үйге кірді дейді.

Есіктен кіріп, көпке сәлем берді,
Көп әскер түрегеліп, орын берді.
Бозжігіт мас болыпты есін білмей,
Өтірік той болғанын енді білді.

Әкесі отыр екен төмен қарап,
Мас жігіттің болмайды әлін сұрап.
Екі көзі жігітте көп әскердің,
Пышақ пенен қолына қанжар алып.

Бозжігіт «жар келді» деп танымайды,
Арақ пенен шарапқа қарны тойды.
Есі өткенін бейшара біліп алып,
Айналып көп әскерді бір қарайды.

Қыз пақыр бұл сұмдықты білді дейді,
Әкесіне зар еңіреп келді дейді.
Жар үшін көп алдында тізе бүгіп,
Бастады әкесіне сөзді дейді.

Жасын төгіп алдында қыз жылайды,
Бір жар үшін жалынып, зар еңірейді.
«Жарымның жалғыз жаны қала ма» деп,
Мұң айтып, көп алдында жыр жырлайды.

Қыздың жылап айтқаны:

— Сәлем бердік, әкелер,
Құтты болсын тойыңыз!
Көп халықты жиыпсыз,
Құтты болсын ойыңыз!

Шын көңілмен той болса,
Қой, қозыдан сойыңыз.
Дұшпан болса арада,
Азат етіп қойыңыз!

Әділ патша той қылса,
«Алла үшін» деп ой қылса,
Бай ішінде зарлыны
Азат қылса керек-ті.
Бүгінгі күн жақсы күн,
Тұтқын адам бар болса,
Құтыларға зар болса,
Азат еткін, жақсылар!
Бұзық болса тойыңыз,
Жалған болса ойыңыз,
Азат қылып жалғызды,
Біз пақырды сойыңыз!

Бұрынғы өткен дүниеде
Кісі сойып той қылған,
Есітпедім, көрмедім,
Мұндай жаман ой қылған.
Өлім керек десеңіз,
Адам етін жесеңіз,
Бұл зарлыны құтқарып,
Біз пақырды сойыңыз!

Көп ішінде бұл өзі
Аздай болған бір кәріп,
Алып жүрген қасында
Жолдасы жоқ бір кәріп.
Сырын айтып мұңдасар,
Жолдасы жоқ бір кәріп,
Ел-жұртынан айырылған,
Жарты жанды бір кәріп.

Алла Тағала жазған соң,
Кімдер жарлы болмайды.
Көп елінен айырылса,
Кімдер зарлы болмайды.
Мен жылаймын, тілеймін
Әке менен шешеден,
Хан қасында отырған
Билер менен ағадан.

Айтқан сөзге көнсеңіз,
Сұрағаным берсеңіз,

Кеңесі жақсы әкеміз,
Сөзім мақұл көрсеңіз.

Мейман болып келгенмін,
Қалағаным берер ме?!
Сүйген жардан айырылтпас,
Ұлды әкеден айырылтпас!
Ел-жұртымның жақсылар,
Сізден сұрап жылаймын,
Бұл бір келген жігітті
«Азат қыл» деп тілеймін.
Мұны азат қылсаңыз,
Бар малымды беремін.
Қолыңызға су құйып,
Күңдей қызмет қылайын!

Қыз пақыр жарынан айырылмайды,
«Жарымды азат қыл», — деп көп жылайды.
Хан өзі төмен қарап, жерді шұқып,
Қызының бұл сөзіне қайырылмайды.

Ақылсыз бәрі бірдей саңырау болды,
Қыз сөзін есітпестей меңіреу болды.
Әкесі мен жұртынан қыз түңліп,
Көзінен аққан жасқа алды толды.

Жылап-еңіреп жарында екі көзі,
Үй ішінде айналып бір қарайды.
Қайда кеткен жарының бар жолдасы,
Көп дұшпанның ішінде жан жолдасы?

— Зар-сәргардан бір кәріп
Әлін білмес болар ма?!
Жылап қызы келгенде,
Көзін салмас болар ма?!
Жұрт ішінде жалғызды
Есірік етпес болар ма?!
Көп жасаған әкелер,
Билер менен ағалар,
Кеңес жақсы сөзінен
Айырылмастай болар ма?

Ақылсызға сөз айтсаң,
Көкірегіне қонбас-ты.
Рақымсызға сөз айтсаң,
Не айтсаң да болмас-ты.
Көзі жоқ хандардың

Саңырау болар күні екен.
Ақылы жоқ шалдардың,
Соқыр болар күні екен.

Заманақыр болғанша
Ашылмасын көзіңіз!
Дұшпаннан жау болғанда,
Шын болмасын сөзіңіз!
Күніңіз мұңды болғанда,
Қайырсызға кез болыңыз!
Зарлы күнге қалсаңыз,
Саңырау жұртқа кез болыңыз!

Малыңызды алған жоқ,
Көңліңіз еш қалған жоқ,
Әкеңізді өлтіріп,
Мойнына қылыш салған жоқ,
Найза, қылыш жанға алып,
Балта, пышақ қолға алып,
Әкеңізді өлтірген
Дұшпаныңыз бұл емес.
Айыбы жоқ адамның
Қанын төккен бұл емес!

Қыз бейшара жұртынан түңіліпті,
Жарына жақынырақ үңіліпті.
Әкесі мен жұртынан дәрмен таппай,
Көзінен қанды жасы төгіліпті.

Қыздың жігітке айтқан сөзі:

— Ойбай, жігіт, қуанба бұл ойынға,
Шайтан кірген қойынға.
Ақылыңды жимасаң,
Қылыш жетер бойыңа.
Ойбай, жігіт, мас жігіт,
Ақылыңды жи, жігіт!
Жан шығуға жетіпті,
Көп ішінде аз жігіт.
Бозжігітім, көзің аш!
Әуелден қосқан жар келді,
Секіріп тұрып есік аш!

Қылыш шаппай басыңды,
Зарланып жарың келгенде,
Жылап келген жарыңның
Жұрты тілін алмайды.

Қатты екен хан әкем
Қызына көзін салмайды.

Жан жолдасы есікте жылап отыр,
Құдайдан «аман қыл» деп тілеп отыр.
«Хан қызынан еш пайда болмас», — деп,
Қыздың сөзін есіктен тыңдап отыр.

Бейшара білді енді болмағанын,
Әкесі қыздың сөзін алмағанын.
«Досымның жүзін мен көрейін», — деп,
Үйге кірді құрбан қылып жанын.

Қасына досының жақын келді,
Қыздан дәрмен болмасын енді білді.
«Өлсем бірге сол жерде өлейін», — деп,
Шыбын жанын досы үшін құрбан қылды.

Мас болып досына қарамайды,
Ешқайсы мұның халін сұрамайды.
«Досымның құлағына жыр жырлайын,
Тек отырып шығуым жарамайды».

Бозжігітке досы жырлап айтқаны:

— Бір шәрдің ішінде,
Бір жүргенге ұқсайсың.
Қай жердікісің, ойбай, жігіт?
Бір көргенге ұқсайсың.
Мен елімнен алыспын,
Әке-шеше көрмеспін.
Сен елінде хан едің,
Әрбір іске дана едің.
Өзіңдей болған кәріпке
Туған соң дана едің.
Билеп едің жұртыңды,
Шықпас жерге түсіпсің.
Құс құтқармас қаршыға,
Жаман жолға кетіпсің.
Тілеп болмас дұшпаннан,
Бір қорлыққа түсіпсің.
Маңдайыңнан тер ағып,
Қайғылы күйге түсіпсің.
Терең жерге барыпсың,
Жанған отқа түсіпсің.
Егіз туған бала едің,
Бір күндерде зар едің,

Бір сағат та шыдамай.
Аман бол, жан досым,
Енді қайда көрермін?
Бұрынғыдай бірігіп,
Енді қайда тұрармын?
Қиямет күн болғанда,
Көрсем, сонда көрермін.

Қасында жан жолдасы жыр жырлады,
Тәрде отырған хан қызы зар еңіреді.
Жан жолдасы бұл жырды есіткен соң,
Көзін ашып, досына бір қарады.

Көзін ашып, бұл жігіт досын көрді,
Қашуға қыз бен жігіт мақұл көрді.
Дұшпанның айла қыларын білген соң,
Мас болған жігітке ақыл кірді.

«Йә, Алла!» — деп атына мініп алды,
Үйдегі көп дұшпандар тоймай қалды.
Досы менен екеуі атқа мініп,
Найза мен қылыштарын қолына алды.

«Хан қызы, аман-есен барың, — деді, —
Он күнде өзір болың, жарым», — деді.
Бұлардың қашқанын білгеннен соң,
«Тез барып оның басын алың!» — деді.

Көп әскер бір-біріне тығылады,
Біздерден қашса ол не қылады?
Үзеңгінің оң жағын қиған екен,
Мінемін деп атынан жығылады.

Бозжігіт жолдасымен кетіп қалды,
Артынан көп әскер қумақ болды.
Сансыз әскер атына мініп алып,
Артынан жете алмай, тұрып қалды.

Бар еді бір патшаның ұлы енді,
Көп еді алтын-күміс пұлы енді.
Хан ұлына қызын бермек болған,
Арасы бір айшылық жолы еді.

Бір жадиар¹ келді, хабар алды,
Көп әскер жиып тұрған алып барды.

¹ Жадиар/парсы/ — хабаршы.

Мың кісі қасына жолдас қылып,
Келген, көрген адам таң қалды.

Хан алдына келді де сәлем берді,
Хан келгенін жақсы көріп, әлік¹ алды.
«Керек күнімізде болдың күйеуім», — деп,
Өзінің жанында оған орын берді.

Хан тұрып: «Балам, енді отыр, — деді, —
Қызымды уәде қылдым былтыр, — деді.
Арамызға бір дұшпан кірген екен,
Басын кесіп, сен маған келтір», — деді.

— Тақсыр хан, рұқсат берсең, мен барайын,
Басын кесіп, сізге мен келтірейін.
Атына рұқсат алып мінді дейді,
Көп әскер сені менен мен алайын.

Атына рұқсат алып мінді дейді,
Көп әскердің қырылғанын көрді дейді.
Әскерден бес жүз кісі қайтқан екен,
Алдында ашу қылып тұрды дейді.

Көп әскер: «Біз ұрысқа бардық, — дейді, —
Мың кісі ортамызға алдық, — дейді. —
Жартымызды ол біздің қырып салды,
Күшіміз біздің жетпей, қалдық, — дейді. —

Алдына кез келгенін қырып салды,
Өз артына жолдасын тұрғызып алды.
Күшіміз жетпей, онан қашып кеттік,
Бес жүз кісі біздерден қырып салды».

Хан баласының жауабы:

«Хан қызын былтыр бізге уәде қылған,
Екі хан бір-біріне құда болған.
Мұнша елін қырдырып ханның өзі,
Бізді әуелде шақырмай қата қылған.

Көріңіз, сізге қызық көрсетейін,
Оқпенен басын оның үзе атайын!
Екеуінің бірдей басын кесіп алып,
Ханшаңызға апарып көрсетейін».

¹ Әлік алу — амандасу, сәлем алу.

Көп әскер бірге енді жүрді дейді,
 Қарасын бейшараның көрді дейді.
 Бозжігіт тасқа бір оқ атқан екен,
 Тасқа оғы кезінен батты дейді.

Бұл да енді бір оқ атты дейді,
 Тасқа оғы ортасынан батты дейді.
 Өз күшінің кем екенін білгеннен соң,
 Жұртына жарлық айтып, қайтты дейді.

«Бізден қашып енді ол келмес, — дейді, —
 Бұ шәріге енді ол енбес, — дейді. —
 Ханышаңыз бізбенен қосылған соң,
 Келсе де ит құрлы көрмес, — дейді. —

Ханышаң жақсы көрсе, көрген шығар,
 Дуа оқып, басын оның бұрған шығар.
 Ханыша бізді көрсе, құрбан болар,
 Бізді енді «келмес» деп жүрген шығар».

Көп әскер келісіп, қашты дейді,
 «Өлтірдік» деп ханшаға айтып келді.
 Қыз пақыр тіріліктен үміт үзбей,
 Сөйтсе де күннен-күнге жүзі солды.

Жігіттерден бір сөз:

Бейшаралар жаралы болған екен,
 Жан жолдасы қасынан қалған екен.
 Көзін ашып қараса, тауға келді,
 Биік тау алдында болған екен.

Көзін ашып қараса, тауға келді,
 Есі ауып қалғанын енді білді.
 Биік таудың қасына келіп еді,
 Таудан асып түсуге көңіл қылды.

Оқ жағына қол қарысып қалған екен,
 Дұшпандар көп жараны салған екен.
 Қасында қарап тұрса, жолдасы жоқ,
 Бейшара бір жерде өліп қалған екен.

Жан жолдасы бейшара өлген екен,
 Көп дұшпан ішінде қалған екен.
 «Тірі болса, қасымда жүрмес пе еді?» —
 Көкірегіне көп қайғы салған екен.

Әр жерде жарасы бар, қан ағады,
«Бұл жерде өлсем, мені кім бағады?»
Көп жарадан өлімді ойына алып,
Екі көзден қанды жас енді ағады.

Бір жерге атын байлап түсті дейді,
Әзіз жаннан үмітін үзді дейді.
«Жалғандықта жанымда жолдасым жоқ»,
Бастады досын жоқтап сөзін дейді.

Жігіттің досын жоқтап жылағаны:

«Тозаң басты күнімді,
Көп әскер басты жолымды,
Қайғы басты көңілімді,
Ашылар күн болар ма?!
Кәріптікке түскенде,
Досым маған келер ме?!
Есіме алып жоқтасам,
Менің халім білер ме?!
Жалғыздыққа қосқанда,
Бір көрер күн болар ма?!
Бұрынғыдай бірігіп,
Бір жүрер күн болар ма?!
Артымдағы дұшпаннан
Құтылар күн болар ма?!
Бұл қайғылы күндерім
Ұмытылар күн болар ма?!
Қарсы қарап дұшпанға,
Жүрсем, жолым болар ма?!
Бұрынғыдай бірігіп,
Бір жүрер күн болар ма?!
Айырылыппын, жан досым,
Көрер күнім болар ма?!
Іздейін десем, дәрмен жоқ,
Сені қайдан табармын?
Бірге өлсем, арман жоқ,
Сені қайдан табармын?!»

Досын жоқтап, зар қылып еңірейді,
«Көрмеймін досымды» деп көп жылайды:
«Биік таудың басында бір қарлығаш
Баласына жем беріп асырайды.

Қарлығаш қарлығашқа жем береді,
Қарындас қарындасқа дем береді.
Жалғыздыққа түсті кәріп басым,
Менің бүйтіп жүргенім кім біледі?!

Жылағаным білмейді әкем менің,
Зарлығымды білмейді шешем менің,
Кәріптікке түсті кәріп басым,
Сұрарға да ешкімім жоқ менің.

Күндер бізге бар екен бүйтіп жүрер,
Зарлансам да ешкім жоқ халім сұрар.
Өз жайымда асыраған әке-шешем,
Болар ма тағы сізді бір күн көрер.

Ағаштың басын кессе, түбі қалар,
Екеудің бірі өлсе, бірі қалар.
Жалғзың өзі өлсе, несі қалар,
Мінген ат, киген тон жатқа қалар.

Барайын десем, болыпты жолым тұйық,
Айтайын десем, жат елде сөзім сынық.
Не қылса да ырыс бар, шарамыз жоқ,
Болмас-ты пайда кәріптен көңілі сынық.

Жоқ болды қасымдағы жан жолдасым,
Жүрмес жерге ұшырады кәріп басым.
Туған жер, әке-шеше ойға түсті,
Ағады қан аралас көзден жасым.

Бұл дүниенің ішінде өлмей қалған,
Болар ма ойлағанның бәрін алған?
Біреудің басында қайғысы бар,
Оның үшін бұл жырды тауып алған.

Жаздым мен «мұңды көңілім ашылсын», — деп, —
Әр жерде бұл бір сөзім шашылсын», — деп.
Дүниеде түрлі-түрлі адам болар,
«Қайғылы адам көңлі басылсын», — деп.

Бозжігіттің Құдайға налыс¹ қылғаны:

«Ұлылардың ұлы Құдайым сен,
Келіп тұрмын алдыңа кедейің мен.
Өзің жәрдем қылмасаң біз құлыңа,
Жалғыздыққа түсіпшің, не етейін мен?»

Ойлаймын: «Жаным мұнда алар ма? — деп, —
Мұңды басым бұл жерде қалар ма?» — деп.
Кім өлмей қалар мұнда, жаралған соң,
Қорқамын: «Құл кебінсіз қалар ма?» — деп.

¹ Налыс, налыш /көне түркі/ — қайғы-қасірет, мұң-шер.

Құдай жарлығына қыларым жоқ,
Жәрдем іздеп ешқайда барарым жоқ.
Көңіліме сол бір жері мұң болады,
Кепіл тауып, көр ішіне саларым жоқ.

Он сегіз мың әлемді жаратыпсың,
Тас ішінде құрттарға жем беріпсің.
Тілермін жарлы құлың «Сұлтаным» деп,
Жердегі адамдарға дем беріпсің.

Сенен басқа ешкімге тілерім жоқ,
Әлім не боларын білерім жоқ.
Амалым жоқ, ұшыраса өлім енді,
Сенен басқа ешкімнен тілерім жоқ.

Әуелде біз құлыңды патша қылдың,
Құлыңның датын өзің білдің.
Не қылсаң, біз пенде, шарамыз жоқ,
Азап қылсаң құлыңа ашуландың».

Бейшара еңіреп Құдайға налыс қылды,
Жаратқаннан басықты енді білді.
Бейшара налыс айтып отыр еді,
Қара тышқан алдына қарсы келді.

Тышқанды бұл бейшара ұстай алды,
Өзіндей әр жеріне жара салды.
Бұрынғыдан есіткен сөз бар екен,
Дертіне бұл тышқанды дәркер қылды.

Тышқанды жіпке байлап, қоя берді,
Тышқан іздеп әр жерден шөпті жеді.
Әр жерден тышқан шөпті іздей-іздей,
Бір шөп жеп, қара тышқан сафа¹ болды.

Бұл тышқан жеген сол шөпті алды,
Шөпті жеп, жарасына үгіп салды.
Шөптен сол жерде үгіп салды,
Жарасы сау кісідей бола қалды.

Құдай Тағала берекет беріп, дертін жазды,
Атына мініп, жолға таман басты.
Бір күн қатты шауып жүрді дейді,
Шәрінің шетіне енді араласты.

¹ Сафа /араб/ – сау-саламат.

Қалған досынан бір сөз.

Бейшара мұның досы қалған екен,
Бұған да көп жараны салған екен.
Көп әскердің ішінен досын таппай,
Баяғы өз ізіне барған екен.

Жеті күн досын таппай, іздеп жүрді,
Қызға жарын таба алмай, хабар берді.
Хан қызымен екеуі ақылдасып,
Енді келсе, қашуды мақұл көрді.

Қыз айтады: «Оны алып кел, — дейді, —
Өлген бе, тірі ме, оны тауып кел, — дейді. —
Бұ шәрдің ішінде бір кемпір бар,
Жасырып үйіне оның ап кел», — дейді.

Жолдасы падишаны іздей жүрді,
Көп көрінсе, атының басын бұрды.
Бір төбенің басына келіп еді,
Жан жолдасы келеді, оны көрді.

Атына мініп, досына қарсы жүрді,
Бір-біріне қолдасып, қолын берді.
Бірін-бірі көрісіп, көңіл тынды,
Атқа мініп, екеуі шәрге барды.

Бірін-бірі көрісіп, көңіл тынды,
«Шәрге кірейік», — деп атқа мінді.
Жан досы қыз үйіне жаяу келіп,
«Аман жарың келді», — деп хабар берді.

«Шүйіншіге тілегің ал, кел, — деді, —
Қолыңа алтын жүзік сал, кел, — деді. —
Кемпірге бес мың алтын ділдә бермек болдым,
Жарымды барып маған алып кел, — деді. —

Кемпірге бес мың алтын ділдә бермек болдым,
Жарымды барып онан көрмек болдым.
Енді мұнда келмесін, дұшпан білер,
Түзер енді кемпір біздің жолды.

Әр жерден дұшпан бізге көз салады,
Кемпірдің үйіне алып барғын, — деді. —
Кемпірге хабар беріп, уәде қылдым,
Кеше барып түнде бір тұрмақ болдым».

Хан қызы жан досына хабар қылды,
«Кемпірдің үйіне алып барғын, — деді. —
Әр жерден дұшпан бізге көз салады,
Түзер енді кемпір біздің жолды».

Шәрден біреу мұны көрді дейді,
«Баяғы қыздың жары келді», — дейді.
Бейшаралар кемпірге келген екен,
Көргендер ханға «айтам» деп келді дейді.

Есіктен хан алдына келді дейді,
Бір жұмысқа келгенін білді дейді:
«Баяғы дұшпаныңыз екі жігіт
О кемпірдің үйіне келді», — дейді.

Билері хан алдына келді дейді,
Екі жігіт келгенін білді дейді.
«Бұ дұшпаннан біз қайтіп құтылалық?»
Жұртын жиып, енді кеңес қылды дейді.

Баяғы Зитун батыр бірге келді,
Күйеу болып, шықпайды ханнан деді.
«Хан қызын аламын» деп қуанады,
Сәлем беріп енді үйге кірді.

— Тақсыр хан, ұлықсат берсең, мен барайын,
Амал қылып, мен оны өлтірейін.
О кемпірдің үйінен тірі ұстасам,
Алдыңа сүйреп мұнда келтірейін.

— Ойбай, балам, оны өлтірсең, қыз сенікі,
Боламын дұшпан, кетсе досың, — дейді.
Ханнан рұқсат алған соң жүреді екен,
Кемпірдің бұл үйіне келді дейді.

Ханнан рұқсат алған соң жүрді дейді,
Кемпірдің бұл үйіне келді дейді.
Бір қоржынға толтырып алтын беріп,
Кемпірді ақыры алдап ұрды дейді.

— Ойбай, кемпір, саған алтын мол берейін,
Өлгенше қызметке құл берейін.
Аналарды у беріп өлтір, кемпір,
Өмірің өтпей тұрып жол берейін.

Таңертең тұрып, кемпір, ас қыларсың,
Ас ішіне у салып, алдырарсың.

Хан саған, мұны өлтірсең, шен береді,
Бір қауым қатындарға бас боларсың.

Ақыры жолдан кемпір азды дейді,
Бұларға енді шұңқыр қазды дейді.
Базардан у сатып алып келген,
Таңертең кемпір қылды асты дейді.

Бейшара бұл дәріден ішіп салды,
Жолдасы білмес мұны, тыста қалды.
«Жолдасы жоқ, бәрін бердім дәрінің,
Өлтірсін», – деп патшаға хабар салды.

Баяғы Зитун өзі келді дейді,
Кәріптен енді кегін алды дейді.
«Таңертең базарда өлтірем», – деп,
Зыңданға темірлеп салды дейді.

Салдаттар патшаға хабар салды,
Дұшпаннан ханның енді көңлі тынды.
«Қызымды мен Зитунге беремін», – деп,
Жұртына «той қылам» деп хабар салды.

«Хан қызын аламын, – деп қуанады, –
Бұ қызды менен басқа кім алады?»
Бозжігітті зыңданға салғаннан соң,
«Көңлі сүйер ханыша» деп ой қылады.

Хан ертең жарлық қылды: «Өлтіргін! – деп, –
Базарға алып келіп өлтіргін, – деп. –
Дұшпанымның өлгенін жұртым білсін,
Дұшпан өліп қалғанда көңілі тынсын».

Салдаттар Бозжігітті алып барды,
Базарға ел жиылды оңнан-солды.
Бейшара мас болған, ақылы жоқ,
Ажалға енді мұнда душар болды.

Жолдасы хан қызынан қайтып келді,
Бір сұмдықтың болғанын енді білді.
Кемпірдің ашуланып, жанын алды,
Қылыш тұтып кемпірдің басын кесті.

Кемпірдің ашуланып, жанын алды,
Кемпірден қылыш тұтып қанын алды.
«Досымның құнын сенен алайын», – деп,
Басын алып, кескілеп итке салды.

Бейшара енді жоқтап, зар еңіреді,
Кез келіп көрінгеннен бір сұрайды.
Әр жерден сұрай-сұрай келіп еді,
Базарда көп ел жиылып, шуылдайды.

Бір жерде көп халық қарасып тұр,
Әр жерден асушыны сұрасып тұр.
Өлтіруші бір уәзірдің қолында тұр,
Асушы кесушімен тілдесіп тұр.

Біреуі «асамын» деп жіп алып тұр,
Біреуі алмас қылыш қолға алып тұр.
Уәзір менен билердің тұрды бәрі,
«Өнер қылайық» деп жарлықшы сайланып тұр.

Досына жақын келіп қадам басты,
Не қыларын білмеді, қатты састы.
Жылап-еңіреп қасында тұрып еді,
Бір заманда бейшара көзін ашты.

Аяғына қараса, байладылар,
Өлтіруге орнын сайладылар.
Төңірегіне қараса, бәрі дұшпан,
Кәріп жанды шығуға қинаулы екен.

Оң жағында жан досы жылап отыр,
Өлтіруге жұрт бәрі шулап отыр.
Ажал жетсе, ешкімнен дәрмен болмас,
Иман айтып, өлерін ойлап отыр.

Бейшара өлерін енді білді,
Досына «бері кел» деп бір ым қылды.
Досына құрбан еді жан жолдасы,
Қасына жақынырақ енді келді.

Аузын ашып досына сәлем айтты:
— Тірілік те енді, досым, бізден қайтты.
Ажал жаннан бейшара түңілген соң,
Елі менен жұртына сәлем айтты.

Бозжігіттің досына жырлағаны:

— Жан досым, жақынырақ кел,
Арызым саған айтайын,
Сенен басқа досым жоқ,
Сырым кімге айтайын.

Қаршыға құстың қанаты
Қайырылысар күн болады,
Амандасып досымен,
Айырылысар күн болады.
Бір күн қалмас досынан
Қайырласар күн болады.

Е, жан досым, жақын кел,
Ажал бізге жетіпті,
Көп дұшпанның ішінде
Дәрмен бізден кетіпті.

Бүгіннен соң, жан досым,
Енді сізді көрмек жоқ.
Бұрынғыдай бірігіп,
Енді бірге тұрмақ жоқ.

Бұ жерден сіз қайтыңыз,
Жұртқа сәлем айтыңыз!
«Жалғызыңның сөзі» деп,
Бізден сәлем айтыңыз!

Қаршыға құстай қондырған,
Қасымда сүйіп отырған,
Дидарыма тоймаған,
«Жалғызым» деп ойлаған,
Мұңды қалған әкеме,
Зарлы болған шешеме,
Әкем менен шешеме
Сәлем айта көріңіз!

Бала шешеден тумақ бар,
Бұйрық болса, тұрмақ бар.
Ажал жеткен адамға
Артық өмір сүрмек жоқ.
Қанатынан қайырылған,
Жалғызынан айырылған,
Қайғысы көп шешеме
«Сабыр қыл» деп айта көр.

Кімді «балам» дер ол,
Кімді мен деп сүйер ол?
Біз есіне түскенде,
Жанған отқа күйер ол.
Күйгеніне кез болсаң,
«Сабыр қыл» деп айта көр!
Басымдағы бөркімді

Мұңды қалған әкеме,
Қолымдағы жүзікті
Зарлы болған шешеме
Өз қолыңнан бергейсің!
Көңіліне ұнай жүргейсің!

Басымдағы бөрікті
Кимесе де ол ұмытпас,
«Жалғыз ұлым келер» деп
Ол біздерді күтпесін!
Қолымдағы жүзікті
Өз қолыңа салғайсың,
«Сәлем айтты, — деп, — жалғызың»,
Шешеме сен бергейсің!
«Жалғызым» деп жыласа,
Көңіліне ұнай жүргейсің!

Біз екіміз бар едік,
Еш айырылмастай жар едік,
Бір күн сені көрмесек,
Көрейік деп зар едік.
Алладан пәрмен жетті,
Досым, досыңнан хал кетті,
Бұл дүниеде көрмесең,
Ақыретте көргейміз!
Әке-шешеден айырылып,
Біздің үшін, жан досым,
Көп ренжіп не көрдің сен?
Еліңе сен барарсың,
Әке-шешені көрерсің.
Бізден хабар сұраса,
Арызың айтып жыларсың.

Барсаң, сені көргендер,
Қасыңа келіп тұрғандар,
Бізден хабар сұраса,
Көзі көрген жолдастар,
Бірге жүрген мұңдастар,
Бізді есіне алғандар,
Бізден мақрұм қалғандар,
Бізді көрмей қалғандар,
Бізден хабар сұраса,
Сәлемімді айтарсыз.

Бізден ренжіп қалғандар,
Бізден көңілі қалғандар,
Көп ішінде бар болса,

«Разы болсын» деп айтсаң,
Жалғыз да өтер дүниеден,
Жаман да өтер дүниеден.
Дүние ішінде арманда
Зарлы да өтер дүниеден.
Қонақ болған дүниеге,
Кім өлмейді дүниеден,
Сен де өтерсің дүниеден.

Досының жауабы:

— Айырыларың білгенмін,
Қорқа-қорқа жүргенмін.
Алла әміріне дәрмен жоқ,
Мойынсұнып тұрғанмын.
Шеше сүтін ембеген,
Жаннан тәтті сүйіскен,
Заманақыр болғанда,
Айырылмайық дескен,
Жаннан тәтті, жан досым,
Жаным құрбан қылсам да,
Осы көптің алдында
Сіздің үшін өлсем де,
Көп дұшпанның ішінен
Құтылмастай күн болды.
Басқа түскен ісіміз
Ұмытылмастай күн болды.

Жаннан тәтті, жан досым,
Көп күн бірге жүрмедім,
Бүгіннен соң ақыры
Енді сізді көрмедім.

Сен өлсең, мен қайтармын,
Арызым қайтіп айтармын,
Әкең шықса алдымнан,
Не деп жауап айтармын?
Шешең шықса алдымнан,
Не деп жауап айтармын?
Алдымда тұрып зарланса,
Не деп жауап айтармын?

Әке менен шешеден,
Малы менен баладан,
Кімді айырмас бұл өлім?
Ойбай, бейшара досым,
Медет тіле Алладан,
Маған да келер бұл өлім.

Бозжігіттің өлген жері.

Бейшаралар мұңдасып көп тұрыпты,
Арызын айтып, екеуі мұңдасыпты.
Базарда жиылған көп жамағат
Бұлардың сөзін естіп, жыласыпты.

Бір заманда уәзірі келді дейді,
Бейшаралар өлерін білді дейді.
Салдаттар алдына әзір тұрып,
«Қылышпенен шап!» — деп жарлық қылды.

Өлтірерге мұны байлады енді,
Қылышын өткір қылып қайрады енді.
Салдаттар қылышпенен шауып еді,
Өтпеді, қылыш жанды қинады енді.

Уәзірі: «Өткір қылыш келтір, — дейді, —
Кешіктірмей мұны тез өлтір, — дейді. —
Бетіндегі пердесін ашып-жауып,
Патшаның көңілін шапшаң тындыр», — дейді.

Бетінде қыл пердесін сойып алды,
Жалаңаш мойнына қылыш салды.
Басында алтын айдар тұлымы бар,
Көрген адам бұларға таң қалады.

«Тегін кісі емес» деп ойлап едік,
Көп кісі ортаға алып, сөйлеп едік.
Қайтейік, залым патша тіл алмады,
«Өлтірме бейшараны, қой», — деп едік».

О жерде Зитун батыр ақырады,
Әрбіріне: «Өлтір!» — деп шақырады.
Хан жарлығын бұзуға әлің бар ма,
Салдаттарға: «Шапқын!» — деп ақырады.

Салдаттар басын үзе шаба алмады,
Лажын өлтіруге таба алмады.
Өлтірем деп қинапты әзіз жанды,
Салдаттар тілін бір таба алмады.

Бозжігіттің сөйлегені:

— Ойбай, әскер, бізге жаман сөйлемеңіз,
Қылыш етім кесер деп ойламаңыз!
Табанымның астыңда алмас қылыш
Алып шапқын, жанымды қинамаңыз!

Кеудемді ешкім менің үзбес деймін,
Өз қылышым болмаса, кеспес деймін.
Жанымды алсаңыз да қинамай ал,
Тағдыр қылса Тәңірім бұзбас деймін.

Бейшараның етігін шешіп алды дейді,
Кеудеден шауып, басын үзді дейді.
Алты бүктеп салған алмас қылыш
Бір шапқанда мойнын үзді дейді.

Әзіз басы қиналып жерге түсті,
Ақ жүзі жарқырап жерге түсті.
Қасында жан жолдасы жылап отыр,
Досынан айырылып, үміт үзді.

Зитун батыр: «Оңбасын оның, — деді, —
Дарға байлап, жоғары асқын, — деді. —
Жұрт ішінде өлгені мәлім болсын,
Хан-ханшаның көңілін бассын!» — деді.

Кәріп басын дарға асты дейді,
Жұрт жылап, ол жерден қашты дейді.
Ханға жұрт: «Өлтірдік, — деп айтып келді, —
Құтылдық дұшпаннан, көңіліміз тынды», — дейді.

«Той қылғын», — деп жұртына жарлық қылды,
Патшаның өлгенін жұрт білді.
Қыз пақыр бұл істен ессіз ақыл,
Мал сойып, тойын енді қылды дейді.

Бейшара ол шәрде өліп қалды,
Досы оның қиынын көріп қалды.
Дарға басын асқанын көргеннен соң,
Жылай-жылай бейшара талып қалды.

Айхай, дүние, ей, дүние,
Кімге опа қылдың сен?!
Ескендірдей патшаны
Өз қойныңа алдың сен!
Неше-неше шаһариар¹
Еңіретіп алдың сен!
Фахр² ғалам Мұқамбет,
Оны тағы алдың сен.

¹ Шаһариар /араб/ — Мұхаммед пайғамбардың төрт серігі: Әбубәкір, Омар, Осман, Әли. Кейде «төрт жар», «төрт шәрі» деп те аталады.

² Фахр /араб/ — мақтаныш; даңқ.

Алып-алып, тоюың жоқ,
Еш те бірін қоюың жоқ,
Қасымда жүрген жан досымды
Бүгін тағы алдың сен,
Ажал жетсе өлгеймін!

Қарашаш сұлудың сөзі:

Қыз сақтайды «жолдасы келе ме?» — деп,
«Келіп, бізден бір хабар ала ма?» — деп.
Қыз үйіне жолдасы келмеген соң,
Қыз қорықты «бір сұмдық болды ма?» — деп.

Кемпірге ханның қызы келді дейді,
Кемпірді өліп жатқан көрді дейді.
Үйіне жылай-еңірей қайтып келді,
Бір сұмдықтың болғанын білді дейді.

Бәрін де қырық қыздың қасына алды,
Шәрден жарын іздей жүрмек болды.
Түн ішінде қай жерде дауыс болды,
Әйнектен бәрі келіп, құлақ салды.

Бір жерге келсе, көп жұрт той тойлайды,
Осында болар деп қыз ойлайды.
Әр әйнектің түбінде жыр жырлайды,
Жарын жоқтап бейшара зар еңірейді.

Қарашаш сұлудың әйнектен жырлағаны:

«Түйе келіп боздайды,
Ботасы оның жоқ па екен?!
Бота көзді Бозжігіт
Бұл ойында жоқ шығар?»

Сиыр келіп мөңірейді,
«Бұзауым» деп жылайды.
Бейшараның бұзауы
Бұл ойында жоқ па екен?»

Қойлар келіп маңырайды,
Қозысы үшін аңырайды.
Бейшараның қозысы
Бұл ойында жоқ па екен?»

Жылқы келіп кісінейді,
«Құлыным» деп іздейді.

Бейшараның құлыны
Бұл ойында жоқ па екен?

Бұлбұл құстар сайрайды,
Қызыл гүлі жоқ па екен?!
Қызыл жүзді Бозжігіт
Бұл ойында жоқ па екен?»

Әйнектен бейшара жыр жырлайды,
Үй ішінде жамағат жыр тыңдайды.
Еш адам «хан қызы» деп ойламайды,
Бейшара әркімге бір еңірейді.

Көп ішінде бір адам білді дейді,
Бейшара хан қызы екенін көрді дейді.
Бейшара жарын жоқтап жүрген екен,
Әйнектен жырын жырлап жауап берді.

«Түйелер келіп боздаса,
Ботасы оның жоқ шығар.
Бота көзді Бозжігіт
Бұл ойында жоқ шығар.

Жылқы келіп кісінесе,
Құлыны оның жоқ шығар.
Құлын көзді Бозжігіт
Бұл ойында жоқ шығар.

Сиыр келіп мөңіресе,
Бұзауы оның жоқ шығар.
Бұзау көзді Бозжігіт
Бұл дүниеде жоқ шығар.

Қойлар келіп маңыраса,
Қозысы оның жоқ шығар.
Қозы көзді Бозжігіт
Бұл ойында жоқ шығар.

Бұлбұл құстар сайраса,
Қызыл гүлі жоқ шығар.
Қызыл жүзді Бозжігіт
Бұл ойында жоқ шығар.

Бозжігіттің тұлғасы
Жараланғанға ұқсайды,
Дүниенің дәулеті
Тұл қалғанға ұқсайды.

Жарыңнан хабар сұрасаң,
Қайтпас жерге кеткен ол».

Естіп бұл сөзді қыз жылап келді,
Әкесінен қыз басын сұрап келді:
«Әкем менің аң аулай барған екен,
Сауға бер, әке», — деп еңіреп келді.

— Естіп пе ең, ойбай, әке,
Аң аулай кетіпсің,
Өлтіруге батырсың,
Қалың шеңгел ішінен
Бала сұңқар атыпсың,
Жақсы көрген қызына
Бір сауғаны қимай ма?

Тұзақ құра жатыпсың,
Бала киік атыпсың,
Атып алған аңынан
Бізге сауға бермей ме?
Жақсы көрген қызына
Бір сауғаны қимай ма?

Атқа мініп шығыпсың,
Дұшпаныңды жығыпсың,
Дүние енді кең қалды,
Өлмес хабар ұғыпсың.
Бір күн, әке, жыларсың,
Көппен дұшпан боларсың,
Іс өткен соң пайда жоқ,
Әкем, дертті боларсың.

Ойлағаның білдім мен,
Сенің түрлі ойың бар,
Біреуге бізді берер ойың бар,
Жұрт ішінде тойың бар.
Темір алтын болмас-ты,
Бақыр күміс болмас-ты.
Еркім бар деп іс қылма,
Қызың тілін алмас-ты.

Күйеу қылған Зитунның
Сыртын алтын қылсаң да,
Ішін күміс қылсаң да,
Өз жарымдай болмас ол.
Алтынға жүнін боясаң,
Қарға сұңқар болар ма?!

Қанатына қан жақсаң,
 Сұңқар қарға болар ма?!
 Жақсы көрген кісінді
 Қорға қосып келтірсең,
 Тамам жұртқа білдірсең,
 Өз жарымдай болар ма?
 Күйеу сүйіп, той қылдың,
 Қызың тілінді алар ма?

Бозжігіттің сүйегін
 Мың Зитунға бермеспін.
 Өз жарымның моласын
 Алтынды үйге бермеспін.
 Сондай жарды тапсаң да,
 Еш те қабыл көрмеспін.
 Ақылы жоқ әкемнің
 Қылған ісін қайтейін?
 Өлген жарым көрмесем,
 Тірі жүріп қайтпаспын.

Ханның қызына берген жауабы:

– Жылама, қыз, жылама,
 Ел ішінде жақсы көп.
 Елден елге жүрейін,
 Сені оған берейін!

Тілім, балам, қайырма,
 Сүйгеніңше қылармын.
 Алтынды отау тіктіріп,
 Қызметшілер қоярмын.

Басымдағы тәжімді,
 Астымдағы тағымды,
 Қызым, саған берермін.
 Арғымаққа мінгізіп,
 Мың құл, балам, берермін.
 Мың түйеге жүк артып,
 Мың күң, балам, берермін.
 Дүние жүзі кең, балам,
 Тауып алып бір жақсы,
 Сүйгеніңе берермін.

Мал жақсысын аларсың,
 Сүйгеніңе жетерсің.
 Бұзба, балам, ойыңды,
 Құп түзерсің бойыңды.

Хандардан хат келеді,
Бәрі сені сүйеді.
Тотықұстай жігіттер
Бәрі сені тілейді,
«Сені алсам» деп жылайды.
Шақырып алып, тұрғызып,
Жүзің, балам, көргізіп,
Көп қайғырма, жан балам,
Сүйгеніңе берермін.

Қарашаш сұлудың сөзі:

— Балаң көңілі қалған-ды,
Арбасаң да болмас ол.
Нұр жігітті келтірсең,
Оны да қабыл көрмес-ті.
Сүйектерім сынған соң,
Сыласаң да болмас ол.
Жүрегім жанып, күл болды,
Су құйсаң да сөнбес ол.
Басым жерге тиген соң,
Көтерсең де болмас ол.
Көңіл құстай ұшқан соң,
Қайтып қолға қонбас ол.
Сүйген жарым кеткен соң,
Не қылсаң да болмас ол.
Ішім мұзға толған соң,
Жүрегім тас болған соң,
Ішім еш те білмес ол.

Арғымаққа мінгізген
Мың құлыңды нетейін?
Құл қызметі өткен соң,
Күнге қызмет қылдырмай,
Өзім ісімді қылармын.
Алтыңды отау қылғанша,
Жерден мола қылармын.
Басыңдағы тәжіңді,
Астыңдағы тағыңды
Қолыма ұстап нетейін?
Таққа отырар кісім жоқ,
Мал жақсысын нетейін?
Малды алар кісім жоқ,
Елден елді аралап,
Тапқан жақсыны нетейін?
Өз тапқаным кеткен соң,
Өзге жарды нетейін?

Бізден соңғы қызыңды,
Қысыр қалған биедей,
Елден елді аралап,
Елден жақсы көрінсе,
Оған оны берерсің.

Бейшара қыз жылап-еңіреп сөзі бітті,
Әкесінің қасынан зарлап кетті:
«Өлсем, жарым жолыңда өлейін», — деп,
Бір заманда шәрге жақын жетті.

Бір заманда дарға асқан көрді басты,
Бір көргенде есі ауып, жерге түсті.
Есін жиып, қанды басын қолға алып,
Қан аралас ағызды көзден жасты.

«Қайран басың, хан басың
Кесілгенге ұқсайды,
Басы жоқ кеудеден
Үзілгенге ұқсайды.
Кеудең қанға былғанып,
Аяқ-қолың шылғанып,
Кебінің жоқ, көрің жоқ,
Жерде жатар ер ме едің?!
Қанға басың былғанып,
Бүйтіп жатар ер ме едің?!

Құмға былғап басыңды,
Көзден аққан жасыңды
Жерге ағызар ер ме едің?!
Кеукер басың, хан басың,
Алтын жүзің былғанып,
Дарға асылар ер ме едің?
Жұртыңда сен хан едің,
Әрбір іске дана едің,
Дұшпандардың қолында
Мұндай болар ер ме едің?!

Қарақаттай көздерің,
Қызыл гүлдей жүздерің,
Балдан тәтті сөздерің,
Бір көруге зар болдым.
Айтсам сөзім жетпес-ті,
Қайғың естен кетпес-ті.
Алыс жолға кетіпсің,
Шақырсам да келмесің.
Өз жолыңда кетіпсің,

Зар қылсам да білмессің,
Сізден дүние өтіпті,
Мен де артыңнан өтермін.
Сен алдымда болмасаң,
Бұл дүниені не етермін?
Қайғың кетпес өлгенше,
Күнде жылап жүргенше,
Бұл қайғыны көргенше,
Бірге болсам керек-ті».

Бейшара қыз дүниеден құры қалды,
Торқаға қанды басын орап салды.
Үйінен алтын-күміс қолына алып,
Жарына там тұрғызу ойына алды.

Қасына жүз жиырма құлын алды,
Алтын менен күмістен мола салды.
Барғанын хан қыздың білгеннен соң,
Жұртына «жиылғын» деп хабар салды.

Жұртына: «Қыз қасына барғын, — деді, —
Неғыш жүр қызым менің білгін, — деді. —
Қызымның бір күнде көңілі сүйер,
Қызымның қыл дегенін қылғын», — деді.

Көп әскер қыз қасына келді дейді,
Болғанын там тұрғызып көрді дейді.
Қыз бұлардың келгенін жақтырмады,
Әскердің бәрі қайтып жүрді дейді.

— Қызыңыз там тұрғызып болған екен,
Шәрден зергер жиып алған екен.
Бұл шәрде сондай үй табылмас,
Алтын менен күмістен салған екен.

Хан қызын көруге ұялады,
Шешесі «жалғызым» деп зарланады.
Қасына бір-екі адам қосшыға алып,
Шыдай алмай шешесі бір барады.

Қызына жақын келіп, белін бұды:
— Ойбай, балам, бұл күн саған қайдан туды?
Құдай қосқан жарыңнан зар еңіретіп,
Ақылы жоқ әкеңе не қан жауды?!

Ақылы жоқ әкеге айтсам, тіл алмады,
Дұшпандардың сөзінен еш қалмады.

«Қызыңды жылатпа», — деп айтып едім,
Қанша айтсам да тілімді еш алмады.

Ұялғаннан қасыңа келе алмадым,
Әкеңнің еш ақылын біле алмадым.
«Обалың әкеңе, — деп зар еңірейді, —
Бізді үйде, сізді мұнда ойламады».

«Обалың әкеңе, — деп зар еңірейді, —
Бізді үйде, сізді мұнда ойламайды».
Қызының қасыңда жасын төгіп,
Көкірегінде ойлаған арызын айтты.

Қызына жылап ханым мұңын айтты,
«Қылыпты әкең саған құрбан айтты».
Баласы шешесіне қарамайды,
Ұялып шешесі үйге қайтты.

Қыз енді там тұрғызып болды дейді,
Ішінен бекіткендей қылды дейді.
Қасында қырық қызбен амандасып,
Дала, жер көз жасына толды дейді.

Қарашаш сұлудың қыздарға жылаған сөзі:

— Жар-жар айтқан жан-жарым,
Аман болың, қош болың!
Бізге өтер күн болды,
Сізден кетер күн болды,
Аман енді, қош болың!
Бізге өтер күн болды,
Жар үшін өлер күн болды,
Сізге қалар күн болды.
Бізден реніш алғандар,
Бізден көңілі қалғандар,
Ойыңызға алғайсыз,
Риза болың, достарым!
Бұрынғыдай боларсыз,
Сүйген жарға барарсыз,
Ойнап-күліп жүрерсіз,
Аман болың, достарым!

Торғайға жем табылар,
Ауруға ем табылар,
Басыңыз жас, достарым,
Сізге де күн табылар.
Бізден дүние өтеді,

Тірілік енді болмас-ты,
Бұл жалғанның ішінде
Ешкім өлмей қалмас-ты.
Менің үшін жыламан,
Мендей бір қыз табылар,
Тіріге жар табылар,
Өлгенге жыр табылар.

Менің жарым өтіпті,
Бұл жалғаннан кетіпті,
«Кел» десем де келмес ол,
Зар қылсам да білмес ол,
Шын жарымнан қалғым жоқ,
Жалған жарға барғым жоқ,
Бұл дүниеде қалғым жоқ,
Аман болың, достарым!

Қыздардың Қарашаш сұлуға жырлап айтқаны:

– Әуел Құдайдан тілейміз,
Екінші сізден тілейміз,
Біраз сабыр қылыңыз!
Арызымыз бар, сұраймыз,
Біраз тірі тұрыңыз,
Біраз дәурен сүріңіз!
Жетім болмаса шешеңіз,
Бір қат жүзін көріңіз.

Жолдастарың артында-ай
Қозыдай шулап қалмасын!
Әке-шешең артында-ай
Күн-түн еңіреп қалмасын!
Алтын бізге кең сарай
Жерге құлап қалмасын!
Қырық қыздың қанаты,
Сіз боларсыз санаты,
Қанатымыз қайырма,
Өзіңнен бізді айырма!

Сіздің үшін ел-жұртың
Ботадай боздап қалмасын!
Дүниеден үміт үзбесін,
Түгенінді бұзбасын,
Алтын отау кеукерің
Жат қолында қалмасын!
Меруерт пенен маржаның
Әркімге олжа болмасын!

Қайт, жанымыз, қайт-сана,
Біз пақырды зар қылмай,
Қайт, жанымыз, қайт-сана!

Қарашаш сұлудың сөзі:

– Біреуге ажал кез келсе,
Не қылсаң да болмас ол.
Жан алушы келгенде,
Айтсаң тілің алмас ол.
Қанша жасқа келсең де,
Дүние ішінде қалар ол.
Дүниенің дәулеті
Дүние ішінде болмас ол,
Артыңдағы дәулетің
Әркімге олжа болар ол.
Әке-шешен қасыңда
Зар еңіреп қалар ол.
Жан алушы келгенде,
Кімнің тілін алар ол?

Әкеден де кетерміз,
Шешеден де кетерміз,
Ажал келсе, амал жоқ,
Бұл жалғаннан өтерміз.
Қатты дертке жолықтым,
Дәрі ішсем де тірілмен,
Енді айтар сөзім жоқ,
Сөзім қалар, өзім жоқ,
Ажал жетсе тұру жоқ,
Аман болың, достарым!

Бейшара қыз жылай-жылай тамға кірді,
Тіріліктен өлгенін жақсы көрді.
Там есігін ішінен бекіткен соң,
Өз ішіне өзі бұл пышақ ұрды.

Қабірінде қыз жарын құшақтайды,
Өзін-өзі пышақпен пышақтайды.
Сыртында қырық қыз сақтап отыр,
Хан қызы тысқа шықпай ұзақтайды.

Хан қызы жарыменен қосылыпты,
Әзіз¹ жаны кеудеден үзіліпті.
Әкесіне жұрт хабар айтқаннан соң,
Қылған хан тойы енді бұзылыпты.

¹ Әзіз /араб/ – қымбатты, ардақты.

Хан есітіп жұртынан, жылап келді,
Шешесі бетін жыртып, еңіреп келді.
Тамам жұрт бұл хабарды есіткен соң,
Өлген кісінің моласына бәрі келді.

Жыласа да іс өтіп қалған екен,
Екі жалғыз дүниеден барған екен.
Ханым: «Мұндай боларын білмедім», — деп,
Өз бетін өзі тырнап жыртқан екен.

Тыста тұрып хан қызын шақырады,
Жұртына: «Есік аш!» — деп ақырады.
Ханым ашуланды патшасына,
«Іс өткен соң бұл енді не қылады?»

Көп әскер там есігін бұзды дейді,
Бетін ашып, қызды көрді дейді.
Құшақтасып жатыр екі жалғыз,
Көрген соң үміттерін үзді дейді.

Хан қыздың қасында зар еңірейді,
Өз қолын өзі тістеп, жұлқылайды.
Ханым патшасына ашуланып:
«Бар сұмдық өзіңнен», — деп жылайды.

Хан жылап, еңіреп, үйіне қайтты,
«Сыртынан там тұрғыз», — деп жарлық айтты.
«Сықылын бұл баланың білмедік», — деп,
Жұртының бәрі жылап, көңіл айтты.

— Сымбатын көргеннен соң қайтпадыңыз,
Алтын айдар тұлымын айтпадыңыз.
Сымбатын көргеннен соң сұмдық қылсам,
Сонда менің мойныма айып тағыңыз.

Ханым ханға: «Мақұл болдың, — дейді, —
Жалғызыңды өлтіріп тындың, — дейді. —
Енді артыңда қосқан кім қалады,
Өле-өлгенше аманат алдың», — дейді.

«Жалғыз қызың өлтіріп тындың, — дейді, —
Молаға жанын алып, қойдың, — дейді. —
Алдыңда қуанышың кім болады,
Тірілікте тұқымыңды жойдың», — дейді.

Бейшара хан айтты: «Білмедім, — деп,
Өлтірерге базарға кірмедім», — деп.

Сақалын жұлып патша көп жылайды:
«Бейшараның сымбатын көрмедім», — деп.

Моласына хан келіп, жұрт жүргізді,
Алтын мола сыртынан там тұрғызды.
«Бейшара, жалғызым», — деп хан жылайды,
Жылағанмен өлгенін кім тұрғызды?

Ол да арманда өтіпті, бұл да арманда,
«Білмедім», — деп жылайды хандар мұнда.
Аладан тағдыр келсе, шара болмас,
Дүниеден өтіп кетті бәрі арманда.

Екі асық енді бірге өліп қалды,
Әкесі жұртын жиып, мола салды.
Бозжігіттің бетін құшып жан досы,
Досы үшін жан досы талып қалды.

Досы үшін бейшара көп жылайды,
Құдайдан «иман қыл» деп көп тілейді:
«Досым маған аманат беріп еді,
Тапсырмай өлсем ол қалай?» — дейді.

Жігіттің жырлағаны:

«Мен қайтуға ой қылдым,
Кімменен жүргеймін,
Кімді досым дегеймін?
Сен есіме түскенде,
Кеткім келмес қасыңнан.
Жыласам да пайда жоқ,
Көзден аққан жасымнан.
Менің сенсіз ішкен ас
Қызыл қанға ұқсайды.
Қайтайын десем жұртыма,
Қайғың аяқ тұсайды.

Көптен енді айырылған
Қаздай болып қалдым мен.
Көп елінен айырылған,
Аздай болып қалдым мен.
Ботасы өлген түйедей
Енді боздай қалдым мен.
Құлыны өлген биедей
Енді кісіней қалдым мен.

Жаның Аққа¹ тапсырдым,
Жарың бірге қасыңда.
Жалғыздыққа жылаймын,
Көп қайғы бар басымда.
«Өлейін» деп ойласам,
Аманатың бар қойнымда.
«Жүрейін» деп ойласам,
Жалғыздық бар мойнымда.

Аманатың тапсырып,
Тірі болсам, келермін.
Жаннан тәтті жан досым,
Жолыңда мен өлермін.
Құтылдыңыз дүниеден,
Екеу болып бірленіп,
Жолдасынан айырылып,
Досың қайтты зарланып».

Досының үйіне барған жері.

Бейшараның сөзі енді бітті дейді,
Жұртының жөнін сұрай кетті дейді.
Құдай сақтаса, пендеге пәле болмас,
Аман-есен жұртына барды дейді.

Алдында бір-екі адам көрді дейді,
Жеткен соң жақын, сәлем берді дейді.
Екі адам өз елінің адамы екен,
Амандасып, бірге енді жүрді дейді.

— Жалғыз жігіт, атыңды бермен айда,
Сенің бізге келгенің болды пайда.
Сіздерді іздеп шыққан көп кісі едік,
Жалғыз жүрсің, қасыңдағы досың қайда?

Жігіттің жауабы:

— Құдайым жалғыздыққа салды, — дейді, —
Жан жолдасым жылай-еңірей қалды, — дейді. —
Құдайым тағдыр жетіп, алған соң,
Жан досымнан айырылып қалдым, — дейді.

Екеуі бұл хабарды есітті дейді,
Шәрге алып мұны жүрді дейді.
Жалғыз шәрге кіргеннен соң,
Жұрт бәрі келіп мұны көрді дейді.

¹ Ақ (Хақ) /араб/ — шындық, ақиқат.

Бастады жігіт көпке сөзін дейді,
Ағызып екі көзден жасын дейді:
«Жалғызын хан естісе, өлер», — дейді,
Ханға барып айтуға састы дейді.

Жиылып көп билер кеңеседі,
«Жалғызы патшаның», — деп мұңдасады.
Бір ақын бар екен жұрт ішінде,
Жырменен білдіруге оңдасады.

Ақын мен жан досын алып жүрді,
Көп билер сәлем беріп, ханға келді.
Жалғызының жан досын көріп еді,
Хан ханыммен орнынан жылап тұрды.

— Жан жолдасың, жалғызым қайда? — дейді, —
Күйіп ішіміз жалын болды, — дейді.
— Балаңыз жарымен кейін қалды,
Той болар, үйдің ішін сайла, — дейді.

— Балаңыз сүйгенімен кейін қалды,
Жалғызыңыз бізден хабар салды:
«Әкеміз біз барғанша жұртын жиып,
Аямай сойсын, — дейді, — тойға малды».

Бейшара хан мен ханым қуанады,
Мал сойып, жиылғанға той қылады.
Кәрі ақынды билер алдына алып,
Жырлауға жырын енді ой қылады.

Билер: «Ақын, жырың жырла, — дейді, —
Жалғызы ханның келер, ойла, — дейді. —
Бүгінгідей той болмас, хан естісін,
Жалғызының тойын тойлап жырла», — дейді.

Хан ханыммен: «Жырыңды жырла, — дейді, —
Осындай той мұнан соң қайда?» — дейді.
Қолдарына ап келіп ат пен шапан, —
«Ақынға сыйлап оны байла», — дейді.

Хан алдында кәрі ақын жыр жырлайды,
Айтқанын құлақ салып көп тыңдайды.
Жыршының сұрасаңыз есімін енді,
Ақылы бар адамдар мұны аңдайды.

Жыршының бастаған жері:

«Көпті көрген кәрі мен,
Біраз жырды жырлалық!
Аспандағы торғайдай
Алдыңызда сайралық.
Үй ішінде отырған
Құлақ салың, жақсылар,
Бұл жалғаннан пайда жоқ,
Тақта болың, жақсылар!
Кәріңіздің сөзінен
Ыбрат алың, жақсылар!

Кәрілердің ескі сөз,
Еске алмай жүрмеңіз.
Ғалымдардың сөзі сөз,
Көңілге алмай жүрмеңіз.
Кәрілердің қайыр сөз,
Бұрынғыдан қалған сөз.
Ғалымдардың әділ сөз,
Пайғамбардан қалған сөз,
Құдайдың да осылар,
Көңіліне алған сөз.

Дертiмiзге дәрмен жоқ,
Қайғысызда арман жоқ.
Дертке пайда болмаса,
Жаратқаннан пәрмен жоқ.
Мiнген аттан ер қалар,
Тапқан ерден мал қалар.
Ер басына күн туса,
Сүйген жардан ол қалар.

Патшалардан тақ қалар,
Мергендерден жақ қалар.
Ер басына күн туса,
Дүниенің бәрі жоқ қалар.
Ғалымдардан хат қалар,
Ұсталардан зат қалар,
Ойлап тұрсаң, жақсылар,
Бұл жалғаннан кім қалар?

Теміршіден тат қалар,
Жүрген жерде жол қалар.
Көрген жерде сол қалар,
Байларыңнан бұл қалар.
Қатын болса, тұл қалар,

Тапқан ерден мал қалар,
Алтын-күміс пұл қалар,
Иттей шулап таласып,
Кім көрінген сол алар.
Үйің болса, бос қалар,
Ойнап жүрген дос қалар.

«Туғанмын» деп қуанба,
Туған өлер күн болар.
Өлген жанның бәрінен
Сұрау сұрар күн болар.
«Малым көп» деп қуанба,
Малды көрмес күн болар.
Алтынменен жер толса,
Көзін салмас күн болар.
Бір өзіңнен басқаны
Көңілге алмас күн болар.

«Тілдімін» деп қуанба,
Тіл байланар күн болар.
«Күшім бар» деп ойлама,
Күшің кетер күн болар.
Дүниедегі құлдардың
Көзін салмас күн болар.
«Балам бар» деп қуанба,
Бала да қалар күн болар.
«Ғалыммын» деп қуанба,
Сұрау алар күн болар.
Қызыл жүзге қуанба,
Сойылып қалар күн болар.
Құрт-құмырсқа жиылып,
Тойынып қалар күн болар.

«Патша едім» деп ойласаң,
Ескендір мен Сүлеймен,
Олар да өткен дүниеден.
«Балам көп» деп ойласаң,
Жүз қырық баланың әкесі
Адам да өткен дүниеден.
«Малым бар» деп ойласаң,
Малы сізден көп шығар,
Қарын да өткен дүниеден.
«Күшім бар» деп ойласаң,
Қаһарман мен ол Әли
Олар да өткен дүниеден.
«Шешенмін» деп ойласаң,
Неше-неше шешендер

Сөйлөп өткөн дүниеден.
Неше-неше төрелер,
Неше-неше жақсылар
Жылап өткөн дүниеден».

Хан алдында кәрі ақын жыр жырлайды,
Сөздің түбін ханға бұрады енді.
Жырлаушы бұл жерге келгенінде,
Хан бір тұрып, орнына бір отырды.

— Ақыным, жақсы екен жырың сенің,
Өлім айтып шығады кәрің сенің.
Жырыңның өне бойы өлім екен,
Бізге қарай таяды кәрің сенің?!

Жыршының жауабы:

— Тақсыр хан, өлім айтпай не айтайын,
Бұл жерде ажал жетсе, мен қайтейін?!
Адамның ақыр соңы өлім деген,
Шын айтсам, оны айтпай не айтайын?!

Жаралған соң келерміз,
Бұл жалғаннан кетерміз.
Басқа, өзге өлім ақ,
Жылап-еңіреп кетерміз.
Тағдыр таусылар болған соң,
Шарамыз жоқ, не етерміз?
Әмір келсе Алладан,
Мойынсұнып жатармыз.
Дүние шіріп, күл болып,
Қара жер боп бітерміз.

Елден бұрын туған ол,
Белін берік буған ол,
Әуел келіп жол ашқан,
Тәңіріменен сөйлескен
Адам еді әкеміз,
Хауа ана еді шешеміз,
Бұл дүниеде пайда жоқ,
Олар да өткөн дүниеден.

Топан су тасқанда,
Таудан, тастан асқанда,
Әр жануардан алып ол,
Кеме ішіне салып ол,
Аман-есен қалып ол,
Нұх пайғамбар өткөн дүниеден.

Намрұд¹ отқа атқанда,
От ішінде жанбады,
Шын сөзінен танбады,
Жалғыз ұлын Ысмайыл
Пышағын қынынан алып,
Мина тауына апарып,
Құрбан шалған Ыбырайым,
Ол да өткен дүниеден.

Он екі ұл ішінде,
Тұтқын етіп жатқызып,
Рахмат етті Алласы,
Мысырдың болды патшасы,
Жетпіс жылдың соңында-ай
Жүзін көрді әкесі,
Ақыр өмір хан болып,
Жүсіп өткен дүниеден.

Жердің жүзін алған ол,
Түрлі шаһар салған ол,
Күншығысқа барған ол,
Күнбатысты көрген ол,
Әділ туған хан еді.
Жан өлімге жеткенде,
Жердің жүзі бұзылып,
Күннің көзі тұтылып,
Мәңгі суын таба алмай,
Жиырма тоғыз жасында
Ескендір өткен дүниеден.

Дәуіт ұлы Сүлеймен,
Дүниеде хан болған ол.
Жердің жүзін алған ол,
Алтын таққа мініп ол,
Аспаннан ұшып ол,
Мың қатынды құшып ол.
Құдай Тағала жол берген,
Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Жалғыз оған ұл берген,
Бала үшін арманда,
Жер жүзіне хан болып,
Сүлеймен өткен дүниеден.

Неше-неше жар алған,
Хандар өткен дүниеден.

¹ Намрұд — патшаның есімі.

Ыбырайым мен Ысмайыл
Зәкария мен Зұлғұпыл,
Қабыл мен ол Абыл,
Олар да өткен дүниеден.

Көзсіздерді көргізген,
Аяқсызды жүргізген,
Жығылғанды тұрғызған
Әулие өткен дүниеден.

Құдай әмірімен аспанға ұшқан,
Алла Тағалаға ашық-ты,
Аузынан от шығарып,
Жалаң аяқ, жалаң бас,
Екі көзден ағып жас
Диуаналар өткен дүниеден.

Мың түйеге жүк артқан,
Жүз атқа пұл артқан,
Алтын тақта отырған,
Алтын менен күмісті
Жердің жүзін толтырып,
Малдан зекет бермеді,
Құдай әмірін қылмады,
Мұнша байлық әлімен
Иман, ислам таба алмай
Қарын өткен дүниеден.

Әуелі де Мұқамбет,
Ақыры да Мұқамбет,
Он сегіз мың ғаламның
Фахры¹ да Мұқамбет.
Үмбетіне зар жылап,
Жарлылық деп көп тілеп,
Үмбеті үшін әкесін,
Тілемеді шешесін,
Құдайдан жарлық келгенде,
Құрбан етіп баласын,
Он сегіз мың әлемді
Оның үшін жаратқан,
Пайғамбарымыз Мұқамбет
Ол да өткен дүниеден.

Жүз жиырма төрт мың пайғамбар,
Мұқамбетке шариярлар,

¹ Фахр/араб/ — мақтаныш; даңқ.

Отыз үш мың сахабалар,
Олар да өткен дүниеден.
Жер жүзіне келгендер,
«Мен, мен» деп жүргендер,
Мың жас өмір сүргендер,
Бәрі де өткен дүниеден.

Хан да өткен дүниеден,
Қара да өткен дүниеден,
Бай да өткен дүниеден,
Жарлы да өткен дүниеден.
Көп те өткен дүниеден,
Аз да өткен дүниеден,
Жаман-жақсы айырмай,
Бәрі де өткен дүниеден.

Әкең сенің — қара жер,
Шешең сенің — қара жер,
Барар жерің — қара жер,
Тұрар жерің — қара жер...

Кәрі ақын бұл жерге келді дейді,
Хан сұмдық болғанын білді дейді.
Тіріліктен соң бәрі өлім,
Алла өміріне хан мойынсұнды дейді.

Айтып жырын бұл ақын түрегелді,
Сөзінің түбін ханға бұра келді.
Шығындатып жырын бұрып еді,
Бір сөз енді айтуға тура келді.

— Жаратқанның жарындай,
Хан кеткенге ұқсайды.
Бүгін көрген түсімде
Сарандилде балаңыз
Ол да өткенге ұқсайды.
Онан соңғы біздерге
Кезек жеткенге ұқсайды.

Балаңа, хан, жылама,
«Бізден бұрын өтті, — деп, —
Бұл дүниеден кетті!» — деп.
Олар кетті әкеге,
Әке менен шешеге,
Сіз де бір күн барарсыз
Бұрын өткен балаға.

Ажал жетпей өлмек жоқ,
Алла өмірінен қалмақ жоқ,
Ажал жетіп өлген соң,
Ешкім қайтып келмек жоқ,
Тағдыр жетсе, қалмақ жоқ,
Ажал қойып алмақ жоқ,
Ажал жетіп өлген соң,
Ешкім барып алмақ жоқ,
Айтып арыз, алмақ жоқ,
Ұрыс-талас қылмақ жоқ,
Жарлыққа күш қылмақ жоқ,
Шешеден бір туған соң,
Ешкім өлмей қалмақ жоқ.

Хан пақыр жыласа да сабыр қылды,
Жалғызының өлгенін енді білді.
Ханым ұлының өлгенін есіткен соң,
Бетін жыртып, зарланып, шашын жұлды.

Көңілін кәрі ақын жыр айтады:
«Бет жырттың, тақсыр ханым, не пайда-ды?
Бұл өлім бұрынғыдан қалған өлім,
Өлмесе бәрі жандар — ол қайда-ды?»

Ажал жетіп, амал жоқ,
Құтылуға дәрмен жоқ,
Аладан келген жарлыққа
Сабырсыздан жаман жоқ,
Алла өмірі жеткен соң,
Бұл жалғаннан кеткен соң,
Сөйлесең де пайда жоқ,
Беттеріңді қан қылып,
Жыласаң да пайда жоқ,

Айхай, өлім, айхай, өлім,
Әке менен шешеден,
Қарындас пенен баладан
Кімді айырмас бұл өлім?!
Жұртыңдағы үйіңнен,
Үйіңдегі бұйымнан
Кімді айырмас бұл өлім?!

Түйе қалар боздасып,
Жылқы қалар кісінесіп,
Жан айырылып шығады,
Денеменен қоштасып.
Ажал бір күн келмей ме,

Әзіз жанды алмай ма?!
 Не қылса да еркі бар,
 Қожаға құл бермей ме?

Жаның сенде аманат,
 Денең жерде аманат.
 Жанды денеге тапсырып,
 Тергеу қылып керек-ті.
 Малға тексі¹ қылмаңыз,
 Мал жиярмыз бергенше,
 Әзіз басың өткен соң,
 Қалған малың жатқа өлмес,
 Көп малымыздан пайда жоқ,
 Жанға пайда болмаса,
 Жан өлімге жеткенде,
 Ешбір себеп қылмаса.
 Дүние бейішке аманат,
 Алданбаңыз, жақсылар!
 Тергеу күні болғанда,
 Зарланбаңыз, жақсылар!

Бір сағатта боларсыз,
 Бір сағатта білерсіз,
 Алла әміріне көнерсіз.
 Қанша жасқа келсең де,
 Ақыр бір күн өлерсіз.
 Мал қайғысын жеменіз,
 Жалғанды көп жимаңыз.
 «Балам өлер» деменіз,
 Баладан, малдан пайда жоқ,
 «Қапыл болдым» деменіз.

Қатын қалса, ер табар,
 Ұлың қалса, мал табар,
 Қызың қалса, бай табар,
 Жан өлімге жеткенде,
 Кәріп басың не табар?!
 Мінген атың бос қалар,
 Киген тоның қос қалар,
 Ойнап жүрген дос қалар.
 Мінген атың бос қалар,
 Мінуге ер табылар.
 Киген тоның қос қалар,
 Киюге ер табылар.
 Бүгін тірі кісіңіз

¹ Тексі — сатусыз, тегін.

Ертең жерге көмілер,
Алдыңызда қара жер,
Нені алмас деп білесіз?
Алдыңызда көріңіз
Не көрмеген білесіз?
Мен ойласам, халайық,
Ажал, өлім қайда жоқ,
Жалғаннан пайда жоқ,
Бес намазды күтіңіз,
Бір ай ораза тұтыңыз.
Өлім ақ деп біліңіз!
Малдан зекет беріңіз,
Кедейге қайыр беріңіз!
Бай болсаңыз, жақсылар,
Меккеге барып тұрыңыз!

Нені айтайын, жақсылар,
Айтқан сөзім алғайсыз!
Жырлаушы кім болса да,
Жақсы бата қылғайсыз.
Ханым, сөзім алыңыз,
Аман-есен болғайсыз.
Аладан келген жарлыққа
Қатты сабыр қылғайсыз!

Бір-екі күн қонақсыз,
Өздеріңіз білгейсіз.
Қиямет күн болғанда,
Жерге халық толғанда,
Сонда сен де барғайсыз,
Ұлың анда көргейсіз.
Иманды құл ұжмақта,
Имансыз құл тамұқта,
От ішінде зарланып,
Азап көрер күн болар.
Иманды құл ұжмақта,
Сегіз қабат ұжмақта,
Ол әке мен шешені
Көріп, қосылар күн болар,
Балаңды анда көргейсің.
Иманды болсаң ұжмақта
Балаңменен жүргейсің.
Түрлі-түрлі нығметте
Өлмей дәурен сүрерсің,
Құдай кешсе күнәңді,
Кең сарайда тұрарсың».

Кәрі ақын енді айтып жырын болды,
 Үй ішіне жиылып қатын толды.
 Ханымның көңілін аулай келіп еді,
 Баласын жоқтап ханым дауыс қылды.

Белін буып жалғызын жоқтап еді,
 Жүрегі есіткеннен талып қалды.
 Жалғызын жоқтап ханым зар еңіреді,
 Бейшара ханым бала үшін көп жылады.

Ханымның баласын жоқтап зарлағаны:

«Бауырымның парасы,
 Екі көзім қарасы,
 Жаным сүйген жан балам,
 Сені қайда көргеймін,
 Кімді «балам» дегеймін?!
 Сен есіме түсіпсің,
 Нешік шыдап жүргеймін?!
 Алыс жолға кетіпсің,
 Айтпай кеттің сырыңды,
 Көрмей қалдым жүзіңді,
 Бұл не болды, жан балам?
 Сүймей қалдым жүзіңді,
 Алыс жолға кетіпсің,
 Айтсам сәлем жетпес-ті.
 Жаннан тәтті, жан балам,
 Қайғылы ісің кетпес-ті.
 Қарап үйден таппасам,
 Қайдан сені табармын?

Сені қайдан іздейін,
 Кімді сен деп иіскейін?
 Сенен басқа, жалғызым,
 Көз көрерім жоқ еді.
 Сенен басқа біздерге
 Еркелерім жоқ еді.
 Жалғыз едің, бір едің,
 Мың қайғыға жыр едің,
 Енді қайтіп жүрейін,
 Жүзің қайтіп көрейін,
 Енді кіммен жүрейін,
 Енді кіммен тұрайын?!
 Сен есіме түскенде,
 Қайтіп өмір сүрейін?!
 Ашыққанға ас берген,
 Кәріптерге ас берген,

Досы үшін бас берген,
Жақсы менен жаманды
Тегіс білген жалғызым,
Сені қайдан табайын?

Мұңды болған әкеңді,
Зарлы болған шешеңді,
Бұзық болған көңілін
Кім аулайды, шырағым?
Даладағы малдарың,
Үйіңдегі құлдарың,
Алтын-күміс, пұлдарың
Кім қорғайды, шырағым?
Арғымақ пенен тұлпарың,
Лашын менен сұңқарың,
Қаршыға мен түйғының,
Иесі жоқ болғанда,
Кім ұстайды, шырағым?

Малың келіп шуласа,
Жұртың таппай, жыласа,
Әке-шешең келіп, еңіресе,
Іздеп қайдан табады?
Бота қалды түйесіз,
Жұртың қалды иесіз,
Әке-шешең баласыз,
Іздеп қайдан табады?

Әуелгіде кеткенде,
Сырыңды бізге айтпадың,
Жолда керуен көргенде,
«Қайт» десе де қайтпадың.
Іздегенің алдында,
Жүргізбедім, жалғызым!
Мың кісі барып жіберіп,
Тілеп едім, жалғызым.
Перзент үшін Тәңіріге
Жылап едім, жалғызым!

Беріп еді тілекті,
«Мұңды құлым көрсін» деп,
«Зарлап енді өлсін» деп.
Кәрілікте әкеңнің
Еңірет күні болды енді.
Жалғыз қалып шешеңнің
Зарлар күні болды енді.
Екеу болсаң, шырағым,

Өлмес еді біреуің,
Кім қолында өлсең де,
Қылмас па еді сұрауың?!

Құдай несін салмады,
Тұқым бізден қалмады.
Кәрі күнде қор болдық,
Дертке дәрмен болмады,
Енді қайтіп жүрейін,
Жүзің қайда көрейін?!
Жалғыз ұдан айырылып,
Кіммен өмір сүрейін?!

Көз алдымда бар болсаң,
Көрмес пе едім ұлымды?!
Өлген жерде бар болсам,
Өлмес пе едім, құлыным?!
Жат жұрттардың ішінде
Қайтіп жүрдің, шырағым?
Дұшпандардың қолында
Қайтіп жүрдің, шырағым?

Жұртың алмай қасыңа,
Пәле келді басыңа.
Құрбандығың болмас па ем
Көзден аққан жасыңа.
Шырағымды сөндірдің,
Дұшпаныңды тындырдың,
Шешенді жалғыз қалдырдың.
Бұл не қасірет, жарандар,
Бұл не қайғы, жарандар?!

Көкіректегі жанған дерт,
Күннен-күнге терең дерт.
Көңілім енді тынбас-ты,
Сөнген шырақ жанбас-ты.
Жалғызымның хабары,
Көңілім енді тынбас-ты.

Жұртым, енді аттаның,
Жалғзыма барайын!
Жетім болмаса, жалғзым,
Моласын барып көрейін!
Көрсем, көңілім тынар ма,
Қасында аз күн тұрайын!

Тым болмаса, жарандар,
Жырлап көңілім ашайын,

Үш-төрт кітап шығарып,
Мұңдыларға шашайын.
Мұңды адам есітсе,
Біраз көңілі басылар.
Бейшара болмаса,
Бұл сөз қайдан табылар?
Әрбір шамның уақтында,
Қалам алдым қолыма,
Бұл сөздерді жазғанша,
Тәңірім салды ойыма:
«Мұңды ыбрат¹ алсын» деп,
«Өлсем, сөзім қалсын» деп,
«Сөзім оқыған адамдар
Бізге бата берсін» деп.
Мұңсыз бір Құдай тұр,
Әр пенденің мұңы бар.
Ыбрат алмақ кітаптан,
Шариғаттың жолы бар.
Дәлелі жоқ бір кітап
Ыбрат үшін жазылды.
Мұңды адам есітсе,
Қайғылы көңілі басылды.

«Жалғызбын» деп жылама,
Жалғыз да өтер дүниеден,
Көңілің кетер дүниеден.
«Жарлымын» деп жылама,
Жарлы да Құдай пендесі.
Жалғандағы ешкімге
Малы болмас жолдасы.
Жарлылық жаман іс болса,
Пайғамбарың тіледі.
«Дүние, қайрат бірге қыл», —
Деп тіледі Пайғамбар.
Пенде жарлы болса да,
Құлдық қылса керек-ті.
Пайғамбарым сөзі бар,
Оны білсе керек-ті.
Мың жыл бұрын байлардан
Бұрын кірсе керек-ті.

Құлшылық, тәубе қылғанда,
Алла болсын ойыңыз.
Аз өмірде пайда жоқ,
Ұжмақ болсын орныңыз.

¹ Ыбрат — ғибрат.

Аз өмірде алданып,
Қиналып мал табарсыз,
Ол малға алданып,
Құдай құлшылығын қоярсыз.
Шайтан түссе кеудеге,
Малға қашан тоярсыз?
Бізге бермес ол малың,
Артыңызда қаларсыз.
Малды жисаң арамнан,
Түбінде сен өлерсің,
Зекетсіз мал арам-ды,
Біреуге олжа болар ол.

Кітапты еске алмайсың,
Құлағыңа салмайсың,
Зекет, қайыр бергенде,
Құдайды ойға алмайсың:
«Соқыр малың қайырға
Бергенмін», — деп тұрасың.
Көрінгенге мақтанып,
Аузыңнан еш алмайсың.
Жасың жүзге жетсе де,
Өлімді ойға алмайсың.
Қайырыңда пайда жоқ,
Малдан зекет бермейсің.
Қара жерге кіргенше,
Жаман жолдан қалмайсың,
Алланы ойға алмайсың.

Намаз, ораза болмаса,
Мүміндерге¹ пайда жоқ.
Бір күн тергеу боларсың.
Құлшылығың саналып,
Таразыға саларсың.
Таразыда кем болса,
Оны қайдан аларсың?
Пайғамбарлар алдында
Ұялып, қор боларсың.
Жанған оттың ішінде
Түрлі азап көрерсің.
Иманды өтсең дүниеден,
Ұжмақ таман барарсың.
Құдай бетін көрерсің,
Сансыз құлдар қасында
Өлмей дәурен сүрерсің».

¹ Мүмін /араб/ – мұсылман.

Ханымның баласын іздей барғаны.

Ханымның жарлығын жұрт білді дейді,
Жиылып әскер он мың болды дейді.
Хан, ханым «жалғызын көремін» деп,
Жасанып аттарына мінді дейді.

Көп әскер күн-түн тынбай жүрді дейді,
Қырық күнде шәріге келді дейді.
Бұларды көріп хан қорқады:
«Бұл әскер қайдан пайда болды?» — дейді.

Бұларға елші қылып кісі салды,
Елші келіп бұлардан хабар алды.
Баяғы жалғыз жігіт әкесі екен,
Көрген елдің бәрі де таң қалды.

Хан қорқып жұртыменен атқа мінді,
Келген ханның алдына қарсы келді.
«Ажал Құдайдан, себебі бізден болды», —
Айыбын мойнына алып, арыз қылды.

— Тақсыр хан, ажалы оның бізден болды,
Не қылса да пендесіне Алла салды.
Ақылсыздықпен бұл істі қылып едік,
Өкініп, жұрттың бәрі жылап қалды.

Алдыңда айыбымыз бар, арыз қылдық,
Атқа мініп, алдыңызға қарсы келдік.
Қолыңызға қылышыңыз ұстап тұрсыз,
Не қылсаңыз да, айыбымыз бар, мойынсұндық.

— Балама Тәңірім тағдыр қылған шығар,
Себебі оның сізден болған шығар.
Тергеуің ақыретте болсын сенің,
Аллаға қылған ісің аян шығар.

Ханыңыз: «Кештім, хан!» — деп атқа мінді,
Бұл хан кешкен соң көңілі тынды.
Көп әскер шәріге кіріп барды,
Бозжігіт моласына келді дейді.

Хан, ханым моласына жақын келді,
Үйге енбей, ханым сыртта дауыс қылды.
Есігін ашайын деп қадам қылды,
Аша алмай жұрттың бәрі әзіз болды.

Жалғызын жоқтап ханым зар жылайды,
 Жалғызын есік ашып зар еңіреді.
 Моласында зар еңіреп тұрды дейді,
 Бала үшін қайғырып көп жылайды.

Ханымның жылаған жері:

«Он ай сені көтеріп,
 Емшегімді емізіп,
 Тәтті тағам жегізіп,
 Асыраған шешең мен.
 Шешең тұр қасыңда,
 Зар жылайды басыңда,
 Көрмес жерге кетіпсің,
 Тұр кел, балам, тұр-сана,
 Мұңды шешеңді көр-сана,
 Халімді бір сұра-сана,
 Саған келдім көргелі,
 Бет-аузыңнан сүйгелі,
 Артымда кім қалады,
 Құлыным кім болады?!
 Сені ойлап зар қылсам,
 Көзім қанға толады,

Айхай, балам, е, балам,
 Кімді «балам» дегеймін,
 Кімменен жүргеймін,
 Жүзің қайда көргеймін?
 Ұқсам еді сөзіңді,
 Көрсем еді жүзіңді,
 Жылап шешең келгенде,
 Бір көрмейсің, жан балам,
 Ботасы өлген түйедей,
 Боздап келдім, жан балам.
 Қырық күншілік кең жолда
 Іздеп келдім, жан балам.

Алла өзі берген-ді,
 Ажал жетіп алған-ды,
 Шешең жылап қалғанда,
 Жыласа да не қылсын?
 Алла өміріне көнгенде,
 Зарлап шешең қалғанда,
 Көрер күні болғанда,
 Бір көрермін, жан балам!

Баласын жоқтап ханым талып қалды,
 Жылап-жылап бұл ханым үміт үзді.

Бірінші мақам

Жүрдек

Орындаған: Жанаманова Ләззат
Нотаға түсірген: Бекмұханбет Бауыржан



О - о - о - оу Сөз ке - ле - ді тың - да - ған - да ай - та - тұ - ғын,




Жоқ шы - ғар бұл жал - ған - да мұң - сыз ту - ған. (Домбыра)



Дү - ние - ге а - дам ұ - лы ко - нақ бол - ған, Кү - нін - де бірі - бір - ден - ай қай - та тұ - ғын.



(Домбыра) Жан бер - ді, и - ман бәр - ді Бір уа - Ба - рың



Қа - ла - ды ө - зің өл - сең, дү - ние, жа - рың. (Домбыра)



Бо - ла - д(ы)о о - оу ен - ді қа - ла - ай мұ - ның жөн - о - ғу? а - а - ай

Екінші мақам



Қа - уым бол - ған әу - ел - де, Бил - ла ин - та - ға қай - ыр дан. Бар ға - лам - ды



жа - рат - қан. Сұл - тан бол - ған ко - жам - сың! Кү - ді - рет - ті - сің кө - өп - тен, Он се - гіз мың



ға - лам - ға Сұб - хан бол - ған ко - жам - сың! Ғар - шы ме - нен Күр - сі - ні, Ла - ух пе - нен Қа - лам - ды,





сен Гап-пар. Ай-ыбы-мыз-ды жа сы-рып, Ра-кы-мы кең, Гап-пар-сың, Ай-ыбын-кеш-пей

кү-лың-ды, А-зап ет-сең, Қаһ-һар-сың. Рах-ма-тың-нан, иә, Раб бы, Еш ү-мі-тім үз-бей-мін,

Жүм-лә күл-ға рах-мат ет! и - ә, Ра-хим ир-Рах-ман Жүм-лә-мыз-ға

тау - пик б - е - е - е - ер. (Домбыра)





Радлов Василий Васильевич (1837-1918) — шығыстанушы, этнограф, Ресей Ғылым академиясының академигі. Ұлты — неміс. Берлин университетін бітіргеннен кейін жас ғалым Ресейге қоныс аударып, тіл үйрену мақсатымен Алтай өңірінде оқытушылық қызмет атқарады. Осы кезден бастап түркі халықтарының әдеби мұраларын жинап, зерттеумен шұғылданады. Ол Еуразия аумағында бірнеше ғылыми экспедициялар ұйымдастырып, түркі және Сібір халықтарының мол фольклорлық мұраларын жинады. Соның негізінде 1870 жылы жарыққа шығарған «Түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары...» атты көптомдық еңбегінің 3-томында қазақ ауыз әдебиетінің көптеген үлгілерін жариялады. Олардың арасында ғашықтық, батырлық, тарихи жырлар, аңыз-әңгімелер, қисса-дастандар, айтыс үлгілері мен ақын-жыраулар мұрасы болды. Ғалым тарихи-салыстырмалы зерттеулерінің нәтижесінде Орта Азия, Қазақстан және Сібірдегі түркі халықтары фольклорының түп-төркіні ортақ екенін дәлелдеді.

КЫТАП ӨЛӨҢ.

I. УЛКӨН КЫСАЛАР.

1. Бос үгіт.

1.

Сөз келд тыңдаганга айтатүгүн,
өк шыңар бу қазында муңсуз туған,
дүйүдө ідем уау конак болған,
күвүңдө бірі бірден кайтатүгүн.

2.

Ұан берді іман берді берү бірін,
калады дәуің өлең дүйүд қарын,
дүйүдө бір аз бәур конак болған,
барды калған көргө үгіт кәрің.

3.

Бу қалғаннан бір кісі тоімаі өтөр,
қаксы кул өлүм түбуа оілаі өтөр,
бір сендә мады ұғар дүйүд сүзөр,
қалғаннан іш қырады алмаі өтөр.

4.

Бір сендә өтөр ақынң ұзуи көрәді,

В.В. Радлов. «Түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары...».
1870 жыл.



Суретші К.Я. Баранов

БОЗАМАН

«Бозаман» — эпикалық дәстүрге өзгеріс әкеле отырып, батырлық сипатпен басталып, ертегілік сарында аяқталған жергілікті фольклорлық сюжеттерге құрылған жырлардың көркем үлгісі. Шығармада Бозаманның өз қиялындағы ғашығы туралы ішкі арманы, екі жастың арасындағы сүйіспеншілік, адал махаббат үшін күрес, өз мұрат-мақсаттарына жетудің қиындыққа толы жолдары қызғылықты баяндалады. Туындыдағы батырлық жырға тән — кейіпкердің күн санап өсуі, көне эпос сипатына тән — қыздың елінде бірнеше жыл тұрып қалуы, халықаралық «ауыстырылған әйел» ертегілік мотиві бір-бірімен жымдаса үйлесіп, қазақтың ғашықтық жырларының озық үлгілерінің біріне айналған. Қыздың су апатынан аман қалып, аққуға айналуы сияқты көне сарындардың араласуы эпикалық дәстүрдің мифпен сабақтасқандығын аңғартады. Шығарма эпикалық үлгіде жырланғанымен, оның өзіндік ерекшелігі де аз емес. Мысалы, бас кейіпкер қалыңдығына бейбіт жолмен қосылады, қастандық жасаған күнге бостандық береді. Мұнда көркем қиялға қарағанда шынайылық басым.

Еліміздің қолжазбалар қорында «Бозаман» жырының ауызша айтылып, халық жадында бір ғана нұсқасы сақталған. Оның алғашқы жырлаушысы халық ақыны — Жақып Тінібеков. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы Рамазан Айтқожиннің айтуына қарағанда, ол жыр мәтінін 1895 жылы Сейітқали Меңтаевтан үйреніп, халық арасына ауызша таратқан. Тек 1952 жылы ғана хатқа түсіріп, қолжазбалар қорына тапсырған. Туынды алғаш 2005 жылы «Бабалар сөзі» жүз томдығында жарық көргі. Ол туралы Ы. Дүйсенбаев, Р. Бердібаев, Б. Әзібаева, А. Қыраубаева сияқты ғалымдар қалам тартып, құнды пікірлер білдіргі.

Томды баспаға дайындау барысында жырдың қолжазба нұсқасы мен басылымы салыстырылып, қайта сараланды. Түпнұсқа М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақталған (105-бума).



Ертеде Қарабай деген бай болыпты. Бұл Қарабай төрт түлік малға сай болыпты. Қарабай бәйбішесі екеуі де қартайғанша отырады. Бұлардың бұрынғы туған балалары өліп, мұнан кейін бәйбішесі тағы да жүкті болып, бір ұл табады. Ол баласының атын Бозаман деп қояды. Бозаман күн сайын, ай сайын өсіп үлкейеді. Өзі әрі байдың мырзасы, әрі алып батыр болып, он бес жасқа келгенде елін аралап, өзіне лайықты сұлу жар таба алмайды.

Бозаман елінен лайықты қыз таба алмаған соң, жан-жақтан хабар салып, көрінген жолаушылардың жолын тосып сұрайтын болыпты.

Бір күні өзінің көп жылқыларын Тұнық деген көліне айдап келіп суғарып жүргенде, алыстағы асудан бір жалғыз атты жолаушыны көреді. Жолаушының алдынан шығып, Бозаман оған өзінің басындағы ғашықтық қиссасын баяндайды. Сол Бозаманның қиссасы өлеңмен айтылады.

Хикаят болсын бір ғазал,
Тіліме медет бергесін
Жаратушы Зұлжалал¹.
Кеңес десе шалқыған
Көңілім дария бір самал,
Естіген сөзді жазуға
Емес едім мен доғал.
Тірлікте көңіл шалқыды,
Ажал келсе, жоқ амал.
Құр жүргенше әуре боп,
Ақылың болса ойлайтын
Кезіңе келді бір қиял.
Естіген соң мен мұны
Қағазға нағып жазбайын?
Қарап қалмақ қиын-ды
Білген сөзді аздайын.
Бір армансыз дүние жоқ,
Бозаман ердің жайынан
Біразырақ қозғайын.

Жалғыз туды Бозаман
Қарабайдың белінен.
Он бес жаста сандалды,
Қыз таба алмай елінен.
Отыра алмай үйінде,
Мал суғарды бір күні
Тұнық деген көлінен.
Жас уақытта желігіп,
Ойламайды өлімді.
Қарап тұрса Бозаман,
Асқардың асу белінен

¹ Зұлжалал /араб/ – мәртебелі; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.

Жалғыз қара көрінді.
«Жөн сұрайын мұнан», — деп,
Атының бұрып тізгінін
Батырдың көңілі бөлінді.

Бозаман суғаруға айдап келген өзінің көп жылқысына көңілін бөлместен бетімен қоя беріп, келе жатқан жалғыз атты жолаушыға қарай тарта жөнеледі.

Алдынан шығып сөйлейді:
— Келесің қайдан, ей, жігіт?
Ынтықтырмай өзімді
Сұраған сөзіме хабар ет.
Дүниеде мен бір шерменде,
Жүректі алған жаман дерт.
Лайықты бір жар таба алмай,
Қапалықпен көңілім өрт.
Көңілім қапа болса да,
Ерада¹ жоқ бармасқа
Осылай болды айтқан серт, —

дейді. Бұл айтқан Бозаманның ғашықтық зардабынан жүрегінен оттай махаббат лебі шарпып тұрғанын жолаушы жігіт те біліп, Бозаманға айтқан жауабы:

— Құлағын тігіп керілер,
Наз бедеу ат шабылса.
Ай шұғыласы көрінбес
Бұлт алып бетін жамылса.
Күнәсі қанша болса да,
Жақсы кешер жалынса.
Мұратқа пенде жетпес пе,
Ойға бір талап алынса?
Қайтер едің, Бозаман,
Іздеген жарың табылса?

Бозаман сонда сөйлейді:
— Қайғыменен толып жүр,
Бұл уақытта жүрегім.
Жанымнан басқа нәрсені
Жолыңа сарп етейін
Қабыл болса тілегім.
Өлтірмесең, айтсайшы,
Қай тараптан көрдіңіз
Перизаттың дерегін?

¹ Ерада /араб/ — ниет, ықылас.

Сонда жігіт сөйлейді:
 – Амалын ойлап ертерек,
 Оны да іздеп алуға
 Сіз секілді ер керек.
 Нәсілі – қалмақ патшасы,
 Мұрты ұзын Бурахан,
 Соның қызы – Ақбілек.

Мырзаға баян етеді,
 Қысқартып сөзін сағадан.
 Мұраты ердің осы еді,
 Бір жаралған тазадан.
 Іздемеке ат қойды,
 Сақтаса Құдай қазадан.
 Ата-ана, жұрт ойда жоқ,
 Ақбілекті іздеуге
 Түзеді бетін Бозаман.
 Талап еткен жігітке
 Бір Жасаған пана еді.
 Шын сиынса ықыласпен
 Мұратын іздеп табады.
 Бет алып мұнан жөнелді.
 «Қолыма қашан түсер?» – деп,
 Ақбілек атты дананы.
 Дамыл алмай күн-түні
 Бураханның шәріне
 Бозаман жетіп барады.

Келгендігін білдіріп
 Әкетпекке ілдіріп.
 Патшаға хабар салады:
 «Келгендігім білсін», – деп.
 Пәруаз¹ етіп ізденген:
 «Біздің жайды көрсін», – деп.
 Жұрт иесі хан болса,
 «Тілемес» деп үміт бар:
 «Ғашықтық оты сөнсін», – деп.
 Әдепсіздік жай бару:
 «Арызымды ауыз айтамын, – деп, –
 Етсе рұқсат: «Келсін», – деп».

Бозаман келген соң Бураханға елшілікке бір адамды жіберіп, келген жұмыстарын айтқызады.

Мұны естіп патша айтты:
 – Бұл бір жүрген ер шығар,

¹ Пәруаз /парсы/ – ынта, ықылас.

Кейпін көріп сөйлесек,
 Мүддесін айтып жел шығар,
 Арызы болса алып кел,
 Бір қапалы шер шығар, —

деп Бурахан бір адам жіберіпті. «Бозаманның өзі келіп, келген жұмысы менен көңіліндегі мүддесін айтсын», — деп шақыртады.

Патшадан хабар алған соң,
 Бозаман тұрды жүрмекке.
 Ықылас, ниет, құлықтарын
 Шамалап ойлап білмекке.
 Ишарат етіп үйге енді,
 Белін байлап ерлікке.
 Ер жігіттер табады
 Ат үстінен ырысын.
 Патшаның көңілі ұнатты
 Бозаманның туысын.
 Амандасып отырып,
 — Балам, не, — деп сұрайды, —
 Бұл жаққа келген жұмысың?
 Жалғыз атты жас бала,
 Баян етші іркілмей.
 Қайсы жұрттан боласың,
 Қандай байдың ұлысың,
 Қай патшаның құлысың? — деп.

Бурахан патша Бозаманнан: «Ата-тек, ел-жұртың кім?» — деп сұраған-
 да Бозаман іркілместен отырып жауап береді:

— Қай уақытта білмеймін
 Көңілімнің тынарын.
 Жылай-жылай қан алды,
 Екі көзім жанарын.
 Қолыма түспей аһ ұрдым
 Гүл шашылған шынарын.
 Білмесең өзің беймағлұм
 Іздеген жоқтың боларын.
 Ас өтпей ішсем тамақтан,
 Ұйқы қашып қабақтан,
 Болмады ешбір қарарым¹.
 Жолдасым алған елімнен
 Жоқ жанымда жараным.
 Сағым қуып келемін,
 Көргенімше басылмай

¹ Қарар /араб/ — сабыр, тағат.

Аһ, дариға, құмарым.
 Перизатты таба алмай,
 Болды басым шерменде,
 Біле алмай қайда тұрарын.
 Өзіңе келдім, ей, патшам,
 Бір жаманға жалынып,
 «Алып бер», – деп сенгенше,
 Бұл күнде менде тыным жоқ
 Ақбілекті көргенше.
 Тоқталмаспын талаптан
 Ажал жетіп өлгенше.
 Беліме садақ байладым,
 Жаңадан оқты жоңдырып.
 Ерегіскен дұшпанның
 Кетемін көзін жұмдырып.
 Сүйегімді танысаң,
 Арқандамай желдіріп.
 Балапан ғып бақ мені
 Оң тізеңе қондырып.
 Ақбілекпен күлдіріп,
 Көңілімді тындырып.
 Егер де қабыл көрмесең,
 Желпілдетіп туларың,
 Найза ұшымен қиратып
 Бұл қалаңның шуларын.
 Қазақтың сайыпқыранын
 Әкелгенше төндіріп,
 Қай таңдауын өзің ал,
 Айтқаным осы білдіріп.

Бурахандай ханыңыз
 Айтқанын қабыл көреді.
 Келсе баулып, бағуға
 Лашын аққу іледі.
 Өзі қалмақ демесең,
 Ақылға диқан, кең еді.
 Риза болып сөзіне
 Миығын тартып күледі.
 – Ерлігіңе зауық еттім,
 «Бермеймін», – деп айтпаймын,
 Ақбілек өзі біледі.

Патшаның аузынан мұндай лебіз сөз шыққаннан соң, Бозаман да тағаты қалмай, Ақбілекке барып, бір адамның айтып естіртуіне асықты.

Бозаманда тыным жоқ,
 Сабыр етіп тұруға.
 Ізденіп келген жұмысы

Келе жатыр тынуға.
Ақиқатын бұл сөздің
Патшадан хабар алған соң
Білдірді халық сұлуға.
– Бізден бұрын өтіпті
Неше қатар ел болып.
Солардан жалғыз біз емес
Су аққалы жер болып.
Жылағанды уатар
Патшаның көңілі кең болып.
Ата-анасы ойламас:
«Жүрсін, – деп, – балам кем болып».
Иран бағы шәрінде
Тұрасыз бейне гүл болып.
Жан тумас деп ойлаушы ек,
Сеніменен тең болып.
Қолға түсті бір бұлбұл
Бұған өтсек арман жоқ,
Еркегіміз қызметкер,
Әйеліміз күң болып.
Түбі терең, ұшы ұзын,
Ойлап пенде жете алмас.
Тоқталатын не сөз бар,
Осы келген мырзадан?
Қызыл тілге бұл күнде,
Шауып жүйрік өте алмас.
Қолдағыдан айырылып,
Ақылды адам ғайыптан
Кез болады деп күте алмас.
Сұлулық, ерлік сипаты
Пенде бұған жете алмас.
Алыс пенен жақынды
Алсаң дұрыс ақылды,
Бозамандай ерлердің
Хабарын айта біз келдік,
Ақбілек, көрсең мақұл-ды, –

дейді. Ақбілек әкесінің кісі жіберіп, Бозаманға баруына ризалық білдіргенін анық біледі. Қыз Бозаманды өзінің сарайына шақыртып алып, өзіне тең жар екенін байқап, ұнатты.

Көргеннен соң бір-бірін
Әзілмен сөзді сынасар.
Жиналған көп халайық
Тамаша етіп қарасар.
Екі бекзат баласы
Бір-біріне жарасар.

Ақбілекті көрген жан
 Ақылынан адасар.
 Осындай сұңқар болмаса
 Бөтен нағып жанасар?
 Бозамандай ерлерді
 Ақбілек сұлу көрген соң,
 «Құдай қосқан жарым», — деп
 Көңілі болды миясар¹.
 Бұрынғы бойда қасіреттің
 Бәрі де қалды арылып.
 Издеп шыққан елінен
 Ғашықтықпен сабылып.
 Күйеу мен қыз қосылып,
 Төсегі қалды салынып.
 Соныменен неше жыл
 Өткізді бұлар өмірін,
 Мұраты ердің табылып.

Бозаман батыр Ақбілекпенен қосылып, ғашықтық мақсаты орындалып, сол жерде бірнеше жыл тұрады.

Бозаманның бір күні ата-анасы менен ел-жұртын, туған құрбы-құрдастарын сағынып, еліне қайтуға атасы Бураханнан рұқсат сұрап айтқаны:

Әркімнің ісі өзіне
 Теріс те болса, мақұл-ды.
 Ойлап білер кез болды
 Алыс пенен жақынды.
 Ел сағынып бір күні
 Бозаман ер патшаға
 Хабар салған секілді.
 «Мұнысы дұрыс екен», — деп,
 Күйеуі мен қызын өзінің
 Ордасына шақырды.

Патша отырып сөйлейді:
 — Ақбілек пен Бозаман,
 Сөзіме сал құлағың.
 Өміріңше бұл жерде,
 Тұрулыққа сендердің
 Ұқсамайды сияғың.
 Еншіңді бөліп берейін,
 Міндетті емес тұрмағың.
 Аманыңда жұртың тап,
 Ата-анаңа баруға

¹ Миясар /араб/ — жарасымды, лайықты.

Рұқсат бердім, қарағым.
Ықыласы түсті патшаның
Баласына еміреніп.
Ақбілек сұлу толғанды,
Жорға мініп теңселіп.
Қырық түйеге жүк артып,
Жетектетіп бір күңге
Жөнелді бұлар күңіреніп.
Төтелеп асты асудан,
Көңілі ердің желденіп.
Екі шаттық бойында
Қауіп жоқ ойында,
Сапары қайтты жөнделіп.

Ал, жамағат, құлақ сал,
Қатарында адам жоқ
Ақбілектен сымбатты.
Неше асу белдерден
Қиялап батыр жол тартты.
Уайым, қайғы-қасірет
Көңіліне алмапты.
Тұнық көлге келгенде,
Күні толып сұлудың
Бақан құрып толғатты.
Отыратын жағалай,
Бұрынғы байтақ елінен
Жанды қарға болмапты.
Қысқасынан түсінсін,
Сөзді ұзатып термелік.
Кіндігін күңге кестіріп,
Атын қойды Тұрлыбек.
Құдайы беріп тілегін
Ақбілекке болды ермек.
Елінен дерек біле алмай,
Бұларды мұнда қалдырып,
Бозаман елін іздемек.

Бозаман жасынан ғашықтықтың зардабынан қиып тастап кеткен ата-анасы менен ел-жұрты Тұнық көлінде жоқ болған соң, елін іздемекші болып айтқаны:

— Жалғыз жүріп өткіздім,
Жас уақытта күнімді.
Көңілім суып менің тұр,
Көріп Тұнық көлімді.
Тұрлыбек пен екеуің
Бір Аллаға аманат,

Іздеймін байтақ елімді.
«Тым болмаса жұрты жоқ,
Отыр ма? – деп ойлаймын, –
Осы күнде біздің ел
Көргендей боп көрімді».

Мұны айтып Бозаман,
Астындағы бедеуін
Қамшы салып тебінді.
Күн жарымның кезінде
Елден дерек білінді.
Аңқытып келе жатқанда
Бір орданың ішінен
Кемпір мен шал көрінді.
Ата-анасын көріп шыдамай,
Ат үстінен сөйлейді:
– Қатар-қатар нар бар ма,
Жалғзынан айырылған,
Мұнда кемпір, шал бар ма?
Мүсәпір болып жол шеккен
Жалғыз атты жолаушы,
Бізге шығып жөн айтар,
Бұл орданың ішінде
Сөйлесетін жан бар ма? –

деп тұрғанда, есік алдында үйіндегі отырған Тыным деген жеңгесі
Бозаманның даусынан танып, далаға жүгіре шығып айтқаны:

– Айналайын келдің бе,
Адасып кеткен ұғланым?
Жаста естіген даусыңды,
Ұмытпаушы еді құлағым.
Қай тараптан келдіңіз,
Бір білінбей тұрағың?
Мүсәпір болып жол шеккен
Өзіңді-өзің жасырған
Бозаманбысың, қарағым? –

дейді. Сонда Бозаман жеңгесіне өзін танытпай айтқаны:

– Жамандықты еш уақыт
Өзіне пенде тілемес.
Қараңғыда жазым көп,
Байқауға анық кез емес.
Бозамандай ерлердің
Жүретұғын жері емес.
Жаза бастың, жеңеше,
Анықтап, әбден байқаңыз,

Сағынған қайның мен емес.
Тыным сонда сөйлейді:
— Әуре қылма өзімді,
Бейне бала меңзетіп
Аңдап тұрмын сөзіңді.
Бір көруге зар еттің
Қарағым-ай, ізіңді.
Қалай десең, олай де,
Қараңғыдан жарқ еткен
Таныдым, қайным, көзіңді, —

деген соң Бозаманның да көңілі босап, атынан түсіп, жеңгесіменен көріседі.

Құдайым басқа салады
Неше түрлі әр істі.
Зарықтырмай жеңгесін
Атынан түсіп көрісті.
Үйге еруге шыдамай
Сұрап жатыр мәністі.

Тыным тұрып сөйлейді:
— Үйде отырған ата-анам,
Көңілден қайғы бұзыңыз.
Бұрынғыдан, иншалла¹,
Тыңдаулы болар халыққа
Біздің айтқан сөзіміз.
Жаңа келді, шүйінші,
Адасып кеткен қозыңыз!

Естіген соң шыдамай,
Атасы мен анасы
Далаға шықты жүгіріп.
Шаттыққа Құдай жеткізді,
Баласы аман көрініп.
Түн ішінде жиналып
Ағайын келді жайланып.

Бозаманның ағайындары келіп, амандасып көрісуі:

Ашылды елдің таланы,
Аман-есен көрген соң,
Жоғалып кеткен баланы.
Келіп жатыр бір-бірлеп,
Елінің жақсы-жаманы.

¹ Иншалла /араб/ — Алла қаласа, Құдай қаласа.

Бітіп қалған орынға
 Сиыр менен қойды айдап,
 Толтырды сол күн қораны.

Бозаманның ел-жұртын аман-есен көріп, танысып, амандығын білгеннен соң, Ақбілек пен Тұрлыбекті Тұнық көлдің басына әкеліп тастап кеткенін, соларды барып көшіріп әкелетінін айтқаны:

Ертеңгі таң атқан соң,
 Бозаман тұрып сөйлейді:
 – Ата-ана мен ағайын,
 Көрдім сені саламат.
 Ойлап едім түсер деп
 Көре алмай сенің бәріңді
 Қиындық бізге мәлімет.
 Тұнық көлге тастадым,
 Алып келіп мен бір зат.
 Бураханнның қызы ол,
 Көшіп мұнда келуге
 Ақбілекке хабар айт, – дейді.

Бозаманның бұл айтқанынан ел-жұрты естіп білген соң, Ақбілекті Тұнық көлге қондырып тастап кеткен жерінен көшіріп алуға қырық қыз-келіншек жиналысып, жеңгелеріне жөнелді.

Ағайын, халқы жиналды,
 Той жарағын қылмаққа.
 Іздеп барып неше жыл
 Барып қайтқан қалмаққа.
 Қыз-келіншек жиналды
 Жеңгесіне бармаққа.
 Қырық қыз шықты сайланып
 Алтын-күміс білезік,
 Сақина, жүзік салмаққа.
 Бұл сөз тұрсын осымен
 Қалайынша кеп болар
 Біз барайық күң жаққа.

Бозаман елін іздеп кеткен соң, түйесін жетектетіп келе жатқан қара күңді Бозаманға ғашық боп, амалсыз келе жатқан. Қалайда Ақбілектің көзін жойып, Ақбілектің орнына білдірместен Бозаманмен бір ойнап-күлуді армандап, Ақбілекке қастық ойлайды.

Бозаман мұнан кеткен соң
 Ақбілекке күң келді.
 Айтқан сөзі көңіліне
 Айла да болса жөн көрді:
 – Қан сасиды иісің,

Ертеңгі күні жиналып,
Қыз-келіншек келгенде
Табыла ма достық боп,
Айтпай тұру білгенді.
Мұрныма келді бір иіс,
Суға түсіп тазармай,
Отыруда жоқ тиіс.
«Сыртыңнан сізге күлер», – деп,
Етемін сізге қызғаныш.
Тұнық көлге жүр, шомыл,
Отырма бұлай былғаныш.
Бұрын мұндай көрмеген,
Далаға шығып жүрмеген,
«Жамандық маған қылар» деп,
Көңіліне келмеген.
Қара күңі қасында
Тұнық көлді жағалап,
Жоғары қарай өрлеген.
Терең жерге келгенде
Ақбілек тұрып сөйлейді:
– Сеніменен бұл жерге
Бірге келдім қосылып.
Жалғыз өзім түсуге
Қорқып тұрмын, қара күң,
Тұла бойым шошынып.
Ғұмырымша еш уақыт,
Жайын суға түскем жоқ,
Түс менімен шешініп.

Байқамаққа алдымен
Қара күңді жіберді.
Алдауына түсінбей,
Артынан мұның ереді.
Ақбілек түсті жалғасып
Алдауына түсінбей,
Бара жатыр қан басып.
Ақбілектің сөзі бұл:
– Құдіретіне Құданың
Көңілімізді бөлмейік.
Тағдыры осы болған соң,
Қалайынша көнбейік.
Еш қызығың көре алмай.
Арманда кеттім, Тұрлыбек,
Ырыздығың Хаққа міндеткер
Тапсырдым сені, жетімек, –

деп ақырғы сөзін айтып, Ақбілек ажалдың қармағына ілігіп, артындағы қалған Тұрлыбегінің аман болуын арман етіп, су түбіне батып жөнелді.

Бұл ниетке күң түсті
 Көңілі бұлай бөлініп.
 Ақбілекті суға жіберіп,
 Үйіне қайтты желігіп.
 Қалампырмен шомылып,
 Опа-далап жағынып,
 Киімнің бәрін киініп.

Уата алмай баланы
 Қыз-келіншек келеді.
 Әуре болып қара күң
 Отырғанда бүлініп.
 Аттан түсіп барлық қыз
 Отауға қарай жүрісіп.
 Қыз-келіншек әммесі¹
 Жеңгесіне келісті.
 Бас-басына иіліп,
 Сәлем етіп тұрысты.
 Аттан түспей бір қыз тұр
 Ішінен біліп мәністі.

Жалғыз қыз сонда сөйлейді:
 – Барлығыңның ақылың
 Жалғыз менен кем екен.
 Шырылдап жатыр құлыны,
 Тапқан анаң кім екен?
 Он бес жаста қаңғырып,
 Іздеп тапқан, ағекем,
 Қиын болар көруің,
 Анықтап әбден байқаңыз,
 Мынау қара күң екен.

Қыздың айтқан сөзіне
 Бөтені құлақ салмады.
 Ерттеп әкеп мінгізді
 Қара күңге жорғаны.
 Күңіреніп көшумен
 Қарабайдың қасына
 Әкеліп тікті орданы.

Бозаманның әкесі Қарабаймен жолдас болған Қарамерген деген мерген Бозаманның аман-есен келгенін естиді. Қолында сойып қонақ ететін малы болмаған соң, аң-құс аулап, Бозаманды шақырмақ болады. Сөйтіп, ол мылтығын алып, атына мініп, Тұнық көлге жөнеледі.

¹ Әмме — барлық, күллі.

Бозамандай ерлердің
Үйде жүрген мезгілде
Жасы жетіп қартайған
Бар екен Қарамергені.
Үйінде жатып естіді
Бозаманның келгенін.
Мылтығын іліп мойнына
Тұнық көлге жөнелді,
Шолақ байтал мінгені.
«Не көрінер көзге?» — деп,
Әр тарапқа қарады.
Шоқ қамыстың түбінде
Жатыр екен сарбас қу.
«Еңбегіме жарар», — деп
Көңіліне ұнады.
Ұсынған мылтық кезінде
Сарбас аққу зарланды.
Не қыларын біле алмай
Қарамерген сол шақта
Ғажап қайран қалады.

Сарбас аққу зарланды:
— Түсті басым аралға,
Шықпайтұғын қамалға.
Мен келінің, атпаңыз,
Қарамерген қайнаға.
«Өтірік» деп бұл сөзді
Бөтен ниет ойлама.
Жалғзынан айырылған
Әуре болған мен мұңлық,
Жанымды менің қинама.
Білсең, айтып қуантшы,
Шырылдап қалған жалғзым
Тұрлыбек аман барды ма?

Сасқанынан Қарекең
Кейін қайтты еңбектеп.
Атына мініп шапқылап,
Қамшы қылып тымағын
Келе жатыр елбектеп.
Шауып келе жатқанда
Ат үстінде жүр екен,
Бозаман шықты көлбектеп.

Қарекең тұрып сөйлейді:
— Ат мінісің белдіктеп,
Жоғалған жоқтың хабарын

Көзбенен көріп келдік, — деп. —
Тойды тоқтат, шырағым,
Бұл еткенің кемдік, — деп.

Халықтың бәрі білісті
Күңнен сұмдық болғанын.
Ақбілектей сұлудың
Тұнық көлде қалғанын.
Өлмесіне Алла себеп боп
Бір сипатқа салғанын.

Бірі — тұзақ, бірі — тор
Бет-бетіменен жөнелді,
Кейбіреуі алып қармағын.
Тұрлыбекті өңгеріп,
Бесігіменен алдына
Кесе тістеп келеді,
Бозаман ер бармағын.
Жұрт жиналды шуылдап
Шоқ қамыстың түбінде,
Аққу жатыр қимылдап.
Даусын естіп баланың,
Қанатын ұшты сабалап.
Тұрлыбектің басына
Айнала ұшты жағалап.
«Балаға ана төзбес», — деп,
Тастап еді бұл жерге
Ақылменен шамалап.
Сонша адамның ішінен,
Адаспастан баласын
Тапты барып аралап.

Үстіне қонып зарлайды:
— Әлпештейтін бұл күнде,
Басымда менің күнім жоқ.
Жылағаныңмен қайтейін,
Айналайын Тұрлыбек,
Емізер емшек сүтім жоқ.
Әлди-әлди, жылама,
Бұл қалыпқа түскен соң,
Анаңызда жату жоқ.

Құндақта жатып шырылдап
Жылайды бала іңгәлап,
Аққу кебін сыртынан
Емшек іздеп тырмалап.
Барша халық шулап тұр:

«Тілекті бер! — деп «Аллалап».
Құдайым беріп тілегін
Бастан тұман арылды.
Аққу кебін сол шақта
Тырс етіп жарылды.
Шешті Құдай түйінін,
Қасіретті тартар қапалы,
Неше түрлі қиынын.
Ақбілекті көрген соң,
Бозаман ер үстіне
Апарып жапты киімін.

Ақбілек тұрып сөйлейді:
— Ойдағының бәрін де
Айту саған қиын-ды.
Не қылып саған шешейін,
Ішімдегі түйінді.
Жапсаң дағы, Бозаман,
Қара күңге былғанған
Мен кимеймін киімді.
Қайтадан тағы жабады:
«Шығар, — деп, — базына еткені.
Құдай қосқан жар болсаң,
Тексермейік өткенді».
«Құдай қосқан» деген сөз
Ақбілектей сұлудың
Көңіліне құп келді.
Шүйінші сұрап шапқылап,
Толып жатыр елінің
Жан-жағына кеткені.

Ақбілектей аруды аман-есен тауып алып, еліне әкелген соң, Қарабай тойды қайтадан істеп, бірнеше күн сауық-сайран етеді. Ел-жұрты қара күнді өлтірмекке ойланып, жиналған көптің алдына алып келеді.

Қара күң бұл өлімнің қармағынан қорықпастан, өзінің ойлаған мақсатының орындалғанын айтып, көпшіліктің «өлтіреміз» деген сөзіне, ажал сәті таяп тұрғанына қайғырып, өкінбейтінін ашып айтты:

Бірқатары тағы да
Қара күнді әкелді
Өлтірмекке ойланып.
— Бір сөз айтып өлем, — деп,
Қара күң де келеді толғанып, —
Өлсем де бүгін арман жоқ
Бір күн жаттың жанымда,
Пәруана болып айналып.
Қара күң айтып осылай,

Бозаман көңілін сындырды.
 Әшкерелеп халыққа
 Жасырын сырын білдірді.
 Өлтірмекке жұрт сайланып,
 Мойнына салды шынжырды.


Бозаман жиналған жұрттың қара күнді шын өлтірмекке бел буғандарын байқап, жұртынан сұрап, былай деді:

– Ей, адамзат жарандар,
 Мен бір жауап айтайын
 Құлақ салып қараңдар.
 Бұл дүниеге келгенде
 Әрбір түрлі адам бар.
 Сол адамның бәрінде
 Мақсұт еткен арман бар.
 Біреуі – хан асыл тек,
 Бірі – сұлтан, бірі – бек.
 Солардың бәрі нашардың
 Еңбегін жүр талап жеп.
 Соның бірі – қара күң,
 Өмірі өткен күндікпен
 Алдыңызда тұрған кеп.
 Ақбілекке ойлаған
 Қара күңнің ойында
 Көрінбейді ешбір кек.
 Басымнан кешкен ғашықтық
 Адамды әуре ететін
 Жазылмастай ауыр дерт.
 Мұны айтып Бозаман
 Бостандық берді өзіне:
 «Қайда да болса ойлаған
 Барып тұрсын жеріне».
 Өзіне беріп ерікті:
 «Барам десең еліңе,
 Болмаса, сүйген осы елден
 Барып қосыл, – деп, – теңіңе».
 Қара күнді босатып,
 Рұқсат берді Бозаман.
 Киіндіріп асылдан
 Өзі бойына тазадан,
 Қапастан шықты босанып
 Бірнеше жыл жылаған.
 Тілегін беріп түлетіп
 Мұратына жеткізді
 Батыр туған Бозаман.

Бірінші мақам

Орындаған: Шалдыбеков Ерболат
 Нотаға түсірген: Игілік Баян

Асықпай, мәнерлеп



О, хи - ка - ят бол-сын бір ға - зал, Ті - лі - ме ме - дет бер - ге - сін,



Жа-ра-ту шы Зұл-жа-лал. Кең-ес де-се шал-қы-ған, Көң-і-лім-де да-ри-я бір са-мал,



Ес-ті-ген сөз-ді жа-зу-ға, Е-мес е-дім мен до-ғал. Тір-лік-те көң-іл шал-қы-ды,



Тір-лік-те көң-іл шал-қы-ды, А-жал кел-се жоқ а-мал. Кұр жүр-ген-ше әу-ре боп,



А-қы-лық бол-са ой-лай-тын, Ке-зі-ңе кел-ді бір қи-ял. Ес-ті-ген соң мен мұ-ны,




Қа-ғаз-ға на-ғып жаз-бай-ын? Қа-рап қал-мақ қи-ын-ды, Біл-ген сөз-ді аз-дай-ын.



Бір ар-ман-сыз дүн-ие жоқ, Бір ар-ман-сыз дүн-ие жоқ. Бо-за-ман ер-дің жай-ы-нан,



Бі - ра - зы - рақ қоз - ғай - ын. Бо - за - ман ер - дің жай - ы - нан



бі - ра - зы - рақ қоз - ғай - ын.

а: 423, 1 XX-дәуір

Бұл бозаманның Қоссаһа бұрынғы кезде басыпадан өткен жоқ. Мұны бұрынғы Қостанай уезі Обасан болса да №3 ауылдағы Сейтқалиев Ментәвтің ауыз айтқаннан мен жас кезінде яғни 1895-жылы көп өтпінсі салып жаздым алдым. Мұның бұрынғы ерт слауындағы ертегідегі алғаш өлең етіп жаздым авторы бұрынғы Қостанай уезіндегі Мездарға болса да №3 ауылда қазір Қостанай обл. Мездарға ауданы Шенгіз ағов, Жәя Мамдыбай пәсәл кесінде қалың ақсаңы болған қазір де қайтмас болған Шенгізбеков Жақып деген ақын 1875-жылдарға жазып шығарыпты.

Бұл бозаман сонан бері әр кімнің ауызша айтқанмен келсе де менің сол ауыз айтқаннан есінде қалғаны бар ма өзін жөң жөйін осы балаларым қаттасы болса гәуілең сураймын.

10/11/52. Тамадан Айтқымын. Қостанай Мездарға ауданы Шенгіз ағов, «Абай» атындағы мұзғара

2: 7236, 1

Қазақ ақыны Жақып Шенгізбековтың өлеңіне тәлім оқып ағсақалыңды құрметтеп оранда-сақалыңды қалдырған. Құрметтің құрметі қып.

Қазір 1980-жылы 16-сәуірдегі маған айтқан әңгізін құрметтедім алдым. Сөзім аузымнан өтпеймін, өз бойың бозаман Қоссаһа жазып өтіп жаздым өзімнің жаздым ертегідегі алғашқы тарихында маған қайтарап тез қабарлауыңа сураймын. Екінің Шенгізбеков Мамдыбай және Қамбардың еңде ескідегі қалған Қолжазбалары 3 болса да бұрынғы басыптан жоқ, бұрынғы кезінде ауызбен айтқаннан есінде қалғаны болса да, Сондағы ол Қоссаһа Қазан Қаласындағы бұрынғы Қаримов Фатиманың баста ханасынан Шенгізбеков Қоссаһа 1884-ж. Алматыдағы Қоссаһа 1896-жылдарға басыпты шығатын бұл Қоссаһа-дағы шығарған авторлары Машур жүйі-бен Қотардан Қоссаһа көбін солар жазып шығарды, Кейбір Қазақ әдебиет-терінің көбін ол кезде татар жазушылары жазып бастағанын шығарып жазды

Жақып Тінібеков — халық ақыны, жыршы. Қостанай облысының Меңдіқара ауданына қарасты Малдыбай аулында дүниеге келген. «Бозаманның қиссасы» дастанын жырлаушы (ол туралы өзге мәліметтер сақталмаған).

1-беті.
 Бозаманның қоссағы әңгіме. 2: 72/6,1

Ертеде Қарабайдеген бай болыпты. Бұл
 Қарабай төрт түлік малға сай болыпты.
 Қарабай бәйбішесі екеуде Қартайланша
 отырады. Бұлғардың бұрқығы туган
 балалары өліп мұнан кейін бәйбішесі
 тағдыра жұқты болып бір ұл табады.
 Ол баласының атын Бозаман деп
 қояды. Бозаман күн сайын ай сайын
 өсіп ұлқиды өзі әрі байдың мөрсасы әрі
 алып батыр болып 15 жасқа келгенде
 өзіне бір лайықты жар іздей елін
 аралап елінен өзіне лайықты
 сулу жар із табалмайды.
 Бозаман елінен лайықты қыз табал-
 мағансун жан жақтан хабар салып
 көрінген жолаушылардың жолын
 тосып сурайтын болыпты.
 Бір күне өзінің көп жылқыларын Шұңқыр
 деген жерге айдап келіп сугарып тұр-
 генде аласытағы асудан бір жалғыз атты.
 жолаушының алдынан шығып Бозаман
 өзінің басындағы гашықтық гусасын
 айттып бийаңдайды. Сол Бозаманның қосса-
 сы өзіменен айтылады.

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
 қолжазбалар қоры (105-бума).



Суретші Е.Қожабеков

ШЕРИЗАТ–КҮЛШАТ

«Шеризат – Күлшат» – бітімі халықаралық сюжет негізінде дамығанымен, қазақ арасында төлтума шығарма ретінде қабылдананып кеткен ғашықтық жырлардың бірі. Туындыға арқау болған ортағасырлық парсы хикаяты Орта Азиядағы өзбек және тәжік елдерінде кең тараған. Жырға анасы қаза тапқан соң дүниеге тірі келген және шешесінің кегі мен әкесінің тағы үшін әділетсіз патшамен күрескен баланың бастан кешкен оқиғасы баяндалады. Халық арасында жырдың «Қарқабат», «Шеркуат» сияқты нұсқалары кездеседі. Шығарманың ең көне үлгісі Омбы өңірінен жазып алынған. Ал өзге үлгілері Оңтүстік Қазақстан мен Семей өлкесінде жырланған, сондай-ақ Шыңжаң қазақтарына да танымал.

Қазақстанның қолжазба қорларында М.Ж. Көпеев, Ә. Найманбаев, Н. Нысанбайұлы, Қ. Байболов, Б. Бектұрғанов, Е. Құнанбаев, К. Әлімбетов сияқты ақындар жеткізген нұсқалары сақталған. Олардың кейбірі Б. Әзібаева құрастырған «Шеризат – Гүлшат» (2001), М.Ж. Көпеевтің толық шығармалар жинағында (2004), «Бабалар сөзі» жүз томдық сериясында (2005) жарияланды. М. Бөжеев, Р. Бердібаев, А. Қыраубаева, Ү. Сұбханбергдина, Б. Әзібаева секілді ғалымдар қисса-дастандарға байланысты жазған еңбектерінде туынды туралы өз ой-пікірлерін білдіргі.

Томды баспаға дайындау барысында көрсетілген жырлардың қолжазба нұсқалары өзара салыстырылып, Көпбай Әлімбетов нұсқасы таңдап алынды. Жыршы сюжетке қатысы жоқ қосалқы эпизодтарды кіргізбеген, композициялық құрылымы өте жүйелі. Жырдың түпнұсқасы мен басылым үлгілері сараланып, бұрынғы жарияланымдарда орын алған кейбір кемшіліктер түзетілді. Түпнұсқа М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақталған (621-бума).



Шабытым көкке шарықтап,
Құмармын дастан, нақылға.
Домбыра, сырнай үйреніп,
Болып ем үйір басында.
Қалам алып қолыма,
Әр сөздің болдым нәшінде.
Өлеңімен таныстым
Алыс пенен жақынға.
Жастайымнан көп болдым
Жақсылардың қасында.
Бұл дастанды шығардым
Алпысқа келген жасымда.

Көркінше шықты патша боп
Үндістан деген қаладан,
Жәмшид пенен Кейқауыс
Нәсілінен соның тараған.
Әділдікпен халқының
Қабағына қараған.
Бір кемдігі дүниеде,
Қайғылы еді баладан.
Болмаған соң перзенті,
Ашылмас көңілі жарадан.

Жасы елуге келгенше
«Бір перзент» деп жылады.
Бір күні тақта отырып
Бұзылды жаман қиялы:
«Өзін кессе ағаштың
Орнынан шыбық шығады.
Бір перзенттің өзі өлсе,
Өшкені жанған шырағы.
Өзім өлсем, тағыма
Кім иелік қылады?!»
Көзінен жасы тамшылап,
Екі бетін жуады.
«Елдегі сорлы мен бе?» — деп,
Маңдайына ұрады.
«Аһ, дариға, перзент!» — деп,
Тағынан патша құлады.

Үстіне келді патшаның
Пархизат деген інісі.
Әкесімен әкелес,
Сол еді жақын туысы.
Әйелі тумай мұның да,
Оңалмай жүрген жұмысы.

Патшаның көріп жатқанын,
Қалады бітіп тынысы.

Бір сұмдықтың болғанын,
Інісі де біледі.
Қайғысы деп баланың,
Зар жылап, іші күйеді.
Аң-таң болып Пархизат,
Патшаның басын сүйеді.
«Қайғысы кетіп көкемнің,
Болғай да қабыл тілегі».

— Айналайын падиша,
Сенсіз менің күнім жоқ.
Сүйенгенім сен едің,
Артымда ерген інім жоқ.
Құйрық-жалым қуарып,
Менің де ұл мен қызым жоқ.
Көшіп кетсем жалғаннан,
Артымда қалар ізім жоқ.

Көркінше айтты: «Пархизат,
Тілекті Құдай берер ме?
Екі мұңлы зарласақ,
Көздің жасын көрер ме?!
Соңымыздан аталап,
Біздің де перзент ерер ме?»

Осыны айтып Көркінше,
Орнынан қарғып тұрады.
Күні-түні зар жылап,
Бір перзент болды сұрағы.
«Тілегімді бергін», — деп,
Мінәжат Аққа қылады.

Көркінше айтты: «Пархизат,
Бір шикіөкпе көре алмай,
Болмады сенің көңілің шат.
Не көрмейді дүниеде
Қам сүт емген адамзат?
Берер болса Құдайым,
Екеуімізге бір перзент,
Менен ұл, сенен қыз туса,
Бір-біріне қосалық,
Қабыл көрсе жалғыз Хақ.
Менен туса егер қыз,
Ұлыңа сенің берейін.

Қызыма күйеу болған соң,
Мен неге бөтен көрейін.
Тілегіміз қосылып,
Болғай да үстем мерейім.
Қабыл көрсе Жаратқан,
Уайым-қайғы жемейін».

Пархизат айтты: «Көркінше,
Туысқаның мен, — деді. —
Қабыл еттім, йә, тақсыр,
Бұл сөзіңіз жөн, — деді. —
Бұл тілекті, Жаратқан,
Өзің қабыл көр», — деді.
Күні-түні зар жылап,
«Бір перзент» деп еңіреді.

Раушан болды бір күні,
Кісі еді патша ақылды.
Жүкті болды әйелі,
Той қылып, халқын шақырды.
Жамбы тігіп аттырып,
Күрестірді батырды.
Риза қылып қайтарды
Алыс пенен жақынды.

«Бір перзент» деп зар жылап,
Неше жылдай зарықты.
Қуаныш түбі тарық-ты,
Қараңғы түбі жарық-ты.
Падишаның әйелі
Туарға аз күн қалыпты.

Көңілінен патшаның қайғы шықты,
Дос көркейіп, дұшпаны тізе бүкті.
Әйелі Пархизаттың көп ұзамай
Көтеріп бұл да бала, болды жүкті.

Бір күні патша жазған қысылады,
Қандай ғып енді бұдан құтылады.
Айымның күні бітіп отырғанда,
Көркінше бір кеселге ұшырады.

Падиша қапа болды кеселіне,
Дүниенің жетпейді ешкім есебіне.
Хан, уәзір, бектерін алды жинап,
Жалғаннан көзі жетіп өтеріне.

Көркінше тапсырады кәрі-жасқа:
 – Пархизат өз орныма болсын патша.
 Балама алтын тақты қайтып берсін,
 Әйелім мен өлген соң ұғыл¹ тапса.
 Уақтынша отырсын патша болып,
 Толғанша туған балам он бір жасқа.
 Қыз туса Пархизаттың әйелі де,
 Балама бермекші еді менің баста.
 Қыз туса, балама алып беріңіздер,
 Қалыстық етіңіздер сөзден қашса.

«Мақұл» деп, барлық халық тақ тұрады,
 Қағаз қып, бұған пешет² бастырады.
 Уәзір, сардар, бәрі де қолын қойып,
 Бұл жұмыс бұзылмасқа ант қылады.
 Парс деген бар еді дана уәзір,
 Қағазды «аманат» деп тапсырады.

Әлқисса, пешет басылып, қол қойылған қағазды Парс данаға тапсырып,
 Көркінше дүниеден көшті. Пархизат патша болды. Әйелі Пархизаттың
 жүкті болды.

Уақыты, күні біткен соң,
 Дүниеден патша жөнелді.
 Сұм қара жер, ойласақ,
 Кімдерді жалмап жемеді?
 Жалғаннан тайды табаны,
 Патшаның болмай дегені.
 Тірлігінде «перзент» деп,
 Уайым-қайғы жегені.
 Тілеген ұлын көре алмай,
 Кездесті өлім кезеңі.
 Мұнымен бұл сөз тоқтасын,
 Патшадан айтып берелі.

Патша болды Пархизат,
 Көркіннің мініп тағына.
 Әділдік қылып отырса,
 Кім таласар бағына.
 Үкім қылып отырды,
 Қоластындағы барына.
 Көңілін шайтан азғырып,
 Қарайды жаман қанына.
 Парс деген уәзірін
 Шақырып алды жанына.

¹ Ұғыл /түркі/ – ұл.

² Пешет /орыс/ – мөр.

Парс кеп сәлем беріпті,
Айтайын деп бір сөзді.
Екпіндеп патша демікті.
«Аулақ үйден жүргін», — деп,
Уәзірді патша ертті.
Еш адам жоқ оңаша
Бір үйге алып келіпті.
Алтын, гауһар, жібек тон
Уәзірге патша беріпті.
Бір бүлік елге салмаққа
Пархизат патша желікті.

Уәзір айтты: «Падиша,
Көңіліңде қандай жұмыс бар?
Қолдан келер іс болса,
Уәзірің бәрін дұрыстар.
Кеудеде басым тұрғанда,
Дұшпанға кетпес намыс-ар».
Айтпақшы болды қиялын,
Патшаға тиіп ықтияр.

Пархизат айтты: «Уәзірім,
Сөзіме құлақ салыңыз,
Бұл тілімді алыңыз.
Бір қиялды ойланып,
Қапа боп отыр ханыңыз.
Патшалық бізге аманат,
Білесің мұны бәріңіз.
Патшаның қатыны ұл туса,
Менен тақты алады,
Қайғы-қамға салады.
Осыған өзің ақыл тап,
Амалы қандай болады?
Туарға қалды жақындап,
Өзіне болсын обалы.
Өлтірсем деп әйелді,
Көңілім соған соғады.
Уәзірім, өлтір қатынды,
Берейін сенің ақыңды.
Мәртебеңді асырып,
Шығарайын атыңды».

Бұл айтқаны патшаның
Уәзірге қатты батқаны.
Не деп жауап айтудың
Амалын қиын тапшағы.

Көркіншенің тұзын көп татқан,
Аруағын сыйлап сақтады.
Сақтағанмен не пайда,
Бұзуға сөзін қорқады.

Уәзір айтты: «Йә, тақсыр,
Ұнаттым айтқан сөзіңді.
Қайғы түссе басыңа,
Құтқарайын өзіңді.
Ардақтаймын өлгенше
Өзіңдей асыл тегімді.
Он жігіт маған беріңіз,
Бұзылмасын сөзіңіз.
Олай десең, падиша,
Келеміз қамдап оны біз».

Падиша айтты: «Уәзірім,
Ырза болдым сөзіңе.
Еш адамның әйелді
Көрсетпей әкет көзіне.
Бір адам мұны сезбесін,
Қалмайық елдің сөзіне».

Әлқисса, патша уәзірге он жігіт қосып берді. Парс дана Көркінше үйіне жақын келіп, өзі көрінбейін деп сыртта қалып, он жігітке: «Көркіншенің қатынын байлап алып шығыңдар, – деп әмір қылды. – Орман-тоғайға алып барып өлтіреміз», – деді.

Падиша бұлай дегенде,
«Мақұл», – деп Парс жөнелді.
Уәзірінің қолына
Он жігіт сайлап береді.
«Көрінбейін өзім», – деп,
Көңіліне осы кеп еді.
Жігіттерге әмір қып,
Уәзірдің мынау дегені:
«Көркіншенің әйелін
Алып шық байлап», – деп еді.
Кіріп барып сарайға,
Әйелді жатқан көреді.
Жатыр еді толғатып,
Үйінде ешкім жоқ еді.
Байлап алды бас салып,
Ешбірі пәлен демеді.
Алып кетті өңгеріп,
Түн ортасы боп еді.
Ортасында дарияның

Аралға үлкен келеді,
 Көрмеген адам жер еді,
 Аю, қабылан, жолбарыс,
 Айдаһары көп еді.

«Көрмейін», — деп уәзір,
 Жағада тұрып қалады.
 Қалың орман, тоғайға,
 Жалладтар¹ алып барады.
 Сонда Айым зар жылап,
 Көзінен жасы тарады.
 Толғақ та қысып жиілеп,
 Сабыр-тақат қалмады.
 «Қай пейілімнен таптым», — деп,
 Сондағы айтқан ғазалы:

«Айналайын Жаратқан,
 Не қылып мұнша қинадың?
 Ерім патша болса да,
 Менмендік, сірә, қылмадым.
 Жетім-жесір, ғаріпті
 Алдыма келсе, сыйладым.
 Тым болмаса баламды
 Бір сағат бұрын тумадым.
 Жылаған дауысын есітіп,
 Көре алмай кеттім дидарын.
 Осыған денем дуылдап,
 Жүрегім қатты суылдап,
 Ашиды удай тырнағым.
 Шикіөкпем шықса сыртыма,
 Садаға болсын бір жаным.
 Падишадан айырылып,
 Тасыған көңілім болды пәс.
 Өзегіме өрт түсіп,
 Өз жақыным болды қас.
 Қылмас еді мұндай іс,
 Егер де болса жатырлас.
 Өлімге қалай қиды екен,
 Әттеген-ай, жарамас?
 Жабайы аңға жем болып,
 Қалдым-ау елсіз аралда.
 Далада қалды сүйегім,
 Қосылмай кетті мазарға.
 Өзім өтіп жалғаннан,
 Артымда балам қалар ма?!

¹ Жаллад /араб/ — жеңдет.

Ақтың отын өшірген,
Кездессін залым зауалға».

Бұл осылай дегенде,
Он жігіт тұра жүгірді,
Анталап бәрі үңілді.
Шашынан сүйреп біреуі,
Қынаптан қылыш суырды.
Құлағының астынан
Қылышпен дәлдеп бір ұрды.
Омыртқасын опырып,
Өтеді кесіп жұлынды.
Артына басы салбырап,
Тамырға жалғыз ілінді.
Тыпырлап жатты қорылдап,
Жан шықпақ өте қиын-ды.
Жолбарыстың ыңыранған
Қалыңнан даусы білінді.

Жігіттер қатты шошынып,
Кейін қарай жүгірді.
Парстың барып алдына,
Қол қусырып кідірді.
— Өлтірдік, — деді, — бір шауып,
Бір бөлек басы үзілді.

Бұлардың сөзін есітіп,
Уәзір іштен тыныпты.
«Көрейін, — деп, — көзіммен»,
Тоғайға өзі жүріпті.
Қалыңға кірді асығып,
Он жігіт тоқтап тұрыпты.
Уәзір қайтып барғанша,
Ханымның жаны шығыпты.
Жан шығарда қиналып,
Ұл бала әйел туыпты.

Әлқисса, уәзір әйелдің өлгеніне қатты күйініп, баланы жерден алып құшақтап, баланың өмір тарихын қағазға жазып, тұмар жасап, баланың білегіне байлап жатқаны:

Уәзірді көргеннен соң қайғы басты,
Көзінен шыдай алмай төкті жасты.
Баланы жерден алып, жүзін сипап,
Құшақтап бауырына, мауқын басты.

Жылады өткен іске іші күйіп,
Баланың аймалады бетін сүйіп.

Қолына қалам менен қағаз алды,
Көзінің енді уәзір жасын тыйып.

Қағазға болған істің жазды бәрін:
«Шешеннің сорладым, — деп, — жүктеп қанын».
Пархизат інісіне орнын берген,
Өлерде бұйрығы боп Көркіншенің.

«Шырағым, сенің әкең — Көркін патша,
Жоқ еді еш перзенті сенен басқа.
Пархизат дұшпандықпен мұндай қылды,
Жан ашып, рақым етпей сендей жасқа».

Жазады бұл тоғайға келтіргенін,
«Басымда болмады, — деп, — еркім менің».
Патшаның әмірінен қорыққанынан,
Анасын тоғайға әкеп өлтіргенін.

Он дана қалтасынан алды гауһар:
«Шырағым, достығым, — деп, — саған айтар».
Қағазды тұмар жасап, сыртын қаптап,
Деп жатыр: «Тірі жүрсе, кейін байқар».

«Әкеңнен қалған мынау жаднама», — деп,
Байлады білегіне баланың кеп.
«Құдай сақтап, дүниеде тірі жүрсең,
Есіңнен мұны, сірә, тастама, — деп. —
Патшаға сенің жаның қас көрінді,
Көркінше, көрмей кеттің жас бөріңді.
Бір Алла, мұны сізге тапсырдым», — деп,
Көзінен қан аралас жас төгілді.

Қайтады уәзір жылап, етіп арман,
Жігіттер тұрған жерге қайтып барған.
Опат қып он жігітті жеп кетіпті
Жолбарыс, тоғайдан кеп шері, қабылан.

Уәзір мұны көріп қатты састы,
Атына мініп алып, қамшы басты.
Тоқтамай Пархизаттың алдына кеп,
Көрісіп патшасымен амандасты.

Патшаға болған істі мәлім етті,
«Жолбарыс жігіттердің бәрін жепті.
Әйелді баласымен өлтірдім», — деп,
Көңіліне падишаның шаттық жетті.

Барайық Көркіншенің баласына,
Орманның тастап кеткен арасына.
Шырылдап бала жылап жатыр еді,
Аймалап аузын ашып анасына.

Тоғайды көп жолбарыс жүрген жайлап,
Жеуші еді кездескенді жүндей шайнап.
Балаға бір жолбарыс кез келеді,
Көрген соң қалтырады қаны қайнап.

Жолбарыс қайғылы еді бұл да көптен,
Баласы жоқтығынан қасірет шеккен.
Туса дағы баласы өліп қалып,
Зар жылап екі көзден жасын төккен.

Баласы өлгеніне үш күн болған,
Жүрегі қапалықпен қанға толған.
Емшек ісіп, сүт кернеп, азап көріп,
Құтылмай жүруші еді қалың сордан.

Қалтырап жолбарыстың барлық тәні,
Баласы өлгеніне қайнап қаны.
Аузын ашып жас бала шырылдайды,
Шыдасын жолбарыстың қайтіп жаны.

Балаға жолбарыс та мейір салды,
Қасына шыдай алмай жетіп барды.
Емшегін емізгелі еміреніп,
Баланы бауырына тартып алды.

Шерінің көзі жанып, рақымы келді,
Исініп, аузына сап емшек берді.
Ажалсызға бір себеп болады екен,
Бала да солқылдатып еме берді.

Табиғат жолбарысқа тапсырады,
Көңілін «өз балам» деп шат қылады.
«Ақ иіліп сынбайды» деген осы,
Бұл сөзді ақылдылар парық қылады.

Тоқтасын мұныменен бұл сөз мұнда,
Ал енді басқа жерден сөзді тыңда.
Екі-үш жыл бұл ортада өтіп кетті,
Жолбарыс еге болып қалған ұлға.

Ақ жұмыс нақақ болмас жыласаң зар,
Балаға жолбарыс та болды ықрар¹.

¹ Ықрар /араб/ – мойынсұну, көну.

Бағдат деген шаһардың қаласында
Есепсіз дүниесі көп саудагер бар.

Дейді екен «Қожа Әсет» оның намын¹,
Білмейді дүниесінің ешкім санын.
Жүреді әр шаһарға сауда қылып,
Баһадүр қасына ертіп палуандарын.

Келеді бір шаһардан сауда қылып,
Бір жерге қонды бұлар шатыр құрып.
«Ауасы бұл араның жақсы екен», — деп,
Біраз күн тынығады рақат қылып.

Саудагер бай кісі еді дүниесі көп,
Артқаны қырық қашырға тіллә мен оқ,
Қырық палуан, қызметкер бес құлы бар,
Сәулеті мұның қылған патшада жоқ.

Бұл жерде көп күн жатып рақат етті,
Бір күні аң аулауға көңілі кетті.
Құсбегі, аңшыларын қасына алып,
Тоғайға енді бұлар жүріп кетті.

Көреді қалың орман, бадал² жерді,
Аралап бұлар тура бара берді.
Алдынан бір жолбарыс қарсы шауып,
Қожаның екі бірдей адамы өлді.

Жабылып жолбарысты ортаға алды,
Қылышпен басын шауып, ішін жарды.
Тоғайдан тағы шығып бір жолбарыс,
Ақырып айбатпенен айбарланды.

Жолбарыс қайтпай шапты қара шұбар,
Үстінде мініп алған баласы бар.
Қожа Әсет мұны көріп қайран қалды,
Жүзінен шұғыла беріп, нұры шығар.

Қожа айтты: «Жігіттерім, құлағың сал,
Жабылып жолбарысты ортаға ал.
Тұзақ тастап, тірідей біз ұсталық,
Балаға үстіндегі қылмай залал».

Қырық жігіт жолбарысты ортаға алды,
Ұмтылып тұс-тұсынан тұзақ салды.

¹ Нам /парсы/ — есім.

² Бадал — қалың бұта, ағаш шоғыры.

Мойнына жеті тұзақ қабат түсіп,
Баланы дақ түсірмей ұстап алды.

Баланы алдына алып, жүзін сүйіп,
Айрықша Қожа Әсет құрсанттанды¹.
Тазалап жас баланы шомылдырды,
Табиғат аямастан берген нұрды.
Патшалықтың жүзінен нұры шығар,
Қожа Әсет ақылменен мұны білді.

Үстіне таза киім киіндірді,
Беліне тиллә кемер буындырды.
Білегіне байлаған тұмарды алып,
Қожа Әсет ашып оқып, сырын білді.

Он дана гауһар менен алды хатты,
Айтылған жазуменен бәрі нақты.
«Әкесі Көркін патша», — деп жазыпты,
«Болар», — деп патшазада салтанатты.

Қағазды гауһарменен қойды тығып,
Білдірмей барлық сырын ішке бүгіп.
Өзі де перзенті жоқ адам еді,
Артықша қуаныш қып отыр күліп.

Қуанып Қожа Әсет болады шат,
Балаға Шеризат деп қойыпты ат.
Енді көшіп ол жерден жүріп кетіп,
Өзінің шаһарына барды Бағдат.

Қожа Әсет қуанышты баласына,
Бағдаттың той беріпті қаласына.
Мектепке жеті жаста тапсырады,
Қараңдар ақылының данасына.

Әлқисса, Қожа Әсет Шеризатты оқытып жата берсін, ендігі сөз
Көркіншенің орнына патша болған Пархизат туралы болады. Мұның да
әйелі ай-күніне жетіп, бір қыз туады. Халыққа той беріп жатқаны:

Тағы да біраз ғана келді дастан,
Айтайын мұны қойып әуел бастан.
Інісі Көркіншенің ел басқарып,
Пархизат патша болып, көңілі тасқан.

Отырды алтын тақта үкім етіп,
Көңілінен қапалығы мұның кетіп.

¹ Құрсанттану /парсы/ — риза болу, қуану.

Бір күні Пархизаттың әйелі де
Бір қыз туды, уақтылы күні жетіп.

Қуанды қыз да болса ата-анасы,
Бұрыннан Пархизаттың жоқ баласы.
Зарығып жылап жүріп сұрап алған,
Көзінің ағы менен бұл қарасы.

Қырық күндей халайыққа тойын берді,
Тамаша халық жиналып ойын көрді.
Билерге ат мінгізіп, шапан жауып,
Жетімді, ғаріп-ғасір тойындырды.

Шаһардан жиып алды ғалымдарын,
Қызы үшін ізет етіп оның бәрін.
Күлшат деп ол қызының атын қойып,
Қайтарды риза қылып жанның бәрін.

Бағуға әйелдерге қызды берді,
Он төртке Күлшат қыздың жасы келді.
Жүзінен нұр шашылған сұлу болып,
Тамаша таңғалдырды барлық елді.

Көрікті болды Күлшат қыз,
Алтын жібек тұлымды.
Айнадай жүзі жарқырап,
Атадан артық туылды.
Жүзінен нұры тамшылап,
Екі беті жуылды.
Хабарлады падиша,
Барлық жұрт қалмай жиылды.
Күлшатқа сарай салмаққа,
Ұсталарға бұйырды.

Орнатқан жері ойласып,
Таудың салқын саласы.
Көгорай шалғын құлпырған,
Дарияның үлкен жағасы.
Бұрқылдап бұлақ қайнаған,
Бау-бақша соның арасы.

Бағбандарды шақырып,
Мәуелі ағаш ектірді.
Айналасын қорғандап,
Әртүрлі гүлден септірді.
Жеті қабат жай салып,
Алтыннан қақпа соқтырды.

Іші-сыртын нақыштап,
Асырды даңқын халқынан.
Сыртын сырлап, гүл салып,
Су тартты күміс-алтыннан.

Асыл тастардан тұрғызып,
Күмістен суын жүргізіп.
Қазық қағып алтыннан,
Гауһардан шырақ ілгізіп.

Кеніштен илеп балшығын,
Мүшкі¹ зағыпыранмен² сылады.
Жақындаса қасына,
Иісі аңқып ұрады.
Шеризаттан бастайын,
Айтармыз кейін бұларды.

Әлқисса, Пархизат патша Күлшаттың қасына қырық нөкер қосып берді. Әлқисса, олар сарайда тамашасын істеп жата берді. Ендігі сөзді Шеризаттан айтайын.

Жетіге Шеризаттың жасы жетті,
Қожа Әсет: «Перзентім», – деп құрмет етті.
«Баламды оқытайын молдаға», – деп,
Апарып өз қолымен табыс етті.

Оқыды молдалардан сабақ алып,
Тұрады Қожа Әсет те хабар алып.
Он төрт жаста ілімді тамам етіп,
Бақ-дәулет бірдей қонды балаға анық.

Шынарға шықты бір күн бұл Шеризат,
Жүз жігіт қосып берді мінгізіп ат.
Аң аулап, ит жүгіртіп, құсын салып,
Боп жүрді күнделікті көңілі шат.

Ойнайды жүз жігітпен атып оқты,
Келетін бұған қарсы адам жоқ-ты.
Тірідей жолбарысты ұстап алып,
Өнерге неше түрлі қайым³ бопты.

Айрықша Қожа Әсет болады шат,
«Баламды қауіп-қатерден қыл, – деп, – азат».

¹ Мүшкі – хош иіс.

² Зағыпыран – сары түсті гүл.

³ Қайым /араб/ – бейім.

Құдайы қып ғаріпке дүние беріп,
Қылады күндіз-түні көп мінәжат.

Саудагер Үндістаннан келді бір күн,
Аралап Бағдаттың көрді жұртын.
Қожа Әсет басшыларын шақырады,
«Қонақ боп кетіңдер, — деп, — бізге бір түн».

Кәсібі Қожа Әсеттің әуел бастан,
Шаһарға мейман келсе әрбір тұстан,
Шақырып қонақ етіп жібереді,
Хикая, неше түрлі сұрап дастан.

Шақырып керуендерді мейман етті,
Сұрайды әр шаһарда болған кепті.
Көргенін керуендер де айтып жатыр,
Ішінде шешендері аузы епті.

Сұрады Қожа Әсет: «Патшаң кім? — деп, —
Халыққа әділеті қалай-дүр?» — деп.
Олар айтты: «Шәріміз Үндістаннан,
Пархизат патшамыз, болсаң білмек.

Патшамыз айтарлықтай жаман емес,
Айталық, тыңдасаңыз, біраз кеңес.
Ұлы жоқ, патшамыздың бір қызы бар,
Келмейді сұлулыққа ешкім теңдес.

Ол қызын жанынан да артық көріп,
Атақты ұсталарды алды теріп.
Дарияның жағасынан бағы бұстан¹,
«Қызымды шат қылсам», — деп жай сап беріп.
Ғажайып бір тамаша істеді бау,
Таңғалды барлық адам мұны көріп.
Дүниенің гүлінің бәрі де бар,
Ақылын адамзаттың тұрар бөліп.
Бұралып сол бақшада отыр Күлшат,
Жүреді қырық қыз нөкер соңына еріп.

Үй салды бау ішінен бөлек түрі,
Мұнара жеті қабат алтын сыры.
Жетеуінің порымы² жеті басқа,
Ауызбен айтып болмас ешкім мұны.

¹ Бұстан /парсы/ — бақ, бау-бақша.

² Порым /орыс/ — сыртқы пішін, түр.

Күлшат деп ол қызына қойған атты,
Сұлу жоқ бұл сияқты салтанатты.
Қасына қырық қыз нөкер қосып берген,
Істейді бау ішінде саяхатты.

Ол бауға қыздан басқа адам бармас,
Қарауыл бағбаны бар, өзіне хас¹.
Керуен қатты мақтады Күлшат қызды,
«Дүниеде сұлу жоқ, — деп, — оған ұқсас».

Шеризаттың айтқан замат ышқы² кетті,
Ашықтық ішке түсіп, ақылын елітті.
Түніменен сөйлесіп керуендер де,
Таңертең қош айтысып қайтып кетті.

Шеризат ғашық болды қызға қатты,
Түн болса, жастық қойып ұйықтамапты.
Шыдамай ашығына күйіп-жанып,
Бір күні атасына бұл сөзді айтты:

— Атажан, қабыл көрсең бұл ісімді,
Айтайын көңілдегі жұмысымды.
Шаһармен-шаһар жүріп сейіл еткізіп,
Таныстыр көзіңіздің тірісінде.

Қожа айтты мұны естіп, барлық сырын:
— Қарағым, жаным перзент, көзім, нұрым.
Шырағым, сенен басқа перзентім жоқ,
Қалаймын шаттығыңды, жалғыз ұлым.

Істейін айтқаныңды, берейін мен,
Тірлігім, бұл дүниеде қуатым сен.
Шаһармен-шаһар жүріп аралатып,
Жан балам, жол көрсетіп келейін мен.

Қожа Әсет жол жүрудің қамын жепті,
Нәрсені керек-жарақ даяр етті.
Қырық қашырға алтын мен гауһар артып,
Үндістан қаласына жүріп кетті.

Шеризат жүз жігітін қасына алды,
Тіллә жабдық атына егер³ салды.
Бұлардың сәнді сәулет порымына⁴
Бәрі де көрген жанның қайран қалды.

¹ Хас /араб/ — арнайы.

² Ышқы кету — ғашық болу.

³ Егер — ер-тоқым.

⁴ Порым /орыс/ — сыртқы пішін, түр.

Ал енді Қожа Әсет кетті жүріп,
 Жолдарда аңын аулап, сейіл құрып.
 Тынбастан неше күн-түн жолда болып,
 Бір тоғай жағасына жатты кіріп.

«Ауасы жақсы екен», – деп қонды бұлар,
 Гүл ашқан, шашма бұлақ, біткен шынар.
 Тынығып сол тоғайда бір күн жатып,
 Шығады аң аулауға енді бұлар.

Шеризат он жігітпен ауға шықты,
 Атадан ұл тумапты мұндай мықты.
 Қалың бадал тоғайға кірген екен,
 Алдынан бір жолбарыс қарсы шықты.

Суырып алмас қылыш қолына алды,
 Жолбарыс Шеризатқа пәнже¹ салды.
 Шеризат қарсы келіп шапқанында,
 Қылышы ортасынан екі жарды.

Артынан бір жолбарыс тағы шықты,
 Ақырып Шеризатқа айбат қыпты.
 Аты үркіп жолбарыстан қаймығады,
 Атынан сонда бала қарғып түсті.

Жолбарыс жақын келді көзі жанып,
 Құйрығын сипаңдатты мұны танып.
 Шеризатты асыраған анасы екен,
 Сипады маңдайынан мұның барып.

Жылады жолбарыс та үніменен,
 Жалады Шеризатты тіліменен.
 Өз анасы ілгергі асыраған,
 Үстіне бұрын жаста мініп жүрген.

Қараңдар Шеризаттың данасына,
 Жолықты асыраған анасына.
 Аймалап тіліменен жалай берді,
 Аңсаған жолыққан соң баласына.

Шеризат жолбарысты алды мініп,
 Жігіттер қайран қалып тұрды күліп.
 Шеризат, жолбарыс та жүре тұрсын,
 Айтайын Күлшат қыздан баян қылып.

¹ Пәнже /парсы/ – бес саусақ.

Әлқисса, Пархизаттың қызы Күлшат сұлу ауға шығып келе жатқан жері:

Пархизат падишадан бір қыз туды,
Күлшат та қырық қызбен сонда тұрды.
Аты — Күлшат, қырық қыз нөкері бар,
Жағалай дарияны сейіл қылды.
Сол күні аң аулауға көңілі кетіп,
Ат мініп, қырық қызбенен бұл да жүрді.

Қыздармен сейіл қылып ауға кетті,
Шеризат жүрген жерге жақын кепті.
Тоғайдан бір топ адам шыға келді,
Бұларға сонда Күлшат назар етті.

Бір жігіт жолбарысты мініп алған,
Жүздері туған айдай раушанданған,
Адамзаттан бөлекше, үр¹ мысалы,
Күлшат қыз мұны көріп, естен танған.

Күлшаттың көрген замат ышқы кетті,
Шеризат мұны көрмей өтіп кетті.
Бір қызына Күлшат та тапсырады:
«Бұлар кім? Барып хабар білгін», — депті.

Бір қызы бұйырған соң шауып кетті,
Қарсы кеп Шеризатқа тағзым етті.
— Жолбарыс мінген жігіт, атыңыз кім?
Қай жаққа барасыздар сіздер? — депті.

Шеризат айтты: «Елім Бағдаттан,
Сауда қып келе жатырмыз Үрім жақтан.
Көшеміз екі-үш күнде елге қарай,
Мейманбыз шатыр құрып, қонып жатқан».

Қызға айтты: «Білдір маған өздеріңді,
Бұл жерге не жұмыспен келгеніңді?
Жүрсіңдер бұл тоғайда, қыздар, неғып,
Баяндап айтып кетші өз жөніңді».

Қыз айтты: «Шаһарымыз біздің жақын,
Пархизат патшамыздың дейді атын.
Ұлы жоқ, Күлшат деген бір қызы бар,
Ауызбен айтып болмас салтанатын».

Қызына бұл жақыннан жай сап беріп,
Ол қызға адамда жоқ біткен көрік.

¹ Үр — хор қызы.

Аң аулап бұл араға келіп едік,
«Біліп кел», — деп жіберді сізді көріп».

Келген қыз өз жайына қайтып барды,
Күлшатқа көрген ісін айтып барды.
Шеризат қыздың атын естіген соң,
Ғашықтық ішке түсіп, күйіп-жаңды.
Жолбарысты мініп ап ер Шеризат,
Қайтып кеп атасының қолын алды.

Бала айтты: «Мен тоғайды қылдым сайран».
Қожа Әсет мұны көріп қалды қайран:
— Шырағым, өміріңді берік қылып,
Сақтасын панасында сені Аллаһ.

Шеризат қоя берді жолбарысты,
Қайтқалы өзі келген жолға түсті.
Жолбарыс Шеризатпен ризаласып,
Көтеріп оң аяғын қолға қысты.

Кеш болып, тамақтанып жатты бәрі,
Ұйқыға жан рақат батты бәрі.
Күлшат түсіп есіне Шеризаттың,
Жандырып ғашық оты, жатқызбады.

Ғашықтық ішін өртеп жаққан шамдай,
Отырды таң атқанша ұйықтай алмай.
Шеризат мұндай халде жата тұрсын,
Ал, енді тыңдаңыздар Күлшат қандай?

Күлшат та ғашықтықтан жатып қалды,
Әр заман «Шеризат», — деп аһ ұрады.
Күлшаттың тамақ ішпей жатқанына
Бәрі де қырық қыз нөкер қайран қалды.

Күлшатқа сонда қыздар сөйлейді кеп:
— Ас ішпей бүйтіп неге жатырсыз? — деп.
Күлшат жауап бермейді бұл қыздарға:
— Жайымды менің сұрап не етесіз? — деп.

Қоймады қой дегенмен ол қыздары,
«Сырынды айтыңыз», — деп көп қинады.
«Қыздарға айтпағаным болмас-ты», — деп,
Ғашықтық қасіретін көп жырлады.

«Жігітке ғашықпын», — деп қасірет шекті,
Қыздарға барлық сырын мәлім етті.

— Ал, қыздар, мұның жолын табыңыздар,
Қалай қып жолығамыз бұған? — депті.

Ақыры қалам менен қағаз алып,
Жазумен мәлім етті барлық дертті.
Бір қызына тапсырды бұл қағазды:
«Апарып сол жігітке бергін», — депті.

Қағаз ап, бір қыз кетті мініп атқа,
Шатырға жетіп келді шай уақытта.
«Бұл қағазды мәлике¹ жіберді», — деп,
Тапсырды өз қолымен Шеризатқа.

Қағаздың мазмұны мынау екен:

«Күлшаттың жазған қағазы,
Шеризат, мұны оқып көр.
Құлағыңа мазалы,
Бағы бұстан бізде бар,
Мысалы, жаннат базары.

Ішінде гүлдер ашылған,
Атырапқа сулар шашылған.
Бір көрген адам екінші
«Көрсем», — деп көңілі жосылған.
Ішіне кірген адамның
Көңілінің кірі ашылған.
Жеті қабат үйім бар,
Бірінен-бірін асырған.
Сырты күмбез безенген,
Төбесі көкке асылған.

Сізге айтар сөзім бар,
Бұл жаққа қадам бұрыңыз.
Гүл бағымды аралап,
Тамаша бізбен қылыңыз.
Өміріңді хош қылып,
Сұлумен ойнап-күліңіз.
Жеті күмбез үйім бар,
Ішіне келіп кіріңіз.

Алтыннан құрған тағым бар,
Үстіне соның шығыңыз.
Бұлбұл сайрар бағым бар,
Бұл сөзімді біліңіз.

¹ Мәлике /араб/ — ханша.

Қаласа егер көңіліңіз,
 Келудің қамын қылыңыз.
 Осымен сөзді тоқтаттым,
 Йә, келерсің, келмессің,
 Енді өзіңіз біліңіз».

Әлқисса, Шеризаттың қайтарған жауабы:

«Күлшаттың мынау ғазалы¹,
 Құлағымға жақты ғой.
 Сөзіңіз шырын мазалы,
 Қуаныш мен де етемін,
 Жарымның түссе назары.

Қолыма тиді ғазалың,
 Ол басында керуеннен
 Есітілген хабарың.
 Керуен болып бұл жерге
 Келгенім — сенің себебің.
 Бір Алла нәсіп әйласа²,
 Қосылмақ еді талабым.
 Өзіңнен тілек болған соң,
 Тоқтауға жоқ қой амалым.

Тоқтауға менде тағат жоқ,
 Жаннан артық жананым³.
 Осылай менің пікірім,
 Мәнісін оқып қарағын.
 Хат жазып мен де жібердім,
 Артынан өзім барамын».

Келген қыз қағазды алып қайтып кетті,
 Күлшатқа алып келіп табыс етті.
 Жазғанын Шеризаттың оқып көріп,
 Көңіліне Күлшаттың да шаттық жетті.

Шеризат таң атқан соң атқа мінді,
 Қасына он жігітті ертіп жүрді.
 «Аң аулап келемін», — деп атасына,
 Басқа сыр білдірместен жолға кірді.

Ат мініп Шеризат та жүріп кетті,
 Дарияның жағасына келіп жетті.

¹ Ғазал /парсы/ — лирикалық өлең үлгісі.

² Әйлау /түркі/ — істеу, жасау.

³ Жанан /парсы/ — сүйікті, ғашық.

Ғажайып неше түрлі бағы бұстан¹,
Көрмеген адам, сірә, «бұл не?» – депті.

Айнала баудың сыртын қорған құйған,
Бір жерден дарбаза қып, құлпын ұрған.
Ішінде неше түрлі миуалы ағаш,
Гүл ашылып, бұлбұлдар сайрап тұрған.

Сарайдың жеті қабат көрді бәрін,
Тілләмен нақыштаған сыртын оның.
Келгенін Шеризаттың Күлшат көріп,
Алдынан ертіп шықты қырық қызын.

Қасына қырық қыз нөкер ертіп шықты,
Күлшат кеп Шеризатпен көрісіпті.
Ізетпен құрмет етіп тамам қыздар,
Ордаға ортаға алып келісіпті.

Шығарып Шеризатты алтын таққа,
Қыздар тұр қол қусырып екі жақта.
Ашық-машық екеуі отырады,
Кірісіп неше түрлі сұхбатқа.

Сыбызғы, сырнай шалып, құрды ойын,
Күлшат қыз қиғаштады бұрып мойын.
Шыдамай ашықтықтың әсеріне,
Білегін айқастырып, ашты қойнын.

Тартылып керней-сырнай, құрды бәзім²,
Әртүрлі істеп отыр сұлу назын.
Қыздар тарқап, ойыны аяқталып,
Іледі лашын құс көлдің қазын.

Күлшаттың жайнап жатыр көзі жанып,
Қармаққа ілінгендей жайын балық.
Айдыннан аққу ілген қаршығадай,
Жұмарлап жатыр бала бауырға алып.

Ғашықтық ештеңені елемеді,
Тарқады күй құмары денедегі.
Бағбаны Күлшат қыздың мұны көріп:
«Патшаға айтайын», – деп жөнеледі.

Күлшатқа бұрын ғашық бағбан болған,
Жүрегі ғашықтықпен қанға толған.

¹ Бұстан /парсы/ – бақ, бақша.

² Бәзім /парсы/ – ойын-сауық, той.

Көрген соң бұл жұмысты бастан-аяқ,
«Патшаға айтайын», — деп шықты жолдан.

Ойланды: «Падишаға барайын, — деп, —
Бетіне қыздың күйе жағайын, — деп. —
Ақыр маған бұл қыздан еш пайда жоқ,
Кегімді сөйтіп бұдан алайын», — деп.

Бағбанның бауыры жанып, іші күйді,
Патшаға дереу барып арыз қылды:
— Йә, тақсыр, дәулетіңіз ұзын болсын,
Қызыңды бүгін түнде Құдай ұрды.

Қызыңыз бір жігітті алып кіріп,
Күндіз-түні шарап ішер, бәзім құрып.
Ышқы¹ барлық қылады ол жігітке,
Тақтында² кеше-күндіз бірге отырып.

Падиша мұны естіп, қатты састы,
Кеудеден жан шығуға жақындасты.
Реңі ұшып, патшаның есі кетіп,
Халқына: «Жиналсын!» — деп хабар шашты.

Бар еді падишада екі палуан,
Жүрегі қайтқан емес ешбір жаудан.
Алмас, Қоймас аттары дейді оның,
Падиша екеуіне ақыл салған.

— Тез барып қызымменен ол жігітті
Ұстап ап, қол-аяғын байла мықты.
Екеуін дарға тартып өлтірейін,
Жинап ап дар астына барлық жұртты.

«Мақұл», — деп, екі палуан атқа мініп,
Асынды жарақ-сайман, сауыт киіп.
Екі жүз тағы артынан әскер ертіп,
Күлшаттың сарайына барды кіріп.

Күлшатқа бір қыз келіп, сәлем берді:
— Йә, Күлшат, атаңыздан адам келді.
Атаңның Алмас, Қоймас палуаны
Кеп тұр, — деп, — әскер ертіп, — хабар берді.

Бір дұшпан Шеризатты көрген шығар,
Патшаға барып хабар берген шығар.

¹ Ышқы — ғашық болу.

² Тақыт — тақ.

Болмаса, бұл палуандар келмес еді,
Атаңның өмірімен келген шығар.

Күлшаттың мұны естіп, есі кетті,
Қыздардан Шеризатқа хабар жетті.
«Жігіттің обалына қалдым ғой», — деп,
Көзінен жасын төгіп, зар еңірепті.

Күлшаттың бала көріп жылағанын
Сұрайды: «Не болды, — деп, — саған, жаным?»
Қыз айтты: «Атам бізден хабар тауып,
Көп әскер жіберіпті, палуандарын.

Дариға, құныңызға болдым серік,
Ұсталып не боламыз, кетсек өліп.
Мен болмасам, бұл жерге келмес ең», — деп,
Жылайды екі көзден жасын төгіп.

Шеризат айтты қызға: «Зар еңіреме,
Күлшатжан, қайғырасың мұнша неге?!
Не келер дейсің оның қолдарынан,
Қапа боп, ғашық жарым, қайғы жеме».

Шеризат осыны айтып түрегелді,
Жарақ-сайман, сауытын кие берді:
— Оларды іздеп келген көрейін, — деп, —
Күлшатжан, қарап тұр, — деп күле берді.

Ол келген палуандар сыртта тұрып,
Сөйлейді Шеризатқа ашу қылып:
— Бері шық, патшаға айдап біз барамыз,
Істепсің бейәдептік бауға кіріп.

Естіп мұның сөзін бала күлді,
Есірік екендігін енді білді:
— Йә, Күлшат, бір пияла шарап келтір,
Ішіп, жауап қылам, — деп қарсы тұрды.

Шарапты Күлшат сұлу алып келді,
Кесесін ішіп, бала қайтып берді.
Екі палуан алыстан мұны көріп,
Қапа боп, іші күйіп қайғы енді.

Алмас айтты Қоймасқа: «Бері қара,
Қылды ғой бізді мазақ мына бала.
Аттан түсіп, сен барып ұстап ап кел,
Қылайық байлап алып хас масқара».

Шеризат езу тартып, қарғып тұрды,
Тұрғанын түлен түртіп енді білді:
«Аулаққа шатырымды тігіңдер», — деп,
Шақырып жігіттерге әмір қылды.

Жігіттер қызметінде тіке тұрған,
Шатырын сыртқа апарып, тікті жылдам.
Шатырда шарап ішіп отырады,
Олардан уайым қып, жемеді қам.

Шеризаттың Қоймас көріп бұл қылғанын,
Аузынан ашуланып шықты жалын.
Шеризаттың қасына жетіп барды,
Суырып қынабынан қылыштарын.

Балаға Қоймас келіп, қылыш салды,
Шеризат ашуланып, ұстай алды.
Қылышын жұлып алып, өзіне ұрып,
Қоймасты ортасынан екі жарды.

Табиғат Шеризатқа берген күшті,
Қақ жарып ұрған қылыш бөліп түсті.
«Маған да ажал жақын келді ме?» — деп,
Алмастың мұны көріп зәресі ұшты.

Арсылдап Алмас келді аузын ашып,
Балаға найза ұрды көңілі тасып.
Айғайлап Алмасты да масқара етті,
Найзасын жұлып алып, өзін шаншып.

Ұстап ап, айналдырып аспанға атты,
Ашуы Шеризаттың келді қатты.
Сүйегі төрт жүз қырық төрт уатылып,
Қырық қадам жерге түсіп, қаза тапты.

Екеуін өлтірген соң ойран қылып,
Әскерге қарсы шауып, нағыра¹ тартты.
Алақтап алдындағы қаша берді,
Алмастың әскерінде жан қалмапты.

Патшаға тоқтамастан барды қашып,
Сөйлеуге мажалы² жоқ аузын ашып.
— Өлтірді Алмас, Қоймас палуаныңды,
Құтылдық біздер қашып, асып-сасып.

¹ Нағыра /парсы/ — барабан тәрізді музыка аспабы.

² Мажал /араб/ — әл-дәрмен.

Күлшат та отырады тамға шығып,
Зар жылап, уайым қып, іштен тынып.
Қайратын Шеризаттың көргеннен соң,
Жалынды Жаратқанға шүкір қылып.

Қуанды жаңа ашылған жайнап гүлдей,
Тұра ма Күлшат сұлу енді күлмей?
Табақ-табақ шашады тіллеларын,
Бетіне нұр шашылып сәуле гүлдей.

Шеризат отырады таққа мініп,
Күлшат та қызмет қылды тіке тұрып.
Бәзім¹ қып Күлшатпенен шарап ішіп,
Ол түнді өткізеді ойнап-күліп.

Көңіліне падишаның қайғы еніп,
Әскерге: «Аттан!» – деді хабар беріп.
Өзі бас боп аттанып падишаның,
Сап тартып бау алдына тұрды келіп.

Келгенін падишаның қыздар көріп,
Айтады Шеризатқа хабар беріп.
Есі шығып қыздарың қалтырайды,
«Патшадан өлеміз», – деп қорқу еніп.

Шеризат мұны естіп, атқа мінді,
Патшаның әскеріне қарсы жүрді.
Пархизат Шеризатты көргеннен соң,
Айтады уәзірге осы сырды.

– Құлақ сал, – патша айтты, – уәзірім,
Баланың байқадың ба қандай түрін.
Сен барып, бір айла қып алдамасаң,
Амалы табылмайды басқа мұның.

Патшаның Парс уәзір тілін алды,
Алдына Шеризаттың жетіп барды.
Келеді Көркіншеге барлық түрі,
Бетіне тура қарап, назар салды.

Балаға сәлем берді уәзір барып,
Қарады Шеризат та назар салып.
Уәзір айтты: «Йә, жігіт, жолың болсын!
Патшаның шарбағында жүрсің нағып?»

¹ Бәзім /парсы/ – той, ойын-сауық.

– Мен өзім баласымын бөтен елдің,
Бағдаттың шаһарынан мұнда келдім.
Күлшаттың ғашық болып ажарына,
Алуға сапар шегіп қызға келдім.

«Патшаның қызын берсе, аламын, — деп,
Күлшат қыз қаламаса, амалым жоқ.
Жақсылықпен бермесе егер қызын,
Халқына тұрмын ойран саламын», — деп.

Уәзір айтты: «Бұл қалай жалғыз жүріс?
Қыласың жалғыз басың қайдан ұрыс?
Көпке топырақ шаша ма жалғыз адам,
Бұл сөзің айтқанменен емес дұрыс.

Балалық қылмасайшы, мырза, — деді, —
Сөзімді менің айтқан тыңда, — деді. —
Күнәнді падишадан мен тілейін,
Сен ұрыс жалғыз басың қылма, — деді. —

Күнәнді падиша да сенің кешер,
Өзіңді әскербасы, сардар етер». —
Парс уәзір айтады насихатын:
— Құр әуре ұрысамын деп болма бекер.

— Келмейді алдасаң да менің қашқым,
Халқынан ерегісsem, түк қоймаспын.
Жалғыздың жары Құдай болып тұрса,
Неше мың әскеріне өзім баспын.

Уәзір Шеризаттан мұны естіп,
Нәйүміт¹ боп патшаға келді жетіп,
Баладан бастан-аяқ есіткенін
Айтады бірін қоймай мәлім етіп.

Падиша мұны естіп ашуланды,
Қызарып екі көзі оттай жанды:
«Тез барып, байлап алып келіңдер», — деп,
Атақты жіберіпті палуандарды.

«Мақұл», — деп, бір палуаны қарғып тұрды,
Мақтанып өзін-өзі көп лепірді.
Қаһарланып, ақырып айбатпенен
Аямай Шеризатқа найза ұрды.

¹ Нәйүміт /парсы/ — үмітсіз.

Найзасын тартып алды зорлық қылып,
Тұтасып күш-қайраты, көзі тұнып.
Ат үстінде қол салып карданына¹,
Тымақтай жібереді лақтырып.

Палуанды жігіттері алды байлап,
Шеризат айғайлады қаны қайнап.
«Түбіме осы бала жете ме?» – деп,
Бармағын падиша да қалды шайнап.

Содан соң бір палуаны тағы барды,
Қарсы кеп Шеризатқа қылыш салды.
Қылышын жұлып алып, өзіне ұрып,
Қауындай ортасынан екі жарды.

Палуандар бірте-бірте келе берді,
Келгені Шеризаттан өле берді.
Ұстап ап, біреуіне-бірін қоспай,
Келгенінің сыбағасын бере берді.

Падиша уайым жеп қысылады,
Шеризат аш қасқырдай құтырады.
Бәзбіреуін бір ұрып жұдырықпен,
Кәлләсін² алмадай қып ұшырады.
Сол күні елу палуан қолға түсіп,
Ақылдан енді патша ұтылады.

Кеш болып, осыменен күн де батты,
Тарқасып жай-жайына бәрі қайтты.
Патшаға түніменен қайғы түсіп,
Ұрыстың таң атқан соң найын³ тартты.

Сап тартып, екі жаққа тұрды барып,
Майданға шықты бала айғай салып.
Шыдамай Шеризаттың айғайына,
Әскері падишаның тұр қамалып.

– Жекеге қорықпасаңдар келші бірің,
Оның кел, маған десең, келгін жүзің.
Жүзің қорықсаң, мыңың кел, – деп айтады, –
Тиемін әскеріңе өзім бүгін.

Патшаның әскерінен жүзі барды,
Қамалап айналасын ортаға алды.

¹ Кардан /парсы/ – мойын.

² Кәллә /парсы/ – бас.

³ Най /парсы/ – үрмелі аспап.

Бірін ұрып қылышпен, найза шаншып,
Бұл жүзді бір сағатта қырып салды.

Падиша мұны көріп, естен танды:
«Жабылып, тұзақ сал!» — деп айғай салды.
Көтеріп үш жүз адам тұр тұзағын,
Тастауға Шеризатқа ыңғайланды.

Тұзағын үш жүз адам туралады,
Шырмауға Шеризатты илалады¹.
Көптік қып, қанша қайрат қылғанменен,
Бойына үш жүз тұзақ шырмалады.

Шеризат нағыра² тартып жүгіреді,
Жанынан көрген адам түңіледі.
Домалап үш жүз адам құлап қалды,
Быт-шыт боп шынжыр арқан үзіледі.

Босанып бұл арқаннан бала тұрды,
Айғайлап енді әскерге өзін ұрды.
Қойға қасқыр шапқандай дал-дал қылып,
Әскердің қарсы келген бәрін қырды.

Атасы Қожа Әсет те жетіп келді,
Жүз баһадүр жігітті ертіп келді.
Шеризат жалғыз өзі қырғын салып,
Бояды қызыл қанға қара жерді.

Қожа Әсет жүз жігітпен қойды атты,
Аралас бұлар да кеп қырғын сапты.
Жүз жігіт қасындағы — бәрі палуан,
Өліктер төбе-төбе болып қапты.

Падиша мұны көріп, жаман састы,
Тұра алмай қарсыласып, бұлар қашты.
Ішке кіріп, бекітіп қақпаларын,
Хан уәзір, бектерімен ақылдасты.

Ұрыстан Шеризат та қолын тартты,
Бірқанша олжаменен кейін қайтты.
Бау ішіне тіктіріп үлкен шатыр,
Қалдырмай атасына сырын айтты.

Баласы атасымен бірге болды,
Күлшаттың Шеризатқа көңілі толды.

¹ Илалау — айла қылу, арбау.

² Нағыра /парсы/ — барабан тәрізді музыкалық аспап.

Жамалын¹ Күлшат қыздың көргеннен соң,
Айрықша Қожа Әсет те риза болды.

Отырды сұхбат құрып бұлар әнша²,
Айтылып неше түрлі сөздер қанша.
Ахуалын падишаның білдірейін,
Тамаша етті бұлар таң атқанша.

Әлқисса, патша уәзір, бектерімен ақылдасып: «Бұған қандай ақыл айтасыздар?» — дейді. Парс дана уәзір: «Мен барып бұл баланың жай-күйін білейін», — дейді. Шеризатқа келіп, уәзірдің айтқан сөзі:

Былай деп Қожа Әсет сөз қайырды,
Дастарқан түрлі тамақ кең жайылды.
— Не жұмыспен келдіңіз бұл араға?
Уәзір, айта бергін сен жайыңды.

«Мақұл», — деп Парс уәзір сөзге келді,
Жұмысын ойындағы сөйлейді енді:
— Атақты ел басқарған падишамыз
Қаратқан үкіміне талай жерді.

Патшаға қарсы болып тұрмаңыздар,
Сөзімді менің айтқан тыңдаңыздар.
Сіздер — жүрген саудагер адамсыздар,
Халықты әуре-сарсаң қылмаңыздар.

Шеризат, ұрысты қой, болалық ел,
Сендер менің бұл айтқан сөзіме ер.
Патша қызын бермейді сізге, тегі,
Бұл жерден көп кідірмей жөнеңіздер.

Уәзірдің мына сөзі келмеді оңға,
Жақсылап қоя алмады сөзін жолға.
— Патшаның қызы түгіл, тақытын алам,
Уәзір, қапа болма маған онда.

Былай деп Қожа Әсет келді шынға:
— Сен, Парс, құлақ салып сөзді тыңда.
Айтайын Шеризаттың ахуалын³,
Ұзақ қой хикаясы бұл мазмұнда.

Білсеңіз бұл Шеризат — патшазада,
Әкесі — болған екен бәріңе аға.

¹ Жамал /араб/ — ажар, көрік.

² Әнша — бірталай.

³ Ахуал /араб/ — хал-жағдай.

Кияншаһтың нәсілінен арғы атасы,
Көркінше — өз әкесі мұның және.

Білесіз, әкесінің шаһары бұл,
Бұл уаққа шейін мен де айтпадым сыр.
Айтайын мұның жайын енді саған,
Уәзір, құлақ салып тыңда да тұр.

Бастады бұл тоғайға барған жайдан,
Баланы жолбарыстан алған жайдан.
Он дана білегінде гауһарымен,
Қағазға барлық істі жазған жайдан.

— Патшаның дұшпандығы сізге аян, — деп,
Анасын өлтіргенін қылды баян.
— Он сегіз содан бері жыл болды, — деп,
Қожа Әсет әңгімесін қылды тамам.

— Шеризат бұл баланың қойдым атын,
Көрсетпей тығып қойдым жазған хатын.
Қағазды алып, қолына бере салды,
— Мінеки, оқып көр, — деп, — хикаясын.

Қағазға уәзір ашып, назар салды,
Хаты екен өзі жазған, тани қалды.
«Шырағым, айналайын перзентім», — деп,
Құшақтап Шеризатты естен танды.

— Басымда, — Парс айтты, — күнәһым¹ көп,
Сен үшін көп жыладым уайым жеп.
Атаңның қызметін көп қылып ем,
Бұл істі енді баян қылайын, — деп. —

Көркінше халайыққа болған әділ,
Пархизат інісі еді тұрған әзір.
Қатыны өлерінде жүкті қалды,
Қожа Әсет, тыңда сөзді, қылып сабыр.

Көркінше өлерінде халқын жиып,
Інісін өз орнына патша қылып,
«Қатыным мен өлген соң ұғыл туса,
Орнымды беріңдер, — деп, — уәде қылып».

Хат жазып, көп алдында пешет ұрған,
Өлген соң, інісі жоқ оны қылған.

¹ Күнәһ /парсы/ — күнә.

«Қатынын падишаның өлтіргін», — деп,
Бір күні мен байғұсқа жарлық қылған.

Лажсыз оның сөзін қабыл еттім,
Әйелді бір тоғайға алып кеттім.
Қасымда құлдарыма өлтіргізіп,
Нақақтан бейшараның қанын төктім.

«Өлгенін көрейін», — деп бардым және,
Туышты барсам қатын ұғыл бала.
Он гауһар мен хат жазып, тағып кеттім,
«Шығар, — деп, — тірі жүрсе», мен бейшара.

Мұны айтып зар жылайды уәзір ғаріп,
Көзінен жылағанда жасы ағып.
«Күнәмді кешіңіз», — деп зар жылайды,
Танады болған істен енді нағып.

Әлқисса, Шеризат Парс уәзірге: «Күнәңіз болса, кештім. Сізде күнә жоқ. Енді патшаңызға барып айтыңыз, жақсылықпен атамның орнын берсін. Халықтың обалына қалмасын», — дейді.

Сонда Парстың патшаға барып айтқаны:

Шеризаттан рұқсат ап,
Уәзір жүріп кетеді.
Ешбір жерге қайырылмай,
Ордаға тура жетеді.
Патшаның келіп алдына,
Көргенін баян етеді.

— Рұқсатыңмен, тақсыр-ау,
Шеризатқа барғаным.
Жағдайына түсініп,
Сөзіне әбден қанғаным.

Атасының орны екен,
Ол баланың таласы.
Сөзіне, тақсыр, қараса,
Көркіннің екен баласы.
Өлтіргенде аралға
Туған екен анасы.

Туғанын өзім көріп ем,
Өлтірмей тастап келіп ем.
Болған істі хатқа сап,
Тұмар қып байлап беріп ем.
Тірі жүрсе дүниеде,
Шығарын сонда біліп ем.

Қожа Әсет саудагер
Ол тоғайға барыпты,
Жолбарыстан баланы
Ажыратып алыпты.
Ілім-білім үйретіп,
Жақсылық жолға салыпты.
Қызыңызға ғашық боп,
Ізденіп келіп қалыпты.
Жалған емес, йә, тақсыр,
Бұл сөзім менің анық-ты.

Мұны есітіп падиша,
Ақыл-естен танғаны.
«Жүзіқара болдым», — деп,
Бетінде қаны қалмады.
Өткен іске өкініп,
Боларын істің аңлады.

— Уәзірім, қалай сақтайсың
Қарабет мендей пендені?
Амалын өзің таппасаң,
Сен едің менің сенгенім.
Шеризаттың қолында,
Енді менің өлгенім.

Падиша бұлай дегенде,
Дана уәзір сөйледі:
— Тағын берсең баланың,
Болады сонда жөн, — деді.

Патша айтты: «Сонда қоя ма,
Тағын берсем қолына?
Атасының ол шығып
Отырса, егер орнына.
Ақыры мені өлтірер,
Анасының құнына.
Амалым жоқ, қайтейін,
Түскеннен кейін қолына.

Тәж-тағын беріп кетейін,
Басымның қамын етейін.
Шеризаттың көзіне,
Көрініп мұнда не етейін?»

Уәзір айтты: «Падиша,
Сабырлық бұған қылығыз,
Сөзімді айтқан біліңіз.

Шеризаттың алдынан
Өзіңіз әуел шығыңыз:
«Күнәһымды кешкін», – деп,
Өтініш, арыз қылыңыз.
Шеризат кешер күнәңді,
Бұл сөзімді біліңіз.
Шеризат егер кешпесе,
Тілеп алар қызыңыз».

Парстың айтқан бұл сөзін
Падиша мақұл көреді.
Шеризатқа тарту ап,
Уәзірмен бірге жөнеді.

Бұлардың келіп қосына,
Келгендігін білдіріп,
«Кірелік ішке» дегені.
Шеризатқа білінді
Бұлардың келген дерегі.
Баладан рұқсат болған соң,
Уәзір мен патша кеп еді.
Падишаның күнәсін,
Шеризаттан уәзір тіледі.
Падишаны көрген соң,
Шеризаттың долданып,
Ашуы қатты келеді.

Шеризат айтты уәзірге:
– Сөзіме менің қарағын,
Шаһардың жина адамын.
Патшаны менен сұрама,
Амалын өзім табамын.

Әлқисса, уәзір: «Мақұл», – деп, ордаға келіп, барлық жұртты жинап, Қожа Әсет, Шеризатты келтіріп, барлық жұртқа жар салды. Пархизаттың барлық істеген жұмысын әшкереледі. Көркіншенің әйелін өлтіргенін, Шеризатты жолбарыс асырағанын, Қожа Әсет оны бала қылып алғанын, қызға қосылғанын айтты. Халық «Пархизатты өлтіреміз» дегенде Күлшат атасының қанын сұрап, былай деді:

– Әкеміз, ер Шеризат, бір туысқан,
Мен доспын қияметтік, әкем – дұшпан.
Болып ең, Парс уәзір, жұртқа аға,
Сенің де хабарың бар бұл жұмыстан.

Әкемнің әрі қызы, баласымын,
Көзінің ағы менен қарасымын.

Әкемнің қамқорлығын ақтамасам,
Мойныма қаны жүк боп қалатұғын.

Бұл жерде жасыңыз бар, кәріңіз бар,
Бұл істі шарифатқа салыңыздар.
Өлмесе әкем, тірі жаза тартса,
Сіздерге зорымыз жоқ, зарымыз бар.

Осылай деп Құлшат жылады,
Көзінен жасы шұбады.
«Қанын бер, — деп, — әкемнің»,
Қожа Әсеттен сұрады.
Қожа Әсет пен ер Парс:
«Мақұл», — деп мұны ұнады.
Пархизатты он жылға
Бадарғы зындан қылады.
Патша болып Шеризат
Алтын таққа шығады.
Ынтымақпен Парсты
Найып¹ уәзір қылады.
Осылайша баланың
Әсіл² болды мұраты.



¹ Найып /араб/ — орынбасар.

² Әсіл /араб/ — қол жеткізу, жүзеге асу.

Бірінші мақам

Желдірте

Орындаған: Төлеубаев Бисенбек

Ноғаға түсірген: Балмағанбетов Бекарыс



Ша - бы - тым көк - ке ша - рық - тап, Құ - мар - мын дас - тан, на - қыл - ға



Құ - мар - мын дас - тан на - қыл - ға. Дом - бы - ра, сыр - най үй - ре - ніп,



Бо - лып ем ү - йір ба - сын - да. Қа - лам а - лып қо - лы - ма,



Әр сөз - дің бол - дым нә - шін - де. Ө - лең - ме - нен та - ныс - тым



А - лыс - пе - нен жа - қын - ға. Жас - та - йым - нан көп бол - дым, Жақ - сы - лар - дың қа - сын - да.



Бұл дас - тан - ды шы - ғар - дым, Ал - пыс - қа кел - ген жа - сым - да.



Ей

Екінші мақам



Көңі - лі нен ақ пат - ша - ның қай - ғы шық - ты, Дос көр ке - йіп, дұш - пан - да - ры



ті - зе бүк - ті. Ө - йе - лі Пар - хи - зат - тың көп ұ - за - май

2

22

 Кө-те-ріп бұл-да ба-ла, бол-ды жүк-ті, Бір кү-ні пат-ша жаз-ған

25

 қы - сы - ла - ды ей! Қан - дай - ғып ен - ді бұ - дан

27 *Қайырымы*

 құ - ты - ла - ды. Е _____ й а - и и _____

Үшінші мақам

30

 Ей Қо-жа айт-ты: Жі-гіт-те-рім, құ-ла-ғың сал, Жа-бы-лып жол-ба-рыс-ты ей

33

 ор - та - ға ал. _____ Тұ-зақ тас-тап ті - рі-дей біз ұс - та-дык,

35

 Ба-ла-ға ұс тін де-гі қыл-май за-лал. Қы-рық жі-гіт жол-ба-рыс-ты орта-ға ал ей.

37

 Ұм - ты - лып тұс тұ - сы - нан тұ - зақ - сал - ды. _____

39

 Мой(ы) - ны - на же - ті тұ - зақ қа - бат тү - сіп,

40 *Қайырымы*

 Ба-ла-ны дақ тү-сір-мей ұс-тап ал-ды. Е - и _____ и _____ и _____ а - е - и _____

42




Көпбай Әлімбетов (1904-1985) — халық ақыны, жыршы, жырау, этнограф, Нұралы Нысанбайұлының шәкірті. Ол 1904 жылы қазіргі Түркістан облысы Бәйдібек ауданына қарасты Қызылкөпір ауылының аумағында дүниеге келген. Ақындық өнерімен жастай танылған Көпбай ескіше де, жаңаша да хат таныған. Халық ауыз әдебиетімен қатар жазбаша ертегі-дастандарды да көп оқып, оларды жадында сақтаған. Ақынның соңында бірқатар дастан-қиссалары, арнау, толғаулары қалды. Көпбай суырыпсалма ақын ретінде де танымал. Ол А. Нысанов, М. Сұлтанбеков, Ж. Жақыпов, Ә. Айтақов, Қ. Төлеуов т.б. ақындармен айтысқа түскен. Шығармалары «Айтыс», «Ақындар жырлайды» жинақтарында жарияланып, «Ғасырдан — ғасырға» атты жеке кітабына (2004) енді.



Суретші Ә.Смағұлов

СЕЙПІЛМӘЛІК

«Сейпілмәлік» — оқиға желісі «Мың бір түн» ертегісінен алынған, қазақ арасында «Сейпілмәлік пен Бәдіғұлжамалдың хикаясы» деген атпен ертедегі жырланып келген ғашықтық жыр. Шығарманың сюжет желісіне махаббат, сүйіспеншілік, адал достық мәселелері арқау болған. Жыр мазмұнында шынайы және сырлы көріністер өзара үйлесімін тапқан. XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында жыр оқиғалары қазақ жастарын қызықтырып, бұл жыр кіршіксіз, адал махаббаттың символына айналған. Әйгілі Әсет ақынның «Сейпілмәлік, Жамалдай бейнетіңе көнсем-ай» деп үздігіе жырлауы — осының айғақты дәлелі.

«Сейпілмәлік» — қазақ эпосының арасында ең алғашқы жеке кітап түрінде басылым көрген шығармалардың бірі. Қазан қаласында 1807 жылы басылып шыққан жырдың халық аузында айтылып жүрген бір нұсқасын В.В. Раглов жазып алып, «Түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары...» (1870) еңбегінде жариялады. XX ғасырдың басында әртүрлі тақырыппен оншақты рет жеке кітап боп басылды. Кейін ақын Ақым қажы Үлімжіұлы жырлаған нұсқа да халық арасына кеңінен тарап, «Қисса Сейфулмәлік шаһзада ағазкардан Бәдіғұлжамал перизат» деген атпен Қазанда жарық көргі (1882).

«Сейпілмәлік» жыры туралы зерттеулер М. Ғұмарова, О. Нұрмағамбетова, Т. Сыдықов, Б. Уахатов, Ү. Сұбханбергина, А. Қыраубаева, Б. Әзібаева сынды ғалымдардың еңбектерінде кездеседі. Антологияны баспаға дайындау барысында жырдың қолжазба нұсқалары мен әр жылдары жарияланған үлгілеріне текстологиялық сараптама жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде 1870 жылғы В.В. Раглов жинағында жарияланған «Сейпілмәлік» жыры таңдалып, ұсынылды. Түпнұсқасы Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (576-бума).



Әуелде жад етемін¹ Тәңірім атын,
Сұрасаң өзі берер онан датын.
Бұл кітапты бастай салдым,
Айып қылып оқыма жазған хатым.

Қолыма қағаз бен қалам алдым,
Дүниенің опасына қайран қалдым.
«Ғаріптер² жұрт ішінде тыңдасын», — деп,
Қиссасын «Сейпілмәлік» хатқа салдым.

Кісіден білген сөзім сұрамадым,
Жаза бердім, кісіге қарамадым.
Қалған сөзін жазарсыз ұлыңызбен,
Қайта түзеп жазарға жарамадым.

Сөйлейді кім де болса жалған сөзін,
Әр жерде көңіліне алған сөзін.
Асығып бұл кітапты мен жазғанмын,
Жаңылсам түзей көрші қалған сөзін.

Қай жерде жүрсем дағы жалғыз басым,
Ағады ойлай берсем көзден жасым.
Сүлеймен патшаның заманында
Бір патша өтті Мысырда, аты — Қасым.

Төрт жүз шаһар³ Қасымға қарайтұғын,
Төрт жүз патша «әділ» деп сыйлайтұғын.
Жүз жетпіс жасы оның, перзенті жоқ,
Аладан: «Перзент бер», — деп сұрайтұғын.

Бір күні Қасым патша ой ойлайды,
Өзінен басқа жұртын еш қоймайды.
«Ажал жетіп бір күні өле қалсам,
Орнымды ұстап, сөзімді кім сөйлейді?»

Қырық күн үйден шықпай налыс⁴ қылды,
Бір Алладан басқаны алыс білді.
Қырық күн үйден Қасым шықпаған соң,
Билері, уәзірлері іздеп келді.

— Ойбай, билер, жалғыздыққа Тәңірім салды,
Жасым жетіп, дүниеден көңілім қалды.
Ажал жетіп бір күні өле қалсам,
Орнымды ұстап кім алар осы малды?!

¹ Жад ету/араб/ — еске түсіру.

² Ғаріп /араб/ — бейшара, мүсәпір.

³ Шаһар, шәр /араб/ — қала.

⁴ Налыс /түркі/ — реніш, өкпе.

Әкесі өлсе, орнында ұлы қалар,
Орнын ұстап, дұға қып, көрге салар.
Дүниеден жалғыз жүріп, жалғыз өттім,
Кім бар артымызда дұға қылар?!

Әкесі өлсе, артында ұлы қалар,
Ақылды болса, әкенің орнын алар.
Ажал жетіп, бір күні өле қалсам,
Біздей жалғыздардың несі қалар?!

Перзент үшін жанымды қинап жүрмін,
Төрт жүз шаһар елін билеп жүрмін.
Өзім өлсем, артымда кім қалады?
Мұның үшін Құдайға жылап жүрмін.

Не ой қылдым: «Үйімнен шықпайын, — деп,
Дүниенің бұзық сөзін айтпайын, — деп. —
Алла перзент бермесін білгеннен соң,
Жаныммен иман қылып жоқтайын», — деп.

Билердің жауабы:

Билері қол қусырып жауап берді,
Ағызып маңдайынан берді терді:
— Қырық күн әділдікті қылмаған соң,
Мақұл кетіп, шәріге тентек толды.

Тақсыр-ау, бұрынғыдай таққа отыршы,
Шәр-шәрді жиып сен мал алдыршы.
Алла перзент не бере ме, не бермей ме?
Шақырып балгерге бал салдыршы!

Беріңіз, тақсыр хан, бір тілекті бізге,
Көрелік бал аштырып әрбір іске.
Балгер балменен бір сөз айтар,
Тәңіріңіз бере ме екен перзент сізге?

Қасым хан уәзір сөзін қабыл көрді,
Билері патшасын алып жүрді.
Шәрде балгерлерге хабар беріп,
Бәрі бірдей жиылып үйге кірді.

Балгерлер кітап оқып, бал ашады,
Бәрінің айтқан сөзі бір болады:
«Жамын деген сұлтанның қызы болса,
Оны біз айттыралық», — деп ой қылады.

«Қасым патша жұрттарын жиды, — дейді, —
Алтын-күміс жұрты киді, — дейді. —
Жамынның патшасына елші салды,
Жіберді патшасына енді», — дейді.

Елшіден патшаның хат жазғаны.

«Елшіменен біз сізге хат жібердік,
Бар екен бір қызың, жақсы көрдік.
Күйеулікке бізді жақсы көрсең,
Алтын-күміс, мал-мүлкін саған бердік.

Қызметкердің жолында құл болайын,
Қабыл көрсең, мен саған ұл болайын.
Жалғыздықтан дүниеде мұңым бар,
Сұрасаң, қанша малды мол берейін».

Жіберді хан қайғысын хатқа салып,
Билері елші кетті жолдас болып.
Бір-екі айда Жамынға жақын жетіп,
Жіберді патшасына қағаз жазып.

«Мысырдан елшіміз», — деп хабар салды,
Бұларды көрген адам таңғалды.
«Мысырдан елшімін», — деп есіткен соң,
Жамынның ханы мұны көңіліне алды.

«Елшілер рұқсат алып кірді, — дейді, —
Алдында қол қусырып тұрды, — дейді. —
Қасында падишаның жұрт жиылып,
Елшіге тұрып орын берді», — дейді.

«Елшілер тұрып үйге кірді, — дейді, —
Ап келген хатын ханға берді, — дейді. —
Келген хаттың жолына құрмет қылып,
Ашты да оқып хатын көрді», — дейді.

Оқыды да ол хатты жерге қойды,
Жұртымен ақылдасып, малды сойды.
Алтын-күміс жарлыға қайыр қылып,
Көп мал сойып қылды да жұртына тойды.

«Жұма күні тойды ол қылды, — дейді, —
Әр шәрден жұрт тойға келді», — дейді. —
Үлкен-кіші, бай-пақыр көп жиылып,
Осы тойда бәрі де тойды», — дейді.

Патшаның қызын ұзатқаны.

Ұзатты патша қызын тойын қылып,
Үлкен-кіші бұл тойда ойнап-күліп,
Жүз нарға артып құл мен күң, алтын-күміс,
Қанша жасау екенін болмас біліп.

«Көп керуен болып бұлар қайтты, — дейді, —
Бір кісі ханға хабар айтты, — дейді. —
«Шүйіншіге келгенмін шапқанша,
Елшілерің қызды алып қайтты», — дейді.

Қасым хан атқа мініп қарсы жүрді,
Керуеннің келер жолын тосып тұрды.
Елшілер барған ісін бітірген соң,
Сүйініп ол падиша қызды көрді.

Қызды көріп падиша көңілі сүйді,
«Көремін», — деп ел-жұрт атқа мінді.
Патшасына бұл қыз келгеннен соң:
«Той қылып, неке қисын енді», — дейді.

Қызды көріп падиша көңілі сүйді,
Неке қылып, той тойлап, малды сойды.
Алтын-күміс жарлыға қайыр қылып,
Көп мал сойып, жұртына қылды тойды.

Ойнап-күліп хан, ханым қыс-жаз өтті,
Бұрынғы ханның қайғысы ойдан кетті.
Ханымның атын сұрасаң Жәмила еді,
Алла тағдыр қылды да, бала бітті.

Айы-күні бітті де, бір ұл тапты,
Әр жақтан: «Шүйінші!» — деп кісі шапты.
Жарлыға ат мінгізіп, тон кигізіп,
Батаны жақсылардың бәрі қыпты.

«Қасым патша әр малдан сойды, — дейді, —
Үлкен-кіші, бай-пақыр тойды, — дейді. —
Үй ішінде жиылған жақсылары
Сейпілмәлік ұлдың атын қойды», — дейді.

Бар еді бір уәзір Қамыт атты,
Жүріпті хан алдында оның даты.
Қатыны оның бір ұл тапқан екен:
«Шүйінші!» — деп әр жерге кетті хаты.

Қамытты Қасым патша қасына алды,
Өзінің оң жанынан орын салды.
— Ұлыма сенің ұлың жолдас болсын, —
Екеуі үшін той қылып, сойды малды.

Екеуі бір күн туған құрдас болар,
Алла аман сақтаса, сырлас болар.
Шешесі бір-біріне сүт емізсін,
Жүргенде олай-бұлай жолдас болар.

Қасым хан уәзірімен малды сойды,
Жиылтып бай-жарлыны бәрі тойды.
Үй ішінде отырған ақсақалдар
Қамыттың ұлының атын Сейіт қойды.

Сейіт пен Сейпілмәлік бірге тұрды,
Бірінен-бірі айырылмай өмір сүрді.
Екеуі үш жасына жетіп еді,
Оқытуға бұларды мақұл көрді.

Екеуін бірдей берді молдасына,
Сиынды: «Оқырмыз», — деп Алласына.
Бес-алты жыл молдасында оқып жүріп,
Тең келді ұстаз болған молдасына.

Оқудан бұлар енді өнер тапты,
Әр жақсыларға қарсы шапты.
Жолдассыз бір-бірінен ас ішпейді,
Батаны жақсылардың бәрі қыпты.

Әр елдің өнерінен өнер алды,
Лашын, сұңқар, қаршыға, бүркіт салды.
Қылғаны күннен-күнге ойын-күлкі,
Береді қайыр қылып жұртқа малды.

Жүреді үйден-үйге майдан ашып,
Құс салып, аң аулайды дария кешіп.
Қылғаны жақсылардың көп тамаша,
Әр күнде бір өнерден үлгі пішіп.

Қасым ханның жалғызына үй қылдырғаны.

Қасым патша ұлына үй қылдырды,
Қай өнерден ұлына бұл білдірді.
Ұлы үшін алтын-күміс көп беріпті,
Той қылып, жақсыларға ат міндірді.

Алтын менен күмістен үй қылды,
Шәріне ұсталардан бәрі келді.
Дүниенің қымбатының бәрі сонда,
Бір үйге хан шығарған сансыз малды.

Кірпішін күміс қылды алтын жағып,
Әр жерге гауһар тастан шеге қағып.
Дүниенің қымбат нәрсе бәрі сонда,
Түспейді көрген адам оған бағып.

Не түрлі сауық десең, ішінде бар,
Әртүрлі жақсы ағаш тысында бар.
Бұлбұл, сандуғаш сайрап тұрды,
Не түрлі сурет десең, жүзінде бар.

Той қылып Сейпілмәлік үйге кірді,
Жан досы Сейіт оның бірге кірді.
Күн өткенін білмеді, ай өткенін,
Ойнап-күліп біраз күн өмір сүрді.

Қасым ханның тон, жүзік бергені.

Он екі Сейпілмәлік жасқа жетті,
Бұрынғы хан қайғысы ойдан кетті.
Қасым патша ұлының жүзін көріп,
Бұрынғы жылағаны ойдан кетті.

Бір күні ұлын шақырды: «Көрейін, — деп, —
Бір жүзік, бір тон оған берейін, — деп. —
Қанша күн өмірім барын Тәңірім білер,
Жалғызым, қуанышпен жүрейін», — деп.

Шақырды хан баласын көңілі сүйіп,
Той қылып, жалғызы үшін жұртын жиып.
Тапсырды баласына екі бұйым:
— Жүзікті қолыңа сал, тонды киіп.

Жалғызымның досы мұнда келсін, — дейді, —
Екеуінің көңілі бірдей тынсын, — дейді. —
Пайғамбардан қалған бір қанатты ат
Тапсырдым, Сейіт оны мінсін, — дейді.

Ат, тонын бұлар алып үйге қайтты,
Бергенін әкесінің жұртқа айтты.
Өлең айтпай бекер, сөзіңді айт,
Өлеңменен әке-шешесін кім байытты?

Сейпілмәліктің тон, жүзікті көргені.

Жүрді де үйден-үйге ойын қылды,
Ойнап-күліп жүргенін қызық көрді:
«Әкем берген бұл киім қандай екен?» –
Көргелі тонын үйге алып келді.

Әкесі берген тонды үйге алды,
Әкесі жүрген жерде ұйықтап қалды.
Тас үйге келді жалғыз, жолдасы жоқ,
Көргелі берген тонды жайып салды.

Сейпілмәлік сол тонды ашқан екен,
Бір сурет тон ішінде жазған екен.
Сол суретті көріп асық болып:
«Не қыларын білмеймін», – деп сасқан екен.

Қызыл гүлдей ақ жүзді, белі үзіліп,
Қарайды Сейпілмәлік көзін сүзіп.
Бұл суретті көрген соң асық болды,
Екі көзінен жас ақты, бет бұзылып.

Суретті жад қылғаны.

Болар ма мұндай көркем туған адам,
Табар ма бұл суретті көрген адам?
Мал мен жаңды бірдей құрбан қылып,
Жетер ме дүние кезіп соған адам?!

Суреттің көркін айтсам халға келмес,
Іздемей көрген адам тірі қалмас.
Біреуден сондай бір қыз туған екен,
Сұрасам, ешкім оның жөнін білмес.

Таң атқанша жылайды ұйқы көрмей,
Ұйықтап қалды жан досы бірге жүрмей.
Алдына алып суретті құшақтайды:
– Жолыңда өлсем енді өмір сүрмей.

Жылағанын естіп Сейіттің келгені.

Жылағанын естіп досы келді,
Ұйқысынан оянып түрегелді.
Екі көзінен жасы ағып досы жатыр,
Өзі лаж таппай сасып қалды.

– Не болды бір сағатта, досым, саған,
Не қайғы-дүр, не болды? Айтшы маған.

Не іс болса да жолыңда мен өлейін,
Жалған дос мен емеспін, айтшы маған.

Жылап досы сұрайды, сыр айтпайды,
Баяғы ақылға еш қайтпайды.
Досы үшін жүз ойланып, жүз толғанып,
Аузын ашып сырын бір айтпайды.

Әкесіне келгені.

Жан досы әкесіне хабар қылды,
Әкесі мен шешесі жылап келді.
Патша жұртынан тәуіп пен дәрігер жиып,
Сейпілмәлік қасына бәрі келді.

Әке менен шешесі сөз сұрайды:
— Жалғызым, сырың айтсаң нең құрайды?
Қанша зарлап сұраса да, бір айтпайды,
Лажын таппаған соң жұрт жылайды.

«Лажын таппай Қасым хан қайтты, — дейді, —
Сейітке: «Лаж тап», — деп айтты, — дейді. —
Айтса, балам бұл сырын саған айтар,
Жан досына қайғысын айтсын», — дейді.

Жан досы сақтап бұл үйде қалды,
Сейпілмәлік сыр айтпай үш күн болды.
Жан досы еш лажын таппаған соң,
Қолына ашуланып қанжар алды.

— Бір күнде туып-өсіп құрдас болып,
Неше жыл өмір сүрдік сырлас болып.
Қанша сұрасам да сыр айтпадың,
Ойладың ба жүрерге жолдас болып?

Ойлап едім: «Өмір бірге сүрейін», — деп, —
«Жамандық келсе, алдыңда көрейін», — деп. —
Сен өлімге жетіп келдің бұл қайғыдан,
Ойлаймын: «Сенен соң қайтіп жүрейін?» — деп.

Жамандық келсе алдыңда мен жүрейін,
Сен көрме жамандықты, мен көрейін.
Алдыңда мен досың құрбандығың,
Сенен соң осы жанды не қылайын?

Қолына «өлемін», — деп қанжар алды:
«Сенен соң не етейін осы жанды?»

Шаншуға өзін-өзі қол көтерсе,
Жүгіріп келіп, жан досы ұстай алды.

Досына сыр айтқаны.

– Айтпасам бұл сырымды сен өлерсің,
Жан қиып біздің жолда бір боларсың.
Жас уақытта басыма бір іс түсті,
Ғаріп жан мұнан қайтіп құтыларсың?

Бұл сырымды айтсам да, айтпасам да,
Бұл жолдан қайтсам да, қайтпасам да.
Бұл сырымды айтпадым ойлағаннан,
Болмас-ты енді оны айтпасам да.

Әкемнің берген тонын алып едім,
Ішіне ашып көзімді салып едім.
Ішінде бір суретті көріп едім,
Көрген соң оған асық болып едім.

Ішінде хаттары бар жазып қойған,
Болар ма ол суретті көрсе тойған?
Патша Сүлеймен тәжінен хабар тауып,
Көркіне көріп оның, сірә, тойған.

Қызыл гүлдей перизат¹, сүттей ағы,
Тілменен айтып болмас көрсем дағы.
Көркем жүзі оттай қызыл ол қыздың,
Шаһардың аты екен «Ирамбағы».

Бұл суретті көрген соң асық болдым,
Бойына, қызыл жүзіне қайран қалдым.
Ұйқым дағы келмеді, ас есіме,
Оның үшін бұл жанды отқа салдым.

Сіздерге о жалғаннан сөз қатпадым,
Ол үшін күндіз жылап, еш жатпадым.
Күндіз ойдан кетпеді, түнде түстен,
Сөйтсем де көпке айтуға ұқсатпадым.

Ас ішпес, ұйқы ұйықтамас дертім — осы,
Басылмас мұны іздемей көңілім хошы.
Осы сөздің, жан досым, ақылын тапшы,
Сұрасаң, айтсам осы сөз мәнісі.

¹ Перизат /парсы/ — періден туған, пері тектес сұлу қыз.

Сейіттің әкесіне білдіргені.

Бұл сөзден әкесіне хабар болды,
Мәнісін мұның енді бәрі білді.
Қасым патша елі мен жұртын жиып,
Сейпілмәлік қасына бәрі келді.

Қасым патша жұртына сөз бастайды:
— Ақылын тауып бұл сөзді кім қостайды?
Мұның асық болғаны — пері қызы,
Аспанға ұшқан құсты кім ұстайды?

Сүлеймен патша бізді көңіліне алды,
«Досым», — деп өзі өлген соң хабар салды.
Жіберген осы тонды, жүзік пен ат,
Үш бұйым онан бізге мирас қалды.

Үш бұйым бергеннен соң алып едім,
Тонды ашып, көзімді оған салып едім.
Тон ішінде суретті көргеннен соң,
Бұрында мен де асық болып едім.

Сол заманда бұл сурет туған емес,
«Табамын», — деп еш адам қуған емес.
Ол перизат болғанда, біз адамзат,
Періге еш адамзат қосқан емес.

Көп жыл болды, ол сурет ойдан қалды,
«Пайғамбардың мирасы», — деп балам алды.
Ойымда сурет болса берер ме едім,
Не қылса да пендеге Тәңірім салды.

Бұл іске, жақсыларым, ақыл табың,
Іздеп мұның лажын елге жайың.
Баланың алдында жұрт жылады:
«Жалғызым, қайтіп табам сенің бабың?»

Уәзір менен билерге кеңес қылды,
Еш лаж баласына болмас білді.
— Төрт жүз кісі дүниенің төрт бұрышына
Елден-елге аралап, қызды тапсын, — деді.

Қызды іздеп төрт жүз кісі атқа мінді,
Жүз кісіден әр жақтан іздесін енді.
Бұрынғыдай болмады Сейпілмәлік,
Кеткен кісі келгенше көңілі тынды.

Төрт жақтан төрт жүз кісі бір жыл жүрді,
 Көрмеген шәр мұнан бұрын бір жылда көрді.
 Издеген шәріден хабар таппай,
 Бір жылдан соң қайтуға бетін бұрды.

Сейпілмәлік бұларға қарсы келді,
 Қарсы келіп төрт жүз кісіден хабар білді.
 «Бір жылда ол қыздан хабар таппадық», — деп,
 Айтқаннан соң көңілі жаман болды.

Қасым патша жұртына хабар салды,
 Уәзірлер мен билерін қасына алды.
 Бәрі жиылып ақыл айтып еді,
 Еш лаж таппағанға қайран қалды.

— Жіберген көп кісіміз қайтып келді,
 Төрт жүз ханның қызынан хабар білді.
 Ирамбағы шәрінен хабар таппай,
 Қоймады төрт бұрышын да елді кезді.

Перизат қанаты бар, ұшып кетер,
 Қуған адам оларға қашан жетер.
 Төрт жүз бидің қызынан айттыралық,
 Сөзіміз біздің айтқан алсаң не етер?

Қартайғанда әкеңе қайғы салма,
 Ұшып жүрген құсты көңіліңе алма.
 Сүйген жерден айттырып қыз алалық,
 Болмас іске бой салып, қайғы қылма.

Сейпілмәлік жылайды, көз қақпайды,
 Билердің айтқан сөзі бір жақпайды.
 Уәзірлер мен билері ақыл айтып еді,
 Тоқтатуға еш лажын таппайды.

Онан соң Сейпілмәлік өзі тұрды,
 Әкесінің аяғына басын ұрды.
 — Сізге бір қайғы үшін тудық, әке,
 Бір іс басыма түсіпті, көңілім бұрды.

Барлық пейіш¹ қыздарын келтірсең де,
 Алтын-күміс алдыма толтырсаң да,
 Онан басқа еш жарға бұрмас көңілім,
 Өзің біл өлтірсең де, күлдірсең де.

¹ Пейіш /парсы/ — жұмақ, жаннат.

Ай менен күнді бірдей алып келсең,
Алдыма алып келіп арыз қылсаң,
Сол суреттің иесін іздеп таппай,
Еш лаж табылмас әкем болсаң.

Тұрса алдымда төрт жүз қыз бәрі келіп,
Ерімес осы көңілім оны көріп.
Рұқсат берсең, әке, мен іздер едім,
Қырдан іздеп таппасам, дария кезіп.

Рұқсат берсең, әке, мен кетейін де,
Жолында жүріп тау-тас өтейін де.
Рұқсат, әке, бермесең оны көрмей,
Бір шыбындай жанымды не етейін де.

Алдыңда, әке, бір сөз сөйлеп пе едім,
Тіліңді қайтарайын деп ойлап па едім?
Әр нәрсе, әке, көңіліме аламын деп,
Көзіңше, әке, сенің ойнап па едім?!

Қасым патшаның ұлына рұқсат бергені.

Баласы әкесіне арызын айтты,
Әкесі лаж таппай жылап қайтты.
Баласын қимағаннан көп күн тұрды,
Ақыры рұқсат берді, жарлық айтты.

«Баламның жоғын жұртым тапсын, — дейді, —
Төрт жүз кеме ұсталар шапсын, — дейді. —
Әр кемеге мың кісі отырғандай,
Төбесін бітеу қылып жапсын», — дейді.

Шәрден кеме қылып елді жиды,
Қай жерде ұста болса, бәрі келді.
Қасым ханның көңілі үшін жұрт жиылар,
Алдыңда қызмет қылып, аттай желді.

Сейпілмәлік Сейітпен жүрмек болды,
Әкесі тілектерін бермек болды.
Мұхит дариясына кеме ұзатып,
Жүз мың кісі жолдас болып жүрмек болды.

Төрт жүз кеме ішінде жүз мың кісі,
Жолында құрбан болды ол кісі.
Қасым патша бекініп белін буды,
Не қылса да пендеге Тәңірім ісі.

– Жалғызым, енді қайтып көрермін бе,
Сен келгенше тірі болып жүрермін бе?!
Аман болсаң, келерсің қайтып мұнда,
Қартайғанда енді өмір сүрермін бе?!

Жігіттік дәурен бізден кетіп еді,
Жасымыз екі жүзге жетіп еді.
Жүзіңді көрерімді Алла білер,
Күш-қуатым, дәуренім кетіп еді.

Жабдығың лаж таппай мен сайладым,
Ішім күйіп, қазандай мен қайнадым.
Айырылам деп, қайтейін, ойлап па едім,
«Аллаға тәуекел», – деп бел байладым.

Бұл дерттен өлер болдың мұнда тұрсаң,
Жарыңды тапқандай сен іздеп жүрсең.
Жаратқанға мен разы болар едім,
Аман болып, қайтып келіп, жүзіңді көрсем.

Не қылсам да Аллаға салдым, балам,
Жылай, маңырай артыңда қалдым, балам.
Тірі болып жүзіңді бір көрсем,
Кетпес қайғы көңіліме алдым, балам.

Қолымнан кеттің, балам, құстай ұшып,
Ағады көзден жасым көңілім түсіп.
Әкесі мен шешесі зар жылайды,
«Жалғызым», – деп ұлының мойнын құшып.

Сансыз әскер ұзатты атқа мініп,
Сейпілмәлік жөнелді көңілі тынып.
Амандасып айырылды екі әскер,
Кетіпті жүз мың әскер дария кешіп.

Мұхит деген дарияға түсті кеме,
Судан басқа көрінбес ешбір неме.
Жалғызы үшін Қасым хан зар жылайды,
Ажал тимей адамзат өлер деме.

Бір шөрге келгені.

«Төрт жүз кеме бес-алты ай жүрді», – дейді,
«Түзу жел арттан алдыға сүрді», – дейді.
«Бір аралда бір шаһар көрінеді,
Кеменің басын оған бұрды», – дейді.

Шаһардың патшасына хабар болды,
Дариядағы төрт жүз кеме әскер толды.
Бұлардан шәрдің халқы қорқысады,
Қорыққаннан бекітті келер жолды.

Шаһар халқы бұларға елші салды:
— Ел ме, жау ма? Жұртымыз қайран қалды.
Білгелі келген біздер елшілерміз,
Патшамыз «Жау болар» деп ойына алды.

Сейпілмәлік елшіге жауап берді:
— Біз жай жүрген жолаушымыз алыс жерде.
Ұрыс пенен таластан ойымыз жоқ,
Шығардың бізден қорқып бекер терді.

Елшілер жауап алып қайтып келді,
Патшасына бұл сөзді айтып келді.
— Жай жүрген Мысыр шәрдің патшасы екен,
Қорықпаңыз, ол жау емес, жай, — деп келді.

«Кемемен бұлар тұрып жүрді», — дейді,
«Алдында арызы бар сөз сұрайды», — дейді.
«Есіткен бар шығар бұл падиша,
Мейман қылсақ үш-төрт күн ұнайды», — дейді.

Патша елші сөзін қабыл көрді,
Шақырып: «Мейман болсын келген», — деді.
Уәзірімен бұларға хабар салды,
Қызметкер қылды алдында тамам елді.

Бұл шәрдің падишасы қарсы жүрді,
Алыстан қол қусырып, сәлем берді.
Шәрдің атын сұрасаңыз — Пағпұршын,
Сейіт пен Сейпілмәлік үйге кірді.

Үш-төрт күн бұларды ел сыйлады,
— Арызың бар ма? — деп хан сөз сұрады.
— Іздеп жүрген шәрі — Ирамбағы,
Мұның жөнін еліңде кім біледі?

Пағпұршын есітіп құлақ салды,
Шәрдегі қарттарды жиып алды.
Ирамбағы деген шәрді ешкім білмес,
«Естіп, көрмедік», — деп қайран қалды.

Көп ішінде бір кәрі сөз айтады,
Есіткен, көрген шәрлерін қоса айтады.

– Естіп едім Қатына деген шәрді,
Бір жылдық жолы оның, – деп сөз айтады.

Бұл дариямен барғандар табар жолын,
Жыл жетпек боп көрмесе дұшпан қолын.
Көп жасқа келген сонда қарттар бар,
Тапса солар табады мұның жолын.

Бұл дариямен барғандар табар оны,
Дарияда өтер оның бір жыл күні.
Кәрілері есіткен бар, табар соны
Күншығыста болады оның жөні.

Пағпұршын шәрінен шыққаны.

Сейпілмәлік Сейітпен жүрмек болды,
Көрсетті баяғы шал барар жолды.
Қатына шөрге бармақ болып енді
Жүргізді енді артынан жүз мың қолды.

Төрт жүз кеме дариямен күн-түн кетті,
Аралдан олар қонып, жүріп өтті.
Алты ай олар күн-түн жүріп еді,
Бұларға енді Алладан қаза жетті.

Жүрді олар ойнап-күліп, қармақ салып,
Қызықпен дариядан балық алып.
Күн өткенін білмейді, ай өткенін,
Барады арттарында тау-тас қалып.

Әуеден күн жел шығып қатты болып,
Дарияда кеме жүрді шыр айналып.
Күн күркіреп, жел болды, қар, мұз жауып,
Бірін-бірі білмейді тіл байланып.

Күндіз күн қараңғы түндей болды,
Төрт жүз кеме бұзылып жүндей болды.
Алланың күшімен көп әскерлер
Бірін-бірі көрмес күндей болды.

Бір кемеге бір кеме соғылады,
Кеме сынып, ел суға жығылады.
Жүз мың кісі бәрі де суға кетіп,
Алланың тағдыры, кәрі не қылады.

Ғаріптердің налысы көкке шықты,
Бір кемені бір кеме суға тықты.

Кеме сынып, күн жауып, толқын болып,
Жүз мың ердің бәрі де суға түсті.

Дария толды бұлардың көз жасына,
Ешкім лаж таппайды өз басына
Сайлап алған жүз мың ер суға кетті,
Қайырылмастай күн болды өз басына.

Ажалынан бәрі өлді лаж қылмай,
Тақтайда қалды ажалсыз есін білмей.
Сейпілмәлік қараса көзін ашып,
Елу-алпыс кісі қалды қасында өлмей.

Пәре-пәре болыпты төрт жүз кеме,
Қалған жоқ жүз мың ерден жалғыз неме.
Қалыпты бір тақтайда алпыс кісі,
Ажалсыз оларды өлер деме.

Сейпілмәлік көрсе, тақтайда отыр,
Елу-алпыс кісі бәрі қасында отыр.
Қараса, көп ішінде жан досы жоқ,
Бір сағатта Алланың тағдырын көр.

— Төрт жүз кеме ішінде досым қайда,
Мұңды күнде мұңдасқан досым қайда?
Тәңірден мұндай жарлық болған екен,
Енді менің сырласар кісім қайда?

Жылай-жылай «досым» деп ойына алып,
Алланың тағдырына қайран қалып:
— Бірге өсіп, бірге жүрген сырласым-ай,
Қайда бардың досыңды жалғыз салып.

Жөнелді тақтайменен бел бүгісіп,
Оны тақтай алдына желмен күтіп.
Бұл тақтайда үш ай ағып еді,
Болды қайран айналма суға жетіп.

Тақтай ағып айналма суға түсті,
Бәрінен бір Алланың әмірі күшті.
Айналманың ішінде үш ай жүрді,
Жыласып жандарынан үміт үзді.

Сейпілмәлік жылайды көкке қарап,
Жар үшін, ел-жұрты үшін аттай жарап.
Жылайды жалбарынып қол көтеріп:
«Азаптан құтылсам», — деп жәрдем сұрап. —

«Ойбайымнан» пайда жоқ іс өткен соң,
 Қайтып жігіт болмайсың күн өткен соң».
 Сейпілмәлік Аллаға мойынсұнды:
 «Қайтіп өмір сүрейін дем жеткен соң?»

Алпыс кісі қасында сөз айтады,
 Ажал болса ойбайменен не табады?!
 «Неше-неше жақсылар жолдас болған,
 Төрт жүз кеме ішінде досым, кәне?!»

Елінде әке-шеше қалды жылап:
 «Есен-аман көрсет», — деп Құдайдан тілеп.
 Бір сәт отыз тау өтіп, дария кешіп,
 Қиын болды жүз мың ер жанын қинап.

Ажал жетті дүниеден өмір сүрмей,
 Бір сіз үшін арманда елін көрмей.
 Әрқайсысының үйінде туғаны бар,
 Болмайды Құдай өміріне мойынсұнбай.

Сейпілмәліктің өз мінәжаты¹.

— Тәңірім өзі жаратты,
 Он сегіз мың әлемді.
 Бір өзіне қаратты.
 Шешеден туған адамды
 «Күн көрсін» деп жаратты.
 Біз — құлыңды жараттың,
 Шеше ішінде қан қылып,
 Жылатып жерге түсірдің.
 «Өмірі зарлап өтсін», — деп,
 Он айдан соң жан қылып,
 Аяқ беріп, қол беріп,
 Мен — құлыңды жараттың.
 «Өмірі зарлап өтсін», — деп,
 Бір суретті көргіздің.
 Жаман қылып жаратсаң,
 Еш жақсы болуым жоқ.
 Ажал болса бұйырдың,
 Қайғы етсем де, лаж жоқ.
 Біз — құлыңды жараттың,
 «Тағдырымды көрсін», — деп,
 Шарам бар ма, қайтейін?
 «Бұл дарияда өлсін», — деп,
 Шешенің ішінде жараттың.

¹ Мінәжат /араб/ — жалбарыну, құлшылық.

Жоқтан бізді бар қылып,
Әке-шеше көргізбей,
Бұл суретке зар қылып.
Бір күн тымық, бір күн жел,
Тағдырыма будым бел,
Ғаріптікке қалыппын,
Көрінбейді көзіме ел.

Жібермейді айналма
Мынадан қайтіп өтейін?
Мысыр менен Ирамбағына
Енді қайтіп жетейін?
Жерім қалды артымда,
Арызым кімге айтайын?!
Жүз мың пәле алдымда,
Амалым жоқ, қайтейін?
Дария ішінде сәргардан¹,
Өмірім зарлап өтер ме?
Желден сәлем жіберсем,
Әке-шешеме жетер ме?
Құбыла жақтан ескен жел,
Сенен сәлем айтайын.
Ғаріптікке қалдым мен,
Алла әмірін қайтейін?

Дария ішінде жол болдық,
Жар жолында мұптала²,
Теңіз бенен көл болдық,
Кетпес бізден бұл пәле.
Төрт жүз кеме ішінде
Бір адам да қалмады,
Іздегенге жетпедік,
Дертке дәрмен болмады.
Бұл суреттің жолында
Жан шыбындай ойнайды,
Ақыры осы айналма
Қалғанын да қоймайды.
Сәлемімді кім айтар
Кәрі болған әкеме?
Біздің үшін сарғайып,
Мұңды болған шешеме?
Дария ішінде айырылған,
Жаннан тәтті жан досым,
Тірі болса бейшара,

¹ Сәргардан /парсы/ – сергелден, әуре-сарсан.

² Мұптала /араб/ – қайғыға, азапқа түсуші.

Алла еліне қосты ма?!
 Издегенім — бір сурет,
 Ажал жетсе Алладан,
 Жолында жүріп сәргардан¹,
 Бір көрмедім, қайтейін.
 Патша едім бір күнде
 Мысыр шәрдің ішінде.
 Ажал жетсе, амал жоқ,
 Бұл дарияның жүзінде.
 Лаж қайтіп табайын,
 Дария толқын болғанда.
 Жарым қайтіп табайын,
 Өмірім тұтам қалғанда.
 Бір тақтайда алпыс ер,
 Ақыры ажал жетті ғой.
 Үй орнында айналма
 Ақыры оның жетті ғой,
 Үш ай өмір өтті ғой.
 Ажал жетсе шара жоқ,
 Белінді берік буарсың.
 Құдайдан басқа дәрмен жоқ,
 Жыласаң бетің жуарсың.

Әрбір түрлі сөз айтып,
 Сейпілмәлік жылайды.
 Ешкімнен дәрмен жоқ,
 «Бір Алла», — деп жылайды.
 Ғаріп көзін қоймайды,
 Сөзі ішіне сыймайды.
 Кітаптағы сөз үшін
 Өзі жанын қинайды.
 Шәрде отырған молдалар
 Онан жаман бұлғайды.
 Әрбір жерде еңіреп,
 Бекер жанды қинайды.

Қасындағы жолдастың айтқаны.

— Баламыз жүргеніміз көрмей қалды,
 Шешеміз туғанымыз білмей қалды.
 Сіз үшін біз жүрміз құрбан болып,
 Не қылса да пендеге Алла салды.

Біз де жүрміз алпыс жан арман болып,
 Бір сіз үшін жолыңызда құрбан болып.

¹ Сәргардан /парсы/ — адасу, сергелдең.

Жыламайық, Аллаға сабыр қылсаң,
Не қылса да еркі бар Алладан пәрмен¹ болып.

Тисе ажал қиын болып біз өлерміз,
Жетпесе ажал мұнан құтылармыз.
Досың үшін жылама әке-шешеңе,
Тірі болсақ, оны тағы бір көрерміз.

Көңілін аулап сөз айтады жолдастары,
Патша үшін сәргардан жолда мұңдастары.
Бұл жерде үш ай тұрды лаж таппай,
Қан аралас ағады көз жастары.

Айналмадан құтылғаны.

Сейпілмәлік бір күн жатып көз ілінді,
Түсінде бір адаммен сөз қылынды.
Сүлейменнің қолында жүзігі бар,
Жүзіктен керемет көп болды:

«Пайғамбардың жүзігін қолға аларсың,
Жүзікпенен айналманы үш саларсың.
Жүзікпен айналманы салғаннан соң,
Бұл пәледен сен енді құтыларсың».

«Ұйқыдан Сейпілмәлік тұрды, — дейді, —
Жүзікті алып суға ұрды», — дейді. —
Айналма қазандай қайнай-қайнай,
Тақтайды енді жөнге бұрды», — дейді.

Сүйініп бейшаралар салын бұрды,
Біраз күн ойнап-күліп аман жүрді.
Көрінеді алдынан бір үлкен кеме,
«Біздің кеме болар», — деп салын бұрды.

Зәңгілермен² соғыс қылғаны.

— Баяғы көп кемеден қалған шығар,
Бәрімізді пәлеге салған шығар.
Не болса да болармыз, қосылалық,
Олар бізді ойына алған шығар.

Кетті бейшаралар салын бұрып,
Жетті бір заманда оған жүріп.

¹ Пәрмен /парсы/ — әмір, бұйрық, жарлық.

² Зәңгі — қара дәу.

Бір кемеде жетпіс жан зәңгі батыр,
Қорықты бейшаралар оны көріп.

Бейшаралар дос іздеп дұшпан тапты,
Зәңгілер оны көріп, қарсы шапты.
«Ұрысында, бейшаралар, қаласың», — деп,
Олай-бұлай жан қамын қылып бақты.

Дария ішінде зәңгімен ұрыс болды,
Таппады бейшаралар қашар жолды.
Аузынан зәңгілер от шығарып,
Көп адам күйіп, дария түгін болды.

Алпыстан он екі адам тірі қалды,
Зәңгілер мұны көріп ұстап алды.
Әзіз¹ жаннан түңіліп бейшаралар,
Құтылмастай пәлеге енді қалды.

Зәңгілер патшасына алып келді,
Оларды бейшаралар енді білді.
Патшасы арақ ішіп отыр екен,
Қуанғаннан отырып қарқ-қарқ күлді.

— Тоғызын мұның шапшаң сойың, — дейді, —
Ойласып енді бұған тойың, — дейді.
Бар екен бір олардың жалғыз қызы:
— Үшеуін оған тірі қойың, — дейді.

Сейпілмәліктің жылағаны.

— Жаратқан Тәңірім, өлер жерге келдік,
Әр жерде медет қылған өзің, білдік.
Өзіңнен басқа дәрмен еш қылмайды,
Не қылсаң да рахматыңа² біз сүйіндік.

Тілеген Тәңірінен құры қалмас,
Ойбайым, бұл әлімізді ешкім есітпес.
Тұс болдық рахматы жоқ көп кәпірге,
Аяғына бас ұрсаң райдан қайтпас.

Әр жерде жад етермін, Тәңірім, сізді,
Қор қылмасын зәңгілер ғаріп бізді.
Мұнан басқа өлмеймін, жанымды ал,
Жегізбе кәпірлерге етімізді.

¹ Әзіз /араб/ — ардақты, қадірлі.

² Рахмат /араб/ — кешірім, мейірім, шапағат.

«Зәңгілер тоғыз ерді сойды, — дейді, —
Асыл жандар денесін қойды», — дейді. —
Сейпілмәлікті екі ермен аман сақтап,
Қызы үшін зәңгі тірі қойды», — дейді.

Зәңгінің қызына алып барғаны.

Зәңгілер бұл үш ерді алып кетті,
Қыз тұрған аралға жақын жетті.
Зәңгі қыз үш ерді үйге енгізіп,
Жолына екеуінің көп құрмет етті.

Сейпілмәлікке зәңгі қызы көп қарайды:
— Өлтірмесем бұларды нем құрайды?
Сейпілмәлікті көрген соң асық¹ болды,
Жүрген-тұрған жерлерін көп сұрайды.

Зәңгі қыз Сейпілмәлікке көзі түсті,
Асығы зәңгі қызының болды күшті.
Зәңгілерді қайтарды: «Соямын», — деп,
Бейшаралар жандарынан үміт үзді.

Сейпілмәлікті зәңгі қызы көңілі сүйді,
Сыртына шығармайды, іші күйді.
Еш адамға білдірмей, бұл үш ерді
Бір аралға келтіріп жасырады.

Зәңгі қызының асық болғаны.

Ойлады зәңгі қызы: «Сүйемін, — деп,
Енді мен Сейпілмәлікке тиемін», — деп.
Кірпішпенен ағартып қара бетін,
Бой түзеді аралға: «Жүремін», — деп.

Көзіне сұртпек болды қара көмір,
Аяқ-қолын ұстасаң бәрі темір.
Айтса ешкім білмейді оның тілін,
Өтпесін оның қасында бір күн өмір.

Қызыл қанмен бетіне опа жағып,
Бойына сарымсақтан түйме тағып.
Қолындағы жүзігі мыс, қола,
Ешбір адам болмайды оған бағып.

Бойының ұзындығы бір мұнара,
Денесінің ақ жері жоқ, бәрі қара.

¹ Асық /араб/ — ынтық; ғашық.

Құлақтары пілдің құлағындай,
Бір көзінің ауданы үлкен шара.

Жуан пілге ұқсайды тырнақтары,
Қара қазға ұқсайды бармақтары.
Үлкен-үлкен қазандай емшегі,
Он пұт ұндай бар шығар салмақтары.

Жүрсе аяғының басқаны түйедейін,
Өне бойы қап-қара күйедейін.
Зәңгі қызы: «Тиемін», — деп ой қылады,
Сейпілмәліктен пайда жоқ жалғыз тиын.

Аузы ағаш үйдің есігіндей,
Құлағы қазақ үйдің түндігіндей.
Қашау¹ дерсіз көрсеңіз оның қасын,
Мұрнының тесігі қазған індей.

Айтса ешкім білмейді тілін оның,
Әкесінің моласы мұрны оның.
Зәңгі қызы қасында мақтайды екен:
— Кәнеки, табылмайды сенің құрбың.

Зәңгі қызы отырып мақтанады:
— Бойымды көрген адам таңғалады.
Мұндай сурет дүниеде кімнен шығар,
Жүзімді көрсе Сейпілмәлік бір талады.

Зәңгі қызы: «Бойыма асық, — дейді, —
Жақпайды бәрі бізге, сасық, — дейді. —
«Сейпілмәлікпен қосылып ойнаймын», — деп, —
Мол қылып алдырады азық», — дейді.

Зәңгі қызының Сейпілмәлікке келгені.

«Қасына қыздар алып келді, — дейді, —
Аралға жетіп үйге кірді, — дейді. —
Зәңгі қызы есіктен келген соң,
Сейпілмәлік шарасыз тұрды», — дейді.

Келген қыздар отырып, төсек салды,
Зәңгі қызы Сейпілмәлікті қасына алды.
Зәңгілері бәрі де сасық болған,
Иістерінен хан ұлы талып қалды.

¹ Қашау — құрал өңдейтін, ою-өрнек түсіретін құрал.

Көп қыздар: «Сізді ойына алды, — дейді, —
Сіздің бойыңызды көрген соң талды, — дейді. —
Дүниеде сіздей туған сурет бар ма,
Көріп жүзіңе асық болды», — дейді.

Зәңгі қызы: «Айттым, — деп мақтанады,
Жүзімді көрген адам таңғалады».
Тізесіне басын қойып Сейпілмәліктің
Құшақтап: «Өз жарым», — деп қуанады.

Тақайды ай жүзіне бұлт жүзін,
Білмейді адам ұлы айтса сөзін.
Ғашық болып құшақтап хан ұлын,
Еш бұрмастан қарайды екі көзін.

Бір заманда Сейпілмәлік ақылын жиды,
Зәңгі қызы асық боп жанын қиды.
Зәңгілердің заңынша некесі бар,
Қыздар тұрып аяққа суды құйды.

— Сейпілмәлік, мені көріп ойыңа алдың,
Сымбатымды көрдің де, талып қалдың.
Ақылыңды жи дағы қасыма отыр,
Енді бізді алғаннан соң күйеу болдың.

Сейпілмәліктің жауабы:

— Көп сақтаймын сен қыздан мен өзімді,
Қара бұлттай жүзіңнен ай жүзімді.
Бетіме қарай берме, шығар жаным,
Жақтырсаң да, жақтырмасаң да бұл сөзімді.

Әуелден жарым үшін жанып едім,
Қайғыға мұнан бұрын қанып едім.
Қайғы үстіне қайғы қоса берме,
Бойыңнан шошығаннан талып едім.

Зәңгі қызы, азар болса басты аларсың,
Жерге тамса қанымды сен жаларсың.
Зәңгі қызын адамзат алған емес,
Дәме қылма, бекер сен қиналарсың.

Іздегенім — перизат қызы еді,
Сендей көмір қыз емес, ақ қыз еді.
Қан ішіп, адам етін жеуші емес,
Мұсылман, кәпір емес, ақ қыз еді.

Мойныма қолың салма, көңілім сүймес,
 Жанады ішің оттай, ішім күймес.
 «Тиемін», — деп, зәңгі қызы, ойыңа алма,
 Менен саған бір тиын пайда тимес.

Біз жүрген бір бейшара өмір сүріп,
 Бір жар үшін сәргардан жаным құрып.
 Сені мен «көрем» деген ойым бар ма?
 Қайтейін, душар болдым тағдыр бұрып.

Зәңгінің ашуланғаны.

Зәңгі қызы отырып ашуланды,
 Сейпілмәлік сөзіне енді қанды:
 «Ертең келіп басыңды кесейін», — деп,
 Өкпе қылып бұл сөзге оттай жанды.

Өлтірерге қимайды жүзін көріп,
 Жұмсайды: «Отын шап», — деп балта беріп.
 «Жарма¹ тарт», — деп отынға жұмсайды,
 Запырандай² сарғайды күн-түн жүріп.

Зәңгі қызы: «Көп қинасам алар, — дейді, —
 Менің айтқан сөзіме болар, — дейді. —
 Менің айтқан сөзімше болмаса олар,
 Өмірін бұл менімен сүрер», — дейді.

Бейшара сарғайды жарма тартып,
 Жауыр болды арқасы жарма тартып.
 Табаңдары ойылып, қолы сойылып,
 Асты дағы бермейді еш жарытып.

Күндіз болса қызметін оңдасады,
 Түн болса бейшаралар мұңдасады.
 «Көрмегенді көрдік», — деп бейшаралар,
 Бір-бірін құшақтап жыласады.

— Кетпеді ғаріпшілік басымыздан,
 Еш қайғысыз жүрмедік қасымыздан.
 Ғаріптікке түскенде жан қиналып,
 Дүниенің бәрі кетті қасымыздан.

Кеңесіп қашқаны.

— Біздің бүйтіп жүргенді ешкім білмес,
 Халімізді сұрауға ешкім келмес.

¹ Жарма — ортасынан екіге жарылып бөлінген отын.

² Запыран /араб/ — ерекше иісті сары гүл; қайғы, дерт.

Өлсек, біздер өлейік дария ішінде,
Еш адам Құдайдан басқа жарлы қылмас.

Неше жыл өмір өтті жан қиналып,
Бұл пәледен қашалық біз сайланып.
Ажал жетіп өлмесек, жұртымызды
Құдай көрсетсе, көрерміз бір айналып.

«Сал байлап, сумен бұлар кетті, — дейді, —
Зәңгілерден зиянсыз өтті», — дейді. —
Дариямен күн-түн қашып бейшаралар,
Бір аралға айдан соң жетті», — дейді.

Бір жақсы арал тапты жемісі бар,
Қыстайды сол аралда, көрмейді қар.
Ағашы сондай қымбат болған,
Алтын-күміс көрсе бұлар алмас.

Жемістен алды бұлар азық сайлап,
Түстілер дария ішіне салын байлап.
Күн-түн бұлар дариямен тынбай жүрді,
Келділер бір аралға салын айдап.

Маймылдардың ұстағаны.

Салын тастап аралға бұлар кірді,
Біраз күн жемісін тауып өмір сүрді.
Маймыл елі бұларды тауып алып,
Аяқ-қолын бекітіп алып жүрді.

Бейшаралар ұстауға тағы түсті,
Әзіз жаннан үмітін енді үзді.
Маймыл ұстауына түсер болып,
Бәрінен бір Тәңірінің әмірі күшті.

Патшасына бұларды алып барды,
«Үш адам ұстадық», — деп арыз қылды.
Маймылдың патшасы — адамзат,
Адамдар екенін енді білді.

Маймылдың патшасымен көрісіпті,
Бір-бірінің халдерін сұрасыпты.
Аман деген шәрдің патшасының ұлы
Мысырдың патшасымен душарласыпты.

Айтады бір-біріне халін бұлар,
Неше жыл өмір сүрді дария сулар:

– Бір пәледен құтылсақ, бір пәлеге,
Қашсақ та құтылмадық, болдық душар.

Маймыл патшасының халін айтқаны.

– Мен де сіздей бейшара бір ғаріппін,
Дария жүріп елімнен айырылыппын.
Аман шәрінің патшасының баласы едім,
Неше жыл мұнда тұрып сарғайыппын.

Дарияда толқын болып кеме сыңды,
Ажалсыз жан амалдап тақтай мінді.
Осы маймыл еліне душар болдым,
Ешбір қайтып көрмедім туған елді.

Өлген екен бұлардың патшасы,
Өрік, жеміс – бұлардың жеген асы.
Өз елінен патша қоймайды екен,
Іздегені – адамзаттан патшасы.

Өз елінен патша қоймайды екен,
Қойса, көп өмір сүрмейді екен,
Өз елінен қойса патшаның өмірі аз,
Іздегені адамнан патша екен.

Дариядан біз пақырды ұстап алды,
Астыма «Патша бол» деп тақты салды.
Бір күн патша болмас ем бұл елге,
Қайтайын десем, ел-жұртым алыс қалды.

Өмірім өтті мұнда патша болып,
Көкірегім жұртым үшін қанға толып.
Итбас хан келтіріп, қызын беріп,
Күйеу болдым, қайтейін, қызын алып.

Басы ит, кеудесі адам, қарап тұрсам,
Басқа лаж таппадым қайда барсам.
Жақсы еді мұнда патша болғанша,
Өз елімде құл болып өмір сүрсем.

Бұл шәрдің сұрасаң, «Амдан» – аты,
Итбас патша қарайды болса даты.
Бұл елдердің ішінде патша болып,
Өмір сүрер жер емес адамзаты.

Сейпілмәлік аз күн тұрды жолдас болып,
Маймылдың патшасымен сырлас болып.

Жатса-тұрса екеуі айырылмайды,
Көңілін аулап жүрділер мұңдас болып.

Итбас ханның қызын жібергені.

Итбас онда жатып хабар білді,
Бұрынғы күйеуіне арыз қылды.
Бар екен бір кішкене оның қызы,
Сейпілмәлікке беруге алып келді.

— Сейпілмәлік қызымды алса, үйім оның,
Екеуіңіз бізге енді күйеу болың.
Алтын-күміс, мүлкім — бәрі сізге,
Олай-бұлай деменіз, қызымды алың.

Қызды алып елшілер келіп тұрды,
Сейпілмәлік сол қызының жүзін көрді.
Ит екен басы, кеудесі — адамзат,
Қарамайды Сейпілмәлік оны көріп.

«Басымды, Тәңірім, саған салдым, — дейді, —
Құтылмастай пәлеге қалдым», — дейді. —
Іздегенім бұл ма еді, ғаріп басым,
Бұл пәлені мен қайдан алдым?» — дейді.

Біліп болмас бұл қызының айтқан сөзін,
Сейпілмәліктен айырмас екі көзін.
Кеуде жақтан қарасаң, адамзат,
Иттен бөлек емес оның жүзі.

Елу күн қыз қасынан кетпес болды,
Сейпілмәлікке арызы жетпес болды.
Сейпілмәліктен қыз енді пақыр еді,
Арыз етсе, ол қабыл емес болды.

Сейпілмәлік қарамайды қыздан шошып,
Өлген жақсы, жүргенінен итті қосып.
— Қыз, сен пақырлық қылма, — дейді, —
Қанатым жоқ қашуға сенен ұшып.

Елу күн Сейпілмәлік ас жемейді,
Өз жарынан басқаны сөз демейді.
Алтын-күмісімен ит қыз отыр,
Тым болмаса үстіне тон кимейді.

Маймыл ханнан рұқсат тілегені.

Сейпілмәлік барып ханға тізе бүкті,
Қан аралас көзінен жасын төкті.

— Тақсыр хан, рұқсат берсең, мен кетейін,
Мендей болған жалғанда мұңлы жоқ-ты.

Бәріміз бір адамзат, тақсыр ханым,
Ит басыңды көрсетпе, шықты жаным.
Бұл қайғымен сәргардан отырғанша,
Өз қолыңнан өлтірсең алал¹ жаным.

Жауап берді маймыл хан көп отырып,
Көзіне «айырылам» деп жас толтырып.
Жылай-жылай оған рұқсат берді:
— Тым болмаса кетпедің біраз тұрып.

Қимаса да оған рұқсат берді,
Артынан өзі отырып бірге жүрді.
Амандасып ханменен айырылысып,
Жаяу жүрді бұлар алыс жер-ді.

Дарияға түсті бұлар жаяу жүрмей,
Жаяулықтың азабын енді көрмей.
Үш бейшара бір жерде жолдас болып,
Дариямен алты ай жүрді басын бұрмай.

Бір аралға жеткендері.

Бір аралға алты айда жақын жетті,
Аралда бір-екі күн қонып өтті.
Аралға толған екен әртүрлі аң,
Тұруға лаж таппай ақыл кетті.

Түн болса әр жерлерде от жанады,
Аралда әртүрлі аң дем алады.
Көрген аң, көрмеген аң — бәрі сонда,
Оның үлкеніне таңғалады.

Түн болса оттай жанған балық көзі,
Аузынан айтқаны — «Құдайға шүкір» сөзі.
Аралға толған екен әртүрлі аң,
Сақтасын бір пәледен Тәңірім өзі.

Арыстан, жолбарыс, қабылан, жылан,
Аю, қасқыр, сілеусін, түлкі, қоян.
Аралға толған екен әртүрлі аң,
Бірін-бірі қуады онан-мұнан.

¹ Алал /араб/ — адал.

Сонасының үлкені торғайдай еді,
Келіп шақса, қаныңды сорғай еді.
Әр байғызы оның бүркіттей бар,
Сондай жерде қай адам тұрғай еді?

Түлкісінің үлкені – аш арыстан,
Қасқырдың үлкені – қара қабылан.
Әр мысығының үлкені тазыдай бар,
Ақыл жетпес көргенді айтып әбден.

Әр тышқаны оның мысықтай бар,
Алты ай қыс аралда көрмейді қар.
Түрлі-түрлі жеміс бар ат басындай,
Тұрмақ түгіл қашуға болады зар.

Қашты енді, сол аралда тұра алмас,
Сарғайып запырандай ойнап-күлмес.
Дариямен күн-түн бұлар бір ай жүріп,
Келеді бір аралға еш бұрылмас.

Жаңа бір аралға келгені.

Ағашы жоқ бір арал, жемісі жоқ,
Бейшаралар аралда болмады тоқ.
Шыдай алмай кеттілер сол аралдан
Сейпілмәліктің қайғысы болады көп.

Сейпілмәліктің қасында жолдастары,
Күндіз-түні бірге жүрген мұндастары.
«Жемісті арал табылса кетпеспіз», – деп,
Жүруге ой қылмайды сырластары.

«Жемісті арал табылса кетпес едік,
Қиналып тау-тастан өтпес едік».
Екеуінің ақылы осы еді:
«Сейпілмәлік болмаса кетпес едік».

Екі жолдас көңіліне алған екен,
Олардың көңіліне Алла салған екен.
Шарасыз шаһзада сөз айтпайды,
Оның үшін бұл жерде қалған екен.

Жаңа бір аралға келгені.

Бір аралға жетті де, тапты да ас,
Бар екен сол аралда қымбат тас.
Асқанда жар-жар басы аралапты,
Бір жыл онда өмір сүрді: қыс пенен жаз.

Жүрді бейшаралар қармақ салып,
Түрлі-түрлі жемістен қолына алып.
Жолдастары жүргенді жақтырмайды,
Сейпілмәлік жылайды қайран қалып.

Екі жолдасының өлгені.

Бір жылдан соң біреуі науқас болды,
Сейпілмәліктің қайғыға көңілі толды.
Артынан тағы бірі болды науқас,
Науқастан күннен-күнге жүзі солды.

Жылайды Сейпілмәлік жалғыз болып,
Күннен-күнге қайғыдан жүзі солып.
Бір жағынан шаршайды, болды науқас,
Бұл қайғыдан көкірегі қанға толып.

Береді науқастарға жеміс тауып,
Жүре алмайды қайғыдан аяқ басып.
Екеуінің науқасы қатты болды,
Жылайды бір-біріне арыздасып.

— Науқастан жаман болдың, жолдастарым,
Айырылам ба сіздерден, мұңдастарым?
Жалғыз қайтіп жүрейін дария ішінде,
Өмірімді қайтіп сүрейін, сырластарым?

Өмірім қайтіп өтеді дарияда жүрсем,
Жалғыз қайтіп жүрейін шөлге кірсем?
Көбің кетіп қасымнан, жалғыз қалдым,
Өмір қайтіп сүрейін жүрсем-тұрсам?

Қайда жүрерім білмеймін, еш те жөнім,
Жалғыздығым өтеді, мұңды күнім.
Ғаріп басқа түсті кетпес қайғы,
Зарлай-зарлай өтеді күнім, түнім.

Науқастардың Әзірейіл¹ жанын алды,
Бір күн өлді екеуі, жалғыз қалды.
Жылай, еңірей бейшара жолдасына,
Жаназасын оқып, екеуін көміп салды.

Қайғыдан адам өлмес, ақыл танар,
Аузынан түтін шықпас, көкірек жанар.
Өмірің ерте өтер ме, кеш өтер ме,
Тірі адам бұл жалғанға қайтіп қанар?

¹ Әзірейіл /араб/ — жан алғыш періште.

Дарияға түсті, есін жия алмайды,
Жылайды, жолдастарын таба алмайды.
Білмейді жөннің дағы қайсы екенін,
Басы тізеде, көз жасын тия алмайды.

Тізесіне басын қойды іш күйгенге,
Ғаріпшілік көп көрді жар сүйгенге.
Ас ойына келмеді, дүние ойына,
Ішкен ас тамағына түйілгенге.

Сейпілмәліктің салы бұзылғаны.

Бір қатты жел келді де салын бұзды,
Ескі жібі үзіліп бөлек түсті.
Бір ағашқа салдан түсіп мініп алды,
Әзіз жаннан бейшара үміт үзді.

Ескен жел сындырды мінген салды,
Лажын таба алмайды қайран қалды.
Бір қу ағаш бар екен дария ішінде,
Жан қамы үшін ағашты ұстай алды.

Қу ағаштың басына шықты шаһзат¹,
Тәңіріне жылай-жылай қылды көп жад:
«Болмаса, Тәңірім, сізден ешбір себеп,
Сол жерді көрген емес еш адамзат».

Сейпілмәлік сол жерде үш күн тұрды,
Жылай-жылай көзіне қан жас толды.
«Ел-жұртымнан айырылдым бір жар үшін,
Ғаріп менің басыма не күн болды?»

Не жаздым, не жаңылдым, еш білмеймін,
Жамандықтан басқаны еш көрмеймін.
Тәңірі, сізден болмаса бір себеп,
Ақыр бұл дарияда мен күн көрмеймін.

Бұрынғыдай болмайды, дәрмен кетті,
Әке-шеше, қарындас арман кетті.
Жаратқанның жарлығына мойынсұндық,
Бізді бұлай болсын деп тағдыр етті.

Жалынсақ, Жомарт Патша² рақым етер,
Жүзіме пәле кез келсе, аман кетер.

¹ Шаһзат /парсы/ — шаһзада, шахтың ұлы.

² Жомарт Патша — Жаратушы, Алла Тағала.

Тәңірі алдында тіленсе намыс болмас,
Ақыры мұратына бір күн жетер».

Құс келіп ұшырғаны.

Аяды Қадір Сұлтан¹ ғаріп құлды,
Әуеден бір үлкен құс пайда болды.
Сейпілмәлікті алуға қасты қылып,
Қу ағаштың басына келіп қонды.

Сейпілмәлік ойлапты: «Өлемін», — деп,
Құс ұмтылды: «Ғаріпті аламын», — деп.
Құс жеткенде аяғынан ұстап алды,
«Не тағдыр болса боламын», — деп.

Көтеріп Сейпілмәлікті алып ұшты,
Ұстайды Сейпілмәлік бірге құсты.
Дарияда бір күн, бір түн алып ұшты,
Ұясына келгенде талып түсті.

Сейпілмәлік ғаріп жанын қайғы қылды,
Шаршап құстың түскенін ойлап білді.
Тау-тастың арасына жасырынып,
«Құс келіп таппасын», — деп бір інге кірді.

Бір жақтан жылан келді аузын ашып,
Сейпілмәлік қорықты қаны қашып.
Құс баласын бір жылан жейді екен,
Ұмтылды құс жыланға қанат жайып.

Жылан өтті Сейпілмәліктің жанын басып,
Қашырды құсты жылан аузын ашып.
Сейпілмәлік жыланды көргеннен соң,
Не қыларын білмейді, қалды сасып.

Жыланды өлтіргені.

Қолына алды айбалтасын беліндегі,
Қалғаны зәңгілердің еліндегі:
«Бекер қарап тұрғанша ұмтылайын,
Ажал тағдыр болса өлдім дағы».

«Йә, Алла!» — деп балтасын қолына алды,
Көтеріп айбалтасын белге салды.
Балтамен айдаһарды екі бөліп,
Сол жерде жылан дұшпан өліп қалды.

¹ Қадір Сұлтан /араб/ — құдіретті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.

Жыланды құс келді де жоғары алды,
Баласына жем қылып бере салды.
Сейпілмәлікке құс енді қастығы жоқ,
Баласы айдаһардан аман қалды.

Жер жүзі дұшпан болса зиян қылмас,
Сақтайды Тәңірі өзі, пенде білмес.
Тәңірім тағдыр етпей ажал жетпес,
Су ішінде жатса да пенде өлмес.

Сейпілмәліктің жаяу жүргені.

Сейпілмәлік жаяулап шөлге кірді,
Көрмеген ғажаптарын сонда көрді.
Запырандай сарғайып қызыл жүзі,
Бір жыл жолмен жүріп өмір сүрді.

Қиын іс болмас жұрттан айырылмақтан,
Қалмайды көзден жас зар қылмақтан.
Жалғыздық пен жаяулық басқа түсті,
Бір тағдыр болса керек бар қылмақтан.

Сейпілмәліктің мінәжаты.

«Түзу жолға сал, Тәңірім, жазған құлыңды,
Күнәсі көп басынан асқан құлыңды.
Бізге сізден басқа дәрмен жоқ,
Әр жерде жалғыз жүріп сасқан құлыңды.

Мысырға біз құлыңды патша қылдың,
Мені бір жар үшін мұңды қылдың.
Әуелде патша қылып жаратсаң да,
Қайғының қылышымен бауырым тілдің.

Бізден басқа патшалар жұртын сақтап,
Әрқайсысы ойнап-күлер өзін мақтап.
Не қылса да тағдырыңа мойынсұндық,
Пәледен құтылмадым дүние ақтап.

Жүз мың пәле көрсем де бір жарым жоқ,
Су орнына қан жұтып қанарым жоқ.
Осынша ғаріпшілік көрсем дағы,
Асық жардың жолында арманым жоқ.

Жаратқан, өзің жеткіз іздегенге,
Он үш жылдан артық күн-түн сөйлегенге.
Жалғыз жүріп жар үшін сәргарданмын,
Осы күні үмітім үзбегенге.

Жас күнімде басқа түсті істің ауыры,
 Қалмады сені іздеп дария, тау да.
 Сен перизат, еш жерде хабарың жоқ,
 Жолыңда құрбан болдым денім сауда.

Ескен жел апарар ма сәлемімді,
 Жолыңда құрбан қылдым бұл жанымды.
 Бізден ақыл шығар тау үстінде,
 Кім айтар өлсем мұнда бұл жанымды.

Елінде жүрген шығар сейіл құрып,
 Біз жылаймыз ол үшін жалғыз жүріп.
 Жолыңда қыс, жаз жүрген мен бір міскін¹,
 Жетермін бе мұратқа жүзің көріп?

Суретің әуел сенің өзім көрдім,
 Таппадым еш хабар, мұнша жүрдім.
 Күндіз-түні сенің үшін зар жылаймын,
 Ғаріптікпен мұнша өмір сүрдім.

Зынданнан қатты болды жолым,
 Жарылды ыстықтан аяқ-қолым.
 Қанша жыл ғаріпшілік көрсем дағы,
 Болар ма дидарыңды көрер күнім?

Құдайым, мұратыма жеткіз мені,
 Пендеңнің қиналады ғаріп жаны.
 Тағдырыңа, Құдайым, риза болдым,
 Неше азап көрерім, көрсет оны».

Бір тауға келгені.

Жаяулап биік тауға жақын жетті,
 Тау үстіне шыға алмай есі кетті.
 Тау басына шығуға лаж таппай,
 Бір жылдай зарлай-зарлай өмір өтті.

Тау басынан шығады қабылан үні,
 Ойнайды әртүрлі аң күні-түні.
 Қанша ой қылса да, тау басына
 Шығуға табылмайды ешбір жөні.

Тау басында әртүрлі аң шақырады,
 Аю, қасқыр, жолбарыс ақырады.
 Биік тауға шығуға лаж таппай,
 Бір жылдай сол жерде тоқырады.

¹ Міскін /араб/ — бейшара, ғаріп.

Ұмтылды тау басына қуат қылып,
Киік те түседі тастан тайып.
Ақыр бір жан қайғы үшін тауға шықты,
Әр төбенің басына тынып-тынып.

Тау басына шықты да ақыл жиды,
Не болса да жар үшін жанын қиды.
Жан шыққанша нәсіп таусылмайды,
Бұлақтан суын ішіп, жеміс жеді.

Бір жағы су сол таудың, бір жағы шөл,
Жүрген адам сол жерден таппайды жол.
Енді шөлмен жаяулап жүре берді,
Ғаріптіктен жарылды аяқ пен қол.

Тәуекел Аллаға мойынсұнып,
Шаршаған соң әр жерге бір күн қонып.
Бір Аллаға жалынып зар қылады,
Бір жар үшін жолына ғаріп болып.

Жолбарыс өлтіргені.

Бір жерде жолбарыс шықты аузын ашып,
Қасты қылды Сейпілмәлік топырақ шашып.
«Бір пәледен құтылсам, бір пәле», – деп,
Қорқады Сейпілмәлік қаны қашып.

Айбалтаны бойға алып, бойын түзді,
Жолбарысқа түзетті екі көзді.
Жолбарыстан жан аман құтылған соң,
Аллаға жалынады, жаяу жүрді.

Жөнелді жаңа айдай бел бүгіліп,
Екі көзден жас ақты қан төгіліп.
Әр жерде қорыққандай бір іс болса,
Қалады әзіз жаннан енді үзіп.

Қайсысын мұның айтайын, көп күн өтті,
Қайсыбірін жазайын, есім кетті.
Сейпілмәлік бірнеше күн жүріп еді,
Бір шарбаққа жаяулап жақын жетті.

Адамзат сондай шарбақ көрген емес,
Сол жерде адам, пері жүрген емес.
Жаралған жануарлардан дүниеде жоқ,
Ойласаң, көрсең еш тұрған емес.

Ойлайды Сейпілмәлік жалған емес:
«Бұл үйді еш адамзат салған емес.
Ол мұнда перінің жері шығар,
Бұлардан тірі адам қалған емес».

Сейпілмәлік ойлайды: «Көремін, — деп, —
Шарбаққа енді қарсы жүремін, — деп. —
Бұл мұнда перілердің жері шығар,
Не болса да үйге кіремін», — деп.

Арыстан келіп ұшырағаны.

Жөнелді Сейпілмәлік үйге таман,
Шарбақтан шықты енді бір арыстан.
Келгенде айбалтамен шауып еді,
Құлап түсті арыстан, ақпайды қан.

«Сол жұрттар — перінің жұрты», — дейді,
«Арыстан күзетшіге тұрды», — дейді.
«Жарлықпен арыстан қылған екен,
Ақыры Сейпілмәлік ұрды», — дейді.

«Сол жерден Сейпілмәлік жүрді, — дейді, —
Шарбақтан бір үлкен үй көрді, — дейді. —
Алтын кілт есікке салған екен,
Айбалтасын қолына алып ұрды», — дейді.

Үй сымбатты, айтуға тілге келмес,
Алтын-күміс сарай бар, адам білмес.
Адамға перизатпен жетпес ажал,
Қандай-қандай тар жерде жүрсе өлмес.

Үйде бір қызды көргені.

Алтын тақтай құрыпты асыл шатыр.
Шатырды ашып көрді, бір қыз жатыр.
Жүзі айдай жарқырап тақ үстінде,
Адамзатқа ұқсайтын бір қыз жатыр.

Қозғайды қызды әр кез оянбайды,
Тастап қызды кетуге қия алмайды.
«Өлі», — десе, «бұл қыздың жаны бар», — деп,
«Тірі», — десе, ақылын біле алмайды.

Қыздан хабар таппайды және шықты,
Гауһар тастан қолына ала шықты.
Қыз басында жазулы тақтай жатыр,
Қалдырмай оны тағы ала шықты.

Ойлайды: «Қыз өлі ме, тірі ме? — деп, —
Бұл шарбақ дұшпанның жері ме? — деп. —
Иесі келсе, ол маған зиян қылар,
Дәу ме? — деп ойлайды, — бұл пері ме?» — деп.

Үй ішінде Сейпілмәлік сейіл құрды,
Тақтайды алып шығып тыста тұрды.
Есіктен біраз тыңдап тұрып еді,
Қыз пақыр үй ішінде бір сөз айтып тұрды.

Сейпілмәлік сол үйге қайта кірді,
Қыз басын көтерді де, сәлем берді.
Тақтайды көрген соң қыз жылайды,
«Тақтайда сұмдық бар», — деп ойлап білді.

Тақтайды тысқа тастап үйге кірді,
Қыз басын көтерді де, сәлем берді.
— Дәусіз бе, перісіз бе, мен сұрайын?
Біз жүрген бір бейшара алыс жерде.

Қыз пақыр жауап берді, сәлем алып:
— Біз де адамзат, жүріпсіз ғаріп болып.
Дәу қолында он бір жыл сәргарданмын,
Қорықпай сіздер бізден қайран қалып.

Түрегеліп көрісті екі зарлы,
Бұрынғы жалғыз еді, болды жарлы.
Қыз пақыр: «Жігіт, сөзің сөйле, — дейді, —
Не себептен мұнда сен ынтызарлы?»

Жігіттің сөзі:

Сейпілмәлік қыз пақырға сөз бастайды:
— Сөз айтсам, іздегенім өз Құдай-ды.
«Үйге келе ме?» — деп мен қорқамын,
Перизат адамзатпен жүз қарайды.

Қыз жауабы:

— Дәу малғұн жеті күн бізге келмейтұғын,
Айтса тілін еш адам білмейтұғын.
Үш күн қал, қорықпа, сөзіңді сөйле,
Сөзге нансаң, не сөз бар жылайтұғын.

Жерімнен бұл дию малғұн қашты алып,
Он бір жыл сәргарданмын қайран қалып.
Кеткенімді білмеймін, келгенімді,
Тақтайды басқа қойса қалам талып.

Есітіп Сейпілмәлік сөз бастады:

– Мен едім Мысырдың патшазаты,
Ел-жұртымнан айырылып, мал-мүлкімнен,
Тәңірден Бәдіғұлжамал құлдың даты.

Бір суретті көрдім, асық болдым,
Жүз мың ерден айырылып жалғыз қалдым.
Он екі жыл жолында сәргарданмын,
Бұрын патша болсам да ғаріп болдым.

Бір жан досым бар еді, айырылғанмын,
Ойымнан еш кетпейді, зар қылғанмын.
Патшалықтан айырылдым, ел-жұртымнан,
Жалғыз басым қайғымен жарылғанмын.

Сөйледі сөздің бәрін бастан-аяқ:
– Ел-жұртымнан айырылып жүрдім саяқ,
Бәдіғұлжамал ойымнан еш кетпейді,
Тәңірім салды қайғыны аямай-ақ.

Жолында оның іздеп жүрсем де мен,
Таба алмасам жолында өлсем де мен.
Осы қайғы бәрі де кетер еді,
Асық жардың жүзін бір көрсем де мен.

Қыз пақыр атын естіп көп жылады:
– Анадан бір тусам да не қылады,
Асық сенің жарыңның мен құрдасы едім,
Енді біздің бұл халді кім біледі?

«Сейпілмәлік естіп, күлді, – дейді, –
Асық жардың хабарын білді, – дейді. –
Айтқан сөз құлағына жаққаннан соң,
Қыз қасына жақынырақ келді», – дейді.

– Сен маған сөз айттың ба, жолдасым-ай,
Өзімдей ғаріп болған мұңдасым-ай.
Бұл хабарды ешкімнен білгенім жоқ,
Шын болса айтшы маған, сырласым-ай.

Бәдіғұлжамалдың айтқаны.

– Ойбай, жігіт, нанбасаң мен нандырайын,
Сөзімді бастан-аяқ қандырайын.
Бұл хабарды бұрын сен білмесең,
Шырағыңды енді мен жандырайын.

Рабұлмәлік әкем дүр¹ Сарандилда,
Інісі дағы патша болып жұрт ішінде.
Екеуі екі жерде патша болған,
Олар онда, біз ғаріп қалдық мұнда.

Пері шәрі бізден алыс емес,
Әкеміз Шабалмен таныс емес.
Ол перизат болғанда, біз — адамзат,
Бір-бірімен дос болып сарпай² кимес.

Қатыны Шабалдың келген екен,
Біздің елде біраз күн тұрған екен.
Біздің елде жүргенде сейіл құрып,
Бәдіғұлжамал сол жерде туған екен.

Бізді шешем сол күні тапқан екен,
«Шүйінші», — деп әр жаққа шапқан екен.
«Шүйінші», — деп айтқан даусынан,
Алтын-күміс үстіме шашқан екен.

Бәдіғұлжамал шешесі сонда келіп,
Ел жиып ғаріптерге ас жегізіп.
Бәдіғұлжамал шешемнің сүтін еміп,
Біздерді сүт емізіп бала қылып.

Екеуміз бір күн туған құрдас едік,
Ел ішінде бір жүрген сырлас едік.
Алланың үкімі болып енді айырылдық,
Қайтейін, айырылмастай жолдас едік.

Бір күн ойнап жүргенде тұман болды,
Ұстайды бір дәу келіп біздің қолды.
Дәу қолында он бір жыл кіріптармын,
Ел-жұртымнан көргенім сол-ақ болды.

Бұл дәуге тұтқын болдық біз жолығып,
Еңіреп бізді жүріпті асық болып.
Он бір жылдан қолында кіріптармын,
Ел-жұртымнан сәрғардан қайран қалып.

«Дәу малғұн — дәу патшаның ұлы, — дейді, —
Қазынаға ел-жұрттың молы, — дейді. —
Атасы Шабалмен дұшпан екен,
Әр жылда аттанады қолы», — дейді.

¹ Дүр /араб/ — атақты, даңқты.

² Сарпай /парсы/ — бағалы, сәнді киім.

Алып қашса да мен бой бермедім,
 Өлсем де қосылуға ой бермедім.
 Он бір жылдан бері алдайды дәу малғұн,
 Өлтірсе де ол мен сөз демедім.

Көп сөз маған айтады көңіл бөліп,
 Жақсы сөз мен айтпаймын көңіл беріп.
 Бірде өкпе қылады, бірде ашу,
 Кетеді өз еліне үш күн тұрып.

Жеті күнде келеді елде жүріп,
 Тағы бізді алдайды үш күн тұрып.
 Ұмтылады біздерге қастық қылып,
 Жылаймын: «Өлемін, – деп, – өзімді ұрып!»

Барсаңыз біздің елге: «Көрдім», – деңіз, –
 Қызыңыз Мәликемен тұрдым», – деңіз. –
 Дәу қолында он бір жыл тұтқын екен,
 Сырласып бір күн бірге жүрдім», – деңіз.

Білмейді олар менің жатқан жерім,
 Дәу қолында зарды татқан жерім.
 Білсе мені сол жерде қоймас еді,
 Өлімге байлап басымды сатқан жерім.

Басқа түскен қайғы тарқамайды,
 Жас күнде тұтқын болып бағым тайды.
 Бізден сәлем айта бар ел-жұртқа,
 Көпер күнім болар ма күн мен айды?

Әке-шешем мен үшін бауырын берген,
 «Жалғызым», – деп жылайды, көзі көрген.
 Олар да онда жылайды, көздері қан,
 Біздер де дәу қолында қиналып жан.

«Әр сөзге Сейпілмәлік қанды, – дейді, –
 Мәликенің сөзіне енді нанды», – дейді. –
 Хабарын есіткен соң қуанады,
 Біраз жарын ойға алып жанды», – дейді.

Сейпілмәліктің сөзі.

Сейпілмәлік сөз айтады: – Біз ойлайық,
 Бұрынғыдай есіткенді біз байлайық.
 Дәудің жаны қайда екенін сіз сұраңыз,
 Бір қайла¹ табылар ма, оны қылайық.

¹ Қайла – айла.

Тұрайық біз бір жерде жасырынып,
Сұраңыз жанын оның көңіл беріп.
Ашуланып сөз айтса, өкпе қылса,
Айтпас па екен ол сізге жанын қиып.

Бір қайла қылар едік жанын білсек,
Не қылса Алла әміріне мойынсұнсақ,
Тәңірі беріп дәу жанын қолға берсе,
Дәу малғұнды бұл жерде біз өлтірсек.

Қыздың жауабы:

— Дәу жанын мұнан бұрын сұрағанмын,
Ашуланып мен оған дау қылғанмын.
Ашудан қайтып маған жанын айтқан,
«Жаным суда» дегенде таңғалғанмын.

«Жанымызды бұл дарияға салдық» деген,
«Бір құдық бар, ішінде сандық» деген.
«Сол сандықтың ішінде менің жаным,
Ел таппас жаралған жанымды» деген.

Қолы тимес адамның бір жаныма,
Өлім жоқ жетсе жасым, болса мың да.
Дәу жанын судан алып шығар еді,
Сүлеймен жүзіктің барлығында.

Бұл күні табылмайды дәудің жаны,
Жүзік түгіл Сүлеймен өзі, кәне?
Заманында біз оның құлы едік,
Өлгеннен соң құтылды дәудің жаны.

Дәу айтқандай Сүлеймен өзі, кәне,
Жүзікті қолына кім ұстар оны?
Бізден сәлем айта бар ел-жұртыма,
Қанша айтсам табылмас дәудің жаны.

«Естіп Сейпілмәлік күлді, — дейді, —
Мәликеден шүйінші сұрады, — дейді. —
Тақ Сүлеймен жүзігі менде әзір,
Жақсылыққа Құдайым бұрды», — дейді.

Мәлике естіп қуаныш қылды,
Көрген соң жүзіктің барын білді.
Азық пен алтын-күміс үйден алып:
«Бір медет болар ма?» — деп екеуі суға келді.

Ұсындылар Алланың көп атынан,
Сүлеймен жүзіктің құрметінен.
«Дәу жанын біздерге шығарып бер,
Кетейік дәу малғұнның біз қасынан!»

Жүзікті қолына алып суға ұрдылар,
Алланың әміріне бел будылар.
Бір уақытта су қайнап сандық шықты,
Сандықты көтеріп бір қойдылар.

Сандықты ашып еді, кептер шықты,
Кептердің мойнын үзіп жерге тықты.
Аспаннан қып-қызыл қан қардай жауып,
Кептердің кесапаты дәуге жұқты.

Таудай болып дәу келіп жерге түсті,
Дәу пақырдың өлерде үні шықты.
Бейшаралар көрген соң қуанады,
Бәрінен бір Тәңірінің әмірі күшті.

Дариямен кетті бұлар салын байлап,
Алдылар дәу үйінен азық сайлап.
Қуанғаннан бейшаралар жыласып,
Кеттілер үш ай, күні-түні сал айдап.

Екі бірдей бейшара жолдас болып,
Бәдіғұлжамал жөнінен құрдас болып.
Біреуі — аға, біреуі — сіңлісі болып,
Жүрділер бір-біріне сырлас болып.

Бір үлкен жайын шықты аузын ашып,
Бұларды «жұтайын» деп суды шашып.
Сейпілмәлік ұйықтап еді, қыз оянды,
Қорықты бейшаралар қаны қашып.

Жайын басын көрген соң жыласады,
Қолдарын көкке жайып еңіреседі:
«Пәледен құтылдық деп ойлап едік»,
Аладан жылап медет тілеседі.

Жайынды өлтіргені.

Сейпілмәлік балтасын қолына алды,
Жайын дұшпан басына қатты салды.
Алланың әмірімен басқа тиіп,
Айналып жайын дұшпан кейін қалды.

«Тәуекел!» — деп Аллаға бет қояды,
Салмен ағып тағы да жөнеледі.
Бір аралға сал байлап еніп еді,
Саудагер көп керуенге кез болады.

Керуенге ұшырағаны.

Керуен қорықты бұларды: «Ұры ма?» — деп,
Бұлар қорықты: «Бір дұшпан болар ма?» — деп.
Керуен халқы бұларды тағы ойлайды:
«Біздей елге сауда қылып жүрер ме?» — деп.

Келді керуен бұларға қарсы жүріп,
Бұлар сәлем берді қол қусырып.
Қасына көп керуен келіп еді,
Таң қалдылар бұлардың жүзін көріп.

Керуендер таңғалып оларға пұл берді,
«Не болса да ұжмақтың нұры», — дейді.
«Осында запырандай сарғайғанда,
Беттерінде нұры жайнап тұрды», — дейді.

Бірін-бірі сұрасып жыласады,
Бәрі бірдей мұсылман танысады.
Шүршіттен¹ шыққан олар керуен,
Бірі-бірден сөзіне қанысады.

Керуендер таныды Мәликені:
— Ағасы Сарандилда — жұрттың ханы.
Он бір жыл ханның қызы ғайып болған,
Ағасы — біздің елде жұрт сұлтаны.

Таныған соң бір-бірін жыласады,
Көп керуен бір-бірден сөйлеседі.
— Әкесінің інісі бізге жақын,
Шүйіншіге шапқанша оңдасады.

— Үш айда ағаңызға қайтсақ керек,
Сол жерге кемеменен жетсек керек.
Аман болып шәрге жақын кетсек,
Кеме тастап бір қырға өтсек керек.

Жетті де шығар жерге сумен жүріп,
Кемелерін шығарды қырға барып.
Шүйіншіге бес кісі кетіп еді,
Шәрге жетті бұлар күн-түн жүріп.

¹ Шүршіт — қытайлықтардың ертедегі атауы.

Мәликенің ағасын көргені.

Сұлтанға елші хабар берді дейді,
Сәлем беріп есіктен кірді дейді.
«Ағаңыздың жоғалған жалғыз қызы
Аман-есен керуенмен келді», — дейді.

Шүйінші беріп, бұлар енді сөйлеседі:
«Келер, — деп, — Мәлике» ойласады.
«Той қылып, жұртқа хабар білдіргін,
Алдына барамыз», — деп сайласады.

Жұртпен келді ағасы қыз алдынан,
Көрісті ағасымен есен-аман.
Ағасы Мәликемен көріскенде,
Жыламаған қалмайды әскер, жаннан.

Ойнап-күліп он күн той қылады,
Түрлі-түрлі ойынмен ойнады.
Тәжімәлік Сейпілмәлікке барған екен,
Алдында қол қусырып сөйледі.

Мәликенің әкесіне қосылғаны.

Шүйіншіге билер кетті әкесіне,
Он төрт күнде жетті қаласына.
Есіткен соң шеше менен әкесі,
Қуанады екеуі жыласып баласына.

Малды сойып, той қылып, жұртты жиып,
Көрісіп әке-шешесі қалды талып.
Сейпілмәлікті билер құрмет қылып,
Ап келді Сейпілмәлікті таққа салып.

Ап келді Сейпілмәліктей ай мен күнді,
Той қылып, білмеді күн мен түнді.
Ұшқан құс қайтып елге келген,
Бәрінің бірдей ішінде көңілі тынды.

Шешесі: «Жаным, тірі келдің, — дейді, —
Он жыл қайғымен өлдім», — дейді.
Әкесі мен шешесі амандасып:
«Аллаға шүкір, жүзіңді көрдім», — дейді.

Қуанып әкесі мен шешесі отырмайды,
Мәлике күн-түн сөйлеп болдырмайды.
Он бір жыл әкесінен айырылған соң,
Көргенінің бәрін де қалдырмайды.

— Себебінен Сейпілмәліктің мұнда келдім,
Шарапат қып өзім мұны аға қылдым.
Аладан соң себептің бәрі мұнан,
Жүзінді көрдім дағы көңілім тындым.

Құдай сақтады, дәуден аман жүрдім,
Дәу қастық қылса өлімге бетім бұрдым.
Күн-түн бірдей Аллаға жылаушы едім,
Құдай сақтады, дәуден аман жүрдім.

Мәликенің сөзі:

— Қолы еш жетпеді дәудің маған,
Кәпір болсын сөзіме нанбаған.
Мойынсұнып келсе де дәу малғұн,
Ашулансам қайтады жетпей маған.

Серт қылып айтып оған: «Тиме маған,
Он бес жыл болмай тұрып тимен саған.
Өктемдеп зорлықпенен алам десең,
Өлем, — дедім, — сол күнде, нансаң маған».

Дәу малғұн бұл сөзімнен қайтушы еді,
Кегін өкпе қылып айтушы еді.
Ол уақытта Сейпілмәлік маған келген,
Дәу өлтіріп ол жерден алушы еді.

Есітіп хан мен жұрттың бәрі білді,
Жалғыздарын көрген соң көңілі тынды.
Ұл қылып Сейпілмәлікке орын берді,
Қолына енді берді қалың елді.

Сейпілмәлік бұрынғыдай патша болды,
Хан тапсырған ұлына ісін оңдайды.
Жұрт ішінде көрсетіп әділдігін,
Тәңірі өзі оңғарды енді жолды.

Қызметкерлер алдында әзір тұрды,
Бекзада мен патшалар бірге жүрді.
Ойыншы мен жырлаушылар бәрі сонда,
Түнде ойын, күндіз далада сейіл құрды.

Сейпілмәліктің досын сағынғаны.

Досы оның бір күні еске түсті,
Екі көзден жаңбырдай жасын ағызды:
— Суда өлдің бе, жан досым, қырда өлдің бе,
Дүниеде ұмыта алмаймын көрмей сені.

Баяғыда осындай ойнаушы едік,
Айырылуға бір күнде қимаушы едік.
Осында болмадың, жан досым-ай,
Жағада ойнап-күліп жүруші едік.

Көңілімнен, көзімнен енді кеттің,
Алтын жүзік қолымнан тайып кеттің.
Осы кездер көзіме көрінбейді,
Бір қайғыны бойыма жиып кеттің.

Қасымда болсаң сені көрмес пе едім,
Ойнап-күліп бір жерде тұрмас па едім?
Тірі болып көзіме бір көрінсең,
Артыңа қайда жүрсең ермес пе едім?

Көруші едім, е, досым, сені жандай,
Ішкен ас маған сенсіз қызыл қандай.
Өтіп кетер заманың жасымыздан,
Болмайды қызығымыз көз жұмғандай.

Сенсіз маған бұл ойын бәрі арам,
Жалғыз қайтіп сенсіз мен сейіл құрам?
Осы күнде ойымнан еш кетпейсің,
Жүзіңді енді сенің қайда көрем?

Сенсіз маған болмайды осы жиын,
Дүниенің сенсіз маған бәрі қиын.
Таққа отырып патша болсам дағы,
Сенсіз маған пайда жоқ жалғыз тиын.

Еске түссең жылаймын мен осындай,
Тақ үсті сенсіз маған бір тұтқындай.
Ойласам сен есіме түскен сайын,
Болады маған өмірім мың жыл оттай.

Кетер еді бұл қайғы жүзің көрсем,
Хабарын елден тауып қайдан сұрасам.
Жан тәтті жан досым, мұңдасым-ай,
Дүние не керек маған, бірге жүрсем.

Хабар болса жүзіңді көрермін бе,
Жоқ дүниеден көрмей-ақ өлермін бе?
Өлгеніңді естісем, мен өлермін,
Бұл қайғыға сарғайып жүрермін бе?

Мінәжат қылғаны:

«Әр жерде медет қылған Құдайым, сен,
Тілеймін жазықтықпен кедейің мен.

Досымды тірі болса бір көрсетсең,
Жолыңда жанымды құрбан етейін мен».

Досы үшін Сейпілмәлік бір күн жанды,
Запырандай сарғайды, ақылынан таңды.
Шаһзаданың зарлығын есіткен соң,
Бұл жерге енді жиылды жұрттың бәрі.

Мәликенің келгені.

«Көп қыздармен Мәлике келді, — дейді, —
Шаһзаданың қайғысын білді», — дейді.
Шаһзаданың көп қыздар көрді жүзін,
Айырмайды бәрі де екі көзін:

— Мойынсұн Алланың салғанына,
Айырылып досыңнан сен қалғаныңа.
Тірі болса көрерсің, өлсе өлген,
Қайтерсің бұл дүниенің жалғанына.

Бұрынғы күйгеніміз бізге батар,
Алланың әміріне пенде не етер?
Бұл дүниеден кісіге еш пайда жоқ,
Жаралған не жан болса бәрі де өтер.

Жолыңда біз бейшара құрбаңдығың,
Не етерге айтып қойған бір жандығың.
Сіз өлгенге мен де өлейін, күйді жаным,
Тілесен керек енді амандығың.

Келеді он күннен соң асық жарың,
Он үш жылдан сақтаған ынтызарың.
Ашылсын көңілің сенің, Сейпілмәлік,
Тірі болса табылар бір жолдасың.

Мәлике көп жылайды көңілін аулап:
— Кетіңіз бір-екі күн киік аулап.
Ашылсын көңілің жұртпен аңға шығып,
Тазы менен қаршыға, бүркіт салып.

Бұл сөз тыңдап Сейпілмәлік атқа мініп,
Шәрден өтті бұлар көңілі тынып.
Шаһзаданың сол жанынан өтіп еді,
Бір жігіт сәлем берді қарсы жүріп.

Сейпілмәлік сәлемін анда сүйді,
Ойлайды: «Сейіт пе?» — деп, іші күйді.

«Сейіт қайдан келсін?» — тағы ойлайды,
Сөйтсе де білмеді, көңілін қойды.

Жұртына: «Бұл ғаріпті көрің, — дейді, —
Біздің үйге алып жүрің, — дейді. —
Біз келгенше оны сіз құрмет қылып,
Біз қайтқан соң қолыма берің, — дейді. —

Мінезім бар ғаріп қимайтұғын,
Бір-екі күн қонақ қып сыйлайтұғын.
Біз келгенше сақтаңыз құрмет қылып,
Болмаңыз әркез оны қинайтұғын».

Екі кісі келді де ұстады оны,
Қалмайды бейшараның қорқып жаны.
— Патшамыз бұйырды: «Алып кел!» — деп, —
Керек қылды аң аулап қайтса сені.

Қорыққаннан бейшара жүзін бұрмайды,
Көзінен ағып жасы құрымайды.
«Бармаймын», — деп тырысып бағып еді,
Екі кісі, жалынса да, айырылмайды.

Кісі туған дүниеде жүрер үшін,
Кім көрінсе аяқтан сүйрер үшін.
Бейшара бұл кісіден қашты енді,
Бұл пәледен енді өтер үшін.

Әуелі екі кісі боқтап алды,
Бір-екі ұрды дағы жолға салды.
Көзінен жасы ағып бейшараның,
Ешбір лаж таппайды, қайран қалды.

Қорыққанынан бейшара кетті қашып,
«Не пәлеге түстім?» — деп қорқып, сасып.
Іздеп жүріп тапқан бейшараны
Ап кетті аяқтан жоғары асып.

Бейшараны алды да ұра-ұра,
Алып барды зынданға алып тура.
Бұл бейшара қорқып ойлайды ой:
«Қашар едім табылса біраз қора».

Жылайды бұл бейшара қаны қашып:
— Қалыппыз еш күнәсіз зындан түсіп.
Болмас еді ғаріптікке көңілі бұзық,
Жылайды «Өлемін» деп үміт үзіп.

Ғаріптіктен жаман іс болмас өмір,
Жылайды «Өлемін» деп жалғыз пақыр.
Ғаріптердің, күтсеңіз, көп сауабы,
Бар жерде ғаріп көрсең жылайды ақыр.

Ғаріптің көңілі сынық болар ма екен,
Ғаріпті үйіне кісі алар ма екен?
Қайғысы көп адамдар қарсы келсе,
Ғаріптердің сөзіне нанар ма екен?

Дүниеде ғаріптерден қайғылы жоқ,
Білмейді ғаріп алған өздері тоқ.
Өз халін білмейді сау адамдар,
Тиесілі ғаріптерге күнде бір оқ.

Жылайды ғаріп әр күн жасын төгіп,
Алласына зар қылып белін буып.
«Кіріптарға пайғамбар жәрдем» деген,
Болар ма, әй, жарандар, аса сөгіп.

Бір кісі ғаріп көрсе жылайтұғын,
Қолына қалам алып жырлайтұғын.
Ғаріптер де Алланың құлы емес пе,
Болар ма ғаріптер ойын ойлайтұғын?

Сейпілмәліктің сөзі.

Сейпілмәлік сол түні ұйықтамайды,
Ойына ғаріп түсіп тоқтамайды.
Таңда атқа мініп елге келді,
Кейінгі қалғандарын жоқтамайды.

Жарлық қылды жұртына: «Келіңдер, — деп, —
Кешегі аманатым беріңдер, — деп. —
Қай елден жүрсе дағы ғаріп шығар,
Ренжітпей оны алып жүріңдер», — деп.

Айттылар: «Патшамыз, қашып еді,
Табылмаса есімізді ашып еді.
Күн іздеп жүріп артыңнан,
Ұялып жүріп сізден сасып еді».

Келтірді бейшараның қолын байлап,
Кісі өлтірген кісіден арман етіп.
Сейпілмәлік көрген соң көп ұрысты:
— Ғаріпті ренжітіпсіз, не себеп?

Аяқ пенен қолына темір шұлғап,
Беті-көзін бірдей құмға былғап.
Сіздерге қанша күнә қылып еді,
Жүріңіз демедім бе көңілін аулап?

Ғаріпті кісі мұндай болмас болар,
Ғаріптің қатты жүзге көңілі қалар.
Ғаріптерге Тәңірім жәрдем деген,
Ғаріптің қарғысына жер сілкінер.

Бұл міскін қорыққаннан қашқан екен,
«Халім қалай жығылар?» — деп сасқан екен.
Ғаріптердің көңілін әзіз қылың,
Періштелер жазуға жазған екен.

Жылайды Сейпілмәлік оған қарап,
Аулайды көңілін оның халін сұрап.
— Жасырма, е, жігіт, қай жерден екен,
Бар шыныңды айт, қай жерден келдің орап?

Сейітті танығаны.

— Он үш жыл елден шығып, ғаріп болып,
Мен жүрдім бейшара ғаріп болып.
Атым — Сейіт, шәрім — Мысыр еді,
Күннен көз еш жақсы көрмей солып.

Көріскені.

Сейпілмәлік орнынан ұшып тұрды,
Сейітті: «Досың — мен!» — деп құшып тұрды.
Жыласып екі жан дос көріскенде,
Ел-жұрты таңғалып шошып тұрды.

Күні бойы құшып қоймайдылар,
Азғана көріскенге тоймайдылар.
Жеті күндей бұлардың тойы болды,
Қол қусырып бір-бірін сыйладылар.

Сұрайды Сейпілмәлік: «Қайда жүрдің,
Біздерден айырылған соң не күн көрдің?
Біздерден айырылғанға он екі жыл,
Сөйле, енді, қай жерде сен жүрдің?»

Сейіттің зәңгіні көргенін айтқаны:

— Төрт жүз кісі едік, зәңгілер ұстап алып,
Үш жыл анда тамам өтті қызмет қылып.

Қызмет қылдық оларға ғаріп болып,
Көзімізге жас, көкірекке қайғы толып.
Үш жылдан соң бір мейман келіп еді,
Бірімізді сойды оған құрбан қылып.

Зәңгіден үш ер қашып дария түсіп,
Аралдан бір аралға қонып шошып.
Қорыққанша бір аралға еш тұрмаймыз,
Әр жерде жүрдік жаннан үміт үзіп.

Бір халыққа кез болдық, ұстап алды,
Көрген адам оларға таңғалды.
Жүздері адам оның, сырты жындай,
«Семірсін», — деп бізді түрлі жемге салды.

Қайғыдан мен, жан досым, ас жемедім,
Семіртіп жолдасымды сойып алды.
Екі жыл ас жемедім, сонда тұрдым,
Өлім, ажал жетсе, сөз демедім.
Жылағаным көріпті бір күң,
Күңге қабыл болды енді датым.

Есікті ашып күң жол көрсетті,
Сол елден күні-түні қаштым қатты.
«Құтылдым ба?» дегенде бір жұрт ұстап,
Сүйенгенім әр жерде Тәңірім аты.

Бойы биік бір елге душар болдым,
Тілдерін ешкім білмес, қайран қалдым.
Адам етін мұқым жемейді екен,
«Тәуекел», — деп Аллаға басым салдым.

«Сайрасын», — деп қапасқа салды мені,
Екі жыл тұрды достың қалмай жаны.
Жылағаным есітіп басын шайқап:
«Қандай жақсы, — деділер, — сайрағаны».

Сайрағаным жақсы деп алып жүрді,
Жылағаным жақсы деп қызық көрді.
Тойда арақ ішіп мас болдылар,
Қашуға ол күң маған жәрдем берді.

Қашып онан сал байлап, суға түстім,
Әзіз жаннан әр жерде үміт үздім.
Дариямен екі-үш ай жүріп едім,
Көкірегіме қайғы толып қандар құстым.

Бір керуенге ұшырап, жолдас болдым,
Жад етіп сізді күннен-күнге көңілім.
Керуеннен айырылған соң сұрай-сұрай,
Ақыры енді осы елге душар болдым.

Жүруші едім сәргардан хабар таппай,
Дұшпаннан қорқып, қашып, еліне жақпай.
Жаңа келіп тұрсам да бұл шәріде,
Тағы да алды ортаға бізді қаптай.

Аллаға жүз мың шүкір, жүзіңді көрдім,
Он екі жыл жолыңды іздеп жүрдім.
Енді бізді өлгенше айырмасын,
Неше жыл қандар жұтып өмір сүрдім.

Сейпілмәлік досына ас жегізді,
Түрлі-түрлі үстіне тон кигізді.
Он күнге шейін той қылып жұрттарына,
«Досым болды», — деп жұртына бар білгізді.

Жұрттары бұларға таңғалады,
Сейпілмәлік досына қуанады.
Әкесі мен Мәлике қуанысып,
Табылды шаһзаданың қолғанаты.

Мәликенің келгені Ирамбағы,
Бәдіғұлжамал жұртымен келді дағы.
Құрдастар көрісіп жас ағызып,
Бір-біріне табылды қолғанаты.

Құрдастар көрісіп шуластылар,
Адамзат пен перизат жыластылар.
Күн-түн ойын қылды олар он күндей,
Мәлике мен Бәдіғұлжамал сырластылар.

Бәдіғұлжамал айтады: «Құрдасым-ай,
Ана сүтін емізген, сырласым-ай!
Күнде екеуміз гүл болып жүруші едік,
Көрдім енді жүзіңді, мұңдасым-ай!»

Сөйлеседі екі бұлбұл ондай болып,
Біреуі ай, біреуі күндей болып.
Мәлике сырын айтты бастан-аяқ,
Береді Тәңірі қайғы пәрмен болып.

Мәлике сырын айтты: «Солай, солай,
Шаһзада жоқ болса өлер едім-ай».

Қанша мақтап айтса да шаһзаданы,
Бәдіғұлжамал жүріпті ойға алмай.

Бір күн тысқа шыққанда шатыр көрді,
Мәликеден: «Шатыр кімдікі?» — деп сұрайды.
«Бізді ап келген шаһзада осы, — дейді, —
Табылмас еш адамзат мыңда ондай».

Басқалай сөз айтуға бата алмайды,
Айтса да Бәдіғұлжамал ойға алмайды.
Айтса да әр өнерін мақтай-мақтай,
Шаһзадаға айналып көз салмайды.

Мәлике шаһзаданы айтып еді,
Бәдіғұлжамал бұл сөзге өкпеледі.
Бәдіғұлжамал Мәликеге: «Жыр айт, — деді, —
Біреуді жырлап айтсаң одан нең құрайды.

Саған мен «олай айт», — деп айтпадым,
«Маған жырды айтпай-ақ қой», — деп едім.
Көңілім сүйген құрдасым, мұңдасым-ай,
Жыр емес деп осы сөзім айтып едім.

Адамзат пен перизат қосылмайды,
Көп өмір адамзат жасамайды.
«Сағынып көрермін», — деп келіп едім,
Айтпаңыз бұл күннен соң бізге байды».

Шешесі Мәликенің тағы келді,
Алдында ол да бұған арыз қылды:
— Бір көрінсең саған біз разы едік,
Жолында құрбан қылсақ осы елді.

Суретіңді көріп сізді сүйген адам,
Он үш жыл соңыңда жүрген адам.
Сыйласаң, бір көрінсең болар еді,
Көңілін бір-ақ сізге бұрған адам.

Шырағым, жүзіңді көргіз, — дейді, —
Ойдан өлдік, бізді тіргіз¹, — дейді.
Ел-жұртынан айырылып, мал-мүлкінен,
Іздегені шаһзаданың сен қыз едің.

Көп сөздер айтса да бой бермеді,
Шаһзаданы көруге ой бермеді.

¹ Тіргіз — тірілт деген мағынада.

Бір күн жатып Мәлике өкпе қылып,
Ұйықтамай пері қызы ұға алмады.

Шаһзаданың ерлігін ойына алып,
Ойлайды «Келсем қайтер жүзін көріп?»
Жүрген менен тұрғанын ойына алып,
Көруге барып жүрегі, көңіліне салып.

Есіткен ерліктерін ойына алды,
Баяғыдай болмайды, ұйқы қалды.
Сөйтсе де көңілі елден ұялды,
Сырын ешкімге айтпай наз қылды.

«Жасырын көрсем», — деп ойына алды,
Мәлике білмей оны ұйықтап қалды.
Түн ішінде ақырын басып келіп,
Шаһзада үйіне құлақ салды.
Мәликеден Бәдіғұлжамал жасырынып,
Сейпілмәлікке келіп құлақ салды.

Жұрт бәрі, бәрі бірдей қорылдап жатыр,
Толыпты бозбалаға алтын шатыр.
Шаһзададан басқа еш ояу жан жоқ,
Ғашық жарын ойға алып жырлап жатыр.

«Анадан айдай болып туған жарым,
Он үш жылда мен жолыңда бір жарың.
Рахым қылып жүзімді бір көрмедің,
Қайтейін, мен жолыңда ынтызармын.

Бұл қайғыны басыма Алла салды,
Сенің үшін құрбан қылдым жүз мың жанды.
Әке-шешем, ел-жұртым алыс қалды,
Ешкім келіп сұрамас біздің халді.

Ел-жұртым: «қайт», — десе, бір қайтпадым,
Су орнына қан жұтып бір қанбадым.
Алдымнан жүз мың пәле шықса дағы,
Жолыңда өлімді бір ойға алмадым.

Жолыңда он үш жыл мен жетпей жүрдім,
Сенен басқа ойым жоқ, күлмей жүрдім.
Жүз мың пәле алдымнан шығып еді,
Ажалым жетпеген соң өлмей жүрдім.

Арызым айтсам саған жетпес болды,
Осы қайғы басымнан кетпес болды.

Жүз мың пәле алдымнан шығып еді,
Ажалым жетпегенде денем өлмес болды».

Бәдіғұлжамалдың көз салғаны.

Бәдіғұлжамал тыңдады тыста тұрып,
Қарады бір тесіктен көңілін беріп.
Қасын, көзін, сипатын көріп еді,
Талып түсті кешікпей көңілі еріп.

Шықты шаһзада көңіліне алып,
Алыстан көрді, бір қыз жатыр талып.
Келіп қызды қараса — перизат,
Басын салды тізесіне жарын танып.

Шаһзада қыз басына жасын шашты,
Ақылына қыз келді де, көзін ашты.
Шаһзада қызды көріп таныған соң,
Ұялып шыныменен көзін ашты.

Қыздың сөзі:

— Сіз кімсіз, сізді перизат білер, — дейді, —
Біздерге үлкен ұят болар, — дейді. —
Перілер екеумізді көре қалса,
Әкемізге айтпай ма олар? — дейді.

Сейпілмәліктің сөзі:

— Он үш жыл сенен басқа сөйлерім жоқ,
Өлсем сенің жолыңда көмерім жоқ.
Жолыңда құрбан болған мен көбелек,
Отқа түссем жанғаймын, өлерім жоқ.

Жанбағанын бұрындағы жандырмашы,
Бұзылған көңілімді қалдырмашы.
Іздеушімін бейшара, мейілің болса,
Көңіліңді олай-бұлай еш бұрмашы.

Қыздың сөзі:

— Адамзат перизатқа асық болса,
Сертіне тұрса дейді оған қылса.
Пері оттан жаралды, адам — топырақ,
Жарасар ма перизат ойына алса?

Шаһзаданың жауабы:

— Періге адам асық болса, — дейді, —
Келсін адам, оны алсын, — дейді.

Уәделері.

Қыздың енді айтар сөзі бітті,
Шаһзаданы көрген соң көңілі кетті.
Бір-біріне енді асық болып,
Айтқан уәделері енді бітті.

Сөйледілер екеуі құшақтасып,
Бір жерге сөз қойдылар ақылдасып.
Ойын менен күлкісі бір болған соң,
Мәлике қызға келіпті ақырын басып.

Мәлике қыз оянды, бір күрсінді,
Қайдан білсін шаһзаданың көңілі жетті.
Бәдіғұлжамал сұрайды Мәликеден:
— Айтшы маған, не себепті күрсіндіңіз?

Өкпе қылды Мәлике: — Сөз алмадың,
Көңіліңді құрдасыңа бір салмадың.
«Шаһзадаға көрін», — деп айтып едім,
Сөзімді тыңдап есіңе бір алмадың.

Бәдіғұлжамал айтты: — Мен ойлаймын,
Перілер есіткен соң сөз болармын.
Осы сөз бұлай қалса жұртым біліп,
Ел ішінде ұятқа мен қалармын.

Мәлике сөзі.

— Ешқандай ұяты болмас, — дейді, —
Бұл істен ешкім хабар білмес, — дейді. —
Шаһзаданы сіз мұнда шақырыңыз,
Сұрағыңыз ешкім мұнда келмес, — дейді.

Бәдіғұлжамалдың сөзі.

Бәдіғұлжамал хабар берді: «Келсін, — дейді, —
Сөзіне дұшпан мойынсұнсын, — дейді. —
Айтқан сенің сөзіңе жаным құрбан,
Алып кел, енді көңілің жетсін», — дейді.

«Мәлике есіткен соң тұрды, — дейді, —
Қуанып шаһзадаға жүрді, — дейді. —

«Бәдіғұлжамал шақырды» дегеннен соң,
Артынан Мәлике қыз жүрді», — дейді.

«Есіктен Сейпілмәлік кірді, — дейді, —
Артынан Мәлике қыз жүрді», — дейді. —
Бәдіғұлжамал орнынан тұра келіп,
Бұлардан бұрын сәлем берді», — дейді.

Екеуі көрістілер құшақтасып,
Бір-бірінен сүйісті ауыздасып.
Мәлике бұрынғысын қайдан білсін,
Мархабат қылды бұларға асын тасып.

Онан соң түрлі ісін нандырды,
Бәдіғұлжамал шаһзадаға көңіл бұрды.
Бір-біріне сүйеніп аяқтарын,
Сол жерде ойнап-күліп біраз тұрды.

Наз қылып бір-бірімен сөйлестілер,
Құшақтап бір-бірімен сырластылар.
Ойнап-күліп сол жерде мұратына,
Екі асық айырылмасқа сырластылар.

Таңға жақын шаһзада үйге қайтты,
Жарына айтар сөздің бәрін айтты.
Шаһзаданы үйіне алып барып,
Ойнап-күліп өткізді, құрсант¹ қылды.

Бәдіғұлжамал күннен-күнге асық болды,
«Көндірсе Құдайым», — деп қайғы қылды.
Бар еді бірге келген аналығы,
Жылап оған айтыпты осы жолды.

Аналығы келгені.

Аналығын шақырып: «Анам», — дейді,
Анасы: «Не сөзің бар, балам?» — дейді.
— Басыма түскен менің бір ісім бар,
Құлағыңа бұл сырымды салам, — дейді. —

Бір қайғы басқа түсті ғаріп болып,
Бір адамды көрдім көңіліме алып.
Түнде түстен кетпейді, күндіз ойдан,
Лажын таба алмадым қайран қалып.

¹ Құрсант /парсы/ — шат-шадыман, қуанышты.

Бұл ісімнің лажын тапсаң, анам,
 Көңілге бізді сен алсаң, анам.
 Бұл істің лажын таппас болсаң,
 Бұл қайғыдан ақыры өліп қалам.

Аналығының сөзі:

— Қайдан түстің бұл іске, жалғызым-ай,
 Қараңғы түнді жарық қылған жұлдызым-ай.
 Әкең мен шешеңе не деп айтам?
 Бұл іске ұшырадың сен, қызым-ай.

Ей, балам, сен бұл іске қайдан қалдың,
 Қай жерде жүріп оған көзің салдың?
 Әке-шешенің бетіне қарай алмай,
 Бұл іс үшін жұртыңнан ұят алдың.

Ондай-мұндай сөздерді айта берді,
 Ақыры сол ашудан қайта берді.
 Шаһзаданы ақырын шақырып алып,
 «Пердесін ашып оның жүзін көрді», — дейді.

Жүзін көрді, басқаны сүймес болды,
 Қызынан басқа адамға қимас болды.
 Аналық бір көріп бауыр жарған соң,
 Қызы дағы басқаға тимес болды.

— Бұл ісің сенің, балам, айып емес,
 Алла тағдыр қылса қиын емес.
 Жүзін көрмей бұл сөзін айтса дағы,
 Әке-шешең көрген соң жаман демес.

Аналығына алып келгені:

«Шаһзада бізбенен жүрсін, — дейді, —
 Әке-шешең ай жүзін көрсін, — дейді. —
 Арызыңды әке-шешеңе біз айталық,
 Шық, жолымыз түзуге жүрсін», — дейді.

Аналығы күйеуін алып кетті,
 Перілер көз жұмғанша ұшып кетті.
 Өзі кетті аналық арыз айта:
 «Шаһзада ел шетінде тұрсын», — деді.

Аналық сәлем беріп еніп келді,
 Сұрады сөз басын: «Қызым, кәне?»
 — Қызыңыздың басында аз мұңы бар,
 Жіберді бізді сізге таман, — деді. —

Бір адамзат суретін көрген екен,
Он үш жылдан іздеп жүрген екен.
Сарандилда тұрғанда көзі түсіп,
Қызыңыз оған көңілін берген екен.

Мысырдың патшасының жалғызы екен,
Қараңғы түнде жүзі жарық екен.
Жүзін көріп тұрсаңыз бір адамзат,
Баста шұға, маңдайда құндызы екен.

Қызыңыз асық болып көңілі сүйді,
Ұмытты асықтықтан жұрт пен үйді.
«Әке-шешеме арызым бар айтар», — деп,
Зарлық қылып алдымда оттай күйді.

Қызыңыздың асықтығын анық білдік,
Арызын сізге айтуға аттай желдік.
«Жаратсаң, жаратпасаң бір күшің», — деп,
Ел шетіне сонау біз алып келдік.

Көрсетті шаһзаданы алып келіп,
Сәлем берді шаһзада қол қусырып.
Құлдық қылды шаһзада ол алдында
Тұрды алдында күйеу құрмет қылып.

Шәрбану көрісті көңіл беріп,
Көрсетті шаһзаданы жұртын жиып.
Жаратып жұрттың бәрі айтқаннан соң,
Ұлына бармақ болды киім киіп.

Шәрбанудың ұлына барғаны.

Шәрбану күйеуін алып кетті:
«Ұлыма көрсетейін», — деп көңіл етті.
Шаһзаданы түсіріп бір шарбаққа:
«Біз келгенше тұрың мұнда», — депті.

«Шәрбану ұлына кетті, — дейді, —
Сөйледі баласына сөзін», — дейді:
— Қызыңызға бір күйеу тауып келдік,
Қызмет бізге қылуға епті, — дейді.

Әкесі Мысырда хан болған екен,
Тақ Сүлеймен орнында қалған екен.
Өзі — адамзат, аты — Сейпілмәлік,
Он үш жыл қызыңызға асық болған екен.

Екі жыл өз үйінде жатқан екен,
Өз басын құрбандыққа салған екен.
Он үш жыл жолында ғаріп болып,
«Жүремін», — деп әр жолында болған екен.

Сөйледі кемпір сөзін бастан-аяқ,
Мақұл көрді баласы ойланбай-ақ.
— Қызыңыз тағы асық болған екен,
Берсеңіз қайтер оны қинамай-ақ?

Баласы шаһзаданы көрмек болды,
Шешесінің сөзіне ермек болды.
Көрмей-ақ шаһзаданы жақсы көріп,
Той қылып қызын оған бермек болды.

Сейпілмәлікті дәудің ұшырғаны.

Шарбақта Сейпілмәлік жалғыз еді,
Көңілінде ойлағаны хан қызы еді.
Бір-екі дәу аспаннан ұшып келді:
«Осында дұшпанның ізі», — деді.

Шаһзаданы дәу іздеп жүрген екен,
Осы дәу қолында өлген екен.
Осы дәудің әкесі — дәу патшасы,
Ұлын өлтіргенін білген екен.

Естіпті баласын «Өлтірді, — деп, —
Мәликені сол жерден келтірді», — деп.
«Алып кел!» — деп дәулерін жіберіпті:
«Менің қолғанатымды сындырды», — деп.

Дәу келді шаһзадаға сәлем беріп:
— Шақырды сізді жарың жақсы көріп.
Мәликені алып келген сіз болар ма,
— Біз, — дейді бейшара алдына білмей еріп.

Кетті олар аспан-көкке алып ұшып,
Білмейді Сейпілмәлік дәуді қосып.
Дәу оны көтеріп келгеннен соң,
Өлімді мойнына алды жаны шошып.

— Ұлымның қайтіп алдың жанын? — дейді, —
Алайын енді сіздің жаның, — дейді. —
Мың жаның болса да құтылмассың,
Олжа қылдың өлтіріп малың, — дейді.

Ашуы кеудесіне еш сыймайды,
Жылайды, көзінің жасын бір тыймайды.
Шаһзаданың тағы жүзін көріп,
Өлтіруге тағы да еш қимайды.

Ойлайды дәу «Шабал келер, — деп, —
Естіп, бізбен ұрыс қылар, — деп. —
Қызын оған бергені дұрыс болса,
Жау болып, ел қырылып өлер», — деп.

«Дәу патшасы көңіліне алды, — дейді, —
Шаһзаданы зынданға салды, — дейді. —
Кешегі ойнап жүрген Сейпілмәлік
Тұтқын болып зынданда қалды, — дейді.

Шаһзаданың мінәжаты:

— Құдай-ау, пәлеге мен түстім, — дейді, —
Әзіз жаннан үміт үздім, — дейді.
Тірілікте пәледен құтылмадым,
Пәленің дариясына жүздім, — дейді. —

Үмітті едім: «Көп қайғы тарқар ма? — деп, —
Жаратқан Құдайым жарылқар», — деп. —
Аз көрген бұл күнім дос болды ма,
Ойлаушы едім: «Жақсылық болар ма?» — деп.

Бұл дұшпанды перизат білмей қалды,
«Асық жар қосылар», — деп ойлап қалды.
Он үш жылдай айырылып жүріп едім,
Жүзіне досым Сейіт түспей қалды.

Құдайым, тағдыр сізден болса керек,
Ажал жетсе пендесі өлсе керек.
Жетпеген ажал болмаса осы жерде,
Бір себеп Құдайдан болса керек.

Шабалдың сөзі.

Шабал шаһзаданы: «Күтемін, — деп, —
Қызымды ақыр оған беремін», — деп. —
Шаһзаданы шарбақтан таппаған соң,
Ашу қылды құлдарын «ұрамын», — деп.

— Оны сіз іздеп шапшаң табың, — дейді, —
Күн шыққанша, батқанша бітің, — дейді. —

Біреуің оны тауып келе қалсаң,
Толтырайын алтынға, табың, — дейді.

Таба алмай екі жұрт қайран қалды,
Іздеуші бір жерлерге дала толды.
Іздеушілер хабарын таппаған соң,
Шабалдың көңіліне қайғы толды.

Бәдіғұлжамал, Мәлике, Сейіттің айтқаны.

Бұл хабарды есітті асық жары,
Жолында сақтап жүрген ынтызары.
Мәлике Сейітімен естіген соң,
Бәрі де бірдей сонда шулап қалды.

Бәдіғұлжамал есітіп кетті жаны,
Бір жар үшін қиналды шыбын жаны.
Көздері қан жас болды жылай-жылай,
Өлім болды көрмесе ойлағаны.

Сейіт досы аяғын баса алмайды,
Көкірегі толды қайғы қызыл қанды.
Досы жүзін осы кез көрмесе,
Өлімге жүзін қиып күйіп-жанды.

Мәлике тағы жылап шешесімен,
Жақсылары жылайды нешесімен.
Жылай-жылай көзі толды қан жасына,
Күндіз-түн зарладылар ол қайғыдан.

Есітті енді Шабал жылағанын,
Қызының: «Өлейін» деп бет қойғанын.
Ұшырып әр жерлерге іздеушіні,
Өлетұғын болды енді ойлағаны.

Бір перінің хабар бергені.

Бір пері сәлем берді ханға келіп:
— Жатыр едім тыста ауру болып,
Бір-екі дәу келіпті, жерге түсті,
Бір адамды ұшырдылар жоғары алып.

Бұл хабарға Шабал: «Дұшпан, — дейді, —
Сол заманда дәу бізге дұшпан, — дейді. —
Бұл дұшпандық қылса да олар қылды,
Жазылып жау болғалы ұшам», — дейді.

Шабалдың дәуге аттанғаны.

Шабал ашуланып жұртын жиды,
Ұрысқа көп әскердің жанын қиды.
Батыр менен ерлерін қасына алып,
Сарпай жауып оларға қылды сыйды.

Жөнелді Шабал патша жұртын айдап,
Ұштылар аспан менен күнді қаптап.
Бір сағатта жеттілер айлық жерге,
Түстілер дәу жеріне шыбын таптап.

Дәуге елші жібергені.

Шабал елші салды дәу ханына:
— Разы емен кісімді алғанына,
Кісімді келтіріп шапшаң берсін,
Өкінер біз ұрыссақ туғанына.

Тату болып, кісім берсе, мен қайтармын,
Бермесе бұл әскерім жау етермін.
Кісім үшін бұл жерде жаным құрбан,
Сен дәуге қызығымды көрсетермін!

Дәу ханына елшілер алып барды:
— «Берсін!» — дейді патшамыз біздің барды.
Тату болып ұрыспай кісім берсін,
Қылмасын бізді оған ынтызарлы.

— Ол адамзат өлтіріп жерге салдым,
Қылыш тартып алдынан жанын алдым.
Ол адамзат артынан кісі келсе,
Алса оның сәлемін, құнын алдым.

Кеткен елші Шабалға қайтып келді,
Сәлемін өз ханына айтып келді.
Өз ханына сәлемін айтқаннан соң,
Дәу ханының жауабын айтып берді.

Дәулердің перілермен ұрысқаны.

Перілер ұшты аспанға жауға қарай,
Болмайды ел көп келген жұртқа батпай.
Пері мен дәулер шығып ұрыс қылды,
Дарияның суы болды қызыл қандай.

Қылыш, найза аспанда шақ-шұқ болды,
 Дәулер сасып таппайды қашар жолды.
 Бірін-бірі өлтіріп дәу, перілер,
 Қан менен кеуде, басқа дария толды.

Аспанда дәу, перілер көп байланып,
 Түседі дәу кеудесі жерге айналып.
 Дәудің қанаты мен мойны сынып,
 Жерге түсіп өлді жан қиналып.

Аспанда жарқырайды қылыш, найза,
 Жылтырады кеудеден жер де майса.
 Қанаттары сынады қылыш шапса,
 Қылыш басқа тиеді қылдан тайса.

Жеттілер дәуге пері айғай салып,
 Қаштылар дәудің бәрі жанын алып.
 Перілер дәу патшасын ұстап алды,
 Аяғы мен қолына темір салып.

Шабал: «Оның көзін ойың, — дейді, —
 Терісін тірідей-ақ сойың, — дейді. —
 Терісіне аңша сабан тығып,
 Көшеге асып оны қойың», — дейді.

Қиналуға келгенде дәудің ханы
 Жалынады «қала ма деп ғаріп жаны?».
 — Кісілеріңді мен тауып берер едім,
 Серт қылып: «Өлтірмеймін», — десе мені.

Дәудің Сейпілмәлікті бергені.

Дәу патшасы Шабалға ермек болды,
 Серт қылып кісілерін бермек болды.
 Серт қылды, уәде қылды ұрыспасқа,
 Тату болып бір-бірімен жүрмек болды.

Құтылар бір-бірінің қан-қасіретінен,
 Таптылар шаһзаданы су астынан.
 Тасқа байлап, сандыққа салған екен,
 Болмаса айырып еді жан досынан.

Шаһзаданы сандықтан бұзып алды,
 Көрген адам жүзін көріп аң-таң қалды.
 Ас беріп, су ішкізіп шаһзаданы,
 Құдай Тағала сақтады, аман қалды.

Қол қусырып қайнына сәлем берді,
Шабал оның жүзіне қарап тұрды.
Көзі көріп, қарап тұрып шаһзаданы,
Өз жұртына ұшырып алып жүрді.

Шабал қызын беріп, той қылады.

Шабал келіп жұртына жарлық қылды:
«Той қылыңдар!» — деп мал сойып, елді жиды.
Той қылды Шабал патша жұртын жиып,
Шаһзадаға бермек болды, қызы тиді.
Бұл хабарды Сейіт досы естіп алды,
Іздеп жүріп қыздармен бірге келді.

Перизат пен адамзат көп жиылып,
Әр жерден жақсы келді алтын киіп.
Көрген адам жүздерін таңғалды,
Сейпілмәлік жүзікті қолға салып.
Алтын тондар кигізіп жан досына,
Нөкер қылып шақырды өз қасына.

Қалмайды үлкен-кіші қозғалмаған,
Осы тойда май ішіп, мас болмаған.
Қалмайды қатын мен қыз, ұрғашы-еркек,
Бір-бірімен сөйлесіп мас болмаған.

Жарлық қылды Шабал: «Келіңіз! — деп, —
Күйеуінің үйіне кіріңіз, — деп. —
Алдында ойын-күлкі қызмет қылып,
Көрмегенің бар болса көріңіз», — деп.

Көрділер шаһзаданы бәрі келіп,
Алыстан қол қусырып сәлем беріп.
Жыршы менен ойыншы бәрі сонда,
Шығуға қимайды олар жүзін қиып.

Қызды алып келгені.

Келділер аналықтары қызын алып,
Қамқоршы атаулысы тұзақ салып.
«Тапсырып қызын жұртына қайтты», — дейді,
Жетгілер мұратына жалғыз қалып.

Тартады ойын-күлкі неке болып,
Үлкен-кіші, қатын-қыз үйге толып.
Күннен-күнге бұлардың ойын-күлкі,
Қыздарға той қылмағы бұндай болып.

Мәликені Сейітке бергені.

Бір айдан соң досына қыз айттырды,
Мәликеге: «Жетсін!» — деп сөз салдырды.
Тәжілмәлікке қызын берейін деп,
«Ерге тисін», — деп тағы алдырды.

Сейітке берді қызын көңілі сүйіп,
Мұратына Мәлике жетті жетіп.
Шаһзада Бәдіғұлжамал жарыменен
Сарандилға келділер жұртын жиып.

Тарқаттылар тойларын ойнап-күліп,
Бір жыл тұрды шаһзада қайтып келіп.
Ойнап-күліп жүргенде Сейпілмәлік
Жұрты ойға түсіпті «Бір көрсем» деп.

Бәрі оның көріскенін ойға алады:
«Сүйгені бар екен», — деп өкпеледі.
«Бір менде сізден басқа ойларым жоқ», —
Қымай жарын басқадан көп күндейді.

Сейпілмәлік жауабы.

Сейпілмәлік айтады: — Қоймай қалдым,
Баяғы көп керуенім ойға алдым.
Сенен басқа сүйерім, күйерім жоқ,
Ескі дертім шықсын деп «аһи» салдым.

«Өкпесі Шабалға жетті, — дейді, —
Хабар айтып жұртын, елін жиды, — дейді. —
Күйеуіміз ел-жұртын сағыныпты,
Қылыңыз осы қайтарыңды», — дейді.

Шабал күйеуін қайтарғаны.

Жұртын жиып қызына сайман түзеді,
Алтын менен күмістен көп берді.
Сансыз құл мен күң жолдас болып,
Жас жігіттер бәрі де қызыл жүзді.

Сарандилда патшасына хабар берді,
Айтқан сөзін бұлар да қабыл көрді.
Қорлықтан мал-мүлкін иесіне,
Қазына-қазынасының бәрін берді.

Түзеттілер қыздарын той қылып,
Жөнелттілер қыздарын Хаққа¹ жылап.
Он күн, алтын-күміс қазынасымен,
Тапсырдылар шаһзадаға алып келіп.

Ойын-күлкі қылып тойлады,
Үлкен-кішісі әр жерде ойнады.
Перінің мықтысы Шабал еді,
Қай жерде мықты болса да қоймады.

Жөнелді Шабал қызына амандасып,
Үлкен аға, кіші іні бір жандасып.
Алтын тақта отыртып қыз, күйеуін,
Жылау жоқ, ойын-күлкі қалжыңдасып.

Ұша-ұша перілер тақты қосты,
Құмдай болып аспанға алып ұшты.
Сырнай, керней, айғайы перілердің
Бір сағатта Мысырға алып ұшты.

Сансыз әскер Мысырға жақын түсті,
Мысыр елі: «Жау бар!» — деп бұл қорқысты.
Қасым хан: «Бұл әскерді біліп кел», — деп,
Бір уәзірін жіберді жолдас қосып.

Кеткен уәзір қуанып қайтып келді,
«Шүйінші!» — деп патшаға айтып келді.
Қуанғаннан Қасым хан ат келгенше,
Ел алдына түсті де жаяу жүрді.

Көріскендері.

Қасым ханға мінгізді ат әкеліп,
Бәрі келділер мұны есітіп.
Сейпілмәлік алдына жаяу келіп,
Жығылдылар алдына құлдық етіп.

Шәрге алып келіп тойды тойлап,
Кейінгі келін менен қыздар ойнап.
Сейіт тағы қосылып әкесіне,
Шақырды Мысыр елін бәрін сыйлап.

Қасым хан менен уәзір уанбайды,
Баласынан басқаға жұбанбайды.

¹ Хақ /араб/ — ақиқат; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.

Шаһзада бір өлең сөйлеп еді,
Естіп көз жастарын тыя алмайды.

Қасым хан баласына орын берді,
Шаһзада досыменен сейіл құрды.
Мал да ортақ екеуге, жан да ортақ,
Татулықпен дүниеден өмір сүрді.

Бірде сейіл құрады Ирамбағы,
Тұрады Сарандилда аз күн тағы.
Қызметкер, бәрілері қайғысы жоқ,
Ойнағаны, күлгені қызық тағы.

Өмірі өтті бұлардың жаңа жардай,
Көкіректері бәрінің аппақ қардай.
Көрсетпесін пендеге Құдай зары,
Төртеуі көкке қонған төрт бұлбұлдай.

Көп жасап өтті бұлар өмір сүріп,
Қылдылар патшалықты әділ тұрып.
Азабының соңында жақсылық бар,
Жетті мұратына көп жыл тұрып.

Айырылысуға келгенде қимай өтті,
Жаңа келген қонақтай сыйлы өтті.
Дүниеден өтті, арманы жоқ,
Қуаныштары қойнына сыймай өтті.



Бірінші мақам

Орындаған: Тәңірбергенов Айбек
 Нотаға түсірген: Балмағанбетов Бекарыс

4
 Ө - уел - де жад е - те - мін Тә - ңі - рім а - тын,
 7
 — Сұ - ра - саң ө - зі бе - рер о - нан - д(а)а - тын.
 11
 Қо - лы - ма бұл кі - тап - ты бас - тай сал - дым, О - қы - ма
 14
 а - йып қы - лып жаз - ған ха - тым. Қо - лы - ма
 18
 қа - ғаз бе - нен қа - лам ал - дым, Дү - ни - е - нің о - па - сы - на
 21
 қай - ран қал - дым. Ға - ріп - тер жұрт і - шін - де Сөй - лей - ді кім - де бол - са
 27
 жал - ған сө - зін, Өр жер - де кө - ңі - лі - не ал - ған сө - зін. А - сы - ғып бұл кі - тап - ты
 30
 мен жаз - ған - мын, жа - ңыл - сам тү - зей көр - ші
 қал - ған сө - зін ей _____

34

Екінші мақам

Қай жер - де — жүр - сем да - ғы жал - ғыз ба - сым, А - ға - ды — ой - лай,

2

38 бер-сем көз-ден жа-сым. Сү - лей-мен пат-ша -ның ол за-ма-нын-да

41 Мы-сыр да__ бір пат-ша өт-ті а-ты Қа-сым. Бір кү-ні Қа-сым пат-ша

44 ой ой-лай-ды, Ө-зі - нен бас - қа жұр-тын еш қой-май - ды.

46 Бір кү - ні а - жал же - тіп ө - ле қал-сам, Ор-ным-ды ау

49 ұс-тап, сө-зім-ді кім сөй-лей-ді? ей_____

51

Үшінші мақам

54 Сөз тың-дап Сей - піл мә - лік ат-қа мі - ніп, Шәр-ден өт-ті бұ - лар

57 кө (ң)лі ты-нып. Жа-ны-нан Шах-за-да-ның ө-тіп е-ді, Бір жі-гіт сә-лем бе-ріп

61 қар-сы жү ріп. Сә-ле-мін Сей - піл мә-лік ан-да сүй-ді, Ой-лай-ды Сей-іт пе деп

65 і- пі күй - ді. Қор - қып бұл бей - ша - ра ой - лай - ды ой,

68 Та-был-са қа-шар е - дім бі-раз қа - ра. Ей_____

71

А _____ ей _____

Төртінші мақам

73

Он үш жыл сен-нен бас-қа сөй-ле-рім жоқ, Жо-лың-да өл-сем

76

се - нің кө-ме-рің жоқ. Жо-лың-да құр-бан бол-ған мен кө-бе-лек, жан-ғай-мын,

79

от-қа түс-сем ө - ле-рім жоқ. А-дам-зат пе-ри-зат-қа а - сық бол-са,

82

сер-ті-не қыл-ған дей-ді о-ған тұр-са. Бі-рі-не бі-рі ен - ді а-сық бо-лып,

86

уә - де - ле - рі айт - қа - ны о - ның ен - ді _____ біт - ті.

88

Бесінші мақам


90

Той-ла-рын тар-ға-ты-лар о-йын кү - ліп Шах-за-да бір жыл тұ-рып қай-тып ке-ліп

93

Жұр-генде Сей-філ Мә-лік ой-нап кү-ліп тү-сіп-ті ой-ға бір көр-сем деп

4




Ел жұрт-ты са-ғын-ды кү(й)-еу - міз қы-зы-ңыз о-сы қай-та-рың - ды де



Ей А - Ей



А - ей



НАРҒҒИЯ
ТҮРКСКИХЪ ПЛЕМЕНЬ,
ЖИВУЩИХЪ ВЪ ЮЖНОЙ СИБИРИ И ДЗУНГАРСКОЙ СТЕПИ.

І ОТДѢЛЕНІЕ.

ОБРАЗЦЫ НАРОДНОЙ ЛИТЕРАТУРЫ.

ЧАСТЬ III.

DIE SPRACHEN
DER
TÜRKSCHEN STÄMME SUD-SIBIRIENS
UND DER
DSUNGARISCHEN STEPPE,
VON
Dr. W. Radloff.

I. Abtheilung.

PROBEN DER VOLKSLITTERATUR.

III. Theil.

САНКТПЕТЕРБУРГЪ, 1870.

Типографія Императорской Академіи Наукъ.
(Вас. Остр., 3 лн., № 12.)

Сейпмәлік // В.В. Радлов. «Түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары...» СПб., 1870, 3 том.



Суретші К.Я. Баранов

ТАЛАЙЛЫ ҚҰЛ МЕН ӘЙІМ ҚЫЗ

«Талайлы құл мен Әйім қыз» — халық арасында «Құл мен қыз» деген атаумен тараған ғашықтық жыр. Шығармада бай есігінде жүрген Талайлы мен байдың қызы Әйімнің бір-біріне деген махаббаты, қарама-қайшылыққа толы қайғылы тағдырлары баяндалады. Жырда бұрынғы қазақ салтында кездесетін қыздың «күйеу таңдау» салты суреттеледі.

Әлеуметтік қайшылық пен теңсіздік жайлаған көшпелі қазақтың рулық қоғамының көлеңкелі тұстарын айқын бейнелейтін, заман шындығын ашып көрсететін жырдың екі нұсқасы белгілі. Оның алғашқысын ақтөбелік ақын Жөкей Шаңғытбайұлы 1937 жылы ел ішінен жазып алған. Екінші нұсқаны да ырғыздық Бақтыгерей Науқанұлы 1943 жылы 83 жастағы Досжан қарттың айтуынан хатқа түсірген. Бұл нұсқаның мазмұны мен оқиға желісі, кейіпкерлері алдыңғы нұсқаны қайталайды, тек мұнда қыздың есімі — Сағира, ал жігіттің есімі Байтүгіл құл болып өзгеріске түскен. Туындының Ж. Шаңғытбайұлы нұсқасы кеңестік кезеңде «Батырлар жыры» жинағында (1964, 3-т.) біршама өзгерістермен жарияланды және ел өз тәуелсіздігін алғаннан кейін бұл кеткен кемшіліктер түзетіліп, «Бабалар сөзі» жүз томдық сериясына (2005, 17-т.) енгізілді. «Талайлы құл мен Әйім қыз» жыры туралы ғылыми ой-тұжырымдар М. Ғабдуллин, Ы. Дүйсенбаев, Р. Бердібаев, Ә. Қоңыратбаев, Б. Әзібаева, Ж. Асанов сияқты ғалымдардың еңбектерінде кездеседі.

Томды баспаға дайындау барысында жырдың екі қолжазба нұсқасы мен жарық көрген басылымдарына текстологиялық сараптау жұмыстары жүргізілді. Соның нәтижесінде мазмұны толық, тілі шұрайлы деп есептелген Ж. Шаңғытбайұлының нұсқасы таңдалып, ұсынылды. Түпнұсқа Орталық Ғылыми кітапхананың қорында сақтаулы тұрған қолжазбадан дайындалды (925-бума).



Бір кезде қазақ халқы өсті Сырда,
 Көшүмен қыс — Қызылда, жаз — Арқада.
 Суы мол, өрісі кең, жері байтақ,
 Жер жетер қай саланы жайласа да.

Еткені жазы-қысы малдың жайы,
 Аралас бірге жүріп жарлы-байы.
 Кәсіппен бөтен түрлі алаңы жоқ,
 Шаруаға бейімделген түрлі ыңғайы.
 Соныдан¹ соны қуып жазда, қыста,
 Баққаны сулы-нулы жер шұрайы.

Шөп шауып, мал қамы үшін қыс бекінбейді,
 Тебінде қой-қозы, ешкі, құлын-тайы.
 Бір жерде үш ай тұтас отырмайды,
 Көшүмен күн өткізіп өмір ұдайы.

Сол кезде бір бай болған Балпаң атты,
 Кісі еді даңқы шыққан салтанатты.
 Ешкім жоқ Кіші жүзде одан озар,
 Әрі ер, әрі жомарт, бақуатты.

Кісі еді қайыр-қамды ағайынға,
 Көп еді қоңсысы² бай маңайында.
 Үлесіп көшсе көлік, сауса сауын,
 Бірдей боп пайдаланған қолайында.

Адамға жүзі сұлу, сөзі жұмсақ,
 Сүйкімді әр мінезі қолайыңа.
 Өзімен бірге жүріп, бірге ішіп,
 Мырзаша киім киеді малайы да.

Мырзаның болды және он бес құлы,
 Перзенттен бір қызы бар, болмады ұлы.
 Алса да қаншама әйел, ұл тумады,
 Бала жоқ қыздан өзге, тек сол мұңы.

Бастығы он бес құлдың Талайлы құл,
 Сенімді әр шаруаға, қолайлы құл.
 Құтылып «құлсың» деген жаман аттан,
 Ойы бар болсам деген ұлсызға ұл.
 Мырза оны жас күнінде сатып алып,
 Қойшы боп қойда жүрді басында бұл.

¹ Соны — ешкім аяқ баспаған, тың жер.

² Қоңсы — көрші.

Мінезі Талайлының байға жақты,
Үлгеріп міндетті ісін, кеуілін¹ тапты.
Әр істен таза жүріп, абырой алып,
Сенімді болды-ау үлкен инабатты.

Содан соң қойдан шығып, жылқы бақты,
Шаруа боп бұл малдан да абырой апты.
Істеген қызметіне мырза ырза болып,
Кигізді жақсы киім, лайық атты.
Буынып мықынынан мырзаларша,
Әбзелдеп мінді таңдап не жорға атты.

Талайлы қатарынан ақылы зерек,
Сенімді, сыры сырдаң емес ирек.
Қолынан барлық шаруа тарайды соның,
Ақылмен ауыл-отанды болды билеп.

Талайлы әрі іскер, әрі палуан
Әртүрлі өнері бар алуан-алуан.
Әрі ақын, әрі тілді, шешен, шебер,
Істейді әртүрлі істің бәрін қолдан.

Алысса, он кісіге келеді әлі,
Сөйлесе, сөзі өткір топты жарған.
Талайлы өзі билеп, өзі жайлайды,
Қайырмайды бай, бәйбіше дүние-малдан.

Бала үшін Балпаң мырза алды үш қатын,
Кім білсін көз көрмесе ақиқатын.
Болса да аты Балпаң мырзалықтан
«Мырза» деп атап кеткен байдың атын.

Бұл мырза бір атадан жеке жігіт,
Қайырымды көрші-қолаң, ағайынға.
Қадірлі отанына өте жігіт,
Мінезі қызының да қызғылықты,
Әркім бір «айттырсам» деп етеді үміт.

Бұл қыздың өзі сұлу, аты — Кұлжан,
«Әйім» деп ата-анасы сүйіп қойған.
Бұл Әйім — бет біткеннің көріктісі,
Кем емес ажар-көркі күн мен айдан.

Әйімнің жасы келді он тоғызға,
Әркім-ақ ынтық болды осы қызға.

¹ Кеуіл /түркі/ — көңіл.

Сұлудың сұңғақ бойлы нұр дидары,
Пара-пар аспандағы ай, жұлдызға.

Еділдің, қасы қара, құндызындай,
Нұр жайнайды, көзі Шолпан жұлдызындай.
Тік иық, жазық жауырын, құмырсқа бел
Көрінеді көркемдігі үр қызындай¹.
Күлім көз, оймақ ауыз, жазық маңдай,
Ақша бет, ал қызыл жүз қырмызыдай.

Бұралған талшыбықтай белі нәзік,
Сипатын түгесе алман түгел жазып.
Мақтадай үлбіреген ақ тамақтан
Болғандай бір сүйдірсе он күн азық.

Күлімдеп көзі күндей нұр жайнайды,
Көргенде нұр дидарын іш қайнайды.
Бір қызық шатты өмірде сұлу қыз ғой,
Бозбала қызды ойламай, нені ойлайды?

Мал салып талай мырза келді сұрап,
Ешкімге мырза жүрді салмай құлақ:
«Ер жетсе өзі барар сүйгеніне,
Мен берсем теңі болмай кетер жылап.

Бар балам қыз да болса, жылатпаймын,
Ешкімді қызым сүймесе, ұнатпаймын.
Өзіме өз мал-мүлкім жеткілікті,
Қыз сатып, кімнің мүлкін қызықтаймын».

Деп мырза әркімді бір қайырады,
Қайырмай кімнен қорқып тайынады.
«Береді, — деп, — қызын мырза сүйгеніне»,
Бұл хабар елден-елге жайылады.

Тіктірген қыздың бөлек отауы бар,
Жататын жалғыз сонда жатағы бар.
Барады деп өзі көріп сүйгеніне,
Жайылған қыздың елге атағы бар.

«Көрем», — деп келген мырза толып жатыр,
Бірі кетсе, бірі келіп қонып жатыр.
Қыз Әйім өз қонағын өзі жайлап,
Өзімен өз тәрбиесі болып жатыр.

¹ Үр қызы — хордың қызы.

Келгенмен көбі қызға бата алмайды,
Сылтаусыз бекер ұзақ жата алмайды.
Қыз тиіп аяғынан сұрамаса,
«Бұйымым пәлен еді», — деп айта алмайды.

Түңілді келе-келе талай мырза,
Қыз сүйіп ешбіріне болмады ырза.
«Пәленшенің пәлені жігіт-ақ», — деп,
Қызықпайды халық қаншама ұйғарса да.

Қыз жүйрік, қыз сенеді тіл-жағына,
Көз салады теңін көксеп аймағына.
Өз теңі көздегені, ақылы тайлас¹,
Ешкімнің қызықпайды мал-бағына.

Адамның қыз да болса сыншысы еді,
Сынайды тәжірибе етіп әлденені.
Мырзалар неше жайсаң келсе дағы,
Бәрінің қызбен тайлас келмейді жөні.

Қыз солай сабыр сақтап аз кідірді,
Ой түсіп көкірегіне түрлі-түрлі.
Ешбірі өз ойынан шықпаған соң,
Бекерге ұрынбады, таза жүрді.

Бір күні бай, бәйбіше кеңеседі,
Саңылаусыз бекер кісі емес еді.
Әркімнің ойлағаны өз мүддесі,
Мүддесі байдың — бала келешегі.

«Көрмедік біз жалғанда ұл баланы,
Біз өлсек мал-мүлкіміз тұл қалады.
Жалғыз қыз жан дегенде перзентіміз,
Белгісіз ол да өссе кім алады.

Көрмедік біз өсіріп ұл қызығын,
Кигізіп қызыл жібек қырмызының.
Құда боп, қалың беріп, қыз айттырып,
Көрмедік шашып, жайқап мал қызығын.
Түсіріп оң жағыма отау тігіп,
Келінім сәлем етіп тізе бүгіп,
Көрмедік және ұзатып қыз қызығын.

Жалғыз қыз жан дегенде перзентіміз,
Ұлдан кем көретұғын жоқ ниетіміз.

¹ Тайлас — теңдес, пар.

Бұл күнде ол да ержетті, жасы толды,
Бір жерге орындайтын бар ретіміз.

Біз бермедік барсын деп өзі сүйіп,
Біз берсек, сүймесіне кетер күйіп.
Сөз салды талай мырза ұнатпады,
Жүргенін түсінбедік нені біліп.
Әйтпесе, кезенейлі кезі¹ емес пе,
Қосылар теңін тауып ойнап-күліп.

Баруға әлде бізден батпай жүр ме
Немесе қатар, теңін таппай жүр ме?
Болсын деп ата-ананың рұқсаты
Көңіліне сабырлықты сақтай жүр ме?

Бүйткенше шақыралық қонақ етіп,
Бұл істі жүр екенбіз олақ етіп.
Өкілдік аузымыздан есіттірелік,
Қосыл деп бір теңіңе, талап етіп».

Әкесі әдейі арнап шақыртады,
Мейман ғып өз қасына отыртады.
Құрмет қып дәрежелі салтанатпен,
Нар сойып, қонақасыға бақыртады.

Сыйлады тәрбиелеп қызын мырза,
Болғандай құрметіне әркім ырза.
Шайқады ен дәулетті, шашып малды,
Бұл дәуір тұра бермес басымызда.

Қонақ боп сол күн жатып, ертеңіне
Мырза отырып аз өсиет айтты қызға:
— Ержеттің, келдің, балам, біраз жасқа,
Болғандай болдың енді ие қосқа.
Шарты бар тірліктің алуан-алуан,
Болмайды өткізуге өмір босқа.

Туғанмен баста бізден жатжұрттықсың,
Талабы өзге болғанның — жаны басқа.
Ата-ана серік емес, жұпты серік,
Жетпейді қанша айтқанмен жар жолдасқа.

Ешкім жоқ ата-анасын ертіп жүрген,
Қоймайды тұрмыс ерікке айырылмасқа.
Қаласаң кімді сүйіп, біз де разы,
Айтатын әңгіме жоқ мұнан басқа.

¹ Кезенейлі кез — уақыты келген, мезгілі жеткен.

Күрсінді осыны айтып ата-анасы,
Қимайды қыз да болса сол қарасы.
«Ісіне табиғаттың жоқ, — деп, — шара»,
Мөлтілдеп бір-бір тамды көзден жасы.

Үндемей отырды қыз құлақ асып,
Ұялып төмен қарап, бетін басып,
Жатжұрттық екендігін сонда біліп,
Азырақ қамығады көңілі жасып.

Жөнелді аздан кейін үйден шығып,
Бет алып отауына қойған тігіп.
Сылдырлап алтын шолпы арқасында
Етегі шай көйлектің шұбатылып.

Жарқылдап қызыл тіллә түймелері,
Қатарған жең, жағасын белден бүріп.
Үстінде дүриядан бар камзолы,
Ондайды аз шығар қыз көрген киіп.

Майысып тал шыбықтай нәзік белі,
Алдынан соғып самал қоңыр желі.
Тіктірген күміс бұрап, шалып-ойып,
Көк кебіс аяғында қарыс өкшелі.

Басында қызыл шаршы жібек шәлі,
Жетпейді бір ауылдың сатса малы.
Кигені өңшең жібек судырлаған,
Жүз сомдық өзге түгіл орамалы.

Салғаны саусағына асыл жүзік,
Омырауы өңшең меруерт қойған тізіп.
Сырғасы құлағында құймалы алтын,
Гауһар көз білегінде бар білезік.

Белгісіз үр екені, пері екені,
Бойынан түңілгендей көрген безіп.
Толықсып туған айдай нұрлы жүзі,
Сыртынан сымбатына түссе көзің,
Бейне бір секілденеді үрдің қызы.

Келеді Әйім сол бетімен отауына,
Сыйғандай айтса әркімнің атауына.
«Тігіс, — деп, — отауымды жаңа жұртқа»,
Қыз-келіншек айтты хабар қатарына.

Жиылды қыз-келіншек қалмай бәрі,
Тең түсті заман қатар құрбылары.

Отауды қайта аударып жаңа жұртқа
Тігісті қатар сіңлі, апалары.

Апарып жаңа жұртқа тікті отауды,
Жайнатып өңшең жібек басқұр-бауды.
Аяқбау, таңғыш, басбау — бәрі жібек,
Шилері шымқай қызыл шым ораулы.

Ақ отау жұмыртқадай мінсіз жұмыр,
Қимылдап қыз-келіншек қыбыр-қыбыр.
Сыңқылдап бірін-бірі шымшып, күліп,
Сөз қылып оны-мұны ыбыр-сыбыр.

Қыздар жүр қызғалдақтай гүл-гүл жайнап,
Алысып бір-бірімен күліп-ойнап.
Тегеріш кілем түрлі, кілең салма,
Бауларын айқастырып, шалып байлап.

Түйдірген, шашақтаған, моншақтаған,
Түйіндеп, гүлдендіріп тізген оймақ.
Шабадан, сандық, кебеже, бәрі оюлы,
Қатарлап жиды іргеге тегіс сайлап.

Қызық пен ойын-күлкі күреңдетіп,
Отауды тігіп қойды дүмбірлетіп,
Қыздарды келіншекпен жібермейді,
«Қонақ қып жіберем, — деп, — құрмет етіп».

Кеш болып, күн еңкейді батыс жаққа,
Бөлінді қыздың ойы бір талапқа.
Айтқызды елге хабар мереке ғып,
Құрбысын қатар оңды жинамаққа.

Саба құйып, мал сойып, астырды етті,
Жиналып қыз-бозбала қалмай кепті.
Аямай барын беріп тәрбиелеп,
Көптеген замандасын құрмет етті.
Шығарып түрлі ойын қызғылықты,
Ән салып екеу-екеу өлеңдетті.

Үй толып, бір мезгілде қызды ойын,
Көтеріп көңілін жастар, жазды бойын.
Не сылқым, неше бағлан мырзалармен,
Қыздар бар сұңғақ сұлу, алма мойын.

Отаудың іші-сырты лықа толды,
Тамаша қызғылықты ойын болды.

Аралас қыз бен жігіт қатарымен
Отырды жұп-жұп болып оңды-солды.

Жігіт бар небір өткір сыпылдаған,
Жауапкер, жүйрік аттай лыпылдаған.
Алтайдың алғыр қыран сұңқарындай
Кез келсе алдынан аң құтылмаған.

Топастау сөзге доғал момындар бар,
Жоңбайлау қоспақ бура сықылданған.
Тымпылдақ тиянадай біреулер бар,
Мәттақам¹ пысықсыған, тыпырлаған.

Білгіштеу оны-мұны адамсыған,
Сөзге ұста сумаңдар бар жыпылдаған.
Маңызды маң-маң басқан мырзалар бар,
«Кім бар, — деп, — менен өзге қылшылдаған».

Жалпылдап жазы-қысы бір жарымай,
Жоқтықтың шеңгелінен құтылмаған.
Малшы, жалшы, кем-кетік, кедейлер бар,
Жұпыны, тақымдары жылтылдаған.

Сықаққой, күлегештеу күншілдер бар,
Құр сырттан сауысқандай шықылдаған.
Шытынақ темекінің ағашындай,
Шыдамсыз ашушаң бар шытырлаған.

Саржарғақ самайлары таздар да бар,
«Бөркімді кім алады?» — деп қыпылдаған.
Әйтеуір жігіт-желең толып жатыр,
Лық толы сыймай үйге сықырлаған.
Қыз Әйім соның бәрін сынап отыр,
Ішінде ұлы дудың лықылдаған.

Көпке Әйім көз қиығын салып отыр,
Тұңғиық терең ойға қалып отыр.
Топшылап толы көптің мінез-құлқын,
Зейінімен ойды-қырды шалып отыр.

Дегендей «тең-теңімен, көш жөнімен»,
Әркімдер өз қатарымен болып отыр.
Құжынап құмырсқаның илеуіндей,
Жық-жық боп үйдің іші толып отыр.

¹ Мәттақам — өз ісіне жинақы, ұқыпты.

«Әйім» боп мырзалардың есі-дерті,
 Ынтық боп іштері оттай жанып отыр.
 Жанаса алмай іштері күйіп-жанып,
 Көздері қарай-қарай талып отыр.
 Ішінде осы көптің, құл да болса,
 Талайлы қолайына қонып отыр.

Шешен тіл, ақылы дана, өнерпаз ер,
 Жарқылдап топты еркін жарып отыр.
 Ықтырып бет қаратпай жан біткенді,
 Бәрін де айтысқанның жеңіп отыр.

Мұқалмай «құлсың» деген намысты атқа,
 Шын жүйрік тіл-жағына сеніп отыр.
 Бірақ бұл түбі шикі құл болғансын
 Ылайқат¹ көрмей, ойға қалып отыр.

Бір қыз емес, маңызды сөздеріне
 Айызы әркімнің-ақ қанып отыр.
 «Болайын туысыңа сабаз-ай» деп,
 Ауызға әркімдер-ақ алып отыр.

Әйімге толып жатыр ғашық жігіт,
 Етеді «жанассам» деп бәрі де үміт.
 Салдырған асыл бұйым ақ сандықтай,
 Ашуға түссе мәғар² қолға кілт.

Ешбірін ұнатпайды бірақ Әйім,
 Көздейді өзі теңдес сайма-сайын.
 Ешкіммен сырласпай-ақ сырттан сынап,
 Сезеді бір көргеннен барлық жайын.

Жауапкер, өзі өткір, тілге маман,
 Лебізі бал шараптай уыттаған.
 Сыртынан қанша жігіт болса да ғашық,
 Жанасып ешбірі жоқ жуықтаған.

Бір кезде көкжиектен таң сарғайып,
 Төбеден ауып үркер, ай жантайып.
 Жел есіп, жердің жүзі бозаң тартып,
 Жұлдыздар күңгірттеніп кетті батып.

Жарқырап үйге сәуле кірген кезде,
 Көпшілік десті әрең: «Ал, тарқайық».

¹ Ылайқат — лайық.

² Мәғар — егер.

Ешбірі оясынан шықпаған соң,
Әйімнің кеуілі көпке қалды ортайып.
Бұл мәжіліс осыменен тарай тұрсын
Мырзаның үй-ішінен сөз қозғайық.

Мырзаның болса дағы үш әйелі,
Болатын ұл тұмаған еш әйелі.
Ынтық боп ұл перзентке жүргенінде,
Болыпты екіқабат кіші әйелі.

Болғанда екіқабат қуанысты,
Дәмелі туа ма деп өзге түсті.
Келмейді жатса ұйқысы қуанғаннан,
Перзент пен мал-дәулеттен не бар тұщы.

Бір күні айы толып толғатады,
Тәжірибе болашақты болжатады.
Білініп түрлі белгі нысанасы,
Толғақ кеп бебеулетіп сарнатады.
Жиылып қатын-қалаш, кемпір-сампыр,
Салғызып отына май лаулатады.

Асылтты бақан құрып, жүген байлап,
Әзірлеп жабдықтарын, түгел сайлап.
Қыздырып отқа май сап, ішін сипап,
Сиынып «йә, аруақ, йә, Құдайлап».

Лақ әкеп бақыртып, айналдырып,
Деп жатыр: «Садақасы», ұстап байлап,
Біреуі: «Жарысқазан¹ кәдесі», — деп,
Ет асып, бұрқылдатып, қазан майлап.

«Ұл туды, сүйінші», — деп бір мезгілде,
Мырзаны жеңгелері жүр шалғайлап.
«Болады, — деп, — бүгін кешке шілдехана»,
Балалар қуанысқан «алақайлап».

Күн батты, болды және шілдехана,
Жиылды мерекеге халық және.
Жұрт дулап, бала шулап, ың-жың болып,
Мәз-мейрам бала-шаға тамашаға.

Мырзаның көтеріңкі көңілі тасқын,
Кім сүймес өркендеуін жеке бастың.
Мырзаның көңілін судай шалықтатты,
Сүйікті қуанышы гауһар жастың.

¹ Жарысқазан — толғағы келген әйелдің жеңіл босануы үшін жасалатын ырым.

«Ер перзент — ер мұрасы» деген сол ғой,
Емес пе жапырағы — көркі ағаштың.

Жомарттық бұл мырзаның қалпы бастан,
Үйренген дағдысы еді бала жастан.
Кемі жоқ қатарында мал-дәулеттен,
Жалғыз-ақ ұл перзентсіз шала бастан.
Дүниеде бар арманы — бір ұл перзент,
Әйтпесе бір бай жігіт дәулеті асқан.

Болған соң ұл қуаныш аясын ба,
Мал — бастың, тірлік — мақсат саясында.
Елуде бір нәресте әрең көрді,
Ал, мұның шашуынан аясын ба?

Түнде ойын, шілдеhana мерекелі,
Қызықты, мал жүрген жер берекелі.
Құрмет қып жиып алып толы көпті,
Таратып таңмен әрең жөнелтеді.

Таң атты, ойын арты жиын болды,
Мереке бұрынғыдан қалған жол-ды.
Қалдырмай ат жетер жер аймағынан
Айтқызды елге хабар оңды-солды.

Сауыншы¹ талай елді аралады,
Жапанды ат тұяғы жаралады.
Екі жеті — он төрт күн сүрік² айтып,
Естіріп той бәйгісі жариялады.

Бәйгісі аттың озған қырық жорға,
Бұл хабар үлкен талап аты барға.
Бұдан соң палуанның бас бәйгісі,
Береді кілем жауып қырық нарға.

Атағы ұлы жиын бір үлкен той,
Көтеріп көңілді көп, жазатын бой.
Тағы да аттырады алтын қабақ,
Бәйгісі оның тағы қырық құнан қой.

Есітіп бұл хабарды желікті ел,
Шақырған соң: «Сүрікті күні тойға кел», — деп.
Дәмелі ат қалмады жаратпаған:
«Келмесең де ұлы жолдың бойында өл», — деп.

¹ Сауыншы — ел-елді аралап, алдын ала хабар айтып, үлкен асқа шақырушы адам.

² Сүрік /орыс/ — уақыт, мезгіл.

Сейістер¹ ат жаратқан баптап-таптап,
Теңгеріп от пен суын өлшеп, шақтап.
Сүт беріп, сұлы беріп, жемдеп қарап,
Жабулап күн тигізбей, күнде баптап.

Өргізіп жал-құйрығын сүзіп, тарап,
Тұмарлап кекіліне үкі қадап.
Жетелеп түн бойына ұйықтатпай,
Әр мезгіл сылап-сипап, күйттеп қарап.
Бәйгі атын ертелі-кеш жарыстырып,
Суын басып, «қолтығы сөгілсін», — деп.
Баланың атпен тақымын таныстырып.

Сөйтіп ел ат жаратып баптасады,
Жинап қымыз, сусынын тақтасады.
Атақты палуандарын ортаға алып:
«Пәленше пәлендей», — деп мақтасады.
Мергендер: «Алтын қабақ атамыз», — деп,
Садақ майлап, мылтығын оқтасады.

Сүрігі екі жеті жеткен күні
Тұс-тұстан шақырған ел қаптасады.
Бас қосқан әлім, шөмен жиын болып,
Талайлар іздеп келіп ат қосады.

Ошаққа үй тігілді жүзден аса,
Барғанға қызғылықты той тамаша.
Үйлерді салтанатты тізілті кеп,
Қаз-қатар тігіп қойды ірге қоса.

Талайлы құл да болса сөзі сыйлы,
Мал-мүлікке өзі қожа, өзі би-ді.
Жылқыда қойшы мінген бір құла ат бар,
Оны жұрт «қойшы мінген құла ат» дейді.

Құла атқа Талайлының кеулі кетеді,
Бір бұл емес, бұл мінсе жылқы жетеді.
Сол жылы оны қойдан босатып ап,
Ардақтап, бағып-қағып еркелетеді.

Талайлы нар құла атты көп баптайды,
Бедеудей бектер мінген ардақтайды.
Ішінде мың сан жылқы жүрсе дағы,
Өзіне сонан бөтен мал жақпайды.
Жұрт мұның мұнысына болып қайран,
«Құла ат, — деп, — құлдың теңі» мазақтайды.

¹ Сейіс — жүйрік атты жаратып баптаушы.

Талайлы жаратады Нарқұла атты,
Бұл сүйсе де сүймейді жұрт бұл атты.
Бай қайырмайды, басқаға құлақ қоймайды,
Қалай да бұл құла атқа көңілі шапты.

Сынайды баққан сайын көзге түсіп,
Сандары тасырайып, алды-арты өсіп.
Салқы төс, сала құлаш, алма мойын,
Секілді омырауы бейне есік.

Сом тұяқ, қысқа бақай, жазық бауыр.
Бөкен сан, бөрі құлақ, құлын сауыр.
Қолдау еті бесіктей, қоян жонды,
Қайыспас берік мұз бел, артсаң да ауыр.

Құла аттың көзі өткір оттай жанады,
Тұрғандай пішініне адам қарап.
Жарыста алдына жан салмайтұғын,
Ұшқанда құс озбаса біткен қанат.

Үмітін күннен-күнге арттырады,
Сомданып баққан сайын көңілі құлап.
Тигізбей күндіз күнге, түнде желге,
Сұлы іліп, сүт ішкізіп, жапты манат.

Мырза да: «Бақсаң бақ», — деп ерік берді,
Құла атты құл мақтаған келіп көрді.
«Қоссаң қос, бәрекелді, жарайды!» — деп,
Қостады тәуекелшіл Талайлы ерді.

Той болып, жұрт жиылып, болды жиын,
Бас қосқан ұлы топтың күні бүгін.
Мал сойып, ошақ қазып, қазан асып,
Көпшілік қамдасады той жабдығын.

Жүздеп қой, ондап жылқы сойып жатыр,
Қымызды саба-саба қойып жатыр.
Ішіне қатар тіккен қалың үйдің
Текемет, кілем, көрпе жайып жатыр.
Тұс-тұстан лек-лек адам келіп жатыр,
Екі ошақ, екі жапсар ұстап елді
Үй-үйге он-он бестен бөліп жатыр.

Көпшілік мерекені тойлап жатыр,
Келгенін кезегімен жайлап жатыр.
Үйге кіріп, жағалай отырысып,
Ортаға сабаларын байлап жатыр.

Жағалай дастарқанды жая тастап,
Қымызды шара-шара айдап жатыр.
Құйылса үйде қымыз сапырылып,
Далада бұрқ-бұрқ қазан қайнап жатыр.

Қаз-қатар қазған ошақ, қазанда бұ,
Будақтап түтін көкке бойлап жатыр.
Ет асқан епті әйелдер ебін тауып,
Қымқырып оны-мұны жайғап жатыр.

Қақпайлап қап бұрышына қайыра тастап,
Бүйрек, сирақ, жөргемді¹ айдап жатыр.
Тамсанып тамақсаулар ет жағалап,
Сорпа ұрттап, құйрық-бауыр шайнап жатыр.

Жалыны жаққан оттың шалқып жатыр,
Шымырлап сорпа судай толқып жатыр.
Шөмішін шелегімен жанына алып,
Әйелдер ептеп бетін қалқып жатыр.

Күрішті қазан-қазан асып жатыр,
Біртіндеп піскен етті тасып жатыр.
Ішіне етке тіккен үлкен үйдің
Біріне-бірін әкеп қосып жатыр.
Дайындалып ет турауға епсектілер,
Қамшыны жылы-жұмсаққа басып жатыр.

Бозбалалар атқа мінген тынбай жортып,
Сөзін сыйлап, үлкеннен кіші қорқып.
Саятшы атқа мінген азаматтар,
Үй-үйге кезегімен табақ тартып.
Салып ап шал-кемпірлер қалған етті,
Қайырған құр табақты, бермей сарқыт.

Саятшы бозбалалар табақ тартқан,
Дүсірлеп топ-тобымен тынбай жортқан.
Төрдегі ақсақалдар кезек-кезек,
Шақырып: «Кел, шырақ» деп, ет асатқан.
Қарбытып әрі-бері асатқансың,
Шегінген жүрегі айнып, пәті² қайтқан.

Сонымен ет тартылып болды тегіс,
Мешкейдің қайтты сұғы не ет жегіш.
Қарық қылып қанша көпті ет пен қымыз,
Сол күні үлгерілді сүйтіп көп іс.

¹ Жөргем — будақтап өрілген ішек.

² Пәт — екпін, қарқын.

Бәйгіге дайындалды ертең таңға,
Ұлы айғай түсеміз деп ұлы шаңға.
Күйтесіп ат сейістер атын баптап,
Аулаққа шығып кетті жатпай маңға.
Таң атты, шықты біреу ту көтеріп,
Басына бір биіктің тікті апарып,
Көпшілік шықты соның соңына еріп.

Бөлініп шықты қалмай бәйгі аттары,
Даңқы зор, асқар таудай айбаттары.
Әркімнің ардақтаған ая көзі,
Көк мойын, небір жүйрік саңлақтары.

Бәйгіге қосылған ат жүз қаралы,
Ат қосса соңына ермей кім қалады.
Қосылып атпен бірге көтермеші,
Атты айдап жарым жолға шығарады.

Ат кетті үш күншілік жерге ұзап,
Дегендей атсыздарға «көзің қызады».
Ішінде Нарқұла ат та қоса кетті,
Көпшілік «құл құла» деп қылған мазақ.

Ат кетіп қалыпты, жұрт дөң басында,
Ойын бар, палуан бәйгі ортасында.
Айғайлап: «Палуандарың шығар!» — десіп,
Хабарлап жалшылар жүр халық қасында.

Дегендер осы қалай сыналатын,
Күштілер келді кезек айқасуға.
Жай күнде «Мен — палуан!» — деп мақтанғандар
Күн келді шама-шарқын байқасуға.

Палуанға біреу шықты әлім жақтан,
Мойнына үлек нардай тұмар таққан.
Қолынан күрескен жан сау кетпейтін,
Сол екен Асар дейтін қанды қақпан.

Өңкиіп отырып алды өгіздей боп,
Ешкімнен бір дәу қара қапері жоқ.
Тұп-тұтас сырт пішіні піл сықылды,
Ер емес жаннан қорқар ол бір нансоқ.

Дәу қара көрінеді көзге сұсты,
Тұлғасын көрген жанның үрейі ұшты.
Бел буған палуандыққа жасынан-ақ
Ер екен піл сүйекті, алып күшті.

Тұлғасы дәу қараның жан шошырлық,
Үкі көз, қалың қабақ, үсті түк-түк.
Айбаты атышулы арыстандай,
Маңынан жүре алмастай адам жуып.

Дәу қара қолын бұлғап дейді: — Кел-кел,
Емес пе шөмен деген бірталай ел.
Ұйлығып осыншама неге шықпайды,
Жоқ па екен көп ішінен бір талапкер?
Келгенің: «Тірі қайтам», — деп ойлама,
Нанбасаң күрес дағы, күшімді көр!

Алысса, адам тайлас¹ келмейтұғын,
Танытам, танымасаң мен — Әли шер.
Мен тегін бұл арадан кете алмаймын,
Әйтпесе әуре қылмай бәйгемді бер!

Ұйлықты жұрт қысылып мынау сөзден,
Шешініп шыға алмады ешкім тезден.
Қорқытып: «Ол солай», — деп түңілтеді,
Әркімдер бұрын-соңды сырын сезген.

Палуанға ешкім батып шыға алмайды,
Шыққанмен анау-мынау жыға алмайды.
«Келгенің менен тегін кетпейсің», — деп,
Дәу қара одан сайын нығарлайды.

Шыға алмай талай палуан мысық болды,
Қорқып-ақ үрейлері ұшып болды.
Үзгенсін көптен күдер ақсақалдар
Өтінді Талайлыға оңды-солды.

Мырзасы Талайлыға өтінді кеп:
— Сен болмасаң шығатын ешкім жоқ, — деп.
Шықпай қалу елдікке үлкен намыс,
Бәйгіні әкетеді тегіннен-тек.

Талайлы деді: — Дұрыс, шығар едім,
Не жығылып, немесе жығар едім.
Ел-жұртым жоқ, есепте мен бір құлмын,
Әйтпесе бір намысқа тұрар едім.

Пішіні дәу қараның піл секілді,
Алыппен кім күрескен бұл секілді.
Жықсам — абырой халықтікі, қалды сіздікі,
Есепте мен елі жоқ құл секілді.

¹ Тайлас — теңдес, пар.

Жығылсам, не мертігем, не өлем ғой,
Ол кезде жанашырым кім секілді?

Қорықпаймын дәу қараның түрін көріп,
Екен деп «қолы күшті, белі берік».
Тайсалмай талай жерде топқа түсіп,
Жігітпін мен өзіме жүрген сеніп.

Не жығам, не жығылам, ол белгісіз,
Бір тәуекел бұғанға белді берік.
Ол жығылса, мертілсе, ел-жұрты бар,
Менде жоқ жазым болсам жанға серік.
Қырық нарға кілем жапқан қызыққанмен,
Мал түгіл, ойлап тұрсам, жоқ баста ерік.

Мырза айтты: — Олай десең рұқсат саған,
Уағыдам халық алдында, мұныма нан.
Нарқұла ат — мінгізгенім, берген еншім,
Тағы да ал, бере берем не сұрасаң.

Болады халық намысын жібермесең,
Осындай көпшіліктің қорғалаған.
Құлым емес, ұлымсың, Талайлыжан,
Мен енді бір айтқаным қайталаман.
Жіберме ел намысын шамаң келсе,
Таппадық сенен бөтен шығар адам.

Талайлы рұқсат алып көңілі тасты,
Босатты ебін тауып еріксіз басты.
«Өңім бе, түсім бе, — деп, — босанғаным»,
Ағызды қуанғаннан көзден жасты.
Белсеніп аттан түсе белін буып,
Палуанмен дәу қарадай келе айқасты.

Екеуі бір-біріне: «Кел», — деседі,
Ұстасып келген жерден белдеседі.
Үйіріп бірін-бірі лақтырып,
Аянбай бірін-бірі сермеседі.

Екеуі емін-еркін алысады,
Қайқайып, қайырылып шалысады.
Арсылдап арыстандай шайналысып,
Біресе тартып қапыл қағысады.
Иықтап көтеруге ыңғайланып,
Қапсыра құшақтасып жабысады.

Дәу қара ішпе-жемге қояр емес,
Өшіккен үлкен нардай аяр емес.

Қаншама қаһарланып ұмтылса да,
Талайлы оңайлықпен болар емес.

Болмаса Талайлыдай құрыш болат,
Өзге жан түссе қолына оңар емес.
Күресіп Асар дәу мен ер Талайлы,
Екеуі халық алдында қылды егес.
Бұл егес екіталай болып көпке,
Қызыққа қызандасып қызарды өңеш.

Түн тынық, күн аңызға, ағұс¹ қандай,
Күн ыссы, аспан жерге қабысқандай.
Үскірік қаңтардағы қаһарлы аяз,
Кезегі шілдеде ыссыға ауысқандай.

Қыздырып жердің жүзін күннің көзі,
Шаң шығып, көлдер суын тауысқандай.
Шөліркеп аңызғақтан адам, айуан,
Кезеріп ерінге ерін жабысқандай.

Тықыршып деміңді алып одан бетер,
Бөгелек ат басымен алысқандай.
Сонда да көпшілік тұр мәз-мейрам боп,
Таңырқап екі балуан алысқанға-ай.

Шұбырып маңдайынан терлер ағып,
Аңдысып бірін-бірі жүрді бағып.
Екеуі бірін-бірі жығыса алмады,
Қаншама ұмтылса да қаһарланып.
Әдісқой жігіт еді ер Талайлы,
Мәтқапыл² теріс жағынан қалды қағып.

Жалп етіп қаққан кезде түсті жерге,
Әдіске кім шақ келген Талайлыға.
Тізесін бүгіп барып қалды таянып,
Тұрып кетті жауырын тимей жерге.
Екеуі қайта ұстасып, қайта алысты,
Болмады жығылды не жықты дерге.

Дәу қара ары-бері омыраулады,
Жұмсады барлық күшін, аямады.
Үйірді, лақтырды, жамбасқа алды,
Бұлқынды, бесті асаудай арындады.

¹ Ағұс — тамыз айы.

² Мәтқапыл — қауіп-қатер.

Көтерді, иықтады, тартты, шалды,
Шамданды, шамырқанды, ашуланды.
«Күш атасын танымайды» деген шын ғой,
Сонда да ер Талайлы бір болмады.

Бір кезде ер Талайлы ыңғайға алды,
Сап етіп сол аяқтан қағып қалды.
Қаққанда түйедей ғып дүрс еткізіп,
Омыра омпасынан¹ бір-ақ салды.

Күрт етіп бұғанасы шығып кетіп,
Есі ауып, алыспақ түгіл талып қалды.
Шуласып шөмекейлер² көтеріліп,
«Жықты», — деп масаттанып күліп қалды.
Жабырқап жығылғанға намыстанып,
Әлім жақ үндей алмай тұрып қалды.

Мертігіп Асар палуан талып жатыр,
Намыс қып талмаса да налып жатыр.
Қалды деп әлде неғып «А, Құдайлап»,
Ортаға аға-інісі алып жатыр.
«Бәй-бәйгі, бәйгісі», — деп шу-шу етіп,
Дабырлап шөмекейлер барып жатыр.

Талайлы дәуді жығып абырой алды,
Және алды кілем жапқан қырық нарды.
Көпшілік қайта-қайта алғыс айтты,
Бірза боп бермегенге намыс-арды.

Бір кезде тапатап түстің шамасында,
Арқаның жазық жатқан даласында,
Күйдіріп жердің бетін күннің шоғы,
Қыздырған желдің самал ауасын да.

Шалғындай өсіп көңлі Талайлының
Тұрғанда ұлы топтың арасында.
Төбесі тигендей-ақ болды көкке,
Бақ қонып қас пен көздің арасында.

Құтылып бір-ақ күнде бар бейнеттен,
Айналды жақсылармен жанасуға.
«Көздеген мақсатыма жеттім-ау», — деп,
Түрлі ой түсті ердің санасына.

¹ Омп — асықтың аша жағы, төмен қарап тік тұру қалпы.

² Шөмекей — кіші жүз ру атауы.

Қағылды бағанаға алтын қабақ,
Айнала жиналған көп алды қамап.
Қондырып биік баған ортасына,
Басына алтын жамбы қойды қадап.

Мергендер бір шетіне бөлініп шығып,
Кезекпен атты мылтық, тартты садақ.
Ұсынды талай мерген көзін қадап,
Бірі мылтық, біреуі тартып садақ.

Сонда да ешкім атып түсіре алмай,
Оқтары бәрінің де өтті жанап.
Таусылды кезектегі мерген қалмай,
Дал болды ешбіреуі түсіре алмай.

«Талапкер кім барсың?!» — деп, жаршылар жүр,
Атауға алтын қабақты адам болмай.
Талайлы «атайын» деп ойласа да,
Оқ, мылтық, садақ, саржа жүр таба алмай.
Мылтығын, оғын қиып бермеді ешкім,
Болмады жүгірсе де олай-бұлай.

Талайлы сөз сұрады көпке қарап:
— Міне, мен шығып едім етіп талап.
Менде жоқ бірақ қазір мылтық, садақ,
Сонымен тұрмын бекер таппай жарақ.

Айтайын, арызым сол, баршаңызға,
Қызықты қимылымды көрсеңіздер.
Оқсыз-ақ таспен ұрып түсірер ем,
Күңкілсіз көп рұқсат берсеңіздер.

Деп еді, көп те: «Рұқсат», — деді бұған, —
«Қалайша түсірсең де ерік саған».
Өкілдік халық аузынан естіген соң,
Жамбыға жақындады басып қадам.

Тас алды жерден тауып жұдырықтай,
Жіберді зымыратып атқан оқтай.
Сарт етіп салбыраған ақ жамбыға,
Түбінен жұлып түсті, көрді жаппай.
Сабаздың, бәрекелді, талабына,
Тағы алды қырық құнан қой аппай-шаппай.

Сол кезде түс қайтып еді, күн қырындап,
Мәз болып бәйгі алған жақ жүр жымындап.
«Қандай ат келер екен» десіп бәрі,

Бал ашып, дәмелі боп жұрт ырымдап.
Көргенше ат қарасын ынтық болып,
Көз тігіп біреу қарап, біреу тыңдап.

Әр жерде шоқ-шоқ адам қора-қора,
Сөйлессе әңгімесі «ат» екеуара.
Көп тынып дөң басына тұрған кезде,
Көрінді көз ұшында жалғыз қара.

«Әнекей! — деді біреу, — шықты бір ат»,
Ат десе атқа мінбей кімдер тұрады.
Жөнелді көтермеші топ-тобымен,
Көпшілік тұра алмады шаппай шыдап.

Дегенше әне-міне келіп қалды,
«Дөйт-дөйт!» — деп көтермеші ұран салды.
Шылбырын еш адамға ұстатпастан,
Нарқұла ат келіп қалың топты жарды.

Нарқұла ат келе жатыр желдей есіп,
Дүбірі көк түскендей жерді тесіп.
Екшіні жанған оттың жалынындай,
Түтіні ұйтқып шалқып, көкке өршіп.

Ойнақтап ақбөкендей жүйткіп, орғып,
Жануар түсіп күйі кеткен келісіп.
Жұлдыздай екі көзі жалт-жұлт етіп,
Алдынан көптің ойнап өтті кесіп.

Өзге аттан сүт пісірім келді бұрын,
Ашпаған тұлпар екен адам сырын.
Бітпеген еш жылқыға пішіні бар,
Сол кезде таңырқарлық көрсең түрін.

Құла ат кеп қырық жорға бәйгіні алды,
Жинады бір-ақ күнде дүние-малды.
Басы ерік боп, малына иелік қып,
Тал түсте таңба басып және ен салды.

Талайлы палуан болды даңқы шығып,
Атса түсіріп, күрессе және жығып.
Қосса аты бәйгінің алдын алып,
Босанып құлдығынан байдан шығып.

Жайылды халыққа даңқы Талайлының,
Талайлар ісін көзбен көрді мұның.
«Болайын туысыңа, сабаз-ай!» — деп,

Аузының тия алмайды айтса суын.
Таңдаған елден жігіт қыз Әйімнің
Ықыласы кетті құлап, босап буын.

Қайратын Талайлының көзбен көрді,
Таныды білім-өнерін, көңілі сенді.
Аралап талай топты жүрсе дағы,
Таппады аймағынан мұндай ерді.

Оздырды топтан қайрат, көптен табыс,
Құтылды құлдық аттан, тағы намыс.
Ынтық боп, құлқы құлап, көңіліне ұнап,
Болуға жөн іздеді қалай таныс.

Талайлы мал басына ие болды,
Жері толған жылқы мен түйе болды.
Сұлуға халыққа ұнаған ол да ынтық,
Қайтсем деп қарастырады оңды-солды.

Әйім боп есі-дерті жатса, тұрса,
Келмейді төсекте ұйқы көзін жұмса.
Сөйлесіп ішкі шерін тарқата алмай,
От жүрек халі мүшкіл болды мұнша.

Бір күні ебін тауып жолығысты,
Қойсын ба ашықтықтың дерті күшті.
Сөйлесіп оңашада емін-еркін,
Пікірді түгел шешті ішкі-тысқы.

Талайлы айтып салды барлық сырын,
Сөйлесіп көрмеп еді мұнан бұрын.
Қойсын ба ашықтықтың улы дерті,
Ақтартты ықтиярсыз бар пікірін.

— Уа, Әйім, қатарым-ай, қарағым-ай,
Тілің — бал, лебізің — тәтті, шарабым-ай.
Жолыңда сенің басым болып әуре,
Сенсіз жоқ түк те жалғыз қарарым-ай.

Жолыңда болып әуре сенің, құрбым,
Сен үшін қайғылы боп мен «аһ» ұрдым.
Болмаса сенен сәуле, ашық жарым,
Көрінбейді дүние жарық маған бір күн.

Болғандай сенен шипа ішкі дертім,
Сен үшін сергелдең боп кетті еркім.
Дертіме менің десең бір шипа қыл,

Көз мейірім, көңіл хошым, сенсің көркім.
Көп айтып сөзді ұзатып не қылайын,
Түсінген де шығарсың сөздің төркін.

Қыз Әйім сөз мәнісін ойлап білді,
Бетіне Талайлының қарап күлді.
Айтуға оған жауап таппасын ба,
Кісі еді асқан зерек, озған тілді.

— Талайлы-ау, ол айтқаның емес бөтен,
Сөзіңіз жерде қалмас, бәрін де етем.
Сізді мен ешкімнен де кем көрмеймін,
Сеніңіз, мен сіздікпін, сертке жетем.

Бұл жерде реттеудің жөні келмес,
Ұят-ты, біліп қалса шешем-әкем.
Аулақта көңіліңізді жұбатайын,
Аңға шық олай десең, ағай, ертең.

«Құп!» — деді, қол алысып қыз Әйіммен,
Бергенсін уағдасын байқалды жөн.
Солғын жүз нұры тасып шырайланды,
Дертіне табылғандай жүректің ем.

Талайлы Нарқұла атты әбзелдетті,
Шығудың ертең аңға қамын жеді.
Жеңіл ер, сайлы сайман, азық алып,
Жанына екі-үш кісі жолдас ерді.
Қыран құс, жүйрік тазы ертіп алып,
Қалыңға Қаратоғай ол жөнелді.

Тоғайға барып алып жата берді,
Түлкі аулап, құлан, киік ата берді.
Басына Балқаш бұлақ қосты тігіп,
Аулақта аң қызығына бата берді.

Қыз Әйім содан кейін үш күн өтіп,
«Барам», — деп, қалып еді уағда етіп.
Ат мініп сейілдікке ол да шықты,
Жанына өзі теңді үш қыз ертіп.

Бұл үш қыз үш жігіттің көз танысы,
Біріне-бірінің бар сөз салысы.
Бұлар шықты бір жаққа бетін бұрып,
Былай шықса белгілі жөн табысы.

Шыққансын елден аулақ бетін бұрды,
Қаратоғай қалыңға қарай жүрді.

Болмай-ақ кіші бесін төгілдіріп,
Шетіне Қаратоғай келіп кірді.

Төрт қыздың кілең жорға мінгендері,
Масаты қызыл мақпал кигендері.
Төгілтіп төрт жорғалы келеді қыз
Ашық жар алдарында сүйгендері.

Ол қыздың бәрі сұлу тотыдайын,
Кисе киім, мінсе аста аты дайын.
Ер-тұрман әшекейлі күміс жапқан,
Алады көрген сайын көздің жауын.

Күміс ер күн нұрына шағылысып,
Аттары қара терге ағылысып.
Қоңыраулы құйысқанның күмбездері
Күлдірлеп бір-біріне қағылысып.

Жорғаны дөңгелентіп қыздар келеді,
Желбіреп орамалдар желмен әлек.
Бәрі де бұл қыздардың озған сұлу,
Айрықша қыз Әйімнің түрі бөлек.

Келеді өңшең сұлу жорғалы қыз,
Алқалы, шашпаулы қыз, сырғалы қыз.
Сырғаның сылдырлаған даусыменен
Жаңғырықты жапан дала, ен құла тұз.

Тоғайда қыздар шауып, қырдан құлап,
Жарысып келе жатыр атты бұлап.
Белгілі жатар жері аңшылардың
Кәдімгі Қаратоғай, Балқаш бұлақ.

Бұлаққа аттың басын тікке салды,
Дегенше өне-міне келіп қалды.
Балқаштың сағасына келген кезде,
Алыстан ақ шатырды көзі шалды.
Аттарын бір ағашқа байлап тастап,
Ішіне ақ шатырдың кіріп барды.

Шатырда жанды адам жоқ кіріп барса,
Көргенсін қыздар болды таң-тамаша.
Жігіттер аңнан қайтып келгенінше,
Шатырда қыздар байғұс жатты оңаша.

Құс салып, ит жүгіртіп кешке шейін,
Аңшылар кешке жақын қайтты кейін.

Байласып алған аңын қанжығаға,
Қосылып өлеңдетер қосқа дейін.

Жігіттер келе жатыр аңнан қайтып,
Ән салып, жол қысқартар өлең айтып.
Қозғайды махаббатты — ұлы сырды,
Жалыны ыстық жүрек оттай шалқып.

Мінезі қыз Әйімнің көзге елестеп,
Уылжып тұла бойы кетті балқып.
Сұлудың мәгниті¹ махаббаты,
Екпінін ер жүректің алды тартып.

Қалың ой, қараңғы сор бұлттай қалқып,
Іш күйіп, бой босаңсып, жүрек балқып.
Сұлуды, қыз Әйімді әнге қосар,
Азырақ өлең айтады ойдан қамтып.

Сұлу қыз — үйдің сәні, елдің көркі,
Жарасар кесе қырын кәмшат бөркі.
Теңімен көңілі сүйген қосылар еді,
Дарига-ай, болса егер басында еркі.

Шыға алмай жауыздықтың шеңгелінен,
Талайдың асқынулы-ау ішкі дерті.
Әйтпесе бір шамадан шығар еді-ау,
Әйімнің қол алысып берген серті.

— Көрдім де дидарыңды көңілім кетті,
От түсіп, жүрегімді қайғылы етті.
Жаралған айзайрадан², асылым-ай,
Жан келмес бұл жалғанға сендей көрікті.

Жақсының жүзі сұлу, сөзі берік-ті,
Күйдіріп ашықтығың болдым дертті.
Жеріңе уағдалы келе алмастай,
Қыз Әйім, ұмыттың ба берген сертті?

Ақылың біткен тайлас ажар-көрікке,
Қасіретің уландырды қоймай ерікке.
Болмаса сенен ғана бұл дертіме ем,
Түк дауа табылмастай жер мен көкте!

Талайлы осыны айтып күрсінеді,
Қан қайнап, жүрек тулап дүрсілдеді.

¹ Мәгнит — магнит.

² Айзайра — ай келбетті періште.

Уылжып іш елжіреп, бой босаңсып,
Бір қызып, бір суынып есінейді.
Қиялы қырық бөлек боп келе жатса,
Байлаулы ағашта аттар кісінейді.

Жалт етті кісінеген атты көріп,
Шатырға қалып еді жақын төніп.
Білмеймін, қорықты ма, қуанды ма,
Әйтеуір бой шымырлап, етті селк.

Кідірмей сол бетімен қалды келіп,
Елеңдеп аттар үркіп, ойды бөліп.
Бұлардың дүрсілдеген дауысын есітіп,
Шатырдан шыға келді қыздар да өріп.

Ғашықтар бір-бірімен ұшырасып,
Жасарып, жайнап гүлдей көңілі тасып.
Қосылып, құшақтасып, амандасып,
Шат болды ынтық жүрек мауқын басып.

Шатырда ойнап-күліп жата берді,
Тілектес, мақсұты бір өңшең ғашық.
Аң аулап, сейіл құрып сері бойдақтар,
Тоғайда жата берді араласып.

Өткізіп елге қайтты бірер жеті,
Бет алса қашық емес елдің шеті.
Келеді әрқайсысы өз жөнімен
Толықсып туған айдай ажар-көркі.

Қиял боп келешегі көзге елестеп,
Жары боп көңілі сүйген есіл-дерті.
Ой басып жүрген сайын жүз құлпырып,
Келеді бой билетпей кетіп еркі.

Жігіттер бұрын, қыздар соң,
Келді ауылға әр жақтан.
Көрмегенсіп түк нәрсе
Монтанылар¹ ой тапқан.
Көрмегенге іс күмән,
Өздеріне аян дәм татқан.

Түлкіше қыздар із тастап,
Құлады теріс қыр жақтан.
Аңшылар тура құлады,

¹ Монтаны — момақан.

Бірғап-жырғап олжалы,
Аттарына ет артқан.
Қанжығасын қандасып,
Қызылдан қызыл таңдасып,
Не алтайы түлкінің
Құйрығын жерге шұбалтқан.

Аңшылар келіп ауылға,
Әуес көріп аң етін
Жіліктеп үйге таратқан.
Қыздармен жанның ісі жоқ,
Олжаны әркім ұнатқан.
Қыздар келіп отауға,
Жатып алды жабысып.
Шаршап кеп шөлдеп қағысып,
Десіп: «Кім, келдің қай жақтан?»

Біреді жеті тағы өтті,
Көп айтып артын ұзатпан.
Қыздың атқа мінгені,
Жігіттермен қосылып,
Екі жеті жүргені
Сыпсың-сыпсың сөз болып,
Көбейді күңкіл жан-жақтан.
Ұйғарып көзбен көргендей,
Не бал ашып білгендей,
Қашқан өсек бұлақтан.
«Әйімді Құдай ұрды, — деп, —
Құшақтады құлды», — деп,
Күбір-күбір көп сөзбен,
Әйім де азды құлақтан.

Әйімге ғашық көп еді,
Өңшең мырза, бек еді.
«Аламын», — деп әуре боп,
Талайлар малын төгеді.
Әйімге малы не керек,
Қанша кісі келсе де,
Біріне болсын демеді.
Есі-дерті Талайлы,
Жатса ұйқысын бөледі.
Көзін жұмса елестеп,
Алдына жетіп келеді.
Құлқы құлап, көңілі ауып,
Махаббаты төнеді.

Ғашықтық дерті жанған өрт,
Оп-оңай неғып сөнеді!

Бір ауғансын ниеті
Бой бермей еркін жеңеді.

Асыл туған Әйімнің,
Сырты сұлу, сымбатты.
Алтайыдай ал қызыл,
Қырмызыдай қымбатты.
Бал мінезді, нұр жүзді,
Алмадай піскен ләззаты.
Сөйлесе, сөзі мазалы,
Бал шараптай шәрбат-ты.

Ел-жұртына қыз Әйім,
Сүйкімді, сұлу, ардақты.
Сұлулығы Әйімнің
Өз басына сор болды,
Аңдысқан жау зор болды.
Талайлыға ел қимайды,
Дұшпандығы мол болды.
Әйімге сырттан ғашық көп,
Ішіне дерті сыймайды.
Бар кінәсі сол болды,
Әйтпесе Әйім нағыпты.

«Күңіrentкендей көп елді,
Нашарлығым болмаса
Не жазығым бар еді?» — деп,
Өз-өзінен өкініп.
«Халқым-ау, — дейді, — не болды?»

Жұрт күңкілдейді өсектеп
Сыртынан солай есептеп.
Қыз Әйімнің Талайлы
Жуып кетсе қасына:
«Құрығандай елде еркек,
Құлмен болып ашына.
Бай таңдаған бейбақтың
Тапқан теңі осы ма?
Біле-білсе теңі кім,
Құлмен жүру құрғырдың
Лайық па екен басына?
Қаңғырған мынау — қызылбас,
Түбімізге жетті-ау, — деп, —
Мырзаның малын иеленіп,
Билігін алып кетті-ау, — деп, —
Онымен қоймай тағы да,
Қыз Әйімді құшақтап,

Азары мұның өтті-ау! — деп.
 Бұл азарды көргенше,
 Мал-мүлікті иелентіп,
 Қызды қоса бергенше,
 Өлтірсек құлды нетті!» — деп,
 Көп шулайды сыртынан.

Сыңайын танып бұл істің,
 Күдер үзді жұртынан.
 Түсіруге қолына
 Бөгет болып жолына,
 Күні-түні аңдиды,
 Талайлы келсе жылқыдан.
 Жылқыда жүрсе жұрт тыныш,
 Ауылға келсе аңдулы,
 Бозбала безді ұйқыдан.

Зерек туған қыз Әйім
 Таныды елдің сыңайын,
 Құлқын танып қулардың,
 Дeyді: «Енді не амал қылайын?
 Қолына түссе өлтірер,
 Біреуі қылмас райым.
 Өлтіреді деп қорқа алман,
 Кел, тәуекел қылайын!
 Болған соң әуре бұл істің,
 Ұшығына шығайын.
 Арпалысқан дұшпанды
 Амалын тапсам жығайын.
 Тілімді алса Талайлы,
 Елден қашып шығайын.
 Азар болса өлтірер,
 Несіне етем уайым.
 Бүйтіп азап көргенше,
 Әркімнен бір сөз естіп,
 Жебедей жерге кіргенше,
 Өлейін де тынайын.
 Талайлымен қосылып,
 Кел тәуекел, кел енді
 Таланымды¹ сынайын».

Деп Әйім сүйенеді тәуекелге,
 Сенімді, асырғандай асқар белге:
 «Ұстайын, ер еді ғой, етегінен,
 Тәуекел, бұл талабым кетпес желге».

¹ Талан — бақ, несібе, тағдырдың жазуы.

Отарда жүріп-жүріп ер Талайлы,
Бір күні түнде қайтып келді елге.

Әйімге жолығады түнде келіп,
Аңдушы білмей қалды ұйқыға еніп.
Екеуі емін-еркін сөйлеседі
Жұмыстың ішкі-тысқы бәрін теріп.

Қыз Әйім Талайлыға сыр айтады,
Сыр шешіп, сөздің артын ұзайтады:
— Бұзылды елдің ниеті, таныдым, — деп,
Батырды қауіптендіріп мұңайтады.

Біздің бұл ісімізге халық наразы,
Ешкім жоқ, мен танысам, бізге разы.
— Екеумізді өлтірмек қолға түссек,
Әйтеуір аңдып жүріп қысы-жазы.

Қайткенмен бұл арада жүре алмаймыз,
Жүргенмен елдің бетін көре алмаймыз.
Болмайды болған істі жасыруға,
Біз бүркеп ашылғанды тыға алмаймыз.

Халыққа бұл ісіміз болды әшкере,
Болармыз бүйте берсе біз масқара.
Бұл елдің ішінде енді жүріп болмас,
Жетеді іздегенге халық астына.
Талайлы, елің қайда, білемісің,
Бәрі жау жан-жағыңның жанған өрттей,
Ішінде жанған өрттің жүремісің?

Бұл елдің бәрі дұшпан «біз» дегенде,
Ынталы жалғыз-ақ мен «сіз» дегенде.
«Жігіт туған жеріне» деген қайда,
Болар ма ел табылмас іздегенге.

— Әйім, олай болса енді не етем,
Біздің ел тым жырақ қой, қалай жетем?
Әркімнің басы қымбат, жаны тәтті,
Дегенің жаннан шыққан емес бөтен.

— Ендеше кел, тәуекел, ал кетейік,
Ішінде жүріп жаудың біз не етейік.
Олай десең кетудің тез қамын же,
Мақсатқа, нәсіп болса, кел жетейік.

— Сен ертең олай болса отарға бар,
Толтырып қос қоржының және азық ал.

Астыңа Нарқұланы ұстап мініп,
Жорғаны егіз күрең қосарыңа ал.

Бүгін емес, сен ертең ымырттата,
Келерсің Сарыобаға не ел жата.
Кезінде түн ортасы мен барармын,
Болмаса көлденеңнен бір іс қата.

Талайлы осы уағдамен атқа мінді,
Бөктерді азық салған қос қоржынды.
Алғаны ірімшік пен қойдың құрты,
«Отарға барамын», — деп түнде жүрді.

Көпшілік білмей қалды келіп кеткенін,
Түнде кеп Талайлының не еткенін.
Біліп қойса басқа еді істейтіні,
Солар еді көптің аңдып күзеткені.

Түнде тұрып Талайлы
Құла атына мінеді.
«Барамын», — деп отарға
Түн ішінде жөнелді.
Күн шығып, таң атқанда
Сарыобаға келеді.
Қоржын толы азықты
Сол араға көмеді.
Азықты тастап салт атпен
Отарға түсте келеді.

Талайлыны көргенсін,
Құлдар қалды сауқылдап.
«Би Талайлы келді», — деп,
Ортаға алды қауқылдап.
Көпшіл жүйрік көсемдер
Сөйлейді шалқып, аңқылдап.
Отырған жері күлкі-ойын,
Тыңдаушының езуі
Жиылмайды қарқылдап,
Түседі көзге жарқылдап.
Көп ішінде белгілі,
Сүйкімді сөзі, үлгілі,
Шығады үні сартылдап.
Қымыз ішіп, ет жесіп,
Қызара бөртеп күлісіп,
Дүрілдеген мас құлдар,
Қызулы қыршын жас құлдар
Еш нәрсемен ісі жоқ.

Біржақтап күліп, тарқылдап,
Не пікірі барлығын,
Қайдан білсін байғұстар
Айтпаса сырын айқындап.

Құл да болса Талайлы
Мырзаға кеулін бермейді.
Енсе басы есіктен,
Төрге қарап өрлейді.
Төредей сыйлап төңірегі,
Мырзадан кейін көрмейді.
«Құл екем» деп қорғанбай,
Биікке қолын сермейді.
Талайлы байға жағынған,
Өзге құлға сенбейді.
Бар шаруасын басқарып,
Реттеп, жайлап жөңдейді.
Өзі қожа, өзі би,
Анау-мынау кісінің
Айтқанына көнбейді.
Құл түгіл бай да құрметтеп,
Кәделі жерде қадірлеп,
«Кел, жоғары кел», — дейді.
Би Талайлы келгенсін,
Құрметтесіп құл біткен
Ортаға алды ұйлықты.
Саба қойып, тай сойып,
Сыбаға берді сыйлықты.
Жігіттің жүйрік бұлбұлы,
Бір құл емес, әркімдер
Айтқызады беріп билікті.

«Ертең ауыл жөнейді, — деп, —
Тайдың еті болмаса,
Мырза өзге ет жемейді», — деп,
Бір құр тайды ұстап сойғызды,
Қойдан семіз құйрықты.
«Әйім көшке мінеді», — деп,
Және ұстатты жылқыдан
Егіз күрең жорға мен
Нарқұладай жүйрікті.
Тайдың етін тұздатты,
Түнгі салқын самалға
Дегдітті¹ қойды, мұздатты.
Сүбесі қарыс қазыны

¹ Дегдіт — құрғату, кептіру.

Айналдырып ішекке,
Тырсылдата сыздатты.
Әбзелдеп мініп күреңді,
Нарқұлаға ер артты.
Екі қап етті теңдеп ап,
Елге қарап жөн тартты.

Жүрісі жойқын жорғаны
Дөңгелентті, шайқалтты.
Жайқалтып күрең жорғаны,
Нарқұланы жетелеп,
Күміс жүген күреңге
Жарасады шекелеп,
Ырғып, шайқап теңселіп.
Үсті-үстіне төпелеп,
Жүрген сайын жұтынып,
Шығарып өнер еселеп.

Түріп алып маңдайды,
«Қайдасың, — деп, — Сарыоба?»
Тура салды төтелеп.
Теңселе басып тең күрең,
Жосылып судай жылжиды.
Ырғала басып аяғын
Иек қағып шұлғиды.
Ақбөкендей сыдырып,
Ор қояндай зырғиды,
Әрі-бері қызған соң,
Білмейді өрді, ылдиды.
Тастап талай белесті,
Өтті неше құлдиды.
Жүрісіне құмартып,
Ұйтқып кетіп барады.
Үш жүйріктің желгенде
Дүбірі жерді жарады.
Бұлт қызарып, күн батып,
Көлеңке өшті, тарады.
Әне-міні дегенше,
Қызылы күннің семгенше,
Сарыобадай биікке
Салып бір келіп қалады.
Екі көзі ел жақта,
Қарай-қарай талады.
Отардан бері шыққалы
Түпсіз терең ой басып,
Келешегін санады.
Сарыобаға келгенде

Есіне түсіп көмбесі,
Іздеп тауып алады.
«Уағдалы жерім осы», — деп,
Аттан түсе қалады.

Қаңтарып қойып суытты
Айқастырып үш атты
Басын байлап бұтаға,
Аяқтарын тұсапты.
Көлбеп жатыр көлденең,
Күй толғанып, ән шырқап,
Жалғыз өзі жапанда
Жын ұрғанға ұқсапты.
Ғашықтық дерті қозғанда,
Қыз Әйімнің суреті
Көз алдына елестеп,
Құшқандай жая құшақты.
Ауа ашық, жел тынық,
Аспанда жұлдыз самсап тұр.
Үңіліп келіп телмеңдеп,
Ашық боп жерге аңсап тұр.
Ай төңірегін ақ белдеу
Айнала қорғап қоршап тұр.
Үркіп үркер бөлініп,
Шыға алмай шарыққа шаршап тұр.
Темірқазық телміріп,
Қозғалмай көкті жусап тұр.
Ақбоз ат пен көкбоз ат,
Шиыршық атып сусап тұр.
Айнала торып алыстан
Жетіқарақшы құрсап тұр.
Керіліп жұлдыз Таразы,
Желіге тартқан ұқсап тұр.
Айдың бетін кіреуке,
Қарауытқан меңі бар.
Піскен нандай дөңгелек,
Бір шеті мүжік, кемі бар.
Болмаса да күндей жарық,
Айдың нұрлы өңі бар.
Ай мен жұлдыз жерге ашық,
Әйел мен қыз ерге ғашық.
Әркімнің бір теңі бар.
Сол ғашықтың біреуі —
Талайлы мен қыз Әйім,
Сарыобадай белгілі
Уағда қылған жері бар.
«Күтіп тұрсаң сол жерде,

Түн ортасы болғанда,
Барамын» деген сөзі бар.

Талайлы ойға түсіп түпсіз терең,
Сырласып табиғатпен мылқау, керен.
Тыншымай махаббаты ыстық жүрек,
Дөңбекшіп оңды-солды отырды әрең.

Елжіреп іші-бауыры уылжиды,
Өртеніп аш өзегі, іші күйді.
Талмаусып нәзік жүрек, дерт асқынып,
Ыстық қан баяулатып шақ жылжиды.

Мұнартып, көз бұлдырап, құлақ шыңылдап,
Іш қызып, жүрек ұйытқып, шеке зыңылдап.
Ат дүбірі, адам дауысы шыққандай боп,
Көз талды, қарай-қарай құлақ тыңдап.

Асығып албырт көңіл ешбір тынбай,
Бір тұрып, бір отырып сабыр қылмай.
Әйімнің күтіп берген уағдасын,
Түн жарымы азар өтті болып жылдай.
Әйім қыз әлдене ғып жатыр екен,
Талайлы отырғанда болып мұндай?

Төсегінде дөңбекшіп,
Қыз Әйім жатыр бұралып.
Қаптады басты қалың ой
Тұс-тұсынан құралып.
Тізбектеле, тіркеле,
Жалғыз-жалғыз шұбалып.
Жанып-күйіп біресе,
Бір суынып, қуарып.
Талайлы еске түскенде,
Уылжып жүрек уланып.
Үлкен қызу пайда боп,
Жігерленіп, буланып.
«Ілгергі мақсат сол-ау», — деп,
«Сол өмірге қол-ау», — деп.
Пікірі біліп сезгендей,
Түйткілденіп сұмданып.
Махаббаты асқынып,
Ойды билеп, бойды алып.
Қыздырғанда мас қылып,
Кеткендей болды жынданып.

Сынағанда сырт көзбен
Қыз Әйімнің тұрмысы

Анау-мынау кісінің,
Қолына оңай түспестей.
Бәрі дайын, бәрі мол:
Таңдаулы киім, қалаулы іс.
Осал кісі ішпестей,
Қымбатты дүние, қыруар мал,
Дәрежелі зор байлық
Өмір бойы өшпестей.
Көңілі мұңлы сонда да,
Жүрегінде жаралы
Бір түйін бар кетпестей.
Ол түйінді, түйткілді
Бір Талайлы болмаса,
Өзге жан оңай шешпестей.
Тәрбиелі мал-мүлікті
Ала келіп есепке
Жүректің титтей жарасын
Жарамады жазуға.
Не мұңың бар десек те,
Тәуекел деп талап қып,
Дүние, малды талақ қып,
Жас жүректің мақсатын
Еткісі келеді қарамай,
Көденең күңкіл өсекке.
Осыны ойлап қыз Әйім,
Деп: «Таланды сынайын.
Жаман күтпей жақсылық
Танып жұрттың сынайын.
Екі өлім жоқ бір басқа
Несіне етем уайым.
Тәуекелге сүйеніп,
Белімді бекем буайын».

Деді дағы қыз Әйім,
Түнде тұрып киінді,
Етек-жеңін түйінді.
Ер-тұрманын арқалап,
Қабаққа қарай жүгірді.
Бет алдында тұр еді
Бекітулі қойшыкер.
Ұстап алып жүгендеп,
Кертторыға салды ер.
Тастады мал-мүлікті,
Ата-ана, туған ел-жұртты
Тәуекел етіп, талап қып,
«Қайдасың — деп, — Талайлы ер!»

Тұрса дағы көрініп,
 Сарыоба да біраз жер.
 Жетемін деп асығып,
 Әрі-бері жортып келгенсін,
 Керторыдан шықты тер.
 «Мезгілсіз мініп келемін,
 Аяңдамай желемін.
 Қинады деп ренжіме,
 Жүр, жануар, жүрегім.
 Қиып тастап мен шықтым
 Қыруар мал-мүлкіммен
 Қымбатты әке-шешемді.
 Жатжұрттық қып жаратты,
 Жан-тәніндей аяулы.
 «Жалғызымын» десем де,
 Атым әйел болған соң
 Туған жерде жүрмек жоқ.
 Етейін талап есенде,
 Өмірлік жолдас болайын,
 Көрсө лайық құдірет,
 Талайлыдай шешенге».

Деп Әйім Керторыға қамшы басты,
 Дегенше әне-міне белден асты.
 Төрт бөліп, түн ұйқысын еріксіз қуып,
 Құдірет құмар қылған екі жасты.

Екі жас талап қылып қосылуға,
 Жанға айтпай жат пікірін жасыруда.
 Жалынды жас жүректің махаббаты,
 Ынтық боп қосылғанша асығуда.

Талайлы қыз Әйімді отыр күтіп,
 Қасірет пен қалың уайым, қайғы жұтып.
 Жолында қандай бейнет қыз Әйімнің
 Көрсө де, ренжір емес қабақ шытып.

Қыз Әйім ата-анасын қиып тастап,
 Көңілі қамығулы көзін жастап.
 Мезгілсіз түнде жортып келе жатқан,
 Жүректің махаббатты дертін баспақ.

Ойға алмай сән-салтанат, дүние-малын,
 Тұрмысқа еріксіз қуғын деп обалың.
 Шатты өмір келешекті көзге елестеп,
 Күйдірген жан жүректі ыстық жалын.

Бірнеше ойды-қырды, өтіп жалды,
Жуықтап Сарыобаға келіп қалды.
Отырған тыңдап, күтіп Талайлының
Алыстан аттың дүбірін құлақ шалды.

Көреді әркім тәуір замандасты,
Құдірет ғашық қылған екі жасты.
Жерінде Сарыобадай уағдалы,
Қос ғашық ынтық болған ұшырасты.

Көргенсін ғашық жарын көңілі тасты,
Ибамен иек қағып амандасты.
Қосылып, қол ұстасып емін-еркін,
Сүйісті, құшақтасты, мауқын басты.

Әбзелдеп қос күреңнің екеуін де,
Атанды Сарыобаның етегінде.
Жөнелді қос күреңге мініп алып,
Нарқұла ат азық артқан жетегінде.

Бет алды оңтүстік боп, сапар шекті,
Жөн тартып, «тәуекел» деп жүріп кетті.
Сол түні таң атқанша тынбай жортып,
Мерзімді біраз асу жерден өтті.

Құмаққа күн көтеріле келіп жетті,
Сәскеде өткел тауып, одан өтті.
Сол күні сыпыра жортып желуменен
Тал түсте Текеліге келіп жетті.

Бекінді Текеліге түсте келіп,
Адырлы, тау тасалы, жері берік.
Тынықты күн батқанша ат суытып,
Шаршаған күні-түні тынбай желіп.

Адырда жата берсін жігіт пен қыз,
Тау таса болғанменен жасырмас із.
Әйімді таң атқансын жұрты жоқтап,
Құйылды ел өкпелеп жүрекке мұз.

Ғашық көп қыз Әйімге ел-жұртында,
Аңдысқан бәрі дұшпан жүр сыртында.
Кеткенін Талайлымен біліп анық,
Қимайды намыс қылып қызды құлға.

— Құлға ертіп жібергенше Әйім қызды,
Өлтірсек не қылады қаражүзді!

Ол, шіркін, қайда қашып құтылады,
Қуалық, тауып алып қашқан ізді.

Құл құрлы жүзіқара көрмей бізді
Мат қылып кетті-ау, сындырып белімізді.
Өлтіріп қолға түссе екеуін де,
Алалық залымдардан кегімізді.

Деседі желіккендер бас құрасып,
Кектеніп кеңеседі сыр сұрасып.
— Бейбақтың насыр бүккіш¹ обалы жоқ,
Елде еркек құрығандай құлмен қашып!

Бас қосып ізге түсті өңкей кекті,
Бәрі ізшіл, бәрі ақиық, бәрі епті.
«Беймезгіл бейбіт елге бүлік салған,
Алалық сәйгелдектен² сөйтіп кекті!

Қыз емес, ол сәйгелдек, сайтан, — десіп,
Көргенсін сайтандығын айтам, — десіп.
Келтірген елге намыс, ерге сөгіс,
Киенкі ол дағы бір байтал», — десіп.

Қырық жігіт ат алмалап шықты қуып,
Кектеніп қыз бен құлға көңілі суып.
Түбінен Сарыобаның ізін тауып,
Жөнелді ізге түсіп түске жуық.

Қырық жігіт ізге түсіп қуып кетті,
Бәрі ашық қыз Әйімге, бәрі кекті.
Түкіріп қолдарына, тісін қайрап,
Көшіріп келе жатыр жер мен көкті.

Кімдер жоқ іштерінде қырық кісінің,
Батыры, палуаны да бар ғой мұның.
Табылады әлденеше өнерпаздар,
Біртіндеп жігіттердің шешсек сырын.

Белгілі палуаны бар Дәулет деген,
Қолына түскен адам сау кетпеген,
Және бар Жантілеудей озған мерген,
Алдынан аң құтылмас көзі көрген.
Тағы да бір керемет қырағы бар,
Жіті көз, мұның аты — Құдайберген.

¹ Насыр бүгу — сыр жасыру.

² Сәйгелдек, сәйгел — сона тәрізді жәндік, оқыра.

Талайлар айта берсек табылады,
Бір ізге бәрі түсіп жабылады.
«Артынан жедел жүріп жетелік», — деп,
Күн-түні тынбай жүріп сабылады.

Дүркіреп ізге түсіп дабырласып,
Қос атты кезек-кезек алмаласып,
Бір түскен Текеліге жерін көріп,
Деседі: «Емес шығар енді қашық».

Шығуға Құдайберген тауға барды,
Биіктен ілгеріге көзін салды.
Баратқан Жыландыда екі аттыны
Қиядан қырағының көзі шалды.

Көргенін көпшілікке келіп айтты:
«Жырақта көрінеді, — деп, — бір-екі атты».
«Екі атты елсіздегі солар ғой», — деп,
Дүркірей ізді тастап тура тартты.

Жігіттер кеңеседі келе жатып,
Қаупілеп Талайлының күшін айтып:
«О залым оңайлықпен қолға түспес,
Қапыда түсірмесек оқпен атып.

Әркімнен ойлағанда күші де артық,
Әл бермейді он кісіге алады тартып»
Қырық жігіт бір-біріне қарасады:
— Тайсалмай барар ең, — деп, — қайсың батып?

«Барам» деп айта алмайды ешқайсысы,
Жуыр ма Талайлыға жанды кісі.
— Көре ме басқамызды қырау құрлы,
Жалғыз-ақ пар келмесе Байқаң күші.

Байқадам үндей алмай күмілжи кеп,
«Барам ғой» деген болып қақты иек.
Айтуға «бармаймын» деп қорықса дағы,
Ар көреді «батыр» деген атына тек.

Батырдың көп сенбейді құлқын байқап,
«Бата алса жарар еді», — деп басын шайқап.
«Ол құрғыр оңайлықпен түсірмес», — деп,
Пікірін бір-біріне жасырып айтады.

— Келер-ау, — дейді Дәулет, — алысса әлім,
Бірақ, ол жуытпайды-ау, — дейді, — залым.

Құр сырттан «мен сөйтем» деп мақтанса да,
Көп сенбейді, Талайлының сыры мәлім.

Жантілеу озған атқыш мерген еді,
Өлтіріп ол талайды көрген еді.
Жантекең көптің біліп қаймыққанын,
Көтеріп көкірегін ерленеді.

— Жігіттер, қаймықтыңдар неге сонша?
Күші келер он кісіге ол мақтанса.
Мен атып, уайымдама, түсіремін,
Қолымда қара мылтық есен болса.

Көпшілік көңілденді естіп мұны,
— Рас, — деп, — атса мерген түсіретіні.
Жантекең онан сайын көтеріледі,
— Бір-ақ оқ, — деп — дәу де болса оның құны.

Орнықты содан кейін көптің көңілі,
«Оққа дауа жоқ, — деп, — сол істің жеңілі.
Басынған елді-жұртты ол залымның,
Қанша айтып қысқарар, — деп, — енді өмірі».

Қырық жігіт қия шауып, қырдан құлап,
Келеді қаптай салып атты бұлап.
Тал түсте Жыландыдан бұлар да өтті,
Болса да қояр емес қанша жырақ.

Сол кезде қыз Әйім мен құл Талайлы
Түстенді Тебірге кеп, атты жайды.
Түс ауа тас шоқының шығып басына,
Көз салды, алды-артына абайлайды.

Басында тас шоқының екеуара,
Басқа жоқ сөйлесерге жолдас-жора.
Бір кезде кейін жаққа салса көзін,
Көрінді шоғырланған бір шоқ қара.

Көргенсін шоқ қараны кетті шошып,
Келеді зулап салып, жүйткіп, жосып.
Секілді бір бөлек қол аттанған жау,
Қырық кісі жүрген жері басын қосып.
Талайлы деді Әйімге: «Қуғыншы екен,
Жүре тұр, мен қалайын алдын тосып».

Дегенсін «қуғыншы екен» зәресі ұшты,
Басына тағдыр салды мұндай істі.

Көңілі босап, мөлтілдеп көзінен жас,
Қоштасып, қол алысып айырылысты.

Құғыншы келе жатқан көріп көпті:
«Бұл дұшпан әлде қайтер, өңкей кекті.
Таланға қандай зауал тап болар», — деп,
Көл қылып көзден жасты Әйім төкті.

Талайлы деді Әйімге: — Сабыр сақта,
Сүйендік тәуекелге не болсақ та.
Талайға тас түссе де көтермекпіз,
Орынсыз түк пайда жоқ қаймықпақта.

Қош, Әйім, қолыңды бер, разы бол,
Тәуекел, не де болса болды осы жол!
«Адам басы — тұрмыстың добы» деген,
Көрерміз іс ілгері, белгісіз ол.

Қыз Әйім қош айтысып кетті жүріп,
Талайлы тас шоқыда қалды тұрып.
Қия алмай Талайлыдай есіл ерді,
Артына қарай береді мойнын бұрып.

Тағдырға тәуекел деп көніп қалды,
Қаймықпай қайратына сеніп қалды.
Тұрғансын әрі-бері көп ұзамай,
Дүркіреп құғыншы да келіп қалды.

Ақырып арыстандай қарсы ұмтылды,
Төзе алмай екпініне қол жыртылды.
Қасқырдай қойға тиген быт-шыт қылып,
Сабылтты, жауды кейін серпілдірді.

Жапырып жауға қарсы ұмтылғанда,
Кез келді батырсынған Байқадамға.
Тайсалдап Тәңірі алғыр қаша берді,
Жасқанып жалт-жұлт етіп оңды-солға.

Тайсалдап жүргенінде жалт-жұлт етіп,
Желкеден салды найза қуып жетіп.
Құлады аттан аунап етпетінен,
Көк найза өңменінен көктей өтіп.

Түсірді батырды аттан ағып өтіп,
Өзгесін қуа берді дүркіретіп.
Түсірді төрт кісіні шалқасынан,
Бірінен соң біріне қуып жетіп.

Жантілеу ұсына берді алдын тосып,
Талайлы оны көріп кетті шошып.
Мылтықты жақын келіп дүрс еткізді,
Жалғыз оқ аш сүбеден өтті жосып.

Сыр бермей оқ тисе де қарсыласты,
Талайлы тапа ұмтылды, мерген састы.
Қаратпай ойбайына ойбайлатып,
Мергенді бара шанышты, найзалады.

Найзаны салды нығап тар қолтықтан,
Бұлқынтты улы найза ырғып тыққан.
Көк жебе көкірегінен көктей өтіп,
Сақылдап аузынан қан ыңырсытқан.

Сурылмай сұққан найза сүйретіліп,
Парт етіп ұңғысынан кетті сынып.
Мергеннен Жантілеудей және алып кек,
Өлтірді бес кісіні қару қылып.

Оқтан тез ажал бар ма, оттан күшті,
Қансырап қалжырады, қанды құсты.
Талайлы есін танып құлады аттан,
Көз жұмды, көңіл семді, жерді құшты.

Есіл ер осылайша қаза тапты,
Көбісі оқ тигенін сезбей қапты.
Ат босанып, адамы жығылған соң,
Сонда біліп өлгенін қайта шапты.

Әуелі ұстап алып Нарқұла атты,
Сонан соң Талайлыны ортаға апты.
«Жатыр, — деп, — әлдене ғып», — келіп көрсе
Басына әлдеқашан дүние сапты.

Тонап ап бар киімін жалаңаштап,
Көмбестен айдалаға кетті тастап.
Сүйегі есіл ердің құла дүзде
Көмусіз өлімтікке қалды ұқсап.

Қуғыншы енді іздейді Әйім қызды,
Ұзамай іздеп жүріп, тапты ізді.
Көпшілік улап-шулап келе жатыр
«Қыз қалар екен, — деп, — қайсымызды?»

Дәмелі бәрі қыздан, бәрі үмітті,
Қыз сұлу ынтық қылған қырық жігітті.

Біреуі біреуіне қияр емес,
Бір сыр бар ашылмаған, көкірек күпті.

Айырылып ашық жардан Талайлыдай,
Артында екі көзі жылай-жылай.
Көл қылып көзден жасын, көңілі босап:
«Қайтейін, қалдың-ау, — деп, — қарағым-ай».
Есіл жас еңіреп, боздап келе жатыр,
— Қандай күн тап болады талайыма-ай!

Алдында Әйім қыздың бір үлкен сор,
Ол да бір теңіз еді көлемі зор.
Құятын сол теңізге бір терең сай,
Белгілі көшпелі елдің қой тоғыты ол.

Келді де Тоғыт сайға түсті аттан,
Тұңғиық бір қара су тұнып жатқан.
Сол жерден күтпек болды келушіні,
Келер деп жаудың сұмы біреуі арттан.

Жанында жанды адам жоқ, жалғыз өзі,
Сарғайып сәна-қайғы ақша жүзі.
«Талайлы әлдене ғып қалды екен», — деп,
Артында есіл-дерті, екі көзі.

Көңілі мұңлы Әйімнің
Көзінен аққан жас болды.
Өзегі күйіп өртеніп,
Іші мұздап тас болды.
«Талайлымен қаштың», — деп,
Елі-жұрты қас болды.
Басалқы айтар бір жан жоқ,
Желіккенге жол беріп,
Ел ағасы қас болды.
Көтермеген соң заманы,
Заманға бар ма амалы.
Қымбатты қыршын жастардың
Еңбегі еткен еш болды.
Талабы оңбай қайран жас,
Елі-жұрты болып қас,
Тұрмысқа мұндай тұс болды.
Кектенген жауға кез болып,
Қисынсыз қиын іс болды.
Жалғыздық түсіп басына,
Көпшіліктен көргені
Қорлық-зорлық күш болды.
Жүйкесі босап булығып,
Қамықты, көзге жас толды.

Қыз Әйім осылайша тұрды налып,
Артына қайта-қайта көзін салып.
Дүрсілдеп сұм жүрегі мұздай болды,
Алыстан қуғыншыны көзі көрді.

Алыстан қуғыншыны көзі шалып,
Жүрегі қыз Әйімнің мұздай болып.
Ерік бермей екі көзі жасқа толып,
«Аһ, дариға-ай, қарағым, Талайлы!» — деп,
Жығылды аттан өксіп солқ-солқ.

Өзегі кетті өртеніп, күйіп-жанып,
Білмеді не қыларын есін танып.
Көрмеді тіршілікті енді ылайқат,
Күйікпен бұзылып қаны, ызаланып.

Ыза боп, қаны қайнап, бұзды ниетін,
— Көрем, — деп, — енді неғып елдің бетін?
Тірі қап Талайлыдан не болмақпын,
Жөнім бар Талайлы өлсе, мен де өлетін.

Талайлы-ау, өлгеніңді тұрмын біліп,
Көре алман елдің бетін енді күліп!
Жалғанда жаным сүйген достым едің,
Сенен қап не боламын дәурен сүріп?

Қан қайнап, ашу қысып, қалш-қалш етіп,
Күйдіріп ыза-қорлық барады өтіп.
Бүйтіп қор болғанымша жауға түсіп,
Онан да өлейін де суға кетіп!

Шешініп киімі мен тастады атты,
Іш мұздап, ашу қысып, қаны қатты:
«Көңіلسіз тіршіліктен өлім артық», — деп,
Құлады тұңғиыққа, суға батты.

Дүркіреп қуғыншы да кеп қалыпты,
Киім мен сай бойынан тапты екі атты.
Әйім жоқ, аттары мен киімі бар,
«Қыз қайда кетті екен?» — деп аң-таң қапты.

Қызды іздеп әрі-бері таба алмапты,
Өлгенін суға кетіп ойлап тапты.
Оларға өлген қыздың керегі не
Екі ат пен киімін ап кейін қайтты.

Сахара Сарыарқаның байтақ жері,
Аты жоқ жонның үлкен тебіздері¹.
Өлгенсін бірінде құл, бірінде қыз,
«Құл», «Қыз» деп атануы сонан бері.

Талайлы Әйім қызбен болып ашық,
Аз-кем күн, ойнап-күлген араласып.
Қыз үшін қатарының бәрі араз боп,
Жау өрген жан-жағынан анталасып.
Дәуірдің феодалдық дер кезі еді,
Шықса да құтқармады елден қашып,
Арманда, аһ, дариға-ай, кетті-ау солар,
Тұщы өмір, тәтті дәуір болмай нәсіп.



¹ Тебіз — шөбі қалың ойпаң жер.

Бірінші мақам

Орындаған: Төлеубаев Бисенбек
 Нотаға түсірген: Тыныбеков Ерасыл

Орташа

1 Ей! Бір кез - де қа - зақ хал - қы өс - ті Сыр - да,

2 Кө - шу - мен қыс Қы - зыл - да жаз Ар - қа - да.

3 Су - ы мол, ө - рі - сі кең, же - рі бай - тақ

4 Жер же - тер қай са - ла - ны жай - ла - са - да.

5 Ет - ке - ні жа - зы - қы - сы мал - дың жа - йы,

6 А - ра - лас бір - ге жү - ріп жар - лы - ба - йы.

7 Кә - сіп - пен бө - тен түр - лі а - ла - ны жоқ

8 Шар - уа - ға бе - йім - дел - ген түр - лі(ы)ң - ға - йы.

9 Со - ны - дан со - ны қу - ып жаз - да, қыс - та,

10 Бақ - қа - ны су - лы нұр - лы жер шұ - ра - йы.

11 Шөп ша - уып мал қа - м(ы)ү - шін қыс бе - кін - бейд(i),

12 Те - бін - де қой қоз(ы) еш - кі құ - лып та - йы.

2

Екінші мақам

13 Орташа

Бас - ты - ғы он бес құл - дың Та - лай - лы құл —

Се - нім - ді ар ша - руа - ғ(а)ей! қо - лай - лы құл.

қайыру

Үшінші мақам

19 Орташа

Ей! Көр - ме - дік біз ө - сі - ріп ұл қы - зы - ғын,

Ки - гі - зіп қы - зыл жі - бек қыр - мы - зы - ның.

Құ - да боп, қа - лың бе - ріп, қыз айт - ты - рып,

Көр - ме - дік ша - шып, жай - кап мал қы - зы - ғын.

Тү - сі - ріп оң жа - ғы - ма о - тау ті - гіп,

Ке - лі - нім сә - лем е - тіп, гі - зе бү - гіп.

Көр - ме - дік жә - н(е)ұ - за - тып қыз қы - зы - ғын.

26

27 Жал - ғыз қыз жан де - ген - де пер - зен - ті - міз,

28 Ұл - дан кем кө - ре - тұ - ғын жоқ ни - е - ті - міз.

29 Бұл күн - де ол - д(а)ер жет - ті, жа - сы тол - ды,

30 Бір жер - ге о - рын - дай - тын бар ре - ті - міз.

Төртінші мақам

30 Орташа

31 Ба ру-ға әл-де біз ден бат-пай жүр ме, Не-ме се қа-тар те-ңін тап-пай жүр ме?

32 Бол - сын деп а - т(а)а - на - ның ұ - рық - са - ты,

33 қайыру

34 Көң(і) лі - не са-быр-лық-ты сақ-тай жүр-ме? Кұр-мет қып дә - ре - же - лі

35 сал - та - наг - пен ей! Нар со - йып қо - нақ - ас(ы) - ға

37 Ба - қыр - та - д(ы)ей!

Бесінші мақам

38 Желдірте

39 Мал со - йып, са - ба құ - йып, ас - тыр - ды ет,

40

Жи - на - лып, қыз боз - ба - ла қал - май кеп - ті.

42

А - я - май бә - рін бе - ріп тәр - би - е - леп,

44

Көп - те - ген за - ман - да - сын құр - мет - т(і)ет - ті.

46 **қайыру**

Қыз-дар бар сұң-ғақ сұ лу ал-ма мо-йын. а - ой ал-ма мо-йын ей!

Алтыншы мақам

48 **Әндете**

О - тау-д(ы)ең і - ші сыр- т(ы)ей_ лы - қа то - лы,

49

Та-ма ша қыз-ғы-лық ты ойын бол-ды. А-ра-лас қыз бен жі-гіт қа-та-ры мен,

51 **қайыру**

О-тыр-ды оң-ды сол-ды жұп-жұп бо-лып. То-пас-тау сөз-ге до-ғал мо-мын-дар бар,

53

Жоң бай-лау қос-пақ бу - ра сыл-қыл-да - ған _____ ей!



Жөкей Шаңғытбайұлы (1901–1968) – халық ақыны әрі жыршы. Ұлы Отан соғысының ардагері, Ақтөбе өңірінде өмір кешкен эпик ақындардың соңғы тұяғы. Көптеген өлеңдері, дастандары республикалық, облыстық мерзімді басылымдарға жиі жарияланып тұрған. Ақынның «Айша қыз», «Орқабай», «Опасыз жар», «Ақ кер», «Шоңбас», «Дөңарық», «Ақ нар», «Қара кетпен», «Екі қожа», «Елемес–Аман», «Дәме сұлу» сияқты эпикалық жырлары «Ж. Шаңғытбайұлы: Дастандар» атты жинаққа енді (2007). Ақынның 1946–1948 жылдары өз қолымен жазған шығармаларының қолжазбалары Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында сақтаулы.

Талайлы құл мен Әйім қыз.
 Бұл кезде қарағ қалқы үсі^{бз} сәлде
 Көсемен қос-қарсада, қар айғада
 Сұл тұл, әрсі келі қер; байтақ
 Қер қетет қарі саланд байлазада
 Бәкен; қары-қуш; маалды бай
 Ақалас бұлге құрып қары бай
 Қосыппен бөке құры; алан қоғ
 Қармаға беймдіген күй; бұрада
 Сұл дан сұл қуш қанда қоста
 Қарғанд сұл-нұл. Қер құрада
 Қер қауыр мақ қамб үейн қос бермелі
 Қебінде қар-қары есі; құбын-бай
 Бұл кезде үейн тұлал ақармада
 Көсемен күйн ақарып бүйе құдай
 Сұл кезде бұл бай болған қаерпау ат
 Қар; еді дауға болған сақармада
 Қарым қоғ күй; құйде одан ақар
 Қер. қер; қармақ, сақармада

Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры (925-бума).



Суретші К.Я. Баранов

ЖАСКЕЛЕҢ

«Жаскелең» – эпикалық сарындарды бойына сіңірген және қаһармандық үйлену дәстүрінде дүниеге келген ғашықтық жыр. Оның мазмұнында ғашықтық жыр мен батырлық жырдың дәстүрі қатарласа көрініс береді. Шығармаға Жаскелең батырдың қалмақ қызы Қоңыршаны алу жолындағы көрсеткен ерлік істері арқау болды. Халқымыздың эпикалық жадында ғасырлар бойы сақталып келген көне сюжеттер жоңғар шапқыншылығы кезеңінде қайта жаңғыртылып, сол дәуірдің өзіндік детальдары енгізіліп, жаңаша жырланған. «Жаскелең» жырында жастардың ғашықтық сезімі, аңсар арманы, махаббат жолындағы күресі көркем баяндалады. Жырдың алғашқы бөлімі романдық эпосқа тән түс көру, ғашығын іздеп шығу мотивімен басталып, екінші бөліміндегі теңеу, әсірелеу тәсілдері арқылы батырлық жыр үлгісінде жырланды. Оның мазмұнында көптеген фольклорлық мотивтер, оқиғалар мен эпизодтар қамтылған. Мәселен, Жаскелеңнің қарсы алдынан мұздай қаруланып, үстіне сауыт киген Қоңырша шығып, оның соңына түскен отыз мың қалмаққа қырғын салады. Батырдың қарындасы Аягөз он екі күн жол жүріп, қарсы келген он екі мың жау қолының тас-талқанын шығарады. Туындыға жиі қолданылатын «он екі» саны ерекше назар аудартады.

Еліміздің қолжазбалар қорында «Жаскелең» жырының 1948 жылғы Омбы экспедициясы әкелген жалғыз нұсқасы ғана сақталған. Ол алғаш 2005 жылы «Бабалар сөзі» жүз томдығында жарық көргі. Шығарма туралы Р. Бердібаев, Б. Әзібаева, А. Қыраубаева сияқты әдебиеттанушы ғалымдар өз пікірлерін білгіріп, жырды ғылыми айналымға енгізді.

Томды баспаға дайындау барысында шығарманың қолжазба нұсқасы мен басылым үлгісі салыстырылды. Түпнұсқасы Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (925-бума).



Жаскелең түсінде қалмақтың Найман деген ханының Қоңырша деген қызына ғашық болып, онымен сөйлесіпті. Жаскелеңнің ғашығын іздей шығуы:

— Саламат, қош-аман бол, қарағым-ай,
Келтірген Құдай оңдап талабың-ай.
Өлмесем, айнама, сені алмай қойман,
Осындай болып тұрса заманым-ай.

Болмайды асыққанмен ер мұраты-ай,
Бұл істің ақырына қаралық-ай.
Қызыл тіл күрмеледі көрсем сені,
Тұруға болмаған соң амалым-ай.
«Қадалсын маңдайыма» деген ой бар,
Тікенек кірген сенің табаныңа-ай.

Түсімде көрдім, қалқам, сенің жүзің,
Жетер ме сізге сәлем айтқан сөзім.
Білдірші руыңды, аққұба қыз,
Іздеймін таппасам да менің өзім.

Сонда Қоңыршаның айтқан сөзі:

— Жаскелең, жатқан жерің Нарын еді-ай,
Бұл дәурен әркімдерден қалып еді-ай.
Бір Алла шыбын жанға бергей аман,
Алдыңда кәпір жауың қалың еді-ай.

Қоңырша — менім атым, әкем — Найман,
Тіледім мен де сені бір Құдайдан.
Әуелде берген антың өз мойныңда,
Бір келіп жолықпасаң Алтынсайдан.

Сақинам — саған берген аманатым,
Жаныңның Алла бергей саламатын.
Екеуі ұйқысында күліп-ойнап,
Қайырды қыз Қоңырша сәлем хатын.

Жаскелеңнің оянып айтқан сөзі:

Жаскелең бір заманда оянады,
Оянып аш бүйірін таянады.
Оянса еш нәрсе жоқ қастарында,
Жастаулы мамық көпшік бастарында.
Көлбейді олай-бұлай ер Жаскелең
Қайғының кеудедегі асқанына.

Ұйқы жоқ, тамағы жоқ, күле алмайды,
Қайғымен еш бүгіліп жүре алмайды.
Сөйлескен ұйқысында Қоңыршаның
Екенін елі қайда біле алмайды.

— Қай жақта, қыз Қоңырша, елің-жұртың?
Түсімде сәулеленіп түсті-ау көркің,
Іздеймін таппасам да еліңізді,
Көбейер көп кідірsem қайғы-дертім.

Шешесі сонда сөйлейді:

— Айналайын қарағым,
Бірден-бірге сарғайып
Қатады сенің қабағың.
Көптен ұйқың қалыңқы,
Назарың төмен салыңқы,
Қай бағытта талабың?
Бір шыбындай жаныңның
Алла бергей аманын.
Бірден-бірге сарғайып
Түстің көрдің жаманын.

Алпыс беске келгенде
Тілеп алған жалғызым,
Мұнан кетсең табылмас
Жөн-жосығың, сұрағың.
Көкірегіңе жел кірсе
Тұр десем де тұрғызбас,
Қайда болар тұрағың?

Айналайын Жаскелең,
Қоғалы көлім сен едің
Желді күні шайқалған.
Бозжорға атым сен едің,
Теңселе басып найқалған.

Қияға кетсең тұра алмай,
Мойныңды кетсең бұра алмай,
Тілеп алған жалғызым,
Қандай бір жетер сәлемің?

Жаскелеңнің шешесіне айтқаны:

Жаскелең сонда сөйледі:
— Айналайын қарт анам,
Мені он ай көтеріп
Омыртқаңыз бүгілген,

Қабырғаң қаусай сөгілген,
Кіндіктен жалғыз мен едім.

Қоңыршаны іздемей
Мен елімде жүре алман.
Басымды қосып бір Алла
Некемді қиып арнаған.

Дүниеге келген жан
Өлімнен аман қалмаған,
Қайда жүрсем бір өлім.
Тәуекел еттім Аллаға,
Жәрдем болса бабадан.

Шешесі сонда сөйлейді:

— Айналайын жалғызым,
Аспандағы көрінген
Айдыңды шолпан жұлдызым.
Алмайсың ба тілімді,
Тарылтпа менім күнімді.
Қаңғырған жаяу жас бала
Ғашықтықпен табар ма,
Тәрбиелі хан қызын.

Алдыңда жау қалмақ бар,
Қырық күншілік шөлі бар,
Кісі алатын бүркіті,
Түрлі-түрлі аңы бар.
Кісінің еті — тамағы,
Қарқаралы қаны бар.

Тіл алмай кетсең осыдан,
Қауышармыз мақшарда.
Сорлы болған анаңның
Тек шықпаған жаны бар.

Кеткенің бе, қарағым,
Қияға тастап анаңды?
Мұнан кетсең, Жаскелең,
Көре алман сенің қараңды.

Құдай өзі сақтасын
Көріне келген пәледен,
Алладан бұйрық қазаңнан.
Тілеп алған жалғызым,
Бір жасаған Құдай-а,
Көрсетпедің панасын.

Қош-аман бол көргенше,
Қайғы бір кетпес өлгенше.
Қия бір таудан асқан соң,
Қия бір жер басқан соң,
Туғалы жерге тимеген
Қолбырайды табаның.

Бір сүйгізші бетіңді,
Басылсын менің құмарым.
Тарылар солай заманың,
Келер ме ойға, жалғызым,
Кеудедегі талабың.

Жаскелең, сенен қалмаймын,
Қалғанменен не пайда?
Қайда жүрсем зарлаймын,
Саулы болған нардаймын.
Сен өлген жерде өлермін,
Өзіңмен бірге келермін.

Үйде жалғыз қалғанда,
Құрбыларың келгенде,
«Қайда балаң?» дегенде,
Қуарып қалған қу басым,
Қу толағай, сұм басым
Не деп жауап берермін?

Жаскелең тағы сөйлейді:

— Айналайын қарт анам,
Жолынан балаң қалмайды,
Тіліңді айтқан алмайды.
Алла мені айдады,
Айтқаныңа болмайды.
Түсімде көрген суретті
Қолға келіп қонғанша,
Алып көңіл тынғанша,
Сорлы балаң тынбайды.

Жөнелді ер Жаскелең амандасып,
Бетке алып Қоңыршаға қадам басып.
Шешесі қалды жылап сарайында,
Қызыл қан көзінің жасы араласып.

Неше күн шығып жолға, сапар шегіп, он алты күн тыным көрмей жүріпті. Жасаған, Жаскелеңді өзің оңда.

Түсінде және келді Қоңырша қыз:
 – Йә, батыр, жүрмей неге жатырсыңыз?
 Жүрмеңіз «айтпады» деп ғапыл қалып,
 Алты жылда мені іздесең табасыңыз.

«Алам» деп бір хан жатыр үйге келіп,
 Жүргізіп екі ортаға жаушы салып.
 Хан болған қалмаққа әкем Найман,
 Бермей тұр жалғыздықтан қайран қалып.

Әкемнің менен басқа баласы жоқ,
 Көңілінің мен дегенде аласы жоқ.
 Ізденіп жылдамырақ жетпесеңіз
 Бермеске әкем мені шарасы жоқ.
 Оянса қыз Қоңырша тағы да жоқ,
 Көкорай жатқан жері қаулайды шөп.

Ағын су, айналасы қалың тоғай,
 Көрінер бір алыстан алтын сарай.
 Жасаған Алламыздан пәрмен болып,
 Жеткізді Қоңыршаға Жаббар Құдай.

Жаскелең Қоңыршаны ізденеді,
 Қайғымен ақша жүзі өзгереді.
 Жақындап сол сарайға келген шақта
 Алдынан бір топ адам кез келеді.

Ұстады Жаскелеңді көрген жерден,
 Көрінді құлқы бөтен өзгелерден.
 Шынжырлап қол-аяғын байлап алып,
 Алдына зындан үйдің алып келген.

Тастады зындан үйге қараңғы көр,
 Адамға қиын екен көрмеген жер.
 Зынданда әрі-бері жатқаннан соң,
 Жүрегін қайғыменен алышты шер.

Жаскелең сонда сөйлейді:

– Айырдың, Алла, елімнен,
 Ит жүгіртіп, құс салған,
 Кең шалқар айдын көлімнен.
 Қараңғы үйде жатқанда
 Кетті ме қайрат белімнен?
 Медет болған біздерге
 Аруақ Науан пірімен.

Атаңа лағынет, Қоңырша,
Әзәзіл ме едің, Ібіліс
Көзіме менің көрінген?
Қараңғы үйге тап болдым,
Айырылып . . . тілменен¹.
Атамның тілін алмадым,
Анамның тілін алмадым,
Қарғысы болды солардың
Бұл зынданда қалғаным.

Айналайын Жасаған,
Бұл зынданнан бір шығар,
Болмасын саған арманым.
Айналайын Жасаған,
Қиындық бердің басыма.
Ізденіп едім жаяулап:
«Не қылып алмай қалам, — деп, —
Қоңырша, сендей аруды.
Әзелде² Құдай жазған», — деп,
Дүние пәни жалған-ай,
Зынданның көрдім тарын-ай.
Қоңыршаның құлағы
Естір ме екен зарымды-ай?

Мен елімде жүргенде
Қайырым асқан ер едім,
Аңсағанға ас берген,
Шаршағанға ат берген.
Патша болған күнімде
Он екі тарап елдерден,
Елшілікке хат келген,
Ізденіп келген жеріме.

Маңдайдағы сорым-ай,
Қандай пәле тап келген?
Қоңырша, саған аманат,
Жаным болсын саламат.
Ондай маған табылмас
Астыма мінер қазанат.
Барғандарың сәлем айт
Қоңырша қыздың өзіне,
Құлағын салсын сөзіме!

Анамның айтқан тас зындан,
Бұл зынданның ішінде,

¹ Түпнұсқада осылай берілген.

² Әзелде — о баста.

Көрінді менім көзіме.
 Мен елімде жүргенде
 Ала мойын қаз едім,
 Туысқаннан аз едім.
 Тіл алмай кетіп анамның
 Бейнетін көрдім кезіген.
 Сені ойласам, Қоңырша,
 Қайғы жұтқан адамдай
 Өртенеді өзегім.
 Түсімде көріп мен сені
 Ғашықтық оғын кезедім.
 Ойлап тұрсам осы күн
 Енді маған табылмас,
 Бұрынғыдай шалықтап
 Жүретұғын өз елім.

Зынданның біреу кірді есігінен,
 Сығалап көзін салды тесігінен.
 Жылайды көрген адам көзін салып:
 «Түсті, – деп, – не нәрсенің кесірінен?»

Жылайды көрген адам жүзін көріп,
 Айтады Қоңыршаға хабар беріп:
 – Зынданда бір әдемі жігіт жатыр,
 Қапаста жылайды екен қорлық көріп.

Жылайды: «Қоңырша» деп қайғы жұтып,
 Ақырын бір Жасаған Хақтан күтіп.
 Көрсетпей еш адамға әкелейін,
 Жіберші зынданшыға әмір етіп.

Бар екен адамзатта мұндай көркем,
 Барамын зынданшыға тұрып ертең.
 Болғаңда жүзі жауһар, раушан көрік,
 Бір Алла нұрын берген адам екен.

Қоңырша сонда сөйлейді:

– Рас па, жаным, көргенің,
 Көргенің жоқ па ол жанның
 Аты-жөнін сұрап білгенің?
 Қайта барып біліңіз,
 «Атың кім?» деп сұраңыз,
 Сөз сөйлесіп сынаңыз.
 Алып түрін, атын біл,
 Не тұқым екен нәсілі,
 Ата-баба затын біл.

Мен түсімде көргенмін
Жаскелең деген мырзаны.
Әкесі жұртқа хан болған,
Он екі сарай салдырған,
Байлығына жұрт таңғалған.

Жаскелең деген мырзаның
Көркемдігін сұрасаң,
Шыққан күндей балқыған.
Айбатын оның сұрасаң,
Аждаһадай жұлқынған.
Білімін оның сұрасаң,
Жетпіс екі елдерден
Хабар білген адамдай.
Кереметін сұрасаң,
Періштемен ойнаған.
Әулиелігін сұрасаң,
Жер үстіндегі періні
Бірауыз сөзбен байлаған.

Бейсенбінің түнінде
Жаскелең деген мырзаға
Алла мені айдаған.
Жаскелеңдей мырзаның
Қараңғы түннің ішінде
Сәулесін күндей көргенмін,
Жаскелеңмен уәде қылғанмын.

Ізденіп маған келуге
Алтынсайдан жолығып,
Халімді сұрап білуге,
Ант еткен достым сол еді.
«Дүниеде жаным бар болса
Жолықпай қалман», — деп еді.

Тезінен барып тез тілдес
Қай жағынан келді екен?
Қай патшаның ұлы екен?
Аты-жөнін біл енді.

Қоңырша қыз жөнелді зындан жаққа,
Қырық нөкер көтертгі алтын таққа.
Алдынан зындан үйдің келіп тұрып,
Жиектен көзін салды әр тарапқа.
Шақырды зынданшыны: «Мұнда кел!» — деп:
— Бір кісі үшін садақа болдым бермек,
Бар болса өлтіретін бір күнәһар.

Барды да Жаскелеңді байлап алды,
Қылышын өткір етіп қайрап алды.
Артына екі қолын байлап алып,
Алдына Қоңыршаның алып барды.

Көрген соң Жаскелеңді таныды енді,
Ішінен қыз Қоңырша налыды енді.
Ішіне алтын сарай алып барып,
Үстіне ер Жаскелең қамқа киді.

Ішкізді сусынынан арақ-шарап,
Қоңырша қалды қайран жүзін көріп.
Басына тәж кигізіп Қоңырша қыз,
Түзеді достысының шашын тарап.

Қоңырша сонда сөйлейді:

— Ғашық бір досым сен едің,
Асыл жарың мен едім,
Қолымнан жүзік безелген.
Қашан бір шықсаң, қарағым,
Ата-ана еліңнен
Аман-есен сақтармын
Кеткенше қайрат бәлімнен.
Медет болғай біздерге
Палуан ата пірімен.
Тәуекел етсең алуға
Ерініп жатып қалмайын
Сенің жүрер жолыңнан.

Әкем Найман хан еді,
Менен басқа бала жоқ,
Бір перзентке зар еді.
Білінбейді хандықпен
Басқа күні тар еді.

Кешікпей енді кетейік,
Жан барында жетелік,
Көп кешіксек келіспес.
Айналайын Жаскелең,
Аңдыған дұшпан көп еді.

Әкемнің жайын айтамын,
Алтыннан сарай салдырған,
Ол сарайдың сахнасын
Сары алтынға малдырған.
Тәрбиелі хан Найман
Сусынын балға қандырған.

Қарағай аула көк торғын
Сыртынан орлар қаздырған,
Ғаскері көп хан еді.
Білінбей кетіп қалмасақ,
Білінсек бізді өлтірер,
Кемеліне келтірер,
Рақымсыз туған жан еді.

Айналайын қарағым,
Мұнан кетсең барып жат
Қарт анамның үйіне-ай.
Сол анамның айласы көп еді-ай.
Сұраса жөнің жасырма,
Қауіп етіп құтың қашырма.
Аты-жөнің білген соң
«Қоңыршаның жары», – деп,
Пәруана болар басыңа-ай.

«Мейрам болды» дегенде
Тура өзіме келерсің,
Сол анамның үйінде
Қазмойын қара тұлпар бар,
Астыңа соны мінерсің,
Тұлпарды сұрап мінген соң,
Дұшпандардан қауіп етпе,
Желіктіріп желерсің,
Аман барып, сау қайтсаң,
Қоңыршадай аруды
Өз жаныңда көрерсің.

Айналайын Құдайым,
Бергей еді тілегім.
Сені көрмей, Жаскелең,
Басылмайды жерігім.
Тар жерде, қарғам, тап болдың,
Қасиетгі күнінде.
Алла маған тап қылды
Бейсенбінің түнінде.
Қарындассыз жол болды,
Қасында жүрген күнінде.

Бұл сөзді батыр хош алып,
Көңілі тынып жұбанып,
Амандасып жөнелді
Қоңыршаның айтқан жеріне.

Сол кемпірдің еліне
Жетіп келіп, сөйлейді.

Алтын семсер іліпті
Ер Жаскелең беліне:
– Қоңырша сыңды аруың –
Немере жалғыз баласы,
Теңі едім іздерге.
Бір Алланың панасы,
Мекен еткен жерлерім –
Нарынның сары даласы.
Қоңырша қыздың сол күнде
Көрінбейтін қарасы.

Алдынан шығып анасы,
Түсірісіп атынан,
Аты-жөнін біледі.
Жанына салған хатынан
Ер екенін біледі.
Мүше бітіс затынан
Жаскелеңді көрген соң,
Кетеріне қимайды.
Ақша жүзін көрген соң,
Көзінің жасын тыймайды.
Сарайына апарып,
Арақ-шарап ішкізіп,
Батырды артық сыйлады.
Жаскелеңдей ерлердің
Ықтиярын кетіріп,
Сыйламасқа болмады.

Он екі күн болғанда,
Айтқан күні толғанда
Мейрамы болды хандардың.
Мереке болды көп қызық
Қимылдаған жандардың.

Сол кездері болғанда
Анасына сөйлейді
Жаскелең сондай батыр-ай.
Сол кемпірден сұрапты
Қазмойын қара атын-ай.
Алдында тұрған кемпірің
Жаскелеңді көреді.
Сұраған соң баласы
Қимай атын береді.

Сарайына алдырды,
Ер тоқымын салдырды.
Екі айылын берік тартып,
Құйысқанын қысқартып,

Ер қаруы – бес қару,
Бесеуін де қоса артып,
Желге қарай қасқартып,
Ат құйрығын түйеді,
Үстіне сауыт киеді.

Тұлпарды мініп алған соң,
Дұшпандардан қауіп етпей
Желіктіріп желеді.
Қаздарменен қағысып,
Ұшқан құспен жарысып,
Қазмойын қара тұлпардың
Әлі жетпей келеді.
Басыменен алысып,
Құйысқаны сартылдап,
Аш күзендей бүгіліп,
Тері жерге төгіліп.
Сол уақытта Жаскелең
Аждаһадай көрініп,
Екі беті албырап,
Алтын туы жалбырап,
Сауытының шашағы
Тұс-тұсына саудырап.

Сол уақыттар болғанда
Қияға көзін салады.
Бір шоқ қара көрінді,
Жау екенін білмеді,
Ел екенін білмеді.

Жақындай келіп қараса
Ақ қолтық атпен шабылып,
Омырауын жеті жерден таңылып,
Келе жатыр Қоңырша
Жаскелеңді сағынып.
Ол да бір жауға шығыпты
Үстіне сауыт жамылып.
Асыл жардың алдында
Шыдап тұрсын не қылып?

Жаскелеңді сұрасаң
Қайратты туған ер еді,
Достық көңілін тындырған,
Дұшпанның көңілін сындырған.
Ататегін сұрасаң –
Ер соғыстың ішінде
Алпыс балта сындырған,
Қанжарын қанға суарған,

Қарсыласқан дұшпанын
Қайтқан судай сұлаған.

Аруағы батырдың
Дүниежүзін қаптады
Ашылмас қара бұлттай.
Алты күн айғай салғанда,
Жетінші күні болғанда,
Еліне қарай жол тартып
Сонда батыр жөнелді.

Бұлар жүріп кеткен соң,
Бірқатар жерге жеткен соң,
Арт жағына қараса
Будақ-будақ шаң шықты.
Шаң ішіне қараса
Шаң ішінен көп әскер
Қимылдаған жан шықты.
Жер жүзін байқап қараса,
Ебелек деген шөп екен,
Жауды байқап қараса,
Сол шөптен де көп екен.
Атса мылтық өтпеген,
Шапса қылыш өтпеген,
Отыз аршын Оразбай
Аттанып келген қалмақтың
Себан деген елі екен.

Жаскелең сонда сөйлейді:

– Жасаған Алла Құдайым,
Сала көрме уайым.
Отыз мың қалмақ жиылып,
Он екі жерден ту байлап,
Өлтіруге келген-ді.

Жау қарасын көрген соң,
Жау екенін білген соң,
Қоңырша сынды аруың
Жаскелеңмен қосылып,
Көп қалмаққа тиісті.

Аруақ қысып алқынып,
Жау қарасын көрген соң
Баулы құстай талпынып,
Аждаһа түсті жыландай
Жау ішінде ойнайды
Жылқыдағы қылаңдай.

Айғайлап жауға тиеді,
Аруақ қысып тұра алмай.
«Алла!» – деп батыр ақырды,
Аруағын судай сапырды.
Бет алдырмай қырыпты
Дінсіз қалмақ кәпірді.
Жүрген жерін Жаскелең
Қойға тиген бөрідей,
Қуалап жүріп жапырды.
Он екі күн ұрысты,
Тап он үш күн болғанда
Қазмойын қара тұлпардың
Аяғынан әл кетті,
Мойынынан жал кетті.
Қабырғадан қан келіп,
Тебінгіден тер келіп,
Қан ішінде тұра алмай,
Мойнын артқа бұра алмай,
Қазмойын қара тұлпарың
Бірден бірге меңдеді.
Жаскелең батыр зарланды,
Шаппасына арланды,
Тұлпардың әлі кеткен соң,
Шақырып аруақ қамданды.

Сол уақтар болғанда,
Сол шамаға толғанда,
Жаскелеңнің шешесі
Үйінде жатып түс көрді,
Түсінде жаман іс көрді.
Көзіне батыр көрінді.
Жаскелеңнің шешесі
Ертеменен тұрады,
Беті-қолын жуады,
Қынай белін буады.
Аягөз деген қызына
Түсін айтып жорытты,
Түсінде кемпір қорықты.

– Айналайын Аягөз,
Жаскелең деген ағаңыз
Қисабы жоқ көп қолмен
Мұндай соғыс салыпты.
Он алты мыңын өлтіріп,
Қан ішінде қалыпты.
Қазмойын қара тұлпардың
Шабайын десе әлі жоқ,
Бұрынғыдай сауы жоқ.

Алқынған сонда ағаңа,
Жалғыз туған сұңқарға,
Менен туған қыз болсаң,
Тиер деген пана жоқ.

Шешесінің сөзіне
Шыдай алмай Аягөз
Үйден шығып жөнелді.
Қарына құрық іледі,
Қолына жүген алады,
Жылқыға таман барады.
Қоймойынды құланы
Жылқыдан ұстап алады.
Ер-тоқымды салады,
Екі айылын бек тартып,
Құйысқанын қысқартып.
Ер қаруы — бес қару,
Бесеуін де қоса артып,
Желге қарай қасқартып
Қолына найза алады.
«Алла, бағыт түзе!» — деп,
Атына міне салады.
Қияқты найза қолында,
Қос мылтығы мойнында.
Астындағы тұлпары
Қара терге боялды.
Төңірекке қарайды,
Құлағын екі қайшылап,
Алқына шапты құлаша ат.

Алыстан қан көрген соң,
Жау тозаңын көрген соң,
Он екі күн жүрген соң,
Айғайлап тиді Аягөз
Ғаскердің келіп шетінен.
Көк сүңгіні қолға алып,
Сұр бұлыттай түрленіп,
Аруағы батырдың
Дүниежүзін қаптады,
Ашылмас қара борандай.
Қаланың аузын қандатты,
Қақпаның аузын шаңдатты,
Матушке¹ мен маржаны²
Маңыраған қойдай шулатты.

¹ Матушке /орыс/ — шеше.

² Маржа /орыс/ — әйел.

Алты күн айғай салғанда
Қоймойынды құла аттың
Жалы кетті суылдап,
Құйрығы кетті шуылдап.
«Шу, жануар, шу!» — деді,
Соққан желдей гуледі.
Балдағы алтын ақ берен
Аягөздің белінде.
Қоңыраулы ақ сүңгі
Аягөздің қолында.
Қалмақтар тіпті жан емес,
Шыбындай жан бар болса,
Қалмаққа кірді Аягөз,
Алты күндей аралап,
Кез-келгенін қырады.
Жағынан тартып жаралап,
Жалғыздай болмас деп
Он төрт қалмақ Аягөзді қамады.

Аягөз сонда сөйлейді:

— Астымдағы құлаша ат,
Шаршағандай күн болса,
Жылқышы бабам қолдасын
Үстіңдегі иенді.
Қожам, пір, бабам бар болса
Жасаған Ием оңдасын.
Қоңыраулы көк сүңгі,
Көп ішінде толғармын,
Шыдамай сабың сынбасын!
Балдағы алтын ақберен,
Қалмақты көріп сілтермін,
Қолда жасып қалма сен.
Қозы жауырын көк жебе,
Ұзындығы алпыс кез,
Тартқанда қалсын жығылып.
Көп ішінде мен көрсем
Қалмағайсың мүдіріп.

Он екі күндей ұрысып,
Он екі мыңын жығыпты.
Қалғандары қалмақтың
Сайға қашты жүгіріп.
Белінен алды Аягөз
«Атайын» деп қол жанап
Жез қаптаған садақты-ай.
Қалмақты қырып келеді
Беталдына қаратпай.

Он үш күнде айналып
Қалмақты қырып болыпты
Екпіні қыздың шыдатпай.
Аягөздей аруың
Жаскелеңді көрген соң,
Ерігіп ару жүрген соң,
Садағы бар қолында,
Қола оғы бар аузында,
Қоймойынды құланы
Үстіне қамшы сабалап,
Жетіп келді жағалап.
Алыстан тұрып оқ атты,
Сөз сөйлесіп тіл қатпай,
Атқан оғын жоғалтты.

Жаскелең де бөгелді,
«Келген қалмақ бітті, — деп, —
Ажалыңа қалмақ жетті, — деп, —
Баба Ғұмар, қолда», — деп,
Жаскелеңдей ерлерің
Садағын алып жөнелді.

Қатарланған сауыттың
Жыртыла жазды жағасы.
Бабасы оқтан сақтады,
Атқан оғы батпады.
Қарсы келген қыз жатыр,
Атының басын тартпады.
Қолды қойды қылышқа,
Жаскелеңмен ұрысқа
Аянбай қылыш салады.

Жаскелеңдей батырың
Жеңе алмаған секілді
Аягөздей баланы.
Демалып қарап тұрады,
Аты-жөнін білуге
Жөн-жосығын сұрады.

Аягөз сонда сөйледі:

— Бегалдыңа қарасам
Жараған бура келбетті,
Шүрегей басты, кіл бетті
Басың шойын, үстің тас,
Атқан оғың ұсталмас.
Қазмойын қара тұлпарға
Қуалап тұлпар жете алмас.

Сен қайсы ердің тұқымы?
— Он екі жаста ту алған,
Таңды қанға суарған,
Алыстан қара көрінсе,
Аламын деп қуанған,
Аруақты туған адаммын
Аладан медет сұраған.
Жөнімді менің сұрасаң
Кейінгі қалған Нарында
Маңдайым күнге күймеген,
Табаным жерге тимеген,
Шалықтаған қыз едім
Жаскелең ағам барында.
Кетіп еді сол ағам
Қалмақтағы Найманның
Қоңырша қызын алуға.

Ұйықтап жатып түс көріп,
Шығып едім елімнен
Сол ағама баруға.
Өлген болса ол ағам
Дұшпаннан кек алуға.
Дүниеде тірі жолықсақ
Қосылып ойран салуға.
Мен елімнен шыққан соң
Он екі күн жол жүрдім.
Жол үстінде қамалған
Ауыр ғаскер қол көрдім.
Жау қарасын көрген соң,
Жау екенін білген соң,
Артыма тастап кете алмай
Ойран салып жүргенмін.
Атқа мінген батырдың
Бәрінен де хабар бар.
Жаскелеңдей ерлерді
Бар ма сіздің көргенің?

Жаскелең сонда сөйледі:

— Талабың жақсы, жарқыным,
Кеткенінде сұраған
Іздегенің табылды.
Мидай сары далада
Жаскелең ағаң мен, — деді.

Бірін-бірі көрген соң,
Аягөз іздеп келген соң,
Құшақтасып, жыласып,

Басылып мауқы болған соң,
Қоңыршамен қосылып,
Елге қарай жөнелді.
Бірнеше күн жол жүріп
Еліне аман келеді.
Шешесімен көрісіп
Құшақтаса береді.

Шешесі сонда сөйлейді:

– Жасаған Жаппар Құдайым
Тілегімді берді ме?
Түсім емес өңім ғой,
Қарағым, аман келдің бе?
«Қоңыршаны алам», – деп
Қиындық талай көрдің бе?
Жасаған Алла жар болып,
Тілегінді берген соң,
Қоңыршаны алған соң
Бәрін қызық көрдің бе?

Малын сойды той қылып,
Тойына жұртын шақырып.
Көп халықты жиғызды,
Баршаға қызық көргізді.



Бірінші мақам

Орындаған: Көшенеев Арнұр

Ноғаға түсірген: Тыныбеков Ерасыл

Асықпай

2 Са - ла - мат — қош а - ман бол, қа - ра - ғым - ай,

3 Кел - тір - ген Құ - дай оң - дап та - ла - бың - ды.

4 Өл - ме - сем ай - нам се - ні ал - май қой - ман

О - сын - дай бо - лып тұр - са за - ма - ным - ай

5 қайыру

Екінші мақам

7 Баяудата

9 Ай - на - ла - йын жал - ғы - зым, Ас - пан - да - ғы кө - рін - ген

11 Ай - дын - ды шол - пан жұл - ды - зым. Ал - май - сың - ба ті - лім - ді,

13 Та - рылт - па ме - нің кү - нім - ді, Қаң - ғыр - ған жа - яу жас ба - ла

15 Ға - шық - тық - пен та - бар - ма Тәр - би - е - лі хан - қы - зын

қайыру

17 тын - бай д(ы)ей а - ей а - ей а - ей - - -

2

Үшінші мақам

18 Орташа



Тү - сін - де жә - не кел - ді а - е Қо - ңыр - ша қыз



Иә, ба - тыр жүр - мей не - ге жа - тыр - сы - ңыз.



Жүр-ме-ңіз айт-па-ды деп ға-пыл қы-лып, Ал-ты жыл ме-ні із-деп та-ба-сы-ңыз.

22 қайыру



Ей!

Төртінші мақам

24 Асықпай



А - е - ей, а-йыр-дың Ал-ла е-лім-нен, Ит жү-гір-тіп құс сал-ған



Кең шал-қар ай - дын кө - лім - нен. Қа - раң - ғы үй - де жат - қан - да



Кег - ті - ме қай-рат бе - лім-нен Ме - дет бол - ған біз - дер - ге



Ә - руақ На - уан пі - рі - мен А - та - на лағ(ы) нет Қо - ңыр - ша

33 қайыру



Ә-зә-зіл м(а)е-дің І-бі-ліс Кө-зі-ме ме-нің кө-рін-ген жү-ре-тү ғ(ы)ен өз е-лім



Ей!

Бесінші мақам

3

39 Баяудата



41 Рас па жа-ным көр - ге - нің Көр - ге - нің жоқ па ол жан-ның



А - ты жө-нін сұ - рап - біл - ге - нің Қай-та ба-рып бі - лі - ніз,



43 "А-тың кім" деп сұ-ра-ңыз, Сөз сөй-ле-сіп сы-на-ңыз А-лып тү-рін а-тын біл.



46 қайыру
Ей!

Алтыншы мақам

49 Орташа



50 Қо - ңыр - ша қыз жө - нел - ді зын - дан жақ - қа,



51 Қыр(ы)қ нө - кер кө - терт - т(і)оу ал - тын тақ - қа.



52 Ал - ды - нан зын - дан үй - дің ке - ле тұ - рып,



53 Жи - ек - тен кө - зін сал - д(ы)оу әр та - рап - қа.



54 Ша - қыр - ды зын - дан - шы - ны "Мұн - да кел" деп



Бір кіс(і) ү - шін са - да - қа бол - дым бер - мек



55 Бар бол-са өл - ті - ре-тін бір кү-нө-һар а - е - а - е - ей.

4

Жегінші мақам

57 Жүрдек



59 Қал-мақ - ты қы - рып ке - ле - ді, Бет ал - ды - на қа - рат - пай




Он үш күн - де ай - на - лып Қал-мақ - ты қы - рып бо - лып - ты.




61 Ек - пі - ні қыз-дың шы-дат-пай, А - я - гөз-дей а - ру - е(ы)ң _____




63 Жас ке - лең - ді көр-ген соң Е - рі - гіп а - ру жүр-ген жоқ.



65 Са - да - ғы бар қо - лын - да, Қол(а) о - ғы бар ау - зын - да,



67 Қой - мо - йын - ды құ - ла - ны Үс - ті - не қам-шы са - ба - лап




69 қайыру
Жас - ке - лең-дей ер - лер - ді Бар ма сіз - дің көр - ге - нің. _____



71 Ей!





«Жаскелең» жыры (жыршысы белгісіз). Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры (925-бума).

СУРЕТТІ СӨЗДІК

Айдар — ұл баланың төбе шашын ұзартып өсіріп, өріп қоятын ғұрыптық рәсім. Сәби қырқынан шыққаннан кейін қарын шашы алынып, орай маңайы арнайы қалдырылады. Ертеде ол ұзарып өскенде қызылды-жасылды бау, моншақ қосып өріп қоятын болған. Сүндетке отырғаннан кейін ғана айдар алынып, қалыпты өмірі басталады. Қазақ ұғымында айдар қою балаға тіл-көз тимей, жұрттың назары айдарға түссін деген ниетте болған сияқты. Бұл дәстүрдің ғұрыптық тамыры тым тереңге кетеді және ол туралы әртүрлі ғылыми пікірлер бар.



Басында алтын *айдар* тұлымы бар,
Көрген адам бұларға таңғалады.

«Бозжігіт», 4-том, 211-б.

Айттыру (қыз айттыру) — құдаласу салтында маңызды орын алатын ғұрып. Жігіт жағы қалыңдық қарастырып, лайықты қыз табылған соң арнайы кісі (жаушы) жібереді. Келіскен жағдайда жігіттің әкесі, ол болмаса жақын туысқан-туғандары ауыл ақсақалдарымен, беделді адамдармен топ болып айттыруға барады. Осы кездесуде қалыңмал мөлшері, қыздың ұзатылу күні белгіленіп, екі жақ уәделеседі. Жігіт пен қыздың есімдері айтылып, құдалық бекітіледі.

Құда боп, қалың беріп, қыз *айттырып*,
Көрмедік шашып, жайқап мал қызығын...

«Талайлы құл мен Әйім қыз», 4-том, 391-б.

«Жамын деген сұлтанның қызы болса,
Оны біз айттыралық», — деп ой қылады..

«Сейпілмәлік», 4-том, 313-б.

Алқа — түрлі асыл тастардан, бағалы шыны көздер мен күміс теңгелерден құралған мойын әшекейлерінің бірі. Қыз балаларға 7-8 жастан бастап тағыла бастаған. Зергерлік бұйым — сәндік-әсемдік сияқты практикалық мәнінен тыс, тіл-көзден сақтайды деген мағынаға да ие.

Қой ішінде марқа-ды,
Омырауда тіллә *алқа-ғы*.

«Қыз Жібек», 4-том, 118-б.



Келеді өңшең сұлу жорғалы қыз,
Алқалы, шашпаулы қыз, сырғалы қыз.

«Талайлы құл мен Әйім қыз», 4-том, 411-б.

Екі күміс шоң алқа,
Тоғызының соңы еді.

«Наурызбай – Қаншайым», 5-том, 90-б.

Басбау (желбау) – жалпақ етіліп термелене тоқылып, киіз үй шаңырағының екі шетінен байланатын ою-өрнекті сәнді бау. Киіз үй тігілерде алдымен кереге ұсталып, есік бекітіліп, кейін шаңырақ көтеріледі. Ол үшін күлдіреуіштің дәл ортасынан тірелген бақан басбаулармен қоса ұсталып көтеріліп, уықтар шаншылады. Қатты дауыл соққанда үйді құлатып кетпеуі үшін қос бауға салмақты ауыр заттар байланады. Шаңырақты аса құрмет тұтып, символға айналдырған қазақ халқы киіз үйдің барлық құр-бауларының ең маңыздысы ретінде *басбауды* атаған.



Аяқбау, таңғыш, *басбау* – бәрі жібек,
Шилері шымқай қызыл шым ораулы..

«Талайлы құл мен Әйім қыз», 4-том, 394-б.

Басқұр – киіз үйдің ішкі жағын әрлендіруге және уық пен керегенің түйіскен тұсын біріктіріп ұстап тұру мақсатында пайдаланатын жалпақ өрнекті құр. Арасына арқау салынып, түрлі-түсті жіптермен термелене (қақпалана) тоқылады. Басқұр киіз үйдің дөңгелек пішінін сақтап тұруы, керегенің шалқайып кетпеуі үшін шеңбер бастарын сыртына айналдыра тартып байланады. Кейбіреуінің жалпақтығы бір қарыстан астам, ұзындығы киіз үйдің қанатына байланысты дайындалады. Кейде үйдің көлеміне қатысты екі бөлік болып та тоқылады. Ол үйге ерекше әсемдік, беріктік, сән береді.



...Апарып жаңа жұртқа тікті отауды,
Жайнатып өңшең жібек *басқұр*-бауды.

«Талайлы құл мен Әйім қыз», 4-том, 394-б.

Белбеу — киімнің сыртынан белді орай буынуға арналған киімнің ажырамас бір құрамы. Белбеу, белдік ұғымдары қатар қолданылғанымен, жасалған материалдарға қарай ажыратылады. Белбеу ұғымы — бел және *бау* тіркестерінен жасақталып, матадан, жұмсақ жарғақтан, былғарыдан, қайыстан жасалады. Олардың ең бағалысы — ер адамның мәртебе, дәрежесін білдіретін арнайы тәсілмен зергерлер жасаған белбеулер. Күміс құймалармен, түрлі тастармен сәнделетін түрлері көп.



Бір күні ол қаңғырып Қоқан кепті,
Тоқсан атқа бір белбеу сатып алып,
«Не қыласыз?» дегенге, «шұлғау» депті.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу». 4-том, 30-б.

Аяғы тоғызының белбеу болсын,
Буыңдыр беліне тоқ құлаштатып...

«Наурызбай-Қаншайым», 5-том, 117-б.

Бешпент — сырткиімнің жеңіл түрі. Негізінен сыртқы жағы балалар мен жастарға ашық түстен, үлкендерге баран, қоңырқай түсті матадан тысталады. Етек-жеңі оқа, зертаспамен көмкеріледі. Тізе тұсына дейінгі түрлі ұзындықта, мүмкіндігінше қынама бел пошымында тігіледі. Жеңінің ұзын-қысқалығына орай халық арасында *тірсек жең* (шынтаққа жетпейтін), *шолақ жең* (шынтақтан асқан) деген түрлері кездеседі.



Бұл жаһаннан арттырған.
Дүрия *бешпент* белсеніп..

«Қыз Жібек», 4-том, 99-б.


Гауһар түймелі жағлаңда ақ *бешпент*,
Үстіне келісімен кигізгейсің...

«Айман, Шолпан», 5-том, 24-б.

Бөрік — дөңгелек пішінді, етегі (милығы) айналдыра бағалы терімен әдіптелген жеңіл баскиім. Оны қыз-бозбала да, үлкендер де киеді. Милығына ұсталған аң, мал терісіне байланысты түрлі атауы болмаса, пошымы біркелкі болып келеді (пұшпақ бөрік, құндыз бөрік, кәмшат бөрік,

елтірі, сеңсең т.б.). Қазақ қоғамында қыз тұрмысқа шығып, балалы болғанша бөрік киіп жүруіне шек қойылмаған. Тек оның шетіне желек ұстап, бүркеніп жүруге ыңғайлаған.

Басымдағы *бөрікті*
Кимесе де ол ұмытпас...
«Бозжігіт», 4-том, 209-б.



Білезік — әйел адамдардың білегіне салынатын әшекейлі зергерлік бұйым. Қазақ дәстүрінде жұптастырып қос білезік салу салты болған. Бұл — әйелдің үйлі-баранды тұрмыста екендігін білдірген. Білезік түрлі қымбат металдардан, тас көздер орнатылып жасалады және оның өлшемі, пішіні, ою-өрнегі, бедерлері әр түрлі болып келеді. Соқтырып сыйлау — сый көрсетудің ерекше бір үлгісі, айырықша ғұрыптық мәнге ие. Әшекей әсемдік-сәндік сипатынан тыс тіл-көзден сақтайды деп есептеледі. Отбасында бала тоқтамаған жағдайда жаңа туған сәбидің аяғына, аса қадірлі сәйгүлігінің топшысына білезік кигізу ырымы да бар.



Сырғасы құлағында құймалы алтын,
Гауһар көз білегінде бар *білезік*.

«Талайлы құл мен Әйім қыз», 4-том, 393-б.

Дөдеге — киіз үй үзігінің аяққы шетін айналдыра бастырып тігілетін әшекейлі киіз. Оның бетіне түрлі-түсті матадан ою-өрнек салынып, боялған жіппен сәндеп қабыстырылады. Көбіне мұндай өрнекті дөдеге құрметті қонақтарға, атақты билер мен хандарға тігілген үйлерге, жаңа тігілген отауларға арналып жасалады.



Алтыннан өрнек салынған
Дөдеге менен тегеріш.

«Наурызбай – Қаншайым», 5-том, 110-б.

Жағлан, жағдан — ағаштан ерекше сәнмен жасалып, қалың былғарымен қапталған үй жиһазы (сандық). Былғарының беті түрлі мүйізді өрнектермен бедерленіп, күміс құймалармен әшекейленеді. Оның ішінде кездеме мата, қымбат киім, ұсақ бағалы бұйымдар сақталады және төрдегі жиюлы жүктің негізгі бір элементі болып саналады. Көбіне ұзатылған қыздың жасауымен бірге келеді.



Сексен түйе үстінде
Алтынды жағдан орнаған.

«Қыз Жібек», 4-том, 100-б.

Ақ сандықтың қасында төрт жағланға,
Бес жүз санап салып ем өң шапанды.

«Наурызбай – Қаншайым», 5-том, 23-б.

Асфәһаналық үш жағлан,
Әкеліп аузын ашады.

«Наурызбай – Қаншайым», 5-том, 112-б.

Жапсар — киіз үйдің екі жағындағы үзік пен туырлықтың қиылысқан жері. Кейде екі керегенің түйіскен тұсын да жапсар деп атайды. Қазақ дәстүрінде қалыңдығын ұзатып алып кетуге келгенде күйеу жігітті қыз әкесі жапсарға отырғызған. Осы ғұрып жапсар деп аталады.

Екі ошақ, екі жапсар ұстап елді
Үй-үйге он-он бестен бөліп жатыр...

«Талайлы құл мен Әйім қыз», 4-том, 400-б.

Жарғақ — ерекше тәсілмен өңделген жұқа теріден (құлын, ешкі, бөкен, елік т.б.), көбінесе жас мал терісінен тігілген киім атауы. Қырылған түгі сыртына қаратылып жарғақтан сәнді тігілгендіктен, сыйлы киімдердің санатына жатады. Әсіресе, жас төлдер мен аң терілері арнайы әдіспен иленген, әрі жұмсақ болғандықтан, аса жоғары бағаланады. Су, жаңбыр тигенде де жұмсарып, қатып қалмайды. Жарғақ киімдерді қынамен, тал қабығымен, жосамен бояп, кестелі өрнек салып, ерекше сәнді етіп тігеді.



Олар пайдаланылған материалына байланысты құлын жарғақ, бөкен жарғақ т.б. деп аталады. Сол сияқты жарғақ шалбарда болады.

Баланың жасын бұрын сұрап алып,
Бір жарғақ, бір шалбарды кестеледі.

«Айман, Шолпан», 5-том, 28-б.

Желек — жаңа түскен келіншектің балалы болғанға дейін киетін жеңіл киімі. Әйелдің әлеуметтік мәртебесін білдіретін ғұрыптық мәнге ие. Оны түсі қызыл, қызыл-күрең жібек, шағи, шәйі, дүрия сияқты жұқа торғын матадан тігеді. Сыртқы сипаты желбегей, кең-мол пішілген, жеңі болғанымен, бірақ ол киюге арналмаған. Ұзатылып келген қалыңдықтың беті ашылғаннан кейін сәукеленің орнына киелетін тақия немесе бөріктің үстінен желек жабылады. Қазақтың «басынан желегі түспеген», «шымылдығы желбіреген» сияқты ұғымдары әлі балалы болмаған келін, жас отау дегенді білдіреді.



— Аягөз қарамаймын терегіне,
Қыз Баян үкі таққан желегіне.

«Қозы Көрпеш — Баян сұлу», 4-том, 60-б.

Жүзік, сақина — саусаққа тағылатын әшекейлі зергерлік бұйым. Жүзік пен сақинаның өзіндік ерекшеліктері бар. Жүзік алтын, күміс т.б. асыл металдардан жасалып, өрнектермен бедерлендіріліп, көзіне түрлі (гауһар, лағыл, жақұт т.б.) тастар орнатылады. Ал сақинаның табаны жалпақтау болады және тұтас металдан құйылады. Ілкі замандардан бері жүзік қасиетті бұйым саналып, адамның лауазымын, әлеуметтік мәртебесін танытумен бірге тіл-көзден сақтаушы ретінде де пайдаланылды. Әсіресе, лауазымдық белгіні көрсететін мөр сипатындағы *балдақ* атты жүзікке ұқсас сақинада халық арасында кеңінен таралған.



Қырық қыз шықты сайланып
Алтын-күміс білезік,
Сақина, жүзік салмаққа...

«Бозаман», 4-том, 260-б.

Алтынды тон, жүзігім белгі болсын,
Қасына не қосады, апам білсін.

«Қозы Көрпеш — Баян сұлу», 4-том, 39-б.

Азырқанбай, сен бала, алсаң керек,
Жүзік, бешпет, келді ғой алтын тоны»

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу», 4-том, 45-б.

— Ау, жеңеше-ау, жеңеше-ау,
Мінгенде атың құла ма,
Алтыннан жүзік бұрама.

«Қыз Жібек», 4-том, 138-б.

Лағыл-жақұт көздері
Сақина мен көп жүзік.

«Құлқаныс-Зеберше», 5-том, 312-б.

Кебеже — ыдыс-аяқ, тағам сақтауға арналған үй мүлкі. Қазақ дәстүрінде киіз үйдің сол жақ бөлігінде, қазан-аяққа жақын қойылады. Төрт бұрышындағы таяныш тақтайлардың арасы көлденең тақтайшалармен қаланып, қарапайым жасалады. Дегенмен бет жағы бедерленіп, сүйек өрнектерімен әрленеді. Астыңғы, бет жағындағы арнайы шығыңқы тақтайлар сирақ және құлақ қызметін атқарады. Сондықтан, төртқұлақ кебеже деп аталады. Сирағы болғандықтан сандық, абдыра, абажа сияқты жүкаяқ қолданылмайды. Үстінде алынбалы-салынбалы қақпағы болады. Көшкенде қақпағы алынып, түйеге теңделген кебеженің ішіне кейде бала да отырғызылады.



Түйдірген, шашақтаған, моншақтаған,
Түйіндеп, гүлдендіріп тізген оймақ.
Шабадан, сандық, кебеже, бәрі оюлы,

«Талайлы құл мен Әйім қыз», 4-том, 394-б.

Кебіс — аяқкиімнің жеңіл түрі. Қонышы жұқа былғарыдан тігілген мәсінің сыртынан киіледі. Балаларға да, ересектерге де арналып тігіледі. Кебіс сәнділігі мен пішін ерекшелігіне қарай *көкала кебіс*, *мықшима кебіс*, *шоңқайма кебіс*, *шетік кебіс*, *жайтабан*, *кеңауыз* сияқты түрлерге бөлінеді. Өзге де аяқкиімдер секілді кебіс те өкшелі болып келеді. Жасы үлкен адамдарға ғана өкшесіз дайындалады. Кебіс қонышсыз болғанымен, етіктің пішінімен тігіледі. Алтын, зер шытыралармен сәнделген бағалылары алтын кебіс деп те аталады.



Ақ маңдайы жарқылдап,
Танадай көзі жалтылдап,
Алтыңды *кебіс* сартылдап,
Көшті тартып барады
Жібекті тапқан шешесі.

«Қыз Жібек», 4-том, 101-б.

Тіктірген күміс бұрап, шалып-ойып,
Көк *кебіс* аяғында қарыс өкшелі...

«Талайлы құл мен Әйім қыз», 4-том, 393-б.

Кигені Дариганың алтын *кебіс*,
Жиып келді майдан жерге түрлі жеміс.

«Дарига қыз», 5-том, 411-б.

Кежім — ат жабуының сәнді, салтанатты түрі. Бәйге атын баптап, жаратып, терін алу кезінде оның қатып қалмауы, суықтан қорғау мақсатында пайдаланған. Кейін бірте-бірте жетілдіріліп, шеті шашақтармен әшекейленіп, түрлі өрнек салынып арнайы ат әбзеліне айналған. Кежім қарапайым, күнделікті мініс атына жабылмайды. Ерте замандарда кежім — «тері сауыт» мағынасын білдіріп, оны көлікті қорғау мақсатында да қолданған.



Жұмақтың тұрар ішінде,
Нұрдан *кежім* жабылып,
Зүбәржат тізгін тағынып,
Бәрі сізге қарайды.

«Миграж», 5-том, 443-б.

Киіз үй — жылжымалы баспананың көнеден жеткен бірегей түрі. Малшаруашылығымен шұғылданып, өріс-жайылымды тиімді пайдалану мақсатында ұдайы көшіп-қонып жүрген қазақ халқы үшін киіз үй негізгі баспана болып саналады. Негізгі материалы ағаш пен киізден құралады. Үйдің кереге, уық, шаңырақ аталатын қаңқасы (сүйегі) ағаштан, туырлық, үзік, түндік сияқты сыртқы



жабындары киізден жасалады. Оның көлемі, ішкі-сыртқы жағының әрленуі отбасының әлеуметтік ахуалына қарай жасалады және өрнектеліп, сәнделеді. Киіз үйдің үлкен, әрі сәнділері — *орға, он екі қанат ақ орға, ақ үй* деп, кішілері — *қара үй, қараша үй, қоңыр үй* деген атауларға ие болған. Әлеуметтік мәніне орай «үлкен үй», «отау» сияқты үй атаулары да кездеседі. Үлкен үй — әкеден кенже ұлға мирас болып қалатын әулеттің «қара шаңырағы». Әдетте, бұл үй сырттан еңселі, әрі сәнді көрінеді. Әулеттен енші алып жеке шаңырақ көтерген отаулар үлкен үйдің оң жағынан тізіле тігіледі. Көші-қон кезінде киіз үйдің жиһаздары, дүние-мүкамалы мен ыдыс-аяғы сынып, бүлінбеуі үшін олар негізінен киізден, ағаштан, теріден әзірленеді.

Шаңырағы сары жез,
Қырық жерден ақық қашаған.
Сегіз қанат ордаға,
Мауыты шұға ойдырып,
Ақ киізге жаптырған.
Керегенің көгіне,
Күмістен шеге қақтырған,
Уығының қарына
Қақтаған қара темір сап,
Нақыштап күміс шаптырған.
Маңдайша мен таяныш —
Нақыштаған ақ күміс...

«Наурызбай — Қаншайым», 5-том, 109-110-б.

Киім тарату — марқұм болған адамның киімін тірілерге бөліп, таратып беру салты. Жерлегеннен кейін, кейде жетісінде жүзеге асырылады. Астан кейін марқұмның біркіер киімдерін сүйекке түсіп, арулаған адамдар мен құрметті ел ақсақалдарына үлестіріледі. Халық арасында бұл киімдерді өзге адамға беруге болмайды деген ырым бар. Көп жасаған қариялар қайтыс болғанда киімдерін тәбәрік ретінде талап алатын дәстүр де сақталған. Кейде оларды бөлшектеп, жыртыс етіп бөліп алып, құрақтап сәбилерге кеудеше, жас жұбайларға көрпе тігіп берген. Оның мәнісі — марқұмның жақсы қасиеттері, ұзақ ғұмыры жұғысты болсын деген ниеттен туындаған.

Ханышаның өзінің
Иіні тиген *киімін*,
Жуғандарға беріндер.
Өзіне опа қылмаған,
Қызықпалық дүниеге,
Мұны қабыл көріндер.

«Наурызбай — Қаншайым»,
5-том, 121-б.

Киіт — құдалар арасында жасалатын дәстүрлі кәделердің бірі. Қалыңмал мен жасау сияқты алыс-беріске негізделген төлемдер қатарында киім-кешектің де рөлі маңызды болған. Бағалы киімдер қалыңдықтың ата-анасына, бас құдаға кигізіліп, одан кейін құдалардың туыстық дәрежесіне қарай шапан жабу, көйлек кигізу сияқты сый-сияпат көрсетіледі. «Киітпен келген сыйытпен қайтады» деген мақалдың мәніне қарағанда, қазақ дәстүрінде киіт беру мен адам өмірден озғанда таратылатын сыйыт ғұрыптық мәнге ие сый-тарту түрлері болып саналады.

Көтібар сонша жанға *kiit* берді,
Жарандар, көрдіңдер ме мұндай ерді.

«Айман, Шолпан», 5-том, 37-б.

Көйлек — жеңіл, жұқа матадан тігілген әйел киімінің түрі (кей өңірлерде жейде деген мағынада қолданылады). Ол бүрмелі, тік етек, қос етек, үш етек, көпқатарлы сияқты түрлерге бөлінеді. Етегіне қосымша қатпар бастырылған сайын оның атауы өзгеріп отырған. Оның санына сәйкес жеңге де қатпарлар түсіріледі. Тана, шытырма, жармалармен әрленеді. Тік және кең етектегі көйлектер жасы үлкен әйелдерге арналса, қатарма, бүрмелі, қос, үш және көпқатарлы түрлерін жас келіншектер мен бойжеткен қыздар киген. Көйлектер тігілген мата-сының бағасына, сапасына, түріне, мақсатына байланысты (күнделікті, жиын-той т.б.) бөлінеді.



Тоғыз басы бір құндыз қытай тұра,
Атлас көйлек, әдірес шапан жабар.

«Наурызбай – Қаншайым», 5-том, 78-б.

Күләпара (күлә) — басты, құлақты, мойынды, желкені толық, иық пен жауырынды жартылай жауып тұратын, кең-мол пішіліп тігілетін баскиім түрі. Төбе жағы шошақ пішінді болып келеді. Тысы мен астары жұқа матадан тігіледі. Көктем, күз айларында аңызак желден, жаңбырдан қорғануға арналған түздік киім болып саналады. Халық арасында күләпараның *жалбағай*, *галбай* аталатын түрлері кездеседі. Оның қыста тымақ сыртынан киетін түрлері де бар.



Күлә киіп басына,
Досын ертіп қасына,
Диуаналық қылады.
«Болат, Жанат», 5-том, 184-б.

Күлә — сән-салтанатта киетін, әлеуметтік мәртебені білдіретін шошақ төбелі баскиім. Зерттеу еңбектеріне қарағанда күлә хандар мен патшалар киетін лауазымдық баскиімнің атауын білдірген. Сөз төркінінің этимологиясына мән берсек, онда сәу-келе атауындағы «сәу-келе» (шо + кила) тіркесінің екінші буынындағы «келе + килә» сөзінің күлә мен мазмұндас шошақ деген ұғымды білдіретін атау екендігін аңғаруға болады. Лауазым иелері сияқты ұзатылған қызға да шошақ төбелі киім кигізу қыздың жаңа әлеуметтік сатыға өткенін білдірген. Көне дәуірден жеткен жазба деректердегі «тиграхауд сақтары» — «шошақ бөрікті сақтар» деген мағына беретіні белгілі. Бұған Есік қорғанынан табылған сақ жауынгерінің баскиімі айқын дәлел болады. Ал дуана-диуаналардың да күлә кигендігін төмендегі жыр жолдарынан аңғаруға болады.



Күлә киіп басына,
Досын ертіп қасына,
Диуаналық қылады.
«Болат, Жанат». 5-том, 184-б.

Күләсін тастап, тәж киіп,
Есік жаққа қарады.
«Болат, Жанат», 5-том, 198-б.

Қазине — жібек жіппен қалыңды-жұқалы болып тоқылған матаның түрі. Белгісіз ұзатылған қыздың «Қазине камзол кидім қиылмаған» деуіне қарағанда, бұл матадан киім-кешектер де тігілген сыңайлы. Салтанатты көштерде қазинемен жүк артқан түйелерді де жабулаған.

Қымқап зерлі кілемді
Жүк үстіне жаптырған.
Қазинелі қырық нарға
Жібектен арқан тарттырған.
«Қыз Жібек», 4-том, 99-б.

Камзол, қамзол — ойма жағалы, жеңсіз, қынама бел, етегі тізе тұсына дейін келетін жеңіл әйелдер киімінің түрі. Көйлектің сыртынан киіледі. Сәнді, қымбат матадан тігіліп, іш жағын бидайылап астар салынады. Жас

шамасына байланысты қыз-келіншектер әшекейлермен өрнектелген, оқа, зер ұстаған ашық түсті, қызылды-жасыл камзол киеді. Ал жасамыс әйелдерге арналғандары қоңырқай, баран түсті болып келеді және көп әшекейленбейді. Әдетте, камзолдың алдыңғы өңірін күміс қапсырмамен біріктіреді.

...Көш алдына қараса,
Бір қыз кетіп барады
Орта бойлы дембелше,
Алтынды камзол жейдеше.
Сипатына қараса
Бұрынғы қыздан өзгеше...
«Қыз Жібек», 4-том, 99-б.



Қамқа, қамқа тон — жұмсақ қой терісінен тігілетін қыстық сыртқы киім. Оған мүмкіндігінше елтірі, сеңсең, аң терісінен жаға салынады. Әйелдерге арналғаны арнайы қапсырмамен бекітілсе, ерлер тонының ішіне ілгек бау тағылып, сыртынан белбеу байланады. Тысталған матаның (зерлі, жібек т.б.) сапасына, бағасына, түріне байланысты «қамқа» атауы қолданылады.



...Ішіне алтын сарай алып барып,
Үстіне ер Жаскелең қамқа киді...
«Жаскелең», 4-том, 450-б.

...Мұсаға қамқа тонды жапты дейді,
Бір жігіт бір шапанды апты дейді.
«Наурызбай-Қаншайым», 5-том, 73-б.

Тоғыздарын сұрасаң,
Басы қамқа тон еді.
«Наурызбай-Қаншайым», 5-том, 90-б.

Қара, қара кию, қара жамылу — жақын адамы дүние салғанда қара жамылып, жыл бойы аза тұту ғұрпы. Осы аралықта үйдің белдеуіне сырыққа байланған жалау қыстырып қою «қара, қара тігу» деп аталады. Алыстан көрген жолаушы қаралы үй екенін көріп, бұрылып келіп көңіл айтып, дұға бағыштаған. Ол марқұмның жылдық асында алынып, әрі қарай қалыпты өмір жалғасады.



...Оспан, Әли үстіне қара кигі,
Жоқтығын пайғамбардың сонда біліп.
Көктегі періште қара кигі,
Ұжмақта хор қыздары зар еңіреді.

«Қисса Әбушахма», 5-том, 490-б.

Қарқара — сән-салтанатты, лауазымды білдіретін құс қауырсыны тағылған баскиім. Ұзатылған қыздың жасауы артылған көштің шаңырақ тиелген түйесіне шаншылған айрықша белгі де «қарқара» аталады. Байырғы замандардағы қарқаралы көштерде артылған кебеже, жүкаяқ, сабаяқ сияқты мүліктердің де төрт бұрышына шоқтап байлаған қауырсындар бекітілген. Ал баскиімнің төбесіне шоқталған құс қауырсынының қыстырылуы — лауазым иесі екенін білдіреді. Сәукеленің басына қадалған қауырсындар қалыңдықтың баскиімін биіктете түсіп, ерекше оқшау көрсетуге арналған.



Қыздың берген қарқарасы түсіп қалып,
«Қарқаралы» тау атын қоя сапты...

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу», 4-том, 43-б.



Қобди — ұсақ-түйек заттар, зергерлік бұйымдарды сақтауға арналған шағын сандықша. Іші бөліктерге бөлініп, қақпағының орта тұсында көтеріп жүруге, ашуға қажетті тұтқа орнатылады. Сыртқы жағы қаңылтырмен қапталып, өрнектермен бедерленеді. Ерлер қобдида ұсақ құрал-саймандарын, әйелдер әшекейлерін сақтаған. Ол

кейбір өңірлерде бөгіре деген атпен де белгілі. Жыр-дастандарда қобдишаның жекмише деген тағы бір түрі аталып, онда ақша, қағаз сақталатыны айтылады.

Ақ сандықтың қасында ақ *қобдига*

Он бес алтын, қырық күміс табақ бар-ды..

«Айман, Шолпан», 5-том, 23-б.

Жекмишенің ауызын ашты дағы,

Қазір маған жүз тілла санап берді.

«Қасым жомарт», 5-том, 241-б.

Маржан — өңдеуді қажет етпейтін, әшекей бұйымдар мен киімдерді сәндеу үшін пайдаланылатын асыл тастың түрі. Ол әйелдердің мойнына, киімдеріне тағылады және үй жиһаздарына, мүлік-мүкәмалдарын сәндеуге пайдаланылады. Себебі бұл тас тағылған бұйымдардың барлығы адамның назарын өзіне аударып, «тіл-көзден сақтайды» деп есептеледі.

Қатар-қатар келеді хор қыздары,
Басына дүр уа *маржан*, інжу шашып...
«Әбушахма», 5-том, 452-б.



Мәсі — қонышсыз аяқкиімнің ішінен киюге арналған жұқа, жұмсақ, жеңіл, қысқа қонышты аяқкиім. Негізінен былғарыдан тігіледі. Мәсімен үй ішінде отыруға, жүріп-тұруға қолайлы. Халық арасында іш байпақ, ішетік (етіктегі тәрізді сірі өкше салынуына байланысты) аталған түрлері де кездеседі..

Өзеннен су әкелдім *мәсім* шешіп,
Сауап үшін жүгірдім жаннан кешіп.

«Қасым жомарт», 5-том, 240-б.

Моншақ — асыл тастардан, өзге де бағалы заттардан жасалып, мойынға тағылатын әшекей. Оның халық арасында жасалған материалдарына байланысты түрлі (меруерт-моншақ, інжу-моншақ, бет моншақ, жақ моншақ, көз моншақ, тана моншақ, шаш моншақ, шұбыртпа, тал моншақ

т.б.) атаулары кездеседі. Негізінен жүзік, алқа, тұмарша, бойтұмар, сырға тәрізді әшекейлерге, әйелдердің баскиімінің милығына қондырып, сәндейді. Ашық түсті түрлері әшекей бұйымдарға, киімдерге пайдаланылады.



Інжу, гауһар, меруерттен,
Моншақтан түйме неше жүз...

«Құлқаныс-Зеберше», 5-том, 330-б.

Саба (түйемойнақ) — теріден жасалып, іркіт пісіп май алуға, қымыз ашытуға арналған ыдыс. Оны сусын тасымалдауға, сақтауға да пайдаланады. Негізінен саба иленген жылқы терісінен жасалады. Үлкен сабаны — тайжүзген, орталауын — саба, кішірек түрін торсық саба деп атайды. Тайжүзгенді арбаға салып, асқа, тойтомалаққа қымыз тасымалдайды. Ол бес жылқының терісінен кең-мол пішіліп жасалатындықтан, халық арасында «бес биенің сабасындай» деген теңеу көп қолданылады.



...Болыпты ұлдан кемтар Маман бейбақ,
Маманда ұл перзенттен дәнеме жоқ.
Терісін бес айғырдың саба қылып,
Сабасы атаныпты «түйемойнақ»...

«Айман, Шолпан», 5-том, 12-б.



Сандық — мата, біркиер киімдер, әшекей сияқты сирек тұтылатын заттар салып сақтауға арналған үй жиһазының бірі. Тәрде жинаулы тұратын дүние-мүкәмалдар қатарында тұрады. Қаңқасы (сүйегі) ағаштан жасалып, бет жағы өрнектеледі. Бетін сүйекпен оймыштап, кейбірі қаңылтырмен немесе былғарымен қапталып, түрлі өрнектермен бедерленеді. Сандықтың үлкенін — қара сандық, сәнділерін ақ сандық, көк сандық, алтын сандық деп атаған. Сүйекпен әрленіп, былғары, қаңылтырмен қапталған шағын шай сандықта әшекейлер, ұсақ бағалы бұйымдар т.б. сақталған.

Екі жүз түйе қазине
Қызыл алтын сандығы...

«Қыз Жібек», 4-том, 101-б.

Сәлде — ортаазиялық діндарлар киімінің атрибуты ретінде таңылған баскиімнің түрі. Оның материалы, түр-түсі, көлемі Ислам дінін ұстанған ұлттың, ұлыстың, қоғамның мәдениетіне байланысты өзгеріп отырады.



...Боз айғыр айтып сойып түрегелді,
Сәлдесін мойнына сап бата берді.

«Наурызбай-Қаншайым», 5-том, 49-б.

«Енді риза болғын», — деп,
Сәлде орады басына...

«Наурызбай-Қаншайым», 5-том, 90-б.



Сәукеле — ұзатылатын қызға арналып тігілетін ғұрыптық баскиім. Оның негізгі пішіні үкі қадалған биік шошақ төбелі болып келеді. Асыл тастармен әшекейленіп, алтын жіппен өрнектеледі. Екі құлақ, бетмоншақ тағылып, өсімдік бейнелі құймалар қадалады және маңдайлығы құндыз терісімен әдіптеледі. Олардың барлығы да халықтың наным-сенімінің, дүниетанымдық ырым-жораларының көрінісі болып саналады. Мәселен, сәукеленің төбесіндегі құс қауырсыны — жоғары әлемді, ортаңғы бөлігіндегі өсімдік тектес әшекейлер өмір-тіршілікті, яғни өсіп-өну, көбеюді білдіреді. Маңдайына ұсталған құндыз төменгі — өлілер әлемін бейнелеп, қалыңдықтың осы үш әлемді жалғастырушы ретіндегі рөлін айқындайды.

Басыңдағы сәукеле
Алып маған бер, — деді. —
Ақыр ертең киемін,
Бүгін көшке киейін

«Қыз Жібек». 4-том, 149-б.

Сүрме — қас пен кірпікті әрлендіру үшін қазақ қыз-келіншектері пайдаланатын өсімдік майынан алынған бояу. Негізінен қазақ даласына Ортаазия елдерінен сауда керуендері арқылы жеткізілген.

...Бір қыз кетіп барады.
Қара жорға мінгені,
Қара торқа кигені,
Екі көзі сүрмелі...

«Қыз Жібек», 4-том, 100-б.

Сырға — қыз-келіншектердің құлағына тағатын әшекей зергерлік бұйым. Қазақ дәстүрінде күміс сырға тағу кең орын алған. Сырға қыздың атастырылғанын білдіретін белгі ретінде де қызмет атқарады. Басы бос қызы бар үй қыз шымылдығына сырға іліп қоятын да салт болған. Атастырылып, құдалар сырға тағып кеткеннен кейін қыз қалыңдық, сырғалы қыз аталады.



*Сырғасы құлағында құймалы алтын,
Гауһар көз білегінде бар білезік.*

«Талайлы құл мен Әйім қыз», 4-том, 293-б.

*...Енді Жанат жөнелді,
Танадай көзі жарқылдап.
Алтын кебіс сартылдап,
Сырғасы алтын күректей,
Алтынды шашбау салпылдап...*

«Болат, Жанат», 5-том, 188-б.

Тақ (тақыт) — хан, патшалардың биік мәртебесін әйгілейтін тұғырлы орын. Халық арасында оның сандал деген де атауы кездеседі. Нақтылап айтқанда, тақ, тақыт, сандал атаулары — құзырлы ел билеушісіне ғана арналып жасалатын ғұрыптық орындық.

Патшалық *тақытына* отырған соң,
Шақыртып уәзірін қасына алды.

«Қасым жомарт»,
5-том, 261-б.



Тақия — дөңгелек пішінді жеңіл баскиім. Негізінен тысы мен астары матадан тігіледі. Оның бүтін тоқылатын, талдырма киізден жұқа басылған түрлері де кездеседі. Тіпті қылдан тоқылған тақиялар болған. Ер адамдардың тақиясы киіз үй пішіндес, етегі екі-үш елі биік болса, қыздарға арналғандарының еңселігі биік, төбесі арнайы пішіліп орналастырылады. Тілкөзден сақтайды деген ниетпен қыздардың тақиясына үкі, теңге, моншақ тағып, кестелеп әшекейлейді. Суық мезгілде тақияны тұмақ ішінен киеді. Үйде ересектер тақиямен отырады.



Біз сіздің тілің сыйлап барамыз деп,
Қызыл тақия сый-сияпат киіп алдық.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу», 4-том, 26-б.



Тана (алтын түйме, ақ түйме) — киімге тағылатын зергерлік әшекей бұйым. Пішіні түйме тәрізді дөңгелек, сопақша, жылтырақ, сәнді болып келеді. Көбіне асыл тасты күміспен әдіптеп жасайды. Оның халық арасында танакөз, шыныкөз, сүйек тана, сіркелі тана деген түрлері кездеседі. Қалыңдық айттырып, құда болуға уәделескен кезде жігіт жағы болашақ келіннің құлағына арнайы келіп сырға салып, бас киіміне тана қондырылған үкілі шоқ тағады. Қазақ дәстүрінде бұл ғұрыпты тана тағар деп атайды.

...Он қыз нөкер қасында,
Өзі он бес жасында.
Ақ маңдайы жалтылдап,
Танадай көзі жарқылдап,
Алтын шашбау шашында....

«Қыз Жібек», 4-том, 99-б.

Таңғыш — киіз үй керегелерін біріктіріп байлайтын қылдан есілген бау, құр. Жалпақтығы екі-үш елінің, ұзындығы екі құлаштың шамасында есіліп, түрлі-түсті өңге боялып иірілген жіптермен өрнектеліп, термелеп тоқылады.



Аяқбау, таңғыш, басбау — бәрі жібек,
Шилері шымқай қызыл шым ораулы..

«Талайлы құл мен Әйім қыз», 4-том, 394-б.

Тегеріш — киіз үйді сәндеу мақсатында пайдаланылатын бұйым. Оны қызыл, көк киізге, матаға ою-өрнек салынып, бас жағын жіңішкелеу, етегін енділеу етіп жасайды. Тегеріш уық иінін айнала, басқұрға жалғасатырылып ұсталады.



Алтыннан өрнек салынған
Дөдеге менен *тегеріш*.
Бір жүз ділда жіберіп,
Бұхарадан алынған....

«Наурызбай-Қаншайым», 5-том, 106-б.



Текемет — киіздің бетіне түрлі-түсті жүннен өрнек салып басқан үй төсеніші. Сыз өтпеуі және үй жылы болуы үшін кілем, сырмақ астына салынады. Халық арасында бояуына қарай қара ала, қызыл ала текемет т.б. деп аталады.

Алыстан келген бұлар бейшара екен,
«Отырыңдар», — деп *текемет* салды дейді.
«Бозжігіт», 4-том, 181-б.

Ішіне қатар тіккен қалың үйдің
Текемет, кілем, көрпе жайып жатыр.
«Талайлы құл мен Әйім қыз», 4-том, 400-б.

Тоғыз беру — кәде-сый беру, сый-сияпат көрсетуде, құн төлеуде негізге алынатын дәстүрлі өлшем бірлігі. Ежелгі

әдет-ғұрып ережелерінің шарты бойынша оның құрамы тоғыз түрлі малдан, заттан құралған.

...Кұлнарайым, Лайық —
 Жеңгесінің қасына.
 Екеуіне қырық ділда,
 Екі *тоғыз* беріпті.
 Тоғыздарын сұрасаң,
 Басы қамқа тон еді.
 Адырас, шайы, дәке бар,
 Барша, жөре пары бар,
 Екі күміс шоң алқа,
Тоғызының соңы еді...

«Наурызбай-Қаншайым» 5-том, 90-б.

Тон — мал немесе аң терісінен жұмсақ иленіп, түгі ішіне қаратыла тігілетін қыстық киім. Қынамен, тал қабығымен, жосамен боялады. Терісіне байланысты сеңсең тон, жарғақ тон т.б. түрлері кездеседі. Бағалы теріден сәнделіп тігілген, жағасына бағалы аң терісі салынып, сырты зерлі жіппен кестеленген өрнекті тондар сый-кәдеге, айып төлеуге жұмсалады. Ең көрнектісін «алтын тон» деп әспеттейді. Мысалы, «ат-тон айып» деген төлем түрі бар.



— Біреудің ашылмас бұл бағасысың,
 Кіреуке алтын *тонның* жағасысың.

«Қозы Көрпеш — Баян сұлу», 4-том, 37-б.

Екі көзі жалтылдап,
 Патшаның алтын *тонындай*...

«Қыз Жібек», 4-том, 100-б.

Жүзден кілем, *тонымен* ішік шапан қылып,
 Арттырды елу нарды әділетке...

«Айман, Шолпан», 5-том, 37-б.

Құдайым төрт түрлі *тон* жіберіпті,
 Ғаламнан пешенесі артық түрлі...

«Миграж», 5-том, 445-б.

Тұлым — қыз баланың екі шеке тұсына қойылатын екі шоқ шаш. Көптен күткен тілеулі баласын тіл-көзден, тылсым күштерден сақтау мақсатында да тұлым қояды. Қыз бала есейгенде тұлымшақ, тұлым шаш

деп те аталатын бұл шоғырларды өзге шаштармен қосып өреді. Осы рәсімге арнап мал сойылып, шағын той-томалақ жасалады.

Сымбатын көргеннен соң қайтпадыңыз,
Алтын айдар *тұлымын* айтпадыңыз.
«Бозжігіт», 4-том, 223-б.

Көрікті болды Күлшат қыз,
Алтын жібек *тұлымды*.
«Шеризат-Күлшат», 4-том, 284-б.

Тұлымын сипап қызының,
Патшаның айтқан сөзі еді
«Құлқаныс-Зеберше», 5-том, 368-б.



Тұмар (тұмарша) — ежелден тіл-көзден, пәле-жала, қауіп-қатерден, қаскөй күштерден қорғайды деген сенім ұялатқан киелі бұйым. Оған асыл тас, қымбат металдардан бөлек үкі қауырсыны, қасқырдың асығы мен азу тісі т.б. нанымдық сипатқа ие заттар кіреді.

Баққанмен тәрбиелеп ат бола ма,
Есекке тағып қойып алтын *тұмар*.
«Құлқаныс-Зеберше», 5-том, 302-б.



Тұмақ — аң терісінен тігілген баскиім түрі. Мандайшасы мен екі құлағын, желкелігін қосып үш құлақ тұмақ деп атайды. Өзге құрылымы біркелкі болғанымен, төбесі әр өңірде әркелкі тігіледі. Мәселен, елдің шығысында шошақ төбелі, басқа өңірлерде ол жалпақтау болып келеді. Тері атауына қарай халық арасында сеңсең, елтірі, тұлкі, пұшпақ тұмақ т.б. түрлері кездеседі. Тысы бүліш, барқыт, жібек, торғын маталарымен тысталады.

Ат үстінде қол салып карданына,
Тұмақтай жібереді лақтырып.
«Шеризат-Күлшат», 4-том, 299-б.

Үкі, үкі тағу — ежелгі наным-сенімге, дүниетанымға байланысты қасиетті саналған құс қауырсыны. Қазақ нанымында түнгі ұйқыда жатқанда түнде белсенді өмір сүретін үкінің қауырсыны қорғайды. Оны баланың иығына, бесігіне, жаңа түскен келіннің желегі мен сәукелесіне, жас отаудың шымылдығына, бәйге атына, ботаға, домбыраға т.б. тағады. Үкінің тырнағы жыртқыштардан сақтайды деген сеніммен ұқсатып жасалған күміс әшекей «үкіаяқ» аталады. Үкі қауырсыны — елден ерекше киініп жүретін сал-серілер киімінің ажырамас белгісі.



— Аяғөз қарамаймын терегіне,
Қыз Баян үкі таққан желегіне.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу», 4-том, 60-б.

Өргізіп жал-құйрығын сүзіп, тарап,
Тұмарлап кекіліне үкі қадап.

«Талайлы құл мен Әйім қыз», 4-том, 399-б.

Үкі тағып басына,
Жын ұрғандай жүреді.

«Наурызбай — Қаншайым», 5-том, 94-б.



Шапан — қазақ халқының ежелден келе жатқан ұлттық сырткиімдерінің бірі. Күз-көктемде ғана емес, жаздың кешкі салқынында киюге қолайлы, жол жүргенде төсеніш, жамылғы, бүктеп жастық етуге ыңғайлы. Кең-мол пішіліп, мата арасына жүн, мақта салынып, астарланып сырылады. Негізінен тік жағалы, ішінара қайырма жағалы болып келеді. Қыз-келіншектерге арналған қималы шапан қымбат матадан тігіліп, жағасына, етек-жеңіне, алдыңғы өңіріне зер жіппен өрнектер салынады. Шапанның алыс-беріс, төлем, сый-кәделік сияқты жосын-жоралғылық қызметі бар.

«Сіздер де, келген жандар, құр қайтпа», — деп,
Алдына ат, артына шапан салды.

«Айман-Шолпан», 5-том, 37-б.

Биқасап екі *шапан*, бір қамқа тон,
Он ділда оған қосып алып берді.

«Наурызбай-Қаншайым», 5-том, 73-б.

Шашбау — қыз-келіншектердің бұрымына қосып өретін зергерлік әшекей бұйым. Ол баудан, күмістен соғылған үзбе сымнан жасалып, бойына әр жерден зер шашақ, сөлкебайлар, тастар т.б. жылтырақ, сәнді заттар қабыстырылады. Қыз бала шашбауды балиғатқа толғаннан бастап тағады. Оның сәндік-әшекейлік, әсемдік қызметінен бөлек тіл-көзден сақтауға және бойын тік ұстап, ешпен, байыпты қимылдауға үйрететін маңызы да бар.



Келеді өңшең сұлу жорғалы қыз,
Алқалы, *шашпаулы* қыз, сырғалы қыз.

«Талайлы құл мен Әйім қыз»,
4-том, 411-б.

Танадай көзі жарқылдап,
Алтын *шашбау* шашында.

«Қыз Жібек», 4-том, 99-б.

Сырғасы алтын күректей,
Алтынды *шашбау* салпылдап.

«Болат, Жанат», 5-том, 188-б.

Шәлі — басты бүркеп, орап жүруге арналған әйелдер жамылғысы, баскиімнің түрі. Бұрышынан қиғаштай бір бүктеп алып, сүйір жағын артқа келтіріп, бітеу жағын маңдайдан тартып орайды. Иықты, жауырынды жауып тұрады. Жібектен жасалғанын бөртпе шәлі деп атайды. Шарқат, салы деген жергілікті атаулары да кездеседі.



Қыз басына және бір
Жібек *шәлі* жабады.

«Наурызбай-Қаншайым», 5-том, 90-б.

Асыл *шәлі* бүркенген бір сұлу қыз,
Қасым бұған қайран боп қарап тұрды.

«Қасым жомарт», 5-том, 258-б.

Шекпен (мауыты шекпен) — жүннен иірілген жіптен тоқылған сырткіім. Шекпенге қара барқыттан, өзге де тыстық мадан қаптал жаға

салынып, етек-жеңін сол материалмен көмкеріледі. Ол қой немесе түйе жүнінен тығыз тоқылғандықтан, көктем-күзде жаңбыр, желден қорғайды, жеңіл әрі ықшам, ұзақ киіледі.

Және әкеліп қосады
Мауыт *шекпен*, қамқа тон,
«Наурызбай-Қаншайым», 5-том, 112-б.



Шоқ (бұрама шоқ, үкілі шоқ) — киімге, ер-тоқымға сән-салтанат үшін тағатын әшекей, асыл тас. Дөңгелене шеңберленген құс (үкі) қауырсындарының түбін қысып тұруға арналған күмістен жасалған сақинаны да шоқ деп атайды.

Киініп өңкей порма топтанған қыз,
Күміске, алтынменен *шоқтанған* қыз.
«Құлқаныс-Зеберше», 5-том, 300-б.



Шолпы, шаш теңге — күмістен үшбұрыш, сопақша пішінде жасалып, қызкеліншектер бұрымына тағылатын әшекей. Сөлкебайлар күміс шынжырлармен бір-біріне жалғасып, тарамдалып, салпыншақ кейіпте жасалады. Сәндік, әшекейлік мәнінен тыс тіл-көзден сақтайтын, денесін дұрыс, тік ұстап жүруге үйрететін қызмет те атқарады.

Сылдырлап алтын *шолпы* арқасында
Етегі шай көйлектің шұбатылып.

«Талайлы құл мен Әйім қыз»,
4-том, 393-б.



Ең аяғы азбалы алтын *шолпы*,
Есебін барғаннан соң өзі табар...

«Наурызбай-Қаншайым», 5-том, 78-б.

...Лағыл, жақұт көздері
Алтын мен күміс шолпылар,
«Құлқаныс-Зеберше», 5-том, 320-б.

Шытыра — киімге, белдік пен ер-тұрманға, үй жиһаздарына, ыдысаяққа қондырып сәндейтін әшекей. Көбіне күмістен, сирек те болса алтыннан жасалады. Киімге жұқа күмістен әшекей қондырылса, оны шытыралы киім деп атайды.



Шытырасы алтын көйлегін
Басына таман түресің...
«Қыз Жібек», 4-том, 147-б.



Інжу — қазақ арасына сауда жолдарымен келіп, сәндік бұйымдарды әшекейлеу үшін пайдаланылатын бағалы тас. Теңізді мекен ететін жәндіктерден алынады. Қыз бала әшекейіне дендеп енгеніне байланысты болса керек, көркем әдебиетте әсемдік, әдемілік, сұлулық сияқты сипаттарға балама ретінде қолданылады.

Қатар-қатар келеді хор қыздары,
Басына дүр уа маржан, *інжу* шашыш...
«Миғраж», 5-том, 452-б.

Іштен (ыстан, ыштан) — шалбар (сым) ішінен жылылық үшін киетін жұқа ішкіім. Ерлерде ақ түсті матадан тігіледі. Бұл киімнің дамбал деген де атауы бар. Ол әдетте, әйелдердің ішкіімінің атауы ретінде жүреді, түсі қызыл, қызыл-күрең болып келеді.

Лыпа қылып *ыстанын*,
Кигізеді жейдесін.

«Болат, Жанат», 5-том, 177-б.

Ішік — аң, мал терісінен тігіліп, матамен тысталған қыстық сырткіім. Қандай теріден тігілгеніне байланысты атауы түлкі ішік, қасқыр ішік, жанат ішік т.б. әртүрлі айтыла береді. Түлкінің тек жон (арқа) терісінен тігілген ішікті орман ішік деп атап, оны сыйлау ерекше құрметтің белгісі болып саналаған. «Наурызбай – Қаншайым» жырында «құс ішік» атауы кездеседі. Ол құс мамығынан сырылып тігілген ішік түрі болса керек.

Етегін жанат *işik* серпе тастап,
Сері едім сұр жорғамен той тойлаған...
«Айман-Шолпан», 5-том, 20-б.

Ішінде үш жүз *işik* санап бұған,
Жалғыз шыбық түбінде төрт тең бар-ды.
«Айман-Шолпан», 5-том, 24-б.

Шом ағасы сары жез.
Және үш *işik* әкелді,
Жанат, орман, бірі — құс...
«Наурызбай-Қаншайым», 5-том, 112-б.



Досымбек Қатран,
тарих ғылымдарының кандидаты



ӘДЕБИЕТТЕР

1. Азибаева Б.У. Казахские народные романические дастаны. — Алматы: Ғылым, 1990.
2. Арабско-русский словарь. Составитель Х.К. Баранов. — М., 1968.
3. Әзібаева Б.У. Қазақ дастандары. — Алматы, 2009.
4. Баранов К. Альбом / Авт.вступ.ст. и сост. Р.А. Амиров. — Алматы: Өнер, 1986.
5. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. — Алматы, 1982.
6. Бөжеев М., Ахметов З. Қазақ әдебиетінің шығыс әдебиетімен байланысы // Қазақ әдебиетінің тарихы. Т.2. — Алматы, 1961.
7. Ғашық-наме. Құрастырған, алғы сөзін, ғылыми түсініктерін жазған Ү.Сұбханбердина. — Алматы: Жазушы, 1976.
8. Джанибеков У.Д. Эхо... По следам легенды о золотой домбре. — Алматы: Өнер, 1991.
9. Дүйсенбаев И.Т. Қазақтың лиро-эпосы. — Алматы, 1973.
10. Ел қазынасы — ескі сөз (В.В.Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері) / Жинақты баспаға әзірлеп, құрастырғандар: Б.Уахатов, С. Қасқабасов, К. Матыжанов. — Алматы: Ғылым, 1994.
11. Казахская национальная одежда. — Алматы: Жалын, 1976.
12. Козы Корпеш и Баян слу. Кыз Жибек. Казахский романический эпос. Научное издание. Составление, комментарии, перевод: З.А.Ахметова, Н.С. Смирновой, М.Г. Гумаровой, С.А. Каскабасова. — М., 2003.
13. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-15-том. — Алматы, 2011.
14. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 1-том. — Алматы: Қазақпарат, 2008.
15. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі / Құраст. Ғ.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, А.Үдербаев және т.б. — Алматы: Арыс, 2005.
16. Қазақ эпосы әлімдік эпостық мұра аясында. — Алматы: ServicePress, 2017.
17. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-5-том. — Алматы: РПК «Слон» DPS, 2012.
18. Қасқабасов С. Ойөріс. — Алматы: Жібек жолы, 2009.
19. Қисса-дастандар. Құрастырып, алғы сөзін, ғылыми түсініктерін жазған Ү.Сұбханбердина. — Алматы: Жазушы, 1986.
20. Қозы Көрпеш — Баян сұлу / Жинақты құрастырып, алғы сөзін жазғандар: М.Жолдасбеков, С.Қасқабасов. — Астана: Фолиант, 2002.
21. Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. — Алматы, 2017.
22. Персидско-русский словарь. — Москва, 1970.
23. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи. Том 3. — СПб., 1870.
24. Сәрсен Башировтың жеке коллекциясы.
25. Сидоркин Е.М. Казахский эпос: Графика. Альбом. — Алма-Ата: Жалын, 1977.

РЕЗЮМЕ

На протяжении последних пятнадцати лет в Казахстане предприняты серьезные шаги по возрождению и пропаганде национального культурного наследия с целью, чтобы современное молодое поколение могло прикоснуться к истокам великой степной культуры. В этой связи была реализована крупномасштабная государственная программа «Мәдени мұра» («Культурное наследие»), а ее логическим продолжением стала программа «Рухани жаңғыру» («Духовное возрождение»). Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова в 2019-20 гг. реализует издание 10 томов «Антологии Степного фольклора», которая является частью программы «Духовное возрождение», предложенной Первым президентом Казахстана Н. Назарбаевым в программной статье «Семь граней Великой степи».

Цель издания антологии заключается в том, чтобы донести до современной молодежной аудитории и широкого круга читателей самые лучшие образцы народного творчества кочевников, используя при этом последние достижения цифровых технологий в полиграфии и звукозаписи.

Четвертый том Антологии посвящен одной из составных частей казахского эпического наследия — романическому эпосу.

Романический эпос — это один из самых крупных жанров казахского фольклора, отличающийся от остальных оригинальностью сюжета, неповторимыми образами героев, художественной выразительностью и поэтичностью изложения. Этот жанр формировался по образцу героических эпосов, и, по сути, он вышел из недр героических эпосов, но со временем приобрел свои особенные черты. Главной сюжетной линией романического эпоса является пламенная любовь юноши и девушки, которые не могут воссоединиться и, на пути к своему счастью, испытывают непреодолимые трудности, порой перерастающие в трагедию. Перипетии различных событий, касающиеся судьбы влюбленных, жизнь и быт окружающих их людей, традиции, верования, находят широкое отображение в романическом эпосе. К числу классических романических эпосов, широко популярных в народе и одними из первых ставших объектами научных исследований, относятся «Козы Корпеш-Баян сулу» и «Кыз Жибек».

Еще одну группу романических эпосов составляют произведения, созданные по мотивам и сюжетам восточных сказаний, которые получили широкое распространение среди казахов и со временем обогатились исключительно национальными чертами. Такие сказания как «Жусип-Зылиха», «Лайли-Мажнун», «Сейфулмалик», «Таһир-Зухра», «Бозжигит» мы рассматриваем в тесной взаимосвязи с казахской эпической традицией и их историей. Встречающиеся в содержании эпосов свадебные и поминальные песни-плачи, слова соболезнований, элегии, импровизации, помогают понять внутренний мир персонажей и смысл произведения. Эпические произведения, повествующие о судьбе двух влюбленных в казахской фольклористике именуют по разному — «сказания о любви», «лиро-эпос», «романический эпос».

В 4-й том антологии включены избранные эпосы, такие как: «Козы Корпеш – Баян сулу», «Кыз Жибек», «Бозжигит», «Бозаман», «Талайлы кул мен Айим кыз», «Сейпилмалик», «Шеризат-Гулшат», «Жаскелен».

Эпос «Козы Корпеш – Баян сулу», прошедший долгий путь развития и являющийся классикой жанра, входит в золотую сокровищницу духовной культуры не только казахов, но и других тюркских народов. События эпоса о Козы и Баян повествуют о стремлении молодых в любви и согласии создать семью по собственному желанию. Эпос «Кыз Жибек» является одним из самых ценных произведений сказительского искусства казахов. Эпос повествует о трагической любви девушки, потерявшей возлюбленного и не поддавшейся коварству врага.

Сказание о Шеризат и Гульшат, хотя и пришло в казахский фольклор с Востока, со временем, наполняясь национальными чертами, стало исконно казахским эпосом. В основе сюжета персидская поэма, получившая распространение в средневековой Средней Азии среди узбеков и таджиков. В народе сказание распространилось в различных вариантах, как, например, «Каркабат» и «Шеркуат». Самый ранний вариант «Шеризат и Гульшат» был найден в Омской области, также произведение исполнялось в Южном Казахстане, Семипалатинске и среди казахов Китая.

Сказание «Бозаман», основанное на местных сюжетах, отличается особой художественной выразительностью. В основе сюжета – борьба влюбленного Бозамана за свое счастье и достижение мечты. Сказание «Жаскелен», вобравшее в себя все эпические традиции как героического и романического эпосов, повествует о подвигах богатыря Жаскелена, влюбленного в калмычку Конырша. Сказание «Бозжигит» – широко известное в тюркском мире лироэпическое произведение. Восточное, по своему происхождению, сказание было распространено среди казахов как в устной так и письменно-печатной форме. Сюжет эпоса выстроен вокруг различных событий, связанных с любовными перипетиями влюбленных друг в друга юноши и девушки.

Сказание «Сейфулмалик», бытующее среди казахов с давних пор, основано на одном из сюжетов арабских сказок «1000 и одна ночь». Главная сюжетная канва произведения разворачивается вокруг традиционных человеческих ценностей – любви, дружбе, справедливости и т.д. Эпос «Талайлы кул и Айим кыз» был распространен среди казахов под названием «Кул и кыз». В произведении повествуется о трагической любви дочери богача Айим и слуги Талайлы. Одной из особенностей сказания является показ традиции – выборе девушкой своего суженного.

В данный том вошли избранные романические эпосы. Книга снабжена этнографическим словарем, богато иллюстрирована, а также к ней прилагаются аудиозаписи каждого произведения в исполнении современных сказителей-жыршы.

С помощью указанного на обложке книги QR кода читатель может получить доступ к электронным и аудио версиям издания, размещенным на сайтах.

SUMMARY

Over the past fifteen years in Kazakhstan, serious steps have been taken to revive and promote the national cultural heritage aimed to enable the modern young generation to learn about the origins of the great steppe culture. In this regard, the large-scale State program "Madeni Mura" ("Cultural Heritage") was implemented, and the program "Rukhani Zhangyru" ("Spiritual Revival") became its logical continuation.

In 2019-2020 M.O. Auezov Institute of Literature and Art implements the publication of 10 volumes of "Anthology of the Steppe Folklore", which is part of the program "Spiritual Revival", which was proposed by the First President of Kazakhstan N. Nazarbayev in the article "The Seven Facets of the Great Steppe".

The purpose of the publication of the anthology is to transfer the best patterns of nomadic folk art to the modern youth audience and a wide range of readers, using the latest advances in digital technology in printing and sound recording.

The fourth volume of the Anthology addresses one of the constituent parts of the Kazakh epic heritage - the romance epic.

The romance epic, or "Legends about Love" is one of the largest genres of Kazakh folklore, which distinguishes from the rest by the original plot, unique images of the characters, artistic expressiveness and poetry of presentation. This genre was formed based on the model of heroic epics, and, in fact, it originated from the heroic epics, but eventually acquired its own special features. The main storyline of the romance epic is the flaming love of young men and a girl who cannot reunite and, on the way to their happiness, they face insuperable difficulties, which sometimes develop into tragedy. The upheavals of various events relating to the fate of lovers, the life the people around them, traditions, beliefs, are widely reflected in the romance epic.

Among the classic romance epics, "Kozy Korpesh-Bayan Sulu" and "Kyz Zhibek" are widely popular among the people and became one of the first research object.

Another group of romance epics is composed of works based on the motives and plots of the oriental legends, which were widespread among the Kazakhs and eventually were enriched by exclusively national features. We consider such legends as "Zhysip-Zylikha", "Layli-Mezhnyn", "Seifulmalik", "Tahir-Zuhra", "Bozjigit" in close interaction with the Kazakh epic tradition and their history. The wedding and remembrance songs-cries, words of condolences, elegy, improvisation, which are found in the content of the legends, help to understand the inner world of the characters and the meaning of the work.

Epic works telling about the fate of two lovers in Kazakh folklore studies are called differently - "tales of love", "lyro-epic", "romance epic", but at the same time all characteristics come to one denominator. In preparing this volume, folklore scholars agreed to call these works "legends about Love". The 4th volume of the anthology includes selected epics, such as: "Kozy Korpesh-Bayan



Sulu", "Kyz Zhibek", "Bozjigit", "Bozaman", "Talalyly Kul men Aiyim Kyz", "Seifulmalik", "Sherizat-Gulshat", "Zhaskelen".

The epic "Kozy Korpesh -Bayan Sulu", which has a long way of development and is a classic of the genre, is included in the golden treasury of the spiritual culture of not only the Kazakhs, but also other Turkic peoples. The events of the epic about Kozy and Bayan tell about the desire of the young lovers to create a family of their own free will and live in love and consent. The epic "Kyz Zhibek" is one of the most valuable works of Kazakh folklore. The legend on Kyz Zhibek, which has reached nowadays from the depths of centuries, has absorbed tale and legend motifs, and then became a major epic work that tells about the tragic love of a girl who lost her beloved and did not succumb to the insidious enemy of the clan.

Although the legend about Sherizat and Gulshat, came to the Kazakh folklore from the East, over time, being filled with national features, became an original Kazakh epic. The plot is based on a Persian poem, which became widespread in medieval Central Asia among the Uzbeks and the Tajiks. Among the people, the legend spread in various versions, such as, for example, "Karkabat" and "Sherkuat". The earliest version of the legend was found in the Omsk region, also the work was performed in South Kazakhstan, Semipalatinsk and among the Kazakhs of China. The legend "Bozaman", which is based on local stories, brought changes to the epic tradition - it begins with the specific features which are typical for the heroic epics, and then transforms into fairy-tale forms. The work is distinguished by special artistic expressiveness. The plot is based on the struggle of Bozaman who is in love for his happiness and the achievement of a dream. The legend "Zhaskelen", which incorporates all epic traditions of both heroic and lyrical epics, tells about the exploits of the hero Zhaskelen, who is in love with Kalmyk girl Konyrsha.

The legend "Bozjigit" is a lyro-epic work which is widely known in the Turkic world. Eastern origin of the legend was spread among the Kazakhs both in oral and written-printed form. The plot of the epic is built on various events related to the love upheavals of the young men and girl who are in love with each other. The legend "Seifulmalik", which exists among the Kazakhs for a long time, is based on one of the plots of the Arabian tales "1000 and one night." The main story plot develops around traditional human values - love, friendship, justice, etc. The epic "Talaily kul men Ayim kyz" was spread among the Kazakhs under the name «Kul men Kyz ("Girl and Slave"). The work tells of the tragic love of the daughter of the rich man Ayim and the slave Talaila. One of the peculiarities of the legend is the display of a rare tradition of the Kazakhs - the girl's own choice of her betrothed.

This volume includes selected love (lyrical) legends. The book is supplied with a reference data, richly illustrated, and audio recordings of each work performed by modern storytellers-zhyrshy are also attached to it.

With the help of the QR code indicated on the cover of the book, the reader can access the electronic and audio versions of the publication posted on the websites.



МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан	7
Ғашықтық жырлар	9
Қозы Көрпеш – Баян сұлу	11
Қыз Жібек	85
Бозжігіт	167
Бозаман	249
Шеризат – Күлшат.....	271
Сейпілмәлік	311
Талайлы құл мен Әйім қыз	387
Жаскелең.....	441
Суретгі сөздік.....	466
Әдебиеттер	492
Резюме.....	493
Summary	495



**ДАЛА
ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ
АНТОЛОГИЯСЫ**

4 том

РОМАНИЧЕСКИЙ ЭПОС
(на казахском языке)

Утверждено Ученым советом
Института литературы и искусства им. М.О. Ауэзова

Редакторы Ж. Қайранбай
Корректор М. Әлиева
Компьютерге терген Э. Сманова
Аудиожазбаны дайындаған Е. Елгезек
Дизайнер Т. Сорокина
Беттеген А. Жұмағалиев

Басуға 28.10.2019 ж. қол қойылды.
Офсеттік басылым. Қаріп түрі «DS Baltica».
Пішімі 70 × 108 ¹/₁₆ Көлемі 42,5 б.т.
Таралымы 10 000 дана.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.

«Brand Book» ЖШС баспаханасында басылды